

РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚСТАН ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
МҰРАСЫН ЗЕРТТЕЙТІН
«АРЫС» ҚОРЫ



Талас Омарбеков

**1929 – 1931 жылдардағы
ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ**

Зерттеу



АРЫС

Алматы
2018

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
О 58

*Кітаптың жарыққа шығуына қаржылай көмек көрсеткен
Алаштың азаматтары
Берік ӘБДІҒАЛИ мен Айдос САРЫМ*

Омарбеков Т.

О 58 1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 бет.

ISBN 978-601-291-384-2

Кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ халқына қарсы қуғын-сүргін саясатының ең бір жантүршіктікер, сорақы қылмысы – жергілікті жерлерде орын алған халық көтерілістерін қарудың күшімен қырып-жою әрекеті. 1929 – 1931 жылдары қазақ елінде жүргізілген байларды тәркілеуге, күштеп ұжымдастыруға және зорлап отырықшыландыруға – сталиншілдік қылмысқа қарсы тұрған Қазақстанның біраз жерлерінен тұтанған халық наразылықтары, бас көтерулері оқырманға ұсынылып отырған осы кітапта тарихи нақты деректер негізінде жатық тілмен тартымды баяндалған. Бұл еңбектің алғашқы нұсқасы 1994 жылы «Зобалан» деген атпен баспадан жарық көрген еді. Профессор Т. Омарбеков кітапты жаңа деректермен және мәліметтермен толықтырып, өңдеген нұсқасын жасап, оқырманға қайта ұсынып отырмыз.

Автордың бұл зерттеуі ұзақ жылдар бойы беймәлім болып, зерттеушілердің қолы жетпей, ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың) архив қорларында сақталған құпия да құнды мәліметтерді талдау, салыстыру нәтижесі болып табылады. Кітапта пайдаланылған, негізінен орыс тілінде болып келетін, құжаттарды қазақшаға автордың өзі аударғандықтан құжаттардың ғылыми дәлдігіне кепілдік бере алады.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-291-384-2

© Омарбеков Т., 2018
© «Арыс» баспасы, 2018

КІРІСПЕ

Еліміздің тәуелсіздік алуы – жариялылыққа жол ашты. Жариялылық лебі қоғамның басқа салалары тәрізді тарих ғылымына да жетті. Өйткені жариялылық болмайынша, шын мәніндегі нағыз демократияның, яғни ақиқатты ашық айтудың өмірімізге дендеп енуі екіталай екенін өткен жылдар бұлтартпай дәлелдеп берді. Бүгінде тарихи шындық толыққанды мағынада айтыла бастады. Егер осыған дейін бұйрықшыл, әміршіл-әкімшіл социализм, бюрократтық жүйе жағдайында біздің ақиқаттан алшақ өмір сүріп, еңбек еткенімізді, яғни шындықты жартыкеш, екіұшты ғана айта алғанымызды ескерсек, тарихымыздағы «ақтандақтарға» деген халқымыздың қазіргі ерен ынтасын түсінуге болады.

Иә, халық тарих ақиқатын толық білгісі келеді. Әрине, оған оның толық құқы да бар. Бірақ сонау, өткен ғасырдың 20 жылдарының соңынан бастап сталинизм орнықтырған қатал да қатыгез тәртіп тарихшы ғалымдарымыз бен қоғамтанушыларымызға ақиқатты ашық және ашып айтуға ешбір мүмкіндік бермей келеді. Тарихтың қасіретті беттерін жарыққа шығаруға талаптанғандардың тұмсығы тасқа тіреліп, тарихтың шыңғырған шындығы мүлде құпия архив қойнауында ғана қатталып, жарық дүниені көре алмай, жөргегінде тұншыққан заман еді, ол заман.

Дегенмен, осындай ауыр жағдайда да тарих ғылымы тәй-тәйлап болса да, алға жылжи берді. Тарихшы ғалымдарымыз тарихымыздағы қасіреттердің толық көрінісін бере алмаса да, дамуымыздың жалпы бағыттарын және заңдылықтарын бейнелейтін еңбектерді дүниеге келтіргені хақ.

Рас, жоғарыдағыдай себептермен тарихымыз біржақты, негізінен әміршіл-әкімшіл коммунистік құрылыс тарихын марапаттау, оған жұмсақ, көтерме көпшік қойып, «жауырды жаба тоқу» тұрғысынан жазылды. Бірақ бұған тарихшылар кінәлі емес, оған кінәлі – сыңар-

езу коммунистік идеологияның тарихымызға көпе-көрінеу өктемдік жасауы, оған тізесін батырып, жаныштап, бар даусымен сөйлеуге мүмкіндік бермеуі, тарихтың өзін «сарай ғылымына айналдырып», жыламайтын-сықтамайтын, толғанбайтын, қайғырмайтын, эмоция, жан сезімі атаулыдан жұрдай, оның есесіне, сүреңсіз сөз тіркестерімен кісіні жалықтыратын, бір сарынды баяндаулардан тұратын, патриотизм мен интернационализмді дәріптеуге құрылған, жекелеген ұлттардың көз жасын көрмейтін, көңіл күйін сезбейтін қасаң тарихтың беттерін өмірге келтірді.

Осындай қытымыр қыспақты көрген, «көзден кетсе де, көңілден кетпеген» көкейтесті мәселе – күштеп ұжымдастыру жылдарындағы халқымыздың зорлық-зомбылық атаулыға ашық наразы болуы дер едік. Соңғы тарихи зерттеулер халқымыздың, кейбіреулер айтып жүргендей, «қой аузынан шөп алмас» момын болмағанын, сталиншілдіктің қылышынан қаны тамып тұрса да, ат жалын тартып мініп, қатал тәртіпке бірден мойынсұна қоймай, тоталитарлық жүйенің сиықсыз да қорқынышты жүзіне батыл қарап, тепсініп, қаймықпай қарсы шыққанын көрсетіп отыр.

Сол жылдарда БК(б)П-ның Қазақ өлкелік партия комитетін басқарған Ф.Голощекиннің, РСФСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың, республика Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы О.Исаевтың және басқалардың И.Сталинге жазған хаттары қазақ даласындағы осынау наразылықтардың аса зор көлем алғанын, Алтайдан Маңғыстауға дейінгі аймақты түгел қамтығанын, бұл туралы Кеңес өкіметінің ең жоғарғы деңгейдегі басшыларының хабардар болғанын, олардың осы наразылықтарды күшпен басуға атсалысқандарын да дәлелдеді.

Тарихымызда әлі күнге дейін зерттелмей келген осы «ақтандақты» зерттеу, одан тарихи тағылымдар алу кейінгі ұрпаққа қажет. Сондықтан біз бұл күрделі тақырыпқа арнайы қалам тартып отырмыз.

Біз оқырманға ұсынып отырған тарихымыздың шиеленісті беттері – бұл мәселені зерттеудегі алғашқы қадамдар ғана. Мұндай мәселелерге байланысты архивтердегі барлық құпия құжаттарды жарыққа шығару, ондай оқиғаларға жаңа, объективті, ғылыми баға беру, оны ұлттық санасы оянып, ұлттық намысы қозып келе жатқан халқымыздың рухани қажетіне жарату – төл тарихымыздың алдында тұрған асқаралы міндет.

1928 жылы И. Сталиннің Сібірге барған іссапарынан өріс алып, шаруалардан астықты күштеп тартып алу әдісін Қазақстан басшы-

лары алғашқылардың бірі болып өмірге енгізді. Голощекин бастаған республиканың бір топ басшылары «байларға шабуыл» деген бұркеме ұранды жамылып, 1928 жылғы тәркілеу кезінде сыннан өткен, үлкен әрі ауқымды кез келген міндеттерді тым қысқа мерзімде зорлық-зомбылық арқылы шешіп тастауға болатынын айқын аңғарған еді. Оның үстіне аудандық, округтік деңгейден партия, кеңес басшылары да күштеу әдісін осы қазақ байларын тәркілеу науқанында іс жүзінде жетік меңгеріп алған болатын, яғни олар жоғарыдан айтылатын «ақылды» нұсқауды күтпей-ақ, әдеттегідей шұғыл әрі төтенше қимылға көшті. Кімнің қалай жұмыс істейтіні – істің нақты нәтижесіне қарай бағаланды, дәлірек айтқанда, қанша астық немесе ет даярлап өткізді, міне, тек осыған қарап қана партия кеңес қызметкерлерін «жақсы» немесе «нашар» деп бағалау әдеттегі жағдайға айналды. Қызметіңнен айырылғың немесе партияға мүшеліктен шығып қалғың келмесе, ет немесе астық даярлау жоспарларын уақытында, мүмкін болса артығымен орындаған жөн. Міне, сол жылдардағы жауапты қызметкерлердің алдында тұрған басты міндет осыған келіп тірелді.

Бірақ күштеу, зорлау әдістері о бастан-ақ еркіндік сүйгіш шаруа қауымының ашық наразылықтарын туғызды. Басқасын былай қойғанда, тек бір ғана 1929 жылдың өзінде Қазақстанда 30-дан астам үлкенді-кішілі халық наразылығы, бас көтерулері және толқулары орын алды (141-қ., I-т., 5192-іс, 2-парақ)¹.

Халық наразылықтары, әсіресе 1929-30 жылдардың қыс айларында өрши түсті. Мұның өзі Голощекинді орын алған күрделі жағдайды И.Сталинге, оның төңірегіндегілерге бұрмалап болса да баяндауға мәжбүр етті. «Қозғалыстардың өткен жылдың қыркүйек айынан төмендегідей ретпен басталғаны да мәлім» деп жазды ол, 1930 жылы 21 сәуірде Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Смирновқа өзінің қазақ ауылындағы жағдай туралы аса құпия және жабық хатында: «Қарақалпақстанның (ол кезде Қазақстан құрамында – *Т.О.*) Тактакөпірінде – 27 қыркүйекте, Сырдария округіндегі Бостандықта – 29 қыркүйекте, Қостанай округіндегі Батпаққарада – 1 қарашада...» деп атап көрсетілген (2948-іс, 108-п.).

Біз бұл жерде Голощекин айтқан алғашқы үш көтерілісті әдейі бөліп көрсетіп отырмыз. Иә, бұл алғашқы, 1929 жылдың көтерілістері – Қазақ өлкелік партия комитетін саяси дағдарысқа ұшы-

¹ *Ескерту:* Деректер Қазақстан Республикасы Президенті архивінің қорларынан алынды.

ратты. Біріншіден, момын, көшпелі халық бас көтере қояды, Кеңес өкіметіне ашық қарсы шығады деген ой голощекиншілдерде ешқашан, алдын ала туған емес еді, екіншіден, кедей мен орташа Кеңес үкіметінің байларға қарсы жүргізіп отырған саясатын берік қолдап, бай элементтерге қарсы жанкешті күресті бірден қолдайды деп күтілген еді. Бәрі керісінше болды. Халық үкіметтен қаймықпай, ашық наразылыққа шығып қана қоймай, байлармен бірге атқа қонды. Голощекиншілдер ойлағандай емес, шын мәнінде, ауылда тап күресі, таптық жауласу жоқ болып шықты. Айта кететін бір нәрсе, Голощекин ауылдарда басталған наразылықтар туралы өзінің біз жоғарыда көрсеткен хатынан біраз бұрын, наурыз айында жазған хатында Сталинге нақты айтуға мәжбүр болған еді (2948-іс, 44-45-п.).

Дегенмен, біз жоғарыда үзінді келтіріп отырған сәуір айында жазылған хатта Голощекин ауылдарда болып жатқан халық наразылықтарының себептерін мүмкіндігінше егжей-тегжейлі баяндап, өзінің саясатының дұрыстығына И. Сталиннің және оның төңірегіндегілердің көздерін жеткізуге тырысып бақты. Голощекин бұл хатында ең алдымен көтерілістердің басталу себептерін тілге тиек етті:

«Ең алдымен – негізгі себептер туралы.

а) Негізгі себеп болып табылатыны – бай, атқамінер, рубасы әлі де айтарлықтай елеулі күш болып табылатын ауыл жағдайында тап күресінің аса шиеленісе түсуі.

б) Байлардың тарапынан көтеріліске дайындық өткен жылдың көктемінен басталды. Оның үстіне барлық мәліметтерге қарасақ, қандай болса да бір ұйымдастырушы ұлтшыл орталық болған және бар. Ол, сірә, Орта Азияда орналасқан, бірақ қазақ орталығымен де байланысы бар. Бәрінен қызығы, қазір анықталып жатқанындай, бұл көптеген ауыл коммунистеріне және кеңес қызметкерлеріне белгілі болған. Олар ештеңе де хабарламаған және керісінше, мәжілістерге қатысқан» (2948-іс, 109-п.).

Бұл жерде Голощекин, біздің ойымызша, шындық пен өтірікті қосып жіберіп, ақиқатын айырып болмас пікірді айтып отыр. Иә, қазақ ауылында бұл жылдары байлардың, атқамінерлердің, рубасылардың шынында да ықпалды күш болғаны рас. Бірақ ауылдағы тап күресінің шиеленісе түсуі туралы бұл жерде жалған айтылып отыр. Тап күресін көпе-көрінеу, әдейі голощекиншілдердің өздері ұшықтырды. Сондай-ақ Орта Азиядағы немесе Қазақстандағы осы көтерілістерді ұйымдастырушы қайдағы бір орталықтар туралы

әңгімені ОГПУ тыңшылары ойлап шығарған. ОГПУ берген жалған мәліметтерді ой елегінен өткізбей, оның рас-өтірігін анықтап жатпай, И.Сталинге осылай жазып отырған Голощекинге не айтуға болады. Біздің ойымызша, Голощекин осындай жалған фактілерге сүйену арқылы көтерілістердің шын себептерін айтудан гөрі, шындықтан ебін тауып жалтарып кетіп отыр.

Ал енді хатта көрсетілгендей, ауыл коммунистері мен кеңес қызметкерлерінің наразы халықтың жиналыстарына қатысқандары да шындық. Тегінде, осыны жақсы түсінген Голощекин ақиқатты тағы да бұрмалай түсіп, мұның себептерін И. Сталинге өзінше «түсіндіруге» тырысады: «Өзімізге де есеп беретін және Орталық Комитетке де ашық айтылуға тиісті аса маңызды болып табылатын мәселе, байлар мен діндарлардың – бандитизмді ұйымдастырушылардың, ауыл адамдарының қалың көпшілігін өздерінің соңынан ерте алуын немен түсіндіруге болады?»

Мұны былай түсіндіруге болады: соңғы жылдары шын мәнінде ауылды кеңестендірген бізді жалшы, кедей, орта шаруалармен жақындастыра түскен аса зор саяси, мәдени, шаруашылық жұмыстарын жүргізгенімізге қарамастан, бұл табыстарымызды өрескел бұрмалаулар таптап тастады. Олардың өрістеулеріне келсек:

1. Шикізат пен ескі-күсқы дайындау бағыты бойынша жекелеген қожалықтар, соның ішінде кедейлер мен орташалар аулаларына дейін жосықсыз жоспарларды бұрмалап салып, аса дөрекі, қорлау тәсілдері орын алды.

2. Астық даярлау бағыты бойынша, қазақ аудандарында, бұл аудан немесе қожалық егін егумен айналысатын-айналыспайтынына қарамастан, астық даярлау деревнядағыға ұқсас әдістермен жүргізілді.

3. Ұжымдастыру саласындағы бұрмалаулардың негіздері: барлық округтер бойынша түгелдей қазақ аудандарында, тіптен ешқандай да жағдайы жоқ, – мысалы, көшпелі аудандарда егін егушілер мен «жаппай ұжымдастыруға» қарағанда әлдеқайда жеделірек ұжымдастыру қарқындарына қол жеткіздік. Өзінен-өзі түсінікті ғой, ұжымдастыруды қалай жүргізу керек екенін ешкім де дұрыс біле бермейтін. Бірақ елдің бәріне олар колхоз болып табылатынын хабарлау турасында, күлкілі шаралар түрінде жүргізілді» (Сонда).

Осы жерде хатты баяндауды тағы үзіп, оқырман назарын Голощекиннің қазақ және көшпелі аудандарда ұжымдастыруды қалай жүргізу керек екенін ешкім білмеді деген пікіріне аударамыз. Бұл

не сонда? Қазақстанның бірінші басшысының да осыны білмегені ме? Қандай жауапсыздық десеңізші: ұжымдастыруды қалай жүргізу керек екенін білмей жатып, оны «күлкілі» (орыс тіліндегі мәтінде «анекдотичных» деп берілген) жағдайда жүзеге асырады. Бұл Голощекиннің «күлкілі шаралары» қазақ халқы үшін, оның тарихында бұрынды-соңды болмаған «Ақтабан шұбырындыдан да» асып түсерлік қайғы-қасіретке алып келді. Голощекиннің «күлкілі шаралары» қазақ деген халықты жер бетінен құртып жіберуге шақ қалдырды. Басқаны былай қойғанда, бүкіл елдің басшысы Сталиннің өзіне Голощекиннің осылай, ашық жазып отырғанын қалай түсінуге болады? Тегінде, Голощекин Сталиннің зорлық пен зомбылықты бірінші орынға қоятын қаныпезер әдістерінің мәнін сол жылдары-ақ жақсы түсініп үлгерген. Қалай десек те, бұл жерде Голощекиннің ішкі есебі түгел. Осы хатында ол өзіне тән саяси екіжүзділікпен Сталинге қазақ ауылындағы шындықты түгел айтқан жоқ. Қазақ ауылдарында, әсіресе ет және астық даярлау науқандарының жоғарыдағыдай «күлкілі шаралармен» жүргізілуінің нәтижесінде ашығудың басталғаны, адамдардың босқындыққа ұшырап, республикадан тыс жерлерге амалсыз қоныс аударулары туралы Голощекин әзірше Сталинге айтпай қоя тұрғанды жөн көріп, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі аудандардағы қиыншылықтарды ғана шет жағалата әңгімелеп, олардың орын алуын негізінен байлар мен діндарларға аударып құтылып, өзі «сүттен ақ, судан таза» болып көрінуге күш салды.

«Бұған мынаны қоса кеткен жөн, – деді ол, Сталинге жазған хатында, – бірқатар округтер, не тұқымдары, не өндіріс құралдары жоқ мал шаруашылығы аудандары кең көлемде егін егу міндеттерін өздерінің алдарына қойды.

Тура бас айналдырарлықтай қарқынмен (ал округтік комитеттер заттың шын мәнін біле алмады және ұжымдастырудың жоғары қарқынына маз болды) жасалған дәл осы бұрмалаулардың бәрі де байлардың және діндарлардың орташаларды және кедейлер бұқарасының бір бөлігін өз сондарынан ертулеріне жағдай жасады. Айта кеткен жөн, бандитизмді бастаушылар (халықты) Кеңес өкіметінің құлап қалғандығы туралы арандатушылар негізінде топтастыруда» (Сонда).

Бұл жерде оқырман байқап отырған болар, халық айтқанын құп көретін қазақ ауылындағы бұрынғы билерді, батырларды, шешендерді, ақсақалдарды, қажылар мен қазіреттерді, бір сөзбен айтқанда,

казак халқының игі жақсылары деп аталатындарды Голощекиннің хатында «байлар және діндарлар, бандитизмді бастаушылар» деген элеуметтік топтарға жатқызған.

«Тағы бір ірі қателігіміз, – деп жазады Голощекин одан әрі, – соңғы жылдары ауылда батырақтармен, кедейлермен және орташалармен шын мәнінде жақындастыра түскен зор, жағымды жұмыстар жүргізе отырып, біз ауылдағы таңдаулыларды округтік жұмыстарға, өнеркәсіпке, совхоздарға, оқу орындарына алдық: ал ескі кадрлар, байлардың құйыршықтары, жікшілдер жергілікті жерлерде көптеп қалып қойды. Олар сауда-дайындау агенттерімен және біздерге жат, сондай-ақ зиянды адамдармен өздерінің қаскөй әрекеттерін жасап бақты. Мұнымен қатар округтік орталықтар соңғы бір жарым жыл ішінде астық даярлауға барынша беріліп кетті де, ауылдағы жұмыс жайына қалды» (Сонда).

Көріп отырмыз, Голощекин жылы орнынан қозғалмай, туған ауылда қалған бұқараны түгелдей дерлік қаскөйлер мен зиянкестер немесе соларды қолдап, солардың жетегіне еруші жиіркенішті тобыр ретінде жағымсыз тұрғыдан сипаттауға бейім. Мұның әрі ол осы бағытта тіптен тереңдеп, Сталинге ауылда қалған қаскөйлер «бандитке» айналып кетіп, «бандитизммен» айналысып жүрген деп, тарихи шындықты әдейі жаңсақ, бұрмалап түсіндіреді.

«Ақырында мұны да мойындау керек, бастапқы кезеңде бандитизммен күресу тәсілдеріміз дұрыс болмады. Таптық жіктелуге саяси ықпал етудің ешқандай елеулі әрекеттері жасалмады. Наразылықтардың басталғанын естіген бетте еш нәрсе жасалмады, ал бандиттік шайқа туралы хабарды алған бетте мұны көбіне тексеріп те жатпастан, ОГПУ округтік комитеттердің келісімдерімен және рұқсаттарымен отрядтар ұйымдастырды және талдап жатпастан, саяси жұмысты (көтерілісті) басуды кейінге қалдырып, әскери әдістермен күрес жүргізді.

Біздер не істедік, не істеудеміз және нені жүзеге асырмақшымыз?

1. Біз ҚазОАК-нің (КазЦИК-тің – *Т.О.*) үндеуімен өлкелік қызметкерлерден құрылған бірсыпыра комиссияларды көтерілістер бой көтерген жерлерге жібердік. Саяси тұрғыдан әсер етуді сарқаланбайынша ОГПУ-дің тәсілімен ешбір шаралар қолданбауға нұсқау бердік...» (2948-іс, 108-111-п.).

Бұл жерде Голощекиннің тағы да бәледен жеке басын аршып алуды көздеп, көтерілістерді қарулы күшпен басуға жол бергендер округтік партия комитеттері мен ОГПУ органдары деп, кінәні өзі-

нен және өзі басқарып отырған өлкелік партия комитетінен аулаққа ысырып тастау мақсаты ап-айқын сезіліп тұр. Иә, біз алғаш білмей қалдық, біздерге дер кезінде хабарлай қоймады, біздер кейіннен білген соң, жанжалды саяси әдістермен реттеуді бірінші орынға қойдық дегенге саяды Голощекиннің жауабы.

Мұның өзі қып-қызыл өтірік екенін алғашқы 1929 жылдың күз айларында болған Қарақалпақстандағы Бостандық (ол кезде Қазақстан құрамында) және Батпаққара аудандарындағы көтерілістерді 1930 жылы 2 қаңтарда талқылаған Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінің шешімдері айғақтап-ақ тұр. Астында Голощекин өзі қол қойған осы қаулыда мынандай жолдар бар: «...Контрреволюциялық бас көтерулерге қарсы күрес міндеттеріне сәйкес ПП ОГПУ-ға (Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының толық өкілетті өкілділігі – *Т. О.*) өзінің жұмысын қайта құру ұсынылсын...»; «Округтік комитеттерге әрбір ауданда коммунистерден, комсомолдардан және партияда жоқтардан мұқият таңдалып алынған жұмысшылар мен батырақтардан жауынгерлік отряд ұйымдастыру, отрядты тікелей партия комитетіне бағындыру, олармен үздіксіз әскери оқу-жаттығу өткізу ұсынылсын» (2926-іс, 28-п.).

Көріп отырмыз, округтік партия комитеттерінде мәселені тек әскери әдістермен шешу үшін Голощекин басқарған Өлкелік партия комитетінің бюросы ОГПУ-ді де арандатып отыр.

Голощекиншілер 1929 жылы болған алғашқы халық наразылықтары кезінде-ақ әскери күш қолдануды алғашқы орынға қойды, сөйтіп Тақтакөпір, Батпаққара және Бостандық наразылықтарында қарусыз халыққа қарсы қарулы күшті ашықтан-ашық қолданды. Енді сол наразылықтардың әрқайсысына қысқаша, жеке-жеке тоқталған жөн болар. 1923 – 1931 жылдары Қазақстанды қамтыған жалпыхалықтық, ұлттық наразылықтар мен көтерілістердің бастаулары болған бұл оқиғаларды білмейінше, сол жылдардағы күштеп ұжымдастыру процесінің мәнін түсіну қиын.

Мәселенің тарихнамасы. 1929-31 жылдардағы Қазақстандағы халық көтерілісі қазірдің өзінде біршама зерттелді. Оны зерттеу жұмысын алғаш рет қолға алған осы жолдардың авторы болып саналады. Оның «Зобалаң» деген атпен 1994 жылы жарық көрген зерттеу еңбегінде осы көтерілістердің кейбіреулері, мысалы, Тақтакөпір, Бостандық, Батпаққара, Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Өскемен, Балқаш және Адай көтерілістері тәрізді тарихи оқиғалар Қазақстан Республикасы Президентінің архивіндегі деректер негізінде жан-жақты

зерттелді¹. Бұл зерттеу еңбекке кірген көтерілістер бұдан сәл бұрынырақ «Жұлдыз» журналында² «Халық қаһары» деген атпен бірнеше нөмірде жарық көрген болатын. Сонымен бірге көтерілістерге байланысты мәліметтер 1993 жылы «Ақиқат» журналының³ бірнеше нөмірінде жарық көрді. Бұл деректер шын мәнінде бұрын жабық болған, сондықтан да ғылыми айналымға қосылмаған материалдар еді. Алайда, бұл деректердің құндылығымен қатар кемшіліктері де бар болатын. Өйткені оларда орын алған халық көтерілістері «бандиттік» немесе «контрреволюциялық» бас көтерулер ретінде сипатталды. Сонымен қатар, олардың ұлтшылдық мәні де кеңестік жүйенің қызметкерлерінің есінен шыға қойған жоқ. Сонымен бірге осы тақырыпты Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архивіндегі құпия деректер негізінде тереңдете зерттеген автор, өзінің келесі көлемді монографиясында осы көтерілістер туралы мәліметтерді нақты жүйеге келтірді⁴. Мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеуде тарихшы Қ.С.Алдажұманов біраз еңбек сіңірді. Оның негізінен орыс тілінде жарияланған кітаптарындағы мақалалары Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің қорындағы деректерден алынған еді⁵. Оның М.Қозыбаевпен және Ж.Әбілғожинмен бірігіп жазған еңбегінде де бұл көтерілістерге қысқаша сипаттамалар берілді⁶. Мәселені жаңа архив құжаттарымен жан-жақты зерттеуде Тұрғанбек Алланиязов пен Амангелді Таукенов те айтарлықтай жемісті еңбектенді. Олардың «Вооруженные выступления и повстанческие движения в Казахстане (1929 – 1931 годы)» атты көлемді зерттеулері Қазақстан Республикасы Президентінің архивіндегі, Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің архивіндегі, Ресей Мемлекеттік архивіндегі,

¹ Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994.

² Омарбеков Т. Халық қаһары // Жұлдыз, 1993.

³ Омарбеков Т. – «Ақиқат», 1993.

⁴ Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.

⁵ Алдажұманов К.С. Национально-освободительное движение 1916 г. и крестьянское восстание 1929-1932 гг.: проблемы преемственности // Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки / Материалы международной научно-теоретической конференции (Алматы, 1996, 18 октября). – Алматы, 1997.; Алдажұманов К.С. Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 1998.

⁶ Козыбаев М.К., Абилюжин Ж.Б., Алдажұманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992.

Жезқазған Ішкі істер департаментінің архивіндегі құпия қорлардағы деректерге негізделіп жазылды¹. Осы зерттеулердің негізінде жекелеген тарихшылар өздерінің кандидаттық диссертацияларын жазды. Олардың қатарында Б.С. Жұмағұловтың² және Н.С. Байқадамовтың³ диссертациялық еңбектері бар. Аталған көтерілістер жеке зерттеу еңбектерінде де біртіндеп жарық көре бастады. Осы орайда М.Омаровтың⁴, Қырғызбаевтың⁵ және т.б. еңбектерін атап айтуға болады. Мәселені зерттеуге Мемлекет тарихы институтының қызметкерлері де атсалысты⁶.

Мәселенің деректік негіздері. 1929-31 жылдардағы Қазақстандағы халық көтерілістері кеңестік тоталитарлық мемлекеттің саясатына қарсы бағытталғандықтан, оған қатысты деректер еліміз тәуелсіздік алғанға дейін аса құпия сақталды. Олар негізінен Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде (141-қор, 1-тізбе, 17-тізбе, 158-тізбе) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архивінде (арх. №233; арх. №7,106 тізбе; арх. №14 және т.б.). Осы, соңғы аталған мекеменің архивіндегі 158-тізбенің №1 архивінің 49а-томында аталған көтерілістердің қалай өрбіп, қалай аяқталғаны және қалай жазаланғаны нақты мәліметтермен көрсетілген. Жекелеген деректерді Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінен де кездестіруге болады. Сонымен қатар, Қазақстандағы облыстық архив мекемелерінде де жергілікті жерлерде болған көтерілістерге қатысты құнды деректер сақтаулы. Бұлардың бәрін жан-жақты, салыстырмалы түрде зерттеу – болашақтың ісі. Деректердің негізгі бөлігі 1992 жылы жұмыс жасаған, осы жолдардың авторы да мүше болған Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі

¹ Алланиязов Т., Тауқенов А. Вооруженные выступления и повстанческие движения в Казахстане (1929-1931 годы). // Қазақ альманағы. №2(12) 2012 жыл.; Алланиязов Т.К., Тауқенов А.С. Шетская трагедия. Алматы, 2000.; Алланиязов Т.К. «Контрреволюция» в Казахстане: Чимбайский вариант. Алматы, 1999.

² Жұмағұлов Б.С. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922 – 1933 жж.): тарих ғылым. канд. дисс. Алматы, 1999.

³ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қозғалысы (1928-1932 жылдар): тарих ғылым. канд. дисс. Алматы, 2001.

⁴ Омаров М. Расстрелянная степь. – Алматы, 1994.

⁵ Қырғызбаев Ө., Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер.

⁶ 1932 – 1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты – Правда о голоде 1932 – 1933 годов / Аяған Б.Ғ., Қыдыралина Ж.Ү., Ауанасов Ә.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Илиясова К.М. (Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен). Алматы: ТОО «Литера-М», 2012.

Төралқасы комиссиясының қорытынды шешімінде атап көрсетілді¹. Бұл деректерді тереңдете зерттеу барысында мынадай мәселені ескерген жөн: оларда аталған көтерілістер және олардың басшылары идеологиялық тұрғыдан сипатталған. Яғни зерттеушілер, олардан көтеріліс басшыларын «бандиттер» ретінде, ал көтерілісшілерді «контрреволюционерлер және бандиттер» ретінде атап көрсетуді кездестіреді. Біз өзіміздің зерттеулерімізде осыны ескере отырып, тәуелсіз Қазақстанның мүддесі тұрғысынан орын алған аталмыш оқиғаларға жаңаша баға беруге тырыстық. Мұндағы қиыншылық: халық көтерілістерін әділетсіз бағалаған архив құжаттарының өзіне де зерттеушінің көзімен талдау жасап, жаңаша баға беруге тура келді. Мұндағы айтпағымыз, алда бұл тақырыпты зерттейтіндер ОГПУ құжаттарындағы осындай идеологиялық-саяси тұжырымдарды оқыған кезде, мәселеге қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан және тәуелсіз мемлекетіміздің ұстанымының биігінен объективті қарауы тиіс.

¹ Қараңыз: «Егемен Қазақстан» газеті, 1992, 22 желтоқсан.

1-ТАРАУ. 1929 – 1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ СЕБЕПТЕРІ, ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ ЖӘНЕ СИПАТЫ

Қазақстандағы ППОГПУ-дің саяси құпия бөлімінің 1931 жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметтеріне назар аударсақ, 1929 – 1931 жылдар – халық наразылықтары аса белсенді көрініс берген кезең екеніне көзіміз жете түседі. «Бандиттік» бас көтерулер мен ата қонысты тастап, ауа көшулерді шығарып тастағанның өзінде, 1929 – 1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Жылдарға шаққанда, олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-сі 1931 жылы орын алды. ОГПУ осынау бұқаралық халық қозғалыстарын қарулы көтерілістер ретінде көрсете отырып, бұл қозғалыстарға қатысқан көтерілісшілер топтарын да және оларға қатысушы көтерілісшілер сандарын да есепке алған. Бұл бойынша, 1929 жылы – Қазақстанда көтерілісшілердің (ОГПУ құжаттарында – бандалар) 31 тобы әрекет етіп, оларға 351 адам қатысса, 1930 жылы – бұл көрсеткіштер 85 топ, 1925 адам, ал 1931 жылы – 80 топ, 3 192 адам. Яғни көрсетілген мерзімде көтерілісшілердің барлығы 196 тобы бас көтеріп, оларға 5 468 адам қатысқан болып шығады. Халық күштеу саясатына деген өзінің наразылығын көтеріліс түрінде ғана білдіріп қоймай, өкімет және кеңес белсенділеріне қарсы қастандық (террор) жасауға да, сондай-ақ колхоз және совхоз мүліктерін әдейі өртеу әрекеттеріне де барды. Көрсетілген кезеңде алғашқысының саны 460 болса, ал соңғысы 127 рет орын алды¹.

Ресми партиялық құжаттар бұл деректерді нақтылай түседі. Мысалы, 1931 жылдың желтоқсанында Ф.И. Голощекиннің И.В. Сталинге жазған хатында мынандай жолдар бар: «Тап күресінің өрістеуін ГПУ-дің төмендегідей анықтамасынан білуге болады: соңғы екі жылда ірі бандалардың 34 000-дай адам қатысқан 15 бас көтеруі орын алды. Осы екі жылда 1350 контрреволюциялық топтар жойылды және оған қатынасқан 7,5 мың кісі қолға түсті...»².

Енді бұл наразылықтар неліктен туды? – деген сұраққа нақты жауапты 1930 жылы көктемде болған Қарақұмдағы халық наразылығына қатысушылардың Республика басшылығы жіберген мемле-

¹ ҚР ПА. 141-к., 1-т., 5192-іс, 1-2-пп.

² Архивте бұл хаттың көшірмесі ғана сақталған, сондықтан оның жазылған күнін дәл анықтау мүмкін болмады. Дегенмен, хат 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде жазылған деуге негіз бар. ҚР ПА. 141-к., 17-т., 605-іс, 108-п.

кеттік комиссияға жазба түрде қойған талаптарынан таба аламыз. Онда мынандай мәселелер көтерілді:

- «1. 1928 жылы орташалардан әділетсіз тәркіленгендерді қайтару;
2. Дін бостандығын беру, мешіттерді қайтару, діни салттар мен шараларға кедергі жасамау;
3. Ірі байлар тәркіленгеннен кейін, енді тәркілеу болмайтыны туралы декрет шыққан еді, бірақ бұл іс орташаларға қарсы әлі жалғасуда;
4. Колхоздарға зорлап кіргізу тоқтатылсын. Олар тек еріктілік негізде құрылсын;
5. Қазақ даласында тапқа бөліп жіктеуді қою керек және бұл істі жүргізуге комсомолдарды жібермей, барлық мәселені ауылдың жалпы жиналысында шешу қажет;
6. Салықтарды мал-мүліктің санына қарай салу керек. Егін екпейтіндерге астық салығы салынбасын...»¹.

Халықтың көтерілуіне басты себептер осы талаптардан анық көрініп тұрған жоқ па? Көтерілісшілердің атқа қонуларының себептерін және мақсаттарын, олар жазған «Қарақұмға жиналған азаматтардан!» деп аталатын үндеу де айқындай түседі: «Ірі байларды тәркілеген соң, «Еңбекші Қазақ» беттерінде енді тәркілеудің болмайтыны бірнеше рет атап көрсетілді. Бұған қарамастан, соңғы жылдары байларды ғана емес, тіптен орташаларды да тәркілей бастады, сондай-ақ оларды жер аударды. Қазақ даласында байлар жоқ, сондықтан 58-бапты басшылыққа алмай-ақ, 58-бап бойынша жер аударылған байларға тек тиісті салық салуды өтінеміз... Біз мемлекеттік міндеткерліктен ешқашан да жалтармаймыз, біз өкіметке қарсы шықпаймыз және қарсы наразылық білдірмейміз, адамша өмір сүру құқығымызды қамтамасыз етуді өтінеміз...»².

Иә, көтерілісшілер талабы ақылға сыйымды және шын мәнінде өтініш сипатын алып отыр. Солай бола тұрса да олар сол жылдардағы әкімшіл-әміршіл жүйенің саясатына қайшы келіп тұрғанын қазіргі кезеңде түсіну қиын емес. Сондықтан олар негізінен үкімет тарапынан қанағаттандырылған жоқ және жоғарғы органдарға да бұл талаптар «бандиттік» ұсыныстар ретінде жағымсыз сипатталып баяндалды. «Бандиттік қозғалыстар, – деп атап көрсетті Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Рошаль 1930 жылы 18 наурызда И. Сталинге жіберген өзінің құпия жеделхатында, – күштеп ұжым-

¹ ҚР ПА. 141-к., 1-т., 2953-іс, 82-п.

² ҚР ПА. 141-к., 17-т., 454-іс, 98-п.

дастыруға қарсы, дінді қудалауға қарсы, жер аударуға қарсы, тұқымдық қор жинауға қарсы, мүлікті тәркілеуді болдырмау үшін, ислам үшін, хан өкіметін ұйымдастыру үшін сияқты ұрандармен өтуде».

Келтірілген үзіндіден халық амалсыз ұсынған талаптардың Қазақстан үкіметі басшыларына мүлде ұнамайтыны байқалып тұр.

Халық көтерілістерінің өршіп кетуіне негіз болған тағы бір себепті Голощекин өзінің жоғарыда аталған 1931 жылғы желтоқсандағы хатында атап көрсетті. Ол «алғашқы кезеңде бандитизмге қарсы күрес әдістерінің дұрыс болмағанын», саяси ықпал жасауға бағытталған «ешқандай да елеулі әрекеттер» жасалмағанын, ал көтеріліс жасаушылар туралы хабарды алған ОГПУ округтік комитеттердің жетекшілігімен және рұқсатымен, көбіне тіптен оны тексерместен отрядтар ұйымдастырып және талдап жатпастан, күресті әскери әдіспен бастап жіберіп, саяси жұмысты басып-жаныштауды кейінге қалдырғанын» Мәскеудегі басшылықтан жасырған жоқ¹. Бірақ бұл мәселеде де Голощекин ақиқатты бұрмалап, өзінен және өлкелік партия комитетінен басқаларды, яғни ОГПУ-ді және округтік партия комитеттерін кінәлады. Әрине, әскери жолмен жазалаудың үкіметке деген халық наразылығын өршіте түскені рас. Бірақ мынаны да ұмытуға болмас: жергілікті жерлерде ұйымдастырылған коммунистік отрядтар деп аталатын жазалаушы күштер, Голощекин айтқандай, округтік партия комитеттері мен ОГПУ-дің жеке нұсқауларымен ғана ұйымдастырылған жоқ. Әдеттегідей, бұл жолы да мұндай нұсқауды Өлкелік партия комитеті және оның жауапты хатшысы Голощекиннің өзі берді.

1929 – 1931 жылдары бой көтерген халық наразылықтарының «кейбір жерлерде көтеріліс сипатын алғанын» Ф.И. Голощекин өзінің И.В. Сталинге 1931 жылы желтоқсанда жазған хатында ашық мойындады². Бірақ осынау бұқаралық бас көтерулер Кеңес өкіметі жүргізіп отырған күштеу саясатына қарсы бағытталғандықтан, ресми партиялық және үкіметтік іс-қағаздарда, құжаттарда біржақты тұрғыда «бандиттік қозғалыстар» ретінде бағаланды.

Көтеріліске қатысқан бұқараның үкімет саясатын түсіне қоймағанын, тіптен осы көтерілістерді әскери жолмен жою үшін жіберілген Волга бойы әскери округінің қарулы күштерінің басшылары да байқап, олар Голощекинге «Советке қарсы қозғалыстың және партия саясатының таптық мәнін түсіндіретін бірқатар бұқаралық лис-

¹ ҚР ПА. 141-к., 1-т., 464-іс, 115, 109-п.

² ҚР ПА. 141-к., 1-т., 2948-іс, 108-п.

товкаларды таратуды және осы мақсатты орындайтын үгіт-насихат топтарын» ауылдарға шығаруды ұсынды.

Бұдан шығатын қорытынды: үкімет саясатын түсіне алмай, зорлық-зомбылыққа қарсы атқа қонғандарды «әдейі ұйымдасқан түрде мемлекетке, қоғамға қарсы қастандық жасаушылар», яғни «бандиттер» деп сипаттау тіптен де дұрыс емес. Екіншіден, қазақ шаруаларын көтеріліске өкімет пен партияның өзі жүргізген қатал саясат итермелегенін де ұмытуға болмас. Кеңес өкіметін құлату көтерілісшілердің басты мақсаты болған жоқ. «Халық Кеңес өкіметін құлату және өздерінің өкіметін құру мақсатымен қаруланып және жиналып жатқан жоқ», – деп атап көрсетті Қызылорда округтік атқару комитетінің төрағасы Жүнісовке 1930 жылы сәуірде жазған жауап хатында Қарақұм көтерілісі басшыларының бірі Жұмағазы Байымбетов, – қызмет адамдары жасаған қиянаттарға ешбір төзе алмаған соң, өздерін-өздері қорғау үшін бас көтерді»¹. Иә, әрбір зәбір шеккен халықтың қозғалысын «бандиттік» деудің ешбір негізі жоқ.

1929 – 1931 жылдардағы көтерілістерге сипаттама бергенде тағы бір назар аударатын елеулі нәрсе кейбір көтерілістерде көтерілісшілердің хан өкіметін сайлауы немесе сарбаздар жасақтарын рулық негізде ұйымдастыруы және мұсылман дінінің дәстүр-салттарын қорғауы. Мұндай әрекеттер, әсіресе Созақтағы, Ырғыздағы, Қарақұмдағы, Адайдағы, Сыр бойындағы Ақмырза ишан бастаған және Батпақарадағы көтерілістерде айқын байқалды. Қазақстандағы халық наразылықтарына тән осындай өзіндік, ұлттық сипаттағы ерекшеліктер олардың бүкіл Кеңес елінде болған басқа шаруалар көтерілістеріне қарағанда нақты өзгешеліктері бар екенін байқатады.

Ал енді осы тұрғыдан қарағанда, 1929 – 1931 жылдардағы қазақ шаруаларының көтерілістерін ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс деп бағалауға бола ма?

Қазақстанда голощекиндік тәртіп қазақ шаруаларының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын ғана емес, рулық қарым-қатынасқа және қауымға негізделген ұлттық келбетін, әдет-ғұрпын, болмысын және психологиясын күйретуді мақсат етті. Сондықтан бұл шаруалар көтерілістері негізінен қазақ ауылдарында орын алды. Ірі көтерілістердің ішінен славяндар қатысқан Өскемен және Зырян аудандарында 1930 жылы болған, бұрынғы қызыл партизан В. Толстоухов бастаған көтеріліс қана белгілі². Осы аталған

¹ ҚР ПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 220, 171-172-п.

² Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві (бұдан былай – ҚР ҰҚКА). – 158-т., арх. №1, №49-іс, 1-т., 76-78-пп.

көтеріліс пен қазақ шаруаларының көтерілістерін салыстырып қарар болсақ, Кеңес өкіметіне тәуелсіз хандық жүйені орнықтыруға тырысып, ислам дініне бостандық талап етіп, байлар мен орташаларды тәркілеуге қарсы болып, рулық негізде жасақ құрып, қарулы күреске шыққан қазақтардың қозғалысының ұлт-азаттық сипатын теріске шығару қиын.

Егер Қазақстанның сол жылдары Мәскеудегі орталық белгілеген жеделдете индустрияландыру саясатын ауылшаруашылығы шикізатымен, азық-түлікпен қамтамасыз ететін аграрлы аймақ болғанын ескерсек, оның үстіне Қазақстандағы саясат негізінен Мәскеуде белгіленіп отырғанын мойындасақ және орталықтың осы солақай, күштеу саясатынан бәрінен бұрын Қазақстанда қазақ халқы ауыр қасірет шеккеніне назар аударсақ, қазақ шаруаларының Кеңес империясының зорлық-зомбылығына қарсы 1929 – 1931 жылдардағы бас көтерулерін – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы әділетті ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағаймыз.

Зерттеулер 1929 жылғы Батпаққара, Наурызым және Торғай аудандарындағы, 1930 жылғы Ырғыз және т.б. оған көрші аудандардағы, Қарақұмдағы халық наразылықтарына қатысушылар қатарында 1916 жылғы көтеріліске қатысқандардың да болғанын көрсетіп отыр. Дәлірек айтсақ, 1929 – 1931 жылдардағы халық наразылықтары 1916 жылғы көтерілістер болған аудандардан әлдеқайда ұйымшыл және қуатты көрініс берді.

Көтерілісшілердің өздерінің әскери жасақтарын сарбаздарды ұйымдастыруы да 1916 жылғы үлгіде болды. Жоғарыда айтылды, бұл жасақтар рулық негізде ұйымдастырылды. Әрбір отбасы 1 салт аттыны шығаруға міндетті еді. Жылқы жоқ болған жағдайда екі отбасы бірікті, бірі жылқы, бірі адам берді¹. Сарбаздарды мыңбасы, жүзбасы, онбасылар басқарды².

Егер 1916 жылғы көтерілісте қазақ халқы тылдағы жұмысқа адам бермеу үшін күрессе, ал 1929 – 1931 жылдары тәркіленіп түрмеге айдалғандарды құтқару үшін және дайындау науқандарындағы меншіктен, яғни малдан айыруға қарсы күресті. Алғашқысында да, кейінгісінде де оларды империялық орталықтың нұсқауымен келген тұрақты әскер бөлімдері қару жұмсап, қанға бояды, жазалады.

Ал енді 1929 – 1931 жылдарда болған көтерілістердің бастаушы күші кімдер еді? Сол жылдардағы Қазақстан басшылары өздерінің

¹ ҚР ПА. 141-к., 1-т., 2953-іс, 48, 46-п.

² ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, №49-іс, 1-т., 42-43-п.

барлық ресми құжаттарында бұл көтерілістерді «байлар мен дінбасылары ұйымдастырды», – деп атап көрсетеді. Мұның алғашқысы сын көтере қоймайды. 1928 жылы ең ықпалды деген қазақ байларының тәркіленіп, жер аударылғандары белгілі. Сондықтан 1929 – 1931 жылдардағы көтерілістерде байлардан гөрі орта шаруалар белсенді рөл атқарды деуге негіз бар. Қазақстан басшылығының және ОГПУ органдарының бай деп жүргендері де негізінен осылар. 1928 – 1929 жылдардағы тәркілеу мен ет және астық дайындау науқандарынан соң бұрынғы бай, енді орта шаруаға айналды. Мұны қазір «Қазақ даласында байлар жоқ», деп атап көрсеткен 1930 жылғы Қарақұм көтерілісшілерінің жоғарыда аталған үндеуінен де байқар едік.

Осыған карамастан, халық, әсіресе орта шаруа арасынан байды іздеу, бұлардың күн санап үлес салмағы азая түссе де, байлардың санын әдейі көбейтіп көрсету – біз әңгіме етіп отырған дәуірдің қайғылы шындығы болатын.

Көтеріліс жасаушылар негізінен, Голощекин айтқандай, байлардың соңынан ілесуді емес, қайта аудан орталығында бай аталып, жазықсыз қамауда отырған өздерінің ағайын-туыстарын тұтқыннан босатып алуды мақсат еткен (Созақ көтерілісінде де, Абыралы көтерілісінде де және т.б. осылай болған). Бұл жерде, әрине байға жатқызылып қудаланған ауқатты қазақ шаруаларының кеңеске қарсы наразылықтарда ерекше белсенділік көрсеткені айтпаса да түсінікті. Бірақ бұдан көтерілісті байлар ғана ұйымдастырды және басқарды деген біржақты қорытынды жасамағанымыз жөн. Ал енді дін басыларға келсек, олардың аталған көтерілістерді басқарғаны рас. Асадулла Ибрагимов, Айжарқын Қанаев, Мұқантай Саматов, Ақмырза және Тоқмырза Тасовтар, Жұмағазы Байымбетов және т.б. көптеген көрнекті діндарлар, молдалар көтерілістердің рухани жетекшілері болғаны белгілі. Бірақ бұған оларды емес, Кеңес үкіметінің ислам дініне қарсы ашық жаулық саясатын, жергілікті жерлерде мешіттерді қорлау, дінге сенушілерді «әлеуметтік қауіпті элемент» деп қудалау әрекеттерін айыптаған жөн.

Сол жылдары большевиктер партиясы өздерінің идеологиясын қазақ ауылында енгізуге кедергі жасайтын ислам діні деп білгені де құпия емес. Сондықтан 1929 – 1931 жылдардағы көтерілістерге байланысты жазалау көрнекті дінбасыларды түгелдей қамтыды. Тұтқындалғандардан бірде-бір дінбасы ақталып, босатыла қойған жоқ. Тек, Бостандық, Тақтакөпір, Созақ, Сарысу, Талас, Батпаққара, Балқаш және Шоқпар көтерілістеріне байланысты істерді қараған

кезде ғана ОГПУ үштігі 8 ишан мен молданы ату жазасына кесіп, үкім шығарды. Ал 12 дінбасы әртүрлі мерзімдерге сотталды және жер аударылды. Сонымен, жоғарыда айтылғандарға қысқаша қорытындылар жасар болсақ: 1) 1929 – 1931 жылдардағы қазақ шаруаларының наразылықтары мен көтерілістері – кеңес империясы өктемдігіне қарсы ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс болды. Оның бір орталыққа бағынатын, ұлттық мүддені белсенді қорғайтын, тұтасқан тасқынға айналуына сталиндік-голощекиндік империя жүйесі дер кезінде кедергі жасап, бұл ұлттық қозғалысты жөргегінде тұншықтырып, қанға бояп басты; 2) бұл көтерілістердің бастаушы, жетекші күші – ауқатты қазақ шаруалары және халыққа ықпалды дінбасылары болды. Қазақ аулының ұлттық дәстүрлі мүдделерін империялық үстемдіктен қорғайтындай ол кезде қазақ қоғамында бұлардан басқа әлеуметтік күштер де қалған жоқ еді. Ұлт-азаттық сипаттағы бас көтерулерге саяси бағдар беріп, оған басшылық жасауға қабілетті ұлттық интеллигенцияны – алаш қозғалысының көшбастаушыларын осы көтерілістің қарсаңында ғана коммунистік империяның басқарушы және жазалаушы аппараты біржолата талқандап, күйретіп жіберген еді. 3) сондықтан 1929 – 1931 жылдардағы қазақ шаруаларының сталиндік коммунистік империяның қатал саясатына, қазақ ауылын оның дәстүрлі даму жолынан тайдыру әрекетіне қарсы белсенді қарсылықтарын, кезінде патшалық Ресей империясының өктемдігіне қарсы жүргізілген қазақ шаруаларының жанкешті ұлт-азаттық қозғалыстарының заңды, табиғи жалғасы және ең соңғы кезеңі деп бағалағанмыз жөн. Осы соңғы, 1929 – 1931 жылдардағы сталиндік империяның бас көтертпес ауыр соққысынан кейін идеологиялық арбаудың шырмауына түскен, ұлттық санасы біржақты большевиктер идеяларымен уланған қазақ халқы – орталықтың империялық өктемдігіне қарсы тәуелсіздік үшін бас көтеруден қалды. Мұндай ұлттық мойынсұну, дәрменсіз де мүләйім күй кешу 1986 жылдың желтоқсан оқиғасына дейін, яғни 55 жыл бойы созылып келді. Осы оқиғада да осыншама жыл құлдық психологиямен күн кешсе де орталыққа бәрібір жақпаған қазақ халқы тағы да «ұлтшыл» атанды. Осылайша, ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің жаңа кезеңі басталды. Бұл 1929 – 1931 жылдардағы қазақ шаруаларының ұлт-азаттық қозғалысының жаңа жағдайдағы қуаты жаңғырығы еді.

2-ТАРАУ. 1929 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

ТАҚТАКӨПР ОҚИҒАСЫ

21

Қазақстанның оңтүстігінде және Қарақалпақстанда болған наразылықтардың себептерін түсіну үшін кезінде Мәскеуде БК(б)П-ның ұйымдастыру бюросының 1928 жылы 26 қарашада болып өткен мәжілісімен таныса кеткеніміз жөн. Бұл мәжілісте Оңтүстік Қазақстан мен Қарақалпақстанда жер-су реформасын жүргізу мәселесі талқыланды. Қаралған мәселенің мән-мазмұнын төмендегі құжат ашып көрсетеді:

«БК(б)П ұйымдастыру бюросы мәжілісінің № 1 хаттамасы»
26 қазан 1928 ж.

Қатысқандар: жолдастар Лацис, Зеленский, Исаев, Калценелленбоген, Рақымов, Троцкий.

Тыңдалды: Оңтүстік Қазақстанда және Қарақалпақстанда жер-су реформасын жүргізу туралы мәселе бойынша ОК (Орталық Комитет – *Т. О.*) қаулысының жобасы.

Қаулы етілді: ОК қаулысының төмендегідей жобасы қабылдансын.

1. Қазөлкекомының (Қазақ өлкелік комитетінің – *Т. О.*) жер-су реформасын аяқтау мерзімін 1930 жылдың бірінші қаңтарына белгілеу туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Сырдария ауданының он ауданында жер-су реформасы (помещиктік тұрғыдағы қожалықтарды, 4-5 разрядтан жоғары ірі өсімқорлар және жоғарғы дінбасылары қожалықтарын), сондай-ақ қазақ ұйымдары белгілеген және БОАК (ВЦИК – *Т. О.*) Президиумы бекіткен еңбекпен жерді пайдалану мөлшерінен жоғары артық жерлерді алып қою жүзеге асырылсын.

3. Қарақалпақ облысында – помещиктік тұрғыдағы қожалықтарды, өсімқорлардың, ірі саудагерлердің және жоғарғы дінбасылары қожалықтарын, сондай-ақ қазақ ұйымдары белгілеген және БОАК (ВЦИК – *Т. О.*) Президиумы бекіткен еңбекпен жерді пайдалану мөлшерінен жоғары артық жерлерді алып қою жүзеге асырылсын.

3. Қарақалпақ облысында – помещиктік тұрғыдағы қожалықтарды, өсімқорлардың, ірі саудагерлердің және жоғарғы дінбасылардың қожалықтарын, сондай-ақ арнайы бекітілген тізім бойынша бұрынғы Хиуа хандығының жоғарғы төрелерінің қожалықтарын жоюмен шектелген жөн.

4. Жер-су реформасының нәтижесінде алынған жер қорын жерсіз және жері аз қожалықтарға бөліп берген, оның үстіне бөліс кезінде еңбекші сыбағаластарға олар өңдейтін еңбек нормасы көлеміндегі жерді олардың өздеріне бекітіп берудің артықшылық құқын қалдыру керек.

5. Сырдария округінде және Қарақалпақстандағы барлық жойылатын қожалықтардан мал мен а-ш (ауылшаруашылығы – *Т. О.*) мүлкі ақысыз сұрыпталып алынсын.

6. ОГПУ органдарына Қазөлкекомымен бірге кезінде солардың өздерінің қожалықтары болған округтерден тыс жерге аударылатын адамдарды анықтау ұсынылсын.

7. Жер-су реформасын жүргізу кезінде көпұлтты құрамды аудандарда жер-су реформасының ұлттық араздықты қоздыру мақсатына пайдаланылып кетпеуіне назар аударған жөн.

8. РСФСР халкомкеңесіне жедел түрде Қазақ үкіметінің жер-су реформасы туралы, сондай-ақ тізімге алу тәрізді, ұйымдастырушылық шығындары бойынша да есептерін қарап шығу ұсынылсын.

9. Қазөлкекомына жер-су реформасын кедейлер қожалықтарын, бөлінген жерлерді олардың игеруі үшін, колхоздарға біріктіру мақсатымен жер-су реформасын колхоз құрылысы үшін барынша пайдаланған жөн.

10. ЭКОСО-ға (экономикалық кеңес – *Т. О.*) Қазақстандағы жер-су реформасы жүргізілетін аудандарды тракторлармен қамтамасыз етуді күшейте түсу қажеттігі ұсынылсын.

Төраға (Лацис)

Дұрыс: БК(б)П Қазөлкекомының
ауыл-деревня бөлімінің хатшысы: (Наразова)

Қазақстандағы ірі байларды және хан, төре тұқымдарын кәмпескелеу шараларының алғашқы қорытындысы негізінде, көп кешікпей-ақ қабылданған бұл қаулының, әсіресе екі бабы біз әңгіме етіп отырған мәселеге тікелей қатысты. Оның бірі – қаулыдағы №3 бап-

тағы мәселе – Қарақалпақстан жерінде кімдердің қожалықтары жедел жойылатыны туралы болса, ал келесі № 5 бапта – осы жойылатын қожалықтардан малдарды және ауылшаруашылығы мүліктерін олардың иелеріне ақы төлемей-ақ тартып алу мәселесі атап көрсетілген.

Ал енді осының өзі әділеттілік пе? Біздің ойымызша, бұл – барып тұрған заңсыздық. Бұл аз болғандай, түрмеге қамау және күштеп жер аудару да күн тәртібінде тұрды (Аталған қаулының №5 бабын қараңыз). Ал енді мұндай төтенше күштеу мен зорлық-зомбылыққа неге көнбейсің, неге наразы боласың деп, аukatтылар мен дінбасыларына тағы да қысым жасаған жөн бе еді? Адамгершілік пен имандылықтан жұрдай бұйрықшыл-әкімшіл сталиндік жүйенің қайраткерлері бұған: «Иә, жөн», – деп жауап бергені белгілі.

Қарақалпақстан жеріндегі Тақтакөпір оқиғасы да міне, осындай қайғылы саясаттың жемісі еді.

Жоғарыда айтып кеттік, Голощекин өзінің Сталинге жазған хатында Қарақалпақстанның Тақтакөпір елді мекенінде болған наразылықтың мерзімін 1929 жылдың 27 қыркүйегі деп нақты атап көрсетеді. Бұл толқу көп кешікпей-ақ, бүкіл Қазақстан жерін қамтыған жалпыхалықтық бас көтерулерге ұласты. Наразылық туралы архив қойнауында сақталып қалған жадығаттар баршылық. Олардың ішіндегі ресми және мәселені жан-жақты баяндайтыны – осы толқуды тексеру үшін Қарақалпақ автономиялы облысында арнайы жұмыс істеген БК(б)П Орталық Комитеті тобының баяндау хаты. Енді осы құжатқа сүйене отырып, Тақтакөпірдегі наразылықтың себептеріне үңіліп көрелік. «Тақтакөпірде 27 қыркүйекте болып өткен оқиға, – делінеді аталған құжатта, – ҚҚАО-ның (Қарақалпақ, автономиялы облысының – *Т. О.*) солтүстік аудандарында (Қоңыратта, Қараөзекте, Кегейліде, Шымбайда, Ходжеліде және Тақтакөпірде) өзіне ұя салған, орталығы Шымбай болып табылатын контрреволюциялық ұйымның қалған бөлігінің бас көтеруі болып табылады» (348-іс, 50-п.).

Міне, ресми партиялық құжат осылай дейді. Бірақ тергеу жұмыстарының біз танысқан материалдары болсын, тағы басқа жадығаттар болсын, мұндай ұйымның шындығында болғанын нақты дәлелдей алмайды. Осыған қарағанда, мәселені тексеріп отырған лауазымды партиялық топ, негізінен ОГПУ-дің кейбір жаңсақ, өздерінің бастарын қорғауға арналып, әдейі қолдан жасалған лақап деректеріне сүйеніп отырғандай.

ОГПУ-дің сондай ресми құжатынан үзінді келтірелік. Бұл құжатта Қазақстан ІІІ ОГПУ-інің бастығы Волленберг және оның басқармасының, бөлімінің бастықтары шешкен, Берзин қол қойған.

«...Осы жылдың жазында, – деп жазылған онда, – Шымбай, Тақтакөпір, Кегейлі, сондай-ақ ҚАО-ның оңтүстік аудандарында байлар мен ишандардың контрреволюциялық ұйымдары құрылды. Ұйымның басында белгілі бір ишанның баласы Исмадуллаев Жалел-Мақсұм – бұрынғы патшаның болыс басқарушысы және Әмудариядағы орыс-казактарының 1919 жылғы көтерілісіне белсене қатысушы; Нұрымов Барлықбай – бай, руда ықпалды атқамінер, сондай-ақ 1919 ж. көтеріліске қатысушы, исламды беріле жақтаушы және т. б. тұрды.

Осы жылдың қыркүйек айында олар ұйымға мүшелер тарта бастады. Оның үстіне оған алғаш ауылдардан бірнеше адамдар, неғұрлым ықпалды байлар мен ишандар кірді» (17-т, 348-іс., 1-2-п.).

Мұнан әрі Қазақстан ОГПУ-інің басшылары Шымбай мен Кегейлі аудандарының контрреволюциялық ұйымдарының бөлімшелерінде барлығы 79 адам ұсталғанын, олардың ұлттық және әлеуметтік құрамдары әртүрлі екенін төмендегідей кестелермен арнайы бөліп көрсетеді:

Қарақалпақтар (адам саны)	Қазақтар (адам саны)	Өзбектер (адам саны)
75	2	2

Әлеуметтік жағынан алғанда, 58 тұтқындалған адам төмендегідей топтарға бөлінеді:

Байлар (адам саны)	Орташалар (адам саны)	Кедейлер (адам саны)
31	12	3

Бұлардың ішінде дін қызметкерлері – 4 болса, ал кеңес органдарының қызметкерлері – 6 (Сонда. 2-п.).

Ал енді осы ОГПУ табанды түрде айыптап отырған контрреволюциялық ұйымдар мен Тақтакөпірдегі оқиғаның қандай өзара байланыстары бар деген мәселенің басын ашып алалық. Бұл үшін Тақтакөпір оқиғасының өзі қалай болғанын нақтырақ әңгіме етуге тура келер.

Біздің қолымызда бар дерек бойынша, бұл бас көтеруге шамамен 250-300-дей адам қатысқан. Бұған тек байлар мен ишандар

ғана емес, әртүрлі әлеуметтік топтар, яғни орташалар мен шаруалар да қатысқан деуге негіз бар. 300 адамның бәрін қалай бай, ишан дерсің. Рас, мұны ОГПУ құжаттары мойындағылары келмей, халықтың едәуір бөлігі аудан орталығын басып алған басмашылардың қысымшылығына осы оқиға да қатысты деп көрсетті (Сонда. 3-п.).

Оқиға былай басталған. 1929 жылы 27 қыркүйекте шамамен күндізгі сағат 1 кезінде аудандық қала Тақтакөпірдің оңтүстігінен «Аллалап» айғайлап, ұран тастаған, жауар бұлттай түнерген, винтовкалармен қаруланған 30-дан аса басмашылар қалаға басып кірді. Бұл – базар күні болатын. Жұрттың бәрі базар төңірегінде топырлап жүрген уақыт еді. Келгендер Алланың атынан сөз сөйлеп, оларға қосылуға, қаланы қиратып, кәпірлерді, орыстарды құртуға шақырды. Күтпеген төтенше оқиғадан үрейлері ұшқан халықтың көбі бассауғалап, бәледен аулақ деп, жан-жаққа қашып құтылуға тырысты. Бірақ ауыздығымен алысқан жарау салт атты басмашылар мылтықтарын кезеп, қашқындарды тоқтатты. Базар халқын дедектетіп, алдарына салып алған басмашылар халықты оққағар қалқан етіп, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар орналасқан қаланың орталық бөлігіне қарай жылжыды. Мұндай жағдай бола қояр деп күтпеген, оның үстіне басмашылардың Кеңес өкіметі және партия органдары қызметкерлеріне деген мейірімсіздігін о бастан-ақ жақсы білетін мекеме қызметкерлері басмашылар келе жатыр дегенді естіген бетте-ақ, жан-жаққа тым-тырақай қашып, бассауғалайтын жер іздеді.

Басмашылар мен оларға ілескен халық иесіз қалған аудандық партия, атқару, комсомол комитеттеріне, Қосшы одағына, халық сотының адам қамайтын камераларына және басқа мекемелер мен қазыналық дүкендерге бұза-жара басып кірді. Олардағы іс-қағаздарын, тергеу істерін, киім-кешекті талан-тараж етті.

Большевиктердің көсемдерінің қабырғаларда ілулі тұрған суреттерін көздеп атты. Маркс пен Дзержинскийдің суретін қабырғадан жұлып алып, қорлады. Ал Ленин мен Рыковтың портреттерін еденге лақтырып тастап, аяқтарымен таптап, оларға қарғыс айтты.

Айта кеткен жөн, Тақтакөпір тым қорғансыз да емес еді. Онда құрамында 20 адам бар Дедов басқаратын қарулы коммунарлар отряды бар болатын. Бірақ басмашылардың алғашқы атқан мылтық даусынан кейін-ақ коммунарлар жанұшыра тым-тырақай қашты. Ал әр жерден бір мылтық атып, бытыраңқы қарсылық көрсеткендерді басмашылар табанда атып өлтірді. Мұндай өлгендердің жалпы саны – барлығы 8 адам болды. Олардың ішінде отряд командирі Дедовтың өзі де бар еді.

Әсіресе, әншейінде елге қоқандағанда алдарына жан салмайтын аудан орталығындағы кеңес қызметкерлері сужүректік, қорқақтық танытып, қандайда бір болмасын қарсылық көрсетуге жарамады.

Шын мәнінде, басмашылар мен олардың жағына шыққан жергілікті халық табан тіресе қарсылық көрсете алатындай елеулі саяси күште емес еді. Мұны он-ақ адамнан, оның ішінде алтауы ОГПУ күштері дивизионының және төртеуі коммунистерден құралған болмашы әскери топтың Грязнов дегеннің басшылығымен басмашылармен 2 сағат бойы атысып, Тақтакөпірді қайтарып алуынан да көруге болар еді.

Тақтакөпірдің өзінде ғана 100-150-дей қызметкерлер және тағы көптеген батырақтар мен жұмысшылар бар екендігін және олардың бір бөлігі қаруланғандар екенін және қалғандарында қаруландыруға мүмкіндіктер болғанын ескерер болсақ, әрине, Тақтакөпір тұрғындары өздерінің күштерімен-ақ басмашыларға соққы бере алатын еді. Бірақ ОГПУ органдары атап көрсеткілері келмесе де, мынаны да ескермеуге болмайды, Кеңес өкіметінің мақта даярлау науқанындағы зорлық-зомбылықтары, ауылшаруашылығы салықтарын салуға байланысты асыра сілтеулері – халықтың заңды наразылықтарын туғызғандықтан, халық өкіметті жақтап басмашыларға қарсы соғысуға да онша құлықты бола қоймады.

Оның үстіне ОГПУ мәліметтерінде Қарақалпақ жеріндегі басмашылар ылғи да «бандиттер шайқасы» ретінде көрсетілсе де, қолда бар мәліметтер олардың жергілікті халықты жаппай ойрандағанын немесе үкімет әскерлерін жусатып қырып салғанын дәлелдеп бере алмайды. Керісінше, олардың өздері іздерінен бір елі қалмай қойған үкіметтің әскери күштерінің, яғни жазалаушылардың құрбандықтары болды. Сөзімізге дәлел ретінде Қазақстан ППОГПУ-інің бастығы Волленбергтің Тақтакөпір оқиғасынан кейін осы орайда айтқандарын келтіре алар едік: «...ҚАО-да еш жерде олар (басмашылар – *Т. О.*) оларға қарсы әрекет еткен комотрядтарға қандайда бір болмасын елеулі соққы бере алмады, сонымен бірге айта кеткен жөн, жауынгерлік қабілеттіліктерімен де ерекшелене алған емес.

Мынаны ғана айтуға да болар еді: ҚАО-дағы банда топтарын жою, біздің жағымыздан әлі күнге дейін қалайда бір адам шығын берместен жүргізіліп келеді» (Сонда. 2-п.).

Иә, қанша банды десек те, 1929 жылғы басмашылардың 20-жылдардың басындағы басмашылардан елеулі айырмашылығы бар дер едік. Егер Кеңес өкіметі ауылда бір тапты екінші тапқа қарсы айдап

салу саясатын жүргізбесе, бұл істе күштеу, зорлау әдістерін алғашқы орынға қоймаса, біздің ойымызша, 20-жылдардың соңында басмашылық қозғалыс Орта Азияда, соның ішінде Қарақалпақстанда қайта жандана қоймаған да болар еді.

Ал енді Тақтәкөпір оқиғасына байланысты мәселенің басын ашып алу үшін, 1930 жылы 2 қаңтарда «ҚАО-дағы Бостандық және Батпаққара аудандарындағы контрреволюциялық бас көтерулер туралы» мәселені қараған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің жабық бюро мәжілісінде сөйлеген Қазақстандағы ПП ОГПУ бастығының орынбасары Альшанскийдің стенограммаға түсірілген сөзін берелік: «Қарақалпақ оқиғаларынан нақты екі жағдайды ажырата білу керек: а) Шымбай контрреволюциялық ұйымын жою; б) Тақтәкөпір бас көтеруі.

Шымбай контрреволюциялық ұйымы біздің партиямыздың таптық бағытына қарсы күрес жүргізді... Ұйымның бағдарламалық мәселелері – олар Жұнайт ханға жібермек болған «Иттифак» (Келісім – Т. О.) деп аталатынында неғұрлым жарқын көрініс тапқан. Құжат баса назар аударарлықтай, сондықтан да мен мұнан үзінді келтіремін: «Жұнайт ханның баласы Шалтайға, Хакімбекке, Көкденбала, Ахметбекке, ҚҚАО-ның төрт солтүстік аудандарындағы халықтың игі жақсылары атынан.

Кеңес өкіметі біздерді қыспаққа алуда, үлкен салықтар салуда. Біздің көрнекті Ашулаларымыз, ишандар большевиктердің күзеттерінің, қысымының қол астында айтып жеткізуге болмайтын қанауға төзуде. Сондықтан да Сізден көмек күтеміз және Жұнайт ханның қол астына көшуді қалаймыз.

Басқарудың ескі түрлерін, шариғат сотын, аталықтар мен Ашулла өкіметін қалпына келтіруге және хан Жұнайттың нұсқауымен жұмыс істеуге уәде етеміз. Барлық халықтың атынан. Төменде игі жақсылардың қолы». (Қолдарды жинауға үлгері алмаған). (Аталған архивтен, 110-п.).

Осы жерде бізге Альшанскийдің сөзін бөліп, оның осы айтқандарының өзін қысқаша болса да талдай кетуге тура келеді. Өйткені, біріншіден, Альшанский келтіріп отырған «игі жақсылардың» хатында қойылған қолдар жоқ екенін оның өзі де мойындап отыр. Оның айтуынша, «хат иелері хатқа елдің қолын қойдыруға үлгермеген» болып шығады. Жарайды, солай-ақ болсын делік. Ал бірақ қол қойылмаған құжатқа қалай ғана сене аларсың. Мұны ОГПУ-дегілердің өздерінің әдейі қолдан жасамағандарына, сөйтіп өздерінің

«түймедей еңбегін түйедей етіп» көрсетуге тырыспағанын кім дәлелдеп бере алады бізге? Екінші күдігіміз – сол жылдары шетелде жүрген Жұнайт ханға байланысты. Алдымен, әрине, Жұнайт ханның кім екенінен оқырманды хабардар етелік. Ол үшін бәрінен бұрын осы мәселені зерттеп жүрген өзіміздің кеңестік тарихшыларымыздың Жұнайт хан туралы мәліметтеріне жүгінелік: «Жұнайт хан (Джунаид Курбан Мамед, 1860 – 1938 ж.ж.) – түркменнің феодалдық-тайпалық көсемі, Хиуаның 1918 – 1920 жылдардағы қандықол билеушісі... Қатал, ашкөз, атаққұмар Жұнайт (орыс тіліндегі әдебиеттерде Джунаид – *Т. О.*) өзінің отрядымен көрші тайпаларға қарақшылық шабуылдар жасады, өзбектерді, қарақалпақтарды тонады. 1911 жылы өзінің туған бауырын өлтірді және оның дүниемүлкін өзі алып алды. Ол өзінің қол астына бірнеше түркмен тайпаларын біріктіріп, Хиуа көлемінде аса ауқымды қарулы жасақ ұйымдастырды.

1915 – 1916 жылдары Жұнайт Хиуаға бірнеше жорықтар жасап, билікті басып алуға ұмтылды және сонымен қатар халықты тонады. Ол жеңіліп қалған соң Қарақұмға кетті, онан соң Иранға қоныс аударды.

Революция жеңген соң, контрреволюцияшыл топтар Жұнайтты еңбекшілерге қарсы күресте таптырмас одақтас деп білді. Хиуадағы қазақ бөлімдерін басқарған ақ гвардияшыл полковник Зайцев онымен жеке байланыстар орнатты.

1918 жылы қаңтарда Жұнайт ханның 1600 салт аттылары Хиуаға кірді. Хиуа ханы Исфердиар оған бағынды және формальды түрде такта қалды. Жұнайт Хиуаның дара билеушісі болды. Осылайша, басмашылық мемлекетті басқару деңгейіне көтерілді.

Жұнайт хан бандалары Түркменстан АССР-ы құрамына кіретін Петро-Александровск және Нүкіс қалаларына әлденеше рет шабуылдар жасады, айнала халықты тонады, жылқыларды, түйелерді, қойларды айдап әкетті, астықты тасып алды, тұтқындарды қатал азаптады: шаруалар мен қолөнершілерді жазалады.

1919 жылдың екінші жартысы мен 1920 жылдың басында Қызыл армияның санаулы бөлімдері және Хиуаның революцияшыл ерікті отрядтары басмашыларды бірқатар жеңілістерге ұшыратты және Жұнайт ханның резиденциясы – Бедіркентті алды. Оның өзі Қарақұмға қашып кетті. 1920 жылы Қазанда толығымен түскен Жұнайт хан бандалары ағылшын қаруларымен қаруланып, тағы да белсенділік танытып, Қоңыратты басып алды және Нүкісті қоршауға алды.

1921 жылы көктемде басмашылардың Хорезм (Хиуа) жеріндегі негізгі күштері талқандалды және Жұнайт хан тағы да шөл далаға тығылуға мәжбүр болды. 1923 жылдың соңында Жұнайт хан өзінің бандаларының санын тоғыз мың адамға дейін жеткізді және белсенді әрекетке көшті. Ол басып ала алды, Хиуа мен жаңа Үргенішті қоршады. Қиын және табанды күрестен кейін, 1924 жылдың соңына қарай Хорезм республикасы территориясындағы басмашылардың барлық ірі бандылары жойылып бітті.

1924 жылы Жұнайт хан Кеңес өкіметіне берілді. Оған кешірім жасалды, бірақ ол халықтық өкіметке қарсы қарулы күресті тоқтатпады. Ызалы жыртқыш, жуырда ғана Хиуаны билеген ол, жеңіліске, Түркменияның ең тылсым түкпірлеріне дендеп енген жаңа өмірге көндіге алмады. Жұнайт бұрынғысынша ағылшын барлауымен, контрреволюциялық эмиграциямен байланыс ұстады, жаңа басмашылар отрядын ұйымдастырды, күндердің күні болғанда капиталистік мемлекеттердің КСРО-ға шабуыл жасайтыны туралы өсек-аяң таратты.

1927 жылы жазда және күзде шегараның арғы бетінен Жұнайтқа қару-жарақ пен оқ-дәрі артқан бірнеше керуен келіп жетті. Кабулдан және Мешхедтен кейде іс бабымен шетелдік арнаулы барлау орындарының нұсқау қағаздарын тасушылар келіп жатты. 1927 жылы 19 қыркүйекте Жұнайт хан Кеңес өкіметіне қарсы бүлік жасады. Бірақ оның бандалары талқандалды, ал өзі болса шетелге қашып кетті.

Иә, кеңестік тарихшылар Жұнайт ханның өмірін осылайша жағымсыз сипаттайды. Қолымызда басқа дәлелдер жоқ болғандықтан, бәлкім, осы айтылғандарға еш күдіктенбей сене де салар ма едік, егерде кеңес тарихшыларының өздері өз еңбектерінде үзінділер келтіретін шетелдік әріптестердің балама пікірлерімен таныспасақ.

Олардың біразы басмашылар қатал, қандықол басқыншылар болды деген кеңес тарихшыларының пікірлерін теріске шығарса, ал енді Бенничен, Каррерд, Анкосс және соңғы жылдары Қазақстанға келіп-кетіп жүрген Олкот тәрізді байыпты зерттеушілер Жұнайт ханды және т.б. басмашылардың көрнекті көсемдерін «ұлттық батырлар», «діни нанымды қорғаушылар» ретінде жағымды бейнелейді екен.

60-жылдардың орта шенінде-ақ шетелдік «Среднеазиатское обозрение» журналында белгісіз автор, «Жұнайт хан – Қарақұм шөлінің королі» деп аталатын мақала жариялап, кеңестік қарама-қайшы деректерді талдап, құрбашы жайлы мынандай сұрақ тастап: «Ұлттық

батыр ма, әлде бандит пе, феодал қанаушы ма, әлде ағылшын-түрік империализмінің ақы төлейтін тыңшысы ма?» – дейді де, бұл сұрақтарға өзі жауап беріп, кеңес тарихшыларының Жұнайт хан туралы пікірлерінің қате екенін, нақты шындық шетел тарихшыларының зерттеулерінде орын алғанын айтады. Ал енді шетелдік әдебиетке келер болсақ, оларда Жұнайт ханға батыс елдерінің көмек көрсеткені расталмайды екендағы, тек бар болғаны оның Бұхар әмірі мен Энвар-пашамен арадағы байланысты теріске шығармайды.

Егер шетелдік әріптестеріміздің айтқандары шынында да шындық болып шықса (ал мұны әлі де терең, арнайы зерттей түсу қажет), онда біздер жоғарыда мәскеулік тарихшылардан қаз-қалпында қазақшаға аударып келтірген Жұнайт ханның өмірбаянының біраз жеріндегі оған берілген жағымсыз бағалар жалған болып шығары сөзсіз.

Шетелдік әріптестеріміздің ішінде Орта Азия мен Қазақстан тарихымен бел шешіп, терең айналысып жүргенін біз жоғарыда атап кеткен М.В.Олкоттың кейбір пікірлері құлақ асуға тұрарлықтай деп ойлаймыз. Ол кеңес тарихшыларының «басмашыларды бандит ретінде беталды бейнелеулерін» айыптайды. Олкоттың басмашылардың «діни білімділігін», «Қоқан автономиялық мемлекетіне» мүше болғандарын, олардың «орташа жер иеленушілер, ал енді біразының жергілікті ақсүйектерден шыққандарын», яғни олар, кеңес тарихшылары жазып жүргендей, тек қанішерлер мен бандиттерден тұрады, – деген бағалардың қате екенін айтқан ойымен келіспеу қиын-ақ. Біздің ойымызша, қанша туласақ та М.В. Олкот осы жерде шындықты айтып отыр. Оның тіптен Ибрагимбек және Жұнайт хан тәрізді тайпа көсемдері «сауатты да қадірменді адамдар болатын» деген пікірінен мәскеулік тарихшылардың жөнсізден-жөнсіз, негізсіз қарсы дау айтуы келіссіз-ақ.

Біздің ойымызша, Жұнайт ханның Кеңес өкіметі Орта Азияда билікке ие болған жылдардың өзінде, өзінің соңынан саны тоғыз мыңға жететін қалың қолды ерте алған болса, бұл оның жоғарыда М.В. Олкот айтқандай, беделді халық құрметтейтін адам болғанын дәлелдесе керек.

Дегенмен, біз әңгіме етіп отырған Тақтакөпір наразылығын ұйымдастырушылардың жауаптарында олардың Жұнайт ханмен байланысы туралы ешқандай да нақты дәлел жоқ.

Сондай-ақ контрреволюциялық ұйым құрды деп айыпталғандардың тергеу кезінде берген жауаптарында мұндай ұйымның қандай жұмыстар жүргізілгенін және ол ұйымның Тақтакөпірдегі оқиғаны

ұйымдастыруға тікелей атсалысқаны, қатынасқаны туралы бұлтартпас нақты дәлелдер және жеткіліксіз.

Жекелеген адамдардың басмашыларға барып, оларды Тактәкөпірге ертіп келуін контрреволюциялық ұйымның іс-әрекеті деуге тіптен де болмайды деп ойлаймыз. Бірақ кезінде орын алған осындай, біздің көзқарасымызша шындықты бейнелейтін пікірлерді жоғарыда аталған Мәскеуден БК(б)П Орталық Комитетінен Гричманов бастап келген арнайы партиялық топ біржақты қорытынды жасап, жеделдете теріске шығарды. Сөзіміз дәлелді болу үшін БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің жабық бюросы мәжілісінде (1930 ж., 2 қаңтар) осы мәселе туралы сөйлеген Гричмановтың стенограммаға жазылған пікірінен үзінді келтірелік.

«...Алғашқы дұрыс емес көзқарас, – деген еді ол, – біз оны тоғышарлық деп атаймыз, бұл мынаған келіп тіреледі: жолдастар Қарақалпақиядағы оқиғаның шығуын, жем-шөп үшін, азық-түлік үшін басмашылардың әдеттегідей шабуыл жасауы деп бағалауы. Мұндайдың дұрыс болмау себебі, ол барлық таптық жағдайларды теріске шығарады, өйткені ол, біз жүргізіп жатқан шаралармен байланысты шиеленіскен тап күресінің жаңа кезеңін меңзеп өтеді. Оның дұрыс болмайтыны тағы мынадан, ол біздің лагеріміздегі таптық күштердің жаңаша орналасуларын көрмейді. Ақырында ол, басмашылықтың өзіндегі өзгерістерді, оның саяси ұсқынындағы өзгерістерді көрмейді. 20, 21, 24-жылдарда басмашылық басқаша сипат алды, қазіргі кезеңдегі басмашылық жаңа саяси түрге ие болды» (Аталған архивте, 87-п.).

Иә, көріп отырмыз, сталиндік тап күресінің өрши түсуі туралы қолдан жасалған теорияны басшылыққа алған Гричманов 20 жылдардың соңындағы басмашылық қозғалысқа «жаңа саяси рең» бергісі келеді. Яғни, мұны «белгілі бір саяси контрреволюциялық ұйым ұйымдастырып отыр» деуден кетәрі емес.

Бірақ біз жоғарыда атап кеткендей, тергелген тұтқындардың өздері мойындаған жауаптарынан басқа контрреволюциялық ұйымдардың Қарақалпақ жерінде жұмыс істегенін дәлелдейтін ешқандай дәйекті материалдар жоқ. Ал енді ұсталғандардың мойындағанына келсек, ОГПУ-дің қандай әдістермен болмағанды болды деп мойындататынын біздер қазір жақсы білетін болдық қой. Енді осы пікірімізге дәлел ретінде тергеу кезінде кінәларын «мойындаған» контрреволюциялық ұйым дейтіннің басшыларының өздерінің айтқандарын алға тартамыз.

Тұтқын Ибрагимов Ұббының көрсеткендері: «Иә, шындығында да, Қарақалпақ жеріндегі Шымбай ауданында мен мүшесі әрі белсендісі болған контрреволюциялық ұйым жұмыс істеді. Ұйымның алдына қойған мақсаты – Кеңес өкіметін құлату еді...

Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған контрреволюциялық әрекетке біздерді итермелеген негізгі себептер – біз өмір сүріп отырған кезең мен идеологиялық ымырасыздығымыз болып табылады. Контрреволюциялық ұйымның жетекші құрамының өткендегі әлеуметтік-саяси жағдайы мұны растай түседі. Мысалы, мен және менің бауырым Әжім ханның үстемдігі кезінде шешуші рөл атқарған беделді атаның балалары. Орымбаев Асқар – Шымбай округіне бұрын мата және басқа да зат әкелуші ірі саудагерлер, Ерназаров Қожахмет, Жұманазар Сейтназаров, Шейхы Құдайназаровтар – байлардың балалары, ағайынды Иматуллаев Жәлел-Мақсұм және Әбдікәрім – ишанның балалары...

Әсіресе, соңғы екі жылда ауылшаруашылығы салығы – қызу, жеке салғырт жинау бағыты бойынша біздерді экономикалық тұқырға түсуге бағытталған Кеңес өкіметінің саясатына деген наразылықты одан да ары өршіте түсті. Мысалы, белдерді (салықтың түрі – *Т.О.*) қожалықтардың экономикалық қуатын ескермей-ақ, өзара тең етіп бөлудің орнына 1927 – 1928 жылдардан бастап қожалықтардың табыстары қатаң ескеріліп отырылды. Мысалы, мен 1927 – 1928 жылдарға дейін бір-екі белдерді шығарып қоюшы едім, кейіннен 7-8 белдер салық төлеуге тиіс бола бастадым. Оған қосымша 1927 – 1928 жылдардан бастап бізге осы уақытқа дейін мүлде ешбір хабарсыз болып келген ауқатты қожалықтарға жеке салықтар салу енгізілді. Жер-су реформасын жүргізу, біздің дүние-мүлкімізді кәмпескелеу мақсатымен қожалықтарды есепке алу басталды және алда Қарақалпақ жерінен сыртқа жер аударады-мыс деген мәліметтерден біздердің хабардар болуларымыз Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған ұйымдасқан іс-қимылды үдете түсуімізге түрткі болды» (Сонда. 3-п.).

Ал енді тұтқын Ерназаров Қожахмет былай деп көрсетеді:

«Иә, ҚАО Шымбай және Кегейлі аудандары территориясында өзінің түпкі мақсатын – Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасау етіп қойған контрреволюциялық ұйым жұмыс істеді. Менің көзімнің терең жеткені, ұйым басшыларын Кеңес өкіметін құлату мақсатына жеткізген нәрсе – өмір сүріп тұрған құрылыспен идеологиялық ымырасыздық болып табылады.

Ұйымның тамыры және мақсаттары қандай екенін мына фактілерден-ақ білуге болар еді: жоғарыда аталғандарды қосқанда барлық контрреволюциялық ұйымды басқарушылар өздерінің әлеуметтік-саяси жағдайлары жағынан бұрынғы болыс басқарушылар: байлар, атаның ұрпақтары немесе ата-бабалары. Оның үстіне ұйым басшыларының басым көпшілігі кеңес жұмысында істеген.

Ұйымның тамыры және мақсаттары қандай екенін мына фактілерден-ақ білуге болар еді: жоғарыда аталғандарды қосқанда, барлық контрреволюциялық ұйымды басқарушылар өздерінің әлеуметтік-саяси жағдайлары жағынан бұрынғы болыс басқарушылар: байлар, атаның ұрпақтары немесе ата-бабалары. Оның үстіне ұйым басшыларының басым көпшілігі кеңес жұмысында істеген. Кейіннен, соңғы 3-4 жылдар бойына шұғыл түрде ауылшаруашылығы салықтары, жеке салықтар, белдер салықтары салына бастаған өздерінің қожалықтарынан кетіп қалғандар еді. Бұрын мұндай болған емес, мысалы: жеке салықтар және белдер салықтары әл-қуатты қожалықтарға мұндай үлкен көлемде ешқашан да салынған емес еді...» (Сонда. 3-4-пп.).

Көріп отырмыз, контрреволюциялық ұйымның басшылары делініп отырған екі адамның айтқандары – егіз қозыдай ұқсас. Егер олардың саяси сауатсыздығын ескерсек, берілген жауапқа «контрреволюциялық ұйым», «идеологиялық ымырасыздық», «әлеуметтік-саяси жағдай» деген саяси түсініктердің не екенін түсінбейтін олардың өздерінің жауаптарында өздері бұрын ауыздарына алып кермеген осындай күрделі саяси ұғымдарды атап айтулары, әрине, тіптен де мүмкін емес. Мұның бәрі ОГПУ тергеушілерінің күнделікті жұмыстарында жиі қолданылатын саяси терминдері. Олай болса, жоғарыда біз келтірген тұтқындар берген жауаптарды түгелдей немесе ішінара ОГПУ-дің өзі әдейі жасаған деуге негіз бар.

Біздің ойымызша, жекелеген ауқатты адамдардың басмашылармен байланысқысы келуін немесе олардың Кеңес өкіметі өмірге енгізген ауыр салықтарға наразы болып, өзара бас қоса пікір алысуларын шетелмен байланысы бар және Қарақалпақ жеріндегі барлық солтүстік аудандарды қамтитын контрреволюциялық ұйым деп көрсету үшін қиындыққа мүлде қайшы келеді.

Контрреволюциялық ұйым туралы аңыз – ОГПУ-дің тергеу жұмысындағы тұтқындалғандардың берген жауабын одан әрі талдасақ, әшкерелене түседі.

1929 жылы 2 қарашада Ерناзаров Қожахметтің тергеушінің сұрақтарына қайтарған жауаптарында контрреволюциялық ұйымның

құрамына «қытай-қыпшақ» және «Кеңегес-Маңғыт» руларының өкілдері кіргені, алғашқылардың бұл ұйымға Орынбаев Асқар, Ибрагимов Ажим, Ибрагимов Ұббы, Исматуллаев Жәлел-Мақсұм және Исматуллаев Әбдікәрім, ал соңғы «Кеңегес-Маңғыт» руынан жауап беріп отырған оның өзі (яғни Ерназаров Қожахмет). Сапарнияз Ерiмбетов, Жұманазар Раймназаров, Шейшi Құдайназаров мүше болғаны айтылады.

Аталғандардың бәрiне тергеу хаттамасында «кiнәларын», яғни контрреволюциялық ұйымға мүше болғандарын «мойындап», бiр адамдай қол қойғандарына қарағанда, ОГПУ оларға қатты қысым жасаған тәрiздi.

Әңгiменiң қандай контрреволюциялық ұйым туралы екенiн Ерназаров Қожахметтiң жауабын одан әрi тыңдағанда ұға түсемiз: «Белсендi ұйымдастыру қызметiне даярлықтың басталуын – 1929 жылдың шiлде айының орта шенiнде Шымбай қаласындағы Кенжеғұл қарияның үйiнде Қауын базарда болған алғашқы кеңес деп санаған жөн. Бұл кеңеске менi... аты-жөнiн мен бiлмейтiн бiр бала арқылы Орынбаев Асқар шақырды. Кеңеске қатысушылармен Орынбаев Асқар, Исматуллаев Әбдiкәрім және Ибрагимов Ұббы... болды. Бұл жерде мен ешкiмнен ешқандай да нұсқау алған жоқпын. Дарияның арғы бетiне бiр адамды жiберу туралы әңгiме болған жоқ. Бұл кеңеске дейiн Кеңес өкiметiне қарсы көтерiлiстi даярлау туралы мен бiлгенiм жоқ. Ұйымға менi тартқандар – Ұббы Ибрагимов және Асқар Орынбаев. Мен айтып отырған алғашқы кеңес пен келесi екiншi кеңес арасындағы уақыт бiрнеше сөтке болды.

Бұл осы жылдың шiлдесiнiң соңына қарай немесе тамыз айының басында болды. Базарда болсын, жоқ әлде Шымбай қаласының көшесiнде болсын Асқар Орынбаевпен және Ұббы Ибрагимовпен бiрге, Сапарнияз Ерiмбетовпен және Палымов Шалымбетпен бiрге жиi бас қоса әңгiме-дүкен құратынбыз. Сонда Асқар Орынбаев пен Ұббы Ибрагимов, Ильялы, Парсы және жалпы Ташауыз округi түгел басмашылар қолдарына көшкенiн және олармен байланыс жасау үшiн өздерiнiң адамын жiбердiк дегендi айтып, басмашылық қозғалыстың нақты жағдайын анықтау үшiн бiздерге де солай етудi ұсынды. Асқар Орынбаев пен Ұббы Ибрагимов ылғи Түркменстанда күштi басмашылық қозғалыс болып жатқандықтан, бiздерге де дайындау керек және оларға көмек көрсетуiмiз керек, ал дарияның арғы шетiне кеткен Жәлел-Мақсұм таяуда бiзге өз жiгiттерiмен келедi десетiн. Мен Шымбайда, Түрнияз Алланиязовтың үйiнде өткен екiншi кеңестен соң ұйымға белсендi мүше болдым» (Сонда. 42-п.).

Мұнан әрі оқиға былай өрбіген: жауап беруші Тұрғанияз Алланиязовтың үйінде болған кеңесте Құдайберген Бекбауұлы дегенді дарияның арғы бетіндегі басмашыларды ертіп келуге жұмсағанда, ол көнбей қалған.

Ал келесі күні Мамет Саид Қазбекеевті үгіттеумен болған. Ол, тіптен «басмашыларға барып келсең, ақша береміз», – дегенде көнбей қойды. Ақырында Құдайбергеннің өзі дарияның арғы бетіне барып, басмашыларды ертіп келуге келіскен (Сонда. 42 – 42-п.).

Байқауымызша, басмашылармен кездесуге жалғыз Құдайберген ғана бармаған. Оған дәлел ПП ОГПУ-дің өкілі Кубякиннің 1929 жылдың 10 қарашасында тұтқын Мұнауадаров Пахреддиннен алған жауабы. «4-5 қыркүйекте, – деді ол өзінің көрсетуінде, – Оразбай Сержанов маған Мәдірайым Камаловтың Әмударияның арғы бетіне басмашылармен кездесуге кеткенін айтты» (Сонда. 46-п.).

Иә, көріп отырмыз, жекелеген ауқатты адамдардың Қарақалпақстанда өріс ала бастаған Кеңес өкіметінің таяуда болуға тиісті жаппай күштеп кәмпескелеу және зорлап жер аудару саясатынан құтылудың жолын таппай, бастары қатып, көрші Түркімен жеріндегі басмашылық қозғалысқа соңғы үміттерін артқанын көреміз. Бірақ мұнда Кеңес үкіметіне қарсы саяси сипаттағы бүкіл Қарақалпақ жерін қамтитын контрреволюциялық ұйым құру, біздің ойымызша, ешкімнің ойына келмеген. Мақсат – Кеңес өкіметінің бұғаулау шараларынан қалайда бассауғалап қалу еді. Мұның жалғыз жолы – басмашылар күшімен халықты көтеруге келіп тірелгендігі.

Кейіннен Альшанский контрреволюциялық ұйымның «басшысы және идеологы» деп атаған Ұббы Ибрагимовтың 9 қарашада тергеуші Салимов қойған: «Көтеріліс сәтсіз аяқталған жағдайда Сіздер кімнің көмегіне сендіңіздер?» – деген сауалына қайтарған төмендегі жауабы: «...Біріншіден, біз сол кездің өзінде-ақ саны көп деп санаған басмашылардың тарапынан болатын көмекке сенім арттық десе, екіншіден, бізге басмашылар келе қалғандай болса, барлық халық тарапынан көмек аламыз деп дәмелендік. Біздің бұған иек артқан себебіміз, Жәлел-Мақсұм мен 30-дай адамға өте көп салық салғаны туралы мәлімет белгілі болды. Олардың әрқайсысына 400-500 сомнан салық салынған. Егер басмашылар келе қалғандай болса, осындай наразылық көрген халықтың бәрі бізге қосылады деп ойладық. Өйткені халық арасында, анығырақ айтсақ, әңгіме олардың 2-3 жылқысы мен 3-4 танап жерлері туралы және өздерін бәрібір батырақтармыз деп атайтындар туралы...» (Сонда. 49-п.).

Бұл – Ұббы Ибрагимовтың аузынан шыққан жауабы. Өйткені оның айтқандарының бәрі Қарақалпақстанда болған сол жылдардағы әлеуметтік-саяси ахуалды айна-қатесіз бейнелеп отыр. Яғни Ұббы Ибрагимов пен оның серіктері басмашылардың қалың қолы келіп кірген соң, өкімет салығынан әбден тұралаған наразы халық өз еріктерімен оларға қосылады, сөйтіп Кеңес өкіметінің ауқаттыларға қарсы бағытталған шаралары іске аспай қалады деп ойлаған.

Әрине, бұл Кеңес өкіметінің зор мүмкіндіктерін бағалай алмаған, қараңғылықтан және саяси сауатсыздықтан туындаған саясат еді. Тергеу материалдары көрсеткендей, Ұббы Ибрагимовтың және оның одан аз ғана пікірлестерінің Қарақалпақстанның басқа аудандарымен контрреволюциялық байланыстары да болмаған. Яғни ОГПУ-дің олардың тобын Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын қамтыған ірі контрреволюциялық ұйымның бөлімі деп көрсетулері жалған факті.

Бұған дәлел – жоғарыдағы тергеудегі, яғни тергеуші Салимовке Ұббы Ибрагимовтың берген төмендегі жауабы: «Сұрақ. Сіздердің басқа аудандармен, дәлірек айтсақ, Шейхабаздағылармен және т.б. байланыстарыңыз болды ма және кімдер арқылы, қандай мақсатпен? Жауап: Мен жеке өзім бұл аудандармен ешқандай байланыста болған емеспін. Егер байланыс ұстаса, Жәлел-Мақсұм мен Қадырқазы ұстауы мүмкін. Олар байланыс үшін басмашыларға және басқа аудандардағы адамдарға арнайы барды» (Сонда. 49-п.).

Жауаптан көрініп тұр, «контрреволюциялық ұйымның идеологы» өзінің деректерінің басмашылардан басқа бөтен аудандарда нақты кімдермен байланыста болғанын айтып бере алмайды. Өйткені, қайталап айтамыз, шын мәнінде, мұндай байланыстар тұрмақ, «контрреволюциялық ұйым» дегеннің өзі де өмірде болмаған. Сондықтан да бұған дәлел жоқ. Оны ОГПУ-дің қызметкерлері әдейі ойлап шығарған.

Ал енді басмашыларды шақырып келуге келсек, мұндай байланыс шынында да орын алған. Оның себебін жоғарыда айттық та. Біз басмашылардың Тақтәкөпірге қалай келгенін және одан қалай кетіп қалғанын, осыған куә болған Қалымбетов дегеннің тергеуде берген жауабымен түсіндіре аламыз: «26 қыркүйекте өткен жиналыста, – дейді ол, Андаткөл деген жерде 40-50 адам басмашылар жиналып, өз орталарынан хан сайлады. Жәлел-Мақсұм – хан, ал Барлықбай Нұрымов – нөкер басы болды. Осыдан соң бұл қарулы топ Тақтәкөпірге бет алған. Жақындап келген кезде үрей туғызайық деген

болар, тарс-түрс мылтық атқан. Ал енді қаладағы сәтсіз әрекеттен соң, кейін шегінген кездерінде басмашылар Барлықбайды және осы әңгімені айтып отырған Қалымбетовтің өзін, Жәлел-Мақсұмды өздерімен бірге ала кеткен. Атқа қамшы басып, қашып бара жатқан басмашыларға Қапқанатау тұсында Қалымбетов ілеспей қалып қойған және ізге түсіп қуалап келе жатқан қызыл әскерлердің қолына түскен» (Сонда. 39-20-п.).

ОГПУ-дің тергеуінде жауап бергендердің сөздері мынаны дәлелдей түседі: Тақтакөпірге келген басмашылардың мақсаттары – елді тонау, тіптен мемлекеттің астығын тартып алуда емес, халықтың Кеңес үкіметінің наразылығын пайдаланып, оларды көтеріліске көтеру, яғни өздерінің сиреп қалған қатарларын толықтыру, көбейте түсу болған. Бұл жерде басмашылардың қандайда бір болмасын жасырын контрреволюциялық ұйыммен байланыстарын нақтылайтын дәлел жоқ.

Солай бола тұрса да, осы мәселені тексеруге Мәскеуден келген БК(б)П Орталық Комитетінің арнайы тобы ондай ұйымдардың әрекет еткені және Кеңес өкіметіне қарсы қастандық ұйымдастырмақ болғандары рас деген қорытындыға келіп, ОГПУ құрастырған аңызды қорғап шықты.

Оны мына төменде біз келтіріп отырған ресми құжаттан анық байқай аламыз:

«Голощекинге!

өте құпия

Қарақалпақ БК(б)П ОК тобының жұмысы туралы,

15. XII. 29 жыл».

Аса елеулі мәселенің бірі – ГПУ-дің Шаббаз ауданындағы к.р. (контрреволюцияшылдық – Т.О.) топты тұтқындауы. Бұл топтың жекелеген қыстақтарда ұялары болды; өздерінің программаларын талқылау және Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске даярлану үшін жиналып жүрген. Ол Шымбайдағы жойылған к. р. ұйыммен байланысты болған...

...Дәл осы кезде Ақтөбе облысының Шалқар ауданында жүн даярлаудағы асыра сілтеулер және нанмен қамтамасыз етілмеу негізінде шыққан көтеріліс туралы Қазақстаннан хабар түсті. Көтерілгендердің Қарақалпақ жеріне бағыт алуы мүмкін екендігі туралы алдын ала ескертілген біздер, сонымен қатар Қошанов бандыларының ерекше жандана түскені және көшпелілер арасында к.р. жұмыс жүргізіп жатқан Қарақұм ишаны Илияс туралы мәліметтер алдық.

ГПУ тыңшыларының деректеріне қарағанда, Ілияс Адайлар арасында ерекше беделді тұлға болып табылады, к.р. үгіт жүргізуде және қыс түсісімен көтеріліске даярланбақшы. Адай көшпелілерінде көптеген қару-жарақ бар екенін және олардың арасында әлі Кеңес өкіметі жоқ екенін айта кеткен жөн.

...Дінбасылары тарапынан біздерге жауыққан белсенділіктің арта түсуі, бұл топтың идеологиялық ымырасыздығынан, феодалдық-капиталистік элементтерге қысымнан және дәлірек айтқанда, дінбасыларына салықтар салудан және салық салатын жерлерді сұрыптап алудан туындады.

ҚАО екі ауданында соңғы жылдары 22 мешіт – Хиуада, Хорезм округінде – 10 мешіт жабылды. Мұнымен қатар жеңіл салт атты комсомолдардың «Сұлтан-Бабаға» шабуылдауы (бұрынғы Хиуа оазисынан мыңдаған мұсылмандар ағылып келетін орын), шейхтерді мешіттен молаға қуалап шығару және мешіттегі жарты ай бейнесін атудың да көрініс беруі тәрізді бұзақылық әрекеттер орын алған. Сондай-ақ мешіттерді тұтқындар ұстайтын үйге, дәрет алатын және т.б. көргенсіздіктер жасайтын жерлерге айналдыру фактілері де орын алған. Осынау жабылған мешіттерден қыстақтарға тарап кеткен дінбасылары онда Кеңес өкіметіне қарсы, большевиктерге қарсы Ислам үшін қасиетті соғысқа шақырып, үгіт жүргізуде. Осы бұрмалауларды пайдаланып, Кеңес Одағына Қытайдың шабуыл жасағаны, барлық теміржолдарды басып алғаны, Англияның, Ауғанстанның шабуыл жасағаны, Жұнайт ханның келгені, үздіксіз көтерілістер, ашаршылық, нанның жоқтығы және т.б. арандатушы өсек-аянды таратуда. Оның үстіне бұл жұмыстар мюрдидтер арқылы және барлық сақталып қалған байланыстар арқылы жүргізілуде. Бұл байланыстар аса ауқымды және барлық Орта Азияны қамтиды. Мұның Англияның шетелдер арқылы ықпал етуіне ыңғайлы құрал екенін, олардың мұны пайдаланбай отырмағанын да ойлаған жөн.

Мұның бәрі дінбасылары және дін туралы мәселені, бәрінен көп шиеленіскен және бай-ишан элементтері көптеген бұқараны әлі де өз соңдарынан ертіп кете алатын мәселе ретінде бөліп көрсетуге біздерді мәжбүр етеді.

Рас, соңғы мәліметтер аса көрнекті басмашылардың бірі Шалтай батырдың Парсы еліне кеткенін айтады. Бірақ сонымен бірге Жұнайт ханның қайтып келгені туралы мәліметтер де күшейе түсуде.

Топ (Орталық Комитеттің тобы – *Т. О.*) 18 желтоқсанда Ташкентке шығады. Онан соң Алматыда болып, қаңтардың алғашқы күндерінде Мәскеуге оралмақ.

БК(б)П ОК-і тобының жетекшісі Гричманов» (17-т., 348-іс, 31-35-пп.).

Құжаттан көрініп тұрғандай, тіптен басқасын былай қойғанда, Мәскеудің өзінен келген лауазымды партиялық топ жергілікті халыққа, оның діни дәстүр-салтына жасалған қиянатты айқын мойындайды, сөйте тұра қандайда болмасын халық тарапынан орын алған наразы әрекетті контрреволюциялық бас көтеру, Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйымдар құру деп бағалайды.

Бүкіл одақ көлемінде ОГПУ-НКВД органдары ойлап шығарған мұндай контрреволюциялық ұйымдар аз емес. Бұрын өмір сүріп, әрекет еткендері мүлде дәлелденбеген, олардың кейбіреулерін біз қазір атап бере аламыз: «Сафаровтың, Золудкийдің және т.б. Ленинградтық контрреволюциялық Зиновьевтік тобы», «Грузиндердің троцкистік тыңшы зиянкестер орталығы», «Поляк жауынгерлік ұйымы», «Пантюркистік орталық», «Антисоветтік террористік диверсиялық сатқын социал Тұран партиясы», «Украинаның антисоветтік ұлттық орталығы», «Белорусь КП(б)-сындағы ұлтшыл оппортунистік уклон», «Антисоветтік ұйым Түркімен азаттығы», «Н.А.Скрыпниктің ұлтшыл-ауытқушылығы», «Қырым ұлтшылдарының ұйымы», «Милли-фирка», «Эйсмонттың, Толмачевтың және т.б. антипартиялық контрреволюциялық тобы», «Слепков және т.б. оңшылдардың антипартиялық контрреволюциялық тобы» («бухариндік мектеп»), «антисоветтік оңшыл троцкистік блок», «марксист-лениншілдер одағы...». Бұл тізімді осылайша жалғастыра беруге болар еді.

Ал енді жергілікті жерлерде біз әңгіме етіп отырған Тақтакөпір оқиғасымен және 1929 жылы болған көтерілістермен байланысты деп табылған кейбір контрреволюциялық ұйымдарды Голощекин басқарған БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті өзінің 1930 жылы 7 қаңтарда болып өткен жабық бюро мәжілісі қаулысында атап кеткен еді. Олар: «Темір тобы», «Сарыбаев, Қожахметов, Қошанов тобы», «Адай тобы», «Ақтөбе тобы», «Гурьев және Маңғышлақ тобы...» (17 т., 348-іс, 18-п.).

Иә, қолдан әдейі осындай «контрреволюциялық ұйымдарды» өздерінше «әшкерелеген» ОГПУ-дің басшыларына мынандай сұрақ қояр ма еді: егер Кеңес өкіметінің өзі әділетті, ал большевиктердің саясаты дұрыс болса, неге осыншама көп контрреволюциялық ұйым оған қарсы құрылды екен? Ұлы Қазан төңкерісінің 12 жылдығы бола тұра, Кеңес өкіметіне қарсы күрестің өрши түскені несі?

Қазір бұл аталған ұйымдардың өмірде болмағаны белгілі болып отыр. Наразы қазақ – ежелден-ақ ешқандай саяси ұйым құрмай-ақ, атқа қонған.

Қолдан «контрреволюциялық ұйымдар» жасап, жазықсыз жандарды азапқа салған, атқан, абақтыға қамаған Сталиннің және ол осы істе пайдаланған ОГПУ-НКВД органдарының халықтың алдында кешіруге болмайтын жантүршігерлік қылмыстары – бұл. Бұл іске Сталиннің өзі тікелей дем беріп отырғанын дәлелдейтін құжаттар қазір біздің қолымызда баршылық.

40

Сталиннің облыстық, өлкелік партия комитеттеріне, ішкі істер халкомдарына, олардың басқармаларының бастықтарына жолдаған телеграммасында төмендегідей жолдар бар (тура мағынасын беру үшін аудармадық):

«...Известно, что все буржуазные разведки применяют физическое воздействие в отношении представителей социалистического пролетариата и притом применяют его в самых безобразных формах. Спрашивается, почему социалистическая разведка должна быть более гуманна в отношении заядлых агентов буржуазии, заклятых врагов рабочего класса и колхозников. ЦК ВК(П)б считает, что метод физического воздействия должен обязательно применяться впредь, в виде исключения, в отношении явных и неразрушающихся врагов народа, как совершенно правильный и целесообразный метод».

Сталин мұны 1939 жылы 10 қаңтарда адамдарды жазықсыз азаптау өзінің шыңына жетіп, оларды тергеу кезінде күш қолданып, азаптау арқылы, өздеріне істемегенді істедім деп мойындату тәжірибесі әбден орныққан кезде жазып отыр. ОГПУ органдары мұндай әдістерді Сталин үйретпей-ақ, өздерінің партия тарапынан шын мәнінде бақылаусыз екендерін пайдаланып және өздерінің едәуір «іс тындырып» жатқандарын дәлелдеу үшін 20 жылдары-ақ қолданғаны белгілі. Күштеу, қинау әдістері, әсіресе бай-кулактарды тап ретінде жою, сондай-ақ 1929 – 1931 жылдары болған халық көтерілістеріне қатысушыларды жаппай жазалау науқандарында нақты сыннан өтіп, тәжірибе ретінде жинақталды.

Ал енді біз әңгіме етіп отырған Тақтакөпір оқиғасында да тұтқындарға осындай зорлау әдістері қолданылып, олардан жалған жауаптар «өндіріліп» алынған. Контрреволюциялық ұйым туралы аңыз осылай қолдан жасалынған. Бұл жерде ОГПУ-дің түпкі мақсаты – Жұнайт ханмен байланысы бар контрреволюциялық ұйымды

«әшкерелеу», сөйтіп өздерінің қыруар шаруа тындырып жатқанын көрсету ниеті айқын байқалып тұр.

Күдігімізді Альшанскийдің аталған бюро мәжілісінде сөйлеген сөзі дәлелдейді: «Біздің қолымызда бар тергеу материалдары, – деді Альшанский Шымбай к.р. ұйымының бірқатар ауылдарына кең таралған ұялары бар қуатты ұйым болғанын растайды. Сондай-ақ ұйымның жекелеген мүшелерінің шетелмен байланысын көрсететін тұстар да бар. Міне, сондықтан мен, жолдас Гричмановтың БК(б)П ОК-нің (ҚАО-дағы тобының жетекшісі – Т. О.) шетелмен байланыстарды анықтау ісі бізде өте нашар дегенімен келіспеймін. Шын мәнінде бұлай емес. Бұл оқиғалардың бәрі басталмастан бұрын-ақ, Орта Азияда да, Мәскеуде де, Гератта «газават» деп аталатын қасиетті соғысқа даярлық жүріп жатқаны белгілі болды. Бұл құжаттар Орта Азиялық ұйымдардың және орталықтың қолында болды. Міне, сондықтан да біздер мүлде ештеңе білмейміз деуге тіптен болмайды.

Операция барысында біз басшылардың тапсырмасымен шетелге (Мекке-Мединеге) барған және кейін қайтқан, сондай-ақ шетелдегі жағдай туралы хабардар еткен ұйым мүшелерінің бірін қолға түсірдік» (Сонда. 111-п.).

Альшанскийдің шетелге барған контрреволюциялық ұйым мүшесі ретінде Мекке-Мединеге қажылыққа барған адамды әдейі айтып отырғанын аңғару оқырманға қиынға түсе қоймас деп ойлаймыз.

Дегенмен, Қазақстан ШПОГПУ-дің бастығы Волленбергтің өзі қол қойған, жоғарыда айтылған құжатпен танысқанда, Альшанскийдің айтып отырған адамының кім екенін анықтай аламыз. Бұл – Исматуллаевтың өзі. Өйткені тергеу кезінде берген жауабында Ибатқожаев Нәби қожа деген былай деп көрсеткен: «Исматуллаев жиналыста былай деді: – Міне, енді менің Жұнайт ханда болғаным бір жарым ай болды. Ол маған исламды қорғау үшін көтеріліс ұйымдастыруды тапсырды. Біздер ұйымдастырған отряд Жұнайт ханның армиясына кіреді және соның бұйрығымен әрекет ететін болады. Керімберді Ахун қойған: Кеңес өкіметіне қарсы күресуге біздің күшіміз жетеді ме, – деген сұраққа Исматуллаев былай жауап берген. Жұнайт ханды Ауғанстан қолдайтын болады. Ол бізге хан болып келеді, ал біздер оны жақтаушыларды топтаймыз...» (Сонда. 4-п.).

Мұндай жауапқа қалай сенуге болады, тура ертегідегідей Қаралпақ Исматуллаев шетелдегі түркімен Жұнайт ханды қалай іздеп

тауып ала қойған? Сонда Кеңес өкіметіне қарсы ұзақ жыл соғысып, шетелге қашуға мәжбүр болған Жұнайт хан шынымен-ақ қарақалпақтардың күшімен хан болып қайта орала аламын деп ойлағаны ма? Ақылға сыймас қисынсыз сұрақтар. Сондықтан біздің ойымызша, бұл жауапты ОГПУ-дің өзі құрастырған, бірақ Керімберді Ахун айтты-мыс болып шыққан. Өйткені Исмадуллаевтың Ауғанстанда болғаны туралы бірде-бір ресми құжат жоқ.

Альшанский мұнымен ғана шектелмей, Өлкелік партия комитетінің жабық бюро мәжілісіне қатысып отырғандарды контрреволюциямен одан ары қорқыта түсті.

– Шымбай ұжымы, – деп жалғастырды ол одан ары өз сөзін, – жергілікті топ қана болып қойған жоқ, ол сонымен қатар Адаймен және Ақтөбедегілермен байланысты болды. Одан басқа Ташауызбен және Хорезммен байланысты болды. Осы жағдайлардан келіп, мен бұл істі жасау процесінде, егерде осы жылдың қыркүйегінің он сегізінен жиырма біріне дейінгі кезеңде негізінен ГПУ органдары орталық тобын жойып жібермегенде, аса үлкен іске айналып кетуі әбден мүмкін болған қозғалыстың кең қанат жая бастағаны байқалғанын атап көрсетер едім.

Мұнымен қатар біздер, ұйымның барлық көсемдері қолымызға түспегендіктен, дәлірек айтсақ, Жәлел-Мақсұм Исмадуллаев бұл істің басты бастаушысы және ұйымдастырушысы деп ойлаған едік. Енді анықталғандай, Жәлел-Мақсұм Исмадуллаев екінші қатардағы тұлға болып шықты. Өйткені мойындаған ұйым мүшелерінің бәрі қозғалыстың идеологтары және ұйымдастырушылары ағайынды Ұббы және Әжім Ибрагимовтар болғанын растайды. Оларды қыркүйектің он сегізінен жиырма біріне дейінгі операция кезінде біздер тұтқынға алдық.

ҚҚАО-ның оңтүстік аудандарында біздер тағы да, Шаабаз деп аталатын контрреволюциялық ұйымның көзін жойдық. Тергеу процесінде оның Шымбай контрреволюциялық ұйымымен байланысы анықталуда. Бірақ шаабаздықтар арасында өзбектердің аса үлкен процентінің болуы, тек қана қарақалпақтар ғана көтерілмек болды деген ойды теріске шығарады. Керісінше, енді анықталып отырғанындай, біз мұнда бай-ишан басшылығының, барлық ұлттық топтардың бірігуіне кездесіп отырмыз. Оның үстіне ҚҚАО-ның солтүстік аудандарында ұйымға қарақалпақтар қатынасқан болса, ал Шаабаздың, Бий-Базардың оңтүстік аудандарында түркмендер, өзбектер, қарақалпақтар қатысқан (Сонда. 112-п.).

Иә, Альшанскийдің ешбір нақты дәлелсіз, тек жауапқа тартылғандардың сөзін тілге тиек етіп (ал оларға ОГПУ-дің жасамағанды жасадың деп қысым жасап жалған фактілерді қалай мойындатқанын білеміз емес пе), күллі Қарақалпақстанды контрреволюционерлер ұйымына айналдырып жібергені еріксіз тандантады.

Сондықтан болар, басқаға қысым жасауға келгенде ОГПУ қызметкерлерінен бір кем түспейтін БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, мәжіліске қатысып отырған Құрамысовтың өзі де, тіптен осы тұста қамшы салдырмай жүйткіп тұрған Альшанскийдің сөзін бөліп: «Онда ештеңе де болған жоқ қой», – деп қалды.

Дегенмен, тоқтаусыз сөйлеп тұрған Альшанский Құрамысовтың кекесініне сол сәтте-ақ соққы беріп қалды: «Мен, жолдас Құрамысов, Адайға көшіп кеткен Шалқардың байлары туралы айтып тұрғаным жоқ. Мен біздер көзін жойған Шаабаздағы контрреволюциялық ұйым туралы айтып тұрмын», – деп қоқиланды.

Құрамысовпен ілінісіп қалған соң Альшанский өзінің негізгі тақырыптан – Тақтакөпірдегі толқудан ауытқып бара жатқанын жақсы түсінсе керек, енді әңгіменің бетін бұрды: «...Осы жылдың 27 қыркүйегінде болған Тақтакөпірдегі бас көтеру, – деп жалғастырды ол өзінің сөзін, – біздер тұтқынға алған орталық топ белгілеген бағдарламаны жүзеге асыратын контрреволюциялық ұйымның қалған бөлігінің әрекеті болып табылады. Тақтакөпір бас көтеруінің жекелеген қатысушылары ұйым мүшелерімен байланысты болған. Мен мынаны атап көрсеткім келеді: Тақтакөпір бас көтеруі – оқиғалардың жалпы тізбегіндегі буын ғана және Тақтакөпір оқиғасы туралы мәселедегі жарыссөзде біздер көзін жойған Шымбай контрреволюциялық ұйымы туралы ұмытпаған жөн.

Біз Тақтакөпірдегі оқиғаны көтеріліс демей, бас көтеру деп атап отырмыз, мұның себебі мынада: біздер жойып жіберген ұйым мүшелері ішінен Жәлел-Мақсұм Исматуллаев, Әбдікәрім Исматуллаев, Қадырқазы Дәулетназаров, Павланияз бай және тағы бірнеше адам тұтқындалған жоқ. Олар әрқашанда жасырынып жүрді және операциядан едәуір бұрын Дарияның сол жақ жағалауына жүзіп өтті. Тақтакөпірдегі бас көтеруден үш күн бұрын ұйымға қатысушылардың бұл тобы дарияның оңтүстік жағалауына жүзіп өтіп, Тақтакөпір ауданына келді және «Андаткөл» көлінде орнығып алып, кейіннен Тақтакөпірге шабуыл жасайтын банданы ұйымдастыруға кірісті. Жолдас Гричманов операция жеткіліксіз жүргізілгендіктен, кейбіреулер жан-жаққа қашып кетті деді, бірақ бұл дұрыс емес. Мен тағы

да қайталаймын, операциядан көп бұрын Шымбай ауданынан кетіп жасырынып жүрген мен осы топ туралы ғана айта аламын. Оларды операция кезінде іздеп табу мүлде мүмкін емес.

Ал Тақтакөпір ауданына келетін болсақ, біз онда ұйымның көрнекті мүшелерінің бірі Барлықбай Нұрымов дегенді тұтқындауымыз керек еді. Оған байланысты қиындық – біздің кінәмыздан болған жоқ. Шымбайдағы ГПУ қызметкерлері аз болды. Міне, сондықтан да ұйымды жойған кезде біздің қызметкерлеріміз Барлықбай Нұрымовты тұтқынға алуды Тақтакөпірде жүрген жолдас Әлиевке – облыстық әскери комиссарға тапсырды. Жолдас Әлиев бұл операцияны өзі өткізбей, орнына милиционерлерді жіберген. Олар болса Барлықбай Нұрымовты тұтқындамаған. Кейіннен оны бандиттер басмашылар отрядының командирі етіп сайлаған. Оның үстіне жолдас Әлиев біздің қызметкерлерімізге хат жазып, бұдан былай мұндай тапсырма бермеуді өтінген.

Менің мынаны атап көрсеткім келеді: Тақтакөпірдегі бас көтеру бірнеше сағат ішінде басып тасталды. Бұқараның қолдауына сүйене алмады. Алғашында банданың төңірегіне 300-ге жуық адам топтасты, бірақ кейін олар жан-жаққа бытырай қашып, бәрі дерлік қолға түсті.

Менің тағы бір аса маңызды мәселеге – дінбасылары туралы мәселеге тоқталғым келеді. Біздер жойып жіберген ұйымда дінбасылары басты жетекшілік істер атқарды. Бұл мәселе болса дінбасыларының контрреволюциялық ұйымдарға белсене кіру себептерінің мәнін білуге мәжбүр етеді.

ОК-нің (Орталық Комитеттің – *Т. О.*) нұсқауларына сәйкес, дұрыс жолға қойылған дінге қарсы насихат орнына мешіттерді жауып тастап, алып қою ісі етек алған. Мұндай құбылыс барлық жерде орын алған. Жекелеген аудандарда мешіттерді еуропалықтардың жапқаны жайлы нақтылы фактілер бар. Төрткөл ауданында үлкен мешіт клуб ретінде пайдалануға берілген. Оған аудандық партия комитетінің хатшысы жолдас Акчуриннің есімі берілген. Кейіннен діндарлар тобы аудандық партия комитетіне келген және мешітті жедел қайтарып беруді талап еткен, оның үстіне келіссөзді олар Акчуриннің өзімен жүргізген. Ол болса мешітті қайтарудан бас тартқан. Осы мәселеге байланысты ресми материалдарда мешіт діндарлардың толық келісімімен берілді» – деп көрсетілген (Сонда. 114-п.).

Бюро мәжілісінің стенограммасымен танысқанда Альшанский жайып салған ОГПУ «құпиялары» ешкімді де таңдандыра қойма-

ғанын байқаймыз. Тіптен, Альшанскийдің өзі сөзінің кейбір тұстарында «өгірікті шындай, шынды құдай ұрғандай» етіп айтып тұрғанын байқаған бюро мәжілісіне қатысып отырғандар да болды деп айтуға негіз бар. Алғаш әңгімені алыстан, коммунистердің дінге қарсы күресі туралы Альшанскийдің пікіріне байланысты өз ойын айтудан бастаған ол былай деді: «...Біздер тіптен Аллаға сенетін қатардағы коммунистердің де «мен мешітке қарсымын», – деп айтып жүргенін білдік емес пе. «Мен, – дейді олар, – Ленинге және Аллаға сенемін». Мұндай әрекеттер партия қатарын тазалау кезінде байқалды. Таптық саясат оларды біздің айналамызға біріктірді. Ал мешіттерді жабуды, дінге қарсы жүргізілген саясатты бізге қарай итермелейді.

...Осында сөйлеген жолдас Альшанский шекараның арғы бетіндегілердің ықпалы туралы құжаттар қолымызда бар десе де, менің ойымша, бұл құжаттар, біріншіден, соңғы уақыттардағы өзгерістер жемісі. Екіншіден, біздер бұл мәселенің ықпалы ұзақ уақыт сақталатынын білген жоқпыз. Рас, дәл көтеріліс көзінде ескердік» (Сонда. 115-п.).

Иә, сталиндік тұрғыдағы партия қызметкері болғандықтан Богданов, әрине, мешіттерді жеделдете жабуды мақұлдап-ақ отыр. Бірақ солай болса да ОГПУ-дің Қарақалпақ жеріндегі халық наразылығын қайдағы бір шетелдік ұйымдармен байланыстырмақ болған құйтырқы әрекетке барады. Әрине, мұндай пиғылдың Қазақстан ОГПУ-ы басшыларының барлық қулық-сұмдықтарын әшкере етуі әбден мүмкін еді. Альшанский бюро мәжілісі үстінде Богдановтың сөзін бөліп: «Бұл туралы мен қорытындыларымда осыдан екі ай бұрын айтқан едім», – деп, шыдай алмай дауыстап та жіберді.

Бірақ Богданов та тілін тартпады, қайта қадала түсті: «Бұл қорытындылар, – деді ол, – осы көтерілістен соң, болары болған осынау былықтан кейін ғана жасалды. Жолдас Гричманов бұл тұста мәселені былай қойып отыр: мұнда жұмыс жолға жақсы қойылуы керек немесе көтеріліс басталардан бұрын біз бәрін білуге тиіспіз» (Сонда. 116-п.).

Богдановтың да, Альшанскийдің де сөздері олардан бұрын, осы жабық бюро мәжілісінде сөйлеген БК(б)П-ның Қарақалпақ тобының басшысы Гричмановтың ОГПУ қызметіне байланысты пікірлерінен сабақтасып еді. Гричманов бұл мәселеде былай деген болатын. «Соңғы мәселе: осы іспен айналысатын органдарда, дәлірек айтсақ, ГПУ-де аталған оқиғалардың бәріне ықпал етудің түпкі се-

бептерін түп-тамырын неғұрлым жан-жақты зерттеуді және Хиуа оазисінің шетелмен байланысын тексеруді қолға алған жөн. Бұл бағыттағы біздің жұмыстарымыз түкке тұрғысыз, біз ештеңе де тындырған жоқпыз. Бір нәрсе анық, олардың шетелдермен байланысы нақты зерттелуі тиіс. Шиеленісе түскен тап күресі біздің органдарымыздың жұмыстарында сезілмейді» (Сонда. 103-п.).

Иә, Гричманов ОГПУ-дің жұмысын жаңаша жандандыра түсуді талап еткен.

ОГПУ жұмысы мұнан әрі сөйлейтіндер тарапынан тағы да өткір сынға ілініп кетер деп қауіптенді ме, жоқ әлде өзінің орынбасары Альшанскийді даудан арашалап алайын деді ме, кім білсін, келесі сөзді әйтеуір, Қазақстан ПГІ ОГПУ-інің бастығы Волленберг алды. Ол 1929 жылы Қазақстанды қамтыған үш көтеріліске жалпылама сипаттама бере келіп, Тақтакөпірдегі толқу және оның шетелмен байланыстылығы туралы мәселеде былай деді: «Тақтакөпір бас көтеруі туралы, әрі оған қатынасқандар қанша адам? Барлығы – 300. Бұл қалай? «Ғазават» ұранымен ұрандатқан бандылардың келуін күтпегендер сол сәтте-ақ босып кетті. Бұл бас көтеру тек біздердің ғана күштерімізбен тоқтатылды. Біздер Қарақалпақ жағдайында ештеңе де істей алмаған болар едік. Бұл бас көтеру кедейлердің белсенділігінің арқасында тізгінделді. Бостандықтағы және Қостанайдағы бас көтерулерде біздер таптық саясат жүргізбеген болсақ, мұндайға қол жеткізе алмас едік. Біз көлемді бұқаралық бас көтерулерге тап болар едік. ҚАО ишандарға және Өлкенің бірқатар аудандарында байларға, кулактарға және дінбасыларына байланысты жүргізілген операциялар, осының бәрі контрреволюциялық ұйымдардан бастау алып жатқанын айтқан жөн. Бірақ Қазақстан жағдайында олардың 150 ишанын және мюридтерін демеген ишандарының кім екенін біліп алдық.

Қазақстанда болып жатқан осы оқиғалардың бәрінің шет жақтағылардың қолымен басқарылып жатқаны күмәнсіз. Біздер ол жөнінде күннен-күнге мәліметтерді үстін-үстін, көптеп алудамыз. Біздер кеше контрреволюциялық ұйым басшысын шетелдіктермен байланыстыратын телеграмма алдық. Қиын жағдайларда жұмыс істеп жатқан біздерге қажетті қызметкерлердің жетіспейтінін де осы тұста көрсетпеуге болмайды...» (Сонда 118-п.).

Бюро мәжілісінде қорытынды, тоқ етер сөзін айтқан Гричманов ГПУ қызметіне тағы да бір тоқталып өтіп, Альшанский туралы былай деді: «...Менің айта кеткім келетіні мынау: оның (Альшанский – Т. О.)

барлық жақсы сапалық жақтарына қарамастан, қалай дегенмен де ол ГПУ қызметкері. Әрине, бұл жақсы қасиет, бірақ бұл саясат ылғи дұрыс жағынан көріне бермейді. Дәлірек айтсақ, біз аппарат жақсы ма немесе жаман ба деген мәселеде айтысып отырған жоқпыз, біздегі айтыс – тап күресінің күшеюіне байланысты алда тұрған үлкен міндеттерді шешуге ГПУ аппараты бейімделді ме деген мәселеге байланысты. Міне, мәселе осы туралы қойылды. Жолдас Альшанский мұны шатастыруға болмайды. Мұндай оқиғаларды біз алдын ала көре білетіндей халге қол жеткізуге тиіспіз. Нақтырақ мынаны айтар едім, осындай алдын ала көре білу жағы жергілікті жерлерде өте жетіспейді» (Сонда. 131-п.).

Сонымен жабық бюро мәжілісінің стенограммасынан көріп отырмыз, ГПУ-дің басшы қызметкерлері де, басқа партия қызметкерлерінің ешқайсылары да Қарақалпақ жерінде контрреволюциялық ұйымның жұмыс істегенін және оның әйгілі Жұнайт ханның өзімен тікелей байланыс жасағанын бұлтартпай дәлелдейтіндей нақты деректер келтіре алмайды. Тек Мәскеуден, Орталық Комитеттен келген лауазымды партиялық топ осындай контрреволюциялық ұйым Қарақалпақта жұмыс істеген деген қорытындыға келді.

Мәскеуге, Орталық Комитеттің секретариатына, Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Москвинге, көшірмелері Орджоникидзеге, Ворошиловқа, БК(б)П ОК Орта Азия бюросына, Қазақстан өлкелік комитетіне, ҚАО облыстық комитетіне жолданған осы партиялық топтың мәлімдеу хатында орталығы Шымбай қаласында болған контрреволюциялық ұйымның бағдарламасын көтеріліс қарсаңында (19-21 қыркүйектің ішінде) ГПУ органдарының қолға түсіргені контрреволюциялық ұйымның бәрінен бұрын Жұнайт хан тарапынан болатын әскери қолдауға үміт артқаны атап көрсетілді. Мұнда Жұнайт ханмен тікелей және тұрақты байланысты Жәлел-Мақсұм Исматуллаев жасағаны, ол мұның өзі Шымбай ауданындағы №3 ауылдың тұрғыны екені, ҚАО облыстық сотының бұрынғы төрағасы болып табылатыны және кейіннен оның Тақтәкәбірдегі бас көтеруді басқарғаны атап көрсетілген (Сонда. 50-п.).

– Сонда бұл ұйымның мақсаты не? – деген сұраққа осы ресми хатта нақты жауап берілген. Оған сенсек, Қарақалпақ контрреволюционерлері Кеңес өкіметін құлатуды мақсат етіп, ескі хандық басқару нормасын қайта орнықтырмақ болған. Көтерген ұрандары: «Еуропалықтарды және қазақтарды соғындар!», «Батырақтарды соғындар», «Ислам үшін!».

Байлар, әсіресе өздеріне опасыздық жасап, кеңес органдарына оларды әшкерелеп хат жазған батырақтарға аса мейірімсіз болғанын байқаймыз. Архив құжатында осындай арызқойлардың «ендігері жазбайтын боласың», – деп қолын шауып тастау, ештеңе айтпасын деп кедейдің тілін кесіп тастау орын алғаны туралы айтылды. Әрине, бұдан Қарақалпақ байлары түгелдей осындай тасжүрек болған екен деген қорытынды тумағаны жөн. Аталған фактілер жекелеген жағдайларда орын алған болар деп ойлаймыз.

Дегенмен де, ауылдық жерлерде байлар мен діндарлардың Кеңес өкіметінің жаңа тәртібіне қарсы ықпалынан шығармау және әлеуметтік әділетсіздік қарақалпақ жерінде Тақтакөпір оқиғасына дейін орын алып келген еді. Бұған жер суландыру жүйесін тазалау және жүргізу жұмыстары да мысал бола алар еді. Бұл жұмыстар еңбек етуге міндеттілік, қарақалпақ тілінде «қазу» деп аталды. «Қазуды» 1928 жылға дейін тек қана кедейлер және орташалар атқарып келді. «Қазу» жұмыстары, жұмыс күндерімен, яғни қарақалпақ тілімен айтқанда «белдермен» белгіленді. 1928 жылға дейін қара жұмыста еңбек ететіндердің сандарына қарай «белдер», яғни жұмыс күндері белгіленді. Байлар мен ишандарға «белдер» салынған жоқ, олар осы жұмыстарды басқарушылар және ұйымдастырушылар ретінде қара жұмыспен айналыса қоймады. Бірақ 1928 жылдан бастап ауқатты қожалықтарға қысым жасайтын, олардың табыстарын басшылыққа алатын жаңа принцип енгізілді.

«Сталиннің сеніміне ие болдым» деп асқақтаған Голощекин 1927 жылы-ақ, қазақ байларына ашық шабуылды бастардың қарсаңында Сталинге өз саясатын жан-жақты түсіндіріп, хат жазғаны белгілі. Бұл хаттың тексін де және оған қайтарған Сталиннің жауабын да Голощекин VI Бүкілқазақтық партия конференциясында (1927 жылдың 15-23 қарашасы) делегаттарға әдейі дауыстап оқып берген еді. Голощекиннің бұл хаты көлемді болғандықтан және 1928 жылы жарияланғандықтан, оны қайта келтіріп жатпай-ақ Сталиннің оған қайтарған жауабын ғана қысқаша, қаз-қалпында берелік: «Тов. Голощекин! Я думаю, что политика, намеченная в настоящей записке является в основном единственно правильной политикой. И. Сталин» [3].

Сталиннен осындай тірек тапқан және онымен тікелей хат жазысып, хабарласып отырған Голощекин Мәскеуден партияның ОК-нен келген комиссияны көзге ілсін бе.

Дегенмен, Голощекин қасарысып қарсы тұрса да, мәскеулік топтың мүшелері өздерінің Сталинге және біз жоғарыда аталған пар-

тия басшыларына жазған баяндау хатында кейбір шындықты айта да, дәлелдей де білді. Мысалы, жоғарыдағы Голощекиннің байлар мақта егудің орнына бидай егеді деген дауына қарсы мәскеулік топ мынаны ашып көрсетті: мақта егуге байланысты келісімшарт (контракция) бойынша, бидай тұқымын кедейлер мен орташалар қожалықтарына қарызға берілді. Ал қолдарында айтарлықтай көп жерлері бар байлар мен ишандар болса, бұл мүмкіндіктен айырылды. Сондықтан да үкіметтен астық та, қарыз-көмек те алмайтын саясатқа қарсы наразылық туғызған бай-кулактар оған қарсы үгіт жұмыстарын өршітіп бақты. Мысалы, Қожалматов Алламберген деген Шымбай ауданының №3 аулының байы 1929 жылы егістік жерінің көлемін 8 танапқа қысқартқан.

Сол ауылдағы тағы бір бай Абақ Төлеметов (Төлемісов болар – *Т. О.*) өткен жылмен салыстырғанда егін алқаптарын 25 танаптан 13 танапқа дейін қысқартқан.

Мақтаға небәрі 2 танап бөлгенде, ал қалған жерлерге астық дақылдарын еккен.

Ал енді жалпы осы №3 ауылдағы барлық 467 қожалықтардың 27-сі байлардың қожалықтары болды. Олар егістік көлемін 466 танаптан 420 танапқа дейін қысқартқан (17-т. 348-іс. 53-п.).

Ойлап қарасаңыз, байлар аштан өлмеу қамымен, мемлекеттен ешбір көмек болмасын сезіп, бидай егуге көп көңіл бөліп отыр деуге болар еді. Оның үстіне мақтаны көп еккеннен не пайда бар. Оны ішерге тамақ ете алмайсыз. Сондай-ақ мақтаны көп еккеніңізбен оны мемлекеттік міндет деген сылтаумен түк қалдырмай сыпырып алатыны тағы да бар. Бірақ жергілікті партия ұйымдары мұндай адамгершілік тұрғыдан талдау жүргізуге тіптен де құлықты болмады. Өйткені оларға байлардың жанын сақтау емес, керісінше, тап ретінде көзін жою саясатын жүргізу тапсырылған еді.

Егер байлар жоғарыдағыдай әрекетке тіршілік етіп, өмір сүру үшін барған болса, ал оларға жан бағатын ешбір мүмкіндік қалдырмауды көздеген жергілікті партия ұйымы енді бұрынғыдай байлардан мақта даярлауды емес, астық даярлауды мақсат етті. Бұл олардың ойынша байға және ишанға күйрете соққы беріп, олардың алыпсатарлықпен айналысуларына, кедейді қанап, тұқырта түсулеріне жол бермеулері тиіс болды (Сонда. 53-п.).

Ал енді мұның өзі, егер Голощекиннің айтқанына сенсек, мемлекеттің байлар мен ишандардан бәрібір көп астық жинап алуларына мүмкіндік бере қоймады. Экстенсивті егіншілік – құрғақшылық

жағдайында, суландыру жүйесі нашар танаптардан түсетін астық шамалы еді. Сондықтан да біздің байлар екен егін олардың өздерінің отбасыларының тұтынуынан да артыла қоймайтын. Яғни Голощекин атап көрсеткеніндей, байлар мен ишандардан 300-500 пұт ғана астық жиналуы әбден мүмкін нәрсе еді.

Көпе-көрінеу, қолдан жасалған зорлық-зомбылық ауқаттылар мен дінбасыларының заңды наразылығын туғызды. 1928 және 1929 жылдары ғана жергілікті партия және кеңес ұйымдарының қызметкерлеріне шолақ белсенділерге қарсы ауылдар мен қыстақтарда 30 басқыншылық актілер болды. Жергілікті партия ұйымдарының бұрмалаушылығымен асыра сілтеушілікке жол берілуі, төменгі партия және кеңес аппараты жұмысындағы кемшіліктер, халықтың ашу-ызасын туғызуының нақты көрінісі – Тақтакөпірдегі бас көтеруге себеп болғанын Мәскеуден келген партиялық топ мойындады. Бірақ олар мұның осы оқиғаға негізгі себеп болғанын мойындаудан қашқақтады. Бұл мәскеуліктерді бастап келген Гричмановтың Қазақ өлкелік партия комитетінің жоғарыда атап өтілген жабық бюро мәжілісінде сөйлеген сөзінен айқын байқалады: «...Екінші дұрыс емес көзқарас мынаған келіп тіреледі, – деген еді ол, – бірқатар жолдастар Тақтакөпірдегі бас көтерудің негізгі себебі практикадағы және саясаттағы бұрмалаулар мен бас көтерулер деп санайды. Бұл көзқарастың дұрыс болмайтын себебі, біріншіден, ол партияның басты бағытын дұрыс түсінбей бұрмалап тұр. Ол ҚАО жағдайында таптық бағытта жүргізілетін жұмыстарға күдік туғызады...

Үшіншіден, ол барлық қателік атаулыны, барлық бұрмалауларды теріске шығаратын көзқарас» (Сонда. 87-п.).

Қарақалпақ жерінде Азамат соғысы жылдарында амалсыз жүргізілген «соғыс коммунизмі» саясаты 1929 жылғы аштықта ашықтан-ашық тағы қолданылды. Жоғарғы органдар гричмандық топтың сөзін әрқашанда қуаттап, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болды. Тіптен, кедей мен орташаның өзі де басқару жұмысынан тысқары қалдырылды. Кедей-кепшіктерді партия ұясы мен ауылдық кеңестер көзге де ілмеді. Айта кеткен жөн, ҚАО-ның солтүстік аудандарындағы ауылдардың көпшілігінде бір жылға арнап жан басына 12 пұттан ғана астық берілетін тәртіп орнатылып, ал қалған артық астықтың бәрін елден тартып алып, ортақ қамбаға құйды. Тіпті, аулаларға тінту барысында табылған артық астықты сыпырып алып, оларды қаладағы астық өткізетін жерге алып баруды талап етті. Ақысын төлеп алатын астықты да дұрыс бөлмей келді. Мысалы,

Шымбай ауданының 13-аулындағы Бекзада Тұрсынова деген жесір әйелді асқабақтан жасалған ыдысқа жасырған салмағы 27 келідей жүгерісін 25 шақырым қашықтықтағы астық өткізетін пунктке жаяу арқалап баруға мәжбүр еткен. Емшектегі жас баласын кеудесіне қысқан әйел байғұс талап етілген астықты айтқан жеріне жеткізген. Ал № 1 және № 2 ауылдардан 250 пұт астық жинап алынған. Бұл астық қамбаға құйған кезде 250 емес, 266 пұт болып шыққан. Артық 16 пұт астықтың ақшасын диқандарға қайтармай, қабылдап алушылар өздері сіңіріп кеткен.

Сонымен қатар үйреншікті әдетке айналған жай мақташылар да өз өнімдерін тапсыру үшін, кәперәтивке осылай әкеліп сергелдеңге түсіп, жата-жастана 3-4 күн бойы сабылып кезек күтіп жүретін. Мұны көріп отырған жергілікті партия және кеңес органдары мақта өнімдерін тездетіп қабылдап алуды ұйымдастырудың орнына жұрттың уақытын босқа алып, елді сенделтіп қоятын.

Осындай қиыншылықтары бола тұра мақта егістігінің жалпы көлемі 1929 жылы 2-3 есеге дейін көбейтілді. Осыған сәйкес, әрине, мақта даярлау жоспары да өсті. 1929 жылы ҚАО бір миллион 800 мың пұт мақта даярлап, мемлекетке өткізуге міндеттенді. Мақта шаруашылығы мұнда экстенсивті негізде жүргізілді. Өйткені суландыру жүйелері әлі де игерілмей жатқан сала болатын. Оның үстіне бұрын малшаруашылығын кәсіп етпеген халық мақта өсірумен қалай айналысу керектігін де білмейтін.

Еңбекші халықты наразы ете түскен тағы бір мәселе – ауылшаруашылығы салығын салу мәселесінде әділетсіздіктің орын алуы еді. Мысалы, көтеріліс болған Тақтакөпір ауданында 1928 жылы 26 қожалыққа 9000 сомнан жеке салықтар салынса, ал 1929 жылы неге екені түсініксіз, 13-ақ қожалыққа 4500 сом көлемінде ғана салықтар салынған. Әрине, мұндай қожалықтар санының кенеттен екі есеге азаюы жоғарғы органдарда күдік туғызды да, мұны тексеру үшін арнайы комиссия шығарылды.

Комиссия аудандағы қожалықтарды тексере келе, мұнда салық төлеуге тиісті 63 ауқатты қожалық бар екенін анықтады. Дегенмен де комиссияның осы қорытындысын, аудандық партия комитеті тек Мәскеуден Коммунистік партияның ОК-нен келген Гричманов бастаған топтың қысымымен дұрыс деп табылды.

Шынында да, тамыр-таныстықпен немесе әртүрлі жолдармен жергілікті және аудандық деңгейдегі басшыларға пара беру арқылы кейбір ауқатты семьялар ебін тауып, салық төлеуден жалтарып кел-

ген деуге негіз бар. Мысалға, Барлықбай Нұрымовтың өзін алалық. Бұл құжаттар бойынша Тақтәкәпір наразылығын басқарған ауқатты қожалық иесі. Мұның рас-өтірігін анықтау қазір көп қиындық тудырып отыр. ОГПУ оны осындағы контрреволюциялық топтың басшысы деп те шығарды. Ал енді осы Нұрымов жалпы тізімде байлар қатарына жатқызыла тұрса да, үкіметке жылына 5-ақ сом салық төлеп келген.

Осындай көзге ұрып тұрған кемшіліктер кездескендіктен, Мәскеуден келген партиялық топ Қарақалпақ жерінде әлі де байлар қожалықтары толық айқындала және анықтала қоймаған деген жалған шешімге келді.

Оның үстіне шындығында да халық Коммунистік партияның күштеу жолымен жүргізіліп жатқан саясатын түсіне алмай дал болды. Халыққа мән-жайды жан-жақты түсіндірудің орнына, ауылдық кеңестер милицияның күшімен Коммунистік партияның нұсқауларын әкімшілік жолымен орындауға құлшына кірісті. Партия ұялары да жоғарыдан берілген жарлықтарға бас шұлғып, төменнен айтылған қандайда болмасын сын атаулыға күдікпен қарады. Коммунистер арасында өзара сын деген атымен болмады. Ауыл халқы коммунистер ұйымдастырмақ болған социалистік жарыс дегенді де ұға қойған жоқ.

Оның үстіне милицияның өзі де көзбояушылықтың ерекше үлгісін көрсетіп, байлардан тартылып алынған заттарды аукцион арқылы сатуды ұйымдастырды. Бірақ, шын мәнінде, ол дүние-мүлікті партия, кеңес қызметкерлерімен бірге милиционерлердің өздері түкке тұрмайтын арзан бағалармен сатып алысты. Бұған жекелеген нақты дәлелдерді келтіруге болады. Мысалы, Халхабад ауылында ишан Изишанқалының киіз үйі мүлде арзанға сатылды. Оның сол кездегі шын мәніндегі бағасы 600-700 сом ғана болған болса, оны аға милиционердің өзі-ақ ешкімді маңынан жүргізбей, небәрі 170-ақ сомға сатып алды. 150 сом тұратын кілем мен текеметті жергілікті партия ұясының хатшысы бар болғаны 50-ақ сом ақшаға сатып алды. Осынау әділетсіз сауданы базарға келген іске ешбір қатысы жоқ диқандар базар алаңында өз көздерімен көріп, өкімет пен партия адамдарының пиғылдары қандай екеніне куә болды.

Тақтәкәпір оқиғасы. Мәскеуден, ОК-тен арнаулы топтың келуі жергілікті кеңес аппаратын «әлеуметтік бөтен элементтер» деп аталатындардан тазалау науқанын бастап берді. Дәл осындай жаппай тазалау партия ұйымдарында да шұғыл жүргізілді. Нәтижесінде 300-ге тарта адам партиядан шығарылса, тағы да осыншама адам

кеңес аппаратынан жұмыстан қуылды. Бұлардың көбісіне байсың, ишансың, басмашсың немесе басмашылық қозғалыс басшысысың деген айыптар тағылды. Яғни бұл адамдардың көпшілігі өткендегі қателігі үшін айыпталды. Мысалы, Ады Жәлел-Мақсұм Исмагуллаев мешіт бағып, онда имам ұстаған. 1928 жылға дейін діни оқуды ұйымдастырған ишанның баласы болғаны үшін кінәлі болды. Әкесі дінбасы болғанымен, ол өзі 1920 жылдан БК(б)П Шымбай партия комитетінің қызметкері. Ал 1922 – 1923 жылдары ҚАО-ның облыстық сотының төрағасы ретінде жауапты қызметтер атқарған еді. Оны айыптау кезінде оған Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі және ұйымдастырушысы, түркімен басмашыларымен және Жұнайт ханмен байланыс орнатушы деген айыптар тағылды. Шындығы солай ма? Дегенмен де, біздің қолымызда осы айыптарды растайтын ешқандай да нақты құжат жоқ.

Немесе басқа бір адамды, Ерназаров Қожахметті мысалға аламыз. Ол Кегейлі ауданындағы 5-ауылдың байының баласы ретінде кінәланды. Ол 1919 – 1920 жылдардағы контрреволюциялық көтеріліске белсене қатысып, сонда жүзбасы болып, жасақ басқарды және шайқастарға қатысты деген кінә тағылды. Ол 1922 жылдан 1925 жылға дейін болыстық атқару комитетінің төрағасы қызметінде болған еді. 1925 жылы пара алды деген айыппен жауапқа тартылды. Тақтакөпір оқиғасынан кейін оған Кегейлі ауданындағы контрреволюциялық ұйымды басқарды деген айып тағылды.

Әрине, Азамат соғысы жылдарында біресе басмашылар, біресе қызылдар жағына шығып, көп толқығандар баршылық. Тіптен, Ресейдің өзінде бірталай әскери қолбасылардың алғаш ақтар армиясында болып, кейіннен қызылдар жағына өткені мәлім. Біздің ойымызша, бұл аумалы-төкпелі жылдар үшін адамды айыптау негізсіз еді. Кегейлі ауданындағы контрреволюциялық ұйым туралы мәселеге келсек, оның шынында да жұмыс істегенін бұлтартпай дәлелдейтін дерек қолда жоқ.

Ал енді байлар мен ишандардың Тақтакөпір бас көтеруіне белсене қатысуына ықпал жасаған факторлардың бірі – Кеңес өкіметі жүргізбек болып, белсенді даярланған жер-су реформасын олардың қаламауы деуге негіз бар. Бұл реформаның кедейлер мүддесіне жұмыс істейтіні даярлық шараларды жүргізу кезінде ашықтан-ашық айтылды да (Аталған архивте, 57-59-пп.).

Қарақалпақ жеріндегі байлар мен ишандардың осы жылдары қайтадан жандана бастаған Хиуа (Хорезм) өңіріндегі басмашылық

қозғалысқа бүйрегі бұрғанын теріске шығаруға болмас. Басмашылық қозғалыстың «дәстүрлі экономикалық және әлеуметтік құрылымды» сақтап қалуды мақсат еткенін өзімізді былай қойғанда, шетелдік М. Олкот тәрізді тарихшылар жазып кетті емес пе.

Бұл жағынан алып қарағанда, байлар мен ишандардың басмашылармен мақсаттас болғаны рас деп ойлаймыз.

Мәскеуден келген партиялық топ және ОГПУ қызметкерлері мұнымен қанағаттанбай, қолдарында ешқандай нақты дәлелдері болмаса да, Тақтәкөпірдегі оқиғамен Ходжикентте, Қостанай өңірінде болған көтерілістерге өзара саяси байланыс бар деп топшылады. Сондай-ақ Хиуа алқабындағы қайта жандана бастаған басмашылар қозғалысымен Сырдария округіндегі және Қырғызстандағы басмашылық әрекеттердің өзара байланыстары бар деп қисынсыз қорытындылар жасады (60-п.). Бұл басмашылардың ынтымақтаса әрекет еткендерін, бірінің-біріне көмек немесе қол ұшын бергенін ешбір ресми құжаттан кездестіре алмадық.

Біздің ойымызша, ОГПУ органдары жекелеген адамдарға үздіксіз қысым, зорлық жасау арқылы олардың Орта Азия мен Қазақстандағы наразылықтар мен басмашылық қозғалыстардың өзара байланыстарын мойындаған жалған жауаптар алып, соны негізгі дәлел етіп отыр.

Сондықтан да Сталинге және Голощекинге келіп түсіп жатқан олардың құжаттарында нақты дәлелдер келтірілмесе де, өздерінің жоғарыдағы пікірлерін растаушылық берік орын алды. Енді сондай құжаттың бірін ықшамдап келтірелік:

«Аса құпия

*БК(б)Л Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы
жолдас Голощекинге*

Филипп Исаевич!

Біздегі барлық материалдарды жөнелтіп отырмын...

1. Облыстағы (ҚАО – Т. О.) саяси жағдай туралы. «Басмашылық қозғалыс әлі жойылған жоқ. Тап күресінің өрши түсуіне және байлар мен ишандар элементтеріне шабуылдың басталуына байланысты контрреволюциялық күштердің ашық таптық бас көтерулері қайталануы мүмкін» (Обкомның 18/XI-29 ж. шешімінен үзінді). ...Мүмкін болатынын: 1) басшылары (басмашылық қозғалыстың – Т. О.) жасырынып жүр; 2) (ҚАО – Т.О.) Түркімен басмашыларының ұясы Қарақұммен көрші орналасқан; 3) біздегілердің Ташауыз және Хорезм округіндегі басмашылармен ғана емес, сонымен бірге

шегараның арғы бетіндегілермен де байланысы бар екені расталуда (бөліп көрсеткен біз – Т. О.).

2. Тақтакөпірдің (бас көтеруді айтып отыр – Т. О.) себептері тура-лы... 2/Х-дегі Өлкелік комитеттің шешімі дұрыс болып табылады...

Коммунистік сәлеммен П. Варламов 26 қараша 1929 жыл» (Сон-да. 17-т., 348-іс, 67-69-п.).

Иә, хатта әртүрлі округтердегі, тіптен шетелдегі басмашылар-мен байланыс тағы да расталады. Бірақ бірде-бір салихалық құжат немесе нақты дәлел жоқ, мұндай жалпылама берілген сипаттамаға қалай сенерсіз.

Тақтакөпірдегі бас көтеру жойылған соң, Жоғарғы кеңес және партия органдары төмендегідей шараларды жүзеге асыруға кірісті: коммунистерден топтасқан және Осоавиахим мүшелерінен жасақ-талған әскери отрядтар Тақтакөпірде көрші қалалар соғыс жағда-йында деп жарияланды. Базарлар жабылды. Басарашылықпен қалай күресу керек деген мәселе барлық партия және кеңес органдарында қызу талқыланып, шаралар белгіленді. Партия саясатын жүргізуде әртүрлі асыра сілтеулер мен бұрмалауларға жол бермеу қажеттілігі де айтылды.

Әскери жағынан шұғыл шаралар жүзеге асырыла бастады. Хиуа-да тұрған 84-атты әскер полкі осы маңға наразылыққа қатысқан салт аттыларды іздеп тауып, жойып жіберуге тапсырма алды. Оған кө-мекке Түркімен атты әскер бригадасының 2 эскадроны келіп жетті. Барлық әскери операцияларға басшылық жасау ісін бригада коман-дирі Мелкумов өзі қолына алды. Ал енді ГПУ органдарының жұмы-сына басшылық ету және оларды өзара үйлестіру ісі Қазақстан ПП ОГПУ-нің орынбасары Альшанскийге тапсырылды (Сонда. 61-п.).

БК(б)П ОК-нен келген топ та алғашқы күннен бастап әскерилер-мен, ГПУ органдарымен тізе қосып, белсенді жұмыс істеді. Олар Хиуа алқабының жалпы жағдайымен танысып, барлық ұйымдар-дың басмашыларға қарсы әрекеттерін үйлестіруге күш салды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін топ үшке бөлінді: жаңа Үргеніште, Ташауызда және Шымбайда ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Олар ауылдар мен қыстақтарда 28 қазаннан 20 қарашаға дейін бо-лып, барлығы ҚАО-ның 6 ауданын аралады, Хорезм округінің орта-лығында және Хиуа ауданында, сондай-ақ ішінара Ташауыз округінде болды. 10 ауылдық кеңестер мен 6 аудандық ұйымның басшы-лары тексерілді. Олар 15.000-нан астам диқандар еңбек етіп жатқан «қазу» жұмысымен танысты (Сонда. 65-п.).

Ал енді Тақтакөпірдегі оқиғадан Голощекин басқарған Қазақ өлкелік партия комитеті қандай тағылым алды дегенге тоқталайық.

Бұл мәселеге байланысты нақты қорытындылар Қазақ өлкелік партия комитетінің біз жоғарыда стенограммасында үзінділер келтірген, 1930 жылы 2 қаңтарда және 7 қаңтарда болған жабық бюро мәжілістерінде қабылданған қаулыларда жасалды. Соңғы қаулы «Қарақалпақиядағы Бостандық және Батпаққара аудандарындағы контрреволюциялық бас көтерулерге саяси бағаны бекіту» деп аталады.

56

Тақтакөпір оқиғасы осылай контрреволюциялық бас көтеру ретінде сипатталды. Қаулыда бұл оқиғаны контрреволюциялық ұйым құрғаны жөнінде ешқандай нақты дәлел болмаса да, қайдағы бір «Ауғанстанмен, Персиямен және солар арқылы ағылшындармен байланыстың» болғаны туралы аңыз ресми түрде мақұлданды.

Үкімет пен партияның күштеу саясатын өмірге енгізудегі асыра сілтеулер мен озбырлықтар туралы бұл қаулыда негізгі кінәні байлар мен ишандарға үйіп-төкті. Онда мынандай жолдар бар: «...бұны мынамен дәлелдейді. Қарақалпақтағы бас көтерудің негізгі басшылары 8 ишан, 18 бай (олардың ішінен 5 бұрынғы коммунистер және партиядан шығарылған партия, кеңес қызметкерлері) және тек орташалар (бұрын олар бай болғандар) ғана емес, бас көтеруге қатысқан негізгі кадрлардың бұрынғы басмашылар болуы, оларға қосылған халықтың барлық саны 200-ге жетуінің айғағы оларды көп халықтың қолдамағанын дәлелдейді» (348-іс, 186-п.).

Әрине, Тақтакөпір оқиғасына байлар мен дінбасыларының белсене қатысқанын ешкім теріске шығара қоймас. Ал енді олардың дүние-мүлкіне ғана емес, жеке бастарына, отбасыларына төнген қауіпті кім теріске шығара алады. Бұрынғы коммунистер мен Кеңес қызметкерлерінің наразылыққа қатысу себебінің сыры, міне осында жатыр деп ойлаймыз. Сондықтан ауқаттылардың өздерін-өздері қорғау мақсатымен сталиндік қатыгез тәртіпке қарсы наразылық білдіруін контрреволюциялық деп сипаттау түбірінен қате баға.

Айта кеткен жөн, үстем тапты жою ұранын ашықтан-ашық көтерген сталиншіл большевиктер бейбіт келісімдерді емес, күш қолдануды негізгі құрал етті. Бассауғалап, амалсыз атқа қонғандар ешкіммен де бейбіт келіссөздер жүргізбеді, ал большевиктер болса қан төгуден еш тартынған жоқ. Аталған қаулыдағы мына жолдар осының дәлелі: «Контрреволюциялық элементтердің деревнядағы, ауылдағы және қыстақтағы белсенділігін байқап және Қазақстан-

ның бүкіл территориясында бас көтерулер мүмкіндігін уақытында және жылдам жойып жібере алатын ешқандай қарулы күштердің жоқ екенін ескеріп, ОК-тің (Орталық Комитетінің – *Т. О.*) алдына Петропавлда, Ақтөбеде және Шымкентте қарулы күш ұйымдастыру туралы мәселе қою қажет» (Сонда. 188-п.).

Қаулыда сонымен қатар Қазақстанның округтік партия комитеттеріне әрбір ауданда коммунистік отрядтар деп аталатын қарулы отрядтар құру туралы да ұсыныс жасады. Бір сөзбен айтқанда, Тақтакөпірден бастап, барлық жер-жерлерде 1929 – 1931 жылдары болған ұлттық дамуды, діни нанымды, мал-мүлкін жеке басы мен отбасын зорлық-зомбылықтан, тонаудан және жойып жіберуден қорғау үшін амалсыз бас көтерген адамдар наразылықтарына үкімет әскерді қарсы қойды.

Бұл Сталин, Голощекин тәрізді большевиктер басқарған қатал тәртіптің шын мәнінде кінәсіз халықты аштықтың ашық апанына дүркірете қуған сәті еді.

Демек, мұның нақты бастау алған жері – Тақтакөпір оқиғасы болды. Иә, бәрі де Тақтакөпірден басталды.

БОСТАНДЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Бостандық ол жылдары Қазақстанның Сырдария округінің ең шеткері және ең нашар кеңестендірілген ауданы еді. Ол үш республиканың – Қазақстанның, Өзбекстанның және Қырғызстанның түйісетін тұсында орналасқан болатын. Ауданның кеңестік тәртіптерді қабылдауға онша құлықты болмауының бір себебі – бұл төңіректе 1924 жылға дейін басмашылар үстемдік етіп келген, халық солардың тәртібімен өмір сүрген еді.

1919 жылы Ташкенттен ығыстырылып шығарылған Осипов дегеннің ақ гвардияшыл отрядтарының да осында бассауғалағаны, қолдау тапқаны және бар.

Ауданның ұлттық құрамы да аса күрделі еді. Мұнда 5 түрлі ұлттың өкілдері мекендейтін (Сонда. 17-т. 348-іс. 75-п.). Наразылық қарсаңында, яғни 1929 жылы олардың жалпы саны 43 401 адам болса, соның ішінде өзбектер – 22 471, қазақтар – 11 635, тәжіктер – 7 878, қырғыздар – 1 177 және т.б. еді. Дегенмен, осындай ұлттық құрамдарының әртүрлілігіне қарамастан, аудандағы негізгі ұлттар өзбектер мен қазақтар өзара тату тұрды. Өзара келіспеушілік, ұлт-

тық араздасу негізінен басшы орындардағы қызметкерлер арасында ғана орын алды.

Дегенмен, аудандағы өзбектердің көпшілігінің Өзбекстанға қалайда кетуге бел байлап, бой көрсеткендері де болды.

Сталиндік күштеу қашанда болсын тоқтаған емес. Астық даярлау, әртүрлі салықтар салу, паранжыға қарсы күрес науқандарындағы жүгенсіздіктер елдің жүйкесін жұқарта түсті. Астық дайындаудың шамадан тыс көп жоспарлануы ауданның Піскем, Нанай, Ұзын тәрізді қыстақтарында айқын байқалды. Бейберекет жоспарлаудың салдары 300-дей қыстақ тұрғынының 90 шақырым қашықтықтағы аудан орталығына келіп, аудандық партия комитетінің жоспарды қайта қарауын өтінді. Бірақ аудан басшылары жағдайға түсінушілікпен қараудың орнына халыққа қокан-лоқы көрсетіп, оларды қорқытты.

Халықтың алдына шығып сөйлеген аудандық партия комитетінің хатшысы Үсеновтың сөзі осының айқын көрінісі: «...Табанда қыстақтарына тараңдар, – деді ол, – және мемлекетке астық өткізуді кідіртуші болмаңдар, кімде-кім тапсырмаса, оған аяушылық болмайды».

Ал енді жергілікті жерлерді аралап, астық даярлауды қамтамасыз етуге күш салған кейбір аудандық уәкілдер халықты қорқыту, оған қыр көрсетіп, оларды өздерінің айтқандарына көндіру әдістерін өздерінің жұмыстарында басты әдіске айналдырды. Мысалы, осы мәселеге байланысты Шымған ауылында болған аудандық атқару комитетінің хатшысы Арыстанбеков: «Кімде-кім контрактация (шарт – *T. O.*) бойынша келісімге қол қоймайтын болса, ол Кеңес өкіметінің қас жауы», «келісімге қол қоймағандарға кәперәтивтен тауарлар босатылмайды», – деп көпе-көрінеу, ешбір заңға сүйенбестен, «бүйректен сирақ шығарып» дегендей, өз бетінше жаңа тәртіп орнататын сыңай танытты. Осыдан соң, тауар атаулыдан қағылады екенбіз ғой, артын елмен бірге көре жатармыз, – деген тәуекелмен ауыл диқандары келісімшартқа жапа-тармағай түгел жазылды. Ал енді күзге қарай келісімшарт бойынша белгіленген астықты төлеу қажет болған кезде, байғұс диқандар шамадан тыс мөлшерді төлей алмай, жаппай малдарын сатты.

Ұзын қыстағында болған уәкіл Тұсматов диқандарға контрактацияға неліктен қол қою қажет екенін түсіндіріп те жатпастан, олармен Ташбулат Дадабаевты төмендегідей себептермен өлтіруді талап етті: 1) Дадабаев менің 2 өгізімді алып қойды және 52 сом ақшамды

сіңіріп кетті; 2) Байларды көп салықпен тұралатты, оның үстіне мұны бірдей етіп жасамай, біреулерге аз салса, ал екінші біреулерге көп салды; 3) Байлар мен орташаларға және өзіне ұнамаған жекелеген кедейлерге де көп мөлшерде бидай салығын салды. Оның үстіне Дадабаев Кеңес өкіметіне қарсы адам, біздердің көпшілігімізге тізесі багты» (Сонда. 17-т., 348-іс, 11-п.).

Әрине, наразылардың ескі әдетпен өздерінің жиналыстарында өкіметтің жергілікті өкілін саналы түрде өлім жазасына кесуін мақұлдауға болмас. Бұл – заңсыздық. Бірақ мынаны ескерген жөн: наразыларда «шаш ал десе, бас алатын» шолақ белсенді Дадабаевтан құтыла қоятындай басқа жол жоқ еді. Кеңес өкіметі ол жылдары астық даярлау жоспарын артығымен орындаған өздерінің жергілікті өкілдерін қызу қолдады емес пе. Ал Дадабаев болса – осындайлардың бірі еді.

Астық даярлауға байланысты ауданнан келген уәкіл Мұхитдинов деген Дадабаевты ашулы халықтың қалай өлтіргенін кейіннен былай еске алды: «27 қыркүйекте (құжатта қазан деп қате кеткен – Т. О.) Піскем аулында көшеде адамдар тобы жинала бастады және өзара бірдене десіп сөйлесіп тұрды. Сол күні кешкі сағат 8.00-де мен орналасқан Піскем аулының ауылдық Кеңес төрағасы Дадабаев Ташбулаттың үйіне шулаған топ көшеден баса-көктеп кірді де, мені және Дадабаевты таяқпен ұрып-соға бастады...» (Бұл да сонда. 16-п.).

Кейіннен тергеушілер жауап алған осы оқиғаға қатысушылардың айтқандарын тыңдасақ, халықтың ашу-ызасының түп-төркінін түсінгендей боламыз. Мысалы, Сұлтанов Манзур былай дейді: «...маған 350 сомды және 50 пұт бидайды салық етіп салды. Өзімнің барлық малымды сатқанның өзінде мен мұндай ақшаны таба алмай-тыныма қарамастан осылай болды» (Сонда. 11-п.).

«Халықта мұндай наразылық қайдан пайда болды?» – деген сауалға өзінің жазбаша қайтарған жауабында Бричмолла селосының тұрғыны П.В.Савчук мынандай үш нәрсені атап көрсетті: «1) астық даярлау; 2) ауқаттыларға жеке салықтар салу; 3) мешіттерді тартып алу.

Бұл айтылғандардың шындық екеніне күдіктенуге негіз жоқ. Еңбекақы салығында көптеген түсінбеушіліктер болды, – деп жалғастырады ол өз сөзін, – мысалы, Піскемде, Нанай қыстағында 1 тауықтан және балапаннан өзге ештеңесі жоқ, тек басқаның малын бағатын бақташыдан 13 сомға дейін салық алынады. Оның есімі – Расулмат. 20 бас мүйізді ірі қарасы мен тұсақ малы, 2 жұп өгізі бар

адамнан 8 сом ғана салық алу – әділетсіздік. Оның есімі – Ширғозы. Ал ауқатты қожалығы бар кәдімгі кулак Мансұр салық төлеу қағазын мүлде алмаған. (Бұл да сонда. 17-т., 348-іс, 14-п.). Тіптен, егін екпейтін кедейлерге де салық салынған жағдайлар кездесті. Мысалы, Ходжикентте осындай салық ұсталықты кәсіп ететін шеберге, ал Бричмоллада қасапшыға салынды» (Сонда. 7-п.).

Жергілікті үкімет органдары салық мөлшерін белгілерде ауданның экономикалық жайын ескерулері қажет еді. Бірақ іс жүзінде мәселе олай болмай шықты. Мұның себебі егіншілікпен қатар мақта да өсірілетін. 451 тұрғыны бар Ходжикентте өзбектер тұратын. Егістік жер көлемі 1564, яғни астық, жем-шөп тепе-теңдігі бойынша түсетін тауарлары астық 36 896 пұт болуы тиіс деп есептелетін.

Аудандағы кейбір қыстақтардың астық жем-шөп тепе-теңдігіне келсек, ол төмендегідей:

(Аталған архивте, 6-п.)

	Аулалар саны	Жан басы саны	Егістік алқабы	Товарлы түсімі (пұт)	Тапшылық (пұт)
Шымған	51	284	108	588	–
Бричмолла	564	3104	818	3682	–
Богустан	412	2137	847	12 924	–
Нанай	269	1375	292	–	2485
Ұзын	341	1335	382	–	1570
Піскем	154	918	216	–	2079
Жаңа Қырғыз	163	808	282	–	1144

1929 жылы елді мекендердің егіс алқаптары бола тұра қажетті өнімді өндіре алмай, тауарлы астық түсімінде едәуір жетіспеушіліктерге орын берілді. Яғни аудан астық даярлау жоспарын орындай алмай қалатын болғандықтан, тұрғын халықтарға және жеке ауқаттылар қожалықтарына салынатын астық даярлау салығы өсе түсті.

Кеңес өкіметінің халық арасындағы беделінің осылай жойылып бітуі елді ашық бас көтеруге итермеледі.

Егер Қазақстан ІІІ ОГПУ-нің бастығы Волленберг және т.б. қол қойған ресми құжаттарға қарасақ, Бостандық ауданындағы халық наразылығын Піскемде 1929 жылдың тамыз айында құрылған контрреволюциялық жасырын ұйым ұйымдастырған болып шығады. «Піскем қыстағында, – деп жазылған, – онда осы жылдың тамыз айында байлар тобы к-р (контрреволюциялық – *Т. О.*) ұйым құрып үлгерді. Оның кеңестерінде Кеңес өкіметіне қарсы қасиетті соғыс жариялау қажеттігі туралы мәселе қойылды.

Байлардың Піскемдегі контрреволюциялық ұйымы басқа да қыстақтармен және ауылдармен байланыс орнатты, кейіннен бас көтерудің басшылары болған өздерінің адамдарын сонда орналастырды. Байлардың контрреволюциялық ұйымы өзінің ықпалын Бостандық ауданында таратумен қатар, өзінің жергілікті күштеріне ғана сеніп қоймай, Бостандық ауданымен қойындасып жатқан шатқал алқабындағы, Қырғызияда жүрген белгілі басмашы Истамбекпен байланыс орнату туралы шешім қабылдады» (Аталған архивте. 7-п.).

Иә, ОГПУ ескі әдетіне басып, әңгімені тағы да контрреволюциялық ұйым дегеннен бастайды. Осы оқиғадан сәл ғана бұрын, көктемде ОГПУ «Сайрам ісі» дегенді «әшкерелеп», Сайрам ауданының дінбасылары мен байлары Ташкентте жасырын бас қосып, контрреволюциялық ұйым құрды деп шығарған болатын (Сонда. 75-п.). Бұл ОГПУ-дің сол жылдардағы жұмыс әдісі болғаны белгілі. Ашығын айту керек, Піскем тұрғындарының да жиналып, жоғарыда біз айтқандай зорлық-зомбылыққа қарсы наразылық білдіргенінен және Дадабаевты заңсыз өлтіру туралы шешім қабылдағаннан басқа олардың қандайда бір болмасын астыртын контрреволюциялық ұйым құрғандары туралы бұлтартпас мәліметтер жоқ.

Солай бола тұрса да, Бостандықтағы оқиға бойынша Мәскеуден, БК(б)П Орталық Комитетінен келген беделді топта ОГПУ-дің айтқандарына ілесіп, «контрреволюциялық бас көтеру алдын ала ойластырылған жоспар бойынша ұйымдастырылған болатын: 1) Ұйымдастырылған кеңесте бас көтерудің күні (27 қыркүйек) белгіленді; 2) Піскем ауыл кеңесінің төрағасын өлтіру туралы қаулы шығарылды; 3) Аудан орталығына аттану және оны басып алу көзделді; 4) Истамбекпен (Бостандық ауданынан онша қашық емес Шатқал алқабында орналасқан құрбашы) байланыс орнату және т.б. шараларды жүзеге асыру көзделді» (Аталған архивте. 82-п.), – деп атап көрсетті. Иванов деген қол қойған осы бір үзінді келтіріп отырған құжатта бас көтеру алдын ала жан-жақты ойластырылған деген пікір көзге ұрып-ақ тұр. Бірақ мұндай көзқарасты біз жоғарыда атап кеткен осы бас көтеруге белсене қатысқандардың бірі Акупов теріске шығарып: «Біздер Піскемнен шыққанда ғана Кеңес өкіметіне қарсы тұруға бекіндік», – дейді емес пе? Сондай-ақ, Бостандықтағы бас көтерудің барысына біздер жүргізген талдауда: «Бұл наразылық белгілі бір контрреволюциялық ұйымның басшылығымен, ұйымшылдықпен жоспарлы түрде өрістеген еді», – деген пікірді теріске шығарады.

Дегенмен, жоғарыда мәскеуліктер атап көрсеткен нақты фактілердің орын алғаны да рас. Бірақ бас көтеру 29 қыркүйекте болды (Голощекиннің Сталинге хатында осы күн көрсетілген) (Бұл да сонда. 1-т., 2948-іс, 108-п.). Жоғарыда айтып кеттік, ауыл кеңесінің төрағасы Дадабаевтың өлтірілгені де ақиқат. Сондай-ақ бас көтеруге қатысушылардың есімі жоғарыда аталған басмашымен байланыс жасағанын да теріске шығаруға болмайды. Бірақ осыдан мынандай да сұрақ туындайды: өздерінің қарусыздығын, күштерінің әлсіздігін және өздерінің қорғансыздығын айқын сезінген наразылыққа қатысушыларды өздеріне жақын маңдағы шатқалда жүрген Кеңес өкіметіне қарсы басмашылармен неге байланыс орнаттың деп кінәлау жөн бола қояр ма екен. Олардың орнында кім болса да мұндай мүмкіндікті пайдаланар еді. ОГПУ-дің мәліметіне қарасақ, тамыздың 20-ларында Піскемдегі көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі Тәліб Мұсабаев Шатқал алқабындағы Истамбекке келіссөз жүргізу үшін барған. Бұл туралы кейіннен тергеуде жауап берген Юсуп Мұсабаев былай деген еді: «...екі өкілді – Тәліб Мұсабаевты және Өскен Майлыбаевты бөліп, оларға Шатқалға, Истамбекке барып және осында басмашыларды (олардың) басшыларын ертіп келуді тапсырдық. Сонда ғана біз барлық халықты Кеңес өкіметіне қарсы көтере алар едік. Бұл даярлық екі ай жүргізілді. Селолық кеңестің төрағасы Ташбулат Дадабаев бұл туралы білген бетте байларды өзіне кеңеске шақырды және сендердің қаулыларың дұрыс емес, өз үлестеріңді өздерің орындауларың керек деп оларға ескертті. Осыдан соң ол аудандық партия комитетіне және аудандық атқару комитетіне мәлімдеп, көтеріліс басталып кетуі мүмкін болғандықтан шаралар қолдануды өтінді» (Сонда. 14-п.).

Иә, «даярлық екі ай жүргізілді» дей тұрса да, Юсуп Мұсабаев қандайда бір болмасын контрреволюциялық ұйым туралы ештеңе айтпайды. Бұл жерде біздің ойымызша, басмашыларда болып келгеннен кейін Піскемде Тәліб Мұсабаев өткізген кеңес әңгіме болып отыр. ОГПУ деректері бойынша, бұл жиналыс қыркүйектің алғашқы күндерінде болған және онда көтерілісті 27 қыркүйекте бастау туралы шешім қабылданған. «...Көтерілістің басталатын күні туралы, – деп көрсетілген осы ОГПУ құжатында, – сенімді адамдар арқылы басқа ауылдар мен қыстақтардың байларына да айтылды. Оған қосымша Бричмолланың молдасы Оразға және селолық кеңестің төрағасы Гафаровқа Истамбекпен байланысу және оны ел арасында мұсылмандар мүддесі үшін күрескер етіп әйгілей түсу ұсынылды» (Бұл да сонда. 7-п.).

Ал енді Гафаров болса, өзінің басмашылармен байланысқанын теріске шығармайды. Кейіннен тергеу көзінде ол былай деген еді: «...Тағам даяр болғаннан кейін, құрбашы Тәліб Мұсабаев және басқалар мені сұраққа алды, қай жерде қару бар екенін айтуды өтінді. Мен мұны білмейтіндігімді айттым. «Кәперәтивте не бар?». Мен: «тұздан басқа ештеңе де жоқ», – дедім. «Ақша бар жер қайда?». Мен мұнда ондай жердің жоқ екенін айттым. Онан соң қырғыз құрбашы маған былай деді: кеңестер не істеп жатыр, адамдарды тонауда, нанды тартып алуда» (Сонда. 11-п.).

Гафаров бұл жерде қырғыз құрбашы деп, әрине, Истамбекті айтып отыр. Осы шағын әңгімеден-ақ Шатқал алқабындағы басмашылардың бәрінің де қаруға мұқтаж екендерін және Кеңес өкіметінің күштеу, зорлық-зомбылық саясатына наразы екенін айқын байқауға болар еді.

Біздің қолымызда Истамбектің өзінің кім екендігі туралы нақты мәлімет әзірге жоқ. Бірақ оның төңірегіне топталғандардың онша көп болмағаны белгілі. Олардың кейбір іс-әрекеттері туралы кейіннен тергеу кезінде жауап берген Ашерматов дегеннің айтқандарында әңгімеленген: «Үстіміздегі 1929 жылы, – дейді ол, – басмашылар Қырғыз АССР-індегі Ақсу деген жерден шықты. Құрбашы Исламбек (мұнда Истамбек емес Исламбек деп көрсетілген – *Т. О.*) әкесінің аты белгісіз, аталған жерде 15 адамнан тұратын топ құрды. Оған Айғыр елді мекеніндегі құрбашы Әлібай жинаған 10-15 адамнан тұратын баскесер қосылып, Шатқалға бірнеше рет шапқыншылық жасалды. Шапқыншылық тіпті Ташкент бағытына қарай ойысты, олар жолшыбай Бричмолла қыстағының құл-талқанын шығарды. Қандыбалақ құзғындар жергілікті халықты тепкісіне алып, қорқытып-үркіту арқылы қатарларын 100 қаралы адамдарға жеткізді. Сөйтіп, 3 адамнан тұратын өз өкілдерін Піскем қыстағында тұратын құрбашы Тәліб Мұсабаевқа жіберді. Өкілдер – қырғыздар Кенжебай, Нары және үшіншісінің аты-жөні белгісіз еді. Олар шамамен 15-16 күн бұрын, таңертең жұма күні келіп жетті. Олар келісімен Тәліб Мұсабаев та өзінің баскесерлерін топтай бастады» (Бұл да сонда. 12- п.).

Халықты Кеңес өкіметіне қарсы айдап салуда басмашылар барлық күш-жігерлерін жұмсады. Бірақ біз басмашыларды айыптаудан бұрын мынаған жауап беруіміз керек шығар: 20 жылдардың алғашқы жартысында Кеңес өкіметінің күшімен жойылып кеткен басмашылық қозғалыс – күштеп ұжымдастыру тұсында өрттей қаулай

бастады. Ал жергілікті халық болса соқыр сенімге ілесіп, басмашыларға іш тарта қарады. Біздің ойымызша, осы жылдардағы Кеңес өкіметінің және Коммунистік партияның қате, күштеу саясатының басмашылық қозғалысты қайта тудыруы, жандандыруы әбден заңды және табиғи еді. Қорқыту мен қысым жасауды бірінші орынға қойған кез келген саясаттың халықтың ашу-ызасын, наразылығын тудыратынын Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азиядағы басмашылық қозғалыс тағы да дәлелдеп берді.

Архивтегі құжаттарға қарасақ, Бостандық жеріне басмашылардың келгенін аудан басшылары түгел естіген. Ал енді олардың осы кезде өздерін қалай ұстағанына келер болсақ, жоғарыда біз атап кеткен, Мәскеуден осы мәселеге байланысты келген беделді партиялық топ бұл туралы төмендегідей қорытындылар жасайды: «...көтеріліске даярлық және басмашылардың келгендері туралы аудан халқы және жетекші кадрлар түгел білді. Мәселе әлденеше рет аудандық комитетте талқыланды. Бірақ бұқараны кулактарға және олардың үгіттеріне қарсы қоюда аудандық комитетте, аудандық атқару комитеті де ешқандай да батыл шешімдер қолданған жоқ. Қалыптасқан жағдайлар туралы округтік комитет бірнеше рет хабардар етілсе де, мұның алдын алуда ешқандай да шаралар көрілмеді.

ОГПУ-дің округтік бөлімі арқылы Қазақстан ПП ОГПУ-і да хабардар етілді... тек 26 қыркүйекте ғана округтік комитетке аудандағы жағдайды жеке мәлімдеу үшін бір жолдас арнайы жіберілді. Бірақ бәрібір кеш еді. 27 қыркүйекте оқиға өрістеп кетті» (Сонда. 82-83-пп.).

Иә, жоғарғы органдардың жергілікті жерлердегі саққұлақ тыңшылары мен шолақ белсенділері көтеріліс болуы мүмкін екендігін алдын ала біліп, оны өздерінің «қожайындарына» тіптен хабарлап та үлгерген екен. Біздің ойымызша, жергілікті жердегілер бұлайша жоғарыға жанталаса хабарлар жеткізіп, олардан қажетті шаралар қолдануды жан ұшыра өтінгенше, өздері қол үзіп қалған халықпен түсінісуге, тіл табысуға тырысулары керек еді. Оларды бай-кедейге бөлмей және оларға қарсы күш қолданатындарын айтып, ашық қыр көрсетпей, керісінше ащы да болса шындыққа жанын салып, ел көтерілген жағдайда үлкен қанды қырғын орын алуы мүмкін екенін, Кеңес үкіметінің әміршіл-әкімшіл жүйесінің құрығының тым ұзын екенін жанашырлықпен түсіндіру керек еді. Ал жоғарғы органдардан халық наразылығын басатын әскери көмек емес, керісінше, халықтың ашу-ызасын сабасына түсіретін бейбіт шараларды – салық-

тың көлемін азайтуды, күштеу, зорлау әдістерінен уақытша болса да бас тартуды өтінген жөн болар еді. Бірақ жергілікті жердегілер олай етуді ойларына да алмады, қайта өздерінің өктем сөйлеп, жұдырық көрсету әрекеттерінен бас тартпады.

Осындай зұлымдық әрекеттердің жергілікті органдар тарапынан ашық көрініс беруі – Піскем қыстағы тұрғындарының наразылығына ұласқанын ресми құжаттар дәлелдей түседі.

Мұны кезінде тергеушіге жауап берген Мадалимов деген былай түсіндіреді: «Тәліб Мұсабаев және оны жақтаушылар аудандық милицияға шақырылғаннан кейін, 6 күн өткен соң Тәліб және бірнеше салт аттылар көше бойлай жүріп, былай деп айғайласты: «Бас құрбашыдан жарлық түсті. Астық даярлауға ықпал етуші комиссия мүшелері және қыстақ Кеңесінің төрағасы тұтқындалулары керек деді. Осыдан көп өткеннен кейін қыстақ Кеңесінің төрағасы Ташбулат Дадабаевты және астық даярлауға байланысты уәкіл Мұхитдиновты алып келді». Ал енді мұның алдында наразы халықтың Дадабаевтың үйіне қалай басып кіргенін және олардың сол үйде жатқан Мұхитдинов екеуін қалай сабағанын жоғарыда айтып кеттік.

Осы оқиғаны көзімен көрген Әбдісәметов Әбдуалының айтуынша, өкімет адамдарын алып келген соң көтеріліске қатысушылар жиналыс жасаған. «Осы кеңесте, – деп еске алады ол, – молда Жамал былай деді: Юлдашты (әкесінің аты белгісіз) және Мұсабаев Тәлібті құрбашы етіп сайлаған жөн және олар не айтса да, бұлжытпай орындау керек» (Аталған архивте. 14-п.).

Осылайша Тәліб Мұсабаев құрбашы болып шыға келді. Ал енді оның және серіктерінің басмашылармен байланыстарына келер болсақ, олар ОГПУ құжаттарында айтылғандай, алғаш Шатқал алқабына барып Исламбекпен сөз байласып қайтқан деуге болады. Мұны жоғарыдағы Мадалимов дегеннің айтқандары да дәлелдеп тұр.

27 қыркүйек күні Піскемде басталған көтеріліске 400-500-дей адам қатысты. Бұлардың көбісі орташалар мен кедейлер болатын. ОГПУ мәліметтері көтеріліске еңбекші бұқараның көптеп қатысуын контрреволюциялық ұйымның, байлар тобының және дінбасыларының әрекеттері, үгіт-насихаттары дей тұрса да (мұндай үгіттеулердің болғанын біз де теріске шығармаймыз), бір нәрсе анық: халық Кеңес өкіметінің әділетсіз, күштеу саясатына қарсы көтерілді.

ОГПУ әдеттегі саяси әуеніне басып, бұл жолы қайдағы бір ұлтшылдардың көтерілісті ұйымдастыруы туралы ойдан шығарылған

пікірлерін айта алмады. Өйткені көтерілісшілер құрамы көп ұлтты еді. Оған өзбектер, қырғыздар, қазақтар және тәжіктер қатысты. Көтерілісшілер арасында аса белсенділік көрсеткендердің де қырыққа тартасы орташалар мен батырақтар еді. Көтерілісті ұйымдастырушылар өздерінің ашық митингілерінде мынадай пікірлер айтты: «Жаңа өкімет, мұсылмандар өкіметі келді, дінге кең жол ашылатын болды, салықтарды төлемейміз, астықты да тапсырмаймыз. Большевиктерге және кеңестерге қарсы қасиетті соғысқа шығу керек. Бұл соғыста өлген «шахид» (дін үшін азап шегуші) болады» (Аталған архивтен. 7-п.).

Айта кеткен жөн, Бостандық ауданындағы барлық 19 елді мекеннің он екісі көтеріліске қатысты. Әсіресе, Піскем, Богустан, Нанай, Ұзын, Ходжикент, Бричмолла, Шымған және Жаңа Қырғыз қыстақтары ерекше белсенділік танытты (Сонда. 6-п.).

Бричмолла қыстағында молдалар діни кітаптардан әртүрлі үзінділер оқып, халықты қасиетті соғысқа аттануға үгіттеді. Кейбір қыстақтарда көтерілісшілер ашықтан-ашық: «Астық даярлау жойылсын! Астық даярлауға байланысты уәкілдерді және коммунистерді құртындар!» – деген ұрандар тастады.

Митингілерден ғасырлар бойы мұсылман діні қағидаларында, рухында тәрбиеленген, өзіндік дәстүр-салты бар орта азиялықтар үшін төтеннен шұғыл да, зорлықпен енгізілген коммунистік идеологияның жат, мүлде бөтен екені айқын көрініп тұрды.

Осылай бола тұрса да ОГПУ-дің ресми бағасында: «Ислам армиясы» туралы және «мұсылмандар билігі» туралы ұрандарды қарастырғанда, айта кету керек, біз бұл жайдан Орта Азиядан, шатқалдағы Истамбек бастаған басмашылар арқылы келген панисламизмнің қоқыс идеяларына кездесіп отырмыз», – деген жолдар бар. Сондай-ақ ОГПУ өзінің құжатында кейбір тексерілмеген мәліметтер бойынша Истамбектің басмашыларының ішінде беделді ишан Кәрім хан Тұра бар, ол – осы қозғалыстың идеологы көрінеді дегенді де айтты. Бірақ бұл кейіннен дәлелденбеді. Дегенмен де, Бостандық ісі бойынша жауапқа тартылғандар, Истамбек Бричмоллаға келіп кірген кезде, оның жанында әйтеуір бір ишанның болғанын мойындады. Бірақ оның кім екенін ешкім де тап басып айтып бере алмады. Солай болса да осы фактінің өзі-ақ ОГПУ қызметкерлеріне көтеріліске мұсылман дінбасыларының қатысы бар, олар Ауғанстаннан КСРО-ға әскер шақырды деген үстірт қорытынды жасауға мүмкіндік берген еді (Сонда. 8-п.).

Нанай қыстағында митингіде шығып сөйлеушілер шынында да «Ислам жасақтары әскеріне» кіруге шақырды. Мақсат – діни сенім негізінде топтасу болатын.

Жергілікті өкімет органдары қатты сасқандықтан, шарасыздық танытты, қандайда бір болмасын көтеріліске қарсы шаралар құрып, оған қарсы күштер шығаруға олардың шамалары келмей дағдарды.

Көтерілісшілердің аудан орталығы – Ходжикентке беттеп келе жатқандарын естіген жергілікті өкімет басшылары бірі қалмастан бассауғалап жан-жаққа бытырай қашты. Аудандық мекемелерді талқандаудан қорғап, аман алып қалуға тырысатын бірде-бір адам табылмады. Әсіресе, ауданның шын мәніндегі қожасы, аудандық партия комитетінің, ең болмаса, Кеңес өкіметі жағындағы кедей-кепшікті топтастырып, наразыларға қарсы тұруға әрекет іс жасамауы назар аударарлықтай еді. Мұның өзі аудан басшыларының өз халқынан қол үзіп, бюрократияға бой ұрып кеткенін, өздері басқарып отырған халыққа мүлде сенбейтіндігін тағы да дәлелдейді.

Жалпы құжаттарға қарағанда, аудан орталығы Ходжикентке кірген көтерілісшілер онда көп кідірмеген. Тегінде, жазалаушы әскердің келе жатқаны туралы хабарды алған бетте олар аудан орталығын тастап кеткен тәрізді. Көтерілісшілер мен жазалаушылар отряды арасындағы алғашқы шайқас туралы нақтырақ мәлімет БК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия бюросының уәкілі Алимовтың өзінің бастықтары Зеленскийге және Шубриковқа жазған (2 қазан, 1929 ж.) хатында кездеседі.

«Мен, – деп жазады хат иесі, – Бостандық ауданының орталығы – Ходжикентке 30 қыркүйекте таңғы сағат 5.00-де Ленин мектебінің эскадронымен келіп кірдім... Бандиттер Ходжикенттен шығып та кеткен екен. Оларды өкшелей қуып барып талқандау және бірнеше адамды қолға түсіру мүмкін болды. Алғашқы қақтығыста 8 адам өлді. (ОГПУ-дің ресми деректерінде 9 адам өлтірілді, – деп көрсетілген – *Т. О.*). 20-ға тарта адам тұтқынға алынды, бірнеше аңшы мылтықтары және 12-ге дейін жылқы қолға түсірілді. Бандиттердің көп бөлігі Бричмолла қыстағына қарай кетті» (Сонда. 1-т, 348-іс, 70-п.).

Мұнан әрі осы хатында Алимов аудандағы жағдайға тоқталады. Ол өзбектерді мұнда аудан басшыларының «сарттар» деп кеңететінін, яғни кадр мәселесінде ұлтқа бөліп кемсітушілік бар екенін, Ходжикентке басып кіргендердің барлығы басқа қыстақтардан келгенін атап көрсетеді. Аудан басшыларының сужүректігін сынға ала-

ды. Осы Алимовтың хатымен танысқан адам аудан басшыларының көтерілістің шығу себебін бәрібір дұрыс түсіне алмағанына танданар да еді. «Аудандық комитеттің менің бастамамен шақырылған атқару бюросының шұғыл мәжілісінде, – деп жазады одан әрі Алимов, – барлық атқару бюросы мүшелері және аудандық комитет хатшысы бірінші кезекте, бұл бандиттер ешқандай да келген жоқ, олардың бәрі жергілікті халықтан шыққан, оларды бұрынғы аудан қызметкерлері ұйымдастырған. Топшылдық мақсатпен істің шын мәнінде олар барлық салмақ ауыртпалығын осы көтеріліске – топшылдық күрес нәтижесіне көшіріп отыр десті». Мұнан әрі Алимов аудан басшыларының қатты сасқалақтағандарын «барлық қызметкерлер абыржып, халықтың алдына ашық шығуға батпайтындарын» айтады. «Менің, – деп жазады ол осы хатында одан әрі, – митинг ұйымдастырып, Ходжикенттің барлық халқын жинап, ешқандай да басмашылар жоқ екенін айтып, үрейді сейілту керек дегенімнен барлық қызметкер үзілді-кесілді бас тартты» (Сонда. 71-п.).

Осы хатта көтерілісшілердің Шымғандағы әрекеті туралы да қысқа дерек бар. Бұл бойынша мынаны біле аламыз: көтерілген ашулы халық Шымған курортын тонауға барған. Олар курорттан 27 000 сомды алып кеткен. Осыдан соң курорт директоры Шкляр өзін-өзі өлтірген. Алимов мұны естіген бетте оның өзін-өзі өлтіруі мүмкін емес деген қорытындыға келіп, бұл істі тексеруді талап етті. Бірақ жергілікті өкімет өкілдері, әсіресе, осында келген Шымкент округтік прокурорының көмекшісі абыржығандықтан, істі неден бастап, немен аяқтау керектігін түсіне алмай, ештеңе де істей алмаған.

Алимов осының бәрін қорытындылай келіп, мәселенің аныққанығына толық жету үшін осы ауданға жедел түрде Қазақстанның мемлекеттік комиссиясын жөнелтуді ұсынады. «Бір сөзбен айтқанда, – дейді ол, – ауданның саяси жағдайы өте шиеленісуде, халық жергілікті өкіметке қарсы. Тығыз шаралар қолданған жөн» (Бұл да сонда. 73-п.).

Біздің ойымызша, қалай дегенмен де Алимов өз хатында біраз шындықтың бетін ашып отыр. Ходжикенттен шегініп бара жатқан көтерілісшілердің 8 адамын жазалаушылар өлтірген соң, аудан басшыларының халықтың бетіне тура қарайтындай не беделі қалды.

Бірақ ОГПУ мәліметтеріне жүгінсек, қанды қырғынның бұл тек басы ғана болғанын білеміз. Бұдан кейін тағы да осындай екі шайқас болған. Оның екеуі де Бричмолла қыстағы маңайындағы тұрғын

халық пен көтерілісшілердің Истамбек басмашыларының бірлескен күштерімен өткен қантөгіс. Айта кеткен жөн, көтерілісшілерде қару жоқтың қасы болғандықтан, олар жазалаушылармен шайқасқа даяр емес еді. Басқасын былай қойғанда, Истамбек басқарған басмашылардың өздері де жұпыны қаруланды.

Мұндайда артық қан төкпеу үшін өкімет адамдары, әсіресе, жергілікті тұрғындармен бейбіт келіссөз жүргізуі, сөйтіп қарсыласудың пайдасыз екенін, үкіметке қарсы бейбіт тұрғындар үшін пайдасыз екендігі айтылып, яғни мән-жайды сабырлылықпен байсалды түсіндіріп, ал өз еріктерімен берілгендерге толық кешірім жасалатынына көтерілісшілердің көздерін жеткізгенде, әрине, қантөгістің алдын алуға болатын еді.

Бірақ архив қойнауындағы құжаттардан көріп отырмыз, сталиндік әкімшілік-әміршіл және бұйрықшыл тәртіптің үстемдігі және орныға бастаған кезде Кеңес өкіметінің мұндай әрекетке баруы екіталай да еді. Бұл жерде мынаны ескермей болмайды: сталиндік үрей психологиясын орнықтыруды мақсат еткен өкімет органдарына сол жылдары халық екінші рет бас көтерместей болып, зәре-құты қалмай, әрқашанда қорқынышты өзіне серік етіп, өзінің түкке де тұрмайтын «бұранда» екенін айқын сезінуі үшін қандайда бір болмасын наразылық, қарсыласу атаулыны қанға бояп тұншықтыру тиімдірек болды; екіншіден, ол жылдары әскери тұрғыда жедел қимылдай білу, жоғарыдан түскен бұйрықтарды бұлжытпай, шұғыл орындау жоғары бағаланды; үшіншіден, көтеріліс жедел басылмаса ол көрші аудандардағы халықты да дүрліктіріп, орны толмас өкініш келтіруі де мүмкін еді.

Қалай десек те, көтеріліс күшпен басылды. Өкшелей қуған жазалаушы әскер Ходжикент маңындағы шайқаста көтерілісшілердің тағы да 8 адамын өлтірді. Ымырт үйірілгенін пайдаланып, көтерілісшілер қанды қырғыннан сытылып та шықты. Үшінші шайқас 2 сағаттан астам уақытқа созылды. ОГПУ-дің ресми деректеріне сенсек, (өкініштісі басқа дерек біздің қолымызда болмай отыр) осы шайқаста табан тіресе қарсы тұрған: көтерілісшілер 50-ге тарта адамынан айырылып, ұрыс даласында 3 бердеңкені, 2 мылтықты және бір үш ұңғылы мылтықты қалдырып, үрейлене және жанұшыра шегінген. «Соңғы екі шайқастағы көтерілісшілердің табандылығы, – деп атап көрсетеді, – Қазақстан ПП ОГПУ-нің бастығы Волленберг және осы көтерілісті басып-жаныштаушы жазалаушы әскерлерді басқарған Шещкен мен Берзин, – негізінен осы шайқасқа

Истамбек баскесерлерінің қатысуымен болды деп түсіндіріледі. Алғашқы ұрыс айқын көрсеткеніндей, ерекше жауынгерлік байқатпаса да, тұрғын халықтың белсенділігі ұрыста көрінген жоқ. Оны былай түсіндіруге болар еді: көтерілісшілерде жеткілікті қару-жарақ болмады, олардың бір бөлігі аңшылық құс мылтықтармен қаруланды» (Сонда. 8-п.).

Біздің білуімізше, Истамбек басмашыларының аудан орталығындағы көтерілісшілерге қосылмауының бір себебі – олардың Ходжикентте болмауынан көрінеді. Мұны аудандық партия комитетінің атқару бюросының сол күндері өткізілген шұғыл мәжілісі де растап тұрғандай. Онда аудан басшыларының өздері де: «Бұл жайтқа басмашылар кінәлі емес, бұл жерде кінәлі өзіміздің ішімізден, өзіміздің кемшіліктерімізден іздеу керек», – дескен болатын (Бұл да сонда. 72-п.).

Жоғарыда айтқанымыздай, Истамбек басмашыларының Бричмолла қыстағына келгені туралы мәлімет бар да, ал олардың аудан орталығына – Ходжикентке көтерілісшілермен бірге кіргенін дәлелдейтін құжат жоқ. Біздің ойымызша, Истамбек Бричмолла қыстағы түбіндегі шайқастарға ғана қатынасқан, ондағы мақсат – көтерілісшілерге нақты көмек көрсету еді.

Мәліметтерден көріп отырғанымыздай, бүліншілік барысында көтерілісшілерден 70-ке тарта адам өлген. Бір танданарлық күдік туғызғаны – жазалаушылардың ешқандай шығынға ұшырамауы. Егер ОГПУ айтқандай, көтерілісшілер соңғы ұрыстарда шын мәнінде де табандылық көрсеткен болса, онда жазалаушылардан қалайша бірде-бір адам өлмеген? Осының өзі қашқындарды қуалап жүріп, шегірткедей жусата қырып салу емес пе екен деген де ой келеді біздерге. Бәлкім, алда архивтің тылсым қойнауынан бұл сұрақтарға тиісті айғақтар беретін қосымша материалдарды да табармыз деп үміттенеміз. Ел арасында осы оқиғаға куә болған, әлі де көзі тірі көнекөз қарттар бар деп ойлаймыз. Солар өз естеліктерін жария етсе немесе біздерге жіберсе – шындық айқындала түсер еді.

Бостандық ауданындағы көтеріліс осының алдында ғана болған Қарақалпақстандағы Тақтакөпір оқиғасымен және көп кешікпей-ақ іле-шала орын алған Қазақстандағы Батпаққарадағы көтеріліспен (бұл жөнінде арнайы әңгіме етеміз) бірге БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің жабық бюро мәжілісінде қаралды (1930 ж., 2 қаңтар).

Онда алғашқылардың бірі болып осы мәселеде сөйлеген Шелыхманов БК(б)П тобының өкілі Ивановтың «Бостандықтағы халық-

тың Кеңес өкіметіне қарсы көтерілісі астық даярлау, ауылшаруашылығы салығы, ұлт және дін мәселелері бойынша асыра сілтеулер және басқа да саясатты бұрмалаулар негізінде болды» деген объективті пікіріне жан-тәнімен қарсы болды.

«Айтуға тиіспін, – деп қыр көрсетті Шелыхманов, – осы соңғы көзқарас біздің партиямыздың әбден дұрыс саясатынан туындаған таптық сипаттағы шаралары нәтижесінде қыстақта және ауылда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-саяси процестерді мүлде теріске шығарады» (Аталған архивте. 133-п.). Осы мәселеде Шелыхманов БК(б)П Орта Азия бюросының уәкілі Алимовты да сынға алды.

Шелыхмановтың Мәскеудің өкілі Ивановқа шүйлігетін жөні де бар еді. Жоғарыдағы үзіндіден-ақ байқап отырмыз, Иванов өзінің Бостандық оқиғасына байланысты жасаған жазбаша қорытындыларында біраз шындықтың бетін ашты. Онда ол ауданда көтерілісшілердің, тек діни сипаттағы ұрандарды ғана көрсетіп қоймай, «диқандарды таптарға бөлушілік жойылсын!» деген ұранның да көрініс бергенін ескерте кетті, яғни мұнда орын алып отырған орта шаруаны бай қатарына жатқызу немесе кедейге, кейде бай төлейтін салықтарды салу тәрізді біз жоғарыда әңгімелеген былықтар әңгіме болған еді.

Сондай-ақ жоғарыдан келген Иванов партия ұйымдарымен кеңес аппаратындағы келеңсіз жайттарды да назардан тыс қалдырмады. «Өліп қалғандар партия қатарында тұр, – деп жазды ол өзінің қорытындыларында, – аудандық партия комитетінің пленумы жыл бойы бір рет те жиналмаған, жекелеген ұялар бір бас қоспаған. Аудандық аппаратта ұлттық тұрғыда қазақтар – көпшілік, тәжіктер – мүлде жоқ. Бар болғаны – бір ғана өзбек» (Сонда. 79-80-п.).

Ивановтың айтып отырғандарын дәлелдей, толықтыра түсетін мәліметтер Бостандық оқиғасына байланысты жұмыс істеген Қазақ өлкелік партия комитетінің мемлекеттік комиссиясының мәліметтерінде де бар.

Аудандағы партия ұйымдарында барлығы 130 партия мүшесі және мүшелікке кандидаттары болған. Олардың 56 өзбек, 58 тәжік, 1 қырғыз, 13 қазақ және 2 европалық болған. Тазалаудан кейін 78 адам ғана қалған. Партиядан шығарылған 52 адамға байлармен байланыстары бар, пара алған, таптық бағытты бұрмалаған деген тәрізді айыптар тағылған. Бұлардың ішінде өзбек – 21, тәжік – 28, қазақ – 3.

Партиялық тазалаудан кейін партия қатарына жаңадан 53 адам тартылған. Олардың 35-і тәжік, 18-і өзбек еді.

Кеңес, комсомол ұйымдарының жұмыстары да жетісіп тұрмаған еді. Бұлар қатарында сауатты адамдар жоқ болды. Ауданның Қосшы, Комсомол, Рабземлес тәрізді қоғамдық ұйымдары қыстақтар мен ауылдардың саяси өмірінде ешқандай да рөл атқармады. Олардың құрамында Кеңес өкіметі төбе шашы тік тұрып қорқатын байлардың балалары да болды.

Аудан шаруашылық кәсіпкерлерінің жағдайы нашарлап кетті. Мұнда екі ғана ауылшаруашылығы кредиттік серіктік жұмыс істеді. Оларға аудандағы барлық 8228 қожалықтың 2000-ы ғана мүше болды. 3 ғана тұтыну кәсіпорны жұмыс істеді. Мұның бәрі халықтың тұрмысын жақсартуына қажетті шараны жасай алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Сол үшін көп қыстақтарда, әсіресе таудағы Піскем, Ұзын қыстақтарында сіріңке, керосин, қасық, тұз тәрізді заттар жетісе бермеді (76-77-пп.).

Бірақ аталған кемшіліктерді, басқаны былай қойғанда, Қазақстанның бірінші басшысы Голощекиннің өзінің мойындағысы келмеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін оның жоғарыда аталған бюро мәжілісінде сөйлеген сөзінен үзінді келтірелік: «...ұя хатшысы оған аудандық комитет нұсқау жіберген кезде, оны оқу үшін молдаға барады. Өйткені қыстақта басқа сауатты адам жоқ.

Әрине, пара алу және т.б. әртүрлі жайттар онда болды. Бірақ байлардың бұл бас көтеруінің (қараңыз: халықтың демейді, байлардың дейді – *Т. О.*) себебі – байларға таптық шабуыл жасау болды... Біздер анықтадық, ұлтаралық мәселе шиеленіспеген, астық даярлау жоспары, ауылшаруашылығы салығы ауыр емес. Мен бірқатар тұтас сандар келтіре алар едім. Мысалы, 700 қожалығы бар қыстақ 1400 сомдық ауылшаруашылығы салығын төлеген. Біз осы құжатты алған кезде бұл қате, дұрыс емес болар деп ойладық. Тексере бастадық – 1400 сом. Қате емес, бұл – факт, өйткені өткен жылы бұл қыстақ 9000 сом төлеген.

Астық даярлау және ауылшаруашылығы салығы бойынша жаппай асыра сілтеулерді байқау мүмкін болмады. Жекелеген айтарлықтай ірі тұрғыдағы кемшіліктер ауданда өте көп болғаны өзінен-өзі түсінікті.

...Негізгі қорытынды мынау: бұл Кеңес өкіметіне қарсы, партия мен Кеңес өкіметі ауылда және қыстақта таптық сипатта жүргізіп жатқан шараларға қарсы, қас дұшпанның – байлардың бас көтеруі. Дикандардың қалың бұқарасының қолдауына сүйенбек болған бас көтеру жүзеге аспады, дикандар оларды қолдаған жоқ» (137-138-пп.).

Көрініп тұр, Голощекин барлық кінәні байларға жабады. Халық бұқарасы кеңінен қатысқан Бостандық көтерілісін байлардың наразылығы деп сипаттайды. Биылғы астық даярлау өткен жылғыдан әлдеқайда көп болса да, оған мән бере қоймайды. Өткен жылғы астық даярлау жоспарының өзі де ауыр емес пе еді, – деп ойланбайды да. Оған сенсек «жекелеген кемшіліктер» ғана болған, бәрінің де алған бағыты дұрыс. Ал осы бағыт халықты жаппай аштыққа апарды емес пе?! Астық даярлау жоспары ауыр болды ғой. Иә, бірақ Голощекин басын қатырып неғылсын, оларды төлейтін диқандар ғой. Голощекиннің айтып отырғанының мүлде қисынсыз екенін Бостандық ауданына округтен 1920 жылы түсірілген жоспар дәлелдеп береді. Ауданға алғаш көлемі 180 000 пұт бір жылдың астық даярлау жоспары берілді. Мұнан басқа ауданның өзінің резерві 7000 пұт болуы тиіс делінеді, яғни аудан барлығы 187 000 пұт астық даярлауы тиіс болды. Бұл жоспар көктемгі астық даярлау науқанындағы ауылдар мен қыстақтар мүмкіндіктеріне сәйкес, оларға бөлініп берілді. Бірақ осыдан соң, бір айдан кейін, округтен Бостандық ауданына тағы да қосымша 45 000 пұт астық өткізу жоспары берілді. Бұған аудан тарапынан қосымша ретінде тағы 23 000 пұт даярлау ауданға тапсырылды. Сонымен, барлығы округтен түскен жылдық жоспар 225 777 пұтқа жетті. Ал жалпы ауданнан шығатын товарлы астық қолдағы барды қосқанда 302 000 пұт болды (77-п.).

Мұндағы ең үлкен қателік – қосымша салынатын жоспар атаулы диқандардың кедейлер мен орташалардың өздерінің келісімімен немесе бастамаларымен орындалулары тиіс екенін ескермек еді.

Бірақ бәрі де жоғарыда жасалып отырды, сондықтан да аудандық партия комитетінің уәкілдері жоспарды орындауды қатал талап етті.

Мұның бәрі аз болғандай, байларға айып салығын салу кең таралды. Мысалы, 1929 жылы 26 байдан 9473 сом айып ақша өндіріліп алынды. Қыстақтар мен ауылдардағы әлеуметтік-саяси ахуалдар ауырлай түсті. Байлар жан-жаққа қаша бастады. Ресми құжаттардағы мәліметтер бойынша 1929 жылы Бостандық ауданынан 30-ға тарта бай салық төлемей жасырынып жүрді (78-п.).

Қорытып айтар болсақ, сол жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі ең шеткергі аудан – Бостандықта болған, негізінен астық және мақта, сондай-ақ ішінара күріш өсірумен айналысатын диқандардың көтерілісі – олардың күштеу, зорлау әдістеріне жан-тәнімен қарсы екенін тағы да дәлелдеп берді. Егер, голощекиншілдер Қазақстанның орталық аудандарында болған наразылықтарды – байлардың

кәмпескелеуге, үкіметтің жер-су реформасын жүргізуіне табанды қарсылықтары деп бағалаған болса, ал Бостандықтағы көтеріліс – мұндай пікірлердің негізсіздігін дәлелдеп берді. Өйткені бұл ауданда бұған дейін байларды кәмпескелеу де, құнарлы шабындықтарды қайта бөлу реформасы да әлі жүргізілмеген еді.

Қай жерде зорлық-зомбылық, әділетсіз қысым жасау орын алса, сол жерде халық наразылығы сөзсіз болатынын Бостандықтағы көтеріліс айқын көрсетті. Бұл – тарих сабағы. Бірақ голощекиншілдер тарихтың осынау тағылымынан дұрыс қорытынды жасай алмады. Ал мұның нәтижесі көп кешікпей-ақ бүкіл қазақ жерін жаппай қамтыған тоталитарлық, бұйрықшыл-әміршіл тәртіпке қарсы халық наразылықтарының кең өріс алуына әкеліп тіреді.

БАТПАҚҚАРА КӨТЕРІЛІСІ

*Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен,
Жөңкіліп, көшіп-қонған елің қайда?
Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?*

Мағжан

Голощекиннің қазақ ауылындағы жағдай туралы БК(б)П Орталық Комитетінің хатшылары Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Смирновқа 21 сәуір 1930 жылы жазған хатында Қостанай округіндегі Батпаққара ауданында болған осы көтерілістің басталған күні 1 қараша деп көрсетілген (2948-іс, 108-п.).

Голощекин мен ОГПУ байлардың, алашордашылардың контрреволюциялық бас көтеруі деп бағалаған бұл көтеріліске Батпаққара, Наурызым мен Торғай аудандарының бірқатар ауылдары қатысты. Айта кететін бір нәрсе, бұл аудандар 1916 жылғы патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісін бастан кешірген, сол дәстүрде тәрбие-тағылым алған еді. Осы өткенге азғана шолу жасасак, бұған біздің көзіміз жете түсер еді.

1916 жылы шілде айының ортасында Аманкелді Имановтың Торғай уезінде көтерілісшілердің алғашқы отрядын ұйымдастырғаны белгілі. Қараша айының бірінші жартысында Торғай болысындағы бұл көтеріліс жалпыхалықтық сипат алып, оған қатысушылардың жалпы саны 50 мың адамнан асып түсті. 6 қарашада Аманкелді Имановтың басшылығымен Торғайды басып алуға шыққан көтерілісшілер мақсаттарын орындай алмай, Торғайдан 120-150 шақырым жердегі Батпаққара селосына бекінді. Осы Батпаққарада олар өздерінің қарулы күштерінің штабын құрды. Осында 1916 жылдың қарашасынан 1917 жылдың ақпанына дейін Аманкелді Иманов сарбаздары жазалаушылармен шайқасты. Ақпанның 21-24-інде көтерілісшілер жаңа күш жинап, әлденіп алу үшін Батпаққараны тастап, құм арасына кетеді. Бірақ айдың соңына қарай сарбаздар Батпаққараға қайта оралды. Олардың отрядтары Торғай уезінің Қарақоға, Сарыкопа, Бірінші Наурызым болыстарына келіп, осында екі бірдей революцияны – Ақпан және Қазан төңкерістерін қарсы алып, Кеңес өкіметі жағына шығып, оны қолдап ұрыстар жүргізді.

1929 жылы Батпаққарада кеңестік империя озбырлығына, зорлық-зомбылығына қарсы жаңа көтеріліс басталған кезде, 1916 жылмен арада небары 13-ақ жыл өтті. Яғни табыспен аяқталған сарбаздар көтерілісін әлі ешкім де естен шығара қойған жоқ еді. Оған қатысқандардың көпшілігі де дін аман болатын.

1929 жылғы Батпаққара көтерілісінде бұрынғы ұлт-азаттық қозғалысына тән кейбір сипаттар көрініс берді. Әрине, бұл жерде біз Батпаққара көтерілісінің жаңа саяси-әлеуметтік жағдайда большевиктердің: «Халыққа әлеуметтік теңдік, жер-су, мал береміз, біздің жауымыз тек қазақ байлары ғана» деген ұрандармен халықтың көпшілігін өздерінің жағына шығарып үлгерген және осы жолмен соңғылардың біразын өздерінің қандас, рулас туыстары – ауқатты қазақтарға қарсы жауластырып, кедей-кепшікті, жарлы-жақыбайды «тап күресінің шиеленісіп тұрғаны туралы» ұранмен қаруландырып, соңдарынан ерткен заманда орын алған ерекшелігін де ұмытпағанымыз жөн. 1916 жылы Аманкелді мен Алашорда көсемдерінің арасында кейбір тактикалық және саяси түсініспеушіліктер ғана орын алғаны болмаса, оларда түпкілікті ортақ мақсат – қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізу еді. Осы игі арман үшін саяси қақтығысқа қарамастан, түптеп келгенде, Алашорда басшыларының Кеңес үкіметімен келісімге келгені белгілі.

Ал енді 1929 жылдың жөні басқа. Мұнда бұрынғы ұлт-азаттық қозғалысындағыдай «бір жеңнен қол шығарған», бай-кедейге

бөлініп жатпай, тұтас халық болып ақ патшаға қарсы ынтымақта-са атқа қонған қалың қазақ жоқ. Қазақ арасына саяси-әлеуметтік іріткі түскен, руға емес, ол тап-тапқа бөлініп алған, біразы Кеңес үкіметінің зорлықшыл күштеу саясатын көзімен көріп, тіптен бас-тан кешіріп отырса да «шықпа жаным шықпа» деп, түбі бәрі комму-нистер айтқандай, жақсы әділетті қоғамға апарар, бұл қайыршыла-нуымыз уақытша құбылыс шығар деп артын бағып жалтақтайтын, Кеңес өкіметінің саясатына қарсы наразылыққа шақырғандарға ілеспейтін күн туған.

Оның үстіне, кезінде халық ұлттық көсем ретінде қолдаған, мақ-таныш еткен қазақ халқының дарынды ұлдары Байтұрсынов, Дула-тов және Есполов – осы Батпаққара, Наурызым, Торғай аудандары өңірлерінен шыққан, елім деп еңіреп туған азаматтар кезінде ұйым-дастырған «Алаш» партиясы да, Алашорда үкіметі де Кеңес өкі-метін алғашқы жылдары-ақ жақтап, соның жағына шықса да, 1925 жылғы И. Сталиннің Түркістан республикасының органы «Ақжол» газетін сынап жазған хатынан кейін, олар «ұлтшылдық пен буржуа-зияшылыққа» айыпталып, қайта қудаланған, ал 1928 жылы, яғни Батпаққара көтерілісінен бұрын абақтыға жабылған әділетсіз заман еді, бұл заман. Осының бәрін естіп, біліп отырған Байтұрсыновтың, Дулатовтың, Есполовтың жерлестері әділдік кімнің жағында екенін дәл ажырата алмай, бастары қатты.

Мұны айтып отырған себебіміз, 1929 жылы Батпаққара, Науры-зым және Торғай аудандарында көтеріліс болған кезде ОГПУ орган-дары – Голощекин басқарған Қазақ өлкелік партия комитеті өздерінің ресми қағаздарында «азамат соғысы кезінде аталған аудандардың территорияларын басшылары осы аудандардан шыққан Алашорда үкіметінің Торғай тобының әскерлері басып алғанын» қайта-қайта еске түсірумен болды (348-іс, 172-п.). Олар тіптен бұл аудандарды «Алашорда қозғалысының бесігі» деп те атады (Сонда. 172-п.).

Аудандардың экономикалық жағдайларына келсек, олар – егін-шілік пен мал шаруашылығы аудандары қатарына жатқызылды. Наурызым ауданын мысалға алалық. Мұнда 8433 шаруалар қожалығында 37 876 адам болды.

Қожалықтарды тізіп айтсақ, мал шаруашылығымен айналыса-тын көшпелі қожалықтар – 4438, егінші-малшылар – 3712, егінші-лер – тек қана 16 еді.

Аудандар округ орталығынан шалғайда орналасқандықтан, бо-лып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістер мұнда әрқашан да кешігіп,

көбінесе өңін өзгертіп «ұзынқұлақтан» жетіп жататын. Негізінен мал өсіру басты кәсіп болғандықтан да мұнда байлар әрқашанда әлеуметтік жағынан үстемдікке, ал мұсылман дінбасылары едәуір құрметке ие болып келген еді.

Бірақ біршама алаңсыз да тыныш жатқан елдің шырқын 1928 жылдың қыркүйек-қараша айларында кең өрістеген байларды кәмпескелеу және тәркілеу науқаны бұзды. Қазақстанның Орталық Атқару комитетінің осы мәселеге байланысты әйгілі әрекетіне сәйкес, мұнда барлығы 16 бай қожалығы кәмпескеленді. Оның ішінде Торғай ауданында – 6 қожалық, Батпаққара ауданында – 4 қожалық, Наурызым ауданында – 6 қожалық бар еді. Кәмпескелеу кезіндегі заңсыздықтар мен байлар семьяларына қарсы қолданылған шектен тыс жүгенсіздіктер қарулы қарсылықтар туғызды. Байлар мен оларға жаны шындап ашыған жақын ағайындар шағын топтарға бірігіп алып, ОГПУ-ге қарсы шықты. ОГПУ құжаттарында мұндай әділетсіздікке, күштеу мен зорлауға, жазықсыз, тек бай болғаны үшін ғана күштеп жер аударуға, бар дүние-мүлкін, малын ай жоқ, шай жоқ сыпырып алуға негізделген жүгенсіздікке жергілікті халықтың наразылығы «байлардың контрреволюциялық топтарының бандиттік шайқаларының» әрекеттері ретінде әділетсіз бағаланды. Өтірікті қиыстырған ОГПУ органдары былай деп бөсті: «Осындай контрреволюциялық топтардың бірін Алашорда басшысы М. Дулатовтың бауыры – Асқар Дулатовтың басқарғанын атап көрсету қызықты болар. Топтың аудандық кеңес, партия органдарының байларға қамқорлық жасаған қызметкерлеріне ықпалы болған».

Бұл жерде ОГПУ әдейі объективті нәрсені қылмысқа айналдырып отыр: туыс болғандықтан Асқар Дулатовтың Міржақыппен қарым-қатынас жасауы табиғи нәрсе емес пе? Бауырыңмен қатынаспа, араласпа деуі тіптен адамгершілік тұрғыдан үлкен арсыздық. Бірақ Кеңес өкіметі осыған да барғаны даусыз шындық!

Ал енді бұрынғы алашордашылар мен ірі байлардың, болыс басқарушылардың топталып тығылып жүргеніне келсек, бұған оларды Кеңес өкіметінің өзі тасбауыр да қатал саясатымен мәжбүр етті. Осындай сылтаумен 1928 жылы Міржақып және басқалары Алаш басшыларын қазақ оқығандары деп, Кеңес өкіметі абақтыға қамады. Алаш қозғалысына қатысы барлардың бәрін де бұдан кейін үрей қалмады, олар бассауғалап көзден тасаланып жасырынуға көшті.

Байлар мен алашорда қозғалысына қатысушыларды жазалау 1928 жылмен шектелген жоқ. 1929 жылдың көктемінде аталған ау-

дандарда байлардың контрреволюциялық топтары деген айыппен бірқатар топтар қуғын-сүргінге ұшырады. Асқар Дулатовтың төңірегіндегілердің жайын жоғарыда баяндадық. Ал Батпаққара ауданындағы жұртқа ықпалды ишан Мұқтәсіп Сатыбалдиннің төңірегіне топтасқандар да осы халды бастан кешті. Байларды кәмпескелеу кезінде Каралдын тәрізді байлармен астыртын жиналыстар өткізіп, оларды Кеңес өкіметіне қарсы бандиттік топтар ұйымдастыруға қатысты деген жалған айыптар тақты. ОГПУ назарын аударған басты нәрсе – Наурызым ауданындағы 33 адамнан тұратын аудандық деңгейдегі қызметкерлердің байларға жандары ашып, ара түспек болуы еді. Жоғарыда айтылған Асқар Дулатовтың байлар тобымен байланыс жасап, партия саясатының барлық мәселелерінде таптық мәселелерді бұрмалады деген сылтаулармен айыптады.

Сондай-ақ Торғай ауданында 3 адамнан тұратын байлар тобы деп аталатын тағы бір топ «бұқара арасында арандатушы өсек-аяндар таратып, Кеңес өкіметіне қарсы үздіксіз үгіт жүргізді. Байларды кәмпескелеу кезінде бұған қарсылық білдіріп, кіші кеңестерге сайлау барысында өздерінің қолжаулықтарын өткізбек болды» деген айыптауға тап болды. ОГПУ тізімі осылай жалғаса берді.

Торғай ауданында тағы бір 5 адамнан тұратын Көбеков деген басқарған топ «әшкереленіп», оларға да жоғарыдағыдай кінәлар тағылды (173-п.).

Қойылып отырған кінәлар түкке тұрғысыз, елеусіз нәрсе болып көрінері хақ, бірақ ол жылдары «өсек-аян таратқаны» үшін-ақ халық жауы, Кеңес өкіметінің таптық саясатын бұрмалаушылар атанып, абақтыдан бір-ақ шығатын еді. Адам тағдыры – шыбық тағдырындай болатын.

Сонымен, осындай контрреволюциялық топтарға жатты деген сылтаулармен кінәланғандардың саны 70 адамға жетті. Бірақ бұлардың бәрі бірдей жауапқа тартылған жоқ (Бұл да сонда. 9-п.).

Бұл туралы ОГПУ құжатында мынандай жолдар бар: «Дегенмен де байлардың белсенділігін қолға түсіру жеткіліксіз. Олар ішінен жоғарыда көрсетілген айыптау істері бойынша тек көтеріліске белсене қатысушылар, сондай-ақ (оны) бастаушыларын ұстау керек» (174-п.).

1929 жылғы көтерілістің басталуына Кеңес және партия ұйымдарының өздері де себеп болды. Орын алған заңсыздықтар мен жаппай қудалауды жоғарыда айтып та кеттік емес пе? Оларға жол бермеу керек еді.

Наурызымдағыдай аудандық денгейдегі партия және кеңес қызметкерлеріне сенімсіздік көрсету – Батпаққара ауданында да орын алды. Бұнда «партияның таптық бағытын бұрмалады» деген кінәмен аудандағы кеңес және партия қызметкерлерінің бәрі дерлік қызметтерінен босатылып, сотқа тартылды.

Аудандық органдарға жаңадан қызметке келгендер өздерінен бұрынғылардың кебін кимеу үшін, бай атаулыға мейірімсіз қатал болу үшін аянып қалмады, байларға батыл шабуыл бастады. Шектен шыққан мейірімсіздік пен қатыгездік көп кешікпей-ақ өзінің «жемісін» бере бастады. Бұқараның топтаса түсуіне жергілікті жерлердегі асыра сілтеулер мен қателіктер, дөрекі әкімшілік, заңсыз негізде жаппай тұтқындау, тұтқындарды аяусыз ұрып-соғу шектен шықты. Батпаққараның өзінде ғана заңның 58-бабы бойынша тұтқындалғандар саны 50 адамға жетті. Әсіресе, орташалар мен кедейлерді наразы еткені және көтеріліске шығуға түрткі болғаны – дінге қарсы күрестің мейірімсіздігі және имансыздығы еді. Жергілікті жерлерде мешіттер жаппай және зорлап жабылды, ал онда қызмет ететін дінбасылары негізсіз әртүрлі контрреволюциялық топтарға жатқызылып, жауапқа тартылды.

ОГПУ қызметкерлері өздерінің ресми құжаттарында Батпаққара көтерілісін, алдын ала байлар мен дінбасылары ұзақ уақыт белгіленген жоспар бойынша жан-жақты даярлаған контрреволюциялық бүлік ретінде көрсетуге күш салды. Бұл құжаттарда мынадай мәліметтер бар: Байлар Батпаққара, Наурызым және Торғай аудандарында көтерілісті даярлау мақсатымен бірқатар жиналыстар өткізген. Олардың бірі – Қостанай қаласында өткен Порков жәрмеңкесі кезінде Абайділда Бекжановтың, Сейітбек Қалиевтің және Ахмедия Смағұловтың басшылығымен болған. Оған қазақтар ғана емес, орыстар мен татарлар да, сондай-ақ Семиозер және Боровский аудандарының өкілдері де қатысқан (172-п.). Осы жерде бір ескерте кетеріміз, архив қойнауындағы бұл мәліметтерде ол кісілердің есімдері жоқ, тек әкесінің аттары берілген. Батпаққара көтерілісіне қатысқандардың аты-жөндерін толық анықтауға бізге осы өңірден шыққан, қазір Алматыда тұратын филолог-ғалым Сейітбек Нұрқанов көп көмек берді. Секең бұл естеліктерді сол жылдары Торғай аудандық милициясының бастығы болған, 1900 жылы туған, қазір көзі тірі Досмағамбетов Ерден, 1900 жылы туған, Кеңес өкіметінің жергілікті белсенді қызметкерлерінің бірі Есенеєв Ерғали, 1906 жылы туған Досекенің Қабжаны, Асатов Дәрменбай секілді ақсақалдардың өз ауыздарынан жазып алған екен.

Әрбір қазақ зиялысы ең болмаса өзі туған өңірдің осындай кезінде тіптен ауызға алып, әңгіме етуге тыйым салынған тарихи оқиғаларына жанашырлық жасап, көнекөз қарияларымыздың естеліктерін осы ғалым ағамыз Сейітбек Нұрқанов тәрізді қағазға түсіріп алып, зерттеушілерге тапсырса – тарихымыз жандана, толыққанды бола түсер еді-ау, архив қойнауындағы кейбір ресми құжаттар сенімді сын тезінен өтер еді-ау деген ой келеді біздерге.

Осы көтерілісті ұйымдастырғандар туралы ОГПУ құжаттарында қысқаша мәліметтер де бар, оларды алда келтіреміз.

ОГПУ мәліметтеріне қарасақ, жәрмеңкеден қайтар жолда өткізген жиындарға қазақтар ғана емес, орыстар мен татарлар да, яғни Семиозер мен Боровский аудандарының өкілдері де қатысқан болып шығады (174-п.).

Айта кеткен жөн, ОГПУ органдары Бекжановты, Қалиевті және Смағұловты жиналыс өткізді деп айыптап, кінәласа да, бұл жиналыстың қалай болғаны және онда не айтылғаны туралы дәлелді ештеңе де келтірілмейді. Шындығына келсек, жәрмеңкеге барған адам онда кіммен кездеспейді дейсіз. Мұның кейбір адамдар үшін қолайсыздығы да осында. Олар бұл жерде ешкіммен кездеспедім, ешкіммен сөйлеспедім деп жалтара алмайтын да еді. Себебі, мынаны да ескергеніміз жөн: ОГПУ атап отырған Семиозер және Боровский аудандарының орыстары мен татарлары Батпаққара көтерілісі басталған кезде оны қолдап көтеріле қойған жоқ. Мұның өзі ОГПУ-дің «жиналыс өткізді» деген айыбының қисынсыз екенін нақты дәлелдейді.

Қостанайдағы жәрмеңкеден Батпаққараға қарай шыққаннан кейінгі жоғарыдағы үшеудің тағы да Семиозерск селосына тоқтап, онда да мәжіліс өткізгенін ОГПУ тағы сөз етті. Бірақ онда олардың не айтқанын тап басып дәлелдеп бере алмайды.

Сондай-ақ ОГПУ келесі жиналысты да тілге тиек етеді. Ол жиналыс Батпаққара ауданының № 4 ауылында бірінші қарашада болған. Оған қатысқан ауыл адамдарына Бекжанов пен Қалиев саяси жағдайдың өте тұрақсыз болып тұрғанын, көтеріліске шыққан халық Қостанай, Алматы, Қызылорда және т.б. қалаларды алды деген хабарлар бар екенін, сондықтан қарап отырмай, қимылдап жедел түрде көтеріліс жасау керектігін, көтеріліске шыққан халықтың мақсаты – Торғайдағы және Наурызымдағы өкіметті басып алу, орыс поселоктарымен байланыстар орнату, хандықты ұйымдастыру, ұлттық әскер ұйымдастыру болып табылатынын атап көрсетті (175-п.).

Бұл жерде көтерілісшілердің мұндай мақсаттар қоюы әбден заңды екенін айтпасқа болмайды. Өйткені дәл осындай мақсаттарды олар 1916 жылғы көтеріліс кезінде де қойған болатын. 1916 жылғы көтерілісте бұл өңір өздеріне Әбдіғаппар деген кісіні хан етіп сайлаған еді. Тарихымызды таптық және партиялық көзбен жазайық деген ниетпен оны тек жағымсыз тұрғыдан бейнелеп, орта шаруадан шығып, халық батыры атанған Аманкелді Имановқа ханның қаһары ауып отырды, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысынан кейін хан сайлаудың қазаққа қажеті жоқ деген қате түсінік қалыптасты. Мұндай түсінікті коммунистік идеологияның орнықтырғаны қазір ешкімге де құпия емес. Хан тұқымына, хан ұғымына ашық жаулық көзқарас Қазақстанға Голощекин келген соң өзінің шарықтау шегіне жетті. Хандық басқару жүйесі қазақ халқының қалыптасу тарихының белгілі бір кезеңдерінде прогрессивті рөл атқарды деп айтуға енді рұқсат етілмейтін заман туды. Хан атаулы, хандық басқару жүйесі атаулы Кеңес өкіметінің қас жауы, ең реакцияшыл күштерді топтастырушы және солармен ауыз жаласушы деп түсіндірілді. Осының нақты көрінісі – Батпаққара көтерілісіне байланысты, ондағы «хандық жасасын!» деген ұранға байланысты. Қазақстан ПП ОГПУ-нің сол жылдардағы басшысы Волленбергтің және бөлім бастықтары Шешкен мен Берзин: «Хандық үшін!» деген ұранға келер болсақ, – деп жазды, – оның кейбір тарихи тамырлары өткен күндерде жатыр. Азамат соғысы кезінде «хандық» жүзеге асырылды. Бұрынғы Атбасар уезінде байлардың және имамдардың бастауымен өз хандығын жариялады. Ханның жанында бас молда-ишаны бар, азаматтық және діни биліктің бейнесі ретінде түгелдей ру ақсақалдарынан құрылған хан кеңесшілері – аталмыш-министр кеңесі тәріздіні де ұстады. Хандықтың қазақ байлары мен ишандарының неғұрлым керітартпа көңіл күйін білдіргенін айтпасақ та болар еді. Хандықтың Кеңес өкіметіне қарсы Колчакпен бір лагерьде болуы – осының салдары.

Қазақ буржуазиялық ұлтшылдығы идеологтарының тұжырымына келер болсақ, олардың тарапынан хандық үшін ашық ұрандар тастау байқалмайды. Олар буржуазиялық демократия, парламентаризм және басқадай платформаларда біріккен.

Бірақ қазақ ауылының өзіне тән ерекшеліктерін жинақтап келгенде, бұл демократия көбіне өзіндік келбетімен басқаша көрініс береді. Хандыққа үміт артатын қазақ буржуазиялық интеллигенциясының едәуір бөлігі бар. Бірақ ол бүгінге дейін – «өткен замандар-

ды», «хандық батырын» және басқа көксеу түрінде көркем шығармаларда көрініс беріп келді. Яғни белгілі қазақ буржуазиялық ұлтшылдары ауылдағы тап күресінің күрт шиеленісуі кезеңінде хандық үшін күресті лақтырып тастады деуге ешбір негіз жоқ (17-т., 348-іс, 10-п.).

ОГПУ хандық туралы мәселені қалай түсіндірмесін, 1916 жылғы көтерілісте халықтың бұл мәселеге терең мән бергені белгілі. Тек Ырғыз уезінің өзінде ғана тоғыз «хан» сайланды. Жоғарыда Торғай уезінде Абдіғафар Жанбосынов, Оспан Шолақов және басқа да «хандардың» көтеріліске қатысқаны айтылды.

А. Имановтың Әбдіғафар ханмен патша үкіметі тақтан құлағаннан кейін біржола қоштасқаны және белгілі.

Бірақ кезінде патшаға қарсы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысса да, Әбдіғафар ханды Кеңес өкіметінің қолдауы екіталай еді. Қазақстанға 1925 жылы Голощекин келгеннен кейін бай, хан атаулының тұқымын жаппай қуғындау орын алды. Біздің қолымызда мынандай архив деректері бар. Мұның әлі де зерттей түсетін кейбір жұмбақ жақтары бар болғандықтан, ол құжаттарды орыс тілінен аудармай, қаз-қалпында беріп отырмыз:

«С-секретно

19/ХІІ

ІІІ ОГПУ тов. Альшанскому

По поручению т. Голудова – просьба дать свое заключение по ходотайству Батпакаринского РИКа о награждении орденом Красного знамени т.т. Теряник и Дикамбаева, в связи с ликвидацией банды Абдулгафарова.

за зав. с/ч (секретной части – Т. О.) Кр-ма (Крайкома – Т. О.) ВКП(б)».

(17-т., 464-іс, 6-п.).

Секретная, Тургая, Алма-Ата, Крайком партии ГОЛОЩЕКИНУ, по прямому проводу, через ГПУ.

При боевом участии отряды, активном содействии бедняков, батраков, тесном контакте райорганизации под руководством опергруппы тов. Дикамбаева, при боевом участии чекиста Дикамбаева банда Абдулгафарова полностью ликвидирована. В схватке с бандитами убитых с нашей стороны потери нет. Учитывая большие заслуги тов. Теряник, Дикамбаева в ликвидации банды сего времени тормозивших соорганизации аула ходотайствуем представлению ордена Красного Знамени тов. Теряник и Дикамбаева.

Президиум Батпаққаринского РИКа передал отв. деж. ГПУ Валиев (7-п.).

Бұл 1930 жылдың іс-қағаздары ішінен шықты. Бірақ мұндағы оқиғаның да, құжаттардың өздерінің де 1927 – 1928 жылдарға жатуы да әбден мүмкін. Өйткені құжаттарда жыл көрсетілмеген, оның үстіне 1929 жылғы Батпаққара көтерілісіне қатысты құжаттарда Абдулгаффаров (дұрысы – Әбдіғапаров) деген адам есімі кездеспейді. Аталған чекистердің сол жылдардағы ең жоғарғы жауынгерлік наградаға ұсынылғанына қарағанда, әңгіме 1916 жылғы көтеріліске қатысқан Әбдіғапар ханның баласының жасағы туралы болса керек...

Сонымен, 1929 жылғы Батпаққара көтерілісшілері үшін хандық тәртіпті орнықтыру талабы өткен жылдар тәжірибесінен туындап тұрғанын аңғару қиын емес. Ал енді көтерілісшілер көтерген ұрандарға келсек, олар жаңа жағдайға байланысты ұсынылды: «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Коммунистер жойылсын!», «Алынып қойылған жерлер иелеріне қайтарылсын!», «Байларға кәмпескеленген көліктерін және олардың өздерін айдаудан жедел қайтару керек!», «Хандық жасасын!». Міне, ОГПУ құжаттарында көрсетілген ұрандар тізбегі осындай.

Ұрандарда Кеңес өкіметінің ауқаттыларға деген мейірімсіз де қатал, заңсыз да әділетсіз саясаты айыпталған. Мұндай меншіксіздендіру саясатының түбірінен қате болғанын қоғамымыздың өткен тарихы қазір айқын көрсетіп отыр. Ал коммунистер болса сол жылдары осы күштеу саясатын тікелей өмірге енгізушілер болған. Голощекин ешбір қазақтың ханы жасамаған жүгенсіздікті қазақ даласында бірнеше жылда жүзеге асырды. Көтерілісшілердің хандық құрылысты кеңестік құрылыстан, Голощекиннен жоғары қоюлары әбден табиғи нәрсе еді.

Көтерілісшілер сонымен қатар мектептерде Құранды оқытуды, елдің бәрінің мешітке барып Құдайға құлшылық етуін талап етті. Дін – мемлекет қамқорлығына алынуы тиіс, ал дінбасыларын қаржыландыруды мемлекет өз мойнына алуы керек деп шешті көтеріліс басшылары. Сондай-ақ көтерілісшілердің халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуды мақсат еткені де шындық. «Ұлттық өкіметте, – деп атап көрсетті көтерілісшілер өздерінің міндеттерін белгілерде, – ешқандай да салықтар болмайды, байлар мен кедейлер бірдей құқықтарға ие болады», – деді (17-т., 175-п.).

Көтерілісшілер 2 қарашада кеңес, партия органдары тарапынан ешқандай да елеулі қарсылық көрместен, Батпаққара ауданының ор-

талығына баса-көктеп кірді. Көтерілісшілердің келе жатқанын естіген бетте-ақ, аудандық деңгейдегі басшы кеңес, партия қызметкерлерінің бәрі жан-жаққа тым-тырақай қашып кетті. Мысалы, БК(б)П аудандық партия комитетінің хатшысы Нүкеев өзі саяси сенімді деп, қолхат берген белсенді көтерілісшілердің бірінің үйінде жасырынса, ал аудандық атқару комитетінің төрағасы Әжібаев – көтерілісшілердің әскер басының үйінде жасырынып, оған өз атынан өзін саяси сенімді адам деген қолхатын берді.

Ал жасырынуға үлгермеген кейбір жергілікті өкімет адамдары тұтқындалды. Көтерілісшілер кеңес, партия және шаруашылық органдарының барлық істерін өртеді, кәпәрәтив ұйымдары, сот, милиция және басқалары орналасқан бұрынғы ишанның үйі де өртелді. Сөйтіп, аудан орталығында көтерілісшілердің келтірген зияны 200 мың сомға жетті.

Батпаққараға кірген бетте-ақ көтерілісшілер тұтқында отырған байларды босатты. Сол күні, яғни 2 қараша күні көтеріліс басшылары Батпаққара ауданындағы барлық ауылдардың өкілдерімен жиналыс өткізді. Осы жиналыста алғашқы шаралар белгіленіп, әрбір ауылда үш ақсақалдан тұратын кеңес құру туралы шешім қабылданды. Оларға көмекке 2 хатшыдан тағайындалды. Ақсақалдар үштігінің ең негізгі міндеті – әр ауылдан 50 жігіттен тұратын жасақ шығару болды. Көтеріліс басшыларының есебі бойынша, 1000 адамнан тұратын сарбаз жасақталуы тиіс-ті. Оның 800-ін Батпаққара ауданының ауылдары берсе, ал қалған 200-ін Наурызым ауданындағы ауылдар беруі керек. 300 адамның қатысуымен мешітте Омарбай Бармақов хан болып сайланды. Айта кеткен жөн, партиялық құжаттардың бірінде Бармақов «бұрын екі рет сотталған, іскер саудагер» деп көрсетілген (17-т., 348-іс, 181-п.). Алайда осы деректен біз көтерілісшілердің Бармақовтан басқа адамды да хан сайлауға тырысқанын байқаймыз. Көтеріліс жаңадан басталған кезде оған басшылық еткен Торғай аудандық партия комитетінің үгіт-насихат жүргізген ұйымдастырушысы Батпаққара ауданынан шыққан Оспановты хан сайламақ болған, бірақ ол келісім бермек түгіл, ебін тауып қашып кеткен (Сонда. 180-п.). Тегінде, басқа ыңғайлы адам табылмаған соң, көтерілісшілер Бармақовтың кандидатурасына тоқтаған тәрізді. Осыдан соң көтеріліс басшысы Бекжанов Наурызым ауданын көтеріліске қосу үшін аттанып та кетті. Ол жолшыбай Батпаққара ауданының ауылдарына соғып, ауыл старшындарын тағайындаумен болды. Ал ауданда оның орнына орынбасар ретінде Сейітбек Қалиев қалды.

Көтерілісшілер көрші аудандарды да көтермей болмайтынын түсініп, оларға үгітшілер жөнелтті. Мысалы, осындай үгітшілер Қызылорда округінің Қарсақпай ауданына және Ақмола округінің алыс аудандарына аттанып кетісті. Бірақ ОГПУ-дің жергілікті кеңес, партия органдарымен тізе қоса жүзеге асырған шаралары үгітшілердің адымын аштырмай, аяқтан шалды, іздеріне түсіп аңдып, ақыры өздерін қолға түсірді.

Көтеріліске Наурызым ауданындағы №7, 8, 9, 10, 11 ауылдарының қазақтары белсене қатысты. Олардың бәрі бірдей байлар немесе атқамінерлер емес. Кейбір орта шаруалар мен кедейлердің бірен-сараны көтеріліс отрядтарына сарбаз болып кірді. Кеңес өкіметінің және Коммунистік партияның қатал да күштеу саясаты төменгі буындағы қызметкерлерді көтеріліске қатысушы емес, оны ұйымдастырушылар деп те кінә тақты. Содан болар, көтерілісшілер арасында кейбір ауылдық кеңестің төрағаларын, тіптен қатардағы коммунистерді де кездестіруге болатын еді.

Әрине, әліптің артын бағып, көтерілістен бейтарап қалуға тырысқан ауылдар айтқан уәделерінде тұрмайтын жігіттерін көтеріліске қоспады. Мысалы, Наурызым ауданының №1 ауылы көтеріліске қатысудан бас тартқан кезде, көрші №9 ауылдың тарапынан қысым көрді. Ат ойнақтатып келген жігіттер көтеріліске шығуды талап етіп, күш көрсетті, ауылдағы кооператив мүлкін талқандап, талантараж етті. Мұндай ауыл аралық жекелеген қайшылықтар Наурызым және Торғай аудандарының басқа ауылдарында да көрініс берді (176-іс, 180-п.).

Қазақ даласын сол кезде кеулеп кеткен: «Жолдас Калинин өлтіріліпті, жолдас Сталин бой тасалап сытылыпты, жолдас Ернараров өлтіріліпті, жолдас Голощекин қашып кетіпті. Кеңес өкіметінің күні бітті. Таяуда Сәдуақасов (Смағұлды айтып отыр – Т.О.) Қазақстанды басқаратын болады», – деген әңгімелерге біреу сеніп, біреу сенбеді. Ал осындай өсек-аяң басшы партия қызметкерлерінің назарына ілініп, олар мұны өзіндегі саяси ахуалға басқаларды айыптауға қажетті құрал ретінде пайдаланды. Мысалы, БК(б)П Қостанай округтік партия комитетінің хатшысы А. Дисконтов өзінің Мәскеуге және Қазақ өлкелік партия комитетіне жазған хатында былай деді: «Сәдуақасовты олар азаттықтың символы етіп көрсетуде. Біз бұл кездейсоқ жағдай емес деп бағалаймыз» (180-п.).

Бұл жерде сәл ғана шегініс жасап, қысқаша болса да Смағұл Сәдуақасовқа тоқтала кеткеніміз жөн болар: Смағұл Сәдуақасов (1900 – 1933 жж.) Қорған болысының Омбы уезінде туған. Екі клас-

тық бастауыш орыс мектебінде оқығаннан кейін, Омбы ауылшаруашылығы училищесінде білім алып, ал 1928 – 1933 жылдары Мәскеу транспорт инженерлері институтында оқыған. 1914 – 1918 жылдары қазақ жастарының астыртын «Бірлік» үйірмесінің мүшесі. Қазан төңкерісінен кейін «Кедей дауысы» газетінің редакторы. 1920 жылдан большевиктер партиясының мүшесі, Жастар одағының қазақ өлкелік бюросының хатшысы, жастардың «Жас азамат» газетін ұйымдастырушы, Оқу-ағарту халық комиссары А. Байтұрсыновтың орынбасары, Түркістан АССР-дегі уәкіл, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің хатшысы, Қазақстан жоспарлау комитеті жетекшісінің орынбасары С.Сәдуақасов 1924 – 1926 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, 1925 – 1927 жылдары Оқу-ағарту халық комиссары болды. 1925 жылдың ақпанынан Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, ал 1928 жылдан Ташкенттегі Қазақ педагогикалық жоғары оқу орнының ректоры. Партияның XVI съезінің делегаты, БОАК-нің мүшесі. 1928 жылдың көктемінен Мәскеуде Салалық халық комиссариатында жауапты маман, теміржол институтын бітірген соң, Днепростройдың учаске бастығының орынбасары болды. 1933 жылы өндірісте жұмыс барысында газбен уланып, 1933 жылы Мәскеуде Кремльдегі ауруханада қайтыс болды [8].

С. Сәдуақасов Ф. Голощекиннің қазақ ауылына жүргізіп отырған күштеу саясатына батыл қарсы шықты. Ауылшаруашылығын кооперациялау немесе индустрияландыру мәселесінде болсын, ол Голощекинді өткір сынға алды. Бұл сындардың Голощекин тарапынан қалай қабылданғанын байқау үшін 1927 жылы VI Жалпы қазақтық партия конференциясында оның сөйлеген сөзінен стенографиялық үзіндіні келтірелік: «Когда я говорю – Садвакасов, то я имею в виду собирательное имя: это Садвакасовщина, с целой плеядой, к которой примыкает и Султанбеков и Каратлеуов, и Мустамбаев, и ряд других – эти извините за выражение, «строители социализма» (смех).

В чем заключается постановка вопроса Садвакасовым на 2-ом пленуме? Он говорит, вы на бая нападаете, уравниваете его с кулаком, не надо изменять социально-экономических отношений, нужен гражданский мир...

Какой план он все время предлагает и на 2-ом пленуме, и недавно на бюро по вопросу о кооперации? Тут, товарищи, надо различать кооперативный план Ленинский и кооперативный план Садвакасовский (смех).

В чем состоит кооперативный план Ленина, об этом вчера говорил тов. Андреев. При буржуазном строе, при капиталистическом

строе кооперация есть форма, где объединяются кулачки, мелкие собственники, они растут на этом объединении. Было два типа кооператоров: одна группа – фантазеры, утописты, которые думали, что этим путем они придут к социализму, а другая группа – настоящие буржуазные идеологи, которые проповедовали кооперацию, как таковую. В Сибири эта кооперация была демократической опорой Колчака.

Когда мы изменили направление кооперации при диктатуре пролетариата, после того как мы уничтожили помещиков и подрезали кулака, тогда мы в состоянии идти к социалистическим мероприятиям. А Садвакасов говорил не надо идти к Октябрю экспроприровать, а надо давать кооперацию. Это не Ленинский план, это противоположность: это план буржуазных идеологов и практиков, это кооперативный план без диктатуры пролетариата. Такая кооперация, которую предлагает Садвакасов, ведет не к социализму».

Иә, Голощекин Сәдуақасовты Ленинге қарсы қоюға барынша тырысып бағады. Бірақ Ленин өмірінің соңғы жылдарында жазған «Кооперация туралы» деген еңбегін оқыған адам, керісінше, оның көзқарасымен Сәдуақасовтың көзқарасынан өзара үндестік, жақындық табар еді. Ленинді пайдаланып, Сәдуақасовқа қарсы «жорыққа шыққанда» Голощекин әрине, Қазақстан коммунистерінің теориялық даярлықтарының шамалы екенін білетін. Олардың Сәдуақасовты жақтап, Голощекинге қарсы тұруға батылдары жетпейтінін жақсы түсінді.

Сондай-ақ Сәдуақасовтың 1928 жылы 15 қаңтарда «Большевик» журналының № 1 санында «О национальностях и националах» (56-64-беттері) деген азулы мақала жариялап, Қазақстанды Одақтың шикізат көзі етіп қалдырмақ болған партия басшыларының индустриялауға байланысты саясатын сынауы да елдің назарын мықтап аударды. Солардың қатарында ол Голощекиннің 1927 жылы «За партию» журналының № 2 қазан айындағы санында жарық көрген мынандай пікіріне шүйілді. «В области промышленности (в Казахстане – С.С.) основе не столько в крупной, сколько в местной мелкой, а средней (крупорушки, шерстомойки, маслобойки, ремонтные мастерские и т.д.) т.е. во всем том, что связано с сельским хозяйством и делает его рентабельным».

Ал С. Сәдуақасов осы орайда былай дейді: «Тов. Голощекин, промышленность приставляет в хвосту сельского хозяйства, предопределяя таким образом вечно крестьянское существование Казахстана. Разве можно говорить о промышленности и предлагать

только ремонтные мастерские?.. Почему тов. Голощекин не может или, вернее, не хочет идти дальше шерстмоек, тогда как сама собой напрашивается и организация суконных фабрик...

«Блюститель» сельского хозяйства в Казахстане, тов. Голощекин забыл, между прочим, о том, что отсутствие или слабое развитие промышленности задерживает рост и сельского хозяйства, что товарность в сельском хозяйстве стоит в прямой зависимости от темпа развития промышленности и что без развития товарности сельское хозяйство не может выйти на широкую дорогу интенсификации и коллективизации» (Сонда).

Шынында, Голощекинді С. Сәдуақасов Қазақстанды ірі өнеркәсібі дамымаған орталықтың шикізат көзі ретінде қалдырмақ болған ниеті үшін сынап отыр. Қазақстанның күні бүгінге дейін халық шаруашылығының көптеген салаларында орталықтың шикізат көзі болып келгенін ескерсек, сонау 20 жылдардың екінші жартысында ақ осы мәселені жөнге келтіру үшін жан ұшыра дабыл қаққан, орталыққа отар болып қалудан Қазақстанды сақтандырған С. Сәдуақасовтың көрегендігіне, оның республикаға деген қамқорлығына, шексіз адалдығына қалай риза болмассың.

Жоғарыда аталған мақаласында Голощекиннің жергілікті ұлт кадрларын қазақ өлкелік басқару орындарына жұмысқа тартуға немкеттілігіне де қарсы тұрды. «Разве свидетельствует об обладании высоким тактом приличия со стороны тов. европейца, когда ответственный секретарь казахстанского крайкома ВКП(б) тов. Голощекин на предложение националов о большем привлечении местных работников в руководящие органы КК «Изобличает нас» в «корыстной цели», будто мы только «заботимся о самих себе». Следует ли после это обижаться тов. Голощекину, если национальные его же (Голощекина) добром будут бить ему же челом?» (Сонда).

Голощекиннің кезінде республиканың басқару органдарында жергілікті ұлт кадрлары емес, еуропалықтардың, әсіресе, орыстар мен еврейлердің көбейіп кеткені белгілі. Өкінішке орай, Қазақстанға сырттан кадрлар әкелудің орнына, оларды тұрғылықты халық өкілдерінен көптеп даярлау ісі елеусіз қалдырылып келді. Егер сонау жылдары-ақ С. Сәдуақасов көтерген мәселеге орталықтағылар, мәскеуліктер шындап көңіл бөлсе, Қазақстанда әлдеқашан-ақ шын мәнінде әділетті ұлттық кадр саясаты салтанат құрар еді.

Әрине, А. Байтұрсынов, М. Дулатов тәрізді көзі ашық қазақ халқының ұлы тұлғаларын шығарған өңір – Голощекин мен Сәдуақасовтың арасында қатты шиеленіскен 1927 – 1928 жылдардағы саяси

тартыстардан толық болмаса да едәуір хабардар болды. Өйткені бұл мәселеге байланысты, мысалы, VI Жалпы қазақтық партия конференциясының есебі мен басқа да материалдарында кеңінен қамтылды. Олар кезінде жеке кітапша болып шыққан болатын.

Батпаққара көтерілісі төңірегінде С. Сәдуақасов өз ойын ашық білдіріп, бұл бассыздықты бейбіт түрде кооперация негізінде, азамат соғысын бастамай, яғни кедейді байға айдап салмай басуға болатындығын дәлелдеп бақты.

Басшы органдар бұл жөнінде С. Сәдуақасовтың Батпаққара өңіріндегі беделіне ғана назар аударған жоқ. Олар қолдарында ешқандай да дәлелдері болмағанына қарамастан, осы көтерілісті Алашорда өкілдері ұйымдастырып отыр деген күдіктерін шындық етіп көрсетуге барынша күш салды. Ол БК(б)П Қостанай округтік партия комитетінің Мәскеуге, Орталық партия комитетіне жолдаған хатында да көрініс берді. «...егер біздің, – деп жазылған онда, – әлі күнге дейін бұл көтерілісті бұрынғы әрі қазіргі алашордашылар басқарғандығына тікелей дәлелдеріміз бен фактілеріміз болмаған болса, онда көтерілісшілер ұрандарын қолдап, оны ұйымдастыру шараларын жүргізбеді деп айтуға негіз жоқ» (348-іс, 180-п.).

Ақиқатына жүгінсек, бұрынғы Алашорда мүшелерінің көтерілісіне қатысқандарын көрсететін, ал көтерілісшілердің олардан үлгі алардай ешқандай дәлел кездеспейді. Көтерілісшілер тек 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысындағы тәжірибені пайдаланған. Мұны Қазақ өлкелік партия комитетінің сол жылдарғы мүшесі, Голощекиннің ең жақын серіктерінің біріне айналған Измұқан Құрамысов көтеріліс мәнін айта келіп, 1930 жылғы 2 қаңтарда болған Қазақ өлкелік партия комитетінің жабық бюро мәжілісінде сөйлеген сөзінде ерекше атады: «...Үшінші ерекшелік мынау, – деген еді ол, – бұл бұрынғы Торғай уезіндегі ірі алашордашылар Байтұрсыновтың, Дулатовтың және басқалардың Отаны. Оның үстіне мынаны да ескермеуге болмас. Қазақтарды тыл жұмыстарына алу кезінде бұл уезд тұтастай патша үкіметіне қарсы көтеріліске қатысып, бүтіндей қарсы шықты. Сонымен қатар ескі дәстүрге сай «сарбаз» сөзі бұларда 1916 жылдан қалған», – деп тұжырым жасайды (17-т., 348-іс, 141-п.).

Шындықты, яғни 1916 жылғы көтерілістің Батпаққара көтерілісіне ықпалын мойындай тұра Құрамысов одан әрі өзінің алашордашылар туралы пікірін тереңдете, алашордашыларға қарсы арандата түседі: «...және онан соң айта кету керек, неге екенін біліп болмайды, әрине, бұл кездейсоқта емес, бұл уезде байырғы беделді адамдар бар. Олар Смағұл Сәдуақасов, Торғай ауданында ерекше үлкен

беделге ие, ал Жанкелдин жолдас бәріңізге белгілі. Сол жерден шыққан, жұрттың бәрі сыйлайды. 1927 жылға дейін онда (Батпаққарада – *Т. О.*) дұрыс саясат жүргізілмеді. Онда партбилеттері бар алашордашылар басшылық етеді, оларда Байтұрсыновтың, әсіресе Дулатовтың ықпалдары өте зор. Болыстық аппарат көбіне уездің басшы қызметкерлерінің алашордашылардың ықпалында болды. 27-ші жылы (1927 ж.) онда Торғай ісі болып өткенін, сөйтіп, көптеген алашордашылар сотталғанын қалай ұмытарсың. Сол 27-ші жылдан бастап бұл уезд біртіндеп кеңестендіріле бастады» (142-п.).

Сонымен, Құрамысовтың ойынша, бәріне қалталарында «партбилеттері бар» бұрынғы алашордашылар кінәлі. Иә, Қазақ өлкелік партия комитетінің жергілікті жерлердегі күштеу саясаты емес, кезінде Кеңес өкіметі кешірім жасап, большевиктер қатарына қабылданып, басшылық қызметтер де істеген бұрынғы алашордашылар кінәлі. Батпаққара көтерілісінің себептерін, сипатын осыншама сорақылықпен бұрмалаған, Қазақстан партия басшыларының бірі болған осындай адамның негізгі пікірлеріне не уәж айтарсың. Тіпті, көтеріліске ешқандай қатыстары жоқ А. Байтұрсыновты, М. Дулатовты, С. Сәдуақасовты жазықсыз кінәлауға І. Құрамысовтың қалай ары жетті екен. Сол жылдары қазақ партия қызметкерлерінің ішінен шыққан ең үлкен «шолақ белсенді» І. Құрамысовтың бетпердесіз кескіні міне осындай. Бұл оның ғана емес, сол тұстағы «шолақ белсенділердің» ортақ қасіреті.

Кімнің кім екенін анығырақ түсіну үшін осы жабық бюро мәжілісіне қатысып отырған және жоғарыдағы І. Құрамысовтан кейін көп кешікпей-ақ сөз алған Әліби Жанкелдиннің пікірін тыңдайық: «Менің көтерілістің сипатына тоқтағым келеді. Біздер халықтың кедей бөлігі бас көтеруге ешқандай да қатыса қойған жоқ десек те айта кеткен жөн. Жергілікті жерлерде оның бұл көтеріліске көптеп қатысқаны анықталды. Бір кедей өзінің батырағын Торғайға жөнелткен екен. Торғайға жетпей, ол жолдас Волленбергтің агентімен кездесіп және оған кеше кешке Батпаққарада осындай да осындай болды дейді. Анау болса Торғайға келеді де, Торғай ауданы бойынша уәкілге естігенін айтады. Ол Алматыға, Ақтөбеге, Мәскеуге және Қостанайға жедел хабар түсіреді. Ал бұл хабардан Қостанай біраз уақыт тыс қалса керек, ондағылар бұған ренжіген көрінді. Мұны уәкілдің бұл оқиғаға шамадан тыс үлкен мән бергенінен деп түсінген жөн болар, бәлкім. Осыдан соң екі күннен кейін келіп жетті, тұтқындады, қиратты, рас, онда небәрі 3-4-ақ винтовка болғандықтан,

ешкімді қарусыздандыру да қажет болмай қалды. Бандиттер қашып құтылды. Ал Батпаққарада шамамен 200 адам тұтқындалды, олардың 40-ы қайта босатылды да, қалғандары Қостанайға жөнелтілді... (144-145-пп.).

Ізмұқан Құрамысовтың сөзі мен Әліби Жанкелдиннің сөзінің үлкен айырмашылығы бар екенін байқау қиын емес. Ә. Жанкелдин алашорда туралы, оның басшылары – кезінде өзімен жақсы таныс болған А.Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. туралы ауыз ашпайды. Әңгіменің ауанын басқаға аударып, көтерілістің қалай болғанын қарапайым түрде әңгімелеумен тынады. Әлекеңнің Батпаққараға жағдайды тексеру үшін 1929 жылдың күзінде барып қайтқаны және белгілі. Бұл жерде Әлекеңді өз көзқарасын дәлелдеп, С.Сәдуақасовты және т.б. алашорда басшыларының бұл көтеріліске қатыстары жоқ екенін ашық айта алмаған деп кінәлауға әбден болар еді. Бірақ мынаны да ескерген жөн: мұндайда Ә. Жанкелдин І.Құрамысовпен ғана емес, Ф. Голощекиннің өзімен де саяси көзқарас жағынан ашықтан-ашық қарама-қарсы текетіреске шығар еді. Мұндай айтыс, күрес, әрине, И. Сталин қолдап отырған Голощекиннің жеңісімен аяқталар да еді. Сондықтан да мұны жақсы түсінген Ә.Жанкелдин аңысын аңдып, тактикалық қадам жасап, принциптік мәселеде амалсыз тайғанақтық танытты. Голощекинге қарсы шығу үшін С.Сәдуақасовтың жүрегіндей батыл жүрек керек еді. Өкінішке орай, мұндай шындыққа ғана жүгінген қасиет сол жылдардағы Голощекин төңірегіндегі қазақ партия, кенес қайраткерлерінің көбінде жетіспей жатты.

Ал енді Батпаққара көтерілісіне келсек, рас, мұнда Аманкелді Имановтың көтерілісшілері тәрізді сарбаздардың саны көп бола қоймаған. Өйткені көтеріліс бірнеше күн ғана – қарашаның 1-нен (ал құжаттардың бірінде қарашаның 3-нен) (178-п.) басталып, 8-9-на дейін созылды. Көтеріліске шыққандар саны шамамен 400-500 адамдай. Оның ішінде қаруланғандар 50 адамнан аспайды.

Ал енді Батпаққараға көрші Наурызым ауданында көтерілістің қалай өрбігеніне келсек, жоғарыда аталған осы ауданның №7, 8, 9, 10, 11 ауылдары көтерілісшілер қатарында болды. Бұлардың мақсаты – Наурызымнан оңтүстікке қарай 70 шақырымдай жердегі елді мекенді басып алып, Батпаққарадан күш қосып алған соң, Наурызымға қарай кері шабуыл жасау. Сөйтіп, бір мезгілде Торғайды басып алуды көздеген. Құжаттардың бірінде: бұл жерлерде қатарды толықтырып алған соң, олардың Қостанайға шабуыл жасауды да

көздегені атап көрсетіледі. Дегенмен де, қарусыз көтерілісшілер мұндай тәуекелге барар еді деуге де негіз жоқ.

Қарашаның тоғызында жеделдетіп жеткен жазалаушы отряд мұнан әрі көтерілісшілердің еркін қимылдауына жол бермеді. Алғашқы сәтте-ақ көтерілісшілер жазалаушы отрядқа қарсылық көрсетуге де жарамай, ұсақ топтарға бөлініп, жан-жаққа бытырай қашып, тығыла бастады және олардың негізгі бұқарасы өздерінің ауылдарына қайтып оралды.

Қолға түсіп ұсталғандар арасында хан Бармақов, ұлттық әскердің қолбасшысы Баймұратов бар еді. Жалпы көтерілісшілердің 200-ге жуығы, оның ішінде 40 адамдай қозғалыстың белсенді басшылары тұтқындалды.

ОГПУ-дің мәліметіне сенсек, олардың 10-ы «бақуатты байлар» (егер олар шынында да «бақуатты байлар» болса, 1928 жылғы кәмпескелеуге қалайша ілікпей қалған?) бірі молда, бірі аудандық атқару комитетінің төрағасы, бірі оқыған, екінші біреуі және біреуі алашордашы (9-п.). Соңғылары Міржақып Дулатовтың туыстары деп көрсетілген. Бұл жерде әңгіме біз жоғарыда айта кеткен Асқар Дулатов пен Зұлқарнай Дулатов туралы болып отыр деуге болар. ОГПУ-дің әскери отряды бастығының орынбасары Саенконың жазған мәлідемесінде соңғы аталған Зұлқарнай Дулатов туралы мынандай пікір айтылады: «Тамыз айында Наурызым ауданының 10-ауылында жасырын жиналыс өткізілгені Алашорда көсемі Дулатовтың туысы – Зұлқарнай Дулатовтың осында келгені туралы мәлімет бар. Бірақ ұлтшылдар басшыларының Алашорда идеологтарының есімдері көтеріліс туралы материалдарда көрініс бермейді...» (177-п.).

Әрине, көрінген мәлімет тарихи шындықты бейнелей алмайды. Егер Зұлқарнай Дулатов көтерілісті шынында да ұйымдастырған болса, онда Батпаққарадағы оқиғаның бел ортасында жүрмес пе еді. Шын мәнінде, ОГПУ келтіріп отырған бұл мәлімет, осы органның Батпаққара оқиғасын қалайда Алашордамен байланыстырмақ болғанын біз жоғарыда айтқан ниетті ғана аңғарта алады ғой деп ойлаймыз.

Мұнымызды ОГПУ құжаттары да дәлелдей түседі: «Көтерілісті даярлаған идеологиялық орталыққа келер болсақ, ол туралы тек кейбір деректерге ғана жүгіне аламыз: сөз жоқ, бұған жергілікті ұлтшылдар шырмалған.

Көтеріліс басшыларының бірі – Қостанай округіндегі көрнекті алашордашы Смағұлов болып табылады. Көтерілістің басшы бөлігі

алашорда қозғалысы мектебінен өткен және осы уақытқа дейін соңғылармен байланыстарын сақтаған» (177-п.).

Батпаққара көтерілісі басталардан бір жыл бұрын тұтқындалған Міржақып Дулатов бұл көтеріліспен қалайша байланысты болмақ? ОГПУ-дің осыны әдейі түсінгісі келмей, қазақ халқының талантты ұлын тағы да жазықсыз қаралай түскісі келгені – көпе-көрінеу жасалып отырған қиянат. Жоғарыда біз келтірген ОГПУ құжатынан алынған үзінді де көтеріліс басшыларын «жергілікті ұлтшылдар» деп атап, оларды алашорда қозғалысымен тікелей байланысты етіп көрсетуді мақсат етіп отыр. Осындай ешбір дәлелсіз жалған жорамалдар 30 жылдардың ішінде көптеген жазықсыз жандарды, жарқын саяси тұлғаларды сталиндік түрмелерге қамап, кінәсіздан-кінәсіз өлім жазасына кесті. Батпаққара көтерілісіне қатысушылар ОГПУ кестесінде саяси тұрғыда төмендегідей бейнеленген.

Ауылдық кеңес мүшелері	Коммунистер	Комсомолдар	Қосшы одағының төрағалары
5	3	12	2

(17-т., 348-іс, 9-п.).

Көтеріліске қатысушыларға – «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық бас көтеру ұйымдастырды» дегеннен басқа Батпаққарадағы кәперәтивтерді талқандағандары, оның мүліктерін өзара бөліп алғандары, аудандық мекемелерді талқандағандары үшін кінә тағылды. Көтеріліске қатысқандардың және аудандағы мекемелер мен кәперәтивтер мүліктерін талан-таражға салғандар ішінде коммунистер мен жекелеген партия органы қызметкерлері де бар болып шықты. Коммунистердің біразы сарбаздар қатарында болғандығы анықталды. Мысалы, Торғай ауданының 15-ауылынан шыққан партия мүшелігіне кандидат Мінеев сарбаздар қатарында болса, Батпаққара аудандық партия ұясының бюросына мүшелікке кандидат Қазақов аудандық шаруашылық ұйымдарының бағалы заттарын бөліп алуға қатысқан. Оның үйінен үш арбаға жүк боларлықтай осындай дүние-мүліктер табылды. ГПУ органдары тексере келе, Батпаққара партия ұясының хатшысы Нұркеевтің де көтеріліске қатысы бар деген шешімге келді.

Сөйтіп, ол да тұтқындалды. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, көтеріліске қатысу комсомолдар арасында да орын алған. Мұның

нақты көрінісі – Торғай ауданының № 15 ауылының бірнеше комсомол мүшелерінің өздерінің ұяларының хатшыларының бастауымен көтеріліс кезінде сарбаздар қатарында жүруі.

Ал енді кеңес, партия органдарының басшы қызметкерлеріне келер болсақ, жиырмаға тарта кеңес органдары қызметкерлері, БК(б)П аудандық комитетінің хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, атқару комитеті төрағасының орынбасары, милиция бастығы және басқалардың көтеріліске қатыстары бар деп табылды.

Аудан басшы қызметкерлері қарусыз көтерілісшілерге қарсы бір рет болса да мылтық атып қарсылық білдірмегендері, яғни ешқандай қарсылық көрсетпегендері үшін кінәланды. «...Азғана қарсылық болғанда – көтерілістің, оның үстіне аудан орталығын басып алушылардың алдын алуға болатын еді», – деп дәлелдеуге күш салды ОГПУ органдары.

Көтерілісшілердің қаруларының болмағаны шындық. Олар аудан орталығына басып кіргенде милицияның өз еріктерімен тапсырған қаруларымен және осындағы аңшылар одағы магазиніндегі 75-ке жуық аңшы мылтықтарымен және бердеңкелермен қаруланды (9-п.).

Көтеріліс кезінде ерекше белсенділік көрсеткен кейбір кісілер туралы ОГПУ тізімінен үзінді мәліметтерде былай дейді: «Абайділда Бекжанов – Наурызым ауданының тұрғыны, Наурызым милициясының бұрынғы бастығы, соңғы кездері Дулатов басқарған белгілі Алашорда тобымен тығыз байланыс орнатқан және келісімге келген. Сейітбек Қалиев – малға бай, бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Баймұратов – Батпаққара ауданының байы; Ахмедия Смағұлов – ұлтшыл оқымысты, бай, бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Торғай ревкомының алғашқы төрағасы; Жүсіпов – Торғай ауданының 15-ауылының байы, отряд басшысы, Баялии, Әлімбеков, Қыдыралин – байлар, жігіттерді көтеріліске тартушылар» (17-т., 348-іс, 181-п.).

Көтеріліс жеңіліске ұшырап, ОГПУ ауыл-ауылдарды аралап, көтеріліске қатысты дегендерді толық қолға түсіру мақсатымен еріктілер отрядтарын ұйымдастырған кезде оған жазылғандар ішінде бұрынғы көтеріліске қатысушылар да болып шықты. Олардың осылайша қудаланудан аман қалуға әрекеттенгені байқалады.

Дегенмен, көтерілістің дем берушілерін жергілікті халықтың өздері көрсетіп, ГПУ-ге ұстап жапты. Мысалы, хан Омарбай Бармаков осылай ұсталды.

Жоғарыда біз атап көрсеткен филолог-ғалым Сейтбек Нұрханов жазып алған естеліктерге назар аударсақ, көтерілісшілер жеңілген-

нен кейін көп кешікпей-ақ ОГПУ қызметкерлері Дәненов Нұрыштың үйінде көтеріліс басшыларының бірі Абайділда Бекжановты інісі Байшамен бірге 1916 жылғы көтерілістерде және біз әңгімелеп отырған көтеріліске де белсене қатысқан Орманбек Наурызбековті, Ақат Наурызбековті, Хамза Жүзбаевты, Ахмедия Смағұловты және басқаларды үй иелерімен бірге тұтқынға алғанын байқаймыз. Бұлар – Жақаңның (Міржакып Дулатовтың) туған ауылының адамдары.

Осы арада айта кеткен жөн, тұтқындардың алды-арты бұл ғана емес. Халық 1930 жылы наурыз-сәуір айларында болған әйгілі Қарақұм наразылығына қатысқандары және белгілі. Біз әңгіме етіп отырған аймақтан Төлебайдың балалары Ташмағамбет, Бекет, Қаппаз, Байнақаты, Молдахмет Бажықанов, Мықан Нұрмағамбетов, Мәмбет Маужанов, Қаражар Манбаев, Қазкелді Қарпықов, Көбектің екі ұлы Бірмағамбет пен Асат, Достанның Нұржаны, Қабақтың Кәрібозы, Тілеудің Құсайыны, Омардың Сақтағаны, Жақанның Жақыбы, Құдайсүгірдің Ермағамбеті, Тоймағамбеттің Байкемелі, Бекмағамбеттің Дәужаны мен Дәурені, Достанның Байділдасы, Шілдебайдың Хасені, Есеннің Ілиясы, Ершетайдың Байышы, Ахметтің Молдағалиы, Биболсынов (есімі белгісіз) тәрізді кісілер Қарақұм наразылығына қатысушылар ретінде шамамен 40-қа тарта адам тұтқындалып, бұлардың ішінен 2 адам ғана тірі оралған. Осы құрбан болғандардың ішінде кезінде Амангелді Имановтың мыңбасысы болған Қабақтың Кәрібозы тәрізді абзал азаматтардың кеткені де белгілі болып отыр.

Ажал апатынан аман қалғандардың біразын 30 жылдардың соңындағы қуғын-сүргін тағы да «жазалап» кетті. Мысалы, жоғарыда тізімде аталған Төлебайдың Бекетінің жасөспірім, 14-15 жастардағы баласы Бекеттің Кәкітайын алғаш әкесімен бірге 2 жылға соттап босатқан екен, бірақ 1937 жылдың зобалаңында тағы да тұтқындалған балауса жігіт мүлде хабар-ошарсыз кеткен.

Айта кеткен жөн, аталған адамдардың біразының ату жазасына кесілгені белгілі. Бірақ осындай ауыр жазаға кесетіндей олардың қандай қылмыстар жасағаны және белгісіз. Батпаққара көтерілісінің Қазақстанда болған басқа бас көтерулерге қарағанда өзіндік ерекшелігі сол – алғашқы күннен-ақ көтерілісшілер қан төгуге қарсы болып, «қан аз төгілсін» деген ниетпен әрекет жасады. Қолға түскен аудандық деңгейдегі басшылар мен қызметкерлерді басқа жерлердегідей өлтіруге жол берілмеді. Сондықтан да адам шығыны болған жоқ. Қолға түскендерді қыспаққа алып қорқытты. Мысалы, Батпақ-

кара аудандық атқару комитетінің төрағасы Әжібаев қолға түскен кезде көтеріліс басшыларының бірі Нарбай Қадыралин: «Маған кара қойлар отары басшысының басын беріндер. Оны мен өзім-ақ жайғайын», – деді деп жазылған партиялық құжатта (183-п.).

Осы ауданда атқару комитетінің төрағасы болмай тұрып-ақ, Әжібаев байларды кәмпескелеуге байланысты осында уәкіл болған еді. Ол жылдары әрине, Әжібаев қаласа да, қаламаса да үкіметтің қатал саясатын жүргізді. Архив құжатында мынандай да мәлімет келтірілген: көтеріліске қатысқан байлар Әжібаевты 1928 жылы кәмпескеленіп, жер аударылып кеткен бай Қаралдиннің әйелінің қолына өш алып, жазалауға бермек болыпты. Қаралдиннің бұл әйелі күйеуінен амалсыз әдейі ажырасып, осы округте қалып қойған екен. Осындай жалған ажырасуға ықпалын тигізген деген айыппен кезінде аудандағы прокурордың көмекшісі болған Алманиязов партия қатарынан шығарылып, қызметінен босатылған еді. Орайы келгенде айта кеткен жөн, кәмпескеге ұшыраған байлар арасында әйелдерімен жалған ажырасудың орын алғаны рас. Мұны олар отбасым жер аудардан аман қалсын, туған жерден, ел арасынан ешқайда қозғалмасын деген ниетпен жасаған еді.

Ал енді жоғарыдағы аудандық атқару комитетінің төрағасы Әжібаев болса, көтерілісшілер қолына түсіп, тұтқындалғаннан кейін, көтерілісшілер оның шашын тықырлап алып тастап, өзін мешітке молдаға апарып, дұға оқуды үйреткен.

Қостанай округтік партия комитеті және ОГПУ органдары Батпаққара көтерілісі кезінде өздеріне ұнамаған жоғарыдағы да жекелеген фактілермен көтерілістің ұлтшылдық діни сипатта болды деген үстірт қорытынды жасауға бейім тұрды. Бұл орайда көтерілісшілер Батпаққараға келіп кіргенде, онда ақ жалау көтерілгені, Құраннан үзінді жазылғаны, Батпаққарадағы байлардың бірінің «жеңіс құрметіне құдайға құрбандық шалып» мал сойып, оған елді шақырғаны және көптеген ұсақ-түйек дәлелдер жоғарыдағыдай көтерілістің сипатын Кеңес өкіметіне жау етіп көрсетуге пайдаланылды (348-іс, 183-п.).

Көтеріліске берілген осындай баға БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1930 жылы 19 қаңтарда болған жабық бюро мәжілісінде ресми түрде айтылды. Осында қабылданған қаулының мазмұны төмендегідей:

«Тыңдалды: жолдас Манаевтың және жолдас Жанкелдиннің Батпаққара оқиғасы туралы мәліметтері (жолдас Морозов пен жолдас Барнбейм). Қаулы етілді:

1. Өлкелік комитет өзінің 7 қаңтардағы қаулысында (№167 бюро хаттамасы) айтылған, «ҚҚАО, Бостандық және Батпаққара аудандарындағы контрреволюциялық бас көтерулер бүкіл Қазақстандағы кулактардың және байлардың таптық бас көтерулерінің бір үлгідегі құбылыстары болып табылады... кедейлер мен орташалардың азғантай тобын өз қатарларына тартулары жергілікті партия және кеңес органдарының қателіктері ретінде таптық бұрмалаушылар деп түсіндірілді. «Мұндай істің зиянды болатын себебі, дінге қарсы күрес жүргізудегі партия саясатын бұрмалау болып табылды», – делінген Батпаққара оқиғасының бүге-шігесіне берілген бағада.

2. Жеке алып қарасак, Батпаққара ауданы басшылығындағы төмендегідей дөрекі бұрмалауларды өлкелік комитет атап көрсетеді: батырақ ісі делінетін 53-терді тұтқындау, астық салығы, мешіттерді әкімшілік жолмен жабу, тағы сондайлар.

3. Ауданның бұрынғы басшыларын ауыстыру жөнінде округтік комитет дұрыс саясат жүргізіп отырса да, ол батырақ және кедей белсенділерінің таңдаулыларын ұсыну негізінде емес, қызметкерлердің лайықсызын, қолайсызын таңдау түрінде жүргізілді. Аудандық комитет хатшысы партиядан шығарылса да ұйымды «басқарған», ал оны ауыстыруға жіберген адам – байлардың бас көтеруін жақтаған кісі.

4. Ж. Әжібаевтың тарапынан хабар ретінде жіберілген бірқатар хаттарға округтік комитет ықылас қоймаған. Бұл өзара сынның нашар дамығанына, өзара сынның аудандық партия ұйымында мүлде толығымен жоқтығына және Батпаққара ауданына округтік комитет басшылығының қанағатсыз болғанына дәлел бола алады.

5. Өлкелік комитет бюросы Қостанай округтік комитетінің округтік ұйымның назарын, сондай-ақ партия бұқараның Батпаққара ауданындағы жүгенсіздіктерге ықпалы болмауы, партия және Кеңес өкіметі саясатын дөрекі бұрмалауларды Батпаққара бас көтеруін жою барысында дер кезінде ашып көрсетпеді және оларды жоюға бағытталған қажетті шараларды қолданбады.

6. Өлкелік комитет бюросы Қостанай округтік комитетін төмендегідей шараларды жүзеге асыруға міндеттейді:

а) ОК (округтік комитет – *Т.О.*) Батпаққара ауданына өзінің басшылығын күшейтуге назар аударып, бюро мүшелерін ұзақ мерзімге сонда жіберуге жұмылдырылсын.

б) Батырақтар мен колхозшыларды жоғары қызметтерге тарту нығайтылсын.

в) 53-терді тұтқындау, астық салығын салу, жүнге шарт жасасу, табыстарды кіре (салық) жинау және басқаларға кезінде жол берілген барлық қателіктер тез арада жойылып, кінәлілер жауапқа тартылсын.

г) Батырақ істері бойынша әділетсіз жазалау фактілері және ауылдағы атқамінерлер мен ақсақалдардың кінәлілері анықталсын, батырақ ісіне айыптыларды сотқа тарту ісі іріктелсін.

Түпнұсқаға қол қойған: Өлкелік комитет хатшысы Құрамысов.

Бюро хатшысы Гордиенко».

(348-іс, 189-п.).

Қаулыдан көрініп тұр, Өлкелік партия комитеті, тіптен өзінің жабық бюро мәжілісінде қазақ ауылында заңға қайшы тәртіпсіздіктер мен асыра сілтеулердің орын алғанын мойындап отыр. Мұның ішінде әкімшілік жолмен заңсыз 53 адамды тұтқынға алу, астық салығынан босатылған ауданға салық салу, мешіттерді жаппай күш көрсету жолымен жабу және басқалар бар.

Яғни Батпаққара көтерілісі күштеуге, зорлық-зомбылыққа қарсы халықтың табиғи жауабы, әлсіз де болса табанды қарсылығы болғанын мойындаған жөн. Бұл бас көтеру кезінде Батпаққарада қамауда 50 тұтқынның отыруы да біраз нәрсені аңғартса керек. Сталиндік әділетсіз жүйе сол жылдары көрінгенге жала жауып, оны кулак немесе ұлтшыл алашордашы ретінде заңсыз қамап тастауға жол бергені белгілі.

Ал енді көтерілістің қозғаушы күштеріне келер болсақ, олар кедейлер мен орташалар еді. Міне, осы мәселені ыждағаттылықпен тексерген Әліби Жанкелдиннің өзі де біз атап кеткен жайларды бюро мәжілісінде жасырмай айтты.

Олай болса, Батпаққарадағы бас көтерудің «контрреволюциялық» деп сипатталуы мүлде дұрыс емес. Мұндай голощекиншілдер берген бағаның түбірінен қате екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Егер осы көтерілістен кезінде дұрыс тағылым алғанда, одан дұрыс қорытындылар жасап, қажетті шаралар белгілегенде сол жылдардағы Қазақстан басшылары келесі, 1930 және 1931 жылдары болған халық наразылықтарының алдын алған да болар еді.

Бірақ амал қанша, Қазақстандағы сталиндік мемлекет басқару жүйесі салауатты, шынайы, байсалды да байыпты қорытындылар жасауға қабілетсіз болып шықты. Күштеу мен зорлау саясаты жалғаса берді және бұл қазақ халқын орны толмас қисапсыз көп материалдық және рухани қасіреттерге душар етті.

3-ТАРАУ. 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ

99

Қазақ азаматтары ерекше белсенділік көрсеткен, кеңестік күштеу саясатына ашық қарсылық танытқан – Созақ көтерілісі әлі де толық зерттеліп біте қойған жоқ. Созақ көтерілісіне тарих қандай баға береді? Оның сипаты, мақсаты қандай? Қозғаушы күштері кімдер? – деген тәрізді шым-шытырық сұрақтар қазіргі тарихшыларды мазалап отыр. Бұл көтеріліс туралы шындықтан жас ұрпақ әлі күнге дейін хабарсыз. Өйткені оның объективті де шынайы тарихы әлі толық жазылған жоқ. Ал енді бәрін басынан басталық. Көтеріліс басылып тасталған соң, көп кешікпей-ақ ол туралы И. Сталиннің өзі де хабардар болды.

«Көсемнің» салқын қабағына тап болып қалармын деп қорықты ма, жоқ әлде оны дер кезінде хабардар ету өзімнің міндетім деп түсінді ме, ол жағын кім білсін, әйтеуір 1930 жылдың наурыз айында Ф.Голощекин И.Сталинге жазған жабық хатында төмендегі сөздерді айтыпты: «...Ақпанда біз үш ірі бұқаралық қарулы көтерілістерге кездестік. Біріншіден, Сырдария округінің Созақ ауданында. Аудан малды, рулық қатынастар өте көп сақталған, дінбасылардың ықпалы күшті және Ташкенттегі ұлтшыл басшылықпен тығыз байланысты. Партия, совет жұмысының әлсіздігі және бұрмалаулар белен алып кетті. Бұл көтеріліске төмендегілер тән: көтеріліс басшылары бір ауданнан қатысқан байлар және ишандар; мұқият даярлық екі айдан астам уақыт жүргізілген көтеріліске халықтың көпшілігі тартылды, оларға аудан коммунистерінің едәуір бөлігі де қосылды. Ұйымдастыру ұраны діни: «Исламның атынан», «Байларға қарсы кеңес заңдарын қолдануға тыйым салу» болды; армияны рулық принциппен, әрбір қатысушыны ру басы – байдың қолдауымен ұйымдастыру; әскери шайқастағы жанқиярлық. Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олардың жағынан шайқаста 400-ден астам адам шығын болды. Олардың жағынан басқа аудандардың халқын тартуға байланысты жүргізілген көп жұмыстарды біздер дер кезінде талқандадық. Бұл бандиттік бас көтерулерді біз-

дер жойып жібердік. Бұл аудандарға ұйымдастырушылық бұқаралық жұмыстар жүргізу үшін көптеген қызметкерлер жөнелтілді»¹.

Осы ресми хатта болған жайды өз көзімен көргендей етіп жазып отырған Голощекиннің айтқандарын айна-қатесіз ащы шындық ретінде қабылдауға болмайды. Мұнда мәселеге имандылық, азаматтық көзбен емес, сол жылдарға тән тек жау таптар арасындағы қатынас тұрғысынан баға беру тайға таңба басқандай айна-қатесіз байқалып тұр.

Араға бір айдай уақыт салып, дәлірек айтсақ, 1930 жылдың 21 сәуірінде Голощекин Мәскеуге, БК(б)П Орталық Комитетіне тағы да осы мәселе туралы хат жазды. Бірақ бұл жолы хат тек Сталинге ғана емес, оның төңірегіндегі Молотовқа, Кагановичке, Смирновқа да бағытталды. Мұнда ол басқа ірі көтерілістермен бірге топтап, Созақ көтерілісін де атап, ол басталған күн деп 7 ақпанды көрсеткен².

Осы мысалдардың өзі-ақ Созақ көтерілісінің назар аударарлықтай ірі саяси оқиға болғанын байқатса керек. Әңгіме біздің ойымызша Созақ наразылығының көлемінде немесе сипатында емес, оны үкіметтің ОГПУ қарулы күштерімен зорлап басуында. Момын қазақты жүндей түтіп, қамырдай илей беруге болмайтынын Созақ оқиғасына кездескенде барып, Голощекин айқын түсінді. Солай бола тұрса да Сталин идеяларымен «ауырған» ол, қалыптасқан жағдайға объективті баға беруге қабілетсіз болды және бәріне басты кінәлілерді «байлар мен ишандардан» іздеді. Жоғарыдағы аталған екі хаттың соңғысында Голощекин былай деген болатын: «Сонымен уақыт көзімен қарағанда, мұны, бұл қозғалыстың таралуын ұжымдастырудағы қателіктермен ғана байланыстыруға болмайтынын көрсетеді»³.

Басқаларды аяусыз кінәлау арқылы өзінің ауыр қылмысын жасырып қалу Голощекинге ғана емес, оның ұстазы Сталинге де тән арсыз қасиет еді.

Созақ көтерілісіне арналған архив құжаттарының бірінде Созақ оқиғасы Бостандықта, Қарақалпақ автономиялы облысында, Батпаққарада болған оқиғалармен салыстырылады және қатар қойылады. Ал бұл оқиғаларға кезінде Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мәжілістері, пленумдары әділетсіз, біржақты теріс баға берді

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (алда – ҚРПМ), 141-к., 1-т., 2948-іс, 44-п.

² Сонда. 108-109 п.

³ Сонда. 109-п.

және оларды социалистік шабуылға қарсы ауылдың капиталистік элементтерінің өткір де жанқиярлық қарсылығы деп білді. Мысалы, Қазақ өлкелік партия комитетінің «Республиканың ауылшаруашылығының негізгі міндеттері туралы» мәселені қараған, 1929 жылы 11-16 желтоқсанда болып өткен V пленумының қарарында аталған көтерілістер және Батпаққарадағы «Сарбаздар көтерілісі» және басқа да жергілікті жерлерде наразылықпен бас көтерген халық қозғалыстары «ұлттық мүддені» қорғау сылтауын бетіне перде қылған бандиттік көтерілістер, социалистік құрылысқа қарсы әдейі бағытталған жаулық әрекеттер ретінде сипатталды. Бай, кулак және жартылай феодалдық элементтердің Кеңес өкіметінің саясатына қарсы біртұтас таптық майдан құруды көздеп отырған алғашқы қадамдары», – деп танылған бұл оқиғалардың шын мәнінде ұжымдастырудың Голощекин Қазақстанда орнықтырған қатал да тас жүрек, жартылай әскери және төтенше тәртіптеріне қарсы алапат аштықтың аузына жақындағандарын жан дүниесімен шыңғыра сезінген қалың халық бұқарасының соңғы тұяқ серпулері болғанын, қазіргі дәуірде ауыздығы алынып, тұсауы кесілген тарихтың сарыауыз шындығы айтып бере алады деп ойлаймыз.

Бірақ сол жаппай ұжымдастыру жылдарының өзінде-ақ аталған оқиғалардың ішінде Созақ көтерілісі өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетінін, егер басқа көтерілістердің негізгі ұйытқысы және соққы беруші күші орта шаруалар болса, оған тама руынан шыққан ауыл кедейлері мен батырақтарының да тізе қоса, орасан зор белсенділікпен тас түйін болып қатысқанын Созаққа барған Өлкелік партия комитетінің өкілі де, ПП ОГПУ қызметкерлері де амалсыз мойындап, ащы шындықтан айналып қашып, ол кезде Мәскеуде жүрген Голощекинге айтып жазды. Бірақ өзін жаулардың ортасында социализм мүддесін қорғап жүрмін, – деп, әбден сендірген санасы тап күресі идеясына уланып, тұманданған ол ұлттық ерекшелік, халықтық дәстүр атаулыға жанталаса қарсы болып, Созақ ісінен тек бандиттердің қолтаңбасын ғана көрді.

Бірақ көтеріліске қатысушылар өздерін бандиттерміз деп ойлаған жоқ, керісінше әділдік және азаттық жолында күресушілерміз деп білді. Әрине, олардың саяси білімі де, даярлығы да жоқ болатын. Сондықтан да Сталин-Голощекин тұзағынан шығудың тар жолын іздестіргенде «Социалистік құрылыс» деген жаттанды таптаурын ұранды жамылудан, оның үстіне малдан да, материалдық игіліктерден де жұрдай ете бастаған имансыз да құдайсыз сталиндік-голоще-

киндік тәртіптен о бастан-ақ Созақ көтерілісшілері іргелерін аулақ салды. Жаппай ұжымдастырудан туындаған шолақ белсенділер май құйып, маздата түскен әртүрлі асыра сілтеушіліктер: байларға орташаларды қосып кәмпескелеу, бас көтертпес жеке алымдар алуға құнығу, ет, мақта және жүн даярлау деген науқандардың арандарының ашыла түсуі, колхозға зорлап, қамшымен ат астына алып сабап кіргізу, колхоздан қашқан кедейді – кулак, орта шаруаны – бай қатарына жатқызу ұлттық және діни дәстүрлерді кемсітіп қорлау, аяқасты ету – міне, осылардың бәрі жергілікті халықтың зығырданын қайнатып, өзара шоғырлана түсуге, Созақ көтерілісіне іш тартып, көтерілісшілердің төңірегіне топтасуға өзінен-өзі итермеледі.

Көтеріліске итермелеген себептердің бірі – партия комитеттері жанынан құрылған, бай-кулактарды тап ретінде жойып жіберуді мақсат еткен «үштіктердің» (олардың құрамына аудандық партия комитетінің хатшысы және атқару комитетінің төрағасы, ОГПУ бастығы кірді – *Т.О.*) белсенді де қатал әрекеттері – байлар мен кулактарды малдан айырумен және абақтыға жабумен шектелмей, оларды шұғыл да төтенше түрде жер аударуға көшуі. 1930 жылы 19 ақпанда Қазақстанның үкіметі мен өкіметінің бірігіп қабылдаған жаппай ұжымдастыру аудандарындағы ауылшаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайтуға және кулактар мен байларға қарсы күресті күшейте түсуге байланысты шаралар туралы шешімінде, байлар мен кулактардың алғашқы тізімдерін жасау биліктері аудандық атқару комитеттерінің қолына берілді. Рас, бұл тізім күшіне округтік атқару комитеттері бекіткен соң ғана енетін болды. Созақ көтерілісі басталған Сырдария округінде тек үш ауданның өзінен ғана 220 кулак пен бай колхоздардан шығарылды, ал бұлардың едәуір бөлігі орташалар болып табылатын. Кінәсіз болса да сотқа шұғыл тартылған бұлардан барлық мүлік тартылып алынды. Үлгергендер, КСРО Колхоз центрінің нұсқаушысы Рогачевтің мәліметіне сенсек, мал-мүлкін тауға, адам аяғы баса бермейтін көзден таса, қалтарысы көп жерлерге тығып тастауға тырысты. Басқалардан тартылып алынған әртүрлі дүние-мүліктерді өкімет адамдарының өздерінің емін-еркін иемденіп алуы шолақ белсенділердің жас қыздарды айуандықпен зорлап кетуі, жұрт жиналатын, әсіресе, мешіттер мен базарларды жаппай жауып тастау, мешіттерді колхоз малын қамайтын мал қораларына айналдырып жіберу, үй басына жүн өткізу жоспарларын бекітіп қою және т.б. жергілікті жерлердегі өкімет органдарының жүгенсіздігі мен оспадар әрекеттері қалың бұқараның

қанын қайнатып, шыдамын тауысты. «Халық базардан қайтатын, Қожа-молда мазардан қайтатын» заман көзден бұл-бұл ұшты. Осы көтеріліске байланысты қалам тартып, арнайы зерттеулер жүргізген тарих ғылымдарының кандидаты Н.С. Байқадамов мұрағат құжаттары негізінде Созақтағы Тамалар бастаған көтерілістің себептеріне байланысты төмендегідей пікірлер айтады: «Көтерілістің басты себептері қатарына саяси-экономикалық науқандарды іске асыруды мақсат етіп қойған партия комитеттерінің жанынан құрылған арнайы «үштіктердің» асыра сілтеулерін жатқызамыз. Аудандық партия комитетінің Пленумында Созақ ауданын жаппай ұжымдастыру аудандары қатарына жеткізу үшін шаруашылықтардың 85 пайызын жыл аяғына дейін ұжымдастыру тапсырмасы белгіленді. Бар мал-мүлікті тәркілеп, байлар қатарына жатқызылғандардың отбасына орындалмайтын салықтар салып, оларды түп тамырымен жоюды қолға алды. Мысалы, 1,5 десятинадан 250 пұт мақта жинау міндеттелген. Тәркілеу кезінде үй-мүліктерімен қатар жеуге жарамды тағамдарды, киюге болатын барлық киім-кешекті тартып алып, мақта жинау кезінде көрпелерді сөккізіп, мақталарын жинатқан. Үй басына белгіленген жүн салығын орындау үшін киіз және басқа тұрмыстық жабдықтарды қайта түткізіп тапсыртқан. Байлар мен кулактар қатарына орташалар, кейде кедейлер де жатқызылып, олардың мал-мүліктері тәркіленіп, өздері жер аударылды. Заң қорғау органдары науқан кезінде көп жағдайда әділдіктен гөрі таптық қағидаларға көп көңіл бөлді. Сот органдары орташалардан батрактарға 100 сом салық бекіту жөнінде үкім шығарады.

1928 жылы 15 қарашада округтік прокуратурадағы «Тәркілеу кезінде жүргізілген жұмыстар туралы» баяндамада 8 кедейдің мал-мүлкінің тәркіленгені сыналған. Жергілікті жерлерге жіберілген өкілдер тәжірибесіздіктерінен, сауатсыздықтарынан көптеген қателіктер жіберіп, өздерінің жеке бас қамдарын жасап, тәркіленген мүліктерді талан-таражға салу да жиі кездесіп тұрған. Адамдардың жеке басын қорлау, оның ішінде орташаларға зорлық көрсету, қыл-бұрау салу, мұздай су құю, суықта ұстау арқылы қинау – сорақылықтың көрінісі екені даусыз. Халық жиналатын базар, мешіттер әкімшілік жолмен жабылды. Созақ ауданында ірі мешіттерді осындай жолмен тартып алып, тұқым қоймасына айналдыру халықтың ашу-ызасын тудырды. Аталған ауданда ескертусіз, арнайы органдардың рұқсатынсыз, жергілікті шолақ белсенділер өз бетімен 6 мешітті жауып тастады.

Кенес өкіметінің осындай және басқа асыра сілтеушіліктері, көз-бояушылықтары халық намысын қоздырып, «аттандап» жергілікті басшыларға қарсы қозғалуына себеп болды¹.

Дәл осындай зобалаңның сол тұста Созақ жерінде орын алғанын басқа деректер де дәлелдейді. Көтерілістің себептерін зерттеуші Мұхаммеджан Рүстемовтің төмендегідей пікірлерімен толықтыруға болады: «Созақ өңірінде халықтың көтерілуіне төмендегі жағдай басты себеп болды: табиғатында көшпелі халықты күшпен коллективтендіру арқылы Голощекин «мейлінше қысқа мерзімнің ішінде отырықшылыққа көшіру», орташаларды және тіпті кедейлерді де байлар қатарына жатқызып, мал-мүлкінен айыру, қалғандарына үстемелеп ет, астық, жүн, тағы басқа салықтар салып, халықты олардан құтылу үшін малдарын жұмсауға мәжбүр ету, сөйтіп қорек етіп отырған малдарынан түгелдей дерлік айырып, ашаршылыққа ұрындыру саясатын қолдады.

1929 – 1930 жылдардың қысында, шамасы қаңтардың басында болуы керек, құмдағы «Ақсақ бақсы» деген жерде қыстап отырғанымызда, – дейді Калинин атындағы совхоздың «Жеткіншек» бөлімшесінің тұрғыны Сейділдә Мұстафаев – сау етіп бір топ уәкіл келді де, «әр түгін бір қанардан жүн өткізесіндер, бір апта мұрсат береміз. Орындамасаңдар, қамаласыңдар», – деді. «Күзде бар жүнді өткіздік, жүн жоқ» дегенге сенбейді. Содан уақ малдары молдауы – жүні үшін 50-100 қой-ешкілерін, түйесі барлары түйесін сойды. Әкем мені Данабек деген ағаммен Шу бойын қыстап отырған туысқан жекжаттарға барып, қарызға жүн сұрап әкел деп жіберді. Төрт қанар жүн тауып, екі атқа артып келдік. Қыстың көзі қырауда алысқа барып қайту оңай ма, бір аптадан аса жүрдік. Ауылға келсек, біздің және жан-жақтағы ауылдан 17 адамды қамауға әкетіпті. Олардың ішінде менің атам – Ахмет, 72-ге келген елдің ақыл-парасаты мол қариясы Оңдыбайдың Арыстанбегі бар еді.

...«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ел арасында мақал болып тараған саясаттан, «қайдан тапсаң, онан тап – қаптың түбін қақ» деген асыра сілтеудің ұрда-жық бұйрығынан ел әбден титықтады. Кімде-кім қарсылық көрсетсе, аяусыз жазаланды, қамалды. Барлығына ашынған халық еш нәрседен тайынбады...»².

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928-1932 жж.): тарих ғыл. канд... дисс. Алматы, 2001. 99-100-бб.

² Рүстемов М. Созақ көтерілісі // Социалистік Қазақстан, 1990, 24 шілде.

Созақ көтерілісінде орташалар мен молдалар үлкен белсенділік танытты. Әрине, оларға айдалып кетуден аман қалып, тау-тасты тасалап жасырынып жүрген байлардың туыстары да келіп қосылды.

Көтерілістің басталуы туралы хабарды алған бетте-ақ ОГПУ органдары округтік партия комитеттерінің рұқсаттарымен көтеріліс тарала бастаған аудандарда көтеріліс ошақтарын қанға бояп басытын ОГПУ-дің қаруларымен қаруланған коммунистік отрядтар деп аталатын әскер бөлімдерін ұйымдастыру туралы шешімге келді. Коммунистік отрядтарға негізінен қалалардағы, өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылар, партия мүшелері мен жас комсомол мүшелері тартылды.

«Коммунистік» деген әдемі атпен атала тұрса да, бұл отрядтар еріктілік сипатта ұйымдастырылғандықтан, не қазақ ауылын нашар білетін, сондықтан да көтеріліске шыққан тұрғылықты халықты шындығында да бандиттер деп ойлайтын «сары ауыз» еуропалық жастардан немесе өзінің туған ұлтынан қол үзген, сондықтан оларды түгелдей бай қатарына жатқызып жіберуден де тайсала қоймайтын қазақ қоғамының сол жылдардағы жексұрын элементтері шолақ белсенділерден құралды.

Сондықтан да бұлардың қазақ ауылдарындағы әрекеттері де сорақы болып, халық наразылығын бұрынғыдан да бетер өршіте түсті. Өзінің қазақ ауылы туралы білім түсінігі шолақ, Қазақстандағы ең үлкен шолақ белсенді – Голощекин осы коммунистік отрядтарды ұйымдастырудың қате болғанын кейіннен наразылықтар әбден шиеленіскенде ғана ұға бастады. «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген осы да. Ол өзінің 1930 жылы 21 сәуірде Мәскеуге Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Смирновке жазған хатында былай деп мойындады: «Ақырында мұны да мойындауымыз керек, бастапқы кезде бандитизммен күресу тәсіліміз дұрыс болмады. Саяси тұрғыдан әсер етуге мән берілмеді. Ал бандылар туралы хабар құлағына тиісімен-ақ, бұл хабарды ешқандай тексерместен, ОГПУ отрядтар ұйымдастырып, окружкомдардың келісімдерімен және санкциялары бойынша мән-жайды айырмаған күйде және саяси жұмысты кейінге ысырып қойып, күресті әскери тәсілмен бастап та жіберіп отырды»¹.

Дәл осы күні, яғни 21 сәуірде Голощекин БК(б)П Шымкент округтік партия комитетінің хатшысы Гуринге ОГПУ-дің жауапты кезекшісі арқылы мынадай мазмұндағы суыт телеграмма жөнелтті:

¹ ҚРПМ., 141-к., 1-т., 2948-іс, 3-п.

«Қазақ аудандарындағы басшылықтағы және жұмыстағы дәрекі қателіктер туралы Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімінен бұрын отрядтардың қазіргі бар комотрядының зиянды ықпалын және жанжалдарды шешуге дұрыс келмеуін атап көрсетеміз. Әсіресе Созақ, Сарысу аудандарын еске ала отырып ескертудің және банды шайқаларының ықпалын жойып жіберудің саяси шараларын қолдануды ұсынамыз. Голошекин.

21 сәуір, 1930 жыл. Қазақ өлкелік партия комитеті. Алматы»¹.

Бұл жерде мынаны айтпай кетуге болмайды: жоғарыда, Сталинге және оның төңірегіндегілерге коммунистік отрядты округкомдардың «санкциясымен», яғни мақұлдауымен ОГПУ ұйымдастырды және «күресті әскери тәсілмен бастап» жіберді деп Голошекин өтірік айтып отыр. Бұл отрядтар шын мәнінде оның өзі қол қойған қаулыға сәйкес, яғни оның өзінің ұйымдастыруымен құрылды. Сөзіміз дәлелді болу үшін сол қаулыдан үзінді келтіреміз. Қаулы Өлкелік партия комитеті жабық бюросының 1930 жылғы 7 қаңтардағы мәжілісінде қабылданған.

Ол «Қарақалпақтағы, Бостандық және Батпаққара аудандарындағы контрреволюциялық бас көтерулерге саяси бағаны бекіту» деп аталады. Мұнда мынадай жолдар бар:

«VI. Қазіргі кезеңнің контрреволюциялық бас көтерулерімен күресудің міндеттеріне бейімделе отырып, ПП ОГПУ органдарына өзінің жұмысын қайта құру ұсынылсын.

ПП ОГПУ-ге бұл мәселені нақты анықтау және өлкелік комитет қарауына ұсыну тапсырылсын.

VII. Коммунистерден, комсомолдардан және мұқият іріктелген партияда жоқ жұмысшылардан және батырақтардан әрбір ауданда жауынгер отряд ұйымдастыру округкомдарға ұсынылсын, отрядтарды тікелей парткомға бағындырып, олармен үздіксіз әскери оқу-жаттығу өткізілсін.

Төраға Голошекин. Хатшы Рядин»².

Коммунистік отрядтарды шын мәнінде кімнің ұйымдастырып отырғанына енді оқырманның көзі анық жеткен болар деп ойлаймыз. Осының өзі-ақ Голошекинге Сталиннің өзін де алдап кету киын бола қоймағанын көрсетеді.

Көтерілістің басты ошағы – тама руының ауылдары орналасқан Сарысу ауданы болды. Ал енді көтерілісті басқарған, ОГПУ құжат-

¹ Сонда. 2954-іс, 13 – п.

² Сонда. 2926-іс.

тарында хан деп көрсетіліп жүрген адам кім? Соған тоқтала кетсек, ресми архив құжаттарында ол «Шанақов», «Чанақов», «Шанатов», «Шапақов», «Шалақов» болып әртүрлі берілген. Дегенмен, алғашқысы көбірек кездеседі. Сондықтан болар, біздің кезінде «Ана тілі» газетінде (1990 ж., 24 мамыр) жарық көрген осы көтеріліс туралы мақаламызға пікір айтқан «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған Шымкент облыстық «Әділет» ерікті тарихи-ағарту қоғамы президиумының төрағасы Мұхамеджан Рүстемов көтеріліс басшысының аты-жөнін Сұлтанбек Шонақов деп береді. Қайталап айтамыз, архив құжаттарының біразында ол шынында да Шонақов деп жазылған. Тіптен бір құжатта машинкада кеткен қате қолмен осылай түзетілген де. Дегенмен де, «шұнақ» болса бірсәрі, қазақтың құлағына «шонақ» деген сөз тосындай естіледі. Оның үстіне күдікті ұлғайта түскен тағы бір мәселе «Ана тілі» газетіне келіп түскен Созақ аудандық «Әділет» қоғамының төрағасы Дулат Тұрановтың хаты еді. Онда мынадай жолдар бар: «Хан деп жүргені (Т. Омарбековтың мақаласында Аллан) шындығында тама руының еті тірі, сол кездің өзінде 60-тың үстіне шыққан Сұлтанбек Шолақұлы болатын, Шолақ – орта шаруа, ал інісі Жақсыбай бай қатарында...»

Мұрағат құжаттарының бірі Д.Тұрановтың айтқанын растайды: «... 7 февраля райком и РНКом были получены сведения о готовящемся контрреволюционном восстании в первом ауле и о взятии бандами Чулакова Созака»¹. Ал енді кезінде тарихшы Т.Омарбеков «Ана тілі» газетінде келтірген «Аллан» осы Сұлтанбек Шалақовтың лақап немесе бүркеме аты болса керек: «отряд Алланского хана Созака наступают на Сарысу во главе с Мукушом»².

Дегенмен де Сұлтанбектің аты-жөніне байланысты соңғы кездерде жарық көрген еңбектер, оның Шалақұлы болып жазылуы керектігін айқындап берді. Мұны төменде келтірілетін Сұлтанбектің ата шежіресі дәлелдей түсетіндей.

Қалай дегенмен де бір нәрсенің басы даусыз ашық: көтерілісті басқарған кісінің есімі – Сұлтанбек.

Оқырманды Созақ көтерілісінде хан сайланған Сұлтанбектің өзінің ата-тегі және ұрпақтарының тағдыры қызықтырары сөзсіз. Бұл шынында да нақты тоқталуға тұратын мәселе.

Өтеш Қырғызбаев жариялаған «Созақ көтерілісі» атты кітапта осы мәселе туралы мынандай жолдар бар: «Сұлтанбектің негізгі

¹ Сонда. 1-т., 2968-іс, 8-п.

² Сонда. 9-п.

шыққан тегі – Тамадан – Жабал, Сәуірбай, Жанай, Құл, Шалақ болып тарайды. Шалақтың бес перзенті болған: Сұлтанбек, Әлібек, Бибіқыз, Бибітаң, Сарықыз.

Сұлтанбек ханның Нұрман, Сарман деген екі ұлы болыпты. Мен Нұрманның ұлы – Әмірәлімін, Сарманнан ұрпақ жоқ. Оны 1930 жылы атыпты. Әкем Нұрман Сұлтанбекұлы екі әйел алды. Үлкен әйелінің аты – Паршакүл, қазір 84 жаста. Менің анам – екінші әйелі. Аты – Бейсенкүл. Анамнан әпкем екеуіміз тудық. Анам тірі – 75 жаста. Әкем 1973 жылы өмірден өтті. Мен 18 жаста едім. Әкем ұзын бойлы, кең жауырынды, қою қара мұртты, сұлу жүзді адам еді. Атам Сұлтанбек ханға ұқсайды деп ел айтады. Мен оны мақтан тұтатынымын. Әкемнің көңілі кең, мырза, қолы ашық, жүрегі жомарт жан еді. Қолынан келгенше адамдарға жақсылық жасайтын. Осы күні ойласам, оның тектілігі екен ғой.

Ол кез партияның тұсы болатын. Көбінесе сақтықпен сөйлеуші еді. Үйде оңаша жалғыз отыратын. Кей сәттері көз жанары жарқылдап кететін. Өзін өте мұқият ұстайтын, өтірік айтпайтын, біреуді алдамайтын. 1930 жылы Созақта болған көтерілісте менің әкем Нұрман 14 жастағы бала екен. Ол әкесі Сұлтанбектің жанында жүріпті... Сұлтанбек хан, әкемнің айтуынша, өте сұлу, мұртты, сақалды адам екен. Сол жылдары оның жасы қырыққа да жетпепті. Бір ерекшелігі – көзі өткір болыпты. Сұлтанбек ханның әйелінің аты – Орал. Менің әкем сол Орал апамнан туған (С.Жәнәбіл. Сұлтанбек ханның моласын немересі іздейді. («Айғақ» газеті. 1999 жыл.10 наурыз).

Отызыншы жылғы көтеріліс жаншылған соң, тау асып, күнгеі асып «Ақтабан шұбырындылыққа» ұшыраған қалың елдің ішінде Сұлтанбек ханның ұрпақтары да бар еді. Нұрман Келеске өтіп, одан соң Әндіжанға барады. 1940 жылы Ташкентке қоныс аударады. Қазіргі кезде Сұлтанбек ханның ұлы Нұрманнан тараған ұрпақ Ташкент облысының Жоғарғы Шыршық ауданы Түркістан колхозында өмір сүреді. Сұлтанбек ұлы Нұрман 1973 жылы дүние салды.

Сұлтанбектің інісі Әлібектің ұлы Дүйсебай әулеті Сарыағаш әулетінде тұрады. Олар кешегі зобалаңның зардабынан тағдыр айдап, тарыдай шашылып кеткен көп халықтың қатарында бас сауғалап, өзге жерге қоныс аударса да ата-бабаларының кіндік қаны тамған, туып-өскен жері Созақ елі екенін естен шығармайды»¹.

Енді көтерілістің қалай басталғанын ресми құжаттарға сүйене отырып, әңгімелеп көрелік:

¹ Қырғызбаев Ө. Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер. 79-80-бб.

«Москва ОГПУ Евдокимовқа, Дьяковке
Көшірмесі: Москва. Бірінші советтер үйі

Голощекинге және Орта Азия ПП ОГПУ-і – почтамен келіп түскен мәліметтерге қарағанда Шанақов бандасы Сырдария округінің Сарысу ауданында (Әулиеатаның солтүстік-шығысында 160 шақырым) ұйымдастырылған, 5 ақпанда Шолаққорғанға (Түркістанның солтүстік-шығысында 85 шақырым) қозғалған. Банда Сарысу ауданының орталығы Кентаралға (Түркістанның солтүстік-шығысында 225 шақырым) бағыт алмақ және оны бағындырмақ. Кентаралда нашар қаруланған 200 адамнан тұратын өзін-өзі қорғау отряды ұйымдастырылды. Қосымша мәліметтерден ұлты қазақ Банатай Қарынбаев деген бандиттің, біздің бір отрядымыз Тарлан шатқалындағы (Түркістанның солтүстік-шығысында 60 шақырым) жау жолымен өтерде ұсталғаны белгілі. Одан ақ жалау, иығынан ақ жапсырмалар табылды, сұраққа алғанда банданың белсенді әрекет етіп жатқанын растады. Сенуге болатын мәліметтерге қарағанда, Түркістаннан Бабий қорғанға (Түркістанның солтүстік-шығысында 40 шақырым), Созаққа жіберілген 13 найзалы коммунистік отряд банданың күзетіне тап болып, шайқас нәтижесінде төрт коммунар өлді, қарсыластың шығыны белгісіз.

109

Тексере түсуді қажет ететін мәліметтерге қарағанда, қалған коммунарлар қаруларымен берілген. Сенуге болатын мәлімет бойынша, Сарысу ауданы ГПУ-нің өкілі Тыныштықбаевты атыс кезінде бандиттер өлтірген. 11 ақпан 14 сағат 25 минутта Түркістанға Шымкенттен 30 найзалы коммунарлар отряды қосымша жөнелтілді. Сарысу ауданының орталығы Кентаралды қорғауды күшейту шаралары қолға алынууда. Шешуші Созақ операциясы шамамен 12 ақпанда басталмақ. Отрядтарды созаққа жақындатуды тау асулары, аудандардың алыстығы қиындатуда. Альшанский 12.П. 30 ж.».

Көзі қарақты оқырман осы құжаттың өзінен-ақ көтерілісшілердің кейбір батыл әрекеттерінен хабардар болып қалған болса керек. Көтерілістің басталу сәтін бұдан да гөрі дәлірек беретін тағы бір құжат бар:

«Москва ОГПУ Евдокимовқа, Дьяковқа. Көшірмесі: Бірінші советтер үйі Голощекинге және Орта Азия ПП ОГПУ-іне¹.

Жедел хабарлама... Бандиттердің аудан орталығы Созақты алғаны расталды. 7 ақпанда таңертең Созақ ауданының №1 ауылы негізінен Шу өзенінде, аудан орталығынан 60-100 шақырым орна-

¹ Сонда. 17-т., 471-іс, 222-п.

ласқан Созақ ауданының 12, 13 және 14-ауылдарының байлары мен дінбасыларынан ұйымдасқан, саны анықталмаған, аттылы және жаяулы бандиттер шайқасының шабуылына ұшырады. Банда – өзін хан деп атайтын бай Сұлтанбек Шалақовтың басшылығымен әрекет етуде. Бірінші ауылды талқандау кезінде Кеңес өкіметін құлатуға, хандық құруға үгіттеді»¹.

Осы деректерге қатысты мәселені зерттеумен едәуір айналысқан жоғарыда аталған М.Рүстемовтың «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған пікірлерін келтірейік. Онда мынадай жолдар бар: «...Ол кезде Совет өкіметі ісіне, партияның әділ саясатына қарсы, қайшы келетін әрекетке барған топ әшкереленсе болды, ойдан табылған фактілерді жинастырып, қиюын қиыстырып, қоюлатып жазатын да – жоқ жерден жау табатын әдет белең еді. Созақ көтерілісі де осы тұрғыда қаралып, тұжырымдалып, саяси баға алды.

Ал түптеп келгенде, бүкіл Созақ атырабындағы ел болып жиналып шешкен шешімі, алдында белгіленген мұраты, не жария қылған жарғысы жоқ ол неғылған хандық үкімет? Бас-аяғы 6-7 күн Созақ елді мекенін, оның айналасындағы ауылдарды дүрліктіріп, төрт сағатта біткен бұл неғылған контрреволюциялық қарулы көтеріліс? Сонау Ташкенттен, Қызылордадан, Әулиеатадан, Шымкенттен бес қаруы сай, зеңбіректері бар армия жиналатындай Созаққа шоғырланған неғылған жойқын күш?

Бұл еш нәрсенің байыбына бармай, дауыл қайдан соқса, солай ығып, қорыққанға қос көрінедінің кері келіп, түймедейді түйедей етіп көрсеткен әкімшілік органдары басшыларының, ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) аудандық өкілетті өкілі Тыныштықбаевтың Түркістанға барып, тікелей байланыспен берген хабарынан ұшқындаған жалын. Тыныштықбаев қайтып келе жатқанда қаза болды.

Түйген тұжырымымызды дәлелдірек болуы үшін облыстық тарихи-ағартушылық ерікті «Әділет» қоғамы бастығының орынбасары Қазалы Әлібеков, Калинин атындағы совхоздың партия комитетінің хатшысы Дулат Тұранов және осы жолдардың авторы Созақ ауданының байырғы тұрғындары, еңбек, соғыс ардагерлері Әмірбек Жасұлановпен, Шама Отыншиевпен, Сейділдә Мұстафаевпен, Дәуіт Әбіловпен, Мәден Тәжібаевпен, Асан Аманжоловпен басқа да кісілермен сұхбаттасып, естеліктерін жинадық. Олардың барлығы да 60 жыл бойы шындықты айта алмай тығылып, құса болып

¹ Сонда. 223-224-п.

жүргендерін, сол «көтерілістің» арты талай жас кадрлардың қызмет жолында кедергі, тосқауыл болғанын, бұрынғы жазылғандардың барлығы ойдан құрастырылған деректер екенін, кейбір белсенділер соның арқасында аяқтарын алшаң басқанын айтты»¹.

М.Рүстемовтың Шымкент облыстық мұрағатынан алып келтірген жедел хатынан төмендегідей мәліметтерге қанығымыз: «Алматы. БК(б)П Өлкелік комитетіне. Созақ бандылардың қолында болып, байланыстың қиындығынан, қозғалыстың шығу себебін, қарулы бандылардың қанша екенін, халықтың қай бөлігі оларды жақтайтынын біле алмай отырмыз. Тексерілмеген хабарға қарағанда, ауданның басшы кадрлары өлтіріліпті. Округтен Журавлевтің, Мусиннің басшылығымен жіберілген 50 адамдық отряд екі бөлініп, 11 ақпанда Түркістаннан шықты. Тексерілген хабарға қарағанда, 25 адамнан құрылған отрядтың бір бөлігі Созаққа бет алғанда, жолай бандиттермен соғысып, алты адамнан айырылып, кейін шегініпті. Қазір 35 адамнан құрылған, бір пулеметі бар Қызылорда отряды, Ленин мектебінің эскадроны келді. Шабуыл басталды, осы күш әзір жетерлік, қорытындысын қосымша хабарлаймыз.

Әулиеатадан 30 адамнан құрылған отряд Кентарал бағытына кетті. Сол бағытқа Әулиеата эскадроны да бет алды. Бұл отрядтың міндеті – тосқауыл қойып, кейбір бандиттерді тұтқындау. Отрядтарға қолма-қол қимылмен қатар үгіт-көпшілік жұмысын толық барабар жүргізу тапсырылды. Исаев, Гурин.

Дұрыс: Округтік партия комитетінің жалпы бөлімінің меңгерушісі Гаринин. 14 ақпан 1930 ж. Шымкент». (Шымкент облыстық партия комитетінің мұрағаты, 29-қор, 1-тізбе, 608-іс, 42-бет.) Осы жеделхатқа сүйенсек, округтің партия, совет басшыларының бұл көтерілістен нақтылы хабары жоқ екенін аңғарамыз»².

Мәселені зерттеушілердің бірі М. Рүстемов осыған байланысты былай деп пікір айтады: «Кезінде осы оқиғаға байланысты талай-талай мақалалар, естеліктер жазылды. Қанды қырғынды ақтау үшін коммунистік отрядтардың командирлері, мүшелері Созақ көтерілісін көлемділеу, дайындықпен ұйымдасып, жасақталған нағыз қарулы көтерілістей көрсетіп, қисынсыз деректерді келтіріп бақты. Кейбіреуінде «ауған тыңшысы», «ағылшын барлаушылары» оларға «басшылық етіп, жөн сілтеп, жолға салып отырған» деген қиялдан туған деректер де келтірілді. Осы естеліктерге сүйеніп, жазушы Фе-

¹ Рүстемов М. Созақ көтерілісі // Социалистік Қазақстан. 1990, 24 шілде.

² Сонда.

дор Чирва Созақ көтерілісі жөнінде повесть жазса, «Біз ЧК-данбыз» деген кітапта Созақ көтерілісі ірі қарулы көтерілістердің бірі болып, ЧК қызметкерлері оны басқанда ерлік, батырлық, тапқырлық көрсеткен болып шықты. Солардың бәріне сендік»¹. Нақты тарихи деректерге қарағанда, Сұлтанбек өзінің төңірегіне осы ауылдардан алғаш 400-ге тарта тама руынан шыққан жігіттерді топтастырған. Мұның өзі қалай дегенмен де, оның халық арасында едәуір беделді адам болғанын көрсетсе керек. Оларда небәрі 30-40 шақты әртүрлі аң аулайтын мылтықтар, қанжарлар мен қылыштар, балталар тәрізді суық қарулардан басқа қару-жарақ та жоқ болатын.

«Ел аузына елек қойып болмас, халық аузына қақпақ қойып болмас» десек те, бір ғажабы – даярланып жатқан үгітке не аудандық партия комитеті, не ОГПУ органдары дер кезінде мән бере қоймай, халықтың ашу-ызасы күтпеген жерден Голощекин қойған тас бөгетті бұзып, арнасынан сарқырай асып төгілген кезде, «кірерге тесік таппай» қатты састы. Мұның бәрін күрделілендіре және қиындата түскен тағы бір мәселе – аудандағы басшы қызметкерлердің едәуір бөлігі – ұжымдастырудың «қайдан тапсаң оннан тап, қаптың түбін қақ!», – деген асыра сілтеуші ұрда-жық ұранынан шаршап, тауы шағылғандар еді және аудандық милиция бөлімі органдарының барлық милиционерлері өздерінің бастықтарымен бірге көтеріліске даярланушылар қатарына қосылып кетті. Егер Қазақ әскери комиссариаты саяси секретариатының бастығы Л.И. Идельсонның Қазақ өлкелік партия комитетіне және Халық комиссарлары кеңесіне жолдаған мәлімдемесіне сүйенсек, оқиға былай дамыған:

Көтерілістің қарсаңында ғана аудандық милиция бөлімінің бастығы кезекті демалысын алып, Сарысуға барып қайтты. Ол бұл ауданда көтеріліске қатысушылардың қозғалысын ұйымшыл және топтасқан түрде өткізудің қосымша шараларын қарастырған-мыс. Ол көтеріліс басталардың қарсаңында ғана Созаққа қайтып оралды және жергілікті жағдайдан толық хабардар ету үшін көтерілісшілер өздеріне хан етіп сайлаған Сұлтанбекке бір милиционерді жіберді. Голощекин тозағы қылқындырған сарысулықтардың «көзі қарайған – там сүзердің» халінде отырғанын жақсы білген Сұлтанбек хан енді көтерілісті кешіктіруге болмайтынын жақсы түсінді. Көтерілісті даярлаушы топтың бір бөлігі оны бастауға бірнеше күн қалғанда Созаққа келіп, әр үйге 1-2 адамнан бөлініп, орналасып алды. Бұл топтың алдына басты екі міндет қойылды: 1) бұқараны

¹ Сонда.

бір мезгілде шұғыл түрде көтеріліске көтеру; 2) хан әскерінің қатарын көбейте түсу үшін оған жаңа сарбаздарды көптеп тарту.

Көтерілісті бастаудың белгіленген уақытысында – 1930 жылдың 7 ақпанында таңғы сағат 4-те барлық ересек ер адамдар үйінен шығып, талайдан бері халыққа қорлық көрсетіп, тізелері батып келе жатқан «шаш ал десе, бас алған» шолақ белсенділерді жаппай сабауға, соққыға жығуға, сөйтіп кек қайтаруға ызалана атсалысты.

Көтерілістің басталуы мұрағаттағы ОГПУ органдары құжаттарында, міне осылай түсіндіріледі. Ал енді әлі де көзі тірі ақсақалдардан естеліктер жинаған Созақ аудандық «Әділет» ерікті тарихи-ағарту қоғамының деректері бұдан гөрі шындыққа әлдеқайда жақындау тәрізді. Енді біздің ойымызша, аса құнды осындай тарихи деректен үзінді келтірсек, шындықтың беті ашыла түсер еді.

«Жоғарыдан келген қатаң тапсырма елге ауыртпалық әкелді. Ол кезде бай дейтін бай қалмаған. Бұрынғы байлар мал-мүлкі түгел кәмпескеленіп, өздері жер аударылған. Енді олардың орнында қалған үрім-бұтақ, жақын туыстары – орта шаруа, «байдың құйыршығы» – деп, қыспаққа түсті. «Берілген салықты дер кезінде орындамадың» деп Созақ қыстағының маңындағы Үскі деген жер арнайы қоршалып, айналасы ор болып қазылып, концлагерь ашылады да, бұған «жеке отыр» деген атпен байлардың үрім-бұтағын, бала-шағаларын, елдің бас көтерер адамдарын қамайды. Даланың кең ауасына үйренген жұрт енді қапас зындан – қолдан қазылған жер үй-інге кіріп тұруға мәжбүр болады. Жас балалар мен көптеген кемпір-шал өле бастайды (мұндай «жеке отыр» геттосы Шолаққорғаннан да ашылды, бірақ бұл ұзаққа бармады. Бас-аяғы 10-15 күнге созылды). Бірақ елді үрейлендіріп, наразылығы мен ашу-ызасын оятуға әсер етті. Бұдан басқа ел басшыларын, ауылдың сөз ұстар адамдарын қамауға алудың шарықтау шегі болды. Осы адамдардың артынан іздеушілер туыстардан хабар алайық, тамақ берейік деп жиналып, ақыры аудан басшыларының аужайын байқап, оларды босатпайтын сыңайын аңғарған соң, бас-аяғы 4-5 милициядан қорқып, ағайынымызды азапқа салып қойып отыра алмаймыз, – деген келісім жасасады. Бұл келісім құмдағы қыстаудан басталып, Саршағылдың арғы жағындағы Сарысу елінің мал бағатын ауылдарына да хабарланады. Сонда Созаққа барған соң ұйымшылдық көрсетіндер деген ақыл қосады үлкендер. Оның соңы – хан сайлаумен бітеді».

Хан сайлауға байланысты нақтырақ деректер Ө.Қырғызбаевтың «Созақ көтерілісі» атты естеліктер жинағында былай дейді: «Хан-

ның дін істері жөніндегі уәзірі болып Асадулла (лақап аты Ауған тәуіп) Ыбырайымұлы, әскер істері жөніндегі бас уәзір, әрі сардар болып Сағындық Шілмәмбетұлы сайланды. Діни істердің найыбы болып Өтеміс Досжан Әжімұлы, уәзірлердің көмекшісі, орынбасары болып, әрі ақ тудың иесі, яғни ту ұстаушы болып Әлібайұлы Иманбек сайланды. Бәрі құтпан намазын оқып, бет сипасып, айнымасқа ант етісті. Бұл істің басында Кенжеқара, Ыбырайлар болып, алған беттен қайтпасқа сөз байласты. Бұл – бейсенбі күні еді. Ертең – жұма...»¹.

Шымкент облыстық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы соңғы кездері жинақтаған материалдарға сүйенсек, көтеріліс болған бірнеше күннің ішінде аудандық партия комитетінің хатшысы Күдербек Жүнісбеков, аудандық атқару комитетінің төрағасы Дауан Қаңлыбаев, халық судьясы Абдул Темірбеков, тергеуші Әбдірәлі Бегалиев, БК(б)П округтік комитетінің нұсқаушысы Оспан Шилібаев – барлығы 18 адам, оның ішінде 9 еуропалық өлтірілгенін көреміз².

Бұл қаза тапқандар тізімін тарихшы Қ.С. Алдажұмановтың материалдары толықтыра түседі: Олар – халық соты Тынарбаев Әбденәлі, асыл тұқымды жылқылардың меңгерушісі Бобин, ветфельдшер Вересюхин әйелі екеуі, 14 кооператив қызметкерлері, оның ішінде Сырдария округтік комитетінің өкілі Шилібаев Асман, малшы одағының есепшісі Баев, тұтынушылар одағының меңгерушісі Матвеев, осы мекеменің инспекторы, Қазақ Мемлекеттік сауда мекемесінің есепшісі Харченко, комсомол Абдушин, аудандық атқару комитетінің есепшісі Люнин, есімдері белгісіз тағы 5 адам бар. Архив деректеріне қарағанда, соңғылар ауыл шаруашылығы науқандарына байланысты жіберілген адамдар еді. Көтерілісшілер орман күзетшісі Байбосыновты өлімші етіп сабап тастап, Кеңес өкіметіне іштартатын 20 шақты адамды тұтқынға алып қамады. Көтерілістің бастауы болған бірінші ауылдың және көптеген көрші ауылдардың адамдары көтерілісшілерге тілектес ниетте болды. Алғашқы күні-ақ көтерілісшілер қатарына аудандық атқару комитетінің әскери столының меңгерушісі Батырбеков және кәсіпкер сатушысы Шөкей Дайырбеков өзінің адамдарымен құлшына қосылды, партия-кеңес қызметкерлерінің пәтерлеріне басып кіріп, оларды тонауға атсалысты.

¹ Қырғызбаев Ө. Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер. – 124 б.

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағаты (алда ҚР ҰҚКМ). 158-т., арх.№1, 49-іс, 1-т., 86-88-пп.

Кеңес органдарының әртүрлі іс-қағаздары елдің көзінше өртеліп, құртылып жіберілді. Милиция қарусыздандырылды. Финанс бөліміндегі ақшалар тоналды. Аудан орталығына өзінің тәртібін орнатқан Сұлтанбек Созақ ауданының басқа ауылдарына өзінің жаушыларын шаптырып, олардан көтерілісшілерді қолдайтын қасиетті ант беруді талап етті. Сұлтанбек өзін өкімет назардан тыс қалдыра қоймайтынын, әрине жақсы түсінді, сондықтан алғашқы күні-ақ қорғаныс қамына кірісті. Тау асулары арқылы Созаққа өтетін жолдардың бәріне қарауылдар қойылды¹.

Мәселенің мұнан ары қалай өрбігенін зерттеуші Н.Байқадамов былай баяндайды: «1930 жылы 7 ақпанда Созақты басып алғаннан кейін 200 адамнан құралған Мадияр Алтыбаев отряды Созақтың оңтүстік-шығыс бағытындағы Шолаққорған маңындағы 3, 5, 6-ауылдарды аралап, көтерілісшілер санын көбейтуге жіберілді. Осы отрядтың Ащысай руднигін басып алу ойы сәтсіз аяқталады. Алтыбаев негізінен Созақ ауданының 6-ауылынан шыққан. Кейінгі уақытта Шу стансасында тұрып жатқан. Шолаққорғанда салықты төлей алмағандықтан қамалып жатқан 13 адамды азат етіп, өзіне қосады. 9 ақпанда Шолаққорғанның орталығында Сапар қажымен бірге ақ жалау көтеріп, шеру ұйымдастырады.

Осы жиналыста ақ жалауды ауылдық кеңестің төрағасы, коммунист Ережеповке көтеріп жүруге мәжбүр еткен. Екінші бір топты белгілі мерген Салықбай Аралбаевтың жетекшілігімен Түркістан бағытындағы әскер келетін тау шатқалдарына қарауылдық жасауға жіберді.

Осы Салықбай мергенге байланысты ел аузында біраз әңгімелер бар. Мұның өзі оның Созақ көтерілісінде елеулі тұлға болғанын байқатады. Салықбайдың немере інісі Жақай Үсембайұлы оның тағдырына қатысты біраз мәліметтерді біледі. Оның бізге берген естелігінде мынандай деректер бар: «Салықбай мергеннің әкесі Аралбай, менің үлкен әкем Бердібай – Бекбау балалары. Сонда Салықбай маған немере аға болып келеді.

Салықбай жастайынан аң аулауға құмар болып өсіпті. Біз жас кезімізде қорғасын ерітіп, оқ жасап отырғанын көретінбіз. Өсе келе Салықбай киік аулап етін жеп, мүйізін Қытайға өткізіп, үйірлеп жылқы айдап келетін еді дейді. Бесатар мылтық алып келетін еді дейді. Мен жас кезімде оның үш рет мылтық атқанын көрдім. Ауыл көшіп бара жатқанда, қашып бара жатқан қоянды атып алды.

¹ ҚРПИМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 226-227- пп.

Тағы бірде қарақұс қарғаны қуып келе жатыр екен, қарақұсты атып түсіріп, қарғаны құтқарып жіберді. Тағы бірде мынандай оқиға болған: Бетпақдалада ауыл отырған. Таң атқан кез. Әйелдер мал саууға тұрған кезде, ауыл сыртына келіп түнеген екі киікті көріп, мергенді келіп оятыпты. Сәкең мылтығын алып шығып, біреуінің артқы екі аяғын қабаттап атыпты. Оның себебі, терісі бүлінбесін деген екен. Ол уақытта ел киіктің (аңның) терілерін киім ретінде киеді екен.

Созақ көтерілісінде Салықбайды бас мерген етіп дайындайды. Созақ көтерілісін басуға Түркістаннан қызыл отряд жібереді. Олар Суындықтың асуымен келеді деген хабар келеді. Оларды қарсы алуға мен барамын деген ұсынысты Салықбай білдіреді».

Салықбайдың мұнан арғы тағдыры көтерілісті баяндау барысында әңгімеленеді.

Созақта көтеріліс басшылары арнайы штабпен 20 беделді және діни адамдардан Хан кеңесін құрады. Хан кеңесінің шешімімен, арнайы ұстахана ашылып, қару-жарақ дайындау басталуымен қатар 18-35 жас аралығындағы азаматтарды көтерілісшілер қатарына қосылуға шақырған үндеу таратылады. Әскер қатарына шақыру іс-шараларының жүргізілу барысын кейіннен хан ставкасынан табылған құжаттар дәлелдей түседі. Құжаттарда қай рудан қанша адам, мал, қару жиналғаны туралы тізімдер бар. Бұндай жұмыстар көрші Шаян, Түркістан, Жаңақорған аудандарында көптеп жүргізіле бастайды. Түркістан БМСБ өкілі Битюков былай деп хабарлайды: «Жаңақорған ауданының 9-ауыл маңындағы жергілікті халық Кеңес өкіметіне теріс көзқараста екенін білдіруде. Көтерілісшілер шегінген жағдайда Жаңақорғанды паналауы ықтимал».

Сонымен қатар, көтерілісшілерге негізінен тама, онан соң алшын, найман рулары өкілдері қолдарында бар қаруларымен келіп қосылып отырған. Олардың ішінде бірен-саран өзбектер де болған. Үгіт-насихат жұмыстары көрші Қызылорда округінде де жүргізілді. Аталған округтің Шиелі ауданының Тартоғай, Бәйгекұм елді мекендерінен 10 шақты шақырым жердегі Госпақұм маңына көшіп келген 100-ге жуық қожалықтардың кері қайтып, көтерілісшілерге қосылуы туралы жұмыстар жасалды. 12 ақпанда оларға бұрынғы коммунист, туыстарымен Мергенбаев Қуандық келіп, көтерілісшілерге көмектесу қажеттігін айтып, кері көшуге үгіттейді. Осы үгіттен кейін 70 шақты үй Созаққа бет түзейді. Тұрсынбаев Латиф, Тұрсынбаев Қожамұрат және Кеңелбайлар Созаққа жіберілетін жылқыларды сатып алумен айналысады. Шиелі ауданының Жөлек елді ме-

кеніне Ұшқырбаев Ақбар келіп, көтерілісшілерге қолқабыс жасауға үгіттеп, көтерілістің ұйымдастырушысы, бұрынғы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Қожанов және жер аударылған Исаев Жанділданың туысы белгісіз ауғандық деп дақпырт таратады»¹.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағатында Созақ көтерілісіне белсенді қатысқандар тізімі берілген. Жергілікті жерге барған Махмуд Мұса осы тізімдегілердің руларын сұрастырып білді. Нәтижесінде Созақ көтерілісін ұйымдастырушылардың тамалар екендіктері нақты анықталды. Мұны оқырман төмендегі тізімнен өзі де біле алады.

Ал енді Созақта жоғарыдағыдай азапты қамауда жатқандар, әрине босатылды. Дегенмен, құрығы ұзын Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығынан әбден зәрезап болып, жүректері шайлығып, қатты қаймыққан тұтқындағылар өздерінің шынында да біржола азат етілгендеріне сене қоймаған тәрізді. Мұны жоғарыда айтылған Созақ аудандық «Әділет» қоғамынан алынған материалдардағы төмендегідей эпизодта дәлелдейтіндей:

«Сұлтанбек хан Созақ басшыларын өлтіріп, қамаудағы адамдарды босатуға барғанда, тұтқын болып жатқан елдің белді адамы Оңдыбайдың баласы Арыстанбекпен арада мынадай әңгіме болған:

– Ағалар, шығыңыздар, сіздерді азат етіп келдік.

Сонда Арыстанбек:

– Бізді кім босатып отыр, Кеңес өкіметі ме, жоқ басқалар ма?

– Кеңес өкіметі енді жоқ, құрттық көзін.

– Қап, балалар-ай, бұл істерің бекер болыпты, мұның арты елге жаман болатын болды: халық набыт болады ғой енді. Мен шықпаймын, кім қамады сол өз ісінің теріс екеніне көзі жетіп, өзі босатар деп қасарысыпты, – дейді».

Голощекиннің қанқұйлы «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» ұранымен жүргізілген жергілікті халықтың өмір-тұрмысын, салт-дәстүрлерін естен шығарған күштеп ұжымдастыру саясатының кесірінен қолдағы барынан айырылған «барар жер, басар тауы» қалмаған халық Кеңес өкіметіне лағынет айтты, оны аяусыз қарғады. Сондықтан көтерілісшілер алғашқы күннен бастап-ақ: «Кеңес өкіметіне қарсы күресейік!», «Хан билігі жасасын!», «Қазақтар өкіметі жасасын!» – деген ұрандар көтерді. Көтерілісшілер, сондай-ақ қасиетті дінді қорғауға, орыстарды қуып жіберуге, салық

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жж.). 103-104-пп.

атаулының бәрін құртуға, ет, жүн және басқаларды даярлауды тоқтатуға да шақырды. Олар өздерінің кәмпескелеуге, ұжымдастыруға қарсы екендерін ашықтан-ашық мәлімдеді. Араб харпінен латын жазуына көшіріліп, дүниеде не болып жатқанын оқып біле алмай, саяси сауатсыздық шеңгеліне түскен бұқара, көптеген жүгенсіздіктер туғызған Кеңес өкіметінен түңіліп, үміт отын «сүйегі баяғыда қурап», тарихтың таптаурын соқпағы әлдеқашан тысқа лақтырып тастаған жүйеден іздеді. Оның үстіне Кеңес өкіметі орнағанға дейін көрші өзбек жерінде табаны нық тұрған хандық құрылыстың қаһарлы кейпі де халықтың әлі есінен шыға қойған жоқ еді. Көтерілісті басу үшін ұйымдастырылған коммунистік отрядтарға және басқа да ОГПУ күштеріне басшылық жасау – уақытша Түркістанда жүрген Сырдария ОГПУ-нің ерекше бөлімінің бастығы Журавлевке тапсырылды. Оған көмекке арнайы өкілдер және тыңшылар жіберілді. Сонымен қатар өкімет Созақ көтерілісін басу үшін шұғыл шараларды ә дегеннен-ақ жүзеге асыра бастады. Көтеріліс басталғаннан кейін екі күннен соң, яғни 9 ақпанда сағат 3-те біз жоғарыда айтқан 13 найзадан тұратын алғашқы отряд көтерілісті басу үшін Түркістаннан шықты. 56 найзадан құралған ГПУ қызметкерлері басқарған екінші коммунистік отряд Түркістан арқылы 11 ақпанда Ащысайға келіп кірді.

Олар одан әрі Созаққа қарай жылжып, көтерілісті басуға кірісуі тиіс болды. Отряд аталған күні алғаш Шолаққорғанға бағыт алды. Сағат 15-те Логачев басқарған бір топ әскери қызметкерлер 50 қылышты атты әскер эскадронымен Алматыдан Түркістанға аттанды.

Сондай-ақ дәл осы 11 ақпанда 16 сағатта Шымкенттен жіберілген 53 найза коммунистік отряд ГПУ қызметкерлерінің басшылығымен Созаққа бет алды. Қызылордадағылар да қарап қалмады. Бір пулеметі бар 20 найза отряды Созақ көтерілісін басуға көмекке Түркістанға жіберілді.

Үкімет Созаққа көрші аудандарда да толқулар шығып кетуі мүмкін екендігін байқап, ол аудандардан Созаққа барар жолдарға тосқауылдар қойды. Осындай мақсатпен, мысалы, Шаян, Сарысу және Талас аудандарында әрқайсысында 30 найзадан коммунистік отрядтар жасақталды. Көрші аудандар ғана емес, Қазақстанның басқа да аймақтарында айқын көрініс беріп отырған көтерілісшілерге қол ұшын беру пиғылдарының орын алуы әбден мүмкін еді.

Сондықтан бұл мәселе де ОГПУ органдары назарынан тыс қала қойған жоқ. Қызылорда, Семей, Қарқаралы, Ақтөбе, Ақмола, Қоста-

най ОГПУ-леріне осы округтарда көтерілісшілер топтарының топтасып кетулеріне жол бермеу туралы астыртын нұсқаулар берілді¹.

Осылардың өзі-ақ, Созақ көтерілісін басуды Голощекин бастаған Өлкелік партия комитеті бейбіт жолмен емес, күш қолдану, халықтың зорлық-зомбылыққа қарсы алды-артын терең ойластырылмаған қызба, кейде тіптен сотқар әрекеттерге қарсы қару жұмсау арқылы жүзеге асыруға бейім тұрғанын дәлелдей түседі. Үкімет тарапынан немесе ауыл ақсақалдарынан арнайы делегация жасақтап, көтерілісшілермен келіссөздер жүргізуге, осылайша олардың неліктен ашынып, бас көтергендерін егжей-тегжейлі анықтауға да ешкім ықылас таныта қоймады. «Қанға – қан, жанға – жан» деген біржақты да қатыгез принцип басшылыққа алынып кетті.

ОГПУ құжаттары шындықты тұрпайы бұрмалап, көтерілісті жоғарыда айтқанымыздай, арнайы алдын ала, тіптен шетелдіктер даярлаған Кеңес үкіметіне қарсы қастандық ретінде көрсетіп бақты. Оны ұйымдастырушылар байлармен дінбасылары делінуі де сондықтан.

Шындығында, Созақ аудандық «Әділет» қоғамы да – көтерілістің бірінші басшысы Сұлтанбек Шалақұлының орта шаруа отбасынан шыққанын дәлелдеп отыр. Көтерілістің екінші рухани басшысы ОГПУ құжаттарында «ауған тыңшысы» делініп жүрген кісі де әртүрлі лақап кейіпкерлерге айналып кеткен. Айтқанымыз дәлелді болуы үшін тағы да архив құжаттарынан бір үзінді:

«Өте құпия. Оқыған соң қайтарылуы тиіс.

Қызылорда...Жедел хат...

...Созақ ауданынан Шиелі ауданының Жүлек поселкасына ат ұрлаушы Ұшқырбаев Ақбар келіп, байларды және антисоветтік элементтерді Созақтағы көтерілісшілерге көмекке келуге шақыруда. Оның сөзіне қарағанда, көтерілістің дем берушісі БК(б)П өлкелік партия комитетінің бұрынғы хатшысы (Сұлтанбек Қожановты айтып отыр – *Т.О.*) және жер аударылған бай Исаев Жанділденің туысы белгісіз ауғандық болып табылады, оның мақсаты колхоз құрылысын бүлдіру, кооперативті, тұқым қоры қоймаларын талқандау... Никольский².

«Мы из ЧК» деп аталатын кітапта бұл ауғандыққа арнайы тоқталған. «Ауған тәуіп Асадулла өте сақ адам, – деген жолдарды оқимыз одан (аударма біздікі – *Т.О.*), – ...шындығында, ол Ибрагимов Сафар –

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 471-іс, 224-п.

² Сонда. 471-іс, 225-п.

Али Асадулла, Ауғанстандағы Бадахшан қаласының тұрғыны. Өзін ауғандық деп көрсетеді. Оның бүркеме аты – Ауған. Діни білімі бар. Созақ даласында бұған ешкім де мақтана алмайды. Қоқанда, буржуазиялық ұлтшылдар кеңестік Россиядан Орта Азияны тартып алып, оны ағылшын империализмінің отарына айналдыруға ұмтылған, Қоқанда автономиялық контрреволюциялық ұлтшыл «үкіметін» құрардың алдында, 1918 жылы пайда болды. Азамат соғысы жылдарында басмашылар бандалары Оңтүстік Қазақстанның көптеген уездеріне қаһарын төккенде, Асадулла тәуіп бейнесіне еніп, басмашылар уақытша басып алған ауылдарда, басмашылар мүлде болмаған жерлерде болды. Созақ ауданында 1919 жылдан бастап үздіксіз болып тұрды. Осында өмір сүрді, тіптен кеңес азаматтығын қабылдады. ...Семьялы, екі әйелі бар: екеуі де қазақ. Дәрілік шөптер, дәрі-дәрмектер аламын деген сылтаумен жылына екі рет, кейде үш рет Ташкентте болып тұрады. Кейде аурулармен бірге барады. Жолшыбай Қоқанда ишан І Сафы ханға қонақ болады. Оны жергілікті ру басшыларының, байлардың айналасынан жиі-жиі көруге болады. Онсыз діни мерекелер, әртүрлі ғұрыптар атап өтілмейді». Бұл жерде бақсы Асадулладан халықаралық дәрежедегі тыңшы жасауға деген құштарлық айқын сезіліп тұр.

Ал енді көзі тірі ақсақалдардың аузынан естеліктер жинаған, жоғарыда біз атап кеткен Созақ аудандық ерікті «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының төрағасы Дулат Тұрановтың жазғанына қарасақ, бұл туралы төмендегідей мәліметке жолығамыз: «Кейінгі деректерде, «Мы из ЧК» кітабында ГПУ қызметкерлері бұл көтерілісті шетел тыңшыларының іс-әрекеті ретінде көрсеткісі де келеді. Олардың айтуынша, Ауған Тәуіп деген тәуіп келіпті, ол Ауғанстанда ағылшын барлау тобының өкілі болыпты, арнайы мектептен өтіп, Созаққа әдейі келіпті... Мұның бәрі шындыққа жанаспайтын жасанды материал екені даусыз. Өйткені Ауған тәуіп деген, шын аты – Асадулла бұл өңірге 1911 – 1912 жылдары тәуіпшілік дуанашылық етіп келіп, кейін сіңісіп кеткен. Арада 18-20 жыл өткенде, ол тыңшы болатын қисыны жоқ. Осы елден қыз алып үйленіп, орта қолды шаруашылыққа ие болады. Көтеріліс кезінде ханның дін жөніндегі уәзірі болып сайланып, кейін қашып кеткен жерінен ұсталып, атылып кетеді».

Біздің ойымызша, ел аузынан жиналған мәлімет – ОГПУ құжатынан гөрі шындыққа жақын. Өйткені шетел барлау орындары қолдау көрсеткен болса, Сұлтанбектің көтерілісшілері әлдеқайда

ұйымшыл болып, жақсы қаруланған болар еді ғой. Сонымен бірге зерттеуші Н. Байқадамов, тарихшы Қ.Алдажұмановтың құпия мұрағат қорынан алынған деректеріне сүйене отырып, Асадулла немесе Ауған тәуіп туралы төмендегідей деректер береді:

«Шалақов (деректе Шолақов осылай көрсетілген – *Т.О.*) өзінің көмекшілігіне көтеріліс басшыларының бірі және дем берушісі Иран азаматы парсылық Асадулла Сафар-әли Ибрагимді бекітті. Бірнеше лақап аты бар бұл кісіге ерекше тоқталу қажет деп санаймыз. Асадулла Ибрагимов туралы мәліметтерді тарихшы Қ. Алдажұмановтың жеке құжаттарынан алып жариялап отырмыз. Ол 1930 жылы 27 наурыздағы тергеуге берген жауабына сәйкес Ауғанстандағы Бадахшан қаласында дүниеге келген. Созақ ауданында тұрып жатқанына – он жыл. Екі жасында әкесі отбасымен Орта Азияға тұрақты өмір сүруге көшіп келген екен. Асадулланың өзі 20 жасында Ауғанстанға барып, тәуіптікті оқып-үйреніп қайтқан. Өзінің көтеріліс ұйымдастырушысы ретіндегі рөлін жасыруға тырысып баққан. Халықты арандатушы ретінде барлық жаланы С.Шалақовқа, оның хатшысы Досжанов Атамышқа аударады. Келесі жауабында өзінің ұлты ауғандық емес, парсылық деп мәлімдейді. 25 жасында 9 парсылықпен Бакуде қара жұмыс істеп, кейін Ташкентке көшіп келген.

«Осы жерден Созаққа барып қоныстандым, Ауғанстанда оқығаным жоқ, өзімнің ойдан шығарғаным. Себебі, ауғандық тәуіптердің беделі жоғары болғандықтан, өзімді ауғандықпын деп таныстырдым» – дейді. Кейінгі жауаптары әлсін-әлсін өзгеріп отырған. Ол С.Шалақов отрядтары ұйымдастыру алдында өзіне келіп мұсылмандарды қасиетті соғысқа шақыру жасауын өтінгенін, себебі тәуіп ретінде қазақтар арасында беделі мол екенін желеу еткендігін көрсетеді. Оның үстіне Асадулланың 12-15 ақпан аралығында Қоғашыққа шабуылды басқарғаны жөнінде БМСБ мәліметтері бар. Соған қарағанда, көтерілістің негізгі ұйымдастырушысы, дәлірек айтқанда, арандатушы Асадулла болуы керек. Барлық елдердің пролетарларын біріктіріп, социалистік революцияны экспорттау туралы коммунистік идеяға қарсы тұруға шетел мемлекеттері мүдделі болғаны анық. 1930 жылдардағы көтерілістерге, оның ішінде Созақ көтерілісіне шетел империалистерінің рухани, материалдық көмек беруі соған байланысты болса керек. Асадулланың көтеріліс алдында да, кезінде де әлсін-әлсін көзден таса болулары – ол басқа жақтарға да үгіт жүргізген деген ой туғызады. Соңында Асадулла хан

Созақ көтерілісін ұйымдастырушылыққа басшылық еткенін мойнына алады. Оның бұл сөзіне Шиелі ауданына келіп, үгіт-насихат жүргізген Ұшқарбаев Ақбардың жауабы қосымша дәлел болады.

Көптеген кінәсіз халықтың қанға боялып, арандатушылыққа ұшырауына себепкер болған Асадулла Сафар-әли Ибрагим туралы әлі де тереңірек зерттеу жүргізу – көтеріліске байланысты көптеген мәселенің шешімін табуға мүмкіндік жасайды»¹.

Бұл пікірлерден коммунистік көзқарастың иісі мүңкіп тұрғанын, көп жері қисынсыз екенін аңғару қиын емес.

Мұрағат құжаттарында Сұлтанбек пен Ауған тәуіптен басқа көтеріліс басшыларының кейбірінің де аттары кездеседі. Олар бұрын милиционер, көтеріліс кезінде қол басқарған Құжақ (фамилиясы белгісіз), Созақ ауданының милиция бөлімінің бұрынғы бастығы Бейсенбаев және №1 ауылдан Атанбаев Дәулет, №6 ауылдан Жолшиев Қарабайбек, №8 ауылдан Шалымбетов Сағындық, №12 ауылдан Доғанов Аталы, Оразбаев Өтайық, Аюбеков Ташамбек².

Көтерілісшілердің жазалаушылармен негізгі әскери қақтығыстары қалай болды? Енді ОГПУ құжаттары негіздерінде осы мәселелерге тоқтала кетсек.

Жоғарыда біз әңгіме еткен Шымкенттен жіберілген 53 найзадан тұратын Исаев басқарған коммунистік отряд 11 ақпанда салт атқа мініп, сап түзеп, Түркістаннан Созаққа қарай шықты. Оларда пулемет жоқ, негізінен тек мылтықтармен ғана қаруланған болатын. Алдарына қойылған міндет – Созаққа жетіп, көтерілісшілерді талқандау, ал егер жол бойында олар кездесе қалғандай болса, табан тіреп аянбай шайқасу. Егер құжаттарға сенсек: «12 ақпанда шамамен 16 сағатта Исаевтың отряды Созақтан оңтүстікте 40 шақырымдай Ташсарай шатқалында олардың Созаққа барар жолын кескен 400 адамға жуық саны бар бандамен ұрысқа кірді. Банда біздің отрядымызбен күресте тау шыңдарына бекініп, ыңғайлы орналасып алды»³.

Тау ішіндегі осы ұрыс қалай болды? Егер ОГПУ құжаттарына сенсек, ұрыс бір жарым сағатқа созылған. Көтерілісшілер оның барысында Исаев отрядын тықсыра бастаған. Отрядтың жауынгерлік рухының күрт түсіп кетуіне алғаш коммунист Клоковтың, содан кешікпей-ақ тағы да бес коммунистің өліп кетуі, сондай-ақ

¹ Байкадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру, шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жж.).

² ҚРПМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 241-242-пп.

³ Сонда. 227-п.

отряд бастығы Исаевтың кеудесінен өлімші болып жаралануы қатты әсер етті. Бұдан кейін коммунарлар арасында үрей туды және жаппай қашу басталды. «Қашқанда – қорқақ та батыр» деген емес пе, өкшелеп қуған көтерілісшілер 30 шақырымға дейін қуалай атып, жазалаушылардың соңдарынан қалмай қойған. Ауыр жаралы Исаев шегінуге нұсқау беру үшін қолынан келгеннің бәрін істеп баққан. «Қорыққанға қос көрініп», арттарына алақтай қарап, зытқан коммунарлардың екі иықтарынан дем алып, Қуашық деген елді мекенге тұяқтары ілінген. Құжатқа қарасақ, бұл Түркістаннан солтүстікте 70 шақырымдай жерде орналасқан екі елді мекен. Мұнда қыстақ тәріздес үш тұрғын үй құрылысы бар және айналасында алып тау шыңдары төніп тұратын. Қашқындардың бақытына қарай, дәл осы елді мекенге 12 ақпанда, кешкі сағат 20.00-де комиссар Поляков басқарған Түркістаннан шыққан Қызылорда отряды жеткен еді. Поляков жағдайды жедел жөндеуге кірісті. Отрядты соғыс жағдайына көшіріп, бекініп алып, ұрысқа кірді. Өз отрядына басшылық етуге Исаевтың шамасы жетпеді, өйткені осы елді мекенге жеткенде ол есінен айырылған еді.

Жазалаушылар пулеметтен және винтовкалардан көтерілісшілерге қарай оқ жаудырды. Көтерілісшілер кейін шегінді. Келесі күні таңертең Поляковтың отряды және 500-ге тарта адамнан тұратын көтерілісшілер қолы арасында 2 сағаттай уақыт шайқас болды. Ауыр шайқастан соң да бірнеше рет өзара атыс болып тұрды. 14 ақпанда көтерілісшілер тағы да шабуыл жасады, бірақ сақылдаған пулемет оғы оларды тағы да беттетпеді. Атыс тек осы күні кешке қарағанда толастады. Жалпы ұрыс нәтижесі мынадай еді: Исаевтың отрядының жоғарыда көрсетілген шығынын қоса есептегенде жазалаушылардан 7 адам өлді, 7 адам ауыр, ал екі адам жеңіл жараланды. Сондай-ақ 7 винтовка, төрт револьвер және бір жәшік патрон Исаев отряды шегінген кезде көтерілісшілер қолына түсті.

Ал енді Поляковтың отрядынан бір ғана адамның жеңіл жараланғаны болмаса, ешбір шығын болған жоқ. Поляков отрядымен атыста көтерілісшілер жағынан біраз адам шығынға ұшырады, дәл санын анықтау мүмкін болмады. Сондай-ақ оның ішінде 30-дан астам көтерілісшілерді Исаев отряды өлтірді. Неліктен жазалаушылар жағынан шығын аз болды дегенге олар өздері былай жауап береді: «...жауынгерлердің батылдығы және ерлігі, үш баспана құрылысын біздің отрядтың дер кезінде басып алып, қабырғаларға, тесіктерге бекініп, солар арқылы сыртқы дүниеден мүлде қол үзіп, үш тәулік

бойы тоқтаусыз күрес жүргізуі. Өйткені барлық уақытта 500-600 адамнан тұратын бандалардың қоршауында болдық»¹.

Исаев бастаған Шымкент коммунистік отрядын біржолата күйреуден сақтап қалғаны үшін Қызылорда округтік партия комитетінің бюросы – Поляков басқарған Қызылорда коммунистік отряды мүшелерінің әрқайсысына 1000 сомнан сыйлық беру туралы шешім қабылдады².

ОГПУ мәліметтері көтерілісшілердің рухани тіректері дін болғанын жиі атап көрсетеді: «Өлген бандиттен», – деп жазылған жоғарыдағы құжатта, – жазуы бар ақ жалау алынды: «Құдай атынан бастаймын, Құдайдан және оның пайғамбары Мұхамедтен басқа құдай жоқ, Алла-Алла-Алла». Осы тәрізді Құраннан алынған үзінділер көп бандиттердің бас киімдеріне және жеңдеріне жапсырылған. Ең күшті шайқас болған 13 ақпанда Поляковтың отрядына саны 600-дей адам тығыз топтасып, «Алла-Алла» деген айқаймен лап қойды. «Ұста!», «Ұста!» – деген бұйрық естілді. Осы қақтығыста жазалаушылар көтерілісшілердің қандай қарулармен қаруланғанын байқап қалды. Олардың бәрі негізінен қолдан жасалған: сүңгі, шалғыдан істелген қылыш, ұштарына ұсталар жасаған үшкір темір бекітілген ұзын таяқтар. 30 шақты винтовка мен мылтықтар – ең таңдаулы мерген атқыштарда ғана бар. Олар жақын жерден дәлдеп атып, Поляков отрядының қыстақ ауласындағы біраз жылқыларын тырапай асырды. Тіптен, кейбір құралайды көзге ататын мергендер – жазалаушы коммунарлар оқ атып жатқан қабырғадағы тесіктерге (бойницаларға) дәл тигізумен болды. Осы күндері, егер ОГПУ деректеріне сенсек, Сұлтанбек Шалақұлының төңірегіне топтасқан көтерілісшілер саны 2000-ға жеткен. Көбейе түсудің себебі – Түркістан ауданының Қуашық тауы айналасындағы 10, 9, 11 ауылдары адамдарының көтерілісшілер қатарына қосылуымен түсіндіріледі³.

Дегенмен де мәселе, біздің ойымызша, әлі де зерттей түсуді қажет ететіндей. Егер бала-шағаны және кемпір-шалды, яғни бейбіт тұрғындарды қосып есептесек, мүмкін көрсетілген санға жетерміз де. Бірақ солай еткен дұрыс па? Біздің ойымызша, тау арасынан сығалап оқ атқан көтерілісшілердің нақты санын жазалаушылар да біле алған жоқ. Сондықтан да 2000 деген санды не жазалаушылардың өздері ойлап шығарды, не бұл ұзынқұлақтан немесе көтерілісші-

¹ ҚРПМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 227-228-пп.

² Сонда. 1-т., 3040-іс.

³ Сонда. 17-т., 471-іс, 243-п.

лердің өздерінен тараған дақпырт. Бұлай дейтініміз, ол күндері әртүрлі даңғаза өсек-аяң да өте көп болды және көтерілісшілер өз қатарларына жаңа адамдар тарту үшін де өздерінің сандарын және көтерілістің таралу аймағын ұлғайтып көрсетуге күш салды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін архивтегі құжаттан үзінді келтірейік: «Тілеубергеновтің (тұтқынға түскен – *Т.О.*) көрсетуінше, Созақ ауданында 15 винтовкамен, 50 мылтықпен, ал қалғандары темір сүңгілермен және балталармен қаруланған 2000-ға тарта адам бандиттер бар-мыс. Басты күштер Түркістанның солтүстік-шығысында 80 шақырымдай жердегі Сандық шатқалында (картада жоқ) орналасқан, тағы да қосымша 1000 адам – Созақтың айналасында болуы тиіс-мыс...»¹.

Ол күндері ел арасында Шымкентті, Түркістанды көтерілісшілер басып алыпты деген өсек гулеп кетті.

Деректерге қарағанда, Сұлтанбек 13 ақпанда Қуашықты қоршауға шағын күш қалдырып, өзі қалған жасағымен Созаққа қарай шегінген. Дәл осы күні ОГПУ қызметкері Никитенко басқаратын коммунарлар отряды Созаққа басып кірді. Алғаш Созақ қарша бо-раған оқтың астында қалды. Жоғарыда біз атап кеткен Созақ аудандық «Әділет» қоғамының жинаған мәліметіне қарағанда, «Сол оқиғаның тірі куәгерлері екі жақтың да адамдарының айтуынша, Созақты 13 ақпан күні таңертең зеңбірекпен атқылап, пулеметпен оқ жаудырған. Кім жау, кім бай, кім қара шаруа, кім жай қаланың тұрғыны деп ажыратып жатпаған». Созақты атқылаған, егер тарихи құжаттарға жүгінсек, ОГПУ қызметкері Никитенко басқарған коммунарлар отряды болғанын көреміз. 13 ақпанда бұлар Созаққа баса-көктеп кірген. Жақсы қаруланған әскерге төтеп бере алмай, көтерілісшілер Шолаққорған бағытына қашқан. Бірақ №6 ауылдың 120-дай көтерілісшілер тобы, жазалаушыларға кездесіп қалған. Қақтығыс кезінде коммунистік отряд командирі Никитенко ішінен жараланған. Ал көтерілісшілерден 3 адам және бірнеше жылқы өлген².

Созақтың маңындағы ауылдар да, Созақтың өзінің халқы да жазалаушыларды салқын қабақпен қарсы алды. Деректерге сенсек, коммунарлар Созаққа кіргенде наразылар сырнайлатып «Алла», «Алла» деп қосыла айғайлап дауыс көтерген. Созақтың шығысында 5 шақырымдай қашықтықта орналасқан Жаңаағаш ауылына жоғарыдағы Никитенконың отряды келіп кірген кезде еңбекке жарамсыз

¹ ҚРПМ. 141-қ., 17-т., 471-іс, 242-п.

² Сонда. 226-п.

ересектер мен балалар оларды топталып қарсы алып, «Алла» атынан лағынет айтқан. Осы ауыл тұрғындарымен қақтығыста 5 ауыл тұрғыны өлтірілген. Жазалаушылардан бір адам өлген және ақыл-есінен айырылған Ткачев деген Ащысайға жөнелтілген.

Ата-ата оқтары таусылған Никитенконың отряды енді арттарынан келетін көмекті – Абрамуктің отрядын күтті. Бұлардың мақсаты – Созақтан Сандық тауына қарай қашқан көтерілісшілер отрядын талқандау еді.

15 ақпанда 14 сағат 30 минутте Алексеевтің Алматыға, ПП ОГПУ бастығының орынбасары Альшанскийге жолдаған дерегіне қарағанда, Сандық асуы ауданында көтерілісшілер жазалаушылармен атысып қалған, нәтижесінде көтерілісшілерден 15 адам өліп, 30 адам жараланған. Олар екіге бөлініп, тау шатқалдарына жасырынған¹.

Осы жерде айта кететін бір нәрсе, тіптен Созақ ауданының өзінде барлық ауыл түгелдей дерлік батылдары жетіп, көтерілісшілердің соңынан ілесе қоймаса да, Созақ көтерілісі – көрші аудандардағы саяси ахуалдарға айтарлықтай әсер еткенін теріске шығаруға болмас.

Мұның өзі тарихи материалдардан нақты көрініп отыр. Алыстағы Әулиеатаның Мерке ауданында наразылыққа шыққан 3, 4, 7 және 21 ауылдардың шаруалары: «Созақтағыдай жасауға әбден болады»² десе, ал Жар ауданындағы «Каско и Ванцетти» колхозының колхозшылары үш күндік ереуіл ұйымдастырып: «Малды қайтармаған жағдайда Созақтағыдай болады»,– деп қыр көрсетті³.

Созақ оқиғасының ұшқыны көрші Шаян, Сарысу аудандарын да шарпыды. Алғашқысында №19 ауылда Кеңес өкіметіне қарсы ашық бой көтеру болды. Көтерілісшілердің қаһарынан үрейленген егін егу және мақта науқанына келген барлық белсенділер алды-арттарына карамай, көрші №16 ауылға қарай қашты. Ресми құжаттарға қарасақ, оқиға төмендегідей өрбіген. Ақпанның алғашқы күндерінде №19 ауылға Созақ ауданының Шолаққорған қыстағынан өзбек Бабажан Досов келіп, Шолаққорғанды көтерілісшілер басып алды деген жалған өсек таратқан. Мұны ауыл адамдарын жинап, жиналыс өткізген кезінде де айтқан. Дәл осы жиналыста ашынған ауыл адамдары аудандық атқару комитетінің уәкілдері «шаш ал десе, бас алған» Байғазиевті, Табылбековті және белсенділер Досанов пен Төлегеновті өлтіру туралы шешім қабылдаған. Бірақ жиналыстан

¹ ҚРПМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 229-230-пп.

² Сонда. 1-т., 3336-іс, 57-п.

³ Сонда. 47-п.

сытылып шыққан кедей Досанов Жарқын белсенділер мен уәкілдерге бұл туралы хабарлап үлгерген. Сойылмен қаруланған ауыл адамдары №16 ауылға қарай жанталаса қашып шыққан өлім жазасына кесілгендердің соңына түскен және 60 шақырымға дейін қашқандарды өкшелеп: «Соғындар өздерін!» – деп айғайлап қуған. Ызалы қуғын Табылбеков қуғыншыларға қарай аңшы мылтығынан оқ атқанда барып тоқтаған. Аудандық атқару комитетінің уәкілдері қашып кеткен соң, №19 ауылдық кеңестің төрағасы Ақшамбетов көтерілісшілерге келіп, өзін олардың алдында айыпты сезінетінін, бұдан былай адамдарды бай деп қуғындауды қоятынын айтып, ауылдық кеңестің мөрін қардың үстіне лақтырған. Кедейлер мен батырақтар өздерінің кәсіподақ және «Қосшы» одағына мүшелік билеттерін елдің көзінше өртеген, комсомол мүшелері де еуропалықтарға еліктеп қойған ұзын шаштарын ұстарамен алдырып тастаған. Ал мұның бәрін естіп-біліп, көріп, сезіп отырған көрші ауылдар аңысын аңдып, мұның өзі немен аякталады дегендей күпті көңілмен селқос қарсылық көрсетіп, тұқым қорын тапсырудан бас тартындарын ашық мәлімдеумен ғана шектелген¹.

Осы күндері Қарнақ қыстағында да ызалы халық көтерілген. Белсенділермен қақтығыс кезінде олардың қолынан партия ұясының хатшысы Атабаев өлді. Көтерілісшілер елден алынған астық жиналған қамбалардың есіктерін бұзып, өзара бөліп алған. Бірақ көп кешікпей-ақ, Зуев деген басқарған коммунистік отряд қыстаққа сау ете қалды. Көтеріліске, кісі өлтіруге белсене қатыстындар деген сылтаумен 52 қыстақ тұрғыны тұтқынға алынды. Қыстақ тұрғындары алдында сөз сөйлеген коммунарлар Қарнақ оқиғасын байлар үгітінің нәтижесі десті және мұндай жағдай тағы да қайталанар болса, кеңес ОГПУ органдарын дер кезінде хабардар етуі қажеттігін ескертті, сондай-ақ жиналғандардан бөліп алған астықты қоймаларға қайтару және қыстақтың өзін-өзі қорғауын ұйымдастыру талап етілді. Айта кететін бір нәрсе, қыстаққа қарсы отряд шығыпты дегенді естіген бетте-ақ, қатты үрейленген тұрғындар қоймадан алған астықтарының 50 %-ын бұрынғы орындарына қайта құйып үлгерген еді².

Оқиғаның қалай өрбігенін Шымкент облыстық мұрағатындағы төмендегідей мазмұндағы ресми ақпарат анықтай түседі: «Хабарға қарағанда, Ақаев бастаған Түркістан атты әскер мектебі, Ма-

¹ ҚРПМ. 141-қ., 17-т., 471-іс, 231-п.

² Сонда. 237-п.

лышев бастаған Ленин атындағы Ташкент атты әскер мектебі екі бағытта – Ащысай, Созақ бағытында іске кірісті. Қазір бандылар Қаратауға қашуда. Жаңа келген мектептердің не істегені, бұрынғы әрекет істеп жатқан Никитенко, Исаев, Поляков отрядтарымен қандай байланысы бар екендігі жөнінде әзір егжей-тегжейлі хабар жоқ. Өйткені Түркістанда гарнизон қалды, штаб болса Журавлев, Мусин, Шумилов, Логачев, тағы басқалары бар – Созақ жолында. Біздің бөлімшенің жалпы саны 500 қылыштай, пулеметтері, зеңбіректері бар. Түркістан ұйымдарынан жолбасшылық отряды үшін 200 адам шақырылды, Созақ бағытындағы отрядтармен байланыс, оқ-дәрі, тамақ, жем тасу үшін 500 ат жиналды. Барлық коммунистер мен комсомолдар аяқтарынан тік тұр, Түркістандағы ұйымдар жұмысы қаз-қалпында. Болып жатқан оқиға Созақ бағытында сәл ықпал етуде. Ауылдардың бай, ишандарды қолдаушылары көтерілісшілерге ілтипатты. Осы оқиғаны пайдаланғысы келгендер де бар.

Түркістаннан 18 шақырым жердегі Қарнақ селосында 14 ақпанда жер аударылған байлар мен ишандардың балаларының айдап салуымен тұқымдық дәннің 400 пұттай шамасын бір ауқым халық талап, партия ұясының хатшысы Атабаев өлтірілді. 15 ақпанда Зуев, Ваченковтың басқаруымен Түркістаннан жіберілген отряд Қарнаққа еш қақтығыссыз кірді де, тонауға, өлтіруге себепші болған – барлығы 42 адам тұтқындалды. Қарнақта отрядтың қатысуымен кедейлер жиналысы өткізіліп, Қарнақтағы қазынаны өзіміз қорғаймыз, өз күшімізбен байларды ұстаймыз деп шешті. Шаянда байлардың кейбір әрекеттері білінді. Никитенко Созақты басып алған соң, одан қашқан бандылар Жаңақорғанға өтуге әрекет жасады. Соңғы ақпарға қарағанда, бандылар Қаратауға қашты. Қызылорда округінің Шиелі ауданында да толқыныс болып, оған қарсы Қызылорда округінің отряды шара қолданып жатыр. Қарнақтағы оқиғаға байланысты біраз іс-шаралар істелді, толық жағдай анықталған соң, қорытынды шығарамыз. Әзірге Созақтағы оқиғаның ықпалымен болған бай-ишандардың іс-әрекеті деп отырмыз. Таланған тұқымдық дән жиналуда. Кедей батырақтар: «Кінәлілер аяусыз жазаланын» деп жатыр, «Қарнақ» «Атабаев» деп өзгертілді. Жаңа хатшы тағайындалды. Егіс себу, коллективтендіру жұмысын күшейтіп жатырмыз. 15 ақпанда біраз ауылсовет төрағаларының, уәкілдерінің, жұмысшы отрядтарының баяндамаларын тыңдап, оларға нақтылай тапсырма бердік. Бүгін ауыл-қыстақтарға жаңа қызметкерлер жіберілмек. Жұмыс істеп жүрген жолдастар жер-жерге бекітілген. Округтік комитеттің соңғы нұсқауына орай, ауданда коллективтенді-

руді аяқтаймыз. Созақ партия-совет жұмысын қалыпқа келтіру үшін окружком шұғыл түрде жолдастарды іріктеуі тиіс. Ащысай, Түркістан күзетпен қамтамасыз етілген.

Тоқжігітов,
Хабарлаған жауапты кезекші Филиппов.
Қабылдаған жауапты кезекші Богоявленский»¹.

Созақты көтерісшілер басып алғаннан кейінгі ахуалды ел аузынан жиналған естеліктер мен деректерге сүйене отырып, жергілікті автор Өтеш Қырғызбаев былайша түсіндіреді: «Бұдан кейін көтерілісшілер аз-кем тыныстанған соң, кеңес құрып, екі жүздік адамды Шолаққорғанға жібереді. Мұны бастаған Мадияр болды. Шолаққорғанда, Бабатада, Қарабұлақ, Балдысу елді мекендерінде советтің адамдарын тез-ақ тұтқындап, соққыға жыққан соң, қалғаны өз еркімен хан әскері жанынан шығып, бастарына сәлде орап алды. Оларды көп қуғындаған жоқ...

Ол кездегі негізгі тау асуы жолдары – Созақтың тұсындағы Балықшы ата, Суындық, ал Шолаққорғанда тек Торлан асуы болатын. Міне, осы асуларды бақылауға алу көтерілісшілердің негізгі стратегиялық міндеті болды... Бұл кезде орталық екі жақтан хабарланып үлгерген еді. Созақты басып алған күні кешке қарай жақсы атпен ұрланып, қашып шығып, аудандық партия комитеті хатшысының көмекшісі Сағындықов тау бөктерлеп жүріп отырып, Мадияр әскері Шолаққорғанға жеткенше оның алдын орап, Торлан арқылы Ащысайға өтіп кетеді. Сол жерден телефон арқылы округке хабар береді. Ал бұл кезде 5 ақпанда Түркістанға асығыс кеткен Тыныштықбаев 6-ы күні жетіп, онда аудандық ОГПУ бастығы Абрамуқпен және телефон арқылы Шымкенттегі округтік ОГПУ бастығы Журавлевпен сөйлесіп, қарауына жақсы қаруланған 20 шақты жауынгер алып, кері аттанады. Бұлар 9 ақпанда Балықшы асуына жеткенде, Салықбай мергеннің қарсылығына тап болады. Екі жақтан да қатты атыс басталып кетеді. Тыныштықбаевты Салықбай мерген өзі атып түсіріп, қалған солдаттарын да алға жылжытпай тастайды... Шымкенттен шыққан Исаев отрядының құрамы 35 атты солдат... мылтықпен қаруланған, ... Тассарай деген жерде 12 ақпанда түс қайтқан мезгілде жетеді. Мергендер Салықбай, Иса, Бекболат, Құтжан болып келе жатқан солдаттарға тасадан оқ жаудырады. Атыс бір жарым сағатқа дейін, көз байланғанша созылған.

¹ Рүстемов М. Созақ көтерілісі // Социалистік Қазақстан. 1990, 24 шілде.

– Бұл соғыста біздің мерейіміз үстем болып, Алла жарылқап, жау каша бастады, – деп еске алады Тағаев Әбдіқадыр ақсақал. – Содан мергендерден басқа тосқауылда тұрған біздер әскерді қуып, Қоғашыққа дейін ұзатып салдық... Сол жерде қызыл коммунарларға Қызылордадан көмекке келген 33 найзалы, бір станокты пулеметі бар Поляков басқарған отряд келіп қосылады. Ертеңіне ұрыс қыза түседі. Сұлтанбек бастаған сарбаздар да берілген хабарды алысымен мергендер тобына көмекке келеді. Бұлардың ұзын саны 500-ден астам адам болатын. Бірақ бұлардың барлығы дерлік қылыш, найза, шоқпармен қаруланған болатын. 13-14 ақпанда болған бұл соғыста сарбаздар тарапынан 50-ге тарта адам оққа ұшты. Жан-дәрмен жігерлене шапқан аттыларға сақылдаған пулемет дес бермеді... Бұл соғыста хан әскерлері шегінуге мәжбүр болды.

... Осы кезде ханға Созақтан жаушы жетеді. «Қызылдар Шолаққорған бағытынан қаптап келеді» деген. Мұны естіген Хан кеңесі дереу бұл бағытқа Мардан ата, Жаныс ата ауылдарына Салықбай мергеннің тобын жібереді. Өйткені жау таудан асып, енді Созаққа бет алып келеді. Ал мергендерге тауға бекініп соғысу – анағұрлым тиімді. Салықбайлар Жанысқа жеткенде Абай жағынан қызылдар да келген екен. Қатты атыс басталып кетеді. Сол жерде мергендерден Бекболат пен Құтжанға оқ тиіп, қаза болады. Салықбай мерген екі інісін атқа артып алып, кейін шегінуге мәжбүр болады... Енді бұлардың құрамында үш мерген, екі сарбаз болатын, бәрі бес адам. Таңертең Никитенко отряды Марданға келіп, тағы да атыс басталады. Қызылдардан да, бұлардан да біраз шығын болады. Марданнан Созаққа бару мүмкін болмай қалады.. Өйткені бұл кезде мергенге ханның тағы бір шабарманы келіп, Созақты әскер қоршап алғанын, қатты қырғын болып жатқанын айтады. Енді бұлар құмға қарай жылжуға мәжбүр болады...

Ол кезде Созақтың төрт қақпасы бар, мықты бекінісі бар болатын. Хан әскердің біразын тосқауылға қойып, негізгі жасақтарын 12, 13, 14 – ауылдың өзіне қарасты адамдарын алып, 300-ге жуық сарбаздарымен бекініп алады. Коммунарлар енді зеңбірекпен атқылай бастады. Зеңбіректер Ақтөбе, Ақназар деген биіктерге орналасқан еді...

...Сөйтіп, созақтықтар зеңбірекке қарсы ештеңе істей алмай, солдаттар қамалға кіріп, іштен атыс бастады. Хан Асадулла уәзірін Сарысу жаққа барып, елді көтеруге жұмсап, мұнда өздері құрбан болса, дұғамызды оқып жүрсін деп шығарып жібереді. 14-і күні атыс

тоқтаган жок, бір әуліге қамалған тобыр – зеңбірек пен пулеметке өте әдемі нысана болды... Артиллеристер енді сарбаздарды қуып атпай, жаппай қаланы атқылауға кіріседі... Солдаттар үсті-үстіне лек-лек боп көбейіп, «Дала базарды» қоршап алады. Оның құлаған дуалдарынан пулеметтер қойып, ішке бората оқ атады. Бұл кезде отряд командирі Поляков қаланы үздіксіз бір сағат бойы барлық қарудан атуға бұйрық береді. «Дала базарда» да, қаланың көшелерінде де қырылған адамдарда есеп жоқ. Жәй үстіне тон киген, тымақ киген адам көрсе, «бандит» деп атақ беруге ерік берілді. Бір кезде бәрі бітті деген хабар шықты. Бекіген әуліге көтерілісшілердің ең соңғы қамалына солдаттар басып кіріп, қолма-қол төбелес болып кетті. Көбі өлген, көп адам ауыр жаралы. Сонда да болса таяқтарын сілтеп, қайрат көрсетіп жүр... Атыс тоқтаған соң 200-дей жаралы, қолға түскен көтерілісшілерді Түркістанға, Шымкентке алып кете бастады. Көп адам қамауға алынып, жазалау басталды...»¹.

Бұл айтылғандар, Созақ оқиғасын біраз тың мәліметтермен толықтыратынын айтпасқа болмас.

Ал енді Созақ көтерілісін басқарған Сұлтанбектің төңірегіндегі отрядтың біржолата қалай талқандалғанын мұрағат қойнауындағы ОГПУ құжатынан келтірілген үзінді көрсете алады: «Өте құпия. Оқыған соң қайтарылуы тиіс». Түркістаннан рұқсатсыз жария болмауы қамтамасыз етілсін. Тура сыммен. Москва ОГПУЯ года, Алматы ПП ОГПУ Волленбергке, Ташкент ПП ОГПУ. Бельскийге, Штокранның I бөлімінің бастығы Полуновқа. Көшірмесі: Шымкент ОГПУ, Қызылорда ОГПУ Никольскийге ...16 ақпанда 13 сағатта Ленин атындағы Ташкент атты әскер мектебінің бас отряды Логачевпен, Журавлевпен (бұлар ОГПУ-дің отрядтарының, коммунистік отрядтардың командирлері екенін ілгеріде айттық – *Т.О.*) Созаққа шабуыл жасалды. Төрт сағатқа созылған табан тірескен ұрыстың нәтижесінде Созақ алынды, банды талқандалды. Ұрыста 300 бандит, қайталап айтамын, 300 бандит өлтірілді, тұтқынға түскендер 200. Көп жылқы, 70-тей мылтық және 50 данаға дейін суық қару алынды.

Біздің жағымыздан шығын – екі адам жараланды, соның ішінде СредАЗВО-ның ерекше бөлімінің уәкілі Мартыненко бар, үш жылқы – оның бірі Журавлевтің астындағы өлтірілді, бес жылқы жараланды. Бас отряд Созақ ауданында жасырынған бандаларды ұстау жұмыстарын жүргізуде... Ханның кеңсесі қолға түсті, қолға түскен бандиттердің айтуларына қарағанда (Сұлтанбек – *Т.О.*) және оның

¹ Қырғызбаев Ө. Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер. 125-127-бб.

көмекшісі (ауғандық деп айтылатын Асадулла – *Т.О.*) өлтірілген, мұны әлі өліктер жиналмағандықтан, таңертең ғана тексеру мүмкін. Нақты мәлімет бүгін күтілуде...Альшанский. 17.11.30»¹.

Осы мәселеге байланысты қосымша деректерден мынаны аңғарамыз:

Ертеңіне Орта Азия әскери округінің ерекше бөлімінің өкілі Мартыненко және Гушиннің хабарында нәтиже былай көрсетілді: «...316 бандит өлді, 7 жаралы, 276 адам тұтқынға түсті. 276 ат, 120-дан астам қару тәркіленді»².

Зерттеуші Н.Байқадамов бұл мәселені індетте зерттеу барысында құпия деректер негізінде жоғарыдағы «ауғандық» Асадулла туралы төмендегідей пікірге келді: «Тек Асадулла қашып шығып, бірнеше сенімді адамдарымен Қызылорда округінің Шиелі ауданына бет алады. 20 күннен кейін Әбішозған жерінде отбасымен кездесіп, төрт күндей Созақ және Сарысу аудандарынан Таматау бағытында көшкендер арасында болады. Таматау картада 1000 шақырымға созылып, Атбасар мен Қарқаралыны бөліп жатыр. Асадулланың Ташкентке барып, парсы консулдығынан қажетті құжаттарды алып, өз еліне қашпақ болған ойы іске аспай ұсталып, БМСБ «үштігінің» үкімімен атылады»³.

Ал енді жоғарыдағы мәліметтерде келтірілген «Нақты мәліметтер» оқырманға белгілі. Оларды біз жоғарыда мақаланың басында Голощекиннің Сталинге жазған хатынан алынған үзіндіде келтірдік, онда ресми түрде шайқаста көтерілісшілерден 400-ден астам адам жазалаушылардан 50-ге тарта адам өлтірілгені айтылған.

Бұл жерде Голощекин «Шайқаста» дей тұрса да, жалпы шығынды көрсетіп отырғандай. Яғни 400 адам тек қана шайқаста өлтірілгендер емес тәрізді. ОГПУ органдары ақ-қарасын тексермей, атып тастағандар да аз болмаса керек. Бұл күдігімізді Созақ ауданының «Әділет» қоғамының көзі тірі ақсақалдарынан сұрастырғанда алған мәліметтері де растай түсетіндей: «Өйткені, – деп жазады осы қоғамның төрағасы, – көтеріліске қатысқаннан гөрі қатыспай жай жүрген халықты қойдай қамап, ертеңіне ешқандай тергеу, тексерусіз Тастақсай деген жерге апарып, атып тастаған».

¹ ҚРПМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 226-п.

² Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру, шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жж.). 108-б.

³ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру, шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жж.).

Созақтағы қырғынды төрт ағайынды – Әлмен, Қасен, Қали және Әли атты кісілердің соңғысының баласы Тұрсынбай Әлиев төмендегідей әңгімелейді: «Жан-жақтан қаптап келген қызыл әскерлерге төтеп бере алмай, көтерілісшілер жеңіліске ұшырайды. Үлкен аулада көтерілісшілердің бір шоғырын тізіп қойып, пулеметпен баудай түсіріп қырып салады. Әлмен – алғашқылардың бірі болып оққа ұшады.

Оқ себелеген кезде Әбдікәрім деген туысканымыз да өлгендермен құлайды. Солдаттар бәрін жапырып тастаған соң теуіп, мылтықтың найзасымен сұққылап, тексеруден өткізеді. Бір солдат келіп, керзі етігінің өкшесімен көзінен жаншып, бір айналып кетеді. Әбдікәрім сонда да сыр бермейді. Түнімен жатып, таңға таяу тауық шақырғанда орнынан ақырындап тұрады. Көп өліктің ішінен тағы бір Қалдыбай деген кісі екеуі жылыстап қашып шығып, Суындықтың асуымен асып кетеді. Жолдағы ел үсті-басы қан екеуін үйлеріне кіргізбейді. Таманың бір қызы кезігіп, ас-ауқатын беріп, әлдендіріп жолға шығарып салады.

Әкем Созақтан келген бетте ағайындарымен бірге Әндіжанға үдере көшеді»¹.

Созақ көтерілісінің шығу себептеріне және барысына байланысты Бәйтен Жалмұхаметов қарияның айтқан естеліктері де дерек ретінде құнды. Ол былай дейді: «1929 жылы Созақ ауданында уәкіл, белсенді дегендер қаптап кетті». Олар өкіметтің тапсырмасын орындаймыз дегенді бетке ұстап, халықты күйзелтті, ел намысына тиді, жорғасын мініп, сұлуын сүйсем дегенге дейін барды. Жұрттың қысылғандығы сонша, малы бар адамдар жүн салығынан құтылу үшін қыс күндерінің өзінде көп малдарын сойып жіберді. Халықтың әбіржуімен жұмысы жоқ шолақ белсенділер күн сайын сойдырып жеп, өздерінше сауық-сайран құра берді.

Өзімізге қараған үш-төрт үйдің барлық қойын белсенділер етке тапсырамыз деген сылтаумен, алдарына салып айдап кетті. Ауылымыздың 1-2 ересек адамдары оларға қарсылық көрсете алмай, арық-семіздігіне қарамай, қолына түскен жиырма шақты қойды бауыздап алып қалды.

Мен 1918 жылы белгілі 12-ші ауылда туып, 12 жасыма дейін үлкен әкем Жалмағамбеттің тәрбиесінде болдым. Бұл кісі ескіше сауатты, әрі таманың танымал адамдарының бірі болатын. Сол кісінің арқасында жас та болдым, елдің біраз тәуір адамдарын көріп, көр-

¹ Қырғызбаев Ө. Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер. 65-б.

мегендерімді сырттарынан білдім. Мысалы... көтеріліске басшылық жасап, оған тікелей қатысқан Асадулла, Мадияр, Досымжанов Аталмыш, Бәзікеннің Мырзахметі, Рүстембек Жабаев, Шағырдың Өлілері бірнеше рет үйімізде болған адамдар.

Көтерілістен 3-4 күн бұрын Шудың бойын қыстап отырған ауылымызға үш-төрт салт атты сау ете түсті. Аздап күбірлеп сөйлескеннен кейін әкем... оларға: «Шырақтарым, бұл күнде біздің төрімізден көріміз жуық адамбыз, әжеттеріңе жараса, анау Ақмағамбетті алып кетіндер», – деп үлкен баласын көрсетті.

Ұзамай-ақ Созақта көтеріліс болыпты деген хабар бұрқ ете түсті... Көтерілісшілердің жеке ерліктері ел арасында көпке дейін әңгіме болып жүрді. Олардың көпшілігі құралайды көзге атқан Салықбай мерген мен Қасым мерген жөнінде еді. Оларды жазда Бетбақдаладағы жайлауға барған кезде «сендерге тимейміз» деп алдап, өкімет орындары ұстап әкетті.

Қарулы әскерлерден жеңіле бастап, қора бекінісіне кіріп, ұрыс жүргізген сарбаздардың ішінде 60-қа жуықтап қалған Боранбайұлы Дүйсекей де бар еді. Жаумен қоян-қолтық төбелесте ол екі солдатты балтамен шауып өлтіріп, өзі де қаза тапқан.

Қырғын аяқталған ертеңіне мойнынан ауыр жарадар болған Бұлқынбектің бір баласы Созақтан түн жамылып қашып шығып, елге келді. Оның айтуынша, тірідей қолға түскен көтерілісшілерді қатар қойып атыпты. Адамдар оқ тиіп құлай бастағанда, бұл да құлаған екен, кейінірек қасындағылардың өлі-тірі екенін қайта тексергенде, мойнынан қылышпен шауып кетіпті.

...Бұл көтеріліс байлардың емес, халық көтерілісі деуін фактілердің өзі дәлелдейді. Орта шаруаларды былай қойғанның өзінде, менің өзім білетін кедейлерден Қарғабаев Байкенже, Нұрбеков Сәттімбай сияқтылар сол соғыста шейіт болды...

Көтерілістен бір жыл кейін Созақ селосына барғанымда ортасы ойылып, ішіне түсе бастаған үлкен «апанға» көзім түсті. Бұл жерді «Жайылма» деп атайды екен. Апанның айналасында күйген киімдердің қалдықтары жатыр. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, өліктердің бәрін сол жерге көмген екен...»¹.

Созақ ауданындағы жазалаушылардың қаталдық танытқанына – бұл төңіректен халықтың ауа көшулері де дәлел бола алады.

Созақ көтерілісіне байланысты ел арасынан біраз естеліктер жинаған шымкенттік М. Рүстемовтың мынадай дерегі ресми үкі-

¹ Қырғызбаев Ө. Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер. 43-44-бб.

мет адамдары тарапынан болған жүгенсіздіктерді айқындай түседі: «Біздің ауыл шағын еді, сайда отыратын. Түс ауа келген отряд қырдан оқ жаудырды. Біздің ауылда ешқандай көтерілісшілер жоқ. Оқтан терезесі сынған бір кемпір, «мына әдіре қалғырлар қайтеді» деп терезесінің тесігін киізбен бітемек болғанда, оққа ұшып өлген. Кейін отряд ауылға кіріп, үйді-үйді тінтіп, «бандиттерді» іздеді. Бір үйде отынның арасында тығылып жатқан еркектің аяғы шығып жатыр екен, соны шығарып алып, ауыл шетіндегі бір үйге кіргізді де, атып кетті. Кейін қабырғасына қан шашыраған сол үйге ешкім кірмей, бос тұрды». Майдангерлердің аудандық кеңесінің төрағасы Амангелді Мырзалиев осылай еске алады. Қариялар төмендегі жағдайды да ұмытпаған.

Көтеріліс басылған соң «Қара тізім – бөлек отыр» деген нұсқаумен лагерь ұйымдастырады. Оған көтерілісте опат болған, қатысты деп ұсталып кеткен азаматтардың бала-шағалары қолдағы бар малдарымен жиналды. «Лагерьге», қазіргі «Сызған» совхозының «Қайнар» бөлімшесінің жерінде орналасқан Үспі деген аймақтан төрт гектардан астам жер бөлініп, оның айналасын қоршайтын сым, не басқа да жабдықтар болмағандықтан, көшіп келгендердің өздеріне ор қаздырып, бір жерден кіріп-шығатын орын қалдырып, оның аузына күні-түні кезекпен милиционер отыратын болды.

Құдық жоқ, су тасымал, ол да жетіспейді. Дәрігерлік көмек деген атымен жоқ. Көбінің малы жоқ. Алдымен балалар, одан соң ересектер қырыла бастады. Бұл шығын да есепке алынған жоқ. Ел қырылып бара жатқан соң, олар ауыл-ауылға таратылып, колхоздарға кіргізілді. Соларға алғашында екі ешкіден бөлінгенде, көп ұзамай белсенділер ет салығы деп оны да жинап кетті. «Менің атымды да, туылған жерімді де еш жерде көрсетпей-ақ қой. Бірақ теріскейдің түлегімін. Жастар менің істеген ісімнен өнеге, тәлім алсын деп отырғаным жоқ. Оларға сабақ болсын. Менің барлық жастық, отты жылдарым теріскейде өтті. Сол кездегі белсенділердің бірімін. «Кедей сорлы, қолыңа билік тиді, қарыштап қал» десе, байлаудан босаған төбеттей ақты-қараны ажыратпай, тамаша орындадың деп мақтаса, бөркіміз қазандай болыпты. Еліме қиянат, озбырлықтан басқа бір мысқал жақсылық істемеппін.

Екі оқиға есімнен кетпейді. Кейде түсіме кіріп, шошып оянып, тұрып кетемін...

Құмдағы Тектұрмас деген жерден бір бай қашып көшіп, «жетім-жесірге үкімет адамдары тимейді» деп алтын заттарын тоқалына

тастап кетіпті деген хабар келді. Тыңшы жетерлік, әр ауылда бар. Бір-екі адам барып, еш нәрсе шығармады. Бастықтан рұқсат алып, мен кеттім. Талай келіп, салық жинаған ауыл.

– Шырағым төрежігіт, келіп қалыпсың ғой, төрге шық, – деп келіншек түлкі бұлаңға салып келе жатыр еді.

– Мен сенің қандай төрежаныңмын?! Мен үкімет адамымын, – деп өңменінен итеріп қалып едім, қалпақтай ұшты.

– Алтын қайда? Жиырмаға дейін санаймын. Айтпасаң, сұрауың жоқ, – деп жаныма алтыатарымды қойып, санай бастадым. Әйел Алласын да, құдайын да айтып қарғанды. Санай бердім. Он бестен асқан соң тезірек санап, алтыатарымды қолыма алғанымда, әйел «ана жерде» деп табалдырық жаққа қолын шошайтып айқайлап жіберді. Өзіне қаздырдым ұраны. Алтын заттар, Нәкәлайдың ақшаларын тыққан екен. Ісім орындалды. Әйелге көңілім кетті. Ол істі де тындырдым. Мен асыл заттарды оп-оңай қолға түсірдім дегеніме бастықтар сенбей, тексертсе қайтпекпін. Әйелдің бір жерінде дақ жоқ, онымен өзіңнің байланысың бар деп ойлап қалуы мүмкін ғой. Сондықтан әйелді көкала қойдай ғып сабап, алтынның біреуін де қалдырмай әкеп өткіздім. Бұл жағынан адал едік. Әйелдің тілі ащы екен, айтпаған қарғысы жоқ.

...Созақ көтерілісінен соң қашқан бандыларды іздеп, ауыл-ауылды кезіп кеттік. Бір шағын ауылға екі жігіт келсек, ақ боз үйден егделеу кісі шықты. «Бандылар бар ма?» деп едім, «Жоқ» – деді. Өлгі кісіні: «Сендерде бір-екі банды тығылып жатыр деген хабар бар, қайда, айт», – деп әбден сабадық та, үйдің сыртына, керегеге байладық. Серігімді ауылдағы қалған үйлерді іздеп кел деп жіберіп, үйдегі қызды зорладым. Ісімді бітіріп шыққанымда әлгі адам: «Айуан, пірінен безген кісәпірлер, лағынет атсын, ұрпақсыз өт, қызыммен мені бүйтіп елге қарабет қылғанша атып кет», – деп жалынды. Осы екі адамның даусы, қарғыстары құлағымнан кетпейді. Мен халықтың қарғысына ұшырағаннан дүниеден ұрпақсыз өтіп барамын. Адамға осыдан артық азап бар ма!» – деп қария жылап жіберді. Сосын: «Бұрын жақсы еді, жабулы қазан жабулы күйінде. Қазір газет, журналды қолыма алуға қорқамын. Біреу оқып отырса, жанына жақындай алмаймын. Еліме де бетім отқа күйген адамдай қарау жоқ. Құдай да алмайды», – деді күбірлеп¹.

Созақ қасіреті оған белсенді қатысып, қанды қырғын құрбандықтары болған азаматтар тізімін айқындағанда анықтала түседі.

¹ Рүстемов М. Созақ көтерілісі // Социалистік Қазақстан. 1990, 24 шілде.

Мұздай құрсаңған «бес қаруы» сай кеңестік қызыл әскерлерге ерлікпен қасқайып қарсы тұрған ержүрек 271 жанның 182-сі, яғни басым көпшілігі – тама тайпасының азаматтары болып шықты. Республика Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағатында сақталған бұл тізімдегі кісілердің ішіндегі тамалардың өкілдерін анықтауға осы Созақ көтерілісіне аталары, туыстары қатысқан Оспанов Махмұдтың, Тұрысбеков Сексенбайдың, Ержанов Құралдың, Омбаев Әбдірахманның, Үсембаев Жақайдың, Сығалаев Мәуленнің, Ұлықсатов Сақтың үлкен еңбек сіңіргендерін атап айтамыз.

Шүкіршілік! Созақ құрбандарының немерелері, бала-шағалары бүгінде өсіп-өніп жатыр. Елім деген елдердің көзін жойған кеңестік жүйенің оларды ұрпақсыз қалдыруға құдіреті жетпеді.

Ал енді Созақ қаһармандарына келсек, олар мыналар:

1. Жакупов Сапар қожа – руы белгісіз
2. Абдулаев Шал – руы белгісіз
3. Ақбергенов Бақдәулет – руы белгісіз
4. Жамалетдинов Қожахмет – руы белгісіз
5. Досаев Нұрмұхамед – руы белгісіз
6. Тұрғұмбаев Шоқтай – тама
7. Нұрметов Ташмет – руы белгісіз
8. Олханов Сопыбек – руы белгісіз
9. Көлбаев Тынышбай – тама
10. Сығаев Құдиярбек – тама
11. Жантуаров Махан – тама
12. Райымов Бейсембай – тама
13. Райымов Сәрсембай – тама
14. Медеубаев Ақбай – тама
15. Сүйменов Жарлықасым – тама
16. Жембаев Амантай – тама
17. Азнабаев Жұмаділ – тарақты
18. Дұлов Баймұрза – тама
19. Молбаев Балабек – тама
20. Бимұрзаев Жүсіпбек – тама
21. Нарметов Идиятулла – тама
22. Төлешов Ержан – тама
23. Әметов Тоқсыбай – руы белгісіз
24. Камалов Ақатай – тама
25. Шамалов Дүйсеке – руы белгісіз
26. Шамаев Тұрғымбай – тама
27. Үсембаев Бөнежан – тама

28. Ешназаров Жүсіпбек – тама
29. Айныбеков Жибаға – руы белгісіз
30. Өмірзақов Қайып – тама
31. Биалиев Құлдан – тама
32. Омарғалиев Оспан – тама
33. Мержалиев Мерабдулла – тама
34. Жолшиев Қанапия – тама
35. Омаров Әбдәлі – тама
36. Құдайбергенов Бабахан – өзбек
37. Қайыпов Қолжан – тама
38. Тлеукеев Әліп – тама
39. Ерiмбетов Еребай – тама
40. Есенбеков Нағаш – тама
41. Тайпыев Айман – тама
42. Төкенбаев Орман – руы белгісіз
43. Оңғарбаев Әлімхан – тама
44. Көгедеев Ергеш – тама
45. Сәмбетов Үркімбай – руы белгісіз
46. Әйтешев Рахмет – тама
47. Мұралиев Сайтәжі – тама
48. Шалов Білем – руы белгісіз
49. Досаев Нармет – руы белгісіз
50. Шалов Қалмет – руы белгісіз
51. Қалметов Омар – руы белгісіз
52. Байтұрсынов Дөненбай – тама
53. Қаратаев Мұсайып – тама
54. Әбдірасов Әділбай – тама
55. Исаев Жақып – тама
56. Жұпанбаев Жұмаш – руы белгісіз
57. Ысқақов Тұрғымбек – тама
58. Кеңсейітов Әлімхан – руы белгісіз
59. Темірханов Аббас – тама
60. Орымбаев Әлімбай – руы белгісіз
61. Ыбыраев Орақбай – руы белгісіз
62. Құдияров Шәдібек – тама
63. Көркембаев Қибасар – руы белгісіз
64. Шалбаев Имамбай – тама
65. Байназаров Мейірман – тама
66. Сәрсенбаев Байжұман – тама
67. Байназаров Әлайдар – тама

68. Жайлыбеков Төлеген – тама
69. Бекмойынов Жабак – тама
70. Шүлебаев Өтебай – тама
71. Айхымбеков Арыстанбек – тама
72. Исақов Жақып – руы белгісіз
73. Оралбаев Төнесбай – тама
74. Бисүгіров Тәжібай – тама
75. Доңғалақов Жұманбай – руы белгісіз
76. Аяпов Бекболат – тама
77. Ақшалақов Омар – тама
78. Есенов Ақай – тама
79. Төлесов Төтебай – руы белгісіз
80. Әлиев Қайрулла – тама
81. Шаятаев Сұлтан – тама
82. Базаров Зиятолла – руы белгісіз
83. Нұрмағамбетов Төлебай – руы белгісіз
84. Жұманов Әбіш – тама
85. Ішметов Оспан – руы белгісіз
86. Хамитов Әшір – тама
87. Рысметов Ешмет – өзбек
88. Нұрметов Сүбүхан – тама
89. Сөгербаяев Айтжан – руы белгісіз
90. Кенжебаев Әбдірахман – тама
91. Мырзалімов Оспан – тама
92. Тәліпов Нұсұретдин – тама
93. Тұрсымбаев Ләтіп – тама
94. Тілеубергенов Секімбай – руы белгісіз
95. Тәжібаев Кеңгелді – руы белгісіз
96. Омаралиев Мырзақасым – руы белгісіз
97. Жабаев Рүстембек – тама
98. Жарымбетов Алтай – руы белгісіз
99. Даулетяров Әбдірайым – тама
100. Алтыбаев Мәделіхан – тама
101. Бертыбаев Әлжан – тама
102. Шөкібеков Айтмұхамед – руы белгісіз
103. Әуезов Манкен – тама
104. Мырзаев Қалпе – тама
105. Мүсірепов Ермұхан – тама
106. Байымбетов Әмет – руы белгісіз
107. Бегманов Бейсембай – руы белгісіз

108. Атангаев Созай – тама
109. Ибрагимов Иса – тама
110. Тынышбаев Мақаш – тама
111. Қайыпназаров Тұрғымбек – руы белгісіз
112. Өсербаев Жүнісбек – руы белгісіз
113. Өтебаев Тілеу – тама
114. Жолыбаев Елеш – тама
115. Байсейітов Найсидек – руы белгісіз
116. Сәлімов Нақышман – руы белгісіз
117. Баймұрзаев Нақбек – тама
118. Әбдірасов Нұрлыбай – тарақты
119. Рысбаев Дүйсенбі – руы белгісіз
120. Әлимұсаев Әбілқайыр – тама
121. Өтебаев Қара – тама
122. Қалымбетов Қыйсық – руы белгісіз
123. Қырықбойдақов Әлімбек – тама
124. Атабашев Әбіш – руы белгісіз
125. Орымбаев Көшкімбай – руы белгісіз
126. Көшкімбаев Мұсалы – тарақты
127. Әбдуқабиев Құмар – тама
128. Байсейітов Ноғайбек – руы белгісіз
129. Төрекұлов Керімбай – тама
130. Төрекұлов Отар – тама
131. Шайназаров Мұсаәлі – руы белгісіз
132. Беркімбаев Оразбай – тарақты
133. Нұрбаев Рысдәулет – тама
134. Байсақалов Ахмет – тама
135. Досаев Құлмет – руы белгісіз
136. Ақмамбетов Берден – тарақты
137. Құланов Қалдәулет – тарақты
138. Жолдыбаев Райымбек – тама
139. Нұрметов Абдолла – тама
140. Нұржанов Әбдіхалық – тама
141. Мәлеуқұлов Әпсатар – тама
142. Мұсауыров Нұрмет – тарақты
143. Бекбергенов Құдайберген – руы белгісіз
144. Иманбаев Күшей – найман
145. Ноғайбаев Абдолла – өзбек
146. Құрбанқұлов Атқай – тама
147. Рахметов Хабиболла – өзбек

148. Қайымқожиєв Сейдахмет – өзбек
149. Қарабалаєв Бейімбет – тама
150. Райымбеков Жақай – тама
151. Бейсембаєв Қуандық – тама
152. Шалақов Әлібек – тама
153. Жұманов Ысқақ – тама
154. Жауқашев Омар – тарақты
155. Ахметов Иса – тама
156. Үндібаєв Ыстамбек – тама
157. Омбаєв Есіркеп – тама
158. Шілмәмбетов Сағындық – тама
159. Өзкелдиев Бекжан – тама
160. Жақсыбаєв Абдолла – тама
161. Сұлтамбеков Сарман – тама
162. Әліпбаєв Имамбек – тама
163. Көкешев Әден – тама
164. Аралбаєв Салықбай – тама
165. Ағымбаєв Қасым – тама
166. Шөкеев Сәдуақас – тама
167. Жамбеков Жөкен – тарақты
168. Еркебаєв Мәжен – тама
169. Досов Бақберген – тама
170. Османов Тоққожа – қожа
171. Аралбаєв Наманбай – тама
172. Арқабаєв Ақберді – тама
173. Еркеков Жұманазар – тарақты
174. Қарамұрзаєв Жақып – қаңлы
175. Дербісалов Сұлубек – қаңлы
176. Көкебаєв – Жабаєв Үсен – найман
177. Маңлаєв Кәрім – найман
178. Құлтасов Асқар – тама
179. Жапарқұлов Насыр – тама
180. Жамаяқов Рахмет – тарақты
181. Бүркітбаєв Тәшім – тама
182. Айгелов Байтілеу – тама
183. Саминов Садық – тама
184. Имамбердиев Нұрыш – тама
185. Шараєв Сәдуақас – тама
186. Османов Имамберді – тама
187. Әділбеков Қиянбек – тама

188. Жәнібеков Шуақ – тама
189. Әуезов Қорлық – таракты
190. Қойшыбаев Исмаил – таракты
191. Тұржанов Хұсаин – тама
192. Тұржанов Шашанбас – тама
193. Қойшыбаев Жәкен – тама
194. Байқадамов Сағынтай – тама
195. Қарғашев Мұстафа – тама
196. Әуезов Әділбек – тама
197. Танеев Сарбас – тама
198. Иманов Жантөре – тама
199. Исатаев Сапалай – тама
200. Құшбанов Дәуітәлі – тама
201. Ісжанов Бұлқындық – тама
202. Наурызбаев Елеубай – тама
203. Наурызбаев Ұқсабай – тама
204. Майкеев Байсейіт – тама
205. Жақсынбаев Алтынбек – тама
206. Несіпбаев Қуаныш – тама
207. Исабеков Мақан – тама
208. Жақыпов Сүлейман – тама
209. Өтепов Әділқожа – руы белгісіз
210. Қуеков Аманжол – тама
211. Жанділдаев Байдулла – тама
212. Бәжібаев Досжан – тама
213. Орабаев Тасыбай – тама
214. Киікбаев Ибан – тама
215. Жаносов Тәжей – тама
216. Сарыбасов Қойшыбай – тама
217. Тұрғамбаев Қазыбек – тама
218. Кәрімбаев Ауыбек – тама
219. Байконысов Омарқұл – тама
220. Кәрімов Ескожа – тама
221. Байжанов Диқанбай – тама
222. Қашанов Қирамбек – тама
223. Төребеков Әдеш – тама
224. Ахметов Мариябек – руы белгісіз
225. Кемпіров Әмадия – руы белгісіз
226. Сыздықов Қожан – руы белгісіз
227. Сарыбасов Күмісбек – тама

228. Жүсіпбеков Оспан – руы белгісіз
229. Ерменов Берген – тама
230. Қарағашев Сасжан – руы белгісіз
231. Құтыншиев Оралқы – руы белгісіз
232. Қарықбаев Ұшақбай – руы белгісіз
233. Кәрімов Иба – руы белгісіз
234. Несіпбаев Наурызбай – тама
235. Қарғашев Әбешкен – тама
236. Жәкенов Төлеген – тама
237. Өтебаев Ерубай – тама
238. Кемпіров Байлау – руы белгісіз
239. Орыбаев Қуандық – тама
240. Мысамбаев Абдуғали – руы белгісіз
241. Сыздықов Төлентай – руы белгісіз
242. Тәжібаев Иса – тама
243. Оразбеков Құлжамбек – тама
244. Бекешев Әмзе – руы белгісіз
245. Арыстанбеков Орынтай – тама
246. Нұрпейісов Дәуітәлі – тама
247. Тілеубеков Рахатжан – тама
248. Сартов Ертамбек – руы белгісіз
249. Топашев Нұркен – тама
250. Оспанов Мақай – тама
251. Әкенбеков Телеубай – руы белгісіз
252. Рахымжанов Нұғман – руы белгісіз
253. Бекешев Нұржан – тама
254. Есеншораев Мыңжан – тама
255. Қуатов Сақынбек – руы белгісіз
256. Қожатаев Телеубек – руы белгісіз
257. Жағманов Тұншыбек – руы белгісіз
258. Шалбаев Қадыр – тама
259. Телеубеков Ұшақбай – тама
260. Қоқынбаев Сейіт – тама
261. Дауылбаев Дөненбай – руы белгісіз
262. Көнебаев Ысмайыл – тама
263. Айнабеков Орынбек – тама
264. Жайықов Оспан – руы белгісіз
265. Елебаев Сембек – тама
266. Жандауылов Жанбота – руы белгісіз
267. Сүйінбеков Әлі – тама

268. Алтайбаев Ысқақ – тама
269. Манабаев Самұрат – руы белгісіз
270. Адамбаев Шөже – тама
271. Қуеков Жанжұман – руы белгісіз.¹

Кеңестік тоталитарлық жүйенің әділетсіздігіне қарсы ерекше ба-
тылдық көрсеткен осындай абзал азаматтарымыздың есімдері кейінгі
ұрпақтың есінде сақталып, асылдарымыз ретінде ардақталулары ке-
рек. Алла қаласа, біртіндеп оған да жететін күндер келе жатыр. Созақ
көтерілісі – тарихымыздың өшпес із қалдырған қанды беттері.

Сонымен қатар мынаны да айта кету парыз. Созақ көтерілісінің
басшылары да, ұйытқысы да осы өңірдегі тама руынан шыққан аза-
маттар екендігін жоғарыда ескерттік. Алайда, мынаны да ұмытуға
болмас: біз жариялап отырған тізім және қосымша мұрағат дерек-
тері Созақ көтерілісінде тамаларды басқа рулар, тіптен басқа ұлт
өкілдері де қолдағанын байқатады. Мысалы, тарихшы Қ.С.Алдажұ-
манов құпия мұрағат қорынан алынған мынандай деректі келтіреді:
көтеріліске Жаңатама руынан – 32 адам (есімдері көрсетілген),
Маңғытай-Саңғылдан – 30 адам, Андақұлдан – 18 адам, Тарақты-
Уақтан – 49, Алшын-Құлтумадан – 22 адам, Өтемістен – 30 адам,
Зортымақтан – 32 адам шығарылған².

Ал енді көтерілісте хан сайланған Сұлтанбектің көтеріліс шта-
бына және Хан кеңесіне 20 азаматтың кіргендері белгілі. Олардың
арасында халыққа ықпалды кісілер және белгілі дінбасылар бар.
Зерттеушілер бұлардан Қамбарбек Өтембаевты, Алдияр Ыдыры-
совты, Ибрагим Есбергеновты³, Иманбек Әліпбекұлын, Ыбырай
Жәукебайұлын, Стамбек Аюбекұлын ерекше атап жүр⁴.

Созақтағы адамдарды жаппай тұтқындауды естіген кейбір ауыл-
дар құмның ішіне қарай тереңдеп көшіп кетуге күш салған. 22 ақ-
панда, мысалы, Төртоғай стансасында осындай Созақ ауданынан
қашқан 25 адамды ОГПУ тұтқынға алған. Ұсталғандардың ішін-
дегі Тұрсынбаев Әбдіқадыр, Балтабаев Сапа деген кісілер жауап

¹ Ескерту: Тізімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұра-
ғатынан алып, оқырманға ұсынып отырған Хайролла Ғабжалиев.

² Алдажұманов Қайдар. Крестьянское движение сопротивления // Депортиро-
ванные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс» - «Қазақстан»,
1998. 70-б.

³ Сонда. 70 б.

⁴ Тәбірізұлы С. Қарабура әулие (танымдық зерттеу). – Қарағанды: ШЖК «Ер-
дос», 1996. 51-б.

алу кезінде мынадай әңгіме айтқан: ауылда Тұрсынбаев Әбдіқадыр ауыл адамдарын жинап алып, Созақта адамдарды бай деп айыптап, жаппай тұтқындау жүріп жатқанын әңгімеледі. Жиналыста қауіптен құтылу үшін құм қойнауына қаша көшу туралы шешімге келген. 11 ақпанда, түнде ауыл үдере түгел көтеріліп, түн қараңғылығын жамылып көше жөнелген. Бағыттары Бәйгеқұм стансасынан 80 шақырымдай жердегі Ақтау тауы болған. Бірақ олардың соңдарына түскен жазалаушы отряд 20 ақпанда 16 сағатта қуып жеткен және 21 адамды тұтқынға алған.

Жалпы қазақ халқы қашанда бауырмал ғой. Созақтан бассауғалап қашып шыққандарға басқа аудандардағы, тіптен басқа рудың қазақтары қолдан келгенше көмек беруге күш салғанын мұрағаттағы ОГПУ құжаттары да мойындайды. Мысалы, Шиелі ауданының №14 ауылында Нұржақанов Жандардың үйінде 20 ақпанда ауыл адамдары жиналып, жоғарыдағы Созақ ауданынан Қарақұмға көшкен 150 қожалықты Қытайға өткізіп жіберудің жолын қарастырып, осы мақсат үшін оларға жақсы жылқылар даярлауға кіріскенде, бұл әрекеттері тың тыңдап жүретін ОГПУ органдарына белгілі болып қалған¹.

Осы мысалдың өзі-ақ Созақ түбінде жазалаушылармен қақтығыстан кейін аман қалған көтерілісшілердің Созақтан неғұрлым аулағырақ кетуге тырысқандарын аңғартады. Қазақстан ПП ОГПУ бастығының орынбасары Альшанскийге Созақ көтерілісін жазалаушыларды басқарған Алексевицтің жіберген мәліметіне қарасак, 15 ақпанда Созақта жазалаушылар (тегінде Никитинконың отряды) талқандаған көтерілісшілердің қалдықтары екіге бөлініп, Жаңақорған ауданына бет алған. Бұл ауданның 2 және 5 ауылдары көтерілісшілерді қой сойып, қонақжайлықпен қарсы алған. Тыңшылар арқылы бұл хабарды жедел естіген жергілікті үкімет және ОГПУ органдары Бесарық стансасынан 50 шақырым жердегі №2 ауылға Жаңақорғаннан 8 адамнан тұратын отряд шығарған. Мылтықтарын шошайтып, ауылға келген осы отряд мүшелері ауыл адамдарына қыр көрсетіп, бай-кулак элементтері деген сылтаумен адамдарды тұтқынға алуға кіріскен. Ашынған ауыл адамдары Созақтан келген көтерілісшілермен бірге отряд мүшелеріне жабыла кетіп, оларды әп-сәтте қару-сыздандырып, көкала қойдай қылып сабап тастаған. Дегенмен, отрядтың екі мүшесі сытылып қашқан. Оларды 10 шақырымға дейін өкшелеп қуған қуғыншылар бәрібір қолға түсірген. Қолға түскен

¹ ҚРПИМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 233-234-пп.

кашқындардың бірі – Жанақорған аудандық партия комитетінің хатшысы болып шыққан¹.

Тұтқындардың бұдан арғы тағдырлары қалай болғаны туралы біздің қолымызда басқа мәлімет жоқ. Бірақ бұл мысалдан бір нәрсе анық – сол жылдары «жергілікті ауылдар Кеңес өкіметіне жаулық пиғылда болды». Күшпен ұжымдастырудағы озбырлықтар халықтың қалың бұқарасының ашық наразылықтарында анық көрінді. Сондықтан да көңілдеріне келсе де айту керек, біздің кейбір тарихшыларымыздың өздерінің қалың кітаптарында «ұжымдастыруды қазақ ауылы қуанышпен қабылдады, бұл шаруаларды кооперативтендірудің лениндік жоспарының және ауылшаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың салтанатты жолы еді», – деп жазғандары – тарихи шындықты көпе-көрінеу бұрмалау болып шыққан.

Дегенмен де, Созақ көтерілісі және басқа наразылықтар туралы айтқанда мынаны ұмытуды тарих кешірмейді деп ойлаймыз: олар Кеңес өкіметіне қарсы күреске шығуға, орыстарды қуып жіберуге шақыра тұрса да, өзінің сипаты жағынан әділетті және Қазақстанда Голощекин орнықтырған жартылай әскери шаруаларды кооперативтендірудің лениндік идеяларын бұрмалаған жергілікті жерлердегі әкімшіл-әміршіл күштеу аппараттарының жүгенсіз де оспадар қызметтеріне қарсы бағытталды. Бірақ, әрине, көтерілісшілердің ленинизмнен де, кеңес мемлекетінің сол кездегі саяси өмірінен де хабары жоқ болатын. Қалың бұқараға әділетсіздікке қарсы күресіп жатырмыз деген сенім топтастырды.

Ал Созақтағы көтерілісте ұлтшылдық сипат болды деп айтуға бола ма? Біздің ойымызша: болмайды! Неге? Өйткені наразылықтарға негізінен екі бірдей ұлттың өкілдері – қазақтар мен өзбектер тізе қоса белсенді қатысты. Яғни бір сөзбен айтар болсақ, еңбекшілердің қалың бұқарасын әділетсіз Голощекин режиміне және тәртібіне қарсы шығуға шақырған бұл оқиға шын мәнінде қалың бұқараны сталиншіл әміршіл-әкімшіл жүйе тұтқынында ұстауға бағыт ала бастап, кейін жеке адамға табынуға барып ұласқан тоталитарлық тәртіпке наразылардың ұлт-азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресіне айналды.

Филипп Голощекин мен оның көлеңкесі болған Рошчал, Идельсон тәрізді Қазақстан басшылары Созақ көтерілісіне жағымсыз сипаттама беру үшін оған өзбектердің қатысуын да басқаша ұлтшылдық мүдде тұрғысынан түсіндіріп бақты. Ташкентте ұлтшыл ұйым бар.

¹ Сонда. 238-п.

Созақ көтерілісіне дем беріп отырған солар десті голошекиншілдер. Мұны төмендегі ресми құжатпен оқып-танысқан оқырманның өзі де аңғара алады:

«Өте құпия Ташкент, БК(б)П

Орта Азия бюросы

Зеленский жолдасқа

Созақтағы контрреволюциялық бас көтерумен байланысты жағдайларды талдау кейбір басшылардың Орта Азия территориясында жұмыс істейтін ұлтшыл топтармен байланыста болғанын көрсетеді. Созаққа жөнелткен біздің басшы қызметкерлеріміздің бірінің осы мәселеге байланысты берген фактілерін Сіз ескерер деп мәлімдеп отырмыз (Әңгіме Идельсонның Голошекинге жазған хаты туралы – *Т.О.*). Міне, ол былай жазған: «Өзбектердің бұл көтеріліске қатысуын жандандырған және жандандырушы Ташкентте және Өзбекстанда жұмыс істейтін ұлтшыл топтар, Қарнақтан және басқа да қыстақтардан шыққан имандардың, байлардың және басқа да анти-советтік элементтердің балалары. Олардың жұмысының арқасында 1929 жылы Өзбекстанға 200 қожалықты қоныстандыру, ал одан бұрын барлық өзбектерді Өзбекстанға қоныстандыру әрекеті болды.

Үздіксіз байланыстары бар және іріту жұмыстарын жүргізіп жүрген кейбір адамдар мыналар:

1. Мусин Ергеш – Ташкентте.
2. Азизов Әубәкір – Ташкентте.
3. Азизов Пальпе – Ташкентте.
4. Атакиев Сүлейман – Ташкентте.
5. Нұрдыков Шахид – Ташкентте.
6. Надыров Нови – Ташкентте.
7. Абдраимхожаев Саин – Ташкентте.
8. Бұхаров Талиб – Ташкентте.

Осы адамдардың бәрі Өзбекстанда жауапты қызметтерде. Олар негізінен партия саясатына көлеңке түсіреді десіп, біздің Қазақстанның саясатын сынға алуға және «Қазақтар жер мен суды алып қоюда, өзбектерге қысым жасауда, өзбектер қазақтар үшін салық төлеуде, астықты өзбектер өткізулері керек» деген тәрізді өзбектерді ығыстыру туралы айтуда. БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Рошаль»¹.

Орта Азиядағы қайдағы бір ұлтшылдардың орталығы туралы осы деректі Өлкелік партия комитетінің өрескел қателіктерін жасы-

¹ ҚРПМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 40-п.

ру үшін Ф.И.Голощекин талай рет айлакерлікпен пайдаланды. Ол тіптен бұл туралы Сталинге де жазып, оның «ұлтшылдыққа» қарсы күресіне май құя түсті. Мысалы, 1931 жылы 31 желтоқсанда Сталинге ол былай деп жазды: «Кейбір құжаттар арқылы Орта Азияда – Түркменстанда – басмашылықпен байланысты және Қазақстаннан көшіп кетушілерді ұйымдастырушы арнайы ұйымдардың бар екені анықталып отыр»¹.

«Өсекші мен өтірікші – егіз» деген емес пе, өзінің тікелей бастығынан І.Құрамысов та қалыса қойған жоқ. Қазақстан Автономиялы Республикасының 10 жылдық мерекесі салтанатпен атап өтіліп жатқанда, ол «Советская степь» (қазіргі «Казахстанская правда») газетінің (6 қазан, 1930 жыл) бетінде «ұлтшылдарға» қарсы күрес туралы көлемді мақала жариялап, онда жоғарыда жала жабылған өзбек және түрікмен ағайындарды жайына қалдырып, Созақтағы және т.б. «қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымы» туралы аңызды ойлап шығарды. «Қазақстанда ОГПУ органдары ашқан қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық астыртын ұйымы, – деп жазды ол, – Кеңес өкіметін құлатуды және буржуазиялық-демократиялық автономияны қалпына келтіруді өзінің мақсаты етіп қойды. Астыртын ұйым пантүркізмнің белгілі идеологы және Орта Азиядағы басмашылықтың идеялық жетекшісі Закки Валидов басқаратын «Тәуелсіз Түркістан» контрреволюциялық ұйымына біріккен ақтардың шығыс эмиграциясымен құпия байланыс орнатты»².

Сонда Құрамысов кімдер туралы айтып отыр деп ойлар оқырман. Дәл осы мақаласында ол бұл дүдәмал сұраққа анық жауап беріп, қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық астыртын ұйымының басшылары ретінде қазақ халқының таңдаулы ұлдары А.Байтұрсыновты, М. Дулатовты, Д.Әділовті, Х.Ғаббасовты, М.Ғаббасовты, М.Есболовты, Е.Омаровты атап көрсетті.

Созақтағы халықтық көтерілістер туралы І.Құрамысов одан әрі былай деп арнайы айтты: «Азамат соғысын сезіне қоймаған қазақ байы Қазақстанның жекелеген көшпелі аудандарында бұқараға әлі де едәуір ықпал етуде. Ол өзінің соңғы күштерін Кеңес өкіметіне қарсы көтеруге тырысуда. Біз оңшыл уклоннан, оппортунизмнен алашорда идеологиясына дейін – бір адым екенін іс жүзінде көріп отырмыз»³.

¹ Сонда. 108-п.

² «Казахстанская правда». 1930, 6 қазан.

³ Сонда.

Голощекиншілдер 30 жылдардың басында ойлап шығарған «қазақ ұлтшылдарының астыртын контрреволюциялық ұйымы» туралы осы бір аңызды көп өтіріктің бірі ретінде көзге де ілмей, тарих керуенінен аулаққа жансыз өлекседей лақтырып кетуге де болар еді-ау, егерде өсектен өрт шықпаған болса. Кейініректе, 30 жылдардың соңына қарай «антисоветтік ұлтшыл ұйым» туралы аңыздан осы ұйымның басшылары Созақ және басқа көтерілістерді ұйымдастырушылар ретінде халқымыздың ұлдары басқасын былай қойғанда, коммунистік партияның өзіне де орасан зор еңбек сіңірген қайраткерлер Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Нұрмақов, Ұ.Құлымбетов, Ш.Дивеев, С.Сәдуақасов, О.Жандосов, А.Асылбеков, тіптен І.Құрамысовтың өзі де жазықсыз жапа шекті.

Қазақ халқының көгіндегі жарық жұлдыз, дара тұлға Смағұл Сәдуақасов Қазақстанда Голощекин шыдатпай, 1933 жылы жат өлкеде әлдеқашан қайтыс болып кетсе де, 1937 жылы жоғарыдағы қайраткерлермен бірге қараланды. Сөйтіп, аруақты сыйламайтын имансыз сталиншілдер молада жатқан адамды да соттады. Әрине, мұның бәрі жала болатын. Бұған оқырманның көзін дәлірек жеткізе түсу үшін Мемлекет Қауіпсіздігі комитетінің, бұрынғы Қазақстан өкіметінің басшысы Ұзақбай Желдібайұлы Құлымбетов ісіне 1958 жылы 6 ақпанда берген қорытындысынан үзінді келтірелік:

«...Мемлекеттік және партиялық мұрағаттарды Қазақстанның бірқатар облыстарының және орталықтың КГБ мен МВД органдары мұрағаттарын тексергенде Құлымбетовтің көтерілістерге қатысы барлығын дәлелдейтін материалдар табылмады. Сарысу және ішінара Созақ көтерілістеріне қатысқандар істерінде Құлымбетовке қатысты қандай болса да мәліметтер табылмады»¹.

Мұндай қорытындыларды Мемлекет Қауіпсіздігі комитеті жоғарыдағы басқа қайраткерлерге де берді. Дегенмен, кезінде Голощекин түтінін түтеткен өтіріктің өз дегенін істеп кеткені қатты өкінетеді.

Голощекин төңірегі Созақ көтерілісіне орташалар мен кедейлер бұқараларының белсене қатысу себептерін де басқаша түсіндіріп бақты. Олардың ойларынша, Созақ және Сарысу аудандарында әлі Кеңес өкіметі орнамаған, яғни оларға «кіші Октябрь» қажет болды. Оның үстіне байлар мен ишандардың күшті ықпалы және орасан зор беделдері де шешуші рөл атқарды десті олар. Топтап қамаса да, айдалып «барса келмеске» жер аударса да, атып өлтірсе де, малынан

¹ ҚРПИМ. 141-к., 17-т., 1965-іс, 7-п.

айырса да, қазақ байларының азаймай, тап ретінде жойылмағаны ма сонда!?

Әрине, қазақ ауылының ол жылдары Кеңес өкіметінің газеттерін сирек алғаны, Коммунистік партияның ықпалынан гөрі дін қайраткерлерінің үгіт-насихатына құлақ қойғаны, негізгі деректі «ұзын құлақтан» алғаны тарихи шындық. Ал бұған кім кінәлі? Халық па, жоқ әлде Голощекиннің айналасындағылар ма? Әрине, соңғысы дер едік біздер. Жергілікті жердің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін ескермеу, жоқты бар етіп, «жауырды жаба тоқу», ұжымдастыруды жау қуғандай қауырт та қарбалас жүргізу, «күштінікі әрқашанда дұрыс» деген тезисті бұқараға зорлап енгізу – осының бәрі Созақ көтерілісіне алып келді. Созақ оқиғасына коммунистердің өздері де белсене қатысты. Оқырман автор коммунистерге жала жауып отыр, – деп ойлап қалмауы үшін Голощекин мен Шымкент округтік партия комитетінің хатшысы Гуриннің атына Түркістаннан Идельсон мен Құлсартов жолдаған ресми хаттан үзінді келтірелік. «...Ауданның жауапты қызметкерлерінің бір бөлігі және ауылдық кеңестің төрағалары, соның ішінде коммунистер белсенді жетекшілер ретінде бандада басшылық рөл атқарады. 50 адамнан тұратын (кейбір деректерде 46 адам – *Т.О.*) партия ұясы, соншалықты комсомол мүшелері, соның ішінде жауапты қызметкерлер бандаға ешқандай қарсылық көрсетпеді, керісінше ханға еріктерімен барып, партиядан жалтарып, ханға қызмет ететін болып уәде беріп, діни дәстүрлерді қабылдап, бандиттер кейпіне еніп, сәлде орап, ақ шүберек байлап алуға көшті»¹.

Мұның себебін түсіну үшін көтеріліс басталардан біраз айлар бұрынғы және көтеріліс қарсаңындағы осы аудандағы партия ұйымының жағдайына шолу жасау керек болар.

1929 жылдың тамыз айының соңына қарай, яғни көтеріліс басталардан бірнеше айлар бұрын ауданның партия ұйымы қатал тазалауға ұшырады, пара алды, басқаның еңбегін қанады, қалың мал алды, әртүрлі топшылдыққа қатынасты, байлармен байланысы бар деген түрлі сылтаулармен 21 адам партия қатарынан шығарылды. Партия ұйымы қатарында 46-ақ адам қалды. Көтеріліс басталғанда оның да үшеуі сот жазасына тартылып жатқандар еді.

Партияға мүшелер – 11 қызметкер, 24 шаруа, 11 батырақ болатын. Коммунистер деген аттары болмаса, олардың 20-ы сауатсыз адамдар еді. Партиялық тазалау кезінде 84 адам партияға өткілері келетінін айтып арыздар берсе де, 1930 жылдың 15 сәуіріне дейін

¹ ҚРПМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 253-п.

7-ақ адам партияға мүшелікке кандидаттыққа қабылданды. Бұлардың бәрі тағы да техникалық жағынан сауатсыз болып шықты. Партия қатарын толықтырғандардың, бұқараға саяси ықпал жасайтындардың сиқы, міне, осындай еді. Адамдарға жаппай сенімсіздік көрсету, оларға жоғарыда атап кеткеніміздей, қылмыстар істейді немесе істеп қойған, – деп күдіктене қарау, партия ұйымын беделден жүрдай етті.

Дегенмен, партия ұйымы өзінің ұлттық құрамы жағынан интернационалды болып, 26 қазақты және 16 өзбекті біріктірді.

Партияның беделін құлдырата түсуге олардың бұқара арасына бармауы, үстірт жұмыс істеуі де қамшы болды. Мысалы, 1928 жылдың басынан бастап 1930 жылдың қаңтарына дейін аудандық партия комитетінің бір пленумы шақырылған жоқ¹.

Ауылдардағы партия ұяларының тірлігі де осы тақылеттес еді. Коммунистер мен комсомол мүшелері бас қоса қалса, күнделікті күйкі тірліктен аса алмады. Оның есесіне олардың пысықайлық көрсетіп, белсенділік танытатын жерлері – тартып алынған заттарды тізімге алу және мүмкіндігінше көп заттар тартып алу болды. Өздерінің іс-әрекеттерін халыққа түсіндіру, бұқараның көңіл күйін білу бұлардың ойларына да кіріп шықпады. Осылайша коммунистер мен комсомол мүшелері халыққа жексұрын тұлғаларға біртіндеп қалай айналғандарын өздері де білмей қалды.

«Аудан белсенділерінің қателіктері мынада болды, – деген жолдарды оқимыз Голощекинге және Шымкент округтік партия комитетінің хатшысы Гуринге Түркістаннан жолданған құжаттан, – ақпан айындағы пленумда (Созақ аудандық партия комитетінің пленумында – *Т.О.*) аудан жаппай ұжымдастыру ауданы деп жарияланды, колхоздарға тарту міндеті 25 ақпанда 85 процентке, жылдың соңында 100 процентке орындалатын болды. Бұқаралық түсіндіру жұмысы жүргізілген жоқ. Іс жүзінде байларды жоюды мүліктерін кәмпескелеу жолымен орындауға шешім қабылданды. Сондықтан да түгін басына орындау мүмкін емес – 1 немесе 1,5 десятина егістен 250 пұт мақта алу жоспарын берді. Барлық мүліктер үйдегі заттарға дейін, барлық жеуге жарайтын азық-түлік, көйлек-көншек үзілді-кесілді кәмпескеленді»².

Сондықтан да Созақтағы көтерілістің алғашқы күннен бастап-ақ коммунистерді, комсомол мүшелерін, жергілікті өкімет органдары-

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2968-іс, 142-п.

² Сонда. 17-т., 471-іс, 253-255-пп.

ның басшы қызметкерлерін жазалау, өлтіру бағытында өріс алғанын жоғарыда айттық та. Мұндай ауыр жазалаулардың тағы бір себебі – аудан басшыларының біразын округтік партия комитеті басқа аудандардан алып келіп, осында қызметке қойған еді. Ал қалған жергілікті коммунистердің ешқайсысына Сұлтанбек тиген жоқ.

Идельсонның мәліметіне қарасақ, бүкіл аудан коммунистерінің ішінен тек 2-ақ адам (1 коммунист, 1 комсомол мүшесі ғана) өздерінің партиядан және комсомолдан шықпайтындықтарын ашық мәлімдей алған. Бірақ олар іле-шала өлімші болып, ауыр соққылардан естен танды. Коммунистер мен комсомол мүшелері көтерілісшілер жағына өз еріктерімен шығып қана қойған жоқ, сонымен қатар хан әскерінің жетекшілік жұмыстарын атқарды, жергілікті Кеңес өкіметінің басшы қызметкерлерін тұтқынға алуды басқарды.

Осылайша жергілікті халыққа жасалған Голощекин қиянаты, жартылай әскери қатал тәртіп – партия, комсомол мүшелерін көтеріліс күндерінде халықтың жағына шығуға алып келді.

Кеңес аппараты мен ауылдық кеңестер де беретін түгі қалмаған халыққа қысым жасаудан әбден ығыр болып біткен еді. Жергілікті жердің өзіндік ерекшеліктерін ескермейтін, әртүрлі ауылшаруашылығы өнімдерін тапсыруды үздіксіз талап еткен жоғарғы органдардың озбырлығы олардың да зығырданын қайнатты. Халық ауылдық кеңестердің төрағаларын бұрынғыша революцияға дейінгі жылдардағыдай «старшын» деп атады, ал ауылдық кеңестің қалған мүшелерін ешкім де көздеріне ілген жоқ. Олардың өздері де өздерін Кеңес өкіметінің жергілікті өкілдеріміз деп есептей қойған жоқ, сондықтан да ешқандай шаралар да ұйымдастырып жатпады. Аудандық атқару комитеті басшылығы да жоғарыдан, округтік кеңестен түскен нұсқауларды көшіріп алып, жергілікті жерлерге жіберумен ғана айналысты.

Ауылдық кеңестің бұйрықты орындау әдісінің қандай тұрпайы және қарапайым болғанын Идельсон мен Құлсартов басқарған коммунистік отряд мүшелері Шолаққорғанға келгенде өздері де көрді. Олар күн өте боранды болғандықтан, 10 жылы баскиім, бірнеше сырт киімдер беруді талап етті. Ауылдық кеңес төрағасы ауқаттырақ отбасылардан талап етілген нәрселерді үйлерінен алып келудің орнына жиналысқа келген көпшіліктің баскиімдерін сыпырып ала бастады. Сондай-ақ олардың тондары мен ішіктері күшпен тартылып алынды. Баскиімдерінен және тондарынан айырылған адамдар сақылдаған сары аязда тақиямен және жеңіл киімдермен қалды.

Жұрттың наразы болған кескіндерін байқаған коммунистік отряд басшылары мұндай өздерінің көз алдарында болып жатқан жүгенсіздіктерге шыдамай, күштеуді тоқтатуды талап етті. Мұндай ұсынысты күтпеген, ұжымдастыру саясатын тек күш көрсетіп, қысым жасау және зорлық-зомбылық деп түсінген ауылдық кеңес төрағасы шімірікпестен: «Біз әрқашан осылай істейміз», – деп жауап берді және мұндай жолмен нұсқауды орындатуға неге болмайтынын түсіне алмай дал болды.

Осы сапарда коммунистік отряд мүшелері жоғарыдан қабылданған шешімдердің жергілікті жерлерде іс жүзінде орындалмайтынының да нақты куәлары болды. Ауылдық кеңестің жанынан кедейлер тобы құрылмаған болып шықты. Байлар арасында тәрбие жұмысын жүргізбек түгіл, ауылдық кеңес кедейлермен де жұмыс істемейді екен.

Көтерілістің ашық наразылық сипатында әрекеттер жасауына Созақ ауданының ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан және мал шаруашылығымен айналысу барысында берік орныққан әлеуметтік-шаруашылықтық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын шұғыл, күштеу жолымен өзгерту де өзіндік үлесін қосқанын айттық. Яғни жартылай көшпелі аудан табан астында, тым қысқа мерзімде отырықшылыққа көшіп, егін шаруашылығымен айналысуы тиіс еді. Тек алғашқы бір жылдың өзінде ғана егістіктер көлемі 88 процентке шұғыл өсті: егер 1928 – 1929 жылдарда ол – 4502 гектар болған болса, ал 1929 – 1930 жылдары – 7220 гектар болды. Жеке шаруалар қожалықтарына салық салу да айдан-айға шамадан тыс өсе түсті. Олардың тек жарым-жартысы ғана ауылшаруашылығы салықтарын төлеуден босатылды. Жаппай күштеп ұжымдастыру Созақтың өзінен басталуы тиіс болды. Оның территориясында үлкен коммуна құру көзделді. Ал мұның өзі алғашқы күннен бастап-ақ жұртшылықтың наразылығына кездесті. Жалпы орайы келгенде тағы бір айта кететін нәрсе, қазақ жерінде коммуна құру өзін-өзі ақтамады. Жергілікті жағдайды ескермеу, қараша да болса өз үйінде қазан көтеріп үйренген халықты «бір қазанның» айналасына зорлап топтастыру, өмір өзі қалыптастырған дағдыға кенеттен қарсы шығу еді.

Аудандағы жаппай ұжымдастыру міндеттерін орындау аудандық пленум мүшелеріне және жергілікті жерлерге жөнелтілетін уәкілдерге жүктелді. Бір танданарлығы, оларға ешкім алғаш жағдайды жақсылап түсіндіріңдер, содан кейін ғана нақты іске кірісіңдер, – деп нұсқау бермеді. Уәкілдердің жұмысы олардың қанша шаруа

кожалығын колхозға кіргізгенімен бағаланатын болды, оның үстіне міндет неғұрлым қысқа мерзімде орындалса, соғұрлым мадақталды және марапатталды, басқаларға үлгі етілді.

Созақ көтерілісі басталардан екі күн ғана бұрын аудан көлемін қамтыған үлкен жиналыс шақырылды. Онда аудан басшылары сөз сөйлеп: «Колхозға кірсеңдер де кіресіңдер, кірмесеңдер де кіресіңдер!» – деп жиналған жұртқа қоқан-лоқы көрсетті. Айта кететін тағы бір нәрсе – бұған дейін Созақ ауданында небәрі 70 адамды мүше еткен 2 ғана колхоз құрылған еді. Ондағы колхозшылардың жағдайы да ешкім қызығарлықтай тартымды емес екенін де елдің бәрі көріп отырған болатын.

Барлық ауылдардан күш көрсету жолымен жиналып алынған көктемгі егіске қажетті тұқымдық дән алыс болса да, Созақ пен Шолаққорғандағы қамбаларға әкелінді. Неге бұлай етілгенін, әр ауылдың тұқымдық дәндері неге өздерінде сақталмайтынын түсіне алмай дал болған шаруалар өкімет органдарына сенімсіздік көрсете бастады. Байлардың да әдейі құрылған қақпаннан, тар қыспақтан шығар амалдары қалмай, тұмсықтары тасқа тірелді. Алғашқы күннен бастап-ақ, жоғарыда айтылған пленум нұсқауына сәйкес Созақта мақта даярлау жоспарын орындай алмаған 12 байдың мүліктері кәмпескеленіп, өздері қол-аяғы байланған күйлері ГПУ түрмелеріне ат-арбалармен жеткізілді. Шолаққорғанның шолақ белсенділері тіптен қатал және «шаш ал десе, бас алатын» ашкөз болып шықты. Мұнда 15 бай тұтқындалып, түрмеге жабылғанда, олардың үй мүлкі, тіптен киім-кешектері де тартылып алынды. Байлардың артында шулап жылаған бала-шағаларына, сәбилеріне, семья мүшелеріне азын-аулақ қор қалдыруды да ұмытты, жергілікті голощекиншілер. Мұндай тасжүректіктің және мейірімсіздіктің халықтың тарапынан жаны ашу, қамқор болу сезімін туғызғаны Кеңес өкіметі өкілдерінің беделін одан әрі түсірді. Ауылдарда орташалар, кедей шаруалар және батырақтар ағайыншылық жасап, бәрі бас қосып, аштық апаты аузында қалған байлардың бала-шағаларын қамқорлыққа алды, киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етті, шолақ белсенділерді қарғап-сіледі, реті келсе аямайтындарын да алдын ала ескертті.

Айуандықтың шектен шыққанын мынандай бір ғана фактіден де көруге болады: жоғарыда айтылған Созақтағы 15 бай ешқашанда мақта өсіріп көрмеген еді. «Жоқтан бар жаса» деген мұндай арсыз талаптарды қойған адамдардың өздері де ар-ұяттан жұрдай, көсемдері Голощекиннің өзі тәрізді екіжүзді басшылар еді. Бұлар ауданда-

ғы кедейлерді де аяп қалған жоқ, ауыр салықтар салып, орындарынан тұрғызбай тұралатты, тобықтан қағып, діңкелетті. Міне, нақты мысалдар:

Ерсінов Рысбайдың тақыр кедейлігі сондай, құрым-құрым киіз үйінің саңлауларынан аспандағы самсаған жұлдыздар нұр шашатын. Оның барлық мүлкін қосып есептегенде 38 сомға әрең жететін. Осыған қарамастан, жергілікті шолақ белсенділер оның 44 сом 18 тиын салық төлеуін талап етті. Ал Әбдуәлиевтер семьясы одан да кедей, үйіндегі бар мүлкі 27 сомнан артыққа бағаланбайтын семья еді. Бірақ сорларына қарай оларға 43 сом 93 тиын салық салынды. Бұл тізімді мұрағат материалдары негізінде осылайша соза беруге де болар еді. Бірақ осылардың өзі-ақ қазақ шаруасын ұжымдастырудың қатал тәртібінің бейнесін, аянышты кейпін берсе керек.

Астық даярлау науқаны да асыра сілтеусіз болмады. 1929 жылдың ішінде оның жоспары да үш рет өзгеріп, әр өзгеріс сайын арсыздықпен өсе түсті.

Алғашқы жоспар – 10000 пұт еді, келесісі – 15000-ға жетті, ал ең соңғысы – 25000 пұт болып белгіленді. Астық байлармен бірге орташалардан да тартылып алынды, сөйтіп 40000 пұтқа жетіп, жоспар артығымен орындалды.

Нағыз адам төзгісіз сойқан 1930 жылы 23 қаңтарда басталды. Соzaқтың бір өзі ғана жоспар бойынша 3000 тонна мақта өткізуі керек еді. Бірақ жиналған мақта небәрі 400 тоннадан аспады. Шаруалар барын үкіметке жинап бергендерін айтып, ант-су ішсе де, оны назарға ілген ешкім болмады. 50 адамдық коммунистер мен комсомол мүшелерінен тұратын арнайы отряд құрылып, үйлерді жаппай тінту қызу қолға алынды. Отряд мүшелері тағылықтың танданарлықтай үлгілерін көрсетіп, мақта бермегендерді соққыға жығып, жинап қойған көрпелерін далаға сүйреп алып шығып, ай-шайға қарамай, тысын қақ айырып, ішіндегі мақтасын сыпырып алды. Мұндай жүгенсіздік одан әрі жалғаса беретін бе еді, егерде мақта қабылдайтын кәсіпортив ескі мақталарды қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартпағанда.

Мұндай келеңсіз әрекеттер Шолаққорғанда да орын алды. Мұнда 1500 пұт мақта жинау көзделген еді. Іс жүзінде 10-ақ пұт дайындалды. Өйткені мұндағы 14 шаруашылықтың 5-і мақта өсірумен мүлде айналыспайтын еді де, ал қалғандары ішінара ғана мақта өсіретін¹.

Қарапайым шаруаға мұнымен қатар жем-шөп салығы да салынды. Оның мөлшері 15 мың пұт жоңышқа көлемінде болды. Жоңыш-

¹ ҚРПИМ. 141-к., 17-т., 471-іс, 146-п.

қа жоспары үй басына жеке-жеке бөлініп берілді. Оған ешқандай ақы төленбейтін. Ал жоңышқа тапсыру жоспарын орындамағандар тағы да қатал жазаланды. Мысалы, 5 ауылда жоспарды орындамағандары, жоңышқа өткізбегендері үшін 3 қожалық өз ауылдарынан қуылды.

Шолақ белсенділер мынаны ескергілері келмеді: егер байларға салық салынса, қазақ ауылында рулық туыстық байланыс өте берік болғандықтан, байлардың салығын төлеуге рулас кедейлер де бар күшін салды. Сөйтіп, бай ғана емес, кедей де материалдық игіліктер атаулыдан жұрдай болды.

Шолаққорғанда және басқа да ауылдарда тақыр кедейлер өздерінің ең соңғы немесе жалғыз сиырларын сатып, оның ақшасына мақта немесе астық алып, мемлекет органдарына өздерімен рулас байдың атынан өткізген жағдайлар аз болған жоқ. Әрине, жағдайды «ұзынқұлақтан» келіп жеткен өсектер де шиеленістіре түсті. «Ораза ұстайтындар үкіметке 300-400 сом салық төлейді екен, барлық күмістен жасалған заттар тартылып алынады екен, жан-жақтан басмашылар қаптап келеді екен» деген сөздер мен әңгімелер жұрт арасында кеңінен таралды. Газеттердің ауылдарға таратылмауы, почта жұмысының жақсы жолға қойылмауы өсек-аяңның өрістей түсуіне жол ашты.

Көтерілісшілердің діннің ықпалына түскені де рас. Олар көшеге ақ жалау көтеріп шықты, Алладан көмек сұрап, дауыстап құлшылық етіп, Құран оқыды. Көтерілісшілерге рухани көмек көрсеткен әйелдер өздерінің ерлерін алған беттерінен қайтпауға шақырып, жігерлендіре түсті. Көтерілісшілер мешіттерді әртүрлі мекемелерге айналдырып жіберуді ашына айыптады. Созақтағы үлкен мешіт қожасының немерелері көтерілісшілерге мешіттің қалай клубқа айналдырылғанын ызалана айтып берді. Мұндай әділетсіздіктердің жаппай болғаны, кеңінен орын алғаны да рас еді. Мысалы, Қарнақта мешіт бөлмелері әртүрлі мекемелерге бөлініп берілген еді. Мұндай шаралар халықтың қатысуынсыз, ешбір жиналыссыз, таза әкімшілік-әміршілік әдісімен жүзеге асырылды.

Пәрәнжіні алып тастауға қажетті саяси үгіт жұмыстары да осы бағытта болды. Мысалы, Шолаққорғандағы пәрәнжіні алып тастауды басқарушының үгіті мынандай сөздермен аяқталып отырды: «Кімде-кім пәрәнжісін алып тастамаса, ол сотқа тартылады».

Ал көтеріліс басталған бетте-ақ Сұлтанбек барлық әйелдердің қайтадан пәрәнжі киюлерін талап етіп, бұйрық берді. Бұйрық сол

күні-ақ орындалды. Қалыптасып қалған өз әдет-ғұрыптарына адал әйелдердің едәуір бөлігі, тіптен көтеріліс басылған соң, біраз уақытқа дейін де өздерінің пәрәнжілерін тастамай киіп жүрді.

Хан әскерлерінен Созақты азат ету үшін ұрыстарда ұйымдастырылған коммунистік отрядтар өздерінің әскери даярлықтарының төмен екендігін айқын байқатты. Атқыштардың көпшілігі бердеңкені қалай пайдалануды білмесе, ал едәуірі тіптен мылтықты қалай оқтап, найзасын қалай кигізу керектігін білмей, қатты састы. Олардың ішінде, әсіресе қазақтардың басым көпшілігі өмір бойы бейбіт еңбекпен айналысып, ешқашан да соғысқа қатыспағандығы, аяқ астынан басталған соғысқа, әскери бөлімдерінің құрамына еніп кетеміз деп ойламағандықтан, ешқашан да қолдарына мылтық ұстап көрмегендер еді.

Айта кететін тағы бір нәрсе, созақтық көтерілісшілерді ашық қорғаған және ондағы күштеу саясатын айыптаған жекелеген батыл коммунистер де кездесті. Мысалы, Сырдария округтік партия комитетінің жауапты қызметкері Құлмұхамедовке Созақ партия ұйымына барып, тұрақты жұмыс істеу туралы ұсыныс жасалғанда, партия жиналысы үстінде «Созақта қорғансыз қазақтарды ұрып-соғып жатыр» деп мәлімдеп, өзінің онда жұмысқа бармайтынын кесіп айтты. Округтік партия комитеті оны партия қатарынан шығарды. БК(б) П Сырдария округтік партия комитеті мұндай шаралармен шектеліп қана қоймай, жергілікті жерде көтеріліске қатысқан коммунарларды соттайтын ашық процесс ұйымдастырды. Коммунарлар (коммуна мүшелері) әскери бұйрықты орындамағандары үшін қатал жазаланды, әртүрлі мерзімдерге сотталды. Сөйтіп, бірнеше күнге созылған көтеріліс біржолата талқандалды. Дегенмен, Созақ көтерілісі жеңіліс тапса да, ол өз маңайындағы елді дүрліктірді. Ол оқиға туралы «ұзынқұлақтан» естілген дүмпу сөздер кімді де болса бейжай қалдырған жоқ.

1930 жылы ақпан айында ОГПУ әскерлерімен болған алғашқы қақтығыстан кейін Созақ жеріндегі жекелеген көтерілісшілер көрші аудандарға өтіп кетті. Ал мұның өзі тағы басқа көршілерді де абыр-жытпай қоймайды.

Мысалы, Қызылорда округтік партия комитеті созақтық көтерілісшілердің бірен-сараны қашып-пысып келіп, Қарсақпай және Шиелі аудандарына қонып жатқандарын естіген бетте округтік бюро мәжілісін шақырып, әрбір аудандарда оларға қарсы коммунистік отрядтар құруға кірісті. Қызылорданың коммунистік отряды

арнайы әскер жасақтап, жаттығуға кірісіп те кетті. Бюро мәжілісі жедел түрде 18 000 сом ақша тауып, оны қарулар сатып алу үшін округтік әскери комиссариатқа беру туралы шешімге келді. ОГПУ уәкілдері аудандарды аралап, олардағы коммунистік отрядтардың әскери дайындықтарын тексерумен болды.

Алайда Созақтағы бас көтерудің қанға боялып басылып тасталуы – Созаққа көрші аудандардағы халықтың қобалжуларын су сепкендей басып тастады. Күштеуге және жазалауға негізделген мемлекеттік жүйенің мейірімсіз кейпімен халық бетпе-бет келіп, қатты шайлықты және оған қарсы енді қайтадан бас көтерудің қанқұйлы да ауыр салдарлары болатынын айқын ұқты.

«Созақ көтерілісі» атты кітапта көтеріліске қатысқандарды аса қаталдықпен жазалаудың қалай жүргізілгендігін нақты көрсететін мынандай деректер бар:

«Қайнар елді мекенінің күншығыс жағында екі-үш шақырым қашықтықта Дуана аталатын жер бар. Ертеректе таудан аққан өзеннің өтінде азын-аулақ ел қоныстанып, тіршілік еткен көрінеді. Өзен суы одан әрі Үспінің ойпаңына құйылып, бұл күнде суы тартылып, сорланып, тұздалған өңірді ел емдік қасиеті үшін пайдаланып жүр. Өзен бұлағы тартылып, кенезесі кепкен Дуана – кешегі зұлмат жылдардың айшықты таңбасындай бейкүнә адамдардың қанына бөккен қасіретті орын. Көтеріліске қатысқандар аяусыз жазаланып, жаншылған соң, олардың отбасы мүшелері, туған-туыстары «жеке отыр» қара тізіміне алынып, осы Дуанадағы жазалау лагеріне айдап әкелініп, тұтқында ұсталады.

Ұзына бойы атшаптырым алқапта ортаға ашық алаңқай тастап, қатар тізілген күркешік үйлердің орындары әлі күнге сақталған. Әрбір күркешіктің орны үш қадамнан аспайды. Жазалаушылар тұтқындардың өздеріне белуардан жер қаздырып, төбесін аласа етіп жаптырып, тар қапаста тұруға мәжбүр еткен. Оның ішінде еңкейген қарттан, жасөспірім балаға дейін тұтқында ұсталған. «Осындай азапқа салатындай біздің жазығымыз не?» – деп айтуға олардың ешқайсысына құқық берілмеген. Ақты ақ, қараны қара деп ажырататындай, төрелігін айтар ешкім жоқ.

Шілденің аптап ыстығында тығыз орналасқан лагерьдегі тұтқындар ас-ауқаттың, ауысудың тапшылығынан аштыққа ұшырайды, әртүрлі аурулар тарайды. Көртышқанның ініндей сыз қараңғы қапаста адамдар көк шыбындай қырыла бастайды.

Ұзына бойы тұтқындар қонысының қақ ортасында, милиция күзетіндегілер тұрған үйдің орны бар. Үйдің айнала терезесінен

көлеңкеде бақылап отыратын күзетшілер қашып кетуге әрекеттенген тұтқындарды ешбір ескертусіз, мылтықпен баудай түсіріп, атып тастаған. Оққа ұшқан тұтқынның өлі денесін лагерьдің қасындағы өздеріне қаздырған терең орға алып барып, көп өлексенің үстіне тастай берген. «Қара тізімге» іліккендердің еңбекке жарамдыларын қойдай тізіп, айдап алып барып, колхоздың мақтасын тергізеді. Еңбек күн нормасын орындамағандардың жазасы арта түседі. Тұтқындардың арасында өлім көбейіп кеткен соң аздаған «кеңшілік» беріп, қарттар мен жас балаларды босатады. Соңынан іздеушілері барлар келіп, алып кетеді.

Тұтқындарды күзетіп жүрген милиция қызметкерлері «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ», ойларына келгендерін істейді. Көзі түскен әйелдерді зорлау, бас көтерерлерін жабылып соққыға жығып, майып ету, кәдеге жарар бұйымдарын тартып алу сияқты зорлық-зомбылықтың неше атасын көздеріне көрсетеді¹.

Жоғарыда Созақ көтерілісінде белсенді рөл атқарған Салықбай мерген туралы әңгіме бастаған едік. Салықбай мергеннің жақын туысы Үсенбайұлы Жақайдың естелігі Созақ қасіретінің ауыр салдарларынан хабардар етеді, ол былай дейді:

«... Салықбай мерген өзінің жазасын алты жылда өтеп, ауылға қайтады. Ол әуелі Түркістанға келіп түседі. Әйелі Ұлбала оны осында қарсы алады. Ел Салықбайды танитын болғандықтан, шайханада адам толып кетеді. «Осында бол, ауылыңа қайтпа» деп ақыл қосқандар да болыпты. Бірақ Салықбай мергеннің ауылына барғысы келеді. Елімен табысып, жұмыс істеп жүріп, ауылдағы белсенділердің көз қырына ілігеді. Жеткіншекте тұрғанда әйелі Ұлбала егіз ұл туады, бірақ екеуі де құтаймай, шетінеп кетеді.

Салықбайды атқан адам – белгілі милиция қызметкері. Жеткіншектің ішімен түн ішінде алдына салып әкетіп бара жатып, бетін топырақпен жасыру үшін ауылдан бір адамды ертіп алады. «Сенің не істегелі келгеніңді білемін, маған мұрсат бер!» – деп екі бас намазын оқып, иманын келтірген күйі оққа ұшады. Бұл шындық әңгіме бізге мергеннің бетін жапқан адам арқылы жетеді. Ағайын арасында іріткі түспесін деген мақсатпен, бұл әңгіме құпия күйінде келеді. Кейін шидің арасында мал бағып жүрген адамдар Салықбайдың тымағын тауып алады.

1947 жылы далалы жерде тұратын, қолында малы бар, жұмыс істемейтін элементтерді жер аудару туралы арнайы қаулы қабылдана-

¹ Қырғызбаев Ө. Созақ көтерілісі, деректер, естеліктер. 88-89-бб.

ды. Осындай тізімге іліккендердің ішінде Салықбайдың әйелі Ұлбала да бар еді. Аудан басшылары, аудан активі, халық қатысқан жиын болып, жер аударуға жататындар әшкереленеді. Олардың ішінде Құмкенттен, Қарағұрдан адамдар бар еді. Ол кезде шын мәнінде Ұлбала жеңгеміздің жүрегі ауыратын, II топтағы мүгедек деген қағазы да бар еді. Бірақ оның науқасы туралы дәрігерлік айғақты құжаттар түбірінен жойылып кеткен болып шықты. Сөйтсек, жеңгеміз тиісті орындардың көз қырына бұрыннан іліккен екен.

Ұлбаланың қолындағы бір түйе, қырық шақты малын, үйіндегі іліп алар дүниесін сатып, жолына қаражат етіп бердік.

Хабаров өлкесіндегі Биробиджан қаласынан Ұлбаладан мен медициналық институттың төртінші курсына оқып жүргенге дейін хат келіп тұрды да, қайтыс болып, сүйегі сонда қалды...»¹.

Міне, Созақ көтерілісін жазалау бір ғана жанұяны осылайша күйретіп жіберді. Көтеріліске қатысушылар туралы естелік деректер олардың әрқайсысының ауыр тағдырларынан хабардар етеді.

Созақ көтерілісінің салдарларын жан-жақты зерттеп, кезінде баспасөзде осы мәселені белсенді көтерген М.Рүстемов осы көтерілістің салдарларына байланысты партия ұйымдарының қорытындыларын жергілікті деректер негізінде төмендегіше анықтайды:

«Сырдария округтік партия комитеті барлық аудандық комитеттерге, бастауыш партия ұйымдарына, елдегі толқыныстан саяси қорытынды жасап, «Созақ, Сарысудың сабақтары және алдағы тұрған міндеттері» деген арнайы хат жіберді. Онда «Сарысу, Созақ, Бостандық, Түркістан аудандарындағы, Қарнақта болған ашық қарулы көтеріліс, алашордашылардың ұранын пайдаланып, Совет өкіметіне қарсы ұйымдастырылған ғазуат соғысы болды», – деп түйіндеді». Бұл – шындыққа сыйыспайтын даурықпа сөз.

Біріншіден, 1928 жылы байлар тап жаулары ретінде тәркіленіп, сотталып, жер аударылған. Бұл жұмыс кейінгі жылдарда да тоқтамады. Бай да қалмады, түгесілді. Сондықтан 1930 жылы «Созақ көтерілісін» байлар басқарды деген қисынға келмейді.

Екіншіден, қаншама ғасыр Аллаға сыйынып, тәңірден жақсылық күткен қараңғы халықты 13 жылдың ішінде марксист-большевик, атеист болмадың деу – ешбір қағидаға тура келмейді. Совет өкіметі бостандық, еркіндік, жақсылық өмір әкелді дегенде, онысы құр қиял болып, көргені зәбір, қиянат, зорлық болған соң олар бәз-баяғы Алласына сыйынбасын ба? Сонда да болса оларды ишан-

¹ Сонда. 53-54-66.

дардың басшылығымен ислам дінінің ақ туы астында жиналып, сол үшін күресті деу негізсіз»¹.

Біз бұл пікірлермен толық келісе отырып, жоғарыда айтылғандар негізінде төмендегідей тұжырымдарға тоқталамыз:

1. Тама руынан шыққан азаматтардың бастауымен болған Созақ көтерілісі өзінің сипаты жағынан әділетті бас көтеру болып табылады. Ол тарихымызға кеңестік әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйенің озбыр да жүгенсіз саясатына қарсы бағытталған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі ретінде енуі тиіс деп ойлаймыз.

2. Осы тұрғыдан алғанда, кезінде кеңестік ресми құжаттарда осы көтеріліске берілген «бандиттік», «контрреволюциялық» және «ұлтшылдық қозғалыс» дегендей сипаттамалар – бүгінгі тәуелсіз тарихымыз тарапынан батыл айыпталуы тиіс.

3. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Созақ көтерілісі басшыларына және оған қатысушыларға халық батырлары деңгейінде орынды құрмет көрсетілуі және жергілікті жерлерде олардың есімдерін есте қалдыру шаралары қолға алынулары қажет.

САРЫСУДАҒЫ ХАЛЫҚ ТОЛҚУЫ

Жоғарыда Созақ көтерілісін ұйымдастыруға және оның өрістеуіне Сарысу ауданындағы тама руының азаматтары да белсенді ықпалдар жасағанын айтып кеттік. ОГПУ-дің Мәскеуге жолданған мәліметіне жүгінсек, Сұлтанбек Шалақовтың бандасы Сырдария округінің Сарысу ауданында (Әулиеатаның солтүстік-шығысында 160 шақырым) жерде ұйымдастырылған болып шығады². Тама ауылдарының жігіттерінен құралған көтерісшілер Сарысу ауданының орталығы Кентаралды бағындырмақ болған. Алайда, кеңестік органдар Кентаралды қорғайтын 200 адамдық отряд ұйымдастырып үлгергендіктен, бұл мүмкін болмай қалған. Бұл оқиға 1930 жылдың 11 ақпанында орын алғанын байқаймыз. Зерттеуші-жазушы Б. Қойшыбаев өзінің «Тараз. Жамбыл облысы» энциклопедиясына жазған Сарысу көтерілісіне байланысты мақаласында 1930 жылғы көтеріліс бастауларын және себептерін 1928 жылғы ірі байларды кәмпескелеу

¹ Рүстемов М. Созақ көтерілісі // Социалистік Қазақстан. 1990, 24 шілде.

² ҚРПМ. 141-қ., 17-т., 471-іс, 222-п.

саясатынан орынды іздестіреді¹. Тарихи фактілер Қазақстанда халық көтерілістері болған басқа аудандар тәрізді Сарысу өңірінде де байларды кәмпескелеу саясатының аса қатал болғанын көрсетеді. Бұл ауданда дәстүрлі шаруашылықты жүргізудің үлгісін көрсеткен ағайынды Арғынбаев Кәку және Өксікбай, Жәнібеков Төлебек, Ықыласов Жүсіп, Кеңгөзов Ақберген, ағайынды Қожатаев Әуелбек және Иманбек, Құнанов Әліп, Өтешиев Сыздық тәрізді ауқаттылар қожалықтары осы кәмпеске науқанында тәркіленді. Негізінен мал шаруашылығымен ғана күн көріп отырған аудан үшін дәстүрлі шаруашылықты күйрету аса ауыр ахуал қалыптастырды. Жоғарыдан осында уәкіл болып келген Ораз Жандосов Сарысу ауданындағы ахуалды төмендегідей жазған еді:

«Ауылдарды аралаған кезімде, мен ондаған күндер бойы жерленбеген мәйіттерді кездестірдім. Бұл жағынан, тірі қалған әйелдер мен жас балаларға ешкім көмек көрсетпейді. Таңданарлықтай болса да, әйелдер жоқшылық пен аштыққа төзімділеу. Еркектердің бірден ұнжырғалары түсіп кетеді. Күйзелгендер қолдарына не түссе де түк қалдырмай жеп қояды. Сүйек-саяқты жинайды және жүрек жалғау үшін ондаған мәрте қайнатады. Тамақ орнына жартылай өңделген аң терілері де кете береді. Мен иттің етін жеген және онысын жасырмайтын бірнеше адамдарды кездестірдім. Оныншы ауылдан келе жатқан жолымда елсіз жапаннан екі жасөспірімді көрдім. Олар қайдағы бір ескі жұрттағы, терісін алу үшін атылған иттердің қалған өлімтіктеріне бара жатыр екен. № 5 ауылда тамақтанбаудан жартылай ісінген, аяғы ауыр әйел маған жақын келіп, оған ит атып беруімді өтінді. Кейбір аңшы семьялары шошқа етін жеуде және шошқа етімен тамақтанушылар өздерінің «күнәларын» жасыруға тырысса да, мұның өзі халыққа ешқандай жағымсыз әсер ете қоймайды»².

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, мұндай ауыр жағдайды ауырлата түскен ахуал, осы өңірде Кеңес үкіметіне қарсы наразылық ұйымдастырмақ болды деген жалған айыппен біраз азаматтарды «Әділов бандысына» мүшелер ретінде жөнсіз тұтқындаулары да себеп болды. Осы мәселені нақты зерттеген Б. Қойшыбаев бұл туралы былай жазады: «1928 жылы күзде Сарысу ауданының байлары (Ықылас баласы Түсіпбек, Қонақов Әли, Кеңгөзов Ақберген, Ар-

¹ Қойшыбаев Б. Сарысу көтерілісі // Тараз. Жамбыл облысы. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖАҚ-ы, 2003.

² КРПМ. 141-к., 1-т., 5780-іс, 19-п.; Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. 109-б.

ғынбаев Қақу, т.б.) тәркіленді. Науқанның соңына қарай «тәркілеуге қарсылық жасауды ұйымдастырмақ болды» деген желеумен 1928 жылы желтоқсанда Д. Әділов, Ағабек Байдуллаев, (Байсейіт Әділов оққа ұшты), 1929 жылдың басында Асқар, Әубәкір, Жолдасбай, Әбуәлі Әділовтер, Нұрлан Кәрібаев, Әкпар Ыбыраев, Мұхамедия Арғынбаев, Артықбай Әлин, т.б. ел ішінде белгілі жігіттер (барлығы 16 адам) ОГПУ тарапынан ұсталды. Оларға Кеңес өкіметінің өкілін өлтіруге қатысып, іс-шараларына бұрыннан кедергі келтіріп келе жатқан, «алашордашылардың басқарушы тобы үлкен міндеттер артқан»... «Әділовтың алыс Сарысу ауданындағы бандасы» деген жала жабылды. Әуелі Қызылорда, Алматы түрмелеріне, одан Мәскеудің Бутыркасына камалып, сол жақта әйгілі «үштік» ұйғарымымен сотталды. Ал ел ішінде ірі байларды тәркілеу соңы орташа дәулетгілердің мал-мүлкін сыпырып алуға ұласты.

Салық ауыртпалығын сезінбеген шаңырақ қалмады. Шолақ белсенділік үдеді. Осы жәйттер адамдардың тұрмысын қиындатып, билік шарасына наразылық сезімін арттырды. Ақыры, 1930 жылғы ақпанда халық қозғалысы туды»¹.

1930 жылдың қаңтарында Сарысу және оған көрші Талас аудандарында кеңестік озбыр саясатқа қарсы халықтық іс-әрекеттер бой көрсете бастады. Осыған байланысты тарих ғылымдарының кандидаты Н.Байқадамов мұрағат қорынан алынған Қазақстан ПП ОГПУ-і бастығының орынбасары Альшанскийдің Голощекинге 1930 жылы 21 қаңтарда жолдаған жеделхатынан келтірген үзінді назар аудартады. Онда мынадай жолдар бар: «Осы уақытта Бетпақдала құмында бірнеше қылмыстық саяси топтар бар. Әулиеатаның солтүстігінде 240 шақырым жердегі Шағарлы шатқалында 100 адамымен Абызбек Қожантаев біздің отрядымызға қарсылық көрсету мақсатында дайындық жүргізуде. Нұрғалиев Дүйсенбай Майлыаша шатқалында (Әулиеатадан солтүстікке қарай 270 шақырым жерде) біздің комотрядпен кездесіп, 13 тұтқын мен көптеген мал қалдырып кетті. Ақбұзалов қару саны белгісіз 30 адамымен 80 шақты шаруашылықтың қолдауымен Мойынқұм, Шокпар, Шет елді мекендерінің қосылған жерінде Кеңес өкіметіне қарсы іс-қимылдар жүргізуде. Сонымен бірге оларға Қарақұмдағы Жұбанов бастаған көтерісшілер де Мойынқұм арқылы келіп, қосылып жатқан көрінеді»².

¹ Қойшыбаев Б. Сарысу көтерілісі. 459-б.

² Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күшпен ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы. 96-б.

Мұнда «Бетпақдала құмы» деп айтылып отырған аймақтың ішінара Сарысу және Талас аудандарының солтүстігін қамтитыны және мәселе осы өңірдегі кеңестік жүйеге қарсы әрекет етіп жүрген наразылар әрекеттері туралы екені күмәнсіз. Алайда, бұл мәліметте асыра сілтеуге негізделген болжамдар да баршылық. Алыстағы Қарақұмнан Мойынқұмға көтерілісшілердің келіп қосылып жатуы туралы болжам тіптен қисынсыз. Қалай десек те Сарысу ауданында және оған көрші өңірлерде осы тұста жағдай аса мазасыз болды. Наразылармен қақтығыс кезінде Сарысу ауданы ГПУ-дің өкілі Тыныштықбаев өлтірілді. Деректерден байқайтынымыз, Созақ көтерілісінің басталуына байланысты, оған көрші тама рулары мекендейтін ауылдар жедел қолдау көрсетуге тырысты. Созақ көтерілісін зерттеуші Мұқамеджан Рүстемов осыған байланысты ОГПУ тыңшысының жергілікті жерден берген мынадай мәліметтерін мұрағат қорынан алып жариялаған еді. Онда төмендегідей жолдар бар: «Енді ОГПУ-дің Шымкент округтік бөлімі Костенкоға 14 ақпанда Әулиеатадан жолдаған Бурдаковтың құжатын алайық. Бұл құжатқа Губановтың 13 ақпанда жазылған №2 хабарламасы мен жазбасы, «Токмақтың» (тыңшының жасырын қосалқы аты болар – *Р.М.*) 11 және 12 ақпандағы, сондай-ақ «Сайғақтың» (бұл да жасырын агент) 14 ақпандағы хабарламалары пайдаланылған. Көлемді дүниенің әр жерінен үзінділер келтірейік.

«Қаңтардың аяғында біздің Созақ ауданы бойынша өкіліміз Роман бандысына қатысушыларды қамауға алады. «Токмақтың» рапортына қарағанда, № 2 ауылда ГПУ-дің тапсырмасымен бұрынғы банды, шайқаның бастығы Масжан Қарғалиев қамалыпты. Бандыларды жоюға бағытталған біздің іс-шараларымызды Тыныштықбаевтың жүзеге асыруы – бандылардың ұйымдасып көтерілуіне түрткі болмады ма екен...

... Осыған мұнда және Сарысу ауданында кейбір байлардың қамауға алынуы себепші емес пе?

... Бірақ еш шүбәсіз дайындық жұмысы (қозғалыстың басталуын айтып отыр – *М.Р.*) өте қысқа уақыт алған. Өздерің жүзеге асырып жатқан қамау жұмыстары көтерілістің басталуын шапшаңдатқан. Бандылардың басшылары: «Біздің жасырын жүргізіп жатқан іс-әрекеттеріміз ашылып, тұтқындау басталған болу керек, бәрібір қамаламыз», – деп көтерілісті бастаған.

... Жергілікті халық біздердің басқан қадамымыздың бәрі «салық жинаумен», «қамауға алумен» байланысты деген көзқараста...

... Меніңше, үлкен қантөгіс болмай, Сарысуда Совет өкіметін орната алмаймыз. Ауданда неғұрлым байлардың көзі мол жойылса, соғұрлым жақсы...

Біз Сарысуда тап күресін нақтылай жүзеге асыра алмадық. Жиырма сегізінші жылдары байларды талқандау жеткіліксіз, өте-мөте аз болды. Алашордашылар, байлар өз орын-орындарында кедейлерге бәз-баяғы ықпалды, тек уақытша бұғып-жасырытуда. Барымташылар бәз-баяғы күйінде осы күнге дейін ешнәрседен қаймығып қорықпай, өз істерін жүзеге асырып отыр. Олардың басында ірі байлар, айта берсең басқа жерден жер ауып келгендері де бар. Оларда қарапайым болса да қару бар. Созақтағы байлардың осындай тірліктері Сарысудан барымташылардың құлағын көтеріп, көтерілуіне де себепші болды»¹.

Осы деректердің өзі-ақ, Сарысу даласындағы тама руларының наразылықтарының Созақ көтерілісшілерімен тығыз байланысты болғандығын дәлелдей түседі. Мұрағат қойнауындағы деректердің бірінде Созақ көтерілісін басқарған, өзі де Сарысудағы тама ауылдарынан шыққан Сұлтанбек Шалақұлының сарысулықтарды көтеріліске көтеру үшін онда өзінің адамы Мұқыш деген жігітті жібергені айтылады. Мұнда ағайындық, туыстық байланыстар да өзіндік рөл атқарды. Деректерге қарағанда, Сарысудағы тама ауылдары Созақ көтерілісіне қолдау көрсетуге тырысқан. Осындағы ауылдардың өздерінің орталарынан Серік деген жігітті хан сайлағаны да мұрағат құжаттарында көрсетілген². Бірақ Серіктің толық аты-жөні мұрағат құжаттарында кездеспейді. Бұл оқиға Созақ оқиғасынан кейін көп кешікпей-ақ, 11-12 ақпанда орын алғаны байқалады. Сарысудағы наразылықтың алдын алу үшін ПП ОГПУ-дің жергілікті өкілеттігі Сарысу ауданы ауылдарына алғаш 50 адамнан тұратын атты әскерді жіберді.

Сонымен қатар, осындағы Кентаралда, Ойықта жергілікті партия, комсомол өкілдерінен, кедейлерден 30 адамды біріктіретін коммунистік отряд жасақталып, наразы ауылдарға аттандырылды. Бұл елді мекендермен байланыс жоқ болғандықтан, жоғарыда аталған елді мекендер қысқа толқынды радиостансалармен қамтамасыз етіліп, округ орталығымен үздіксіз хабарласып отырды³.

¹ Қарабура. Тарихи-танымдық жинақ. 384 б.

² Қараңыз: Омарбеков Т. Зобалаң (Күштен ұжымдастыруға қарсылық). – Алматы: Санат, 1994. 128 б.

³ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күшпен ұйымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы. 96 б.

Сонымен қатар, Шымкент ОГПУ-і Мирошкинов, Егінбаев, Ерболов, Қалментев басқарған 4 коммунистік отрядтарды және жасақтарды, олардың екеуін – Сарысу, ал тағы екеуін – көрші Талас ауданына аттандырды. Сарысу ауданындағы көтерілісшілер ықпалымен көрші Талас ауданы да мазасыз ахуалды бастан кешті. Осы мәселеге байланысты тосын оқиғаның біріне тоқталалық: «1930 жылы 22 наурызда Талас кантонында көтеріліс бұрқ етіп, сол күні Дмитриевка елді мекеніне жасалған шабуылды жергілікті отряд өз күшімен кері қайтарады. Осы кезде қозғалысқа қатысушылар саны 200-дей болатын. Әлімбет молда бастаған көтерілісшілер тобы жер аударылу үшін қамалғандарды босатуға тырысады. Дәл осындай шабуылдар Орловка, Николайпольге де жасалды. Шабуылға ұшыраған елді мекендерге халықтан жиналған астық сақталғандықтан, көтерілісшілер ұжымшарға керек емес артық астықтарды қайтарындар деген талаппен көтерілген еді. Көтеріліске басшылық жасағандар – бұрынғы Таласта болыс болған 8-ауыл тұрғыны – Супасаев Керімбел, Талас облысының 12-ауылынан Көкеев Жәнібек, 9-ауылдан Шайкөтиев Жолда, 11-ауылдан Ескожаев Талапбектер болды.

Дмитриевкаға шабуыл сәтсіз болғаннан соң, Үшмұрал шатқалы арқылы шегініп кету жоспарынан тыңшылар арқылы хабардар болған Никитенко отряды шатқалға шегіну жолын кеседі. Жоспар сәтсіздікке ұшыраған соң, көтерілісшілер Талас болысының 15-ауылын паналайды. Сол кезде 14-ауылдың жергілікті адамдары Талас кантонының атқару комитетінің төрағасы Шыналиев және жергілікті белсенділердің бірі Нәметбековпен екі адамды ұстап алып, ұрып өлтіреді. Осы хабардан соң көтерілісті жою шараларына саяси мән беріле бастайды. Әулиеатадан 23 наурызда Александровскіге кадрлық ротаның 27 атқышы, Қазақ ұлттық дивизионы және милиция отряды келіп, жазалау операцияларын бастап кетеді. Ал көтерілісшілер Дмитриевкаға басып кіріп, 53 адамды босатып алған еді. Жергілікті халықтан ұйымдастырылған кеңес отрядтары қарулы қарсылық көрсетуге жарамсыздық танытып, қаша жөнеледі. Көтерісшілер иесіз қалған мемлекеттік сауда мекемелерін тонап, қаруларды тартып алу мақсатында әскери комиссариатқа да шабуыл жасайды»¹.

Дер кезінде келіп жеткен жазалаушы отрядтар Сарысудағы және Таластағы көтерілістердің адымын аштырмады. Сарысудағы Тама

¹ Байкадамов Н.С. Сырдария округіндегі күшпен ұйымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы. 97-98-бб.

ауылдарындағы наразылықтың қалай талқандалғанын тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбеков өзінің «Зобалаң» атты еңбегінде ОГПУ құжаттарына сүйене отырып төмендегідей түсіндірді:

«Аталған отрядтың екеуі – Талас ауданына, екеуі – Сарысу ауданына барып, көтерілісшілерді іздестіре бастады. Жоғарыда аталған Сарысу ханы Серік алғашқы қақтығыста-ақ талқандалып, қолға түсті. Оны түрмеге қамаған отряд командирі Калментьевтің өзі: «қашып кет», – деп әдейі азғырып, ал қашпақ болғанда, атып өлтірді және кейін округтік ОГПУ-дің бастығының орынбасарына «қашып кететін болған соң аттық», – деген жалған сылтау айтты. Сарысу көтерілісін ұйымдастырған Жантірешманов, Сараевтар да осындай әдіспен атып өлтірілді. Ал іс тосыннан ойластырылып тексеру кезінде жүзеге асырылды.

Жазалаушы отряд мүшелері негізінен техникум оқушылары және көпшілігі қазақ емес ұлт өкілдері еді. Олардың біразы жергілікті халықты ұнатпай, жек көріп, өзара әңгімелескенде: «Қазан революциясын еуропалықтар жасады, ал қазақтар осының бәрін көріп отырды, сөйтіп өздеріне тиесілі жер-суды иемденбек болып ұйғарды. Міне, оларды көтеріліске шығарған да осы жай. Ал біздер оны басуымыз керек», – деп күңкілдесті (2-п.) Отрядтармен бірге жүрген еуропалық басшы қызметкерлердің де халыққа деген көзқарасы шовинистік болды. Мысалы, Әулиеата ауданының қылмысты істерді іздестіру бөлімінің бастығы Мосненко өзінің пікірін былай деп ашық айтты (қаз-қалпында бергендіктен, аудармай отырмыз – *Т.О.*): «Казахов разделять на бедняков, средняков и баев нечего, они все заодно. Все даже не исключая некоторых районных коммунистов, все за бая. Они боятся только одного – оружия. Вот например, приезжаешь в аул нашему брату – русскому ничего не дают, даже не говорят, когда спрашиваешь где дорога и не хотят разговаривать с нами. Но только они разговорчивы и все к нашим услугам, когда увидят, когда мы вооружены с этой штукой» (нағаны мен қылышын айтып отыр – *Т.О.*).

Осындай пиғылдағы басшылардан тұрғылықты халыққа жақсылық істейді деп күтуге, әрине болмайтын еді. Олар келе сала аудандарда ревком сайлап, диктатура орнатты. Тек, Сарысудың өзінде ғана түрмеге 100 адам қамалды. Бірен-саран көлігі бар көтерілісшілер ғана қашып құтыла алды»¹.

¹ Омарбеков Т. Зобалаң (Күшпен ұжымдастыруға қарсылық). 128-129-бб.

Мұнан ары Сарысу көтерілісіне қатысқандар тағдырының қалай шешілгені туралы нақты деректер жоқ. Олар негізінен алғанда, жоғарыда әңгімеленген Созақ көтерілісіне қатысушылармен бірге ШО ОГПУ үштігінің шешімімен әртүрлі мерзімдерге сотталды.

Бір өкініштісі, кеңестік өкімет органдары Сарысу наразылығын басқа да көтерілістер тәрізді «ұлтшыл бандиттердің» әрекеті ретінде біржақты бағалап, жергілікті жерлерде қуғын-сүргінді өршітіп жіберді. Ал мұның өзі аудандағы онсыз да нашар ахуалды тіптен ауырлата түсті. Мұны біз уәкіл Ораз Жандосовтың мәліметтеріне сүйеніп, 1933 жылы 9 наурызда И.Сталинге жазған Т.Рысқұловтың хатынан айқын аңғара аламыз. Онда мынадай жолдар бар: «Сарысу ауданындағы 7000 қожалықтан тек 500-дей қожалық қалған, өзгелері Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен, ал бірсыпырасы, тіпті Қырғызстанға ауып барған. Қараша айында осы ауданнан әлденеше жүздеген қазақ тайлы-таяғы қалмай шұбырып, ұзақ жолға шыққан. Осы жол үстінде олардың біразы қаза тапқан. Қаңтардың екінші бескүндігінде ғана 24 адамның сүйегі табылған. Жолда оларға қарулы қарақшылар шабуыл жасаған. Шарасы қалмаған әйелдер балаларын суға лақтырған. 5-6 қаңтарда Әулиеатаның шайханаларында үсіп өлген 20 баланың сүйектері жинап алынған және сол мерзім аралығында 84 ересек адам аштан өлген»¹.

Міне, Сарысу тамалары тағдырының қайғылы салдарлары осындай. Халықтың қасіретті ахуалдың алдын алуға бағытталған наразылық әрекеттері осылайша сәтсіздікке ұшырады. Бүгінгі ұрпақ тарихымыздың осынау қасіретті тағылымынан сабақ алулары тиіс.

ШҰБАР – БАЛҚАШ – ШОҚПАР НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ

*Кеуде бар да күй жоқ,
Бас бар да ми жоқ.
Тіл бар да үй жоқ,
Үндесең күй жоқ.*

Тұрмағамбет

Қазақ жерінде И.Сталиннің «теориялық негіздеуімен» оның осындағы сенімді өкілі Ф.Голощекиннің тікелей басшылығымен жүргізілген қатыгез саясаты – ұжымдастыру саясаты Талдықорған

¹ Қазақ қалай аштыққа ұшырады. 59-б.

жерін де дүрліктірді. Барын колхоз сыпырып алып, 1928 жылдағы ең ірі байларды тәркілеу саясатын орташаға да аяусыз қолдана бастаған, есіл-дерттері астық және ет даярлау жоспарын асыра орындап, «жоғарғы» жаққа мерзімінен бұрын мәлімдеп, тамаша ұйымдастырушы ретінде танылу – міне, қазақстандық озбыр да тасжүрек, халқын аш-жалаңаш етуден тайынбайтын «шолақ белсенділердің» мақсатының сиқы осы еді.

Мұндай келте мүдде, асыра сілтеу саясаты ешкімге абырой әпермеді. Талдықорған аймағында да октын-оқтын күштеуге қарсы халық наразылықтары ұшқындап, «елге дұшпан жерге сыймас, жерге дұшпан елге сыймас» тар заман туды.

Осының бір көрінісі – ОГПУ мен партия органдарын біраз дүрліктірген Қаратал ауданының Шұбар селосындағы халықтың ашу-ызаға ырық бермей, көшеге шығуы болып табылады. Архив құжаттарына қарасақ, мынаны көреміз: 1930 жылдың 20 наурызында таңертеңгілікте, құрамында ерлер мен әйелдер аралас, сонымен бірге балаларды ерткен қазақтардың үлкен тобыры аудандық атқару комитетінің үйі алдына жиналып, астық даярлау науқанында бастарына әңгір-таяқ ойнатқан, дымдарын қалдырмай сыпырып алған, ал қазіргі күні аудандық атқару комитетінің егін егу науқанында уәкіл болып, әлі үйреншікті «әніне» басып жүрген Попов Сейдахметті (құжатта осылай) өз қолдарына беруді талап етті.

Зығырдандары қайнап, өшігіп алған халықтың қолына тигізсе, уәкілдің жүндей түтіліп, сүйегі шашылып қалары сөзсіз еді. Мұны аудан басшылары да айқын байқағанмен, жұрт алдына оны шығара қоймады. Халықтың неліктен көтерілгені, олар қойған талаптардан да көрініп тұрды. Үздіксіз қысым жасаудан зәбір көрген халық өздерінің тұқым қоры үшін жинап отырған дәндерін салық ретінде сыпырып алуды доғаруды талап етті. «Астық қоймаларының аузын ашпайтын болсаңдар, оларды өзіміз-ақ талқандап, ашып аламыз», – деп қыр көрсетті уәкілдер. Аудан басшыларынан көңіл көншітерілік жарытымды жауап ала алмаған ереуілшілер өзара ақылдасып алды да, аудандық милиция бөліміне барып, «байлар» деген жалпылама кінәмен айыпталып, шын мәнінде, Кеңес өкіметіне ешқашан қарсы келмеген, тек әділетсіздікке қарсы наразылық білдіремін деп қамауға түскендерді босатуды күшпен жүзеге асыруға кіріспек болды.

Жұдырықтарын тастай түйіп, сүріне-қабына алға ұмтылып, ұрынарға қара таппай келе жатқан ызалы тобырға сөмкесін сүйретіп, браунингін асынған, осындай «қылмысты істерді» тексеріп жүрген

округтік соттың төрағасы Бековтың жолда қарсы жолықпасы бар ма. «Ұста!» – деп айғайласа кіжініп, тұра ұмтылған халықтан жан қалмасын сезген ол ышқына кейін қашты. Аттылы-жаяу ашынған бұқара қойсын ба, әп-сәтте қуып жетіп, алқымнан алды. Браунинг те, сөмке де табанда тартылып алынды. Қу жан қалар ма еді, қалмас па еді, кім білсін? Егер у-шуды естіген милицияның бірі көмекке дер кезінде жетіп үлгермесе. Беков жеңіл жарақат алып, қауіпті жағдайдан арашаланды.

Өршіген бұқара екпіндері бәсеңдемей, аудандық милиция бөліміне де келіп жетті. Сәтін салғанда, милицияның атарға оғы жоқ болып шықты, айтпесе тағы бір қанды қырғынның болары сөзсіз бе еді. Бірде-бір патрондары жоқ, винтовкаларын шошандатқан милиция қызметкерлеріне халық бас салып, табанда үш винтовканы сыпырып алды.

Наразы халықтың басты талабы – аудандық милиция бөлімшесінде қамауда жатқан 17 адамды жедел босату болды. Осы жерде бұқараны тәртіпке шақырған халық соты Баубеков соққыға жығылды. Баубеков пен Беков наразы топтың ішінен біраз адамдарды ішке шақырып, ереуілшілдерге бұл істеп жатқандарының заңсыз болып табылатынын, мұндай әрбір істің үкімет назарынан тыс қалмай, қатал жазаланатынын айтып, оларды алған беттерінен қайтып үйлеріне тарауға үгіттеді. Бірақ тұтқындағылар босатылмады. Алғаш үгіт әсер еткендей болып, халық бұл жерден кете бастаған. Бірақ ол алдамшы көрініс еді, ашуланған ереуілшілер бірден сабаларына түсе қоймады. Арада бір сағаттай уақыттан соң, бәрі салт атқа мініп, тақымдарына сойыл қыстырған 900-дей адам қара құрымдай қаптап, сау ете қалды. Бұлар алғаш Баубековтің пәтерінің жанында өзара ақылдасып, біраз бөгелді, сонан соң Исаев атындағы колхоз басқармасы кеңсесіне барып, өздерін колхоз мүшелігінің тізімінен шығарып тастауды талап етті. «Жоқшылық жүдетіп, бөз көйлекке жібек жамау» түскен осы бір ауыр күндері колхозшылар ортақ қоймаға алақан жайғызған жатып ішер жалқау тірліктің көзін тапқан қоғамға зорлап мүше еткен, сөйтіп екеуінің де дымын қоймай тартып алған, ақырында аштық апатының аузына апарған ауыл шаруашылығы артельдеріне (колхоздарға) қарғыс айтып, еріксіз шығып кетудің жолып іздеп аласұрды.

Архивтегі құжаттарға үңілсек, бас көтерген колхозшылардың Шұбар селосының төңірегіндегі көрші колхоздарды, ауыл-селоларды да көтеруге күш салғанын байқаймыз. Наразы халық қазақ ауыл-

дарына ғана емес, Сталинское, Томское деп аталатын көрші орыс селоларына да өздерінің өкілдерін жіберіп, оларды қолдау көрсетуге шақырған Шұбарда болған оқиғаны егжей-тегжейлі баяндаған. Бірақ, неге екені белгісіз, Шұбардың көршілері батыл шешім қабылдай қоймай, аңысын аңдып, оқиғаның артын баққан¹.

Шұбар оқиғасын естіген бетте ПП ОГПУ-дің оперативтік бөлімшесінің бастығы Липен Талдықорғаннан Алматыға ПП ОГПУ-ге Федоровқа 21 наурызда жағдайды баяндай, тікелей сыммен хабарлады. Бірақ Талдықорған ОГПУ-не жағдай толық мәлім емес еді. Оны төмендегі құжаттан да көре аламыз:

ҚОСЫМША

«Шұбарға дейін бар болғаны 12-15 ш. (шақырым – *Т.О.*) екенін ескеріп, маған бүгін бірнеше сағатқа ғана болса да, Шұбарға барып келуге рұқсат етулеріңізді өтінемін.

Сарқандқа және Қоғалыға хабарлауға әлі уақыт таппай жатырмын, жұмыс кеңірдектен. Сіздердің телеграф арқылы хабарлауларыңызды өтінемін. Сонда фактіні бір тұрғыда баяндауға қол жеткізер едік, өйткені мен сіздерге қолжазбасыз хабарладым.

Липен

Жауап: рұқсат етіледі. Дәл бүгін жедел әрі толық мәлімдеме күтеміз. Сарқандқа, Қоғалыға хабарлаймыз.

*Федоров»*².

ОГПУ бастығы Липен Талдықорғаннан келіп жеткенше, Шұбардағы наразы жұрт колхоз кеңсесіне басып кіріп, Исаев атындағы колхоздың бастығы Шымбұлақовты және егін егу науқанына уәкіл болып келген комсомол мүшесі Молдабергеновті тұтқынға алып, белгісіз жаққа алып кетті.

Талдықорған ОГПУ-і, Липеннің тікелей нұсқауымен Шұбардағы наразылықты басу үшін 12 адамнан тұратын коммунистік отряд құрылды. Оған округтік әскери комиссариат өкілі Белоусов командир болып тағайындалды. Отряд алдына мынадай мақсаттар қойылды: Шұбарда жағдайды анықтап жүрген ОГПУ өкілі Головкинпен оған бекітілген келісім арқылы байланысу, бірақ Головкиннің рұқсатынсыз Шұбарға кірмей, оны сырттан бақылау. Сонымен қатар Головкиннің өзіне де қосымша нұсқау берілді. Онда коммунистік отрядты әскери күш ретінде пайдаланудан мүмкіндігінше бас тартудың жолын қарастыру, оларды негізінен халық наразылығын ұйымдас-

¹ 471-іс, 63-п.

² Сонда. 63-64-п.

тырушылар ретінде ұстап алу ісіне пайдалану ұсынылды. ОГПУ қызметкерлері Шұбарға көрші аудандар мен селоларды қатаң бақылауға алды. Өйткені оларда да дәл осындай шиеленістің орын алуы әбден мүмкін еді. Осындай күдікпен Шұбарға себепсіз сырттан келген жандардың бәрі тұтқынға алынып, олардың кім екені, Шұбарға қандай мақсатпен келгені әбден анықталғанша қатал тергелді.

Талдықорғандағылар да қарап жатпады. Онда қалған әскерлердің бәрі аяғынан тік тұрғызылып, әскери даярлыққа шұғыл көшіп, аттарға ер салып, әскери жаттығуларды бастап та кетті. Мұның өзі Сарқанд, Қоғалы және басқа да көптеген ірі елді мекендерде де Шұбардағыдай толқудың болуы әбден мүмкін болғандықтан жасалған шаралар еді. Головкин бастаған шұбарлықтар наразылықты ұйымдастырушыларды жаппай жазалау науқанын бастап та жіберді. Күдікті, тұтқындалуы тиіс деген 8 адамның тізімі жасалды. Талдықорғаннан жағдайды анықтау үшін Липен келген кезде адамдардың 3-уі тұтқындалып үлгерген еді.

Зорлық-зомбылыққа наразы болған халықтікі дұрыс-ау, оның үстіне бәлендей бұлдіре қойған ештеңелері де жоқ-ау, сондықтан да осы наразылықты бастаушыларды тұтқынға алудың да қажеті жоқ-ау, – деп салиқалы ойлап, бұл оқиғаға объективті баға беретін адам басшылар арасынан да табыла қоймады.

18-20 наурызда Талдықорғанда болған ауданаралық кеңесте аудандық партия комитетінің хатшысы Оразбаев Шұбарда өткен ереуілді естіген бетте кідірместен Шұбарға аттанды. Жергілікті жерде аудан басшылары мынаны анықтады: ереуілге бірінші ауыл түгелдей қатысса, екінші ауылдың бір бөлігі ғана қатысқан. Олардың талабы «бай» деген айыппен тұтқындалған, бірақ Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай қылмыс жасамаған адамдарды тез арада түрмеден босатуды, халықтан тұқымдық астық жинауды тоқтатуды доғару.

Аудан басшылары мұнда келген бетте 21 наурызда ауылдағы кедейлерді жинап алып, жиналыс өткізді. Комсомол мүшелерінен ауылдарда салт атты отрядтар құрылды. Партия, комсомол мүшелері тарапынан орын алып отырған асыра сілтеулерге жол бермеу үшін арнайы партия жиналысы да шақырылды. Ол осы мәселені аудан көлемінде талқылап, басқа жерлерде мұндайдың орын алуынан алдын ала сақтану үшін 23-24 наурызда аудандық партия комитеті пленум шақырғаны жөн деген шешім қабылдап, осыған Алматыдан, Өлкелік партия комитетінен және округтік партия комитетінен

рұқсат сұрады. Бір қызығы әрі танданарлығы – осындай қажетті шараларды белгілей отырып, аудан басшылары аталған жоғарғы органдардан егін егуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды күшейте түсуге рұқсат сұрады. Бұл дегенің халықтың ашыға бастағанына қарамастан, олардың аузындағысын жырып алып, яғни тұқымдық астық жинау науқанын үдете түсіп, бұрынғы көшпелілерді егін етуге зорлап жұмылдыру деген сөз еді¹.

Шұбардағы көтерілістің қалай және неліктен болғаны ПП ОГПУ-дің жанкешті де қатал қоқан-лоқы тергеу әрекетінің нәтижесінде көп кешікпей-ақ анықтала бастады. Мұны біз жоғарыдағы Липеннің Талдықорғаннан Қазақ өлкелік партия комитеті атына, оның хатшысы Рошальға 24 наурызда жіберген арнайы телеграммасынан да аңғара аламыз. Ол бойынша ОГПУ мынаны анықтаған: наурыздың 19-нан 20-сына қараған түні Қаратал ауданының 2-ауылында қадірменді ақсақал Үсеннің үйінде жасырын жиналыс болған. Оған ауылдың игі жақсылары Сейсебай Өмірәлиев, Тұрғали Мамаев, Мамыш Жұртақаев және Оспан Сыпатаев қатысқан. Осы жерде жиналысқа қатысушылар 20 наурызда халықты наразылық көрсетіп, ереуілге бастап шығу, Шұбарда милиция күзетімен қамауда отырғандарды босатып алып, кеңес қызметкерлерін жүгенсіздіктері үшін жауапқа тарту туралы шешімге келген.

Әрине, жоғарыда аталғандардың бәрін ОГПУ келесі күндері-ақ тұтқынға алуға кірісті. Шұбар ісіне байланысты тергеуде тек 24 наурызға дейін ғана 26 адам айыпталып, олардың 16-сы тұтқынға алынса, 7-уі тауда жасырынып жүрді.

Шұбар толқуына қатысқан небәрі екі-ақ ауыл екенін жоғарыда айттық. Дегенмен, басқа ауылдардағы саяси ахуал да аса мәз емес еді. Мұны жергілікті ОГПУ органдарына жан-жақтан келіп түсіп жатқан мазасыз мәліметтер де растайды. Енді солардың кейбіріне тоқтала кетсек.

Шұбардағы оқиғалардан кейін көп кешікпей-ақ, 22 наурызда наразы халық №3 ауылдың тұрғындары колхоздарының төрағасы Еренов Садықты көк ала қойдай қылып сабап тастады. Ал енді Қызыл тас жайлауындағы №4 ауыл тұрғындары мұнан да асып түсті. Олар егін егу науқанына байланысты өткізілген жиналысты ашықтан-ашық колхоз құрылысына қарсы наразылыққа айналдырды. Осы жиналыста сөз алған Райқұлов Асқарбай, Елдеев Нұрақым, Рахманов Дәулет, қаратабан кедей Құдайбаев Аллаберген және оның

¹ Сонда. 471-іс, 65-66-п.

әйелі колхозға лағынет айтты, осы жолы ақпан айында өздерінің колхоздарын ұйымдастыру кезінде оны ұйымдастырушылардың колхоздың мәнін жөндеп түсіндірмегенін, алдап соққанын, тек колхозға мүше болып кіргеннен кейін ғана өздерінің барлық заттарын колхоздың сыпырып алып, күштеп қауымдастырып жіберетіндерін білдіргендерін ызалана әңгіме етті. Осы Құдайбаев Аллаберген мен оның әйелі күштеп кіргізген колхоздан шығу туралы ұсыныс жасады. Жиналысқа қатысушылар мұны бірауыздан мақұлдады. Дәл сол күні-ақ колхозшылар колхоздың барлық малдарын және мүліктерін өзара бөлісіп алды. Бірақ осы хабарды естіп, аудан орталығынан жеткен үкімет адамдары колхозшыларға бұлары дұрыс еместігін ескертіп, айыптыларды тағы да тұтқындады.

Кейбір аудандарда ауданнан келген уәкілдерге ашықтан-ашық қысым жасау да орын алды. Мысалы, 22 наурызда № 4 ауылда тексеру жұмыстарымен жүрген Сағыров пен Бопадаевқа белгісіз бір қазақ келіп, оларға Жанбаев қол қойған округтік соттың шақырту қағазын көрсетіп, жедел түрде Шұбарға шақырған. Жұмыстарын жиып қойып, аталғандар әлгі қазақпен бірге жолға шыққан. Бірақ әлгі қазақ оларды сотқа апарудың орнына Сәдуақас Қаймақбаев дегеннің үйіне ертіп әкелген. Мұнда отағасының төңірегіндегі жігіттер келгендерді табанда тұтқынға алып, жауапқа тартқан. Сәдуақас олардан өзінің жылқысын қай жерде рұқсатсыз ұстап алғандарын және ол жылқының қазір қайда екенін сұраған. Тегінде, бұл Сәдуақас үшін қимас малы, асыл тұқымды жылқысы болса керек.

Сағыров пен Бопадаев оның сұрағына жауап беріп, ол жылқыны сот тергеушісі Баубеков мініп, Үштөбе жаққа кеткенін айтқан Қаймақбаев өзінің інісі Мырзахметтің жанына ауылдың бірнеше қазақтарын қосып беріп, Баубеков мініп кеткен жылқыны тартып алу туралы тапсырма берген. Бұл жерде жылқы иесін де түсінуге болатын сияқты. «Ат иесі айқайлайды, өгіз иесі өңмеңдейді», – дейтін мақалды қалай ұмытарсың. Ал енді уәкілдер Сағыров пен Бопадаев бұдан былай зорлық-зомбылыққа тежеу салмайтын болса, басымен жауап беретіндерін ескертіп, қазақтардан ескерту алды.

Біршама уақыт өткен соң қамауда жатқандарға Қаймақбаев пен бір қазақ келді де: «Көрші №2 ауылдың игі жақсысы Амандосқа біздермен бірге барып қайтыңыздар», – деген ұсыныс жасады. Бірақ онда неліктен баратындарын, мақсаттарын ашық айта алмады. Амандосқа бара жатқан жолда бұлардың қарсы алдынан қаруланған салт атты комсомолдар кездесті. Олардан қорыққан Қаймақбаев пен

оның жігіттері жан-жаққа бытырай қашты, сөйтіп тұтқын уәкілдер босатылды.

Осы хабарды ОГПУ-дің Қаратал стансасындағы уәкілінен алған бетте-ақ Талдықорған ОГПУ-і уәкілдерді тұтқынға алуға қатысқан казактардың өздерін ұстауға кірісті.

«Жең ішінен жұдырық түйіп», Кеңес үкіметінің күштеу саясатына ашықтан-ашық қарсы шыға алмай, іштен кіжінгендердің сол жылдары аз болмағанын тарихи фактілер дәлелдеп отыр. Мысалы, Талдықорғаннан 23 наурызда екі түрлі «домалақ хат» табылды: осы хаттардан алынған үзіндіні орыс тілінен аудармай-ақ, сол күйінде оқысақ, ол былай болып шығар еді: «Граждане, пора пришло время взяться за кровопийцев, настигает нас голод, гибель; долой паразитов, ложных агитаторов и выступаем мы как один за веру и правду, ожидай от нас...», екіншісіне: «довольно нам терпеть, время за кровопийцев настигнет нас Мишка. Пришла весна – коммунистам крышка».

«Домалақ» арыздарды көшеден жекелеген адамдар тауып алып, ОГПУ-дің оперативтік бөліміне тапсырып жатты. Коммунистік отряд мүшелері көшені қанша кезсе де, ештеңе таба алмады. Айта кеткен дұрыс болар, Шұбардағы оқиғадан кейін оған көрші ауылдарда, поселкаларда сезікті деген адамдарды ешбір себепсіз тұтқынға алу, көзге түскенді жаппай тінту коммунистік отряд мүшелерінің дағдылы істеріне айналды.

Осындай тінту барысында наурыздың 21-нен 22-сіне қараған күні Шұбардың өзінде Сарман Құлманаров ұсталды. ОГПУ деректеріне сенсек, ол Қаратал ауданының №1 ауылының колхозшысы. Оны тінткен кезде одан «Таң алдында жиналамыз» деген жазуы бар сары терінің шағын кесіндісі табылған. Ұзақ уақыт қысым жасап, жауап алса да Құлманаровтан жарытып ештеңе шығара алмады. Ол тері кесіндісін етікшіден алғанын ғана қайталаумен болды. Әрине, сол етікші де тұтқынға алынып, жауапқа тартылды. Бірақ тегінде одан да мардымды жауап алынбаған тәрізді. Өйткені ОГПУ құжаттарында бар болғаны тергеудің одан әрі жалғасып жатқаны туралы мәлімет қана бар.

Жергілікті партия, кеңес органдарында жағдай шиеленісіп кетпеуі үшін қолдағы бар мүмкіндіктерді пайдаланып бақты. Бүлік оты шарпыған көрші елді мекендерге үгітшілер жөнелтіліп, олар халықты наразылыққа көтерілгендерге қосылмауға шақырды. Әрине, мұндай шаралар өзінің жемісін де берді, кейбір ауылда елегізіп,

елендегенді қойып, көктемгі егіске даярлық жұмыстарына кірісіп те кетті. ОГПУ-дің барлау орындары өздерінің ел арасындағы тыңшыларынан қазақ аудандарынан аңшы мылтықтарымен қаруланған жекелеген адамдардың белгісіз бағыттарға «құмға сіңген судай» ұшты-күйлі жоқ болып кетіп жатқандарын да естіп білді. Бұлардың көтерілісшілер қатарларын толықтырып жатуы әбден мүмкін еді. Оның үстіне 22 наурызда тыңшылар Ыдырыс Байыспанов деген қазақтың Жарғанкен жайлауында біраз адамдардың басын қосып, жиналыс өткізгенін жеткізді. Бірақ бұл жиналыста не мәселе талқыландығанын ешкім ашып айта алмады.

ОГПУ барлаушылары тізгінді қолдан шығарып алмау үшін Талдықорғанмен, Бижемен және Қараталмен үздіксіз байланыс орнатып, байланысшылар арқылы телефонмен елең еткізер жаңалық атаулыны жедел хабарлаумен болды¹.

Шынында да, аталған елді мекендердің өздерінде де жағдай қалыпты емес еді. Мұны Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Рошальдің атына 22 наурызда келіп түскен жедел мәліметтерден айқын байқауға болады. Оларды Түрксіб теміржолының жол транспорт ОГПУ-нің бастығы Смирнов жолдаған.

Оның айтуынша, Биже – Айнабұлақ бөлімшелері аудандарында салт аттылардың едәуір ұзын тізбегі байқалған. Сол маңнан көтерілісшілердің тыңшысы деген күдікпен ұсталған қазақтан жауап алған кезде, ол салт аттылардың Қаратал бағытына қарай кетіп бара жатқанын айтқан.

Қабақтарынан қар жауып, тастай түйілген түсі суық, жүрісі суыт бұл топтың негізінен қазақтардан құрылғаны, сондай-ақ ішінара орыстар да бар екені анықталған. Жалпы саны – 200-дей адам. Наразы топ – қолына түскен нәрсемен қаруланып, шарт буынған. Белдеріне күнделікті үй тірлігінде пайдаланылатын балталар қыстырып, тақымдарына келте басты сойылдар байлаған. Әр жерден шошайып-шошайып шөп жинайтын аша-айырлар көрінеді. Қылаң беріп, шапағын шашып атқан таң нұрына шағылысып түкті жотасын ақшаңқан ақ қырау басқан даланың төсін дүбірге бөлеп жортып барады. Қайдан алғандары белгісіз, ішінара қайырма қазақы тонның сыртынан қиғаштап мылтық асынып алғандар да баршылық. Бірақ ондайлар бірен-саран.

ОГПУ барлаушылары тау беткейлерінен көз салып, төңіректі асықпай шолып тұрған салт аттылардың шағын топтарының бірне-

¹ Сонда. 100-101-пп.

шеуін байқады. Тау қырқалары тасасында көтерілісшілердің тағы жаңа отрядтарды құру жұмысын жүргізіп жатқаны айдан анық болып тұрды.

ОГПУ барлаушылары мұның анық-қанығына жету үшін сол төңіректен бес қазақты және бірнеше орысты тұтқынға алғанда, бұған көздері жетті. Тұтқын үш орыс Қараталда алдын ала көтеріліс болғалы жатқанын айтқан. Бірақ бұл мәселені анықтау үшін ОГПУ-ліктер Қараталмен байланыса алмай қатты састы.

Дегенмен де, байланыс болсын, болмасын жергілікті халықтың атқа қона бастағанын көрген бетте-ақ, ОГПУ органдары оларды бас көтертпей қирату үшін сол төңіректегі елді мекендерде әскери отрядтарды ұйымдастыруға жедел кірісті. Мысалы, Биже-Айнабұлақ теміржол бөлімшелерінде Демидов деген БК(б)П мүшесі бастаған отряд құрылса, ал Қараталдың өзінде 28 винтовкалы, 25 аңшы мылтықты және 9 револьверлі әскери отряд көтерілісшілерге қарсы тосқауылға шықты. Мұнан басқа жергілікті жұмысшылар қантөгіс бола қалған жағдайда қарусыз отряд мүшелеріне жаппай таратып беру үшін сүңгі темірлер, ағаштан әртүрлі суық қарулар жасауды қолға алды. Бұл аймақтағы мазасыздықты жедел реттеп, адамдарды күшпен басып тыныштандыру үшін ОГПУ жан-жақтан тағы да қосымша отрядтар төкті. Аягөзден жақсы қаруланған 36 адамдық жасақ келіп жетті. Семейден теміржолмен келе жатқан 12 адамдық отряд Аягөзден 8 адамды қосып алды. Сөйтіп, барлығы 20 адамнан тұратын бұл атқыштар тобын жол транспорты ОГПУ-нің аға уәкілі Сарапулкин басқарып келіп жетті. Станокты пулеметпен және винтовкамен мұздай қаруланған отрядқа жергілікті жерлерде коммунистерге мүше болып кіргізілді. Тағы бір жақсы қаруланған, жеңіл пулемет арқалаған 13 адамдық отряд округтік жол қатынасы ОГПУ-нің бастығы Обьедковтың және осы мекеменің бөлім бастығы Морозовтың бастауымен округ орталығы Алматының өзінен жолға шықты¹.

Талдықорғанның өзінде де қызу әскери даярлық жүріп жатты. Коммунистерден тұратын 26 адамдық коммунистік отряд жасақталып, олар казармалық тәртіп жағдайына көшірілді. Әскери жауынгерлер құрамына енбейтін кезекшілер құрамына тағы да 25 адам іріктеліп алынып, олар да жақсы қаруландырылды. Бұлардың казармаға бекітілгендерінен басқалары, яғни командалық және саяси құрамдары пулеметпен жабдықталған штабқа шоғырланды. Қарулы

¹ Сонда. 471-іс, 72-п.

күштерге жалпы басшылық жасау ісі – округтік әскери комиссариат пунктiнiң бастығы Трофимовқа жүктелдi.

Трофимов – Талдықорғанда орналасқан жергiлiктi ОГПУ бастығы Липенмен бiрiгiп, халық наразылықтарының алдын алуға бағытталған нақты iске кiрiстi. Ең алдымен барлау, ел арасында болып, тың тыңдау iсiне баса мән берiлдi. 22 наурыз күнi кешкi сағат 8-дерде 15 адамнан тұратын барлау тобы жасақталды. Олар негiзiнен әскери адамдардан жасақталса да, жергiлiктi халықпен тiл тауып сөйлесе бiлу қажеттiгi ескерiлiп, аталған топтың 6-ы әскери емес адамдардан алынды. Барлаушылардың 8-i БК(б)П мүшелерi едi. Барлаушылар Айнабұлақ бағытына шығып, солтүстiктегi наразылық бiр шықса, осы маңнан шығар деген елдi мекендердi, яғни Шұбарды Мұқра мен Көктей өтiп, шолғын жасауы тиiс едi.

Шұбар халық наразылығы тұтанған алғашқы ошақ екенiн естен бiр сәт те шығармаған жергiлiктi ОГПУ органдары – онда бекiнген әскери отрядты қосымша қару-жарақпен және патрондармен жеткiлiктi түрде жабдықтады. Сондай-ақ жақын төңiректе не болайын деп жатқанынан жақсы хабардар болу үшiн Шұбардың өзiнен Қаратал бағытына қаруланбаған жәй киiмдер кiген жолаушы түрiнде 3 адамдық барлаушылардың шағын тобы шығарылды.

ОГПУ құжаттарына үнiлсек, көтерiлiсшiлер арасына сiңiсiп кетiп, тыңшылық жасайтын қазақтардың өздерiнiң арасынан адамдар iздестiруге де үлкен көңiл бөлiнгенiн аңғара аламыз. Жергiлiктi халықпен өз тiлiнде тiлдесiп, олардың арасынан ондай сатқындарды (мұндайлар, әрине жоқ та емес едi) iздеп тауып алу едәуiр уақытты қажет ететiн едi. Талдықорғанда, аудан орталығында Липен басқарған ОГПУ қызметкерлерiнiң ондай шараға уақыттары да бола бермедi. Тыңшыларды таңдау тәрiздi жауапты жұмыспен айналысуға, Шұбардағы алғашқы наразылықты басуға барып, кейiннен сонда түбегейлi қалып қойған қарулы отрядтың командирi Головкинға тапсырылды.

Аудандық партия ұйымы да мұндайда үнсiз қала алмай, өзiнiң қызметкерлерiн iрi-iрi елдi мекендерде жиналыстар өткiзуге, баяндамалар жасауға жiбердi. Әдетте, мұндай жиналыстарда револьвер асынып, ауданнан барған уәкiлдiң халықты бiр жерге жиып алып, наразылық бiлдiрiп атқа қонған, тау-тасты тасалап тығылып жүрген шаруаларды – «бандиттер», «Кеңес үкiметiнiң жаулары» деп жазғырды. Ал жиналған халықты «егер оларға қосылар болсаңдар жақсылық күтпендер, онда түрмеге қамалып, темiр тор құрсауына

түсесіндер, қол-аяқтарыңа кісен салынып, ит жеккенге айдалып кетесіңдер» десті ашықтан-ашық қыр көрсетіп. Яғни, қорқыту мен ықтыру үгіт-насихат науқандарының ажырамас элементтерінің бірі болды. «Осымыз асыра сілтеу емес пе? Халықтың заңды құқы мен еркіне көпе-көрінеу қысым жасау, қол сұғу емес пе?» – деп ойлануға шолақ белсенділердің ой-өрісі жете бермеді. Сталиншілдік зорлық-зомбылықпен Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру осылайша мұрын халықты көгендеп, қасқырша талады.

Наразылық болған Шұбарда және Қаратал ауданында күш көрсетуден қаймыққан жұрт біраз тынышталғанымен, көрші аудандардағы жағдайлар басыла қоймаған еді. Мысалы, 22 наурыз күні таңертең Талдықорған ОГПУ-не Малайсары ауданының 9-ауылынан дәл Шұбардағыдай оқиға болғаны туралы суыт хабар келіп түсті. Бұл аудандағы тағы бір ерекшелік – шегараға жақын болғандықтан, мұндағы халық Қытайға қаша бастады. Шетелге қашуға шолақ белсенділердің халыққа жаппай қиянат жасауы ғана себеп болған жоқ, сонымен қатар ел арасында етек ала гулеп кеткен «Кеңес өкіметінің көктемге ғана жетерлік қысқа ғұмыры қалыпты, барлық жерде халық жаппай атқа қоныпты», – деген алып-қашпа өсек-аяң да бұған қамшы болды¹.

22 наурыз күні жоғарыдағы мәліметтерге қосымша Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Рошальдың атына Биже-Айнабұлақ теміржол бөлімшесі маңында жортып жүрген салт аттылардың кімдер екенін анықтаған тағы бір шұғыл хабар келіп түсті. Онда көтерілісшілердің бұл топтарының өздерінің бастауын 20 және 21 наурызда Айдар аулынан алынғаны айтылған. Шеті де, шегі де жоқ ет даярлау мен астық өткізу салығынан жұрдай болып, байы қайсы, кедейі қайсы ажырату қиын кезде әрі қыстан әуірімдеп, жартықұрсақ күйде көктемге әзер жеткен қазаққа: «Енді колхозға кір, тұқым себу науқанына қатыс», – деп қысым жасау ә дегеннен-ақ түрпідей тиді. Бірақ бұқараның көңіл күйімен санасқан шолақ белсенділер болмады.

Колхоздарға жаппай зорлап кіргізу ісі кең қанат жайып, тіптен бұл Кеңес өкіметінің басты әлеуметтік тірегі – кедей шаруаны да көкірегінен итерді. Шыдам мен төзімнің таусылуына Сталиннің 2 наурызда жарық көрген «Табыстан бас айналу» атты белгілі мақаласы әрі осы мақаланың негізінде колхоз құрылысындағы асыра сілтеулер мен бұрмалаулар туралы БК(б)П Орталық комитеті қа-

¹ Сонда. 471-іс, 75-п.

былдаған қарары отқа май құйғандай әсер етті. Күштеп құрылған колхоздарға қарсылар қатарларында орташалар ғана емес, тіптен колхоздар басқармаларының жекелеген төрағалары да қосыла бастады. Мысалы, жоғарыда аталған Айдар ауылының шаруалары өздерінің жиналысында: «бізге колхоздың керегі жоқ», – деп кіжіністі. Шағын-шағын топтарға бөлінген колхозшылар мен шаруалар Балқашқа бағыт ұстап, атқа қонды. Балқаш бойын жайлаған бұйрат құмдар тасасында өкіметтің ашқарақ шолақ белсенділерінен бой тасалап, шолақ мылтығын асынып, Жетісу өзендерінің Балқашқа құяр тұсындағы ит мұрны өтпестей қалың жыңғыл арасына сіңіп кетіп, жан сақтармыз деген ойда болды.

22 наурызда, Мәскеу уақытымен (жазалаушылар ол кезде бәрін де Мәскеуге сәйкестендіруге тырысты) 16 сағат 30 минутта Сардала төсінде сапқа тізіліп келе жатқан мұздай қарулы жазалаушылардың бас отрядының алдында оқ бойы кетіп бара жатқан барлаушылар тобы көз ұшында Балқаш бағытына қарай шоқыта желіп бара жатқан 30-ға тарта салт аттыларды көрді. Сай-саланы тасалап, орағыта шапқан барлаушылар тұтқиылдан шыға келіп, мылтық кезеп, аңқа қазақтарды табанда қаумалай қоршап алды.

Тексерген кезде бұлар негізінен жоғарыда айтылған №2 Айдар ауылы деген ауылдың колхозшылары болып шықты. Наразылық білдіріп, колхозды тастап шыққан бұлардың басшылары ауыл партия ұясының хатшысы Желабанов Ақтыбай және осы колхоз басқармасының төрағасы Мұсаев (есімі белгісіз), сондай-ақ ауылдық кеңес мүшесі Мөншұтов (архив құжатында дұрыс берілмеген тәрізді) Сүйінғали сол жерде-ақ қолдарына бұғау түсіп, бірден тұтқынға алынды. Бұлар осы наразылықты ұйымдастырушылар ретінде айыпталды.

Жазалаушылардың тағы бір тобы осы маңнан 18 салт аттылардың соңына түсіп, ақыры тау арасында 10 адамды тағы да қолға түсірді. Жалпы бас көтеруге қатысты деген айыппен осы ауданнан ұсталған шаруалар саны көп кешікпей-ақ 170 адамға жетті. ОГПУ қызметкерлерінің Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Рошальға берген телеграммасында бұлардың бірнешеуі белсенді бандалар деп көрсетілген¹.

Алдарына қойған мақсаттары айқын болмаса да, тұйықтан шығар жол таппай қиналған қазақ шаруалары күштеп құрылған колхоздардан безіне қашып, дала төсін ерсілі-қарсылы еш мағынасыз

¹ Сонда. 73-п.

шиырлап жүрген кезде жазалаушылардың көзіне түсіп, жазықсыздан-жазықсыз «бандит» атанды.

ОГПУ-дегілер осындай наразы қазақтардың өзара ынтымақтас-тығы жоқтығын, карусыз құралақан екендерін ескеріп, аса жіті және жедел қимылдап, атқа қонғанды қағып тастауға белсене кірісті. Мұны төмендегі архив құжаттарынан да байқаймыз.

«Алматы Брузгулиске

1. Бандаға кіріп алатын тыңшы барлауын міндетті түрде жедел ұйымдастырыңыз. 2. Соңғы мәлімет бойынша, Биже отряды бандиттерді ұстап алуды бастады, 170 адам ұсталды дейді, банда Балқаш бағытына қарай кетіп барады деседі. 3. Айнабұлақтағы, Қараталдағы, Бижедегі отрядтармен жедел байланысу қажеттігін тағы да еске салады.

Дұрыс: Қол қойылған»¹.

Иә, құжатқа қол қойылған. Бірақ нұсқауды дәл кімнің беріп отырғаны көрсетілмеген. Біздің ойымызша, бұл құжатқа қойылған қол Түрксіб теміржолы ОГПУ-нің жол қатынасы бөлімнің бастығы Смирновтікі.

Дегенмен де, ел арасына қанша тыңшылар жіберсе де, қазақтарды қанша қамауға алса да, ОГПУ-дің кең дала төсіндегі барлық қазақты өз бақылауына ұстауға шамасы жете бермеді.

Ауылдары аралас, қойлары қоралас болып өмір сүрген көрші аудандар бірінде не болып жатқанын екіншісі естіп, біліп отырды. Бұл айтылғандар өзара қойындасып жатқан Шоқпар және Балқаш аудандарына да қатысты еді. Шоқпардағы бүліктен кейін, осы ауданның жоғарыда аталған адамдары Балқашқа кетіп бара жатқан жолда тұтқындалған №2 ауылдың сіңірі шыққан кедейі Жарылғапов Дәрмен, Балқаш ауданының №1, №2, 3 ауылдарын аралап, Шоқпар ауданының көтеріліске шығуға қызу даярланып жатқаны, жаппай көтерілмей жеңіске жету мүмкін еместігін, сол үшін Балқаш ауданы да көтерілуі керектігін айтып, жаппай үгіт жүргізді.

Қазақстан ПП ОГПУ-нің бастығы Даниловскийдің атына 27 сәуірде Балқаш жазалаушылар отрядының бастығы Гаммиден түскен жедел хабарға қарағанда, көтеріліске шығуға халықты үгіттеп жүрген Жарылғапов Дәрмен жалғыз болмай шықты. «Балқаш және Шоқпар аудандарында көтеріліске даярлық, деп жазылған бұл құжатта – 1929 жылдың өзінде-ақ басталған болатын. Даярлықты тек

¹ Сонда. 75-п.

байлар мен атқамінерлер жүргізді. Басқа аудандармен байланысу үшін өздеріне сенімді кедейлердің кейбірін пайдаланды. Олар болса аудандарды аралап, халықты көтеріліске шақырды. Біздер, кедейлер, – десті, – байларсыз өмір сүре алмаймыз, Кеңес өкіметі байларды талқандады, біздерді, кедейлерді аштан өлу жағдайына әкелді»¹.

ОГПУ органдары бұл сөздердің астарынан қанша бәле іздесе де, қоғам дамуының ашы шындығы бұлтартпас дәлел болды. Бай атаулы атымен жоқ бірыңғай кедейлерден тұратын колхозда өмір сүріп, жарымадық. Жағдайымыз жақсарып кете қоймайды. Ет пен сүт молшылығын бәрібір жасай алмады. Оның есесіне жатыпшыер жалқаулардың саны өсе түсті. Осыдан келіп кедей байсыз өмір сүре алмайды деген қағиданың шындыққа айналғанын мойындағанымыз жөн. Жекешелендірмей істің оңғарыла қоймасына енді анық көзіміз жеткендей.

Сонымен, ОГПУ құжаттарына сенсек, Балқаш ауданының 1 және 2 ауылдары, сондай-ақ Шоқпар ауданындағы үшінші ауылдың бір бөлігі мен екінші ауыл көтеріліске алдынала қызу даярланған. Тіптен, ОГПУ органдарының кейбір тыңшылары бұл ауылдардың байларының Қазақстанның басқа округтеріндегі, сонымен қатар Алматы қаласындағы байлармен байланыстары барлығы туралы да мәліметтер түсірді. Бірақ ондай жалған мәлімет берушілер, әрине, басқа округтегі байлардың аты-жөндерін нақты көрсете алмады. Ал осындай мәліметтерді анықтаудың өзі де бізге мүмкін емес еді.

Дегенмен де, жергілікті жерлердегі наразылықты ұйымдастыруға байларды қанша кінәласа да, осы наразылықтардың нақты себептерін айтуға келгенде, ОГПУ уәкілдері шындықты айналып кете алмады. Олар астық даярлау, ұжымдастыру және егін егу науқандарында орын алған асыра сілтеулерді мойындауға мәжбүр болды. Көзге көрініп тұрған шындықты қалай орағытып өтсін. Астық даярлау және егін егу науқандарына байланысты жоспарлы салықты кедей-кепшікке дейін салып, ол байғұстар бұдан құтылу үшін өздерінде астық мүлде жоқ болғандықтан, есігінің алдындағы бірлі-жарым қыстан әупірімдеп шыққан малдарын сатуға мәжбүр болған: егер сиыр мен жылқы мұндайда небәрі 2-3 пұттық астыққа ғана өтіп кетсе, ал қой 15-20 фунт болмашы астыққа бағаланған. Оның үстіне Балқаш ауданындағы ұжымдастыру ісі таза әкімшілік жолмен жүргізілді. «Кімде-кім колхозға кірмейтін болса, кем дегенде 12 пұттық астықты артық егуі керек». Міне, осындай мән-мағынасыз

¹ Сонда. 2955-іс, 4-п.

талап қойылды. Колхозға мүше емес адам неліктен колхозға арнап осыншама астықты егіп беруі тиіс? Оның үстіне жылқыны сату бағасына тең келетін осыншама 12 пұттық астықты кедей мен орташа қайдан алмақ? Осы тәрізді күйкі тірліктің қиыншылықтарынан туатын заңды сұраулар қазақтардың жүйкесін жұқартып, зығырданын қайнатты. Колхозға кірмесең де бәлеге қаласың, кірсең де сорың қайнайды. «Отырсаң опаксың, тұрсаң сопаксың».

Осының бәрі аз болғандай, аудандық атқару комитетінен егін егу науқанын қадағалау үшін арнайы келген уәкіл де қатігез, әрі шектен шыққан дөрекі болып шықты. «Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығатын» ол, шаруаларды өзінің жеке меншік малайындай санап, адамдардың ар-намысын аяқасты етті. Бәлкім, бұған да төзуге болатын ба еді, егер ол ақиқатты көпе-көрінеу бұрмалайтын әділетсіз, оның үстінен жең ұшынан жалғасқан парақор болып шықпаса. Бай тізіміне ілінген бұрынғы ауқаттылардың кейбірі оған пара беру арқылы тұқымдық астық тапсырудан босатылса, ал сіңірі шыққан кедейлер бірлі-жарым көтерем лақтан басқа түгі қалмаған орташалар салық атаулының ең көбін төлеуге мәжбүр болды. Мұның өзі халықтың наразылығын күшейтті. «Әкімің әділ болмаса, жұрт бұзылады, саудан әділ болмаса, нарық бұзылады» деген осы да.

Ашығып бала-шағаларына қазан көтеріп асып берер бір кесек те еті, бір үзім де наны, қос уыс бидайы қалмаған сорлы жарлылар ауданнан келген уәкілге барып: «Аштан өлетін түріміз бар, азық-түлік бер», – деп те жалынды. Бірақ ауданнан келген уәкіл (оның аты-жөні архив құжаттарында толық берілмеген, есімі – Жазбай, партияда жоқ, мұғалім – міне бар мәлімет осы ғана): «Бізде азық-түлік жоқ, жалпы мемлекеттің сендерге азық-түлік беретін ойы да жоқ», деп, келте жауаптар қайтарады. Яғни уәкілді қанша ұнатпасаңыз да, ол осы жолы шындықты айтқан еді. Сталин бастаған одақтың өкіметтің де, Голощекин бастаған Қазақстандағы жергілікті өкіметтің де халыққа көмек беруді әлі ойластыра қоймаған кезі еді бұл мезгіл. Иә, «жарлының жары – құдай» деген мақал рас болып шықты.

Бірақ ауданнан келген уәкіл – Жазбайдың шындықты осылайша айтқаны бар болсын, ол күні қараң болып өзінен көмек сұрап келгендерге тас та татырмағанымен тұрмай, оларды барынша қорлады, аш халықты әжуалап, келеке-мазаққа айналдырды. Мысалы, Балқаш ауданының екінші ауылындағы тұқымдық астық тапсыруға байланысты болған жиналыста өзінің жанына БК(б)П мүшелігіне кандидат, осы ауылдық кеңесінің төрағасын қосып алған шолақ

белсенді Жазбай былай деді: «Егер кімде азық-түлік жоқ болса, өз балаларыңды пісіріп жей берулеріңе болады, ал мемлекеттен көмек күтпеңдер!».

Міне, осындай адамгершіліктен жұрдай «ұсыныстан» кейін, «жарлы болсаң арлы болма, қарап жүріп сорлы болма», – деген шешімге тоқталған кедейлер жаппай атқа қонуға мәжбүр болды. Халықтың ашу-ызасын қайрай түскен арсыз шолақ белсенді Жазбайды көтерілісшілердің көрсетуімен кейіннен ОГПУ органдары тұтқынға алды. Бірақ бұл «болар іс болып, бояуы сіңген» кез еді.

Кедейлер мен орташалардың Кеңес өкіметіне қарсы күреске шығуына тек жазбайшылар ғана себеп болды десек, шындықты толық айта алдық дей алмаймыз. Шоқпар және Балқаш аудандарын елеңдетер өсектер наразылықты өршіте түсті. Өсекшілер былай деп бөсті: «Кеңес өкіметі құлап қалыпты, тіптен Алматының өзінде ақ жалау ілулі тұр екен. Ағылшындардың қолдауымен орыс тағына II Николайдың жасы 20-ға енді толған баласы отырыпты, оның орынбасары болып Керенский және хатшысы болып Троцкий тағайындалған.

Архив қорындағы ОГПУ мәліметтері осындай өсек-аяндарды таратушылар ретінде жекелеген адамдарды айыптайды. Қазір мұның рас-өтірігін айқындау тым қиын болса да, осыған оқырман назарын аудара кеткенді жөн көрдік. Ел арасында әлі де көзі тірі көнекөз қариялар баршылық. Оның үстіне Талдықорған облыстық «Әділет» тарихи ағарту қоғамымен оның аудандық бөлімшелері де осы мәселелерден де хабардар болса керек. Біз тарихи құжаттардан келтірілген кейбір мәліметтер туралы, шындықты айқындай түсуге мұрындық болар деген оймен, өзіміз архивтен кездестірген құжаттардағы кісі есімдерін назардан тыс қалдырмауға тырыстық. Мысалы, осылардың бірінде мынандай жолдар бар: «... мұндай өсектер (жоғарыда біз әңгіме еткен өсектерді айтып отыр – *Т.О.*), Балқаш және Шоқпар аудандарында табандылықпен таратылды. Балқаш ауданының №2 ауылының байы Көшербай Құрамысов Шұбарда оқиға болған кезде бәрін көзімен көрген оның (қай ауылдан екені анықталған жоқ) Құншықбай Иманбаевтың айтуынша, Талдықорғанда, Балқаш ауданында үгітті жандандырып Кеңес өкіметі құлап қалды, Талдықорғанды, Жаркентті, Алматыны қытай әскерлері басып алған, мұнда тек жергілікті қызметкерлерді жазалау және жаңа өкіметті құруды қолға алды» дегенді айтыпты-мыс дейді.

Мұндай құжатта толық шындық бар деуден аулақпыз. Бірақ бір нәрсе – біздің ойымызша анық, ол сол кезде сымсыз телеграф рөлін

атқарған ауыл арасын жайлаған өсек-аяндардың да халықтың көңіл күйіне ықпал жасағаны.

Архив құжаттарында сәуір айының алғашқы күндерінде ауылдарда жаппай жиналыстар болғанын, ал ол жиналыстардың халықты ауыр жағдайға наразылық білдіріп атқа қонуға шақырғанын байқаймыз. Мысалы, сәуірдің 1-2-лерінде осындай жиналыс Балқаш ауданындағы №1 ауылда болған. Оған Бұзарбай Бұланбаев, Сатыбай Итемгенов, Базаркүл Сатыбаев, Сәтімкүл Итемгенов, Әсет Диканбаев, Бектай және Естай Сәмбетовтер белсене қатысқан. Ал осы ауданның №2 ауылындағы дәл осындай жиналысқа Көшербай Құрамысов, ал Шоқпар ауданының №2 ауылындағы жиналысқа Әбдібек Нұрбаев, Тілеукүл Сарықбаев, Әбдірахман Нұрбаев, Асанбай Құшқанбаев, Әліпбай Асаубаев, Садықбек Бейғамбетов (комсомол мүшесі, ауылдық кеңес мүшесі және хатшысы), Жүзжасар Тіленшиев, Дәрмен Жарылқұлов, Әспет Қалибеков, Қилыбай Батырбаев, Рамазан Тұңғышбаев Кеңес өкіметі жүргізіп отырған жүгенсіздікке қарсы бірігіп көтерілуге Алла атынан қарғанып, ант беріскен. Егер ОГПУ мәліметтеріне сенсек, осы жиналыстарда қарулы көтерілісті қалай жеделдетуге болатыны, онан соң ауылдағы билікті қолға алған соң, аудан көлемінде халықты қалай көтеруге болатыны туралы әңгіме болу керегі алдын ала жоспарланған. Осы жиналыста Шоқпар ауданының №2 ауылының азаматы Нұрабаев Әбдібек көтеріліске шығатындардың ісі оңғарылуын Алладан тілеп, өзінің боз биесін құрбандыққа шалып, құдайы тамақ беретінін салтанатпен мәлімдеген.

Көтеріліс 2 сәуір күні Балқаш ауданының №2 ауылында басталған. Ашынған және ызаланған топ алғаш аудандық атқару комитетінен егін егу науқанына арнайы жіберілген уәкіл Жазбайды және агрономды тұтқынға алып, қамап тастаған. Бірақ ел арасын аралауға округтен келген Қаратаев дер кезінде келіп, көтерілген ашулы жұртты ақылға шақырып, мұның арты жаманға айналып кетуі мүмкін екенін тәптіштеп түсіндіргеннен кейін жиналғандар басылып, ал тұтқындағылар босатылған. Бірақ бұл уақытша ғана бәсеңдеу еді. Көп кешікпей, 4-5 сәуірде Балқаш ауданына Шоқпар ауданындағылардың көтерілгені туралы хабар келіп жеткен. ОГПУ мәліметтері бұл хабарды Балқаш ауданында Шоқпар ауданының №2 ауылының тұрғындары атынан Дәрмен Жарымқұлов жеткізген. Ол шоқпарлықтардың атынан халықты көтеріліске шығуға үндеген көтерілісшілердің атқару комитетінің аудан орталығындағы үйіне

басып кірмекші екенін айтқан. Осыдан соң көп кешікпей Балқаш ауданының №1 және №2 ауылдары және №3, сондай-ақ №10 ауылдарының бір бөлігі көтеріліп, аттылы-жаяу, қолға түскен нәрсемен қаруланып, аудан орталығы Ақкөлге 6-шы сәуірде басып кірген. Осындай кәперәтивтерді, магазиндерді және басқа қоғамдық, мемлекеттік мекемелерді талқандаған, ауылдардағы тұқымдық астық қорын бөліп алып, тасып әкеткен. Ауылдардағы егін егу науқанына жіберілген уәкілдер тұтқынға алынған. Осының бәрін ұйымдастыруда жоғары белсенділік көрсеткен Балқаш ауданының №1 ауылының тұрғындары Шоқпар ауданының тұрғындарын Кеңес өкіметіне қарсы бірігіп күресуге шақырған, хат жолдаған. Бұл хаттың мазмұны төмендегідей.

*«Балқаш ауданы №1 ауылдың қауымынан
Шоқпар ауданының азаматтарына*

Біз өзіміз де көтеріліс ұйымдастырудамыз. Құдайдан сәтті аяқталсын деп тілейік. Түсіп жатқан мәліметтерге қарағанда, Шұбарда, Қараталда және Талдықорғанда барлық жерде біздегідей көтеріліс басталыпты. Қопалы қозғалысы өзінің ықпалын барлық жаққа таратты. Бізде тұратындар және бізден төменгі №1, №2, 3 және 10 ауылдар Ақкөлдi (ААК) аудандық атқару комитетi – Т.О.) алды. Енді қол қусырып отыруға болмас, үндеу жазып, төменгі және жоғарғы жақтардағы халықты көтеріліске қосылуға үндеңдер. Барлық халықты кеңінен хабардар етуге қажет шаралар қолданыңдар. Арғы бетте тұратын ағайындар біздерге жаңалық айта алды: бізге Қаратал ауданына екі қашқын келді және олардың айтуынша, Қоғалы мекені қолымызда. Енді босқа отырудан еш пайда жоқ. Халық арасындағы үгітті жүргізіндер және күшейтіндер, бір сөзбен айтқанда, босқа отырмандар. Бұл хат №1 ауылдағы қауымнан, өздерінің ағайындарынан жазылған.

Қол қойылмаған.

7.IV.30.

Аударған Ырымбетов

Дұрыс (қол қойылмаған, көшірме)».

Иә, хатта біраз нәрселер айтылған. Көп кешікпей-ақ көтерілісті басатын Алматыдан арнайы әскер шығыпты деген суық хабар ел ішіне іле-шала таралып та жатты. Көтеріліске қатысушылар немесе оны қолдамақ болғандар осыдан соң өздерінің іс-әрекеті туралы

ойлана бастады. Мысалы, Балқаш ауданының №3 ауылынан шыққан кедей Әмірбек Жалабаев 3 сәуірде өзінің 26 адамнан тұратын отрядымен аудан орталығы Ақкөлге келді. Ол Алматыдан арнайы жазалаушы отряд шыққанын естіген бетте көтерілісшілерге қарсы шығып, уақытша аудандық атқару комитетін құрып, өзінің отрядымен шоқыта желіп, Ақкөлден 30 шақырымдай қашықтықта парходпен келе жатқан жазалаушыларды жағымпаздана күтіп алды. Мұндай сатқындықты жалғыз ол ғана жасаған жоқ. Ауыл-ауылдарда көтеріліске қатысқандарды көрсетушілер қазақтардың өздерінің ішінен шықты.

Жазалаушылар алғаш Ақкөлдің өзінде 200 адам қатысқан жиналыс өткізді. Онда көтеріліс басшыларын ұстап беру, тоналған мүліктерді қайтару және қаруларды тапсыру туралы шешім қабылданды. Осыдан соң жазалаушы отряд адамдарды ашықтан-ашық жаппай тұтқындай бастады. Балқаш ауданының №2 ауылынан 12 қазақ тұтқындалды. Олардың ішінде көтеріліс басшысы Көшербай Құрамысов та жазалаушы ПП ОГПУ отрядының бастығы Гаммийдің өзі барып тұтқынға алды. Тек 27 сәуірге дейін ғана Балқаш ауданы бойынша 25 адам тұтқынға түсті.

Осы кезде жазалаушы отряд басшылары көрші Шоқпар ауданының №2 ауылында 90 адамнан тұратын отряд құрылды, біраз мылтықтары бар мақсаттары жазалаушыларға соққы беру, ал енді төтеп бере алмаған жағдайда, Аралдың түкпіріне қашып, қалың қамыс арасында тығылып, сонда күн кешу екенін айтқан хабар түсті. Тегінде, көтерілісшілер қысқа дейін бас бағып, жан сақтасақ, тағы да бір төңкеріс болып қалар, қазіргі өкімет ауысар деп дәмеленсе керек. Мұндай мәліметті алған бетте отряд бастығы Гаммий осында жағдайды тексеруге келген мемлекеттік комиссияның бастығы, Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ернарзовқа хабарлап, не істеу керектігін ақылдасты.

Өзі қазақ даласында – Сырдария губерниясының Бадам болысындағы 2 ауылда туып-өскен, кезінде малшы, ауылдық кеңес хатшысы, жер және орман қызметкерлері кәсіподағы және болыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған, ол, әрине, қазақ ауылын жақсы білетін еді. Оның үстіне өзі де қанына тартқан олар Шоқпар ауданындағы көтерілісшілерді қанға боямай, бейбіт жолмен бағындырудың жолын іздестірді. Мемлекеттік комиссияның атынан оларға арнайы өкіл жіберіп: – Қарсыласпай бағынуды талап етіп, бейбіт келіссөздер жүргізелік, – деді ол өзіне тән жұмсақтықпен.

Бірақ наразылық атаулыны «білектің күшімен, найзаның ұшымен» бағындырып үйренген, қазаққа келгенде аяушылықты білмейтін ОГПУ отрядының бастығы Гаммий Елтай Ерназаровтың ұсынысына табанды түрде қарсы шығып, Шоқпарға делегация емес, әскери отряд кіргізетінін, «қанға –қан, жанға – жан» деген ұранмен аяусыз әрекет ететінін, сөйтіп көтерілісті күшпен басатынын ашық кесіп айтты. Гаммийдің мейірімсіз ұсынысын Талдықорған ОГПУ-нің бастығы Тарутис те қолдады. Әскерилер басым түсіп, соңғы ұсыныс қабылданды. Архив құжаттарында «Джиг – Торғайға» деген атпен қате берілген (тегінде, дұрысы «Жыңғыл – Тораңғы» болуы керек), Іле өзенінің Балқашқа құяр тұсында, жайылып ағатын ағысында орналасқан осы аралда шоқпарлықтар тығылып жатқан еді. Әскерилер екіге бөлінді: 22 сәуірде 20 адамнан тұратын мұздай қаруланған, жүрдек катерге мінген ОГПУ отрядын Гаммийдің өзі басқарып, олар Іле өзені арқылы жолға шықса, тағы 20 адамдық отряд Іленің солтүстік жағалауын жағалап, салт атпен жүріп отырды. Екінші бір катерде Елтай Ерназаров бастаған мемлекеттік комиссия келе жатты.

Осыдан бір күн бұрын, 21 сәуірде Арал маңына алдын ала болған ОГПУ барлаушылары Аралға кіреберістің аса қиын екенін біліп қайтқан еді. Аралға тереңдеп енген жазалаушылар оның орталық бөлігінен көтерілісшілерді кездестірді. Көтерілісшілер тұтқиылдан пайда болған және жақсы қаруланған әскерилерге батылданып барып қарсылық көрсете алмады. 23 сәуірде жалпы жиналыс шақырылды. Оған 2 адамнан басқа көтеріліс басшыларының бәрі келді. Аңқау қазақ кешірім болады деп дәмеленді. Бірақ жиналыс жаппай тұтқындауға ұласып, 22 адам қолға түсті. Олардың біразы сол жерде қатал жазаланды. Елтай Ерназаров та және басқалар да бұл трагедияға араша тұруға жарамады. Арал іші азан-қазан болып, улап-шулап жылаған бала-шаға мен қатын-қалаштың ащы дауыстарынан күңіренді.

Жалпы алғанда, Шоқпар ауданы бойынша 27 адам тұтқындалып, 67 мылтық жиналып алынды. Көтерілісшілер кезінде кәперәтивтерден және мемлекеттік сауда орындарынан алып қойған заттар кейін қайтарылды.

Гаммий бастаған ОГПУ отряды осылайша қазақтарды қанға бояп, өздерімен бірге 27 тұтқынды алып, кейін Ақкөлге қайтты. ОГПУ бәрінен бұрын көтерілісті бастаушы Нұрабаев Әдібекті сұрауға алды. Ол өзінің жауабында халық наразылығы 1929 жы-

лы-ақ байқалғанын айтты. Гаммийдің: «Аралда неге қарсыласпай берілдіңдер?» – деген сұрағына ол: «Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров жолдастан кешірім күтіп едік»,– деді.

Өздері сенген Елтайдың ОГПУ алдында дәрменсіз екенін көтерілісшілер қайдан білсін.

Көтерілісшілер Шоқпар ауданын басқару үшін 12 адамнан тұратын басқарушы өкімет сайлаған болып шықты. Олардың құрамына біраз кедейлер де кірген. Осы өкімет кәперәтив және мемлекеттік сауда орындарының товарларын және т.б. өз қолдарына алған, оларды және ақшаларды ауыл адамдары арасында алаламай, өзара тең бөлген, 9 адамнан тұратын отряд жасақтаған, оның бастығы болып Әліпбай Асаубаев бекітілген.

Түрмеде жатқанда шоқпарлықтар арасынан төмендегідей жолдар жазылған хат табылды: «Сендер кедейлерсіңдер, сендерге бәрібір ештеңе болмайды және жақында сендерді босатады, сондықтан да қайтқан кездерінде сендер халықтың арасында, олар барлық кінәні кедейлерге аударуы тиіс екенін түсіндіріңдер және т.б. Кедей белсенділерге өздерінің сатқындық бағытын тоқтату керектігін, олай болмаса, көздері жойылатынын ескерткен жөн.

Хатта әрине сол кезеңнің әлеуметтік шындығы айтылып отыр.

Халықты жаппай жазалау шынында да кең қанат жайды. Тек 14 сәуір мен 27 сәуір аралығында ғана Балқаш ауданында 26 адам, оның ішінде 20-сы бай, 2-і кедей, 2-і орташа, 2-і қызметкер. Шоқпар ауданында 27 адам, оның ішінде 18 бай, 6 орташа, 2 кедей және 1 қызметкер (комсомол) тұтқынға алынды. Балқаш ауданындағы қолға түспей қашып кеткен көтерілісшілерді ұстау үшін Нұрғалиев бастаған милиция тобы жолға шықты. Тұтқындалғандар Алматыға жөнелтілді. Олардың бәрі Қылмыстық істер кодексінің 58-2-статьясымен айыпталғаны бізге белгілі¹. Ал бұдан былайғы олардың тағдыры әзірге белгісіз. Бәлкім, осы мәселені және біз жоғарыда әңгімеленген наразылықтарға қатысты қосымша мәліметтерді Талдықорған облыстық «Әділет» тарихи ағарту қоғамы анықтап берер.

Тарих шындығын ашуға бәріміз де міндетті емеспіз бе?! Бұл біздің ата-баба алдындағы қасиетті борышымыз екенін де ұмытпайық, ағайын. Шындық қазір айтылмаса, қашан айтылады?

¹ Сонда. 2955-іс, 4-6-пп.

ӨСКЕМЕН ЖӘНЕ ЗЫРЯН КӨТЕРІЛІСТЕРІ

Голощекиннің 1930 жылы 1 наурызға дейінгі мерзімде И.Сталинге жазған хатында айтылатын Қазақстандағы күштеп ұжымдас-тыруға қарсы осы жылдың ақпан айында болған үш ірі бұқаралық көтерілістердің бірі – Семей округінің Өскемен және Зырян аудандарында болған көтеріліс. «Үшіншіден, – деп жазды Голощекин аталған хатта, – Семей округінің кейбір аудандарында (Өскеменде және Зырянда) дем берушісі және ұйымдастырушысы 1926 жылы партияға мүшеліктен шығарылған бұрынғы коммунист, қызыл партизан Толстоухов болды. Оның көмекшісі ақтар офицері еді. Ұйым және дайындық көптен бар болатын. Ұялар хабар алысулар, бірқатар округтермен, соның ішінде Сібірмен және Оралмен байланыстар болып тұрды. Бас көтерулердің қарсаңында съезд шақырылды, онда тиісті шешім де қабылданды. Олардың ұрандары: «Кенес өкіметі жойылсын, ерікті еңбек жасасын!». Бұл бас көтеруге тән нәрсе: олардың отрядтарына кулактардың, ақтар офицерлерінің басқа аудандардан, соның ішінде сібірдегілерден келіп қатысуы: Кенес өкіметінің өкілдерін атпай, тұтқынға алу (өлім тек шайқастар кезінде ғана орын алды – біздің жағымыздан 7 адам, олардың жағынан – 160). Осы бас көтеруді жоюдың негізінде кедейлер мен батырақтар бұқаралары арасында және қызыл партизандар арасында өрлеу орын алды. Олар ерікті отрядтар жасақтауда. Негізгі ұйымдастырушылар – 40 адам, Қытайға өту үшін жол ашуда»¹.

Міне, Голощекин И.Сталинге Өскемен жеріндегі көтерілісті осылайша түсіндіріп жазды. Оқырман байқап отырған болар, көтеріліс негізінен Өскеменнің орыстар мекендейтін өңірінде болған. Ал Өскемен жеріндегі қазақ аудандары болса, бұл кезде Қытайға өтіп кетумен ерекшеленуде еді.

Бұл туралы өзінің осы хатында Голощекин былай деп жазады: «Онан соң, қазіргі кезеңге тән нәрсе, байлар қожалықтарының шегарадан өтіп кетулері болып табылады, оның үстіне олардың бәрі қаруланған және сондықтан да шегарашылармен қарулы қақтығыстар болып тұрады...»².

Өскемен аймағындағы қазақтардың Қытайға қалай өтіп кетіп жатқанын төмендегі құпия құжат бірсыпыра айқын көрсетеді:

¹ 2948-іс, 44-45-п.

² Сонда. 45-п.

*«Оқыған соң қайтаруға
Мүлде құпияға жатады
Зайсаннан Ж. Құрамысовқа*

... Менің... көмекшім, уч. взводының командирі Шипунов Қызылқия өзені аңғарында қазақтардың 60 түтінінің орналасқаны (Тас көмір кенінен батысқа қарай 15 шақырымдай) жайлы мәлімет алды, Сауыр мұздығы арқылы Қытайға кету ойларында бар. Шипунов аңшы мылтықтарымен коммунистерді, комсомолдарды және қазақ кедейлерін – барлығы 20 адамды қаруландырып, өзімен бірге екі қызыл әскерді алып, 24 ақпанда Қызылқия өзені бағытына қозғалды. Сағасы жіңішкеріп, жылғаға ұласатын көрсетілген өзеннің аңғарына енген соң, бір жарым шақырымдай жоғары өрлеген Шипуновтың шолғыншылары жоғарыдан үстемдік алып, тасада жатқан бандиттердің жан-жақтан атқылауларына тап болды. Өзінің жасағындағы қазақтардың жалтақтығын көрген Шипунов бір қарулы бандитті қолға түсіріп, кейін шегінді және мұның бәрін шегінген кезде Майқапшағай застава бастығына мәлімдеді. Майқапшағай застава бастығының мәлімдемесі: Застава бастығы Болотин 25 ақпанда таскөмір кені ауданына келіп, Шипуновтың тосқауылын өзінің қарауына алды және 10 шегарашы және 10 жергілікті коммунист пен комсомолдардың күшімен Томпсон пулеметімен жабдықталған жасақ ұйымдастырып, бекінген бандиттердің бағытына қарай қозғалды. 25 ақпанның кешінде Қызылқия сағасының аңғарында аттан түскен Болотин өзеннің жоғарғы ағысына қарай шабуылды бастады. Жартастарда, орманда орныққан бандиттер ымырт қараңғылығы үйіріліп келе жатқанын пайдаланып, ат ұстаушыларды олардан бөліп тастауды көздеп, біздің жасақты тұс-тұстан көздеп ата бастады. Осыдан қауіптенген жасақ өлген қызыл әскер Велозеровтен, екі жылқыдан айырылып және бандиттер қолында екі винтовканы және бір найзаны қалдырып кейін шегінді. 26 ақпанда, 17 сағатта Зайсан бандаларын жою үшін күші 34 қылыштық екі жеңіл пулеметі бар отряд уч. взвод командирі Герасимовтың басшылығымен іске кірісті. Отрядқа Бахарьдың уәкілінің көмекшісі жіберілді. Оған айтарлықтай күшті Болотин жасағының жеңіліп қалу себептерін тексеру тапсырылды. Қызылқия өзені аңғарында мұздық арқылы өтетін жолды тазалап жатқан, Қытайға дүниелерін аман алып өтуді мақсат еткен көп қазақтар бар, өзен сағасындағы тар шатқалда қырық шақты мергендер күшін олар тосқауылға қойған деген тексерілмеген мәліметтер бар. Сайқан, Сауыр тауларындағы қазақтардың

бәрінің түгелдей Қытайға кеткілері бар. 20 ақпанда 8-застава бастығы заставааның сол жақ қанатында Қытайға өту кезінде, Көлбұта аңғарында барлық байлар ұсталды және бірнеше мың сомның контрабандиттік тауарлары қолға түсті, тұтқындаудың нақты мәліметтері келіп түскен жоқ. Басқа аудандарда қазақтар бір-бірлеп және ұсақ топтармен Қытайға қашуда, оларды есепке алу мүмкін болмай отыр...

Вишневский. 27.2.30. Дұрыс: қол қойылған»¹.

192

Иә, Шығыс Қазақстан қазақтары Голощекин зұлматынан құтылатын ең дұрыс және жалғыз жол Қытай асып кету екенін дер кезінде түсіне білген. Бірақ құжаттан көріп отырғанымыздай, ауыл-аймағынмен топтасып Қытайға өту де оңай шаруа емес, атысып-шабысып дегендей, бұл жолда қан да, тер де төгуге тура келеді. Өзен аңғарларын қуалаған қиямет-қайым тар жолда мал тұрмақ, өзінің қара басыңды аман-есен алып өту де үлкен күшке түседі. Бұлар аз болғандай, бергі бетте де, арғы бетте де соңыңа түсіп із кескен, мылтығы шошайған шегарашылармен қанды қақтығыс кез келген сәтте болуы және мүмкін.

Оқырман байқаған болар, жоғарыдағы мәліметте байлардан «бірнеше мың сомдық контрабандалық тауарлар» тартылып алынғаны айтылады. Бұл неғылған контрабандалық тауарлар? Көшпелі қазақта сондай тауарлар бар ма өзі? Бұл жерде әңгіме, әрине, малдарын сатып, жай тауарларға айырбастаған халықтың дүние-мүлкі айтылып отыр. Қытайға барғанда да күн көру керек емес пе? Ал мал басын шегарадан топтап айдап өте алмасың және белгілі. Сондықтан да қаласаң да, қаламасаң да көшерде малды кейбір алып жүруге ыңғайлы дүние-мүліктерге айырбастауға тура келді.

Дегенмен, Шығыс Қазақстандағы қазақтардың орыстармен салыстырғанда Қытай асып кетіп, зорлық-зомбылықтан құтылуға едәуір мүмкіндіктері бар еді. Шегараның арғы бетінде бұрыннан сонда қоныстанған қазақ ауылдары аз емес болатын. Соларға барсаң аштан өлтірмейді, сіңісіп кетуің де қиын емес. Ал енді орыстар болса, шегараның арғы бетінде – Қытай жерінде өздерін не күтіп тұрғанын болжай алмады. Сондықтан да олар Қытай асуға онша құлықты бола қоймады. Өскемен жеріндегі орыстар Қытай асқаннан гөрі, қолға қару алып, зорлық-зомбылықты қолдан жасап отырған Кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққанды жөн көрді.

¹ 471-іс, 286-п.

Соның айқын мысалы, біз жоғарыда үзінді келтірген Өскемен және Зырян жерлерін қамтыған көтерілістерге тек орыстардың қатысуы. Голощекин бұл көтерілісті И.Сталинге кулактардың бұрынғы ақтар офицерлерінің бас көтеруі ретінде түсіндіруге қанша күш салса да, нақты шындықтың шеті архив құжаттарынан бәрібір көрініп-ақ тұр. Кеңес өкіметі орнағанына 10 жылдан астам уақыт өтіп кеткенше ұсталмай, түрмеге қамалмай аман жүрген неғылған ақтардың офицерлері бұлар? Оның үстіне бұл көтерілістерді Толстоухов тәрізді Азамат соғысы жылдарында ақтарға қарсы белсене күрескен коммунист, қызыл партизанның басқарып жүргені қалай? Голощекин мұны қалай түсіндірсе де, бір нәрсе анық: күштеп ұжымдастырудағы зорлық-зомбылық шаруалар мүддесіне қайшы келді, қызыл партизандар кезінде осындай сойқанды бастан кешу үшін қан төкпегені белгілі. Большевиктердің көсемі В.И. Лениннің сонау 1917 жылы-ақ айтқан: «Жер – шаруаларға!» деген ұраны 20-жылдардың соңында, «Жер – колхоздардікі» деген ұранмен алмастырылды, шаруаларды қаласаң да, қаламасаң да күштеп колхоздарға кіргізу кең етек алып кетті.

Сондықтан жоғарыда біз келтірген Голощекиннің И.Сталинге жазған хатында көрсетілгендей, көтеріліске шыққандар «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Азат еңбек жасасын!» деген ұранды көтерді. Большевиктер 1917 жылы шаруаларға берген өздерінің уәделерін күштеп ұжымдастыру жылдарында аяқасты еткендіктен де осылай болды.

Хатта Голощекин айтқандай, көтерілісшілер алдын ала ұйым құрып, съезд шақырғанын дәлелдейтін біздің қолымызда нақты құжаттар және жоқ. Бұл жерде Голощекин әрине, ОГПУ мәліметтеріне сүйеніп отыр. Бұрын Азамат соғысы жылдарында ақтарға, колчакшыларға қарсы жанқиярлықпен күресіп, қан төккен қызыл партизандардың тағы да өзара бас қосып, өздерінің мәжілістерін өткізіп, Кеңес өкіметінің бұрынғы патша заманындағы зорлық-зомбылықтарға қарсы тағы да тізе қосып, бас көтеруге келісулері де әбден мүмкін нәрсе.

Тікелей желі арқылы, өте жедел түрде Қазақстанның ПП ОГПУ-нің бастығы Волленбергке және Семей округтік ОГПУ-не, Өскеменнен Керчке дейін жолдаған 1930 жылдың 24 ақпанындағы хабарда көтерілістің қалай, қай жерлерде басталғаны және оның өрістеуі біршама нақты айтылған. Бұдан аңғаратынымыз: көтеріліс ошақтары Өскемен ауданының Васильевка, Чистополька, Зубовка, Мякотиха

селолары және Зырян ауданының Хлестовка, Березовка селолары болған. Көтерілістер оты шарпыған бұл поселоктардың қалай орналасқанын және олардың өзара қашықтарын төмендегіше беруге болады: Васильевка селосы Өскемен қаласынан оңтүстікке қарай 20 шақырымдай қашықтықта болса, ал Чистополька Бұқтырма стансасынан солтүстік-батысқа қарай 27 шақырымдай, Мякотиха осы стансадан солтүстікке қарай 25 шақырымдай, Северный Өскемен қаласының оңтүстік шығысында 37 шақырымдай, Крестовка Бұқтырма стансасынан солтүстік-шығысқа қарай 34 шақырымдай, Березовка осы стансадан шығыста 56 шақырымдай, Кондратьевка Өскеменнен оңтүстік-шығыста 80 шақырымдай, Усть-Бухтарминскийден солтүстік-шығыста 17 шақырымдай, Ульяновский Өскемен қаласынан солтүстік-шығыста 20 шақырымдай, Алтай-Гусинный пристанынан солтүстік-шығыста 12 шақырымдай, Винный – Өскеменнен солтүстік-шығыста 20 шақырымдай және Зубовка – аталған қаладан шығысқа қарай 22 шақырымдай жерде орналасқан.

ОГПУ органдары мұндай едәуір ауқымды территорияда аяқ астынан көтеріліс бастала қоятынына сене қоймағандықтан, алғашқы күндері хабар алғанда сасып қалып, көтеріліске қатысқан елді мекендерді анықтай тұрса да, көтерілісшілердің өздерінің нақты санын шамамен болса да біле алмады.

24 ақпанда оларға белгілі болған мәліметтер мынау ғана: Алтай селосының тұрғыны Толстоухов басқарған көтерілісшілер 80 адамнан, ал Кондратьевка селосында орналасқан көтерілісшілер 40 адамнан тұрады. Көтерілісшілердің қарулары, негізінен ок-дәрілер қоры шамасы бытырамен атылатын мылтықтардан тұрады. Мұжықтарға жалпы басшылықты қызыл партизан ретінде бұрыннан халыққа белгілі В.Толстоухов өз қолына алған. Біраз селолар алғашқы күннен бастап-ақ, «Коммунистер жойылсын!», «Азат шаруа еңбегі жасасын!» деген өздерінің ұрандарын көтеріп шықты. Осы орайда айта кетер бір нәрсе, Голощекиннің өзінің жоғарыдағы И.Сталинге жазған хатында шындықты шет жағалатып болса да айтуға мәжбүр болып отырғаны айқын байқалады.

В.Толстоухов басқарған бұл көтерілістің де қазақ ауылдарында болған осы жылдардағы біз әңгіме етіп жүрген көтерілістерге бір ұқсастығы бар. Ол – жергілікті кеңес, партия және комсомол қызметкерлерін тұтқынға алу кезінде оларды өлтірмей, ауыр жазаламай, аман-есен қамап, бұқарадан бөліп ұстауы. Мұның себебі, біздің ойымызша, біріншіден, көтерілген халықтың қандай болса да

нұсқаудың жоғарыдан келетінін, ал жергілікті жердегі, шолақ белсенділердің негізінен асыра сілтеп орындаушылар ғана екенін түсіне білуінен болса, екіншіден, жергілікті белсенділерден көтеріліс басталған бетте-ақ, қарсылықсыз тұтқынға амалсыз мойынсұнуы болса керек. «Иілген басты қылыш кеспейді» деген осы да.

Мұжықтар арасында белгілі бір тәртіп пен жүйенің болмауына, әр селодағы шаруалардың өз беттерінше әрекеттер жасағандарына қарамастан, олар жаппай тұтқынға алған коммунистерді, кеңес аппаратының қызметкерлерін, кедей белсенділерді өш алу мақсатымен жазалай қойған жоқ.

Мұжықтар «жаяудың шаңы шықпасын» түсініп, о бастан-ақ мініске қажетті жарау жылқыларды халықтан «берсе қолынан, бермесе жолынан» дегендей тартып ала бастады. Көлігі барлар өздерінің жылқыларын қос бүйірін тепкілеп мініп алды.

ОГПУ-ге алғашқы түскен хабарлар, көтерілісшілер қатарында бұрынғы қызыл партизандармен бірге кулактардың ғана емес, ауқатты және орта, сондай-ақ кедей шаруалардың да бар екенін жеткізіп жатты. Олардың кейбіріне сенсек, Кеңес өкіметі әлі де болса жарылқар, бізге көмектесер деп жалтақтаған кедейлер мен орташалардың кейбір бөлігі көтерілісшілер қатарына қосылуын қосылып алып, ертеңгі күніне сенбей, соңынан тайғанақтап: «біздерді қорқытқан соң, күштеу арқылы қосылдық, әйтпесе Кеңес өкіметіне қарсы емеспіз, тіптен оған көмектесуге даярмыз» десіп, алғашқы мүмкіндікте-ақ, жазалаушы отрядтар жағына шығып кетіп немесе соңғыларға мүмкіндігінше көмек көрсетіп отырды. Тарихи құжаттарға үнілсек, көтерілісшілердің кейбір селоларда шаруалар арасына Кеңес өкіметіне ең наразы әлеуметтік топ кулактарды өздерінің отрядтарына көптен тартуға күш салғаны байқалады¹.

Ал енді Голощекиннің айтқанына назар аударсақ, ол өзінің жоғарыда біз үзінді етіп келтірген, 1930 жылы И.Сталинге жазған хатында, Өскемен және Зырян көтерілісіне қатысушылардың «Сібірмен және Оралмен байланыстарының болып тұратыны» туралы атап көрсеткені және белгілі. Мұның біздің ойымызша, белгілі бір себебі де жоқ емес. 1928 жылы қаңтар-ақпан айларында И.Сталиннің Сібірде төтенше іссапарда болып, кулактарды жаппай жазалау және олардан күштеп астық тартып алу жолымен астық даярлау ісін жақсартуға күш салғаны мәлім. Сібірлік ғалымдардың зерттеулері мынаны анықтап берді: «Орал-Сібір» әдісі деген атпен осы ке-

¹ 471-іс, 232-п.

зенде, астық даярлау науқанында әйгілі болған сталиндік зорлық-зомбылықты сол – 1928 жылы-ақ қазақстандықтар меңгеріп алды. Омбы округтік партия комитетінің 1928 жылы 3 ақпанда өткен бюро мәжілісіне Мәскеуден келген И.Сталин және бірқатар Сібір округтік партия комитеттерінің, сондай-ақ Қазақстанның губерниялық партия комитеттерінің кейбір хатшылары қатысқан. Бұлардың ішінде Голощекин болды ма, болмады ма, әзірге бұл бізге белгісіз.

Осыдан соң, Сібірде кулактарды РСФСР-дің қылмысты істер кодексінің 107-тармағы бойынша «тауарларды сатып алу, жасырып қою немесе осындайларды базарға шығармай қою жолдарымен» олардың бағаларын қасақана көтергендері» үшін қылмыстық жазалау кең қанат жайды. БК(б)П Сібір өлкелік партия комитетінің хатшысы Сырцовтың ертіп жүруімен, сол сапарда Алтайға да келіп қайтқан И.Сталин жүрген жерінде кулактарға қарсы ашық жаулық бағытты орнықтырды. Оның сөздері әрқашандағыдай қысқа да нақты және тыңдаушыларға өте түсінікті болып келді: «Елге нан керек», «Нанды алу керек», «Егер бізде нан болса, онда социализм орната аламыз, егер нан болмаса, онда бұлай ете алмаймыз». Сондай-ақ Сталин жергілікті басшыларға күш көрсетіп, ашықтан-ашық қысым да жасады.

Сібір өлкесінде 1928 жылы қаңтардың орта шенінде, ОГПУ органдары кімнің кулакқа жататынын анықтауға байланысты белсенді іс-әрекеттерге көшті. Олар жасаған тізімдер аудандық және округтік «үштіктерге» жіберілді және онда ақырғы шешімдер қабылданып, жоғарыдағы біз айтқан қылмысты істер кодексінің 107-тармағына сәйкес кулактар жауапқа тартылып, олардағы астықты прокуратура күштеп тартып алды. Сібірлік кулактарды тексеру істері шұғыл да қауырт жүргізілді және олар 1-3 сөткенің ішінде сотқа тапсырылып отырды. Сот процестері заңсыздықпен бұрмаланып, ылғи да қорғаушысыз өткізілді. Көбінесе сотталушылар өздерін не үшін соттап жатқанын түсіне алмай бастары қатты. Кулактарға қарсы науқан: «Не артық болса, бәрін кәмпескеле» деген ұранмен жүргізіліп, астықтан басқа 3415 бас мал, 45 үй, 2 трактор, 39 дән бастырғыш, 65 басқа да ауылшаруашылығы техникалары кәмпескеленді.

Мұндай заңсыздық пен зорлық-зомбылық сібірліктердің күштеуге қарсы наразылығын туғызды: өлкеде 15-тен 300 адамға дейін қатысқан 13 шаруа бас көтерулері орын алды, олардың 11-і азық-түлік қиыншылықтарына байланысты болды. 1928 жылдың тек қаңтар және маусым айлары аралығында ғана ГПУ органдары өлкеге та-

ратылған, Кеңес үкіметіне қарсы күреске шақырған 76 листовканы тауып алды. Қастандық актілер де шұғыл көбейді: егер 1927 жылдың сәуірінен желтоқсанына дейін олардың саны 159 болған болса, ал келесі 1928 жылдың қаңтар-маусымында 352-ге жетті¹.

Дегенмен бұлар Қазақстандағы көтерілістер тәртізді әскер бөлімдерін арнайы әкелуге және шаруалармен қарулы қақтығыстар дәрежесіне дейін көтеріле қоймады. Сібір өлкесінің басшылығы қателіктерді жөндеуге бағытталған шұғыл шараларды 1928 жылдың шілде айынан бастап жүзеге асыра бастады. Бірақ бұл ұзаққа бара қойған жоқ.

1929 жылдан басталған күштеп ұжымдастырудың зобалаңы Сібір жерін тағы да дүрліктіріп, бұл өлке шаруаларының Қазақстанға және басқа жерлерге қаша көшулерін туғызды. Бұлардың халін Қазақстан босқындарының ауыр халімен салыстыруға әрине болмас еді. Қазақстаннан қазақтардың ауа көшулері негізінен аш-жалаңаш адамдардың тамақ іздеп, мақсатсыз босулары болса, ал Сібір шаруаларының (Сталинше айтқанда – кулактарының) Қазақстанға және Орта Азия республикаларына қоныс аударулары зорлық-зомбылықтан құтылу үшін орын алғанын байқау қиын емес.

Мұны біз Батыс Сібір өлкелік партия комитетінің хатшысы Әйхенің 1932 жылы 3 сәуірде Қазақстан өлкелік партия комитетіне келіп түскен хатына Голощекин қайтарған жауаптан да көре аламыз: «Айтпақшы, – деп жазды Голощекин Әйхеге (хаттың айын, күнін дәл анықтау мүмкін болмай отыр) – сенің есіңе сала кетейін, соңғы уақытта Сібірде жаппай қаптай келіп қоныстану байқалуда. Біз өзіміздің сүзгі орындарымызда өзіміз ұстап алған кулактардан басқа, біздің мәліметіміз бойынша отбасыларының (балалармен және үй бұйымдарымен) Батыс Сібір өлкесі территориясына және ең бастысы, Алтайдан және бұрынғы Баянауыл округінен жаппай қозғалуы байқалады. Бұл отбасыларының басшылары негізінен қара жұмысшылар – шаруалар.

Отбасыларының қозғалуы Түрксіб жолымен эшелондармен тәулігіне 800-1000 адамға дейін жетеді. Бұл эшелондарда жалғыз-жарым жүргендер некен-саяқ»².

Әрине, бұл жерде Голощекин Әйхеге қыр көрсетіп, қазақтар ғана емес, сендер – сібірліктер де босып жүрсіндер дегелі отырғанын түсіну қиын емес. Голощекин атаған сандарда асыра көрсету орын

¹ Сонда. 74, 78, 79-п.

² 605-іс, 95-п.

алып отыруы да әбден мүмкін. Сібірліктердің Қазақстанға және Орта Азияға қаша көшулерінің ішінара болса да орын алғаны рас. Өйткені бұл туралы архив қойнауында сақталған басқа ресми құжаттарда да айтылады.

Сонымен жоғарыда айттық, Голощекин өз хатында Сібірдің Қазақстанға көрші орналасқан және сібірліктердің Қазақстанға ішінара қоныстануын және Сібірдегі шаруалардың сталиндік саясатқа наразылығын тілге тиек етіп, Шығыс Қазақстанда Өскемен және Зырян аудандарында болған шаруалар көтерілістерін жалғыз Қазақстанға емес, еліміздің тұтас аймақтарына тән құбылыс, Кеңес өкіметіне қарсы жаулық әрекет деп Сталинге көрсетуге тырысып бақты.

Ал енді Өскемен және Зырян көтерілісінің қалай басталғанын егжей-тегжейлі баяндайтын материал әзірге біздің қолымызда жоқ. ОГПУ деректерінде көтерілістің 20 ақпан күні басталғаны анық көрсетілген. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, көтерілісті Толстоухов бастаған Алтай және Кондратьевка селоларынан шыққан шаруалардың соңғысының территориясында бастағаны байқалды.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей ақыры белді бекем буып көтеріліп қалған соң, көтерілісшілер шұғыл түрде көрші селоларға баса-көктеп кіріп, 20 ақпанның өзінде Өскемен ауданының Кондратьевка, Васильевка және Зубовка селоларын, Зырян ауданының Крестовка және Березовка елді мекендерін әп-сәтте өздерінің ықпалдарына қаратты.

Толстоуховтың төңірегіне тығыз топтасқан көтерілісшілер өздерінің қатарларына неғұрлым көп елді мекендерді тарту қажеттігін, қатарды көбейтпейінше, Кеңес өкіметінің көп кешікпей-ақ шығатын жазалаушы отрядтарына қарсы тұрудың оңайға түспейтінін жақсы ұқты. 22 ақпанда олар Зырян ауданының Алтай поселкасына өздерінің толық үстемдігін орнатты. Бірақ келесі күні-ақ қызыл әскерлер отрядының күтпеген жерден шабуыл жасауы көтерілісшілердің Алтай селосынан қашып шығуын туғызды. Сатырлаған мылтық даусынан үрейленіп, алды-арттарына қарамай қашқан көтерілісшілер Уст-Бухтарминскийден солтүстік-шығысқа қарай 37 шақырымдай жерге ұзап кетті. Осыдан бір күн бұрын жазалаушылар негізгі соққыны Васильевка селосына беруге даярланған еді. Бірақ көтерілісшілер қайта ойланып, өздерінің алғашқы бағыттарын өзгертіп, негізгі күштерді Крестовка селосына жинауға кірісті.

Крестовкадағы күштерді жойып жіберу үшін Зырян жағынан жақсы қаруланған арнайы қызыл әскерлер отряды шықты. Сөйтіп

көп кешікпей-ақ Крестовка үшін қым-қиғаш атыс болды. Бірақ ұрыс ұзаққа созылмады. Бытыралы мылтықпен қаруланған көтерілісшілер өздерінің қатарларының сирей бастағанын байқап, жанталаса кейін шегінді. Тұтқыны бар өлгені бар көтерілісшілер 40 адамнан айрылды. Қанды шайқастан сытылып шыққан олардың қалдығы Зубовка селосына қарай жанталаса қашты. Бірақ қатал қуғын құтқармады. Кондратьевка жағынан жазалаушылардың екінші бір отряды көтерілісшілерге қарсы шықты. Жаппай атыс, көк ала түтін, қолқаны атар оқ-дәрі исі айналаны көмкеріп, жым-жырт жатқан төңіректі дүр сілкінтті. Оқ тиген мұжықтардың ышқына айқайлаған жан азабына, төтеннен тап болған жарақатқа шыдай алмай, бебеу қағып ауырсына ыңырсыған төбе құйқаны шымырлатар қорқынышты үндері қалың ағаш көмкерген тау беткейлерінде бір сәт қалықтап тұрып алды.

Бақайшығына дейін қаруланған жазалаушыларға қарсы бытыралы мылтық пен мұжықтың тақымындағы келтек-сойыл мүлде қауқарсыз екені тағы да анық байқалды. Екі қанаттан қайшылай атылған жазалаушылардың қалың оқтары көп жағдайда жалтаруға да мүмкіндік бермей, қаба сақалды көп мұжық ат жалын құшты. Олардың ауыр, жансыз денелері аттан ауып түсіп, ыңырсып кескен томардай дөңбекшіп құлады.

Иесінен айрылып, ауыздықтары еркіндік алған мініс жылқылары эп-сәтте жүгінен жеңілденіп, мылтық дауыстарынан үркіп, мөңки ойнақшып, бастары ауған жаққа құйғыта жөнелді.

Өлгендері бар, тұтқындалғандары бар көтерілісшілер 250 адамнан табанда айрылып қалды. Қанды қырғында оққа ілінбей, жазатайым аман қалғандар тәртіпсіздікпен жанталаса, бейберекет бытырай қаша жөнелді. Ұрыстан соң өлген мұжықтардың арасынан олардың 3 басшыларының денелерін жазалаушылар тауып алды. Ширигин (Айта кетер бір нәрсе, осы мәліметте Ширигин мен Чебчнев шатастырылған да алғашқысының орнына кейінгі берілген. Кейінгі құжат, біз оны алда айтамыз, өзін-өзі атып өлтірілген Чебчнев емес, Ширигин екенін айтады) жан-жақтан қаумалаған қызыл әскерлер орталарына түсіп, қашып шығар жол таппай қалды да, шалт қимылдап өзін-өзі атып өлтірді. Ал енді осы қантөгіс ұрысқа қатысқан көтерілісшілер отрядтарының басқа командирлері Чебчнев пен Моченов отрядтарын тастап, өздері сытылып, ұрыс даласынан қашып шықты. Көп кешікпей-ақ олар жазалаушылар қолдарына көшкен Крестовка селосында жасырынып жүр екен деген анық емес мәлі-

мет те түсті. Оларды іздестіру және шайқас кезінде сытылып кеткен басқа да көтерілісшілердің бағытын анықтау жедел қолға алынды.

Көтерілісшілердің елеулі қарсылық көрсете алмай, қауқарсыздық танытуы жазалаушылар жағынан бір ғана комсомол мүшесінің өліп кетуінен де айқын байқалды. Осынау қанды қырғынды естіген Горноульбинка селосына бекінген көтерілісшілер отряды, жазалаушылардың келулерін күтпей-ақ, ұрыссыз кейін, Васильевка селосы бағытына шегінді. Жазалаушылардың едәуір жерде шолғын жасап, алда жүретін барлаушылар тобы жылдамдық танытып, шегінуге үлгермеген көтерілісшілердің бір тобын – 17 адамды қолдарына түсірді.

Солай бола тұрса да, 24 ақпанда көтерілісшілер қолдарында әлі де бес село – Васильевка, Чистополька, Мякотиха, Северное, Троеглазка қалып қойды. Әрине, бұл елді мекендерде қару-жарақ жеткілікті болған жағдайда біраз уақыт болса да, жазалаушы отрядтарға қасарысып қарсы тұру мүмкін болған да болар еді. Бірақ жазалаушылардың шектен шыққан қаталдығы, бейбіт келіссөздер жүргізуге және мұжықтардың көтеріліске шығу себептерін айқындап жатпай-ақ және олардың талаптарымен егжей-тегжейлі танысуға ешқандай да ықылас, ниет танытпай, оларды тек «бандит» деп танып, көзге көрінгенді даладағы аңдай ай жоқ, шай жоқ, оқтың астына алулары наразы халықты шынында да қатты шошындырды. Жоғарыда біз әңгімелеген қанды қырғынды естіген мұжықтар отрядтарындағылардың жанын жегідей жеген сұрақ: «Енді не істеу керек?» болды. Сасқан қойша дүрліккен жұрт қара бастарын, семьяларын қалай аман алып қалуға болатынын ойлап, үрейлене бас қағырды, көтерілісшілер отрядынан қашып кете бастады.

Ал енді жазалаушылар болса уақыт өткізбей, өздерінің әскери күштерінің санын өсіре, жаңа отрядтармен өз қатарларын сағат сайын толықтыра түсті.

24 ақпанға қарай Өскемен қаласынан коммунистерден жасақталған және жақсы қаруланған екі отряд жолға шықты. Семейден келіп жеткен әскери күштердің бірі – 55 әскерден тұратын, 3 линиялы винтовкалармен, «Максим» пулеметімен қаруланған отряд Бұқтырмаға апаратын данғыл жолға шықты. Ал екінші 40 адамнан тұратын, 3 линиялы винтовкалармен қаруланған әскери отряд Ертіс өзені бойымен көтерілісшілерге қарсы жорыққа аттанды. Бұларға мынадай айқын міндеттер жүктелді: «Қарсыласқа шешуші соққы беру керек».

Жол бойында жазалаушыларды еріксіз таңдандырғаны: көтерілісші мұжықтардың өздері басып алған елді мекендердегі тұқымдық қорларға, жалпы астық базарларына қол тигізбей аман қалдыруы, олардың ысырап болуына жол бермеуі¹.

Осы жылдардағы қазақ ауылдарында болған наразылықтарда, керісінше, елді мекендерде көтерілген халықтың алғаш осы астық қоймаларына ауыз салғандары оларды қыл үстінде үлестіріп, ту талақай еткені және белгілі. Тегінде, Өскемен және Зырян жеріндегі орыс мұжықтары, көптеген қазақ ауылдары тәрізді ашыға бастағандықтан емес, Кеңес өкіметінің күштеу мен зорлау саясатына қарсы болғандықтан ғана көтерілген деп айтуға бұл тағы бір дәлел бола алады. Қазақтарға қарағанда отырықшы және негізгі кәсіптері егін егу болған орыс мұжықтарының қай-қайсысының үйінде болсын, қорек етерліктей болса да астықтары бар болатын. Олар 1930 жылы-ақ ашыға бастаған қазақтар тәрізді аштық қаупін сезіне де қоймаған секілді.

Орыс мұжықтарын өкімет астығына тимеуге итермелеген және бір себеп, біздің ойымызша, жеңіліске ұшыраған жағдайда өздерінің өкімет астығын, дүниесін тонамағандарын тілге тиек етіп, ақталу мүмкіндігін сақтау болса керек.

ОГПУ-дің ресми жадығаттарында Зырян жазалаушы отряды 22 ақпанда көтерілісшілерді Өскемен ауданының Кондратьевка селосынан да ығыстырып шығарған соң, қатты таяқ жеген соңғылар Зырян ауданындағы Крестовканы ғана емес, Березовка селосын да ұрыссыз, бас сауғалап тастап шықты. Күш тең емес еді. Шегінген күштер осы ауданнан Никольское және Пролетарское селоларына қарай жанталаса тағы қашты. Бұлар бір жолдың бойында, Усть-Бухтарминский стансасын шығысқа қарай алғашқысы 56 шақырымдай, ал соңғысы 40 шақырымдай қашықтықтарда орналасқан елді мекендер еді.

Ал енді жазалаушылар көтерілістің көрші елді мекендер мен жаңа аудандарға таралып кетуін болдырмау үшін қандай шаралар қолданғанына тоқтала кетейік. Соққы беретін және көтерілісшілер жолдарына тосқауылдар жасайтын күштер төмендегіше орналасты: Өскеменде – 100 әскер шабуылға даяр тұрды, 23 ақпанда Өскемен ауданының Кондратьевка селосындағы 4 отрядтан Зубовка және Васильевка селолары бағытынан, екі жақтан әрекет ететін 60 адамдық жаңа 2 отряд дербес жасақталды; Бұқтырма станицасында 60 адам-

¹ 471-іс, 267-п.

дық жазалаушы отряд орналасты; Зырян ауданының Гусинская пристанында 30 адамдық әскери отряд бекінді: көтерілісшілердің Қатонқарағай жағына өтіп кетіп, ондағы халықты өз қатарларына тартуына жол бермеу үшін, Большенарым түбіне 152 әскер шоғырландырылды. Устьнарым, Хайрузовка, Бураново, Большенарым, Солоновка, Максиха, Яры, Березовка, Малокрасноярка, Қатонқарағай селоларын қорғау және олардағы шаруалардың көтерілісшілер қатарын толықтыруына жол бермеу үшін 118 адамнан тұратын әскери отряд жасақталды. Бұл отряд сондай-ақ Черновая, Қатон-Медведкин, Солдатово елді мекендерінде өздерінің ықпалдарында, үздіксіз назарларында ұстады. Сондай-ақ Белая Карабиха, Печифыколка, Язовая және Голубовка селоларында да әскери отрядтар бекініп, олардың 30 проценттейі үш ұңғылы винтовкалармен, ал қалғандары қанша атса да жетерлік оқ-дәрілері бар аңшы мылтықтарымен қаруландырылды.

Отрядтарының қимыл бірлігін қамтамасыз ету үшін және көтерілісшілердің төтенше әрекеттерінен сақтану үшін жоғарыдағы селолардағы жазалаушылар өзара тығыз байланыстар орнатты.

Телефон желілерін кейбір жерлерде көтерілісшілер үзіп тастағандықтан және істен шығарғандықтан, салт атты шабармандар селолар арасында шоқытып, шауып жүрді. Телефон байланысын іске қосуды да әскерилер жедел жолға қоя бастады. Осылайша 24 ақпанға қарай Зырянның орталықпен, округпен телефон байланысы қалпына келтірілді¹.

Жазалаушылардың қаптаған қарулы қолдарының елді мекендердің бәрін нысанға алып, әрбір село тұрғынының ізін бағуы, сол жылдарға тән жаппай сталиндік күдіктену ахуалының орын алуы, күдік туғызғандары ай жоқ, шай жоқ, мылтықпен айдап апарып, топтап қамап тастау ел арасында жаппай үрей туғызды. Біз жоғарыда әңгімелегендей, жазалаушылар қарулы қақтығыс кезінде өздерінің шын мәнінде еш нәрседен тайынбайтын қатыгездіктерін айқын байқатып та үлгерген еді. 25 ақпандағы мәлімет бойынша, көтеріліске қатысты деген айыппен Зубовкада 250, ал Крестовкада 100 адам тұтқында ұсталды. Осы күнге дейінгі мәлімет бойынша, көтерілісшілердің жағынан 39 адам өлді. Ал енді жазалаушылар жағынан біз жоғарыда әңгімелеген қарулы қақтығыстарда отряд командирі Малинин жеңіл ғана жараланды.

25 ақпанда сағат 12-де жазалаушылар отрядының барлау бастығы Богдановтың Алматыға, Қазақстан ПП ОГПУ-нің сол кездегі бас-

¹ 471-іс, 282-п.

тығы Волленбергтің атына жолдаған аса құпия жедел, «оқыған соң кейін қайтаруға жататын» мәлімдемесінде Өскеменнен Чистополька селосына дейінгі елді мекендердің бәрі және Бұқтырма негізгі жолы көтерілісшілерден біржолата және түгелдей тазартылғаны айтылған. Зубровка, Тиховый ключ, Крестовка селолары жазалаушылар қолдарына көшіп, олар осында біржолата берік орнығып алды. Бұл жерлерде билікті өз қолдарына алған жазалаушылар мынадай мәселелерді анықтады: Толстоуховтан басқа көтеріліс басшыларының бірі, жоғарыда айтылған – қақтығыс кезінде амалсыз қолға түскен кулак Чебчнев Зубовка селосының адамы болып шыққаны үшін қамауда ұсталды. Ал енді қоршауға түскенде өзін-өзі атып өлтірген көтерілістің тағы бір басшысы Ширигиннің кінәсі шынында да ауыр екен. Ол көтерілістің алғашқы күндерінде қызбалық жасап, Васильевка селосында қолға түсіп қалған егін егу науқанына «жоғарыдан» жіберілген уәкіл Савельевті өз қолымен атып өлтірген болып шықты. Уәкіл дегеннен шығады, ұжымдастыруға байланысты тағы бір уәкіл Струинда көтерілісшілер қолына түскен еді, бірақ оның тағдыры кейін белгісіз болып кетті. Жазалаушылардың оны қайда алып кеткенін және ол өлі ме, тірі ме осыны анықтай алмай бастары қатты.

Ал енді 25 ақпандағы ОГПУ тыңшылары арқылы алынған мәлімет бойынша Васильевка селосында көтерілісшілердің саны 145 адамнан тұратын отряды бары анықталды. Сондай-ақ Чистополь селосынан қашып шыққан халық тергеушісі Кузнецов дегеннің айтуына қарағанда, онда саны 70 адамдық көтерілісшілер отряды бар болып шықты. Бірақ жазалаушылардың ешбір ымыраға келмес, бейбіт келіссөз жүргізуге ықыластары жоқ, тек көтерілісті қанға бояп басуға бекінген әрекеттерін байқаған көтерілісшілерді бұл кезде үрей билеп алған еді. Өздерін қатал жазалау күтіп тұрғанын байқаған көтерілісшілер «барар жер, басар тау таппай» жан ұшыра састы.

Осы күндері жазалаушы отряд өзінің тыңшыларынан Толстоуховтың өзі бастаған 30-ға тарта адамның Риддер тауларына, соның ішінде Белки тауларына қашып барып жасырынғаны туралы мәлімет келді. Қалың қар басқан Белки тауларынан асып түсу мүмкін емес еді. Оның үстіне Риддер тауларының етегіне тосқауылға жақсы қаруланған жазалаушы отряд қойылған болатын. Толстоуховтың қашқаны туралы бұл хабар рас па, жоқ әлде өтірік пе, мұны ОГПУ органдары жан-жақты тексере бастады.

Дегенмен көтерілісшілерді жаппай үрей билесе де, олар көрші аудандардағы халықты түгелдей Кеңес өкіметіне қарсы көтеруге мүмкіндіктің бәрін пайдаланып қалуға тырысты. Осының нақты көрінісі – Большенарымнан шығысқа қарай 20 шақырымдай қашықтықтағы Қатонқарағай ауданының Березово селосының тұрғындарын 24 ақпан күні кешкілік көтеріліске шығуға үгіттеген үндеудің табылуы еді. Онда 25 наурызда діни мейрам атап өтілетін күн көтерілістің басталатын күні болып табылатыны атап көрсетілген. Үндеуде: «Кеңес өкіметі жалмауыз, шыдай-шыдай болдық!» деген жолдар бар. Үндеу сауатты жазылғанымен, одан сезіктенген ОГПУ өкілдері оны жазған адамды іздеп, халықты әбігерге салды.

ОГПУ органдары мен жазалаушы отрядтарының барлау топтарының басын қатырған тағы бір мәселе – Мякотиха, Троеглазка елді мекендерінің солтүстігінде әрекет етіп жүрген көтерілісшілер сандарын анықтау еді. Жазалаушылар қанша күш салғанымен, оны дәлме-дәл анықтау мүмкін болмады. Көтерілісшілер мен бейбіт халықтың аражігін ажырату қиынға түсті.

Халық наразылығы айқын сезіліп тұрған кезде, көтерілісшілерді емін-еркін тайрандатып қоюдың аса қауіпті екенін жазалаушылар жақсы түсінді. Көтерілісшілердің көздерін жойып жіберу басты мақсат болды. Сол үшін 24 ақпанда Өскеменнен шыққан жаңа әскери күшті асыға күтті. Олар келген бетте-ақ жаппай шабуылдар басталып, көтерілісшілердің көзін біржолата жойып жіберетін қуатты сокқылар беру жоспарланды. Ең басты күш көтерілісшілер күштері шоғырланған Васильевка селосына бағытталып, Чистяков басқаратын жазалаушылар отряды іс жүзіне асыруы тиіс болып белгіленді¹.

Көтерілісшілерді біржолата талқандауға байланысты жазалаушылардың әрекеттерінің мұнан әрі қалай өріс алғанын БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Құрамысовтың және Қазақстан ІІІ ОГПУ-нің бастығы Волленбергтің атына жолдаған «аса құпия» мәліметтен білуге болады. Мордовскийдің басқаруындағы жазалаушылардың 200 адамдық отряды 26 ақпанда сағат 15-те Васильевка селосына күтпеген жерден басып кірген. Тегінде, осындай төтенше шабуылдың болуы әбден мүмкін екенін жақсы түсінген көтерілісшілер шабуыл басталған бетте-ақ қарсылық көрсете қоймай, Чистополька селосы бағытына қарай бірден шегініп кетті. Васильевкада жаппай тінту жүргізген олар осында, қамауда жатқан бір топ кеңес қызметкерлерінің үстінен шықты. ОГПУ тыңшылары

¹ 283-п., 2-беті.

біраздан бері не өлі, не тірі екенін анықтай алмай, іздестіріп жүрген ұжымдастыру науқанына байланысты осында жіберілген уәкіл Струинда аман-сау тұтқында отырған болып шықты. Көтерілісшілердің тұтқындағы кеңес қызметкерлерін азаптамай, атпай, шегінген кезде тірідей қалдырып кетуі жазалаушыларды таңғалдырды. Өздері қақтығыстар кезінде халықты аяусыз қырып келе жатса да, көтерілісшілер тарапынан «қанға – қан» деген тәрізді қарсы егесу әрекетінің болмауы шынында да олар үшін ойланарлық жай болды. Көтеріліске қатысушылардың мақсаты қан төгіп, қырғын ұйымдастыру емес, Кеңес өкіметін күштеп құлатпай, шаруаларға қолданылып отырған әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа қарсы тұрып, бұқараны жаппай көтере отырып, сондарынан ерту арқылы қалыптасып қалған заңсыздықтарға, жүгенсіз саяси үстемдікке қарсы келу арқылы сес көрсету еді. Бірақ Ұлы Қазан төңкерісінің әскери коммунизм саясатынан бастап, саяси және әлеуметтік міндеттерді «қарудың күшімен, найзаның ұшымен» шешуге әбден дағдыланып алған олар сталиншілердің бұратаналармен, қара халықпен санасып жатуға ешбір құлқы да, ниеті де болмауға тиіс деген қағиданы ұстанды. Өскемен мен Зырян жеріндегі көтерілісшілермен бейбіт келісімге келу, даулы мәселелерді қантөгіссіз, келіссөз арқылы реттеу қажеттігі ауызға да алынған жоқ. Голощекиннің Сталинге жазған хаттарында, тағы басқа ресми құжаттардың қайсысында болсын бейбіт келіссөздер жүргізу туралы бір ауыз да сөз жоқ.

Сонымен, Васильевка селосы үшін ұрыс қантөгіссіз аяқталды. Көтерілісшілер дер кезінде шегініп үлгергендіктен, олардың жағынан да, әрине, жазалаушылар жағынан да не өлгендер, не жараланғандар бола қойған жоқ.

Мордовский отряды Васильевкаға осылайша басып кіріп жатқан кезде, 55 әскерді басқарған Шайтанов деген Троеглазкадағы көтерілісшілерге шабуыл жасады. Тарс-тұрс, қым-қиғаш атылған мылтық дауысы көпке созылмай-ақ өшіп тынды. Алғашқы сәтте-ақ кімнің жеңетінін шамалап үлгерген көтерілісшілер қарсылық көрсете отырып, асығыс шегіне бастады. Көтерілісшілерден бір адам өлді, он адам жараланды, он адам тұтқынға түсті. Ал енді жазалаушылар жағынан болса небәрі бір адам ғана жеңіл жараланды.

Васильевка селосын өз отрядымен басып алған Мордовский ілешала осы 26 ақпан күні 18.00 сағатта, келесі Добродненский поселкасына шабуыл жасау туралы бұйрық алды. Түскен мәліметтерге қарағанда, мұнда көтерілісшілердің 5 отряд топтастырып, Зубовка

селосын басып алуды жоспарлап жатқаны айтылды. Мәліметтерден тіптен бұл отрядтарды кімдер басқаратынына және қалай қаруланғанына дейін анық білуге болатын еді. Оларға сенсек, олардың бірін – 26 адамнан тұратын, 20 бытыра мылтықпен және үш линиялы винтовкалармен қаруланған отрядты кулак Коновалов басқарды: кулак Ксеновицкий басқаратын екінші бір 22 адамнан тұратын отряд 19 бытыра мылтықпен, үш линиялы винтовкалармен қаруланды; кулак Савельев басқарған саны 50 адамдық үшінші отрядта 12 үш ауызды берденкесі бар, ал қалғандары бытыра мылтықтармен қаруланған шаруалар болды; төртінші отрядтағылар Ануфриев басшылық жасайтын, бірақ сандары белгісіз, ал өздері төрт үш линиялы винтовкалармен және бытыра мылтықтармен қаруланғандар еді; бесінші отрядты қол астында 22 адамы бар кулак Моченов басқарды. Бұларда қанша қару бар екені белгісіз болып қалды.

Жоғарыда айттық, алғашқы қақтығыстар кезінде көтерілісшілердің негізгі күштерінен қол үзіп қалған көтеріліс басшысы Толстоухов, осы Добродненский поселкасындағы отрядтарға жалпы басшылық жасай алмады. ОГПУ деректеріне қарағанда, аталған поселкадағы көтерілісшілердің бес отрядына жалпы басшылық етуді Толстоуховтың көмекшісі, бұрын Азамат соғысы жылдарында ақтар армиясында офицер болып қызмет атқарған Зенковский өз қолына алған.

Жақсы қаруланған және үкіметтің үздіксіз қолдауына сүйенген жазалаушылардың тас қамалдай алдырмайтынын, түбінде тұтқындалып, ауыр жазаланатындарын сезінгендіктен туған үрей еді бұл.

Жазалаушылар басып кірген соң да бұл поселкада айтарлықтай ірі ұрыс бола қойған жоқ. Мұнда да атыс ұзаққа созылмады және көтерілісшілердің көбісі сенімсіз қимылдап, шегіне жүріп атысты. Ұрыс барысында бұлардың жағынан төрт адам өліп, төрт адам жараланды, анталаған жазалаушылардан қашып құтылуға үлгермеген 20 адам тұтқынға түсті. Көтерілісшілер отрядтарының командирі Моченовтің өзі де қашып үлгере алмай, жанындағы Зиновьев деген серігімен бірге үйлердің біріне келіп алып атыса берді. Бірақ жан-жақтан жаңбырша жауған оқ құтқармады. Олардың екеуі де кешікпей қарсыласқанды тоқтатты. Жазалаушылар олар бекінген үйге келіп кірген кезде, олардың сұлқ түсіп өліп жатқанының үстінен шықты. Осы үйден көтеріліске белсене қатысқан кулак Бояринов сытылып қашып шықты. Бірақ поселка толы жазалаушылардан бой тасалай алмай, асылып өлді.

Ат бауырынан келетін қалың қар жазалаушылардың шұғыл әрекеттер жасауын қиындатып, көтерілісшілердің жасырынып қалуларына мүмкіндіктер берді. Мұны қолға түскен тұтқындардың жауаптары мен көтерілісшілердің азат етілген көптеген селолардағы тұрғындар сөзі де дәлелдейді.

Добродненский, Троеглазка поселкаларынан көтерілісшілерді түріп айдап шыққан жазалаушылар енді қалғандарының қайда шоғырланғанын да іздестіре бастады. Тұтқындалғандардан жауап алу кезінде мәліметтер олардың Мякотиха селосының жоғарғы жағында жиналып жатқаны анықталды. Олар қалған-құтқан күштерін жинақтап алған соң, Мариновка селосы арқылы Зырян ауданының Түргесін селосына өтіп кетуді ойластырса керек, бірақ жолдарындағы Мироновкада бұрынғы қызыл партизан Комгонев басқаратын жақсы қаруланған жазалаушылардың 30 адамдық отряды тосқауыл болып тұрғанын біле қоймаған тәрізді. Оның үстіне бұл тосқауылды жазалаушылар көп кешікпей-ақ қосымша күштермен толықтыра түсті.

Ал енді жоғарыдағыдай тұтқындалғандардан түсіп жатқан кейбір мәліметтерден де басқа, анық-қанығы тексеруді қажет ететін ұзынқұлақ хабарлар да аз болмады. Олар бойынша Толстоухов басқаратын көтерілісшілердің бас штабы Самар ауданының Требиловка селосында орналасқаны да айтылды. Бұл село Гусиное пристанынан оңтүстікке қарай 15 шақырымдай жерге орналасқан еді. Бұл мәліметті жазалаушылар көтерілісшілерден тазартқан елді мекендердің халықтары айтып жүрді.

Көтерілісшілердің бас көтерген аудандарда олардың ірілі-ұсақты топтары шынында да өзара байланысып, күш біріктіруге талаптанғандары байқалады. Мұнда кейде андаусызда қолға түсіп қалған олардың барлаушылары немесе байланысшы шабармандары да дәлелдей түсті. Осы орайда айта кеткен жөн, жазалаушылардың қаталдығынан еш рақым күте қоймаған олар мүмкіндігінше қолға тірідей түспеуге тырысты. Сөзімізді дәлелдейтін тағы бір мысал: 26 ақпанда Прянаршокова стансасында (Өскеменнен батысқа қарай 18 шақырымдай қашықтықта) көтерілісшілер әрекет етіп жүрген аудандарға қарай кетіп бара жатқан Туманов Василий Иванович деген біреу ұсталды. Жауап алу кезінде ол шындықты айтудан жалтарып, үзілді-кесілді бас тартты және алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, өзінің жүрегіне өзі шеге сұғып алып, мерт болды¹.

¹ 471-іс, 287-п.

Көтеріліске қатысушылардың осындай жанкешті әрекеттерге барулары олардың Кеңес өкіметінен еш қайырымдылық күтуге болмайтынын әрі тіл табысу және түсінісу мүлде мүмкін емес деген біржақты шешімге келгенін айқын дәлелдей түссе керек.

Көтерілісшілер мен жазалаушы арасында қарулы қақтығыстар болды ма? Егер болса ол қалай болды және оның нәтижесі қандай? Бір өкініштісі, бұл сұрақтарға толық жауап беруге мүмкіндік берерліктей ОГПУ органдарының құпия архив құжаттары әзірге біздің қолымызда жоқ. Біз жоғарыда келтірген ресми мәліметтерден оқырман да байқап отырған болар, 27 ақпанға дейінгі қарулы қақтығыстарда көтерілісшілер жағынан өлгендер 45 адамға жеткен.

Біз әңгімеміздің ең басында айтып кеткен Голощекиннің Сталинге жазған хатында осы көтерілісте өлгендер саны 160 адам екені айтылады. Әрине, Голощекин Сталинге жалған ақпар беріп отыр деп айтуға еш негіз жоқ. Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында біз әңгімелегеннен басқа тағы да жанкешті шайқастар мен қарулы қақтығыстар болғаны, көтерілісшілер жағынан 115 адам өлгені, ал жазалаушылар жағынан 6 адам өлгені расталды. Бірақ бұл шайқастардың қалай болғанын қолымызда ресми деректер жоқ болғандықтан, оқырманға кеңінен әңгімелеп бере алмаймыз. ОГПУ органдары осынша бейбіт халықты қойша қырып салды деп айтуға дәлеліміз тағы жоқ. Оның үстіне Голощекин жоғарыда 160 адамның бәрі тек шайқаста өлді деп отырған жоқ па.

Біз іздеген қажетті құжаттардың партия архиві қорынан кездесе қоймауының, әсіресе 1930 жылы наурыз және сәуір айларында көтеріліс шарпыған аудандардан Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Құрамысовтың атына тоқтаусыз келіп түсіп жатқан ақпарат мәліметтерінің сап тыйылуының себептерін төмендегі ресми құжатпен танысқанда ғана біршама түсінгендей боламыз:

«№ 9361, 18 мамыр, 1930 ж.

БК(б)П Қазөлккомы. ҚазОАК, Казхалкомы.

Қазақстан заң халық комиссариаты

О. Ж. (осы жылдың – Т.О.) сәуір айында Қазақстанның Орт. текс. комы (Орталық тексеру комиссиясы болар – Т.О.) бандитизм қозғалысы және оның нәтижелері туралы № 1 жедел барлау мәліметін шығарған және оны Сіздерге осы жылдың 24 сәуіріндегі №257/с түрінде жолдаған еді. Бұл арнайы мәлімет ОГПУ-дің окр. бөлімі, өзара ақпараттар алысу тәртібіне сәйкес УРО-ға (қылмыстық-бар-

лау бөлімі болар – Т.О.) жіберген органдарының материалдары біздермен ешбір келісілместен пайдаланылған екен. Келтірілген дәлелдердің кейбір тұстары тексерілмеді немесе тексерілгені расталмады. Оның үстіне аталып отырған мәлімет Семей округінің Өскемен ауданындағы кулақтық бандиттік бас көтерулерге қатысты фактілер дәрежі бұрмаланған. КССР ІІІ ОГПУ-і осы оперативті барлау мәліметін бізге кейін қайтаруды Сіздерден өтінеді.

*КССР-індегі ІІІ ОГПУ Даниловский
КРО бастығы Берзин»¹.*

209

Сонымен құжаттан көріп отырмыз, Өскемен көтерілісіне қатысты, әсіресе оның адамдар ең көп қырылған соңғы сәттерін бейнелейтін ОГПУ-дің ресми мәліметтері Қазақ өлкелік партия комитетінің, республика Орталық Атқару комитетінің, Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің, Қазақстан Заң халық комиссариатының істерінен «фактілер дәрежі бұрмаланған» деген себеппен қайтарып алынған. Өскемен және Зырян аудандарындағы жазалаушылар мен көтерілісшілер арасындағы қақтығысты сәттерден хабардар ететін мәліметтер партиялық құпия архивтен таптырмай отыр. Сталинге жазған ресми мәліметі болмаса біз, тіптен Өскемен және Зырян көтерілістеріндегі ұрыстарда көтерілісшілерден 160 адамның қырылғанынан да мүлде хабарсыз қалар едік.

Қазақстанның үкіметі мен өкімет органдарынан ОГПУ органдарының өкілдері қажетті мәліметтерді кері қайтарып алып отыруының өз сыры болды. Олар көп адамды қақтығыс кезінде қырып салды. Бұл қылмыстарын өздері де жасырмай ашықтан-ашық айтып, қанды қырғында кімдердің жауап бергенін жазып кетті.

Сол кезде қайтарылып алынған мәліметтер қазіргі мемлекет қауіпсіздігі органдарының жабық істерді сақтайтын архивтерінде сақтаулы болуы мүмкін. Немесе түрлі сылтаулармен құртылып жіберілуі де ғажап емес.

Жалпы Өскемен және Зырян көтерілістерінің қарудың күшімен тұншықтырылып басылуы айдан анық нәрсе. Оны біз келтірген жоғарыдағы архив қойнауынан табылған материалдардың өзі де айқын дәлелдеп тұр. Көтерілістің негізгі басшысы Толстоуховтың қолға түсе қоймай, тау-тас, орман-тоғай арасын пана етіп, ОГПУ-ді әбден әуресарсаңға салғаны байқалды. Оның төңірегіндегі жекелеген адамдарды ұстаудың өзіне келсек, тіптен бір адам ұсталып ол Толстоуховқа

¹ 4764-іс, 60-п.

қатысы бар-ау десе, ОГПУ оны үлкен табыс ретінде бағалап, Қазақ өлкелік партия комитетіне сол сәтте жедел түрде мәлімдеумен болды. Міне, сондай ресми екі құжат:

*«БК(б)П Қазөлкекомы.
жолдас Құрамысовқа*

Біздің № 11 жедел барлау мәліметінің 6-бетінде мынандай өрескел қате кетіпті. 19-жолда «бандит Толстоухов – Паутов ұсталды» деп жазылған. Оны былай оқу керек: «Толстоуховтың бандиті Паутов ұсталды...»¹.

210

Төменгі жағына Қазақстандағы ПП ОГПУ-дің топ және бөлім бастықтары Волохов пен Сағитов қол қойған бұл құжат 20 наурызда ОГПУ мекемесінде тіркелген. Яғни Толстоуховтың жақын серіктерінің бірі наурыз айында қолға түсірілген. Толстоуховшыларды ОГПУ-дің ашкерелеуі тіптен шілде айында да жалғаса бергенін төмендегі құжаттан да көреміз:

*«№ 9460 10 шілде, 1930 ж.
БК(б)П Өлке комитетінің жауапты хатшысы
жолдас Рошальға.*

Біздер 30 мамырда Семей округінің Зайсан қ. (қаласында – Т.О.) Зайсан қалалық кеңесінің есепшісі Дериглазов Василий басқаратын Толстоуховтың қазіргі (контрреволюциялық – Т.О.) ұйымының бөлімін жойдық. Бөлім өзінің ықпалымен Зайсан қаласы мен Қаратал, Кендірлік және Мұжықсу поселкаларын қамтыған. Іс бойынша 32 адам тұтқындалды. Тінту барысында әртүрлі оқ-дәрілер мен атылатын 9 қару, Толстоуховтың бандасынан азық-түлік алу үшін алынған 117 сом кеңес ақшасы және көшірмесі төменде қосымша беріліп отырған үндеу табылды.

Қосымша бар, ол 5 беттен тұрады»².

Бұл құжатқа Қазақстан ПП ОГПУ-нің жауапты жетекші қызметкерлері әйгілі Альшанский мен Лавров қол қойған.

Әрине, ол жылдары көтерілісшілер ел арасына тарататын үндеулерін өздерімен бірге алып жүруі аса қауіпті болғаны белгілі. Өйткені осы фактінің өзі-ақ кез келген уақытта оны «бандит» деп айыптауға негіз болатын еді. Құжатта есімі берілгеніне қарағанда, көтерілісшілер үндеуі Дериглазов Василийдің үй-жайын тінткенде табылған тәрізді. Ал енді қалған 32 адамның шынында да «Толстоухов ұйымына» қатыстары бар-жоғын дәлелдейтін қандайда бір

¹ 465-іс, 16-п.

² 464-іс, 61-п.

болмасын дәлел архив материалдарынан кездесе қоймады. Осыған қарағанда, жауапқа тартылғандар арасында кінәлары жоқтар да аз болмаса керек деген ой туады. ОГПУ-дің сол жылдары құрығы тым ұзын болғаны, одан жазықсыздардың да қашып құтылуы аса қиын болатын.

Толстоухов басқарған Өскемен және Зырян көтерілістерінің мақсатын анықтай түсуге көмектесетін болғандықтан, ОГПУ органдары айтып отырған тінтулер арқылы табылған үндеулердің толық тексін оқырмандар назарына ұсынбақпыз. Ақиқатты айтатын бұл үндеу саяси сауатты жазылғандықтан болар, кейбір тұстары бүгінгі біз егемендік алып жатқан кезеңмен үндес келеді.

«Шетелдік мемлекет өкілдері, Сіздерге

Біздің көршілеріміз, қытайлықтар, Сіздерге!

Біз Ұлы Ресейдің ұлдарын көмекке шақырамыз. Мемлекетті басқаруды, өкіметті зорлықпен басып алған коммунизм диктатурасын құлатуға көмектесіңіздер. «Туысқандық, теңдік және бостандық» ұрандарының соңынан көрсоқырлықпен ұмтылған біздер монархия өктемдігін құлаттық. Біздің емін-еркін сөйлегіміз келеді, азаттықта өмір сүргіміз, оқығымыз келеді. Біздер, Ресейдің шаруалары, жер алғымыз, помещиктердің жерін алу құқына ие болғымыз келеді. Біздер еркін еңбекті, мамандықты еркін таңдауды қалар едік. Жұмысшылардың ұрандары: «Жер – шаруаларға! Помещиктер жойылсын! Жер – еңбекшілерге! Арамтамақтар жойылсын!» біздерді жұмысшылармен қол ұстасып қатар тұруға және біздерге өте қымбатқа түскен азаттықты жеңіп алуға жігерлендірген еді. Ал енді ше? Біздер не таптық?

Уақытша өкімет Кеңестер өкіметін құруға және міндеттерді орындауға арнап құрған құрылтай жиналысы, коммунистер партиясының құрылтай жиналысындағы билікті күштеп тартып алғандардың қолдарының күшімен кенеттен күйреді. Бұрынғы ұрандарды өзгертпей-ақ, коммунистер құрылтай жиналысының құрамы буржуазиялық, капиталистік болғандықтан, халыққа күткен бостандықты бере алмайды, – деп насихаттап, құрылтай жиналысын қуып таратты. Енді тағы да осы ұрандарға берік сенген біздер – жұмысшылар мен шаруалар халықтық билікті шындап қорғаушылардың қалдықтарын жоюдамыз және бес-алты жыл бойы бізге Кеңес өкіметі айтқан сол бір бостандықты күтудеміз. Бірақ осы бес-алты жылда «халықтың билігін» ту етіп көтерген коммунистер өкіметі өзінің пасық істерін істеп тастады, ол қараңғы бұқараны социализмге шақырған үгітпен

шырмап тастады. Мұны біртіндеп, жүздеген жылдарда орындауға уәде берген (олар), халықтың үніне кулак асқанда мынаны көрді: социализм олар ойлағандай, орыс адамына жедел әсер ете қоймайды екен. Әйтеуір, өздерінің істерін ақтау үшін басқыншылар өкіметі ешқандай әдіс-айладан бас тартпай, тыңшылықты орнатып жатырмыз. Сөйтіп, өз қатарларына құлқынын ойлаушыларды, ұрыларды, мансапқорларды, алаяқтарды, сондай-ақ епті кедейлердің бір бөлігін тартып отыр. Осылай олар КСРО халықтарының жалпы санының 25 процентінің соңына тыңшылар салып қойды. Жүргізіліп отырған саясаттың дұрыс еместігін ресми мәлімдеу қаупін туғызатын халықтың қандай да бір болмасын наразылығы тұншықтырылды. Бас көтергендер ГПУ органдарының өктем қоқан-лоқысымен тұтқындалып, наразылардың үні өшті. Тыңшылықтың өркен жайғаны сонша, өкіметті титтей болса да сынға алғандар ГПУ органдарына жеткізіліп, айыптылар кінәсіне қарай сазайын тартып отырды. 1927 жылдан бастап бүкіл Ресей бойынша халықты көтеріліске даярлайтын өзара байланыстары жоқ астыртын ұйымдар құрыла бастады. Коммунистердің тыңшылары да қалғып-мүлги қойған жоқ. Соның әсері болу керек, көп кешікпей-ақ, біздің газеттеріміз көптеген жерлерде контрреволюциялық ұйымдардың ашылғандығы туралы сайрап қоя берді. Коммунистер өкіметті қатты сынға алды, сондай-ақ, бандиттік және тонаушы топтар ретінде тек тонауды ғана мақсат еткен капиталистердің паракорлары ретінде түсіндірді. Қараңғы бұқара бұған сенді, бірақ зиялылар мен саналы шаруалар оларды өкіметке наразы көтерілісшілер деп білді. 1928 жылдан бастап бұл ұйымдар барлық Украинаны, Батыс Ресейдің және Сібірдің бір бөлігін қамтыды. 1929 жылы басты ұйымдардың екеуін ГПУ органдары әшкерелеп тұтқындады, сондай-ақ айдауға жіберу жолдарымен жойып отырды. Бұл қараңғы бұқараға күшті қыр көрсету болды. Сондықтан оның үні өшті. Коммунизмге қарсы жұмыс қалай болмасын тоқтаусыз жүріп жатты. Жер-жерде коммунизм саясатына наразы болып, кездейсоқ пікір айтқандар аяусыз жазаланды. Шаруалар мен жұмысшылар арасында контрреволюциялық жұмыс пен көтеріліс туралы айтыла қалса, олардың өмірлеріне қауіп төндіріліп отырды. Ресейде тіптен өз жақынына да сенбеушілік қалып орнықты. Кеңестер билігі коммунизмнің өктемдігіне арналған желеу ғана. Ол бізге не берді? Сөз бостандығы мен баспасөз бостандығы қайда? Оларды да тыңшылықтың торы шырмап алған. Тың тыңдау көтерілісшілер арасына байқатпай енген. Бостандықты аңсаған біздер тек қиялшыл

коммунистер өкіметін ғана мадақтай аламыз. Біздердің өздеріміздің көзқарастарымыз туралы айтуға әрі сынауға құқымыз жоқ. Әділетті сын социализмді тек жағымды мағынада ғана сынай алады. Біздің баспасөзіміз Кеңес өкіметіне қарсы жүрек жұтқандардың бірде-бір мақаласын өткізбейді. Сөз еркіндігі үшін түрмеде шірітіп айдауға жібереді немесе атады. Өз шаруамызды өзіміз жүргізуге талаптанаып, жер алуға ұмтылып едік, бізге оны берді, бірақ оны өндеуге ерік бермеді. Біздің еркін өмір сүргіміз, қалаған мамандығымызбен айналысқымыз келген еді, енді бізге салықтарды үйіп-төгіп тастады. Осының кесірінен біздердің көбіміз өзіміздің кәсібімізден бас тартуға тура келді. Біз теңдікке қол жеткізсек деп едік, енді келіп тек табытғағы өлі денеге теңестіріп отырмыз. Артықшылықтарға тек коммунистер, мансапқорлар мен алаяқтар ие. Олардың балалары оқиды. Ауқатты шаруалардың, саудагерлердің, дін қызметкерлерінің балаларының оқуға құқы жоқ. Алғашқылар кеңестерге кіргізіледі, әкімшілікке тағайындалады, жоғары жалақылар алады, соңғылар сайлауға дауыс беру құқын пайдалана алмайды, жұмысқа тағайындалуға құқы жоқ және жұмыссыз болғандықтан тағы да сауда жасауды қолға алады, оның есесіне сайлануға құқтары жоқ болғандықтан, оларға салық салынады. Ауқатты шаруа мен орташалар қанша еңбек етсе де, ашқұрсақта өмір сүріп келеді. Өйткені оған алынған астықты түгел тапсыру міндеттелді. Ал әр отбасында бір жыл мөлшерінде аз астық әр адамға бір айға 20 фунттан қалдырады. Тапсырылған астығы үшін кесімді баға бойынша тым аз ақша беріп, қолда қалған аз астықтың өзін салық түрінде, кәперәтивке төленетін жарна есебінде алып қояды. Мұндай жарна басқалардан 500 сом көлемінде өндіріледі. Ол қызметке тағайындала алмайды, жарна беріп отырса да, оған тауар бермейді.

Өзінің саясатымен өкімет Ресейге екі кереғар лагерь жасады. Кедейге бай жау екеніне олардың көзін жеткізіп, сес көрсетіп отыру етек алды. Кедейлер қараңғы және еркін өмірді көрмеген бұқара ретінде олардың үгітіне тез сенуде. Барлық жиналыс атаулыны комсомолдар мен коммунистер міндетті түрде басқа аудандардан шақырылады және егер дауыс беру қажет болса, қоғам мәселесіне мүдделі емес басқа аудандардан келген партияшылдар осындайда көп дауысқа ие болып, коммунистер жеңіске жетуде. Оның үстіне дауыс бергендердің ішінде өкімет тарапынан қуғындаудан қаймығып, қарсы дауыс беруден қорқып, қалыс қалатындар да бар. Осындай дауыс берулер мен салық салулар мәселелері, ауқатты халық-

тың астық өткізуі, дауыс беру құқынан айыру мәселесі, ауқаттыларды Соловкиге және Нарынға айдап жіберу мәселелері шешіледі. Коммунизм саясаты ауқаттыларды кәмпескелеу жолымен, салықтар салу жолымен жедел қарқынмен социализмге бастап бара жатыр. Бұқара өзінің қауқарсыздығын сезуде. Біз социализмді қаламаймыз, біз ұжымдастыруды қаламаймыз, біздің еңбегімізге және дүние-мүлкімізге ортақтасуды қаламаймыз. Біз еркін, жекешенің еңбегін қалаймыз. Біздің өзімізге ұнайтын әрі жалпы кеңестік бірлікті бұзбайтын жұмыспен айналысқымыз келеді. Ал бізге жауапсыздық құқымен, казарма құқымен фабрикаларды, жерді беріп жатыр. Біздердің айлар бойы күніне 17-20 сағат жұмыс істегілеріміз және айлар бойы рақаттанғанымыз, өзіміздің жалақымыз, өзіміздің табысымыз мүмкіндік беретіндей, өзімізге ұнайтындай өмір сүргіміз келеді. Біз өзіміз қалаған кезде көңіл көтеріп, қалауымызша тіршілік еткіміз келеді. Социализм туралы құрғақ уәде бізге тамақ болмайды. Ал өкімет болса, меншік иесіне күрес жариялады. Кеңестік жел-өкпелер алғаш социализм жаулары ретінде фабрика және завод иелерімен күресті, онан соң деревня кулақтарына және ауыл байларына қарсы күреске шықты. Бастапқыда 20-30 мың сомдық меншігі бар шаруашылықтар, кейіннен 1000 сомға дейін мүлкі барлар кулақпен бай ретінде қараланды. 1929 жылдан бастап деревняда 2 жылқысы мен 2 сиыры және 20 қойы бар адам кулақтар қатарына қосылды. Олар 50-ден 70 процентке дейінгі мөлшерде салық төлеуге мәжбүр болды. Төлеуші өзінде бардың бәрін, тіпті тығып қойғандарына дейін қосып беріп, салықтан өз уақытында құтылуға тырысты. Уақтылы қарызынан құтылмаса, онда оны тізімге алып, үйін саудаға салып, түкке тұрмайтын бағаға сатып жіберді. Егер ол қандай да бір болмасын жолмен құтылса және есептесіп шықса, онда оны дүние-мүлікті талан-таражға салғаны үшін айыптады, сотқа берді, мүлкін кәмпескелеп, екі-үш жыл түрмеге жауып, басқа округке жер аударды, әйтпесе Соловкиге және Нарынға жөнелтеді. Осының арқасында біздің түрмелеріміз де аузы-мұрнына шыға толды. Бұрын 20-30 адам ғана сыятын түрмелер енді өздеріне 80-100 адам сыйғызады. Ал тұтқындалғандар семьялары ақшаға нан, ет, мата, тіптен ең қажетті заттарды (сіріңкелерді, коринді, тұзды және т.б.) сатып алуға құқы болмай, тұрған жерінде қызмет етуге, жұмыс істеуге, оқуға құқы болмай, тағдыр тәлкегіне қалдырылды. Толық мазақ ету, бүтіндей қорлау. Колхоздарды құру ерікті жүргізіледі, колхоздарға қамтамасыз етеді. Кооперацияның алғашқы кезекте колхоздарды

камтамасыз ететіні хабарланды. Кооперацияда товарлардың үлкен, ал азық-түліктің тіптен жетіспеушілігі бар екенін білетін әркім-ақ колхоздарға берген соң, кооперацияда олардың өздеріне түк те қалмайтыны, есептеп отыр. Тек осы ғана (колхозға) жазылуға мәжбүр етуде. Дикан басындағы тағы бір жағдай: ол өткен жылы өзінің жолдасын оның шаруашылығында бір ғана жылқы және бір ғана сиыр артық болғаны үшін соттағанын көрді. Олай болса, осы жылы кезек енді оның өзіне келеді. Түрмеге түсуден, сотталып кетуден қорқып оның жазылуы және тағы басқа бұл ерікті жазылу деп аталады. Қол жеткізген нәтижеміз: қазір бүкіл Ресей бойынша бәрі 20 фунт нан үлесінде (кезегінде) тұр. Ет, май, товарлар, маталар жоқ. Колхоздарға берілген малдың 50 проценті көтерем арық. Ешкімде бір түйір дән қалмады, өйткені астықтың ең соңғы пұтына дейін сыпырып алады, халық жаппай ашығуда. Ауыздан байқаусызда шығып кеткен жаман сөз сол күйінде ГПУ-ге жеткізіледі, осыдан соң жүрек жұтқанның не айдалып кету, не көшіріп, жөнелтіп жіберу жолымен бұл ауданнан қарасы өшеді. Кәпрәтивке өткізілген тері-терсек, жүнпүн атаулы қара халыққа босатылмайды. Матаны қайып тігуге бір тұтам жіп те таппайсың. Сауған сүт пен алынған майдың қайда кететінін орталықтан басқа ешкім білмейді. Коммунистер шығарған заң жүгенсіз. Көктемде өндірілген өнім өндірушіге қалса, ал күзде оны түбірімен өзгертіліп, бәрі қазынаға құйылсын деп өзгертеді, ал жаңа көктем келгенде жеңілдіктер мен жаңа жақсарту шараларын жариялайды, бірақ ол күзге дейін ғана. Ал дін мәселесіне келгенде, дін қызметшісі атқарған жұмысы үшін тұтқындалмайды, бірақ оған салынатын салық өте көп, оларды төлеп шығуға оның шамасы жетпейді. Міне, сол салықты өтей алмағаны үшін оны тұтқындап жатады. Шіркеу босқа ашылып тұрмайды, дін қызметкері тұтқындалса шіркеу де қоса жабылады. Тіпті бұған құрылыс салығы атты салық қосылып, діндарлар салық атаулыдан бас алмай түптің түбінде салықты төлемегені үшін шіркеу коммунистік шаруашылыққа көшеді. Ал бұдан кейін шіркеу театрға беріледі немесе қандай да болмасын басқа бір қоғамдық мекемеге айналдырылады. Қызметкерлер мен жұмысшылар егер салықтар төлеуге тиісті болмаса, онда заемға әр түрлі жәрдем көрсетулерге жазылуы тиіс, егер олай етпесе ол ерікті жазылатын (егер жазылмасаң одаққа мүшеліктен шығарады, онан соң қызметтен босатады) көптеген ұйымдарға мүшелік жарналар төлеудің астында қалады. Заемдарға және көмектер көрсетулерге жазылу коммунистерінің бастамасымен жүргізіледі.

Оларға партиялық тәртіп тұрғысынан бір жарым айлық жалақыға дейін (көлемде) заемға жазылуға қол жеткізу тапсырылған. Сондай партияшылдар қарсы пікір айтуға шақыра келіп, ықылас танытушылар табылмағандықтан «бірауыздан қабылданды» деген қаулыны ұсынады. Егер қандай да бір болмасын өжет табылып қарсы сөйлер болса, оны партияшылдар тұншықтырады, ал жиналыстан соң ұяға шақырып, сес көрсетіп айтады: егер қызмет еткің келсе келісім бер, әйтпесе орныңнан алынасың. Мұндайда ол ымыраға келеді. Сондай-ақ кеңестерге сайлау етеді. Коммунистер партия мүшелігіне кандидат ұсынады, қарсы пікір айтушылар бар ма деген сұраққа ешкім де үндемейді. Ал енді міне, кеңесте коммунист мансапқор немесе жай ғана жарамсақ. Ал егер кездейсоқ партияда жоқ адам тап бола қалса, алғашқы кезде-ақ сотқа беру тіпті қолайлы болады. Біздің бәріміз мұндай келеңсіздікті көріп отырмыз, бірақ қарсы тұруға шамамыз жоқ. Біз мұндайды қаламаймыз, бірақ біздерді осылай еріксіз бағынатын жағдайға қалдырып отыр. Шындығында (халықтың) 75 проценті шынайы өмірді өзінің іс-әрекетіндегі, талғамындағы, көзқарасындағы еркіндікті қалайды. Біз төрешілдікті қаламаймыз, біз ұжымдасуды қаламаймыз және Кеңес үкіметінен халықты осындайлардан қорғайтын мәлімдеме жасауын сұраймыз. Ұжымымызды қаламайтындарға бар дүние-мүліктерімен шетелге кету хұқын беруді талап етеміз, мүмкіндігінше шекараның түгелдей ашық болуын сұраймыз.

*Дұрыс. ОП / бөлім бойынша отряд бастығының көмегіші – Стелла
Көшірмеден көшірме дұрыс: қол қойылған»¹.*

Қызыл әскерлер

Халық көтерілді. Сіздердің әкелеріңіз бен ағайындарыңызда диктаторлардың, коммунистердің езгісіне мұнан әрі төзетіндей күш жоқ. Сіздер шаруалардың балаларысыздар ғой. Сіздердің міндеттеріңіз – халыққа көмектесу. Сіздердің міндеттеріңіз – найзаларыңызды коммунистерге қарсы бұру. Қызыл Армия өкімет басына халықты тұншықтырушыларды алып келді. Қызыл Армияның өзі енді өзінің кінәсін түзетуге міндеттеді. Сіздер алдандыңыздар. Коммунистер бостандықты уәде етті, ал аштық пен түрмені берді. Елді о шетінен бұ шетіне дейін қайыршыландырды. Ешбір кінәлары жоқ

¹ 65-п.

Сіздердің жүз мыңдаған әкелеріңіз бен туыстарыңыз түрмелер мен айдауларға және концлагерьлерге – осы «кеңестік каторгаларға» барып жатыр. Мыңдаған адамдар ГПУ подвалдарында азап шегуде. Билікке жабысқан коммунистер Польшаға және тағы басқа елдерге халықтың байлығы – алтынмен, аң терісімен төленуде. Астығы бар елді аштыққа және өлімге ұшырата қаптарын тізіп тапсыртуда. Бұл бостандықты тұншықтырушылар шетелдік жаулардан қорғануға қарағанда, алданған қызыл әскерлер көмегімен қарусыз халықты таптап тастау оңай десе, қатты қателеседі.

Халы төскейге шыққан басқыншыларды жоқ қылады. Бүкіл елде көтеріліс жалындауда.

Қызыл әскерлер, Сіздер халықтың ұлысыздар, оған көмектесу Сіздердің міндеттеріңіз.

Коммунизм езгісі жойылсын!

Азат еңбек жасасын!

Барлық халық сайлаған өкімет жасасын!

Азаматтар

1917 жылы ақпанда Сіздер патша үкіметін жойдыңыздар, ал қазанда зорлықшыл коммунистер жерді, еркіндікті және жер бетіндегі барлық игілікті уәде етіп, өкіметті басып алды. Барлық осы астамшылықты Сіздер жеке бастарыңыздан кешіріп жатырсыздар.

Азаттық орнына – түрме мен айдау, жер мен еркіндік орнына – өлім мен аштық. Бір минутке де кешіктіруге болмайды. Ұлы күрестің сағаты туды. Азаматтар ұмытпаңыздар және минут сайын естеріңізде болсын: қарақан бастың қамын ойлап кетпейік, бұл құқықтық тәртіп орнатудың және халықты азат етудің ұлы ісіне жантүршіктірірліктей зиян келтіреді.

Зорлықшыл диктатор коммунистер жойылсын!

Өкіметті басып алушылар жойылсын!

Ұлы азат халық жасасын!

Барлық халық сайлаған өкімет жасасын!

Коммунистер

Өздеріңіздің көсемдеріңіз Сіздерді сатып кетті. Диктатура арқылы дүниені социализмге апаратындарыңызға сендіңіздер. Әлі де

кеш болмай тұрғанда бұл сандырақты лақтырып тастаңыздар! Қантөгiс жасаумен, Сiздер, дүние жүзiн социализмнен бөлiп тастайсыздар. Сталин және оның серiктерi Сiздердi сатып кеттi. Сiздер осы сатқындарға көз жұма сенiп, еркiн ойды және халықтың азат өмiрi мен оның еңбегiнiң жемiстерiн құртушы жандармдар рөлiн ойнап жүрсiздер. Бiздер аң емеспiз және қанды қаламаймыз, қаруларыңызды тапсырыңыздар. Сiздерге өмiрлерiңiздi сақтауға және адал еңбек етуге кепiлдiк берiледi.

*Дұрыс: ОП/бөлiм бойынша отряд бастығының уақ. көмекшiсi – Спелле
Дұрыс: қол қойылған»¹.*

Көрiп отырмыз, көтерiлiсшiлер даярлаған құжаттар, негiзiнен, сол кезеңнiң ащы шындықтарын ешбiр бояусыз баяндап, ашып көрсетiп отыр. Әрине, большевиктерге берiлген баға, коммунизмге деген жаулық көзқарас қазiргi оқырман арасында бiржақты пiкiр туғыза қоймасы белгiлi. Дегенмен де, сталиншiлдiктiң азабын, зорлық-зомбылығын өз бастарынан кешiп отырған наразы халық сталиншiлдердi, олар ту етiп көтерген коммунизм идеяларын және оның кейбiр принциптерiн күштеу, қорқыту жолымен өмiрге енгiзбек болған коммунистердi – шолақ белсендiлердi өлердей жек көрiп, оларға қарсы күреске шақырса, бiздiң ойымызша, бұл әбден заңды және табиғи нәрсе.

Бiз қазiр нарық экономикасына көшер жолда айтып жүрген жекешелендiру реформасы, праволық мемлекет құру, халық түгелдей демократиялық тұрғыда қатысып сайлайтын президенттiк басқаруға жету, адал да еркiн еңбек етуге мүмкiндiк алу – мiне көтерiлiсшiлер талап етiп отырған негiзгi мәселелер. Бұларды бiз ендi ғана, 70 жылдан кейiн ұсынып, күн тәртiбiне қоя бастадық.

Тарихты бiлмегендiгiмiз, шындықты шыңырауға батырып, бүркемелеп қойған әмiршiл-әкiмшiл социалистiк құрылысқа сенгендiгiмiз, мiне бiздiң басты қателiгiмiз де осында. Сондықтан да қазiргi ұрпақ тарих алдында тiзе бүгiп, жаза басып, жалған сөйлегенi үшiн кешiрiм сұраса да, артық болмас едi-ау.

Жоғарыдағы үндеулердiң iшiндегi қызыл әскерлерге арналғаны да ерекше назар аудартады. Бұл Қызыл Армияның, ақиқатқа жүгiнсек, шын мәнiнде өз халқына қарсы соғысып жатқан кезi едi. Қызыл әскерлердiң көбiсiнiң шынында да шаруалардың балалары болғаны анық. Сол жылдары мынадай әдiлетсiздiктер де орын алды. Қызыл әскер елiмiздiң белгiлi бiр ауданында шаруалар нара-

¹ 17-т., 464-ic, 66-п.

зылықтарын белсенді түрде басып-жаныштап жүрген кезде, оның өзінің туған әкесі дәл осылай кулак атанып, кәмпескеленіп, түрмеге қамалып, жер аударылып, яғни туған ошағы тоз-тоз болып жатты. Сөзімізге дәлел ретінде ОГПУ-дің транспорт мектебінің курсанты А.Змысляның оперативтік тапсырмамен Бурабай өңіріне (құжатта Боров учаскесі деп көрсетілген – *Т.О.*) іссапарға барғанда 1930 жылы 21 қарашада Қазақстан ПП ОГПУ-не жолдаған рапортынан үзінді келтірелік: «...Екінші мысал, – деп жазады ол, – аупартком хатшысы Терновой жолдастың нақты жетекшілігі бола алады. Ол менің көзімше 28/11 (28 қарашада – *Т.О.*) Каменское поселкесінде с/к (селолық кеңес – *Т.О.*) уәкіл Морозоваға мынандай нұсқаулар берді: «Егер нақты әскери қызметтегі Қызыл әскердің әкесі кулак болса, онда дүние-мүлкін тартып алу керек». Сонда мен Терновойға қыс уақтысында кулак семьясын үйден шығарып тастауға жол беруге болмайтын нәрсе екенін көрсеткенімде, ол менімен келіспей: «Осылайша біз кулакқа тапты линияны байқатамыз, кулактарды айдап шығатынымызды, кедейлерді орналастыратынымызды білетін болсын» – дегенді айтты. Бұл оның – Терновойдың аупарткомының Каменское с/к жанындағы уәкілі жол. Морозованың көзінше айтқан сөзінің қаз-қалпы...»¹.

Иә, сталиндік әміршілдік-әкімшілдік жүйенің қолшоқпарлары болған Қызыл әскерлер де ол жылдары жетісе қойған жоқ. Оларды «бандиттермен», «Кеңес өкіметінің жауларымен күресіп жүрсіңдер», – деп сендірді, сөйтіп халыққа қарсы қойды. Ал өздерінің отбасыларының, туған-туыстарының жағдайлары болса, жоғарыдағыдай. Дегенмен де, ленинизмге сенген және Сталин мен оның серіктерін айнымас лениншілдер деп таныған Қызыл әскерлердің көбісі әділ іс үшін күресіп жүрміз деп ойлады және халық наразылықтарын сондықтан да қанға бояп басудан бас тартпағаны белгілі. Бұл олардың қасіреті еді.

Сонымен, архив құжаттарында көрсетілгендей, Өскемен және Зырян көтерілістері бірнеше күнге ғана созылған. Олардың кең қанат жайып, көрші аудандарға таралып өрістеулеріне ірі-ірі елді мекендердің бәрінде үкіметтің жазалаушы отрядтар ұстауы және көтеріліс болған аудандарды басқалардан дер кезінде оқшаулап тастаулар, ал енді көтеріліс ұшқындары байқалған селоларды жедел түрде қаталдықпен еш ымыраға келмей басып-жаныштауы көтерілістердің жеңіліп қалуына шешуші ықпал етті.

¹ 471-іс, 68-п.

Ал енді көтеріліс басшысы Толстоуховтың тағдырына келер болсақ, жоғарыдағы құжаттардың бірінде көрсетілгендей, оны және оның серіктерін ұстау, жойып жіберу әрекеті наурыз айында да, одан кейінгі айларда да тоқталмады.

Архив қойнауында біраз мәселелерден хабардар ете алатын, кезінде Голошекинге және Зырян аудандық партия комитетінің сол жылдардағы хатшысы Петровқа жолданған, осы аудандық партия комитетінің жауапты хатшысының (фамилиясын ажырату қиын болып отыр) өте құпия және жабық хаты. Бұл хаттың өзі қолымен жазылған және күні, айы көрсетілмеген, бірақ іске 29 қыркүйекте тігілген.

Мұнда хат иесі Толстоухов өзінің қасындағы үш серігімен соңғы бір жарым және екі айдай уақыт ішінде Зырян ауданы территориясына өтіп, тау-тас, орман-тоғай ішінде жасырынып жүргенін айтады. Хатта бұл «сіздерге белгілі», – деп жазылғанына қарағанда, Голошекин де, аудан басшылары да бұдан жақсы хабардар. «Толстоуховтың мақсаты, – деп жазылған одан әрі хатта, – жақтастарының қажетті санын өз қатарларына тарту және тағы да кулактар көтерілісін жасау»¹.

Хатта Толстоуховтың өз ықпалына кулактарды ғана емес, біренсаран «кулакқа айналып кеткен бұрынғы қызыл партизанды ғана» тарта алатынын, ал енді шаруаларға келетін болсақ, олардың қалың бұқарасы Толстоуховты қолдай қоймайтыны сеніммен жазылған.

Біздің ойымызша, бұл күндері Толстоухов хат иесі жазып отырғандай жаңа көтерілісті ұйымдастыру үшін емес, ізіне түскен ОГПУ-дің қарамағына түсіп қалмау үшін бас бағып, жасырынып жүрді.

Үрей билеген қарусыз шаруалар тобырының өкіметтің жақсы қаруланған әскеріне қарсы тұра алмайтынын Азамат соғысы жылдарында қызыл партизан болып, талай ұрыстарды бастан өткізген оның түсінбеуі мүмкін емес. Төрт-ақ адамнан тұратын (оның өзін қосып есептегенде) оның тобының қауқары да шамалы еді. Олар шабуыл жасауды емес, ізге түскен ОГПУ-ді қалай адастырып кетуді ойлап, бас қатырды.

Біз үзінді келтіріп отырған хаттан Толстоухов пен оның серіктерінің қалай қолға түсіп қала жаздағандарын да біле аламыз. Оқиға былай болған: ГПУ-дің жергілікті бөлімінің қызметкерлері іздестіру барысында Толстоухов пен оның серіктерінің қандай тауда жасырынып жатқандарын анықтап алғанда, жергілікті жерді мұқият зерттеп, көтеріліс басшыларын жоюдың нақты жоспарын жасаған. Олардың тығылып жатқан жерін дәлме-дәл тапқан ОГПУ топтары

¹ 464-іс, 39-п.

қашқындарды жан-жақтан қаумалап қоршауға да алған. Бірақ тұс-тұстан қоршап келе жатқан ОГПУ-ліктердің бір қанатындағылар тосқауылға кешігіп қалған. Мұны аңғара қоймаған олардың екінші бір қарсы қанаттағылары көтерілісшілер жатқан жерге тым таяп келген кезде, дүрсілдетіп, шай қайнатуға қажетті отынды жарып жатқан дыбысты естіп, шыдамсыздықпен солай қарай асығыс оқ жаудырған.

Толстоухов пен оның серіктері, барлығы төрт адам мылтық даусын естіген бетте-ақ, апыл-ғұпыл жанталаса мылтық атылған жаққа қарама-қарсы бағытқа қарай шегінген. Аттарын, төсек-орындарын, тіптен оқ-дәрілерінің едәуір бөлігін алып кетуге үлгермеген.

Қашқындар әлі есін жиып үлгерген жоқ деп ойлаған жазалаушылар олжа болған жылқыларды төменге түсіріп, қашқындардың төменнен алдын орып, оларды тағы да қоршауға түсіруді ойластырды. Бірақ осы уақытта жазалаушылардың барлық іс-әрекеті жақсы көрінеді-ау деген тұсқа, биікке бекініп алған толстоуховшылар бұларды көздеп ата бастады. Нәтижесі ауыр болды, ГПУ отрядынан 4 адам, оның ішінде екеуі жеңіл, екеуі ауыр жараланды. Жазалаушылар мылтық даусы естілген бұталарға қарай бытыраңқы түрде, тұспалдап оқ жаудырды. Сондықтан да көтерілісшілерден жараланғандар мен шығынға ұшырағандар бар ма, жоқ па, оны білу тіптен де мүмкін болмады.

Осы оқиғаны Голощекинге тәптіштеп жазған Зырян аупарткомының жауапты хатшысы мұнан әрі Толстоухов тобының қолға түспеуі шөп жинау, егін ору және астық даярлау науқандарының қарқынын арттыруға кедергі келтіретін болды, олар кулактарды көтеруі мүмкін деп қауіптенеді. Осылармен қатар өзінің тарапынан қолданылып жатқан шараларды айта келе, хат иесі Толстоуховтың ықпалынан қорғау үшін ауданның ол жасырынып жүрген Бұқтырма жағындағы елді мекендерге бұқаралық үгіт жұмысын жүргізу мақсатымен аудандық актив мүшелерінен үш адамды 10-15 күнге жұмсағанын да айта кетеді¹.

Толстоухов пен оның жанындағылардың тағдырлары не болғанын анықтау мүмкін болмай отыр. Әзірше бұл туралы деректер біздің қолымызда жоқ.

Өскемен және Зырян ауданындағы осы кезге дейін халқымызға белгісіз болып келген тарих «ақтаңдағын» қолымызда бар құпия архив деректері негізінде мүмкіндігінше түсінікті етіп айтып беру-

¹ 464-іс, 39-п. 2-беті.

ге күш салдық. Оқиғаның кейбір тұстарын оқырманға толыққанды құпия етіп ұстаған, қажетті құжаттарда оларды бұрмалаған, бәлкім, құжаттардың қайсыбірін бүгінгі күнге жеткізбей жойып та жіберген ОГПУ органдары кінәлі болар.

Ал енді Өскемен және Зырян көтерілістерін қысқаша тұжырымдармен сипаттар болсақ, мынаны айта аламыз:

1. Өскемен және Зырян аудандарындағы оқиғалар 1929 – 1931 жылдардағы күштеп ұжымдастыруға қарсы болған Қазақстандағы наразылықтардың ішінде бірыңғай орыс тілді халық қана қатынасқан жалғыз көтеріліс. Бұған қазақтар қатыспағандықтан ОГПУ органдары бұл көтерілісті кулактардың бас көтеруі ретінде айыптап, Кеңес өкіметіне қарсы ашық жаулық деп таныды.

Шындығында, көтеріліске Азамат соғысында Кеңес үкіметі үшін қан төккен бұрынғы қызыл партизандардың басшылық етуі және олардың үндеулерінен көрініп тұрғандай, көтерілістің сталиндік зорлық-зомбылыққа, күштеп ұжымдастыруға қарсы бағытталуы, оның шын мәнінде әділдік үшін күрескен әділетті шаруалар көтерілісі болғанын дәлелдейді.

2. Өскемен және Зырян көтерілісі Қазақстан тарихынан өзінің лайықты орнын алуы тиіс. Оның себептерін, сипатын, қозғаушы күштерін осы жылдардағы қазақ ауылдарында болған басқа да шаруалардың азаттық үшін күрестерімен салыстыра зерттеу және бағалау Қазақстандағы сталинизмнің қолшоқпары болған голощекиншілдіктің екіжүзді мәнін және ауыр зардаптарын анықтай түсуге жәрдем етеді, сөйіп тарихымызды жаңа, тың деректермен, салиқалы бағалы қорытындылармен толықтыра түседі.

ЖЕТИСУ (САРҚАНД) КӨТЕРІЛІСІ

Голощекин 1931 жылдың желтоқсанында Сталинге жазған, Қазақстандағы 15-ке тарта ірі көтерілістердің бірі осы Сарқанд көтерілісі. Оның да шығу себептері басқа көтерілістерге ұқсас: «тап күресінің шиеленісе түсуі» тура И.Сталиннің аса зиянды және түбірінен қате теориясынан туындаған – меншік иелеріне жүгенсіздікпен зорлық-зомбылық көрсетіп, адамдарды арсыздықпен тонау, кедейді байдың деңгейіне жеткізудің жолдарын қарастырудың орнына, керісінше, ауқатты қожалықтарды тақыр кедейдің қатарына түсіру, сөйтіп, шын мәнінде, ешқандай малы жоқ, барды

ұқсатып үйренбеген, шаруашылықты басқаруға ебі де, қыры да жоқ, көп жағдайда өздері жалқау, бірді екеу етіп, тұрмыстарын ондаудың көзін таба білмеген, сондықтан меншік атаулыдан жұрдай, білімі, зердесі, түйсігі шамалы батырақтарды және кедейлерді жергілікті кеңес, партия және комсомол органдарында басшылыққа қою, жаңа пайда болған әлеуметтік топ «шолақ белсенділерге», шаруашылыққа бас-көз болудың «иісі мұрнына бармаған» жандарға шаруашылық басқарту – міне осының бәрі үлкен қателіктер болды және аса зор жалпыхалықтық саяси, әлеуметтік дағдарыстарға, ең соңында, халықты жаппай аштыққа әкеліп соқтырды.

Сарқандағы халық наразылығы туралы деректер ОГПУ мәліметтерінде біршама жақсы сақталған. Қазақстан ПП ОГПУ-нің уәкілі Шаперниковтің Ақсудан Алматыдағы өзінің бастықтарына жолдаған мәлімдемесі төмендегідей жолдардан басталады:

«Бүйен-Ақсу ауданының байлары 27/III (1930 ж. – Т.О.) Кеңес өкіметіне қарсы белсенді бас көтеріп, өздерінің отрядтарын бір мезгілде үш бағытқа жіберді: Арасан – Абакумовка – Ақсу. Сағат екіде 200 адамнан тұратын банда (көтерілісшілер деп оқыңыз – Т.О.) Абакумовканы басып алды...»¹.

Оқиғаның мұнан ары қалай өрбігенін осы құжат едәуір нақты айтқан. Одан мынаны аңғарамыз: Абакумовкада бірнеше сағат болған көтерілісшілер жергілікті тұрғындарды көтеруге әрекет жасаған, халықтан тартылып алынып колхоз меншігіне жатқызылып жіберілген жылқыны шұрқырата айдап әкеліп, орталарынан төзімділерін ұстап мініп, қалғандарын өздерімен бірге айдап, Ақсу бағытына жөнелген. Жылқыны ғана емес, олар, неге екені белгісіз, өздерімен бірге біраз орыстарды зорлап ала кеткен. Тегінде, көтерілісшілер негізінен түгелдей дерлік қазақтардан тұрғандықтан олардың өздерімен бірге орыстарды алып жүрудегі мақсаты жолдағы орыстар мекендейтін елді мекендерге соққанда солардағы орыстарды да көтерілісшілер қатарына тарту болған тәрізді.

Суық жүрісті көтерілісшілер таң шапағы жаңадан қызарып келе жатқанда Арасанға басып кірді. Ат тұяғының дүбірінен тұрғындар дүрліге тік тұрды. Көтерілісшілер келген бетте-ақ, ауылдық кеңес төрағасын, аудандық атқару комитетінің осындағы уәкілін және т.б. кеңсе қызметкерлерін тұтқынға алды, жергілікті тұрғындарды түгелдей түріп айдап, ауыл ортасындағы алаңға жинады. Осы жерде ашық жиналыс өткізіліп, көтерілісшілер араларынан шешендер

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 150-п.

суырылып шығып сөз сөйледі. Онда негізінен Кеңес өкіметінің жергілікті жерде жүргізіп отырған саясаты сынға алынды: ұжымдастырудың зорлау әдістері, «шолақ белсенділердің» жүгенсіздігі, бас көтертпес ет салығы, астық салығы және т.б. асыра сілтеулер әділетсіздік көріністері ретінде нақты тілге тиек етілді. Көтерілісшілер жиналғандардың көздерін мынаған жеткізуге күш салды: аштықтан, көз ашқызбас зорлық-зомбылықтан құтылудың бір ғана жолы бар, ол – жан-жаққа жайыла тартпай, «бір жеңнен қол шығарып», тығыз топтасып, жабыла атқа қонып, күштеп ұжымдастыруға қарсы шығу, сөйтіп өзі жүргізіп отырған саясаттың қатерлі екеніне – халықты аштыққа, жаппай қырылуға және босқындарға айналдыратынына Кеңес өкіметінің назарын аудару болды. Көтерілісшілердің ұсынысымен ауыл тұрғындары өз орталарынан 40 адамдық жасақ шығаруға келісті. Селоның өзі тәрізді, бұл жасақ та орыстардан құралды. Арада бірнеше сағаттан кейін өздеріне 40 орысты қосып алған көтерілісшілер ұйымдасқан түрде атқа қонып, Қапал бағытына аттанды.

Айта кеткен жөн, көтерілісшілердің басқа, негізгі бөлігі 27 наурызда таң ата Ақсу елді мекеніне баса-көктеп кірді. Бұл негізгі күшті Жанбаев Егеубек басқарды. Архив қойнауындағы құжат оны бұрынғы уезд басқарушысы еді деп түсіндіреді. Ақсуға кірген кезде оның қол астында екі үлкен көтерілісшілер отряды болды. Оның бірін Қылиев Қалдыбай басқарды. ОГПУ мәліметтеріне қарағанда (оларға толық сене беруге болмайтынын тағы да ескерте кетеміз), ол осы ауданның 3-ауылынан және Берке руынан шыққан «бай». Оның қолы 300 адамнан тұрды. Осы жерде айтпай кетуге болмайтын бір нәрсе, Кеңес өкіметі орнағанына 13 жыл болғанына қарамастан, осыншама адамдар «бай» Қылиевті қолдап, заңды өкіметке қарсы атқа қонса мұны қалай түсінуге болады? Олар «бай» бола тұрса да Қылиевтің соңынан неге ілесті. Еңбекші қауымның көз алдында осыншама жыл өмір сүрген Кеңес өкіметі неге абыройдан жұрдай болып, кезінде мүдделерін қорғауға уәде берген өз халқына жау болып көрінді? Иә, сұрақтардың саяси «салмақтары» батпандай ауырақ! Бірақ одан қайда қашып құтылуға болады. Осыларға және т.б. күрделі сұрақтарға бүгінде тәуелсіз елге айналып, еңсесін көтере бастаған республикамыздың саяси тарихы салықалы жауап қайтаруға міндетті.

Ақсуға кірген екінші үлкен отрядты Сатырбаев Ғали басқарды. Ол өзі бірінші ауылдан Өтебай руынан шыққан «бай» ретінде ОГПУ

мәліметтерінде көрсетілген. Оның карамағындағы көтерілісшілер саны 200-ге тарта адамнан тұрған.

Тасқын судай екпінді де ызалы топ Ақсуға кірген бетте бірден үкімет адамдарын іздестірді. Олардың біразы аяқ астынан жанжал бұрқ ете қалады деп күтпегендіктен, аңтарыла сасып, жасырынуға да үлгіре алмай қалды. Жалпы саны 23 кеңес қызметкері қолға түсті. Олардың біразы ашулы тобырдың аяқасты болып, аузы-мұрны қанап, таяқ жеді. Жонның қамшы таспадай тілгендер де болды. Адуынды топ кеңес мекемелеріне есігін бұзып кіріп, олардағы қағаз атаулыны көшеге алып шығып өртеп жіберді. Күлге айналған кеңсе құжаттарымен бірге ОГПУ-дің Бүйен-Ақсу ауданы бойынша жинақталған тыңшылық материалдары да қоса жанып кетті. Ашыққандар бір кооперативтік дүкенді қиратып, мүлкін тонап алды. Өзара қақтығыста алғашқы кісі өлімі де болды. Алғаш аудандық партия комитетінің хатшысы Ибрагимов өлтірілсе, іле-шала колхоз төрағасы Тарасов және тағы бір кеңес қызметкері көтерілісшілер қолдарынан қаза тапты.

Көтерілісшілер өзара ақылдаса келе, Ақсуды көтерілістің орталық штабына айналдыру туралы шешімге келді. Көтеріліс штабы құрамына Жанбаев, Қылиев, Сатырбаев кірді. Олар кеңес қызметкерлерін іздестірген жаппай тінту және оларды тұтқындау жұмыстарын ұйымдастырды, оқ-дәрі, қару-жарақ іздестірді. Айта кететін бір нәрсе, көтерілісшілер қатары сан жағынан едәуір көп бола тұрса да, сапалық жағынан әскери даярлығы жоқ, көбі қарусыз, амалсыз атқа қонған қалың топ еді. Ақсуға басып кірген сәтте оларда небары 20 ғана винтовка, 100-ге тарта аңшы мылтығы болған. Олар барлық елді мекендерге ақ жалау көтеріп кірді. Егер ОГПУ құжаттарына үңілсек, көтерілісшілер «Кеңес өкіметі жойылсын!» деген ұран көтерген, «Коммунистерді, комсомолецтерді соғыңдар!», «Салықтар жойылсын, тұқым қорын жинауға қарсымыз!» деген тәрізді ашық наразылық пиғыл танытқан. Осы жерде ескерте кетер тағы бір мәселе, мұндай бір карағанда Кеңес өкіметіне қарсы күреске шақыратын «бүлік» тарихымыздағы тосын оқиға тәрізді көрінетіні де рас. Бұл арада сол жылдары Кеңес өкіметін сталиндік күштеу аппараты «ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағанын», ал қоғамдағы рухани идеология ленинизмді жеделдете бұрмалап, асығыс алмастыра бастаған – сталинизм болғанын ұмытпау керек. Олай болса, еңсе көтеріп, «шолақ белсенділер» (коммунистер мен комсомол мүшелерін көтерілісшілер осылай атаған) қолдан жасаған адам төзбес,

күштеп ұжымдастыру тозағына қарсы батыл әрекетке барған көтерілісшілердің тек қателіктеріне ғана назар аударумен шектелмей, олардың қозғалысына объективті баға беруді де қағыс қалдырмағанымыз жөн болар. Көтеріліске қатысушылардың алдарына қойған міндеті – колхоздарды талқандау болуы да тегін емес. Барды түк қалдырмай сыпырып алған; байды ғана емес, орташаны да тақыр кедейдің деңгейіне түсіріп, жоқшылық азабын қолдан тарттырған колхоздарға жұрттың сенімсіздікпен қарауын түсінуге болады деп ойлаймыз.

226

Бүлікті естіген бетте-ақ ОГПУ органдары әдеттегідей шұғыл қимылдауға көшті. 7 наурыздың кешіне қарай Ақсудағы көтерілісті басу үшін 25 адамнан тұратын ОГПУ отряды суыт жөнелтілді, бірақ олардың бес қаруы сай емес, жетеуі ғана винтовкамен қаруланып, ал қалғандары түгелдей дерлік аңшы мылтықтарын мойынға асынған еді. Дегенмен бұларда патрон мол болды. Түнделете асығыс жортып келе жатқан отряд елең-алаңда, яғни 28 наурызда Ақсуға бір шақырымдай қалғанда капелімде көтерілісшілермен кездесіп қалды да, қым-қиғаш атыс басталып кетті. Ой-шұқырға бұғып, құба жонды дөңдерді тасалағандардың беталды да берекесіз атыстары оқтын-оқтын тыныштала қалып, кейде жалғыз-жарым қаңқ ете түскен мылтық даусымен шектеліп, кейде үрдіс оқ жаудыруға ұласып кетіп, түн қараңғылығы қоюланғанға дейін созылды. Осы тұста жазалаушылар өздерінің қоршауға түсіп қалғандарын айқын ұқты. Тегінде, көтерілісшілер олардың саны көп еместігін көрген соң, қоршап алып, қолға тірідей түсіруді мақсат етсе керек. Жанталасқан жазалаушы отряд көзге түртсе көргісіз түнді бүркеніп, ебін тауып қоршау қыспағынан бассауғалап босанып шықты да, «Сарқанд қайдасың?» деп алды-арттарына қарамай безді. Отряд мүшелерінің кейіннен айтқандарына сенсек, олардан тек бір ғана адам – Сарқанд комсомолының хатшысы жараланған, ал көтерілісшілер жағынан 10-ға тарта адам өлген. Қақтығыста көтерілісшілер жағынан шығын едәуір болып, ал жазалаушылардың бәрі аман-сау қалуын көтерілісшілердің қару-жарағының болмауымен немесе олардың әскери даярлығының жеткіліксіздігімен түсіндіру біржақты пікір қалыптастырады. Жоғарыда айтылды, көтерілісшілер мылтықтан құралақан емес. Олардың арасында құралайды көзге ататын аңшы мергендер жоқ еді дегенге кім сенеді. Тегінде, көтерілісшілер қанды қырғыннан, жазықсыз қан төгуден қашқан, өздерінің бейбіт бас көтеруімен-ақ асыра сілтеулермен зорлық-зомбылықтарға тікелей кінәлі үкімет

адамдарына ой салуға, оларды ақылға шақырып, бейбіт келісімге келуге және келіссөздер жүргізу арқылы әділетсіздікті өмірден аластауға, бір сөзбен айтқанда, қанды шайқастарсыз-ақ өкіметпен түсінісіп, өзара тіл табысуға болады деп үміттенген. Осының нақты дәлелі мынау: 28 наурызда таңертеңгі сағат 10-да саны 200-ге тарта көтерілісшілер Сарқандты жанай Абакумовка бағытына өтіп бара жатып, Сарқандқа екі елші жіберіп, мынадай ұсыныс жасайды: үкімет орындары қан төкпестен өз еріктерімен өкімет билігін де, қару-жарақтарын да көтерілісшілер қолдарына тапсырсын! Осындай ұсыныс пен елшілікке барғандар тағдырының не болғаны туралы біздің қолымызда қазір нақты дерек жоқ. Бір анығы, әлгіндей келіссөз жүргізіліп жатқанда төтеннен, қырқа тасасынан «уралап» ұрандаған Лепсинкадан келіп жеткен Қызыл әскерлер отряды қылыштарын жалаңдатып, көтерілісшілердің үрке қараған үлкен шоғырына тап берді. Іле-шала пулемет те іске қосылып, сақылдаған үні даланы басына көтеріп, үрей үйірді. Жусанды дала төсінде ат жалын құшып ыңыранған, жер сүзе бүк түсіп құлаған көтерілісшілер саны 15 адам болса, ал тұтқынға түскендердің саны 76 екені анықталды.

Көтерілісшілерді талқандаған осы отряд көп кешікпей-ақ жаңа тапсырма алды: енді оларға көтерілісшілерді жеделдете іздеп тауып, қалғандарының да көздерін жойып жіберу міндеттелді. Көтерілісшілермен бейбіт келіссөз жүргізу ОГПУ органының да, жергілікті партия, кеңес органдарының да ойларына кіріп шықпады. Күштеу, қорқыту және зорлық-зомбылық – ұжымдастыру жылдарында әдеттегі үйреншікті әдістерге айналған еді.

Түнделетіп, ат тұяғымен бүкіл маңайды дүрліктіріп, жусанды даланы мазасыз дүбірге бөлеп, жазалаушылар Абакумовка елді мекеніне ат басын бұрды. Бірақ онда көтерілісшілер жоқ болып шықты. Сондықтан мұнда көп кідірмеген олар іле-шала Ақсуға бет алды. Елді мекенге тақап қалғанда жазалаушылар таңертеңгі сағат 11-де көтерілісшілердің тұтқындағы 8 кеңес қызметкерін ату туралы шешім қабылдағанын есітті. Бұл хабар шындық па, жоқ әлде, ОГПУ органдарының көтерілісшілерді өздерінің әй жоқ, шай жоқ, жаппай оқтың астына алуларын ақтау ма? Бұған нақты жауап беру қиын. Талай-талай адам ойыңа да келмес қулық-сұмдықтарды жасаған, залымдығына құрық бойламас ОГПУ органдарының мұндай әңгімелерді беті бүлк етпей ойлап шығаратынын сол жылдардың шытырман да шиеленісті және қасіретті оқиғалары бүгінде бізге айқын дәлелдеп отырған жоқ па.

Дегенмен бір нәрсе анық, көтерілісшілер жоғарыда айтылған 8 кеңес қызметкерін атып өлтіре қойған жоқ. Рас, жазалаушылар аталған мерзімнен бір сағат бұрын, сағат 10-да жан-жақтан оқ жаудырып, тұтқиылдан Ақсуға баса-көктеп кірді. Мұндайды күтпеген көтерілісшілер жанкешті қимылдап, аттың жалына жабысып, ер-тоқымды ерттеп үлгере алмағандар жайдақ мініп, атқа қамшы төпеп, елді мекеннен бас сауғалап қашып шықты. Бірақ асып-сасу абырой әпермеді, сатырлаған винтовка мен шалғымен шабылған шөптей баудай түсіретін пулемет 18 адамды көзді ашып-жұмғанша о дүниеге аттандырып та жіберді. Ал жаяу қалған 25 көтерілісші қашатын жол, кіретін тесік таппай, жанұшыра қол көтеріп, өз еріктерімен берілуге мәжбүр болды. Жазалаушылар тұтқында отырған кеңес қызметкерлерін босатты. Кеңес мекемелерінің жұмыстары қайта жандандырылып, жолға қойылды. Осыдан соң елді мекендегі айыптыларды, көтерілісшілерге қол ұшын бергендерді іздестіру жұмысы қызу да қауырт басталып кетті.

Жазалаушы отряд мұндағы жағдайды түзеген соң, жергілікті кеңес мүшелерін қорғауға едәуір күш қалдырып, қалған жасакпен көтерілісшілердің ізіне түсіп, оны өкшелей қуды. Жолшыбай 3 винтовка тауып алды. Тегінде есі шыға, алды-артына қарауға шамасы келмей безген бірен-саран көтерілісшілер «жау қайдан шыға келер екен, шыға келсе винтовкамен бірге қолға түссек, ауыр жазаға кесіп жіберер ме екен», – деп зәрулері ұшып, винтовкаларды лақтырып тастап қашқанға ұқсайды.

Жазалаушылар жолай-жолшыбай сұрастыра келе, көтерілісшілердің басты күштерінің Балқаш көлі бағытына қарай кеткенін анықтады. Бұл Жаман Жамал, Күшікжан сияқты бұйрат құмдар массиві орналасқан, тығылатын таса іздегенге таптырмас мекен еді. Мұны оңтүстіктегі Жоңғар Алатауының мұздықтарынан басталып, Балқаш көліне құятын үлкенді-кішілі Ақсу, Бүйен, Басқан, Лепсі өзендерін бойлай көшкен, жазықтағы жусанды көне дәнді шөптер өскен шүйгін жайылымдардың төсінде аунап-қунаған балалық шақтан атамекен жерінде асыр салып өскен жергілікті көшпелі қазақтар, яғни көтерілісшілер жақсы білетін еді. Кезінде осы Балқаш маңындағы жазықтар мен бұйрат құмдарда адамдар тұрмақ, алуан түрлі аң атаулысы – қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, саршұнақ, борсық, ақ тышқан, елік, сондай-ақ құстар – бөдене, дуадақ, тырна, бүркіт, қаз, үйрек, т.б. еркін кезіп сайран салатын. Енді бұл өлкеге мылтығын шошайтып «шолақ белсенді» келген кезде, адам тұрмақ

жануарлар дүниесінің күндері де қараң еді. Алғаш мал атаулыдан айырылған, оны колхоздар-зорлап тартып алған-жергілікті тұрғындар ат болдыртып аң аулап та көрді. Бірен-саран осы жылдардың өзінде-ақ ашыға бастағандар күзен, сарышұнақ тәрізді жәндіктерге де қырғидай тиді, олардың етін жеп, сүйегін ақ жемтік етіп кемірді.

Сонымен, жан-жақты жабдықталып, жақсы қаруланған жазалаушыларға қарсы тұруға шамалары жете қоймаған көтерілісшілердің легі, ОГПУ мәліметтері бойынша, Ақдала және Қамау деп аталатын құм арасындағы жайылымдарға барып шоғырланған. Бұлар ойыстарын сор басқан, жерінде жыңғыл, шеңгел, жусан, теріскен, т.б. өсімдіктер бітік өскен, сырт көзден тасалануға ыңғайлы, кезінде көшпелі елдің жайлауына айналған Балқаш көлі жағалауындағы елсіз мекендер еді. Көтерілістің алғашқы күні – 27 наурызда-ақ бас көтерген наразы халық Ақсуды Қапалмен, Талдықорғанмен және Сарқандпен байланыстыратын телеграф байланысы желілерін қиратып, байланысты үзіп тастауға күш салды және оны жүзеге асырды да. Ақсуды, Абакумовканы бүлікшілерден тазартқан бетте-ақ жазалаушылар 30 наурызда Қапал бағытына елді мекендерді көтерілісшілерден тазартып, үзілген байланыс жүйелерін қалпына келтіретін 30 адамдық жақсы қаруланған жасақ шығарды. Жазалаушылардың жаңа отряды жолшыбай кездескен елді мекендерді ерінбей тінтіп, күдікті, көтеріліске қатысқан болар дегендерді тұтқындап, сұраққа алды, жаппай тергеу жұмыстарын жүргізді. Барлық жерде кедейлердің едәуір бөлігі және орташалар белсене қатысқан бұл наразылықтар күштеп ұжымдастырудың зорлық-зомбылықтарына, адамдарды қорлау, олардың намыстарын аяқасты ету әрекеттеріне қарсылықтан туындап тұрса да, үкіметтің тергеу орындары жіберген адамдар мұның бәрін Кеңес өкіметіне қастандық және жаулық ретінде біржақты бағалап, көтеріліске қатысу әрекетінің бәрін толық айыптады. Дегенмен, көтеріліске қатысушыларды анықтау да оңайға түсе қоймады. Егер олар алғашқы кезде қызды-қыздымен және ашу-ызамен атқа қонып, осылайша өкімет назарын өздеріне аударып, әділдікті қалпына келтіреміз деп дәмеленген болса, кейін жергілікті өкімет және ОГПУ органдарының ымыраға келмес қатал да қатігез саясаты бейбіт келісімнен гөрі оқты қарша боратып, наразыларды ықтырып алғанды, қандайда болсын бас көтеру атаулыны «бандиттік» деп бағалағанды дұрыс көретінін көп кешікпей-ақ ұқты. Осындай тасбауыр мейірімсіздікке кездескен жұрт жазалаушылардан бытырай қашып, біразы отбасыларына асығыс қайта

оралып, өздерінің наразылыққа белсене қатысқанын сырт көзден жасырып бақты. Біріншіден, мұндайларды ел арасынан тауып алып, тұтқындау оңайға түспесе, екіншіден, тұтқындалғандардың «кінәларын» мойындату да қиын еді. Айта кеткен жөн, осы орайда ОГПУ органдары мен шолақ белсенділер қазақ арасындағы рушыл тартысты, өзара бақастықты, көре алмайтын күншілдікті өз ыңғайларына аса тиімді пайдаланып, жазықсыз жандарды «алқымға» алып, аяусыз шырқыратып, табанда «тап жауына» айналдырып жіберуде асқан ептілік және адам айтқысыз айлакерлік танытты.

31 наурызда Ақсудағы ОГПУ органының жергілікті басшылары және ПП ОГПУ-дің осындағы уәкілі Жаперников өздерінің қызметкері Медведовтен мынадай мағлұмат алды: 6-ауылдағы Бөрібаевтың (тегінде ОГПУ тыңшысы болса керек) айтуынша, осында, яғни Антоновкадан батысқа қарай 25 шақырымдай жерде жергілікті байлар Ысмағұловтың (есімі белгісіз) және Жылқыбаев Қасымның бастауымен 2 винтовкамен және аңшы мылтықтарымен қаруланған 300-ге тарта қазақтан тұратын көтерілісшілердің үлкен жасағы пайда болды. Олар сол төңіректегі ауылдарға шабармандар жіберіп, халықты өздеріне қосылуға қызу үгіттеуде.

Осы хабарды алған бетте құрамында 130 адамнан тұратын қарулы мүшелері бар жазалаушылар отряды 8-ауылға тұтқиылдан басып кіріп, сол жерде халықты көтеріліске шығуға шақырып жүрген колхоз партия ұйымының хатшысын тұтқынға алды. Күдікті көрінгендердің бәрін тергеуге алып, түн жамыла тынымсыз жортқан жазалаушылар 1 сәуір күні қараңғыда 6-ауылдың маңында көтерілісшілердің бір тобына кездесіп қалып, қарулы қақтығысқа барды. Мұның немен және қалай аяқталғаны туралы біздің қолымызда нақты дерек жоқ.

Жоғарыда айтылды, көтерілісші қазақтар о бастан-ақ өздерінің қатарларына орыстарды да тартып, наразылыққа жалпыхалықтық сипат беруге күш салды деп, Жетісу жері сол кездің өзінде-ақ орыстар, украиндар, татарлар және ұйғырлар қоныс тепкен мекенге айналып үлгірген болатын. Сондықтан орыс тілділерді көтермейінше Жетісу аймағындағы халықты өз сондарына жаппай ертудің жүзеге аса қоюы, яғни көтерілістің өкімет саясатына ықпал ете қоюы екіталай екенін көтерілісті басқарған қазақтар жақсы түсінді. «Көптің құрығы ұзын», «Көптен безген көгермес», «Көштен бөлінсең де, көптен бөлінбе», «Көп қорқытады, терең батырады» деген мақалдарды көтерілген қазақ, әрине осы жылдары әрқашан жадында ұстады.

Көтерілісшілер әсіресе Жетісу жеріне қоныстанған, кезінде патша өкіметінің жандайшап әскери құралына айналған казактардың кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына аса наразы екенін түсінді. Шындығында да Қазақстандағы орыстардың, әсіресе, казак әскерлерінің жағдайы 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін әлдеқайда жақсы еді. Мұны ресейлік белгілі ғалым, кезінде 1926 жылы Ф.И. Голощекин оны казак байын және казактардың көшпелі өмірін дәріптеуші ретінде аяусыз сынға алған профессор С.П. Швецовтың айтуынша, казак жерлерін орыс қоныстанушыларының және казак әскерлерінің жаппай белсенді түрде тартып алу әрекеті, әсіресе шамамен 1893 жылдан бастап, 1917 жылға дейін нақты орын алған болатын (қараңыз: Казакское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской Автономной Советской Социалистической Республике. Под редакцией С.П. Швецова. Народный комиссариат Земледелия Казахской Автономной Советской Социалистической Республики. 1926, 106-бет). «Бірақ, – дейді, С.П. Швецов, – еуропалық Ресейдің село тұрғындарынан шығушылардың қазіргі Қазақстан аймағында казак жерінде отырықшылануы әлдеқайда ерте басталған болатын» (Сонда). С.П. Швецовтың еңбегінде келтірілген төмендегі кесте 1917 жылға дейін ғана әртүрлі себептермен және сылтаулармен түрлі мақсат үшін қанша казак жері тартып алынғанын айқын көрсетеді (десятинамен есептелген):

Губерниялар аттары	Қазақстандағы барлық жер	Одан алынып қойылған	Оның проценті	Соның ішінде	
				жарамдысы	жарамсызы
Семей	19343906	14174376	28,55	11702527	2471849
Ақмола	13626108	8587786	18,96	7132786	1565000
Қостанай	11058563	8791986	83,56	3056616	654370
Ақтөбе	40799893	2830234	5,7	1541729	788505
Орал	16387792	7474109	43,05	2254609	5219500
Бөкей	7191310	137550	1,91	131550	6000
Адай уезі	26713157	20000	0,07	1000	10000
Орынбор	4435758	4121724	93,0	8299429	822295
Барлығы	202257787	40647765	20,08	29129246	11518519

«Қазақ жерінің бестен бірі қазақтардың пайдалануынан алынып қойылды, – деп жазады одан ары С.П. Швецов. – Кестеден көрініп отырғандай, бір губерниялардың зардаптары көбірек бол-

са, басқаларынікі азырақ, бірақ жердің бөтенге кетуі орын алмаған бірде-бірі жоқ, тіптен табиғаты өзінің жомарттығымен ерекшелене қоймайтын Адай уезі де бұдан тыс қала алмады»¹. Осы еңбегінде С.П. Швецов қазақтардан патша өкіметі орыстарға тартып әперген жер иеленудің түрлерін де нақты атап жазған. Бұл бойынша, қазақтардан тартып алынған барлық жердің 44,55% қазақтардың әскери отарлауына берілсе, ал ресейліктерді жалпы қоныстандыруға – 39,95%, теміржолдар мен қалалар салуға – 1% және орманды жерлерден бау-бақшаға деп, сондай-ақ ерекше мақсаттарға арналған учаскелерге – 14,5% алынған (Сонда).

Орыс, украин қоныстанушыларына және казак әскерлері меншігіне берілген бұл жерлер Қазан төңкерісінен кейін олардан алынып, колхоздардың меншігіне жатқызылып жіберілді. Сондықтан қоныстанушылар мен бұрынғы атты әскери қазақтар Кеңес өкіметіне қарсы қандайда болсын наразылық атаулыны қолдауға құлықты еді. Сарқанд жерін де бұл мәселеден бөліп қарамау керек. Мұнда әсіресе атты орыс қазақтары өздерінің тамырларын терең жайған болатын.

Дегенмен, мұндай қалыптасқан саяси ахуалды ереуілші қазақтар өз мүдделеріне дер кезінде пайдалана алмады. Олар өздері жүрген жерлерде орыс қазақтарын көтеріліске қосылуға үндегенімен, көптен қалыптасқан ұлттық межелер және орыс қазақтары мен қазақтар арасындағы жер дауы бұл екі ұлттың күштеп ұжымдастыруға қарсы бірге көтеріле қоюына біршама кедергі жасады. Оның үстіне бұл істе екі жақ та тәжірибесіздік танытты. Осының бәрін дер кезінде пайдалана білген ОГПУ органдары бұлардың алдын орап кетті де көтерілісші қазақтар ырғалып-жырғалып Сарқанд және Антоновка елді мекендеріне келіп кірердің алдында ғана орыс қазақтарының және шаруаларының көтерілістерін дайындап жатқан басшы топты шұғыл тұтқынға алды. Сондықтан көтерілісшілерді жергілікті орыс қазақтары қолдай қоймады. Архив құжаттарына назар аударсақ, көтеріліске қатынасқандардың тек қана жергілікті қазақтар екенін көреміз. Бар болғаны – Арасанда көтерілген қазақтардың қатарына ойдан-қырдан қашып келген қазақтардың азғана бір тобы келіп қосылған.

Көтерілістің алғашқы күндері қолдағы бармен қаруланып, ат жалын тартып мініп, жанжалға араласпақ болған халықтың әртүрлі топтары жазалаушылардың жауар бұлттай түнерген жасағы Ақсуды басып алған соң, сары даланың төсінде мылтықтары шошайып

¹ Сонда. 57-бет.

шоқыта шапқан, қызыл жалауы желбіреген қызыл әскерлер қарасы көбейе түскенін, әсіресе қорқыныштысы – олардың қолындағы аузынан аждаһадай от шашқан пулемет деген тажал қаруын көрген соң сабасына түсіп, қараптан-қарап ажалға құр қол ашық қарсы бас көтеріп, қырылып қалмауды ойлай бастады.

Бетпе-бет атысқа шыдас бере алмайтынын іштей сезген көтерілісшілер Балқаш аймағындағы жыңғылды мекендерді тасалап, жан бақты. Дегенмен, ел арасында көтерілісшілерге деген тілектік және оларды қолдау сезімі әлі де басым еді. Сондықтан осы күндері жазалаушы отрядтарды басқарып шыққан Лавров, Аболин және ОГПУ әскери отрядының уәкілі Оботин Ақсудан Алматыдағы ПП ОГПУ-ге былай деп жазды: «Көтерілісшілердің уақытша қазақтардың кен бұқарасын өздерінің ықпалына түсіре алғандарын ескере отырып, түсіндіру жұмыстарын барынша жандандырған, орын алған асыра сілтеулерді батыл түзеткен жөн. Балқаш көлінің өткел бермес қиын жерлерінде негізгі топтасушыларды (көтерілісшілердің басшы тобын – *Т.О.*) толық қолға түсіруді теміржол торабын, Ақсу өзенінің солтүстік жағалауын және Қараталдың оңтүстік жағалауын қамтитын жан-жақты сокқы беру жолымен жүзеге асыру мүмкін. Мұның өзі көптеген адамдардан тұратын қарулы күшті азық-түлікпен және жылқыны жем-шөппен қамтамасыз ету көп қаражатты қажет етеді. Қолға түсіруді бандиттерде (көтерілісшілер – *Т.О.*) кобалжу байқала бастағандықтан және олар үлкен мұқтаждыққа ұшырап, жем-шөптің жоқтығынан астарындағы аты болдырып біткендіктен жақын уақытта жүзеге асыру қажет».

Дегенмен халдері осыншалықты мүшкілдене түскен көтерілісшілердің қарап жатпағаны, мүмкіндігінше әрекет жасап, жағдайларын жөндеуге тырысқаны да байқалады. Осы туралы 31 наурызда Романов аудандық партия комитетінің хатшысы жергілікті ОГПУ органына мынадай суыт хабар түсірді: 1 сәуірге қарай көтерілісшілердің бір тобы жан-жақты дайындалып, Романовка селосына шабуыл жасамақшы. Ондағы мақсат тұқым қорын тартып алу. Бірақ көтерілісшілердің бұл жоспары да сәтсіздікке ұшырады, ОГПУ олардың алдын тағы да орап кетті. Қызыл әскерлердің үлкен бір отряды көп кешікпей-ақ Романовкаға келіп, мықтап бекініп алды. Ажал оғын шашуға сақадай-сай пулеметтің жемі боларын түсінген көтерілісшілер ат басын кері, Балқаш көліне қайта бұрды.

Айта кетер тағы бір мәселе, әрбір үлкен селода немесе елді мекенде бір-бір жасақтан ұстаған үкімет органдары да хал-ахуалымыз

жақсы деп масаттана алмады. Мысалы, осы күндері Сайадамбаев пен Николаенко отрядтарының және Талдықорғаннан шыққан жазалаушы отрядтардың қайда, не істеп жүргенінен жергілікті ОГПУ органдары мүлде хабар-ошарсыз болып, оларды іздестіріп, әбден зуре-сарсаңға түсті¹.

ОГПУ органдары арасындағы өзара хабар алысулардың архив қойнауында сақталған мазмұндарына үңілсек, сәуірдің 1-не қарай Бүйен-Ақсу ауданында көтерілістің кең қанат жайып үлгіргенін айқын аңғара аламыз. Әсіресе ауданның Қызылағаш төңірегіндегі ызалы халық жаппай атқа қонды. Айта кетер бір нәрсе, Қаратал алқабын жарып ағатын, Жоңғар Алатауының батыс сілемі Қаратаудан басталып Молалы маңында Үшкөлге құятын, аңғары кең Қызылағаш өзенінің жағасы тола қазақ ауылдары еді. Архив құжаттарында Қызылағаш қозғалысы деген атпен әңгімеленетін бұл көтеріліске Қапал, Құндүктай, Арал мекендерінде орналасқан 3 шаруашылықтық ауылдар мен 14-ауылдық кеңестің азаматтары белсене қатысты. Бұлардың бәрі Қызылағаш ауылынан 5 шақырымдай радиуста орналасқан қазақтардың қоныстары еді. Аттылысы бар, жаяуы бар өшіге де өре түрегелген, аттылысы ақырғы жылқысын ауыздықтап мініп, тақымдарына келтек сойылын, иығына пілте мылтығын асынған осынау сыртқы кейпі сұрықсыз, жан дүниесі ашу-ызадан әлем-тапырық жартылай ашыға бастаған жандар жедел түрде өз орталарынан басшылар тағайындап алды. Енді соларға қысқаша, жеке-жеке тоқтала кетсек: Анықбаев Бейсембай – бұрын 14-ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарған, комсомол мүшесі, кезінде астық жинау науқанында жоғарыдан келген міндеттемені орындауды қамтамасыз етпегені үшін жұмыстан босатылған, яғни өкіметтің халыққа астық салығын салуына ашықтан-ашық қарсы шығып, халықтың мүддесін қорғаудың қатерлі жолын өзі тандап алған батыл жан; Бисембаев Егемұра – бұрынғы жауапты кеңес қызметкері, болыстық революциялық комитеттің төрағасы болған, пара алды деген айыппен сотқа тартылған; Исақов Жүсіпбек – бай; Баламұқов Ерғали – бай, бұрынғы болысты басқарушының баласы; Таскенбаев Қиязбек – бай; Сексенбаев Мұхамедия – бай. Көтерілісті тек байлар мен бұрынғы кеңес, комсомол қызметкерлері басқарды деу бір жақты ой түйю болып шығар еді. Оның үстіне күштеп ұжымдастырудың екінші жылында қазақ байларын алғаш тәркілеуден (1928 жыл, тамыз) кейін халық наразылығын ұйымдастырып, осы уақытқа дейін

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 151-п.

Кеңес өкіметі назарына шалына қоймаған бұлар қандай байлар еді? Егер Қазақстан ғалымдарының зерттеулеріне үңілер болсақ, қазақ байларының бірнеше әлеуметтік топқа бөлінгенін көрер едік. Олардың ең байы – мыңғырған бай, шіріген бай, яғни жартылай феодал атанып, қанаудың капитализмге дейінгі нысанын пайдаланатын, бірақ жұмыс қолын жалдамайтын, негізінен туыстары мен рулас кедейлердің күшін пайдаланатын әлеуметтік топ; онан кейінгілері: ірі бай, бас бай – малшылар мен батырақтар жалдайтын, сондай-ақ туыстарының тегін еңбегін пайдаланатын әлеуметтік топ; кеуде бай, орта қол бай – орташа байлық иесі, аяқ бай – байлығы шамалы «бір жұттық» бай; орыс қулағы тәрізді отырықшы жуан жұдырық, жуан білек бай (Бұл туралы толығырақ қараңыз: М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғалиев. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917 – 1980). Алматы, 1991. 85-87-беттер.).

Кеңес өкіметіне қарсы негізінен меншігінен айырылып үлгірген ортақол байлар мен бұрын байлығы шамалы болған немесе кейінірек орташа қатарына түскен аяқ байлар белсене қатысты деуге болады. Сондай-ақ архив құжаттары көрсетіп отырғандай, бұл наразылықтарда шаруалар қауымының орташалар бұқарасы да, яғни бұрынғы салтанатты, қоңды, күшті және ауқатты әлеуметтік топ құраған атқамінерлер, кезінде әлді де мұқтажсыз қожалыққа ие болған шаруалар негізгі қозғаушы күш болды. Кеңес өкіметі бұларға да астық және ет дайындау жоспарларын аямай міндеттеп, ақырында бұлар да қаратабан жалшының жағдайына түскен еді. Әсіресе соңғылардың көрген қорлығы, көз жасы, ел арасындағы қадір-қасиеті, беделі наразылықтарға көп жерлерде қара шаруаның, кедей, қоңсының, яғни тақыр кедейлердің де қатысуына ықпал етті. Сондықтан Қызылағаш қозғалысына жоғарыдағыдай байлар ғана емес, Исаков, Шатырбаев тәрізді біраз орташалар да белсенді басшы болып, өз қатарларына орта және кедей шаруаның қалың бұқарасын тарта білді. Осының нақты көрінісі – қызылағаштықтар сарбаздары санының 500 адамға жетуі.

Келесі шаруалар наразылығы асқына өршіген жер – Ақешкі ауданындағы қозғалыс. Ұзындығы 92 шақырымға созылатын, Ақсудың сол жақ саласы болып табылатын, өзі сонау Жоңғар Алатауындағы Ошағанды тауынан басталып, қарашаның аяғында қатып, сәуірдің ортасында еритін Ақешкі өзені аймағындағы елдің бас көтеруі еді бұл. Бұған қолға түскен қаруды алып, аттылы, түйелісі, жаяуы бар 11, 12 және 15-ауылдардың адамдары қатысты. Көтерілісшілерді

Жолбосынов Мұқаш, Қапал операциясына белсенді қатысқан Жанбақов Иманқұл және ең басты жетекші Ақатбаев Қауыпбек, т. б. кісілер басқарып, өздерінің айналасына 200-ге тарта адамды топтастырды.

Көтерілісшілер жайлап алған мекен Кеңес өкіметіне тағы бір қарсы аудан – Қапалдан солтүстік-батыста 160 шақырымдай қашықтықта орналасқан Қопа шатқалы еді. Мұндағы наразылар саны, ОГПУ органдарының әлі де толық анықтай түсуді қажет ететін мәліметтеріне қарағанда, 300 – 400 адамға жеткенін, ал көтеріліс басшылары Бисенбай, Манап деген адамдар болғанын көреміз.

Көтерілістің төртінші ауданы Қапал маңындағы шатқалдардағы ауылдар болды. Мысалы, Қапалдан солтүстік-шығыста 15 шақырымдай жерде Баянжүрек шатқалындағы күдірала руы, Акадыр шатқалындағы төлеңгіттер руы шамамен 300-дей адамнан тұратын қол жинап, өз орталарынан Маманбаев, Қырымбетов, Төлемісов тәрізді адамдарды көтеріліс басшылары етіп сайлаған. ОГПУ мәліметтерінде аталған басшылардың кімдер екендерін әлі де болса анықтай түсу қажеттігі атап көрсетіле тұрса да, бір нәрсе анық белгілі: осы жерлердегі халық өздерінің Кеңес өкіметі саясатына наразы екендерін мәлімдеп, дүркірей атқа қонған.

Көтерілісшілердің қару-жарақтарының өте жұпыны екендіктерін жергілікті ОГПУ қызметкерлері өздерінің жоғарғы органдарына жіберген мәліметтерінде үздіксіз айтып отырады. «Қолдағы мәліметтер бойынша, – деп атап көрсетеді Талдықорған ОГПУ-нен Тарутиске, – Қапалға Иванцовтың атына және Алматыға ПП ОГПУ атына жолдаған хабарламасында Ковалев деген Ақсудан, 1 сәуірде. – Жоғарыда келтірілген бандиттердің (көтерілісшілерді айтып отыр – *Т.О.*) барлық санында қаруланғандар 250-ден аса қоймайды, оның үстіне оқ-дәрімен атылатын қару саны тіптен аз. Бандиттік қозғалысқа байлардың колхоздарға қарсы үгіттеулеріне алданған кедейлер мен орташалардың бір бөлігі қатысуда. Кейбір мәліметтерге қарағанда, қалың бұқараның мұндай әрекетке барған себебі осы қозғалыстың нәтижесінде астық пен тұқым алып қалу болған. Әйтеуір азық-түлік пен тұқымның жетіспеушілігі айқын аңғарылады. Кедейлер мен батырақтардың бандадағы үлес салмағы 2/3-ден асады. Халықтың оған қатыспаған бөлігінің үрейлері ұшып кеткен, ішінара жасырынып та жүр, кейбіреулерінің біздерге көмек бергілері келеді, бірақ қорқады, қозғалыстың мақсаты Кеңес өкіметін

құлату, колхоздарды жою, кеңес қызметкерлерінің көздерін құрту, одан арғы мақсаттары анықталған жоқ»¹.

Айта кеткен жөн, ОГПУ органдары көтерілісші бұқараны шынында да нағыз қаныпезер бандит етіп көрсетуге күш салады. Адам төзгісіз ауыр халге душар болған соң ғана күштеу саясатына қарсы көтерілгенін ескермей, көтерілісшілерді қаскөй ниетті, әдейі Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан, арамза қылмыскерлер ретінде көрсетуге деген құштарлық бар. Әйтпесе әрқашанда көтерілісшілердің мақсаттарын жіпке тізіп, санап келген ОГПУ қызметкерлері «одан арғы мақсаттары анықталған жоқ», – деп көлгірсіп, наразы халықтың бытыраңқы бой көтерген әрекеттерін қаскөй саяси акт ретінде ерекшелендіріп, оған мемлекеттік қылмыс сипатын бере қоймас та еді.

Көтерілісшілердің көздеген мақсатын кейбір шолақ белсенділер және ОГПУ тыңшылары да барынша бұрмалап бақты. Мысалы, Исахметов деген коммунист өзінің ОГПУ органдарына берген мәліметінде көтерілісшілердің оның өзін өлтірмек те болғанын, орыстар жоқ жерде олардың: «Біздің бәріміз алаш ұрпағымыз, сондықтан бір тудың астына жиналып, бірігіп көтерілуіміз керек!» – десетінін, ал орыстар мекендейтін елді мекендерді көтеруге әрекет жасағанда орыстар мен қазақтардың көтерілісті басқаратын басшыларының мақсаттарының ортақтығы туралы екіжүзді әңгімелер айтатынын өзінше «әшкерелеп» бақты.

Бірақ ОГПУ-ге түсіп жатқан мәліметтердің бәрі дерлік, біз жоғарыда айтып кеткендей, көтеріліске қатысушылардың дені қазақтар болып табылатынын, орыстардың мұндағы санының азғана екендігін, ал көтеріліс басшылары ішінде тек Қапалдың солтүстік батысындағы Көкшентал шатқалында әрекет етіп жүрген ағайынды Шаталиндер ғана бар екенін айтып жеткізумен болды. Соның өзінде де оларға қанша орыс-қазақтар бағынатынын және көтерілісті басқарушылардың рөлдерінің қандай екенін анықтау қиынға түсті.

Саяси-әлеуметтік жағдайдың шиеленісе және ауырлай түсуі көктемгі тұқым себу науқанына да зор кесірін тигізді. Қақаған қыстан көтерем болып шыққан малға ие, жарты құрсақ болып жаны күйзеліп, жүдеген халықтың егін егуге ешбір құлқы болмай, тұқымдық астықты өкімет қоймасынан қалай тартып алып, аш өзектеріне талғажау етудің қамын қарастырумен болды. Сондықтан жергілікті үкімет органдары, ОГПУ ұйымдастырған отрядтар тұқымдық астық сақталатын қоймаларды қызғыштай қорғап күзетті. Осы жерде айта

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 142-п.

кететін бір нәрсе, Алматы округінің Алтынемел, Қаратал, Шокпар, Бүйен-Ақсу, Алакөл тәрізді кейбір аудандары 1928 жылы 30 тамызда жарық көрген Қазақстан үкіметінің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулысы бойынша жартылай көшпелі аудандар қатарына жатқызылған болатын. Бұларда, сол қаулыда атап көрсетілгеніндей, егіншілік мәдениетін дамытуға табиғи-тарихи жағдай әлі де жеткіліксіз еді. Дегенмен, көшіп-қону азайып, мал басында ірі қараны көбейтуге ықылас артқан, егіндік алқаптарын кеңейте түсу байқалатын, шөп шауып, малды жартылай қолда ұстауға әдеттене бастаған, тұрақты тұратын баспанасы бар бұл аудандар ұжымдастыру саясатындағы асыра сілтеулерге көндіге қоюы қиын, әлі көшпелі өмірден толық қол үзбеген, отырықшылыққа да толық бейімделіп үлгірмеген аудандар еді. (Систематическое собрание законов Казахской Автономной Советской Социалистической Республики действующих на 1-ое января 1930 г. (6 октября 1920 г. – 31 декабря 1929 г.). Алма-Ата, 1930, 71-72-б). Мұнда отырықшыландыру, егіндік көлемін өсіру мәселелерін қолдан жылдамдата түсуге тіптен де болмайтын еді. Бірақ мұндай ерекшеліктерді Ф.И. Голощекин басқарған Өлкелік партия комитеті ескере бермеді. Өлкелік комитеттің 1929 жылдың 16 желтоқсанында қабылдаған шешімін алға тартып, көктемде жүргізілетін егін егу науқаны азамат соғысы және қым-қиғаш ұрыс-жанжал түрінде көрініс беретінін алдын ала ескертіп, Голощекиннің былай дегені белгілі: «Көктемгі егін егу науқаны ауылшаруашылығындағы капиталистік элементтерді батыл аластаудан туындайтын ауылдағы және деревнядағы төтенше өршіген тап күресі жағдайында өтетін болады. Партияның және Кеңес өкіметінің шаралары кулак пен байдың өте қатты қарсыласуына ұшырайды» (Материалы к отчету Казахского Краевого Комитета ВКП(б). На VII Всеказахской Партконференции. Только для членов ВКП(б). Казкрайком ВКП(б). Алма-Ата, 1930, 63-бет).

Иә, Голощекин де, Өлкелік партия комитеті де өздері жүргізетін өзімшіл де қатал саясаттың халық наразылығына тап болатынын сезді, бірақ оған алдын ала басқаша сипаттама беріп, өздерінің «әділдігін» дәлелдеу үшін, ол наразылықтарды бай-кулақтардың ғана қарсылығы, жаулық ниеті ретінде көрсетті. Осылайша, күні бұрын қаскөйлікпен ойластырылған жоспар бойынша халық наразылығына қатысатын орташалар мен кедейлер тек байлар мен кулактардың үгітіне ерушілер ретінде көрсетілді.

Ауыр саяси ахуалға қарамастан, аталған Алматы округіндегі аудандарда егін егілетін алқапты одан ары кеңейте түсу талап етілді. Мысалы, осы округ бойынша егер 1928-29 жылдары егін алқабы 363,2 мың гектар болса, ал енді «жоғарыдан» түскен жаңа міндеттеме бойынша 435,5 мың гектарға жетуі, яғни 18,1 процентке кеңейтілуі тиіс еді. Оның үстіне мұның тек 81,5 мың гектары ғана колхоздардың үлесіне тиді де, тағы біраз бөлігі совхоздардың, қалғандары түгелдей дерлік жекеше қожалықтардың мойнына түсті. Яғни колхозға мүше болып кірген де, кірмеген де үкіметке кіріптарлыққа түсіп, бұрынғы көшпелі енді жедел түрде егінші болып, шұғыл өзгеріп, әлеуметтік және психологиялық жағынан қайта құрылуы тиіс еді.

Халық наразылықтары кең етек алған аудандарда зорлап егін ектіру әрекеті жемісті бола қойған жоқ. Көтерілісшілер жер тырнап егін еккеннен гөрі, тұқымдық астық сақталатын қойманы басып алуды ойластырды.

Өздерінің бұл мәселеде қатты қателескендерін Өлкелік партия комитетіндегілер арада екі ай өткен соң-ақ, Өлкелік VII партия конференциясында (1930 жылғы мамыр – маусым) амалсыз мойындауға мәжбүр болды. Осы конференцияда Голощекин жасаған көлемді баяндаманың бір бөлімінің «Үстіміздегі егін егу науқанындағы қателіктер», деп аталуы да сондықтан. Енді содан бір-екі үзінді келтірсек, жағдай біршама түсінікті бола түсер еді.

«Экономикалық, өндірістік мүмкіндіктерді ешбір ескерместен, – деді Голощекин, – шындығында біз таптаурындыққа салындық. Бұл бәрінен бұрын, округтік және аудандық жоспарларды жасауда байқалып қалды... Егін жинау тәрізді үлкен міндетті жүзеге асыруда да, – деді ол одан ары, – ірі-ірі бұрмалаулар орын алды. Шаруалардың өздеріне қажетті тұқым қорын жинауды, әрбір қожалықтың өндірістік мүмкіндіктерін ескермей, 129-баптың әдістерімен жүргізуге болмайтынын адамдар түсіне алмады. Егін жинауды ұжымдастырумен, оның үстіне шын мәніндегі емес, проценттер қуалауға негізделген ұжымдастырумен байланыстырды. Бұл болса шамадан тыс міндеттемелерге және жекеше кедейлер, орташалар секторын шетқақпайлауға алып келді».

Голощекин өз пікірлерін дәлелдейтін нақты мысалдар да келтірді. «Алматы округінде, – деді ол, – тек жеке қожалықтардан жиналып алынған астық қорының 80 проценті колхоздарға берілді.

Жекешелерге босатылуға тиісті 35,4 мыңның (пұт – Т.О.) – 17,5 мыңы ғана тек сәуірдің аяғында – мамырдың басында босатылған.

Жекешелер жағдайларын ауырлата түскен тағы бір жай, қарызға берілген көмекті алу үшін олар сәуірдің аяғында 25-тен 60 шақырымдай жерге баруға тиіс болды».

Осы жылы Жетісу өңіріндегі жекеше қожалық иелерінің күні аса ауыр еді. Жоғарыда Голощекиннің өзі айтқандай, оларды заңның 129-бабына салып, тап жауы – бай-кулак ретінде айыптап жазалау онша қиын емес еді. Оның үстіне тұқымдық қор негізінен солардан жинап алынды, өйткені колхоздарға алғаш кіргендер не түк меншігі жоқ қаратабан кедейлер, не барын о бастан-ақ ортаға салып, колхоз қауымына өткізіп жібергендер болатын.

Мұндағы бір сорақылық: дәл сол жекешелердің өздерінен жыл бойы қысым мен зорлық жасау арқылы сыпырылып алынған тұқымдық астықты көктемгі егіс қарсаңында негізінен олардың өздеріне емес, колхоз мүшелеріне ғана егін егуге береді. Осылайша, жекеше қожалықтар мен колхоздың арасына ауыр сына қағылды. Көктемгі егісте жекеше астық таппай, бұлардың астығын сыпырып алып, жер жыртып, егін салып жатқан колхозға заңды түрде көз аларта қарады. Ал мұның өзі әлі колхозға кірмеген жекешені колхозға қарсылық, наразылық білдіріп ашықтан-ашық атқа қонуға итермеледі. Мұндай көпе-көрінеу, көз алдарында болып жатқан зорлық-зомбылыққа қарсы халықтың наразылық білдіруі үшін байдың үгітінің қажеті де шамалы еді. Кімнің әділетті екені шолақ белсенділердің асыра сілтеулерінен де айдан-анық байқалып тұрды.

Бүйен – Ақсу және т. б. аудандарда 1930 жылдың егін егу жоспары орындалмай, аяқ асты болып қалды. ОГПУ органдары енді елдің көңіл күйін байқауға көшті. Осы мақсатпен Қызылағаш және Қапал аудандарына 1 сәуірде арнайы тыңшылар жіберілді. Олар ауыл-ауылдарда және жер-жерлерде не болып жатқанын Сарқандтағы ОГПУ-ге хабарлай бастады.

Түсіп жатқан мәліметтер Ақсу, Абакумовка және Сарқанд маңында болған наразылықтарды тағы да растайды. Мысалы, жазалаушы коммунистік отрядтың бастығы Смирновтың хабарламасына сүйеніп, Қапалдан Сарқандқа Иванцов мынандай мәлімет түсірді: «Банда Қапалдан 45 шақырым, Арасаннан ары, Сарқанд асуы бойында, саны 500 адам шамасында, 25 адамнан тұратын Смирнов отрядының бір бөлігі 31 наурызда Арасанды алды, онда бандиттер (көтерілісшілер – *Т.О.*) жоқ болып шықты. Арасанды басып алған кезде отрядқа (жазалаушыларды айтып отыр – *Т.О.*) бандадан қол үзіп қалған 100-ден астам кедейлер қызыл жалау көтеріп, біздің жағымызға

өтіп қосылды. Бұлардан басқа кедейлердің көрсетуімен Арасанның айналасынан неғұрлым белсенді, араларында басшылары да бар, 20 шақты қозғалысқа қатысушылар қолға түсті. Өртүрлі мағлұматтарға қарағанда, Арасанды, Сарқандты отрядымыз басып алған. Осыдан бес күн бұрын бандиттер Сарқандқа шабуыл жасамақ болып әрекеттеніп, оның нәтижесі – бандиттер қашып кетті. Қазіргі уақытта бейбіт, тыныш ахуал қалыптасып келеді. Сарқандта коммунистік отрядтар таратылды. Коммунистер егін егуді өткізуге оралуда».

Дәл осы мәліметтерде сонымен қатар Бүйен-Ақсу ауданында болған бүлікке де қысқаша түсініктеме берілді. Ол бойынша, Бүйен – Ақсудың 15-ауылындағы оқиға көтерілісшілердің Қапалға шабуылынан туындап, соны қолдау түрінде көрініс берген. 28 наурызда түнде бас көтеру бірден екі жерде болған. Оны басқарғандар Тастеміров Асқан және әкесінің аты белгісіз Баялы деген біреу және т.б. Олар егін егу науқанын өткізуге келген 4 уәкілді тұтқынға алып, оларға өздерінің бұл саясатқа наразы екендерін мәлімдеген. Өздері отырған жердің жазалаушылардан қорғануға онша қолайлы еместігін түсінген олар ауылдардың Балқашқа қарай жаппай көшулерін ұйымдастырған. Көшу кезінде өздерімен бірге малдарды айдай жүрген. Қокан-лоқы, ашулы қыр көрсеткендері болмаса, қолға түскен уәкілдерге тимеген, оларды бақташы ретінде пайдаланып, малдарын айдағып қойған. Бірақ уәкілдер қулық жасап, ебін тауып қашып кеткен. Олардың айтуларына, көшу барысында өздерінің алдағы тағдырларын ойлаған және болашақта өкіметтің жазалауынан сескенген біраз кедейлер наразы ауылдардан бөлініп кеткен¹.

ОГПУ мәліметтеріне қарағанда, Ақешкі шатқалында 28 наурызда болған басқа наразылық көтерілісшілердің Қапалға шабуылы ел естіген бетте басталған, оны Жанбосынов және т.б. басқарған. Наразылықты басқарушылар ауыл адамдарын жинап, шұғыл жиналыс өткізген. Жиналыста Кеңес өкіметінің «тізесі батқан», әртүрлі салықтардан мезі және шолақ белсенділерден зәреzap болған, ашынған жандар сөз сөйлеп, халықты ұйымшылдықпен көтерілуге шақырған. Олар Қапалға қарай келе жатқанда жол үстінде, алды-артына қарамай безіп қашқан екі қазақ қарсы жолығады. Бұл екеуі көтеріліске көтеріліп, атқа қонған жоғарыдағы 15-ауылдың ашулы тобынан сытылып шыққандар екен: бірі егін егу науқанына басшылық жасауға жіберілген уәкіл болса, ал екіншісі сол ауылдың ауылдық кеңесінің төрағасы екені анықталды. Бұлардың соңғысы Иванцовқа

¹ ҚРПА . 141-к., 17-т., 471-іс, 142-п.

мынаны айтты: «Ауылда ешқандай өкімет жоқ, байлар халықты, соның ішінде кедейлерді де мылтықпен қорқытып, өздерінің тобына қосып алуда. Билікті де осы, кеңес саясатына қарсы топты жасақтап жүрген байлар тобы өздері қолдарына алып алған, бәрін алқа-қотан отырып, ауыл болып өзара ақылдасып шешеді. Бұлар өздерінің соңдарынан ілесетін халық бұқарасының қарасын көбейте түсу үшін әртүрлі өсек-аяң таратып, Қапалды, Шелекті және т.б. қалаларды көтерілісшілер басып алыпты, олар да Кеңес өкіметі құлап қалыпты десуде. «Мұның бәрін басқарып жүрген, – деді одан ары ауылдық кеңес төрағасы, – белгілі бай, алашордашыл Тәңірбергенов Тұрысбек. Байлардың айтуынша, ол шетелде жүр және шегараның арғы бетінен қаруланған 300 жігітті бізге көмекке ашық өткізу туралы ұсыныс жасауда». Ауылдық кеңестің төрағасының айтуына қарағанда, ол (Тұрысбек) жіберген байлар колхоздарды жиі аралап, жұртты бас көтеруге үндеуде.

Ақешкіде көтерілісшілер тобы үгітке көнбеген халықты қарудың күшімен өз қатарларына тартпақ болғанда, колхозшылардың біразы бұған көнбей, өкіметтің күшті екенін, өздерінің қарусыздығын, ертең жаппай жазалау басталғанда көптеген жазықсыздардың қаны су болып ағатынын наразылар алдына кесе-көлденең тартып, өздері барлық дүние-мүліктерін алып, тауға қашып кетіп, бұта-бұтаны, тау-тасты пана етіп, не болар екен, – деп артын бақты.

Ақешкіде ереуілдеп батыл атқа қонған бұл топтың жағдайы шынында да көп кешікпей қиынға айналды. Қазақ – қазақ болғалы көріп-білмеген, қанатын қақпай, арқыраған тұрпайы үн шығарып, аспанда қалықтап ұшатын алып құстай аэроплан деген қорқынышты бәле көктен кенеттен пайда болып, аузынан от бүркіп, жердегілерді қардай бораған оқтың астына алды. Бұрын мұндай сұмдықты кім көрген. Адам тұрмақ, жылқы екеш жылқыда да үрей қалмады, ауыздықпен алысып, езулерінен көбік шашып, көздері аларып, құла дүзге ала қашты. Бұл төтенше оқиға наразы халықты есінен тандырды, Кеңес өкіметінің олар ойлағаннан әлдеқайда қуатты және «құрығының ұзын екенін» айқын көрді. «Батырға да жан керек» дейтін күн туды. Көтеріліс басшыларының өздері де халықты тауға көшіп тығылуға үгіттеуге көшті. 31 наурызда олар жаппай жиналып Қызылағаштың солтүстік-шығысындағы тауларға көше жөнелді. Көшіп кеткендерге кедейлер мен батырақтардың біразы ілеспей қалды. Небары 5-ақ мылтығы бар, наразылыққа шыққан бұл топтың өзін-өзі қорғай алатындай мүмкіншілігі де шамалы еді.

Жазалаушылар мен көтерілісшілердің арасындағы нағыз қым-қиғаш ұрыс 2 сәуір күні таңғы сағат 5-те болды. Таңғы даланы дүбірлеткен ат тұяғының үнінен бүкіл Қызылағаш тұрғындары аяқтарынан тік тұрды. Үй-үйді, әрбір ағашты тасалаған атыс ұзаққа созылмады. Күш тіптен де тең емес еді. Жақсы қаруланған жазалаушылар жасағы көтерілісшілердің қоршаудан сытылып кетулеріне мүмкіндік бермеді. Мылтық оқтарынан және төбелестен жазалаушылар жағынан 3 адам, бір шегарашы – Поскребушев жараланды. Ал енді ереуілші халықтың жағынан жараланғандар ғана емес, өлгендер бар болып шықты. Жергілікті ОГПУ қызметкерлері өздерінің Талдықорғаннан Алматыға ПП ОГПУ басшысы Волленбергке және Өлкелік партия комитетінің хатшысы Рошальдың аттарына жолдаған жеделхаттарында көтерілісшілерден қанша адам өлгенін анық айтпайды. ОГПУ-дің жергілікті басшысы Тарутис пен Орымбаев Алматыға жолдаған құпия хабарда «бандалар тарапынан өлгендер және жараланғандар бар» екені атап көрсетілген.

Бірақ арада екі күннен кейін берілген келесі хабарда «атты әскер дивизионының эскадроны Қызылағашты алған кезде қарсыластардан, біздің жағымыздан шығын болған жоқ», – деген жолдар бар¹.

Қызылағашта көтерілісшілерді қирата талқандаған бетте Кеңес өкіметінің бұрынғы басқару аппараты қалпына келтірілді, әсіресе орташалар мен кедейлер бұқарасы арасында жиналыстар өткізіліп, оларда Кеңес өкіметінің саясатына наразылық атаулының осындай қантөгістерге апаратыны, сондықтан халықтың жоғарыдан берілген үкімет тапсырмаларын бұлжытпай орындауы тиіс екені атап айтылды. Көтеріліске қатысқандардан жеделдете жауап алу да қарбалас басталып кетті. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші болған орташалар мен кедейлер өздерін сұраққа алғандарға негізінен төмендегідей жауаптар берді: көтерілісті бастаушылар біздерді Кеңес өкіметінің саясатына қарсы бүкіл халық көтерілуде, қазірдің өзінде Кеңестер Одағының тең жартысын солар басып алды, біздің де бас көтеріп, қозғалатын уақытымыз туды ғой, – деп сендірді. Оның үстіне астық дайындау науқанында байларға қарсы қолданылған күштеу әдістері кедейлерге де сол қалпында өзгеріссіз қолданылды. Колхозға кіргізу күштеу арқылы жүзеге асырылды. Әңгімелесуде ОГПУ-дің Қызылағаш отрядының мынаған көзі анық жетті: жоғарыдағыдай әртүрлі жалған өсек-аяндар наразылықтар болған аудандардың көптеген жер-

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 157, 165-п.

лерін жайлап алған, адамдар Кенес өкіметі көп кешікпей құлайды, – деп күтуде.

Наразылықты болдырмаймын деген адам ең алдымен осындай өсектің кең өрістеуіне бөгет жасауы тиіс екенін Қызылағаш отрядындағы жазалаушылар көп кешікпей-ақ түсінді. Сондықтан Алматыға мынадай ұсыныс жасалды: «Үндеу хаттар дайындап, самолетпен таратуды тағы да өтінеміз, олар қазір қарулы күштер тәрізді маңызды рөл атқара алады». Бұдан ары жергілікті жердегілер наразылықтарды болдырмау үшін өздерінің күштері де, жабдықтары да жететінін, сондықтан көтерілісшілердің қалдықтарын көпке созбай талқандап, жойып жіберуге мүмкіндік бар екендігін де жасырмады. Егер Қызылағаш отрядының жоғарыға берген осы мәліметтеріне сенсек, осы күндері көтерілісшілер жасақтарының жалпы саны 600-700 адамға жететінін, ал оның бестен немесе алтыдан бірі қаруланғандар болып табылатынын байқар едік.

Алматыға жолданған осы бір мәліметте назар аударарлықтай мынадай да жолдар бар: «Әскери комиссар Катукковқа жеткізулеріңізді өтінеміз: қызыл армияшы қазақтар ұрыстың түнде болғанына қарамастан, жоғары талап деңгейінде көріне білді»¹.

Бұл жерде айта кетер бір нәрсе – Қызыл әскер қазақтарға осы жылдары орталық жергілікті әскери органдарда және шекаралық әскер бөлімдерінде сенімсіздіктің орын алғаны құпия емес. Мысалы, Қытаймен шектесетін Бүйен – Ақсу ауданындағы және т.б. шекара заставаларында бірде-бір қазақтың әскери қызметте болмауы да сондықтан. Тегінде, негізінен славяндардан тұратын әскери бөлімдер командирлері, біріншіден, қазақтарды сауатсыз, артта қалған, екіншіден, наразылық пен бас көтерген өздерінің қандас бауырларын оқ астына алуға бара қоймайтын тым көңілшек, сондықтан сенімсіз деп білсе керек.

Қазақтарды Қызыл Армия қатарына жаппай алу ісі Қазақстанның Орталық Атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров қол қойған, 1928 жылдың 18 қаңтарында қабылданған «ҚАКСР-дегі ұлттық әскери құрылыс туралы» шешімінен кейін басталған болатын. Онда мынадай жолдар бар: «Экономикалық және мәдени артта қалу, қазақ еңбекшілерінің ерекше тұрмыстық жағдайлары және азамат соғысы жылдары кезеңінде Кеңестер Одағының ерекше ауыр жағдайда қалуы жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының жалпы қатарына Қазақ АКСР байырғы тұрғындарының еңбекшілерін тарту

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 157-п.

мәселесін іс жүзінде шешуге мүмкіндік бермеді (қараңыз: Систематическое собрание законов Казахской Автономии Советской Социалистической Республики (6 октября 1920 г. – 31 декабря 1929 г.).

Осы заң бойынша, 1928 жылдың күзінен бастап қазақ еңбекшілерін міндетті әскери қызмет туралы заңға сәйкес жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясы қатарына шақыру қолға алынды (Сонда. 36-бет). Бірақ жоғарыдағы заңда атап көрсетілгеніндей, әскер қатарына алынған қазақ жастары «артта қалғандар» қатарына жатқызылып, олар жауапты жұмыстарға жұмсала қоймағаны байқалады.

Сонымен, Қызылағашқа 2 сәуірде басып кірген жазалаушылар отряды осында жаппай тұтқынға алу жұмысымен белсенді айналысты, 3 сәуірге дейін наразылыққа қатынасқандардан 21 адам тұтқынға алынса, олардың төртеуі белсенді көтерілісшілер, ал біреуі наразылық басшыларының бірі болатын. Сондай-ақ тұтқындалғандардың екеуі коммунист болып шықты. Ал жалпы алғанда, Қызылағашта 300-ден астам наразылыққа қатысушылар қызыл жалау көтеріп, олардың ішінде негізінен кедейлер, орташалар үкіметке өз еріктерімен берілді. Бұлар өздерінің қателескендерін мойындаған соң, үйлеріне босатылды және көктемгі егіс жұмыстарына жаппай жұмылдырылды.

Ал Қызылағаштағы шайқаста тайқып шығып, аман қалған көтерілісшілер неге екені белгісіз екі топқа бөлініп кетті. ОГПУ мәліметтері бойынша, олардың бірі – 60 адамнан тұратын, құрамында 4 кедей және орташалар бар топ Қызылағаштан батысқа қарай 18 шақырымдай жерде шатқалдар арасында жасырынып жатса, ал екіншісі – 100 адамнан тұратын топ Қызылағаштан солтүстік-шығыста 8-9 шақырымдай қашықтықтағы тауларды жайлап алды. Олар тегінде, Қызылағаштағы түнгі қым-қиғаш атыс кезінде бірінен-бірі адасып қалғандай. Қызылағаштағы атты әскер дивизиясының эскадроны тау арасына тереңдеп еніп, көтерілісшілерді үздіксіз іздестірумен болды.

ОГПУ тыңшылары жеткізген кейбір хабарларға қарағанда, Қызылағашты басып алған көтерілісшілер ауылдық кеңестің төрағасын, партия ұясының хатшысын және аудандық атқару комитетінің егін егу науқанын өткізуге жіберген уәкілін өлтіруді мақсат еткен. Сөйтіп 10 мың пұт тұқымдық қорды тартып алмақ болған. Олар сондай-ақ шегарашыларға тосыннан шабуыл жасау арқылы қаруланып алуға болады деп те есептеген. ОГПУ-ге мұнан басқа мынадай да мәліметтер түскен: ауылдық кеңес төрағасы, аудандық атқару комитетінің төрағасы және партия ұясының хатшысы көтерілісшілердің

жоғарыдағыдай мақсаттарынан жақсы хабардар болған, олардың көп кешікпей Қызылағашқа басып кіретіндерін де білген, бірақ бұл туралы ешкімге еш нәрсе айтпаған, хабарламаған. Осындай мәлімет алған ОГПУ қызметкерлері Қызылағашты көтерілісшілерден босатқан бетте, жоғарыдағы жауапты қызметтегі адамдарды да тергей бастады. Мұның нәтижесі немен аяқталғаны туралы біздің қолымызда нақты дерек жоқ, дегенмен жоғарыдағы тыңшылар деректерінің кейбірі күдік туғызады: өздерін өлтіруді мақсат еткен көтерілісшілердің алда болатын шабуылын жоғарғы органдардан жасырып жүрген бұл неғылған жауапты қызметкерлер? Тегінде, бұл мәліметтерде көтерілісшілердің тұқымдық қорды тартып алуды мақсат етуі туралы дерек қана шындыққа жақын тәрізді.

ОГПУ мұндай деректерді тек өздерінің тыңшыларынан ғана жинаған жоқ, сонымен қатар көтерілісшілер жағынан қолға түскен тұтқындардан да біраз мәлімет алған. Мысалы, солардың бірінен мынадай маңызды мағлұмат алынды: Бүйен – Ақсу ауданынан Балқашқа қарай ақпан айында 1000-ға тарта орташалар және 200-300-дей кедей шаруалар үкіметтің зорлық-зомбылық саясатына наразы болып, байлармен бірге кетті.

Балқаш маңында көтерілісшілердің осындай үлкен тобының пайда болуы туралы хабарға байланысты теміржол ауданында, Мола-лыда, Ақсуда, Қапал ауданында көтерілісшілерге соққы беру операциялары жүзеге асырыла бастады. Жазалаушыларға көмектесу үшін сағат таңғы алтыда арнайы самолет ұшып шықты. Қапалдың солтүстік-батысында жүргізілген осы қанды ұрыстардың нәтижесінде 4 сәуірге қарай 14 көтерілісші қолға түсіп, алтауы кескілескен қоян-қолтық шайқаста Қызыл әскер қылышынан жан тапсырды.

Қолға түскендердің ішінен көтерілістің көрнекті басшысы Мұқаш Жолбосынов жандалбасамен қашып құтылмақ болған кезде, оны күзетші Қызыл әскердің ауыр қылышы басынан дәл тиіп, өлімші етіп жаралады. Оның бұдан арғы тағдырының қалай болғаны туралы біздің қолымызда нақты мәлімет жоқ. Ал енді көтерілістің екінші басшысы Жанбақов тұтқындалды. Қапал ауданының бір өзінен ғана тексеру кезінде осы көтеріліске қатысты деген айыппен 47 адам тұтқындалып, 200-ден астам көтеріліске белсенді қатысушылардың тізімі жасалды.

Жазалаушы әскерлердің атты отрядтары Сарыкөл көлінің айналасын және Дәубай, Қызылтас тауларын сүзіп, одан көтерілісшілерді таппады. Бірақ осы төңіректегі 6 және 7-ауылдардан 30-ға

тарта адамның Қапалдағы көтерілісшілерге қашып кеткені анықталды¹.

ОГПУ-дің жазалаушы отряды тек көтерілісшілерді жаппай тұтқынға алумен және оларды тергеумен айналысып қана қоймаған. Шындықты жалпы халықтан бүркемелеп жасыра тұрса да, ОГПУ-дің төменгі органдары өздерінің жоғарғы органдарына негізінен объективті тұрғыда мәліметтер түсіруге тиісті еді. Солардың бірінде, ПП ОГПУ-ге 4 сәуірде Талдықорғаннан жөнелтілген хабарда осы мәселе сөз болады. Енді соған назар аударалық: Бүйен – Ақсу ауданында асыра сілтеулер шектен шыққан. Осындағы Қоянды жайлауындағы 14-ауылда кедейлердің біразы ашыға бастаған. Оларға ешкім азық-түлік көмегін бере алмаған. Осындағы ауылдық кеңеске уәкіл болып келген БК(б)П мүшесі Тұтқабаев, Шәймерден ауданынан келген уәкіл, БК(б)П мүшесі Әділбековтың нұсқауларына сәйкес тұқымдық қорға астық тапсыра алмаған кедейлерге 3 күн ғана мұрсат мерзім берді, осы мерзімде міндеттемені орындамағандар жаппай тұтқынға алынды, ал олардың кедей бола тұрса да бар мүлкі колхозға өткізілді. Осылайша, тек 4 сәуірге дейін ғана 9 кедей тұтқынға алынды. Мұнда байлардың күні тіптен ауыр болды. 28 ақпанда жоғарыдан келген уәкіл Жамашев 18 байдың әрқайсысына 30-60 пұттан тұқымдық қорға астық өткізуді міндеттеді. Мұны орындамаған байдың жер аударылатыны ескертілді. Байлар ақылдаса келе Жамашевке пара берді. Осыдан соң ол өзі салған салықтың көлемін 10-20 пұтқа дейін азайтты. Ал пара беруге шамалары жоқ сіңірі шыққан сорлы кедейлер одан ары сорлай түсті. Салынған азық-түлік салғырты өте ауыр еді. Мысалы, 3-ауылдағы түгі жоқ тақыр кедей Байболовқа тұқымдық қорға 40 пұт астық өткізу міндеттелсе, 10-ауылдағы жалаңаяқ жарлы Бұланбаев Омарқұлға және оның кедей ағасына, әрқайсысына 23 пұттан салғырт салынды. Тұқым себу қарсаңында ауылдарда өткізілген жалпы жиналыстарда тұқымдық қорға өткізілетін салғырт мөлшері орташа үшін 28 пұт, ал кедейлер үшін 10 пұт болып белгіленіп, мұны орындауға екі-ак күндік мерзім берілді. Осы қысқа мерзімде міндеттеме орындалмайтын болса, тапсырмағандар атылады деп атап көрсетілді. Ауылдық кеңес төрағасының айтуына қарағанда, 9-ауылда шынында да осындай «кінәсі» үшін бір-екі адамды сотсыз, заңсыз атып тастаған. Өмір бойы мал шаруашылығымен ғана айналысқан кедейлердің күндері де өте ауыр болды. 13-ауылда Үсеновтердің бай әулетіне

¹ Қараңыз: ҚР ПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 166-п.

астық дайындауға байланысты 120 пұт астық өткізу міндеттеледі. Үсеновтер өздерінің бұған шамалары келмегендіктен ағайын-туысқанға жалынды. Кедейі бар, байы бар Қаржау руының азаматтары тірнектеп Үсеновтерге осы астықты жинап берді. Ауылдық кеңестің төрағасының орынбасары Оралмаев мұны естіп-білген бетте астықты қабылдамай, Үсеновтерді астық өткізбегендер қатарына жатқызып жіберді.

Мұндай уәкілдер ойларына келгендерін істеді. Олар тіптен бай мен орташаны, жетім мен жесірді ажыратудан қалып, асқан қатыгездік және шектен шыққан әділетсіздік көрсетті. Мысалы, 11-ауылдағы бай Шапбаевтарға астық дайындауға байланысты алғашқы кезде 70 пұт салғырт салынған еді, тегінде пара алған болуы керек, көп кешікпей-ақ уәкіл Дураков мұны 40 пұтқа түсірді де, жетпей қалған 30 пұтты орташалар әулеті Құрмановтарға салды. 6-ауылдағы ері өліп қалған жесір Аралбаеваға егін егу науқанына келген уәкіл Жиенбаев 30 пұт сұлы, 50 пұт бидай салғыртын салды. Бұл жесір әйелдің 25 қойы, 4 жылқысы, 1 түйесі бар еді. Ал енді дәл осы әйелдің көршісі – 40 қойы, 10 бас ірі қарасы бар қожалыққа ешқандай салғырт салынған жоқ. 4-ауылдағы бай Болатшынов астық дайындауға байланысты салынған 500 пұт салғыртты кедейлердің, ауыл-аймақтың және туған-туысқанның күшімен тапсырып құтылды.

Кедейлерге әкімшілік жолдармен әртүрлі қысым жасау, оларды ойларына келген іске жұмсау басшылар үшін әдетке айналды. Мысалы, Бүйен – Ақсу аудандық атқару комитетінің төрағасы Даксин астық дайындау жұмысында еңбек етіп жүрген шаруаларды сол арадан бірнеше жүз шақырым жерден, құм арасынан қызметкерлерге отынға қажетті сексеуіл алып келуге зорлап жіберді. Округтен барған уәкілдің қолында жинақталған мәліметке қарағанда, осы Бүйен – Ақсу ауданының 5-ауылында көктемде егін егу науқанында берілген егістік көлемінің жоспары орташалар мен кедейлерге де міндетті болған. Егер ол байлар үшін өткен жылғы егіс көлемін 100%-дай болса, ал орташалар мен кедейлер үшін өткен жылғы егістік көлемінде 50%-дан аса қоймаған. Жоспарды қайтсең де орындауың керек. Мұндай зорлық-зомбылықтың бастаушысы – ауылдық кеңестің хатшысының бұл ісі сотқа берілген, ал қалған жауапты қызметкерлер ескертулер алған.

Сарқанд ауданындағы Покатиловка, Веселое, Антоновка елді мекендерінде астық дайындау ісіне орташалар мен кедейлер аулаларын да тарту орын алған, оның үстіне кейбір кулактар салғырттан

босатылған. Мұндай жөнсіздіктер басқа жерлерде де орын алған, халықтың шыдамын тауысып, зығырданын қайнатқан. Халық наразылыққа шыққаннан кейін ғана анықталған бұл шектен шығушылықтар үкімет органдары назарына іліне бастады. Жоғарыда аталған елді мекендердің партия ұяларының хатшыларына және т.б. жергілікті басшыларға сөгіс жарияланды. Ал енді осындай сорақылықтар орын алуына жол берген Қарғалы кеңесінің Президиумы, комиссия мүшелері және Абакумовка кеңесінің төрағасы сотқа тартылды.

Халықтың діни сенімін, нанымын, әдет-ғұрыптарын аяқасты ету де шолақ белсенділердің оспадар әрекеттеріне тән, қиямпұрыс қылықтар еді. Қазақ ауылдарында құдайсыздар қатарын көбейте түсуге бағытталған шаралар мешіттерді мал қораларына айналдыруға, орыс-казактардың елді мекендеріндегі шіркеулердің қызметін тоқтатуға барып ұласты. Покатиловка, Антоновка, Петровка елді мекендерінде жоғарыдан рұқсат күтпей-ақ және жергілікті халықтың көңіл күйімен еш санаспастан, шіркеулерді эп-сәтте мәдениет мекемелеріне айналдырып жіберді. Халық наразылықтарынан кейін ғана өкімет органдары бұған амалсыз назар аударып, мұндай әрекеттерге жол бермеу туралы нұсқау шығарды. Мұндай асыра сілтеуге тікелей кінәлі екендіктері анықталған адамдар сотқа тартыла бастады. Мысалы, Антоновка селолық кеңесінің хатшысы кезінде селодағы шіркеу кеңесін таратып, шіркеуде шоқыну атаулыға зорлықпен тыйым салғаны, діндарларды жауапқа тартамын деп қоқан-лоқы жасап, оспадарлықпен қорқытқаны үшін сотқа берілді. Сарқанд ауданындағы Сарқанд, Покатиловка, Арасан тәрізді елді мекендерде 20 шақты орташаға астық салғыртын тапсырмағандары үшін заңсыздықпен күш көрсету, қосымша айыптар салу орын алды. Рас, кейіннен мұндай жүгенсіздікке жол берген басшылар, шолақ белсенділер әкімшілік жолмен жазаланды да. Дегенмен мұнан да сорақы жәйттердің орын алғаны тексеру барысында анықтала түсті. Жоғарыдағыдай тұқымдық қорға астық тапсырмағандары үшін орташалар ғана емес, кедейлер де айып төлеуге тиіс болған. Кедейлер отбасылары өкімет адамдарына келіп шағым жасағанда бұл заңсыздықтар анықталды. Әрине мұндай айыптар салу заңсыз деп табылды.

Кейбір елді мекендерде сонау азамат соғысының қысылтаяң жылдарында Кеңес өкіметі амалсыздан уақытша қолданған «соғыс коммунизмі саясатының» әдістері тағы да қолданылды. Сөйтіп бейбіт күндегі жұрт шын мәнінде соғыс жағдайында өмір сүрген-

дей хал кешті. Мылтық асынған шолақ белсенділер кейде тұқымдық қорға астық алу үшін сол бір соғыс жылдарындағыдай барлық отбасыларына тінту жүргізіп, шаруалардың үйлеріндегі астық сақтайтын қоймалардың астан-кестенін шығарды. Осындай тінту Қапалда – 15 үйде, Абакумовкада – 4, Сарқандта – 2, Покатиловкада – 15 шаңырақта жүргізіліп, халықтың Кеңес өкіметіне деген сенімі аяқасты етілді. Әрине мұндай жүгенсіздікті ұйымдастырушылар назардан тыс қала қойған жоқ. Кезінде аудандық партия комитеті жіберген уәкіл және селолық кеңестердің төрағалары (Сарқандтан басқасында) қызметтерінен босатылды. Сарқандта, Веселоеда, Қапалда, Черкасскіде, Абакумовкада, Аксуда көктемгі егін егу жоспары орташалар шаңырақтарына да бөлініп берілді. Колхозға кірсе де, кірмесе де егін егуге, өкімет мойнына жазып қойған жоспарды орындауға міндеттейді. Халық наразылығынан соң, мұндағы уәкілдерді де ауыстырып, орын алған асыра сілтеулерді жөндеу үшін басқа жаңа уәкілдер жіберілді.

Сондай-ақ мұндай орташаларға заңсыз салынған жоспарлар алынып тасталынды.

Ұжымдастыру саясатында да асыра сілтеулер аз болған жоқ. Мысалы, Қарғалыда қолхозға шаруаларды зорлап, қорқытып кіргізу кең етек алды. «Колхозға кірмейді екенсің – кулаксың!» – деді оларға уәкілдер. Петропавловскіде, Абакумовкада шаруалардың өзіндік жеке шаруашылығы мұндағы күнкөріске қажетті соңғы тұяқтарын – малдарды, тіптен үй құстарын да колхозға қауымдастырып жіберуге жол берілді. Елді колхоздан қашуға итермелеген мұндай қате әрекеттерді жедел түзету үшін жергілікті жерлерге округтен және ауданнан шұғыл тапсырмамен басқа уәкілдер жөнелтілді.

Бай-кулакқа қарсы қолданылатын қысымның мынадай арнайы түрі де көрініс берді: Тополовкада, Покровкада орташаларды тұқымдық қорға астық тапсырмадың, колхозға мүше болып кірмедің деген тәрізді әртүрлі сылтаулармен басқа жаққа жер аудару туралы үстірт шешімдер қабылданды. Бірақ «жоғарыдан» араласу мұны болдырмай тастады.

Жекешелердің астығын әртүрлі қоқан-лоқы және қысым жасап, арзан бағаға сатып алу да әдеттегі іске айналды. Мысалы, Антоновка селосында жекеше қожалықтардан коммунаның пайдасы үшін астық осылайша арзан бағамен сатылып алынды. Астық иелері кімге шағынарын білмей, зар еңіреді. Антоновкада ет өнімдерін жинайтын дайындаушылар базардағы жекеше шаруалар мен жеке

сатушылардың астығын зорлап арзан бағаға сатып әкеткен. Рас, мұндайлар сотқа тартылды.

Андреев және Алакөл аудандарындағы ауылдарда да жоғарыдағыдай колхоздарға зорлап жазу кездерінде әртүрлі өсек-аяң кеңінен етек алып кетті: колхоздарға бәрін, тіптен әйел мен ерді де қауымдастырып, ортақ етіп жібереді екен, жұрттың бәрінің шетелге – Қытай асып кетіп жатқандары да осындай сұмдықтан құтылудың жолы екен деушілер де болды.

Жергілікті жердегі негізінен шала сауатты, кейде тіптен мүлде сауатсыз, біразы шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенділерден тұратын кеңес аппараты шындықты айтып түсіндіруге, оны халыққа ұғындыруға мүлде дәрменсіз болып шықты. Оның үстіне ұжымдастырудағы, астық дайындау науқандарындағы жоғарыдағыдай жүгенсіздіктер де халықты кеудеден итерді. Ал енді байлардың үгіт-насихаты қара халық үшін әлдеқайда түсінікті де ұғымға жеңіл болды. Осының бәріне тағы бір қосымша болған елеулі нәрсе – қанды шеңгелін ел шетіне біртіндеп сала бастаған аштық еді. Өзінің Алматыға ПП ОГПУ-ге жазған мәлімдемесінде жергілікті ОГПУ-дің басшыларының бірі Ковалев осы аштықтың кедейлердің бір бөлігін қамти бастағанын, сондықтан олар байлармен бірге Кеңес өкіметіне қарсы бір кісідей бірігіп бас көтеруге шыққанын жасырмай ашық жазды¹.

Қызылағашта кедейлердің: «Кеңес өкіметі, колхоздар, коммунистер жойылсын!» – деп ашық ұран көтеруінің де басты себептерінің бірі осы, ел шетіне ақырындап, білдіртпей, жымысқы басып ене бастаған ашаршылық атты алапат болатын.

Шолақ белсенді бір жақтан, аштық бір жақтан қос қолдап алқымнан алған қара халық кімнен көмек болар екен деп жанталасты. Бүйен – Ақсу арқылы шетелге – Қытайға ауып кетуге де болар еді, бірақ оның өзі де аса қауіпті: шегарадан қарусыз, көліксіз өту де оңай емес, оның үстіне өзінді ғана емес, бала-шағанды да, ағайынтуысты да қорғау қажет. Тағы бір күмәндісі, арғы бетте, Қытайда қандай күн кешетінің және белгісіз. Ол жақта құшақ жайып қарсы алса жақсы, шегара бұзушы дұшпан деп атып тастаса немесе жағана жармасып, қуалап әкеліп Кеңес шегаралашыларының қолына «адамдарыңды ал» – деп қайта тапсырса қайтпекшісің?

Ал енді Қытай мен Кеңес мемлекетінің осы жылдардағы арақатынасы және Қытайдың өзінің ішкі жағдайының қандай екенін Алматыда 30 мамырда 1930 жылы, БК(б)П-ның Бүкілқазақстандық

¹ ҚР ПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 164-165-п.

7-конференциясында баяндама жасаған Кврингтің сөзінен аңғаруға болады: «Осы кезеңде (БК(б)П XV съезіне дейінгі кезеңде – *Т.О.*) – деді ол, – Қытайда контрреволюцияның, Чан-Кай-шидің режимі орныққан болатын... 15-съезд қарсаңында Қытайда, дүниежүзілік саясаттың аса маңызды орталықтарының бірі болып табылатын осы елде – контрреволюция жеңеді. Осы уақытқа қарай ұлттық революциялық қозғалыс жоққа шығарылды. Гоминдан Чан-Кай-шидің қолжаулығына айналды және басқа генералдардың дара билік тәртібі үстемдік ете бастады... Мұнда сонымен қатар шаруа және жұмысшы қозғалысына кездесіп отырмыз. Ол қазірдің өзінде үлкен табысқа жетті және Қытайдың көлемді-көлемді аймақтары шын мәнінде өздерінде Кеңес өкіметіне ие болып отыр және қытайлық жолдастар тіптен осы аймақтарда Қытай Кеңестерінің 1-съезін шақыру мәселесін алға қойған».

Бұдан көрінетіні, 1930 жылы Қытайдың бізден босқындар легін қабылдауға тіптен де мүдделі еместігі. Өз ішінде азамат соғысы жүріп жатқан мемлекет басқаның дау-дамайын қайтсін.

Ал Жетісу қазақтары Қытайдағы бұл жағдайдан толық хабардар болды деп айта алмаймыз. Олардың еміс-еміс естігендері – көрші Батыс Қытайда әзір байларды тәркілеу, азық-түлік салғыртын зорлап жинау, колхоздарды күштеп құру тәрізді біздердегі бәлекеттер бастала қойған жоқ. Сондықтан болар, 1930 жылдың көктемінде Кеңес өкіметінің күштеу саясатына қарсы көтеріліс күткендегідей игі нәтиже бермейтінін байқаған, Қызыл әскердің ауыр қылышы байыпқа бармай-ақ басты шауып тастайтынын көздерімен көрген, тығырықтан шығар жалғыз жол – Қытай асып кету болғанын түсіне бастаған қазақтар шегарадан өтіп кетуді шындап ойластырды. Жетісулық қазақтардың Қытай асу ниеті туралы мәліметтер архив қойнауында баршылық. Енді солардың бірімен танысалық. 1930 жылы 5 сәуірде сағат 17-де Талдықорған селосынан Алматыға ПП ОГПУ-ге мынадай құпия жеделхат келіп түсті: «Сарқандтан алынған мәліметке қарағанда, ақпан айында Ақсудан 60 шақырым қашықтықтағы (дәл анықталмаған) Сарышұға шатқалында байлардың кеңесі болды, онда Қытайға, Чугучакқа және Құлжаға жіберуге төрт делегат белгіленді...». Осы хабарда одан ары шегара бұзушылардың ұсталғаны да айтылады. Одан 4 сәуірде Ақсудан Қытайға жасырын өтіп кетпекші болған 33 көтерілісшінің қолға түскенін білуге болады. Бүйен – Ақсу аудандық атқару комитетінің төрағасы Бақсы деген (аты-жөні толық берілмеген) әлгі шегарадан өтпек болғандар-

мен байланысты болғаны үшін тұтқынға алынды. Қолға түскендерді үздіксіз тергеудің нәтижесінде басқа адамдар да тұтқындала бастады. Мысалы, Бүйен – Ақсу ауданының 11-ауылындағы көтерілісті ұйымдастырушы, аудандық атқару комитетінің мүшесі Бұқа Жайпақов түрмеге жабылды. Онымен бірге оған келіп-кетіп жүрген тағы 3 көтеріліске қатысушы қолға түсті.

ОГПУ тыңшыларынан келіп түскен хабарлар жазалаушы отрядтардан әбден таяқ жеп, әскери іске үйретілген өкімет отрядтарына қарсы шығудың ажал қамытына өз еркіңмен мойнынды ұсыну екенін жақсы түсінген көтерілісшілердің аман қалғандарының енді Қытай асып кетуге байланысты әрекеттері туралы мәлім етті. Осындай бір мәліметте көтерілісшілердің негізгі күштерінің Андреевка және Үшарал төңірегіне топтасып, шетелге кетуге қызу дайындық жүргізіліп жатқаны айтылды. Андреевқада осыларға қосылып қашып кетпекші болған Груншевченко Григорий деген ұсталып, ОГПУ-ді біраз нәрседен хабардар етті. Осы ауданның Қарасу ауылының тұрғындарынан алынған мәлімет көтерілісшілер тобының топтасқан жерін мұнан гөрі дәлірек анықтап берді: 600-ге тарта адам, олардың ішінде 120-сы әртүрлі қару-жарақпен қаруланғандар Қарақұм сайында шоғырланған. Олардың ішінде Андреевқадан қашып барып соларға қосылған Дементьев Яков деген орыс азаматы бар. Жалпы көтерілісшілер қатарындағы орыс кулактары мен шаруаларының саны 12 адам.

Басқа жерлерде жағдай аумалы-төкпелі болды. Жазалаушылар отряды Алакөл ауданының Бақалы деген жерінде Смағұлов бастаған бір топ көтерілісшінің соңына түсті. Қым-қиғаш атыстан соң, Смағұловтың өзі бастаған 80-ге тарта жігіт қоршаудан сытылып шығып, Степановка бағытына қарай жанталаса қашты. Қолға түскен 55 көтерілісшіден әртүрлі 10 мылтық тартып алынды. Осының өзі-ақ наразылыққа қатысушылардың қалай жұпыны қаруланғанын дәлелдеп берсе керек. Ұсталғандар арасында орыстар да кездесті. Тұтқындардың бірі – ОГПУ көптен іздестіріп жүрген БК(б)П мүшесі Басұрманов Жартыбай болып шықты. Ол ел арасында наразылық басталған бетте-ақ ауылдарды аралап, халықты көтеріліске үгіттеген және Бөрібаев ауданының 1-ауылындағы 1300 пұт тұқымдық астық қорын басып алуға белсене қатысқан еді.

Қапал ауданында 4 сәуірде жазалаушы екі отряд көтерілісшілер тобының ізіне түсті. Ақсу өзені маңында Адансай бұлағынан оңтүстікке қарай шамамен 15-20 шақырымдай жерде сағат 11-де жаза-

лаушылар көтерілісшілерді өкшелей қуып жетті, жанталасқан қоян-қолтық арпалыста көтерілісшілер негізінен тағы да сытылып кетті. Дегенмен 4 қазақ, 2 орыс қолдарын көтеріп, еріксіз берілуге мәжбүр болды. Ұсталған қазақтардың қаруы бар, ал 2 орыс құр қол болып шықты.

ОГПУ-ге түскен мәліметтерге карағанда, көтерілісшілердің бұл отрядындағы басшылар Черных Петр және Бүйен – Ақсу ауданы №19 ауылының байы Омаров Тұрсын болып шықты. Мұның алғашқысы көтерілісшілердің күнделікті оперативтік іс-әрекеттеріне, соғыс қимылдарына басшылық етсе, соңғысы жалпы басшылықты өз қолында ұстаған. Көтерілісшілердің бұл тобының да ендігі басты мақсаты – Қытай асып кету. Үкімет әскерімен болған бірнеше қақтығыс кімнің жеңіп, кімнің жеңілетінін алдын ала айқындап берген еді. Ал көтерілісшілердің өз арасында Қытайға өтіп кету туралы мәселе талқыланғанда жігіттер ойласа келе екіге жарылды. Өкіметке істеген тікелей кінәсі жоқ, оның үстіне өздері кедейдің және орташаның тізімінде тұрған көтерілісшілер: бізге өкімет кешірім жасайтын шығар, деп жалтақтап, Қытайға өтуден бас тартса, кеңес органдары бай қатарына жатқызып жіберген және көтеріліс кезінде белсенділік көрсетіп, елге танылып қалғандар ендігі үміт тек шетелге өтіп, бас сауғалау, деп білді.

4 сәуірде жазалаушылардың барлық отрядтарының командирі Тарутис пен оның әскери комиссары Орымбаев көтерілісшілер күштерін біржолата жойып жіберуге бағытталған арнайы бұйрық берді. Ол бойынша, біріншіден, ұлттық атты әскер дивизиясының бірінші эскадроны Жайнақовтың бастауымен Қызылағаш ауданындағы көтерілісшілер топтарын жойған соң, Сарқандқа келіп, оперативтік бөлімше бастығынан жағдай туралы нақты мәліметтер алып, Сарқанд ауданында әрекет етіп жүрген көтерілісшілер күштерін жоюды қолға алуы тиіс болды. Екіншіден, Қапал коммунистік отрядының командиріне Қапалдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін онда 25 адамнан тұратын жасақ ұстау, ал қалған күшпен жаңа тапсырмаларды бұлжытпай орындауды қамтамасыз ету міндеттелді. Үшіншіден, Алматы коммунистік ротасының командиріне Абакумовка, Ақсу және Қызылағаш елді мекендеріне әрқайсысына 1 взводтан әскер бөліп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ал рота командирінің өзіне Абакумовка селосында болу бұйырылды. Төртіншіден, Сарқанд оперативтік бөлімшесінің бастығы Аболинге Сарқанд селосын қорғауды қамтамасыз ете отырып, сонымен қатар көктемгі егіс

жұмысына байланысты коммунистік отрядтар сандарын қысқарту және оларды көктемгі егіс науқанын ұйымдастыруға жұмсау жағын қарастыру тапсырылды. Сонымен бірге дәл осы Аболин өзінің қарамағына Қызылағаштан келетін ұлттық атты әскер эскадронын пайдалана отырып, осы аудандағы көтерілісшілерді жоюға байланысты шұғыл шараларды жүзеге асыруға тиіс болды. Бесіншіден, Лепсі аумақтық бөлімшесінің бастығына қолда бар күштермен көтерілісшілердің қалдықтарын жою жұмыстарын одан ары жүзеге асыра беру және осы іске Тоққорған мекенінде резервте тұрған 49-отрядтың Лепсі заставасы бастығының қол астына келген маневрлік взвод тобын пайдалану ұсынылды. Алтыншыдан, Лепсі шекаралық заставасының қол астына бөлінген осы взвод 5 сәуірде сағат 11-де Талдықорған, Ақешкі, Қызылағаш, Абакумовка бағыты бойынша жөнелтілетін болды.

Қызылағаштағы Лепсі заставасының бөлімшесі осы взводтың командиріне бағындырылды. Жетіншіден, Ақсу стансасында тұрған Кречко бастаған әскерлерге Балқаш көлінің оңтүстік бөлігіндегі әскери операцияларды жүзеге асыру бұйырылды. Бұлар Ақдала өңіріндегі және Үшкөл аймағындағы, шығыста теміржолға дейінгі кең алқапты мекендеген көтерілісшілер топтарын талқандау ісін орындайтын болды. Бұл міндеттің аса күрделі екенін түсінген әскери басшылық Кречконың қол астына қосымша күш Ақсу стансасындағы Ковалевский бастаған коммунистік отрядты да бөлді. Оның үстіне бұл әскер отрядтары өздерінің іс-қимылдарын Теміржол транспорты ОГПУ-і бастығы Александровтың әскери күштерімен ынтымақтаса жүргізуге тапсырма алды.

Осылардың бәріне қосымша Қапал, Сарканд, Лепсі, Талдықорған жедел әрекет бөлімшелерінің бастықтары тағы мынадай бұйрықты орындауы тиіс болды: көтерілісшілер ұяларын жылдамдата жою тәрізді жалпы міндетпен қатар, партия, кеңес органдарының үздіксіз жұмыс істеулерін қамтамасыз ету, коммунистік отряд мүшелерінің коммунистердің даярлығы бар бөлігін, сондай-ақ саяси қызметкерлерді бұқара арасында жалпы саяси, түсіндіру жұмыстарына жаппай жұмылдыру керек¹.

Бұл әскери операциялардың қалай жүзеге асырылғанын егжей-тегжейлі әңгімелеп беру тарихи деректердің жетіспеушілігінен қиындық туғызады. Бірақ бір нәрсе анық, көтеріліс басталғаннан-ақ оны тек қана әскери күшпен басып-жаныштап тастау бірінші орынға қойылды.

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 180-п.

Бұған таңдануға да болмас. Егер күш қолдану, зорлық-зомбылық жасау жолымен халықты ығыстырып, қорқытып басқармаса сталинизм жүйесі сталинизм аталмас та еді. Ал осындай қатыгездіктің құрбаны халықтың өзі болды. Бұрын қазақтар малын, жерін жат жұрттық басқыншылардан қорғап қырылса, енді олар сталиншілер мен голощекиншілерден қорғанып қырғынға ұшырады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Алматыға ПП ОГПУ-дің бастығы Даниловскийдің өзіне Қапалдан жіберілген құпия құжаттардың бірінен үзінді келтірейік: «Бүйен – Ақсу ауданында Қызылағаштағы, Ақешкідегі, Сарқандтағы, Қапалдағы, Арасандағы 1500 адамға жететін бандылар жойылды. Операция кезінде бандиттер жағынан өлгендердің жалпы саны 161 адам. Сарқанд, Ақсу операциялары кезінде 40 адам өлтірілді. Қосымша тексергенімізде, Қызылағаш түбінде 10 адам өлтірілгені анықталды. Ақешкі түбінде 6 адам шабылды. Талдықорған, Қызылағаш, Ақешкі, Қапал аудандарындағы барлық ұрыстар кезінде 22 адам өлтірілген. Талдықорғанда қашуға әрекеттенген біреу өлтірілді. Қапал үшін ұрыста тексерілмеген мәлімет бойынша, 12 адам өлген. Операцияларды жүзеге асыру ұрыстарында тұтқынға 509 адам түсті. Оның 193-і Сарқанд түбінде. Тексере түсуді қажет етеді: Қапал түбіндегі – 41 адам, Талдықорғандағы – 14 адам, Қызылағаштағы – 21 адам. Анықтай түсуді қажет етеді: Қапал, Баласаз операцияларындағы 120 адам. Олардан Қапал бойынша кедей 16 адам босатылды»¹.

Міне, наурыздың соңғы күндерінен сәуірдің 7-не дейінгі бірнеше күннің ішінде ғана алғашқы мәліметтер бойынша көтерілісшілерден – 161 адам қырылып, 509 адам тұтқынға түскен.

Әрине қолға түскендердің бәрін атып тастауға немесе соттап жіберуге ОГПУ органдары бара алған жоқ. Неге десеңіз, 370 адам өз еріктерімен қол көтеріп берілген болса, ал Қапал – Баласаз әскери операциясы кезінде қолға түскен 120 адам негізінен кедейлер мен орташалардан тұратын еді. Сондықтан бұлардың көпшілігін тексеруден және олармен жеке әңгімелесуден кейін босатуға тура келді. Оның үстіне көтерілісшілердің «бас бұзып, көз шығарып» бандит атанатынындай қатыгездік танытқаны да шамалы еді. Мұны біз осы көтерілісті басуға қатысқан өкімет әскерлері жағынан болған шығынның мүлде аздығынан да байқар едік: жазалаушылардан қоршауда қалған кезде жараланған 2 адам уақытылы дәрігерлік көмек көрсетілмей өліп кетсе, күзеттегі Қызыл әскерлердің өздерінің шабуылы кезінде бір жылқысы жараланды.

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 305-п.

Көтерілісшілердің жалпы саны көп болғанымен, қарсылық көрсетерліктей қауқарларының шамалы болғанын олардан қолға түскен жұпыны қарулар тағы да дәлелдей түседі: небары әртүрлі үлгідегі 50 ғана мылтық тартып алынған. Рас, қақтығыстар кезінде мал-мүліктің талан-таражға түсуі аз болған жоқ. ОГПУ органдары мал шығынын есептеуді және колхоз мүлкін қайтарып алуды да қолға алды. Сондай-ақ бұл орган адамдары қандай партия-кеңес қызметкерлеріне қарсы қастандық әрекеттер ұйымдастырылғанын, мемлекеттік органдарға, колхоздарға және жекелеген азаматтарға қандай материалдық шығын келгенін де анықтауға күш салды.

Дегенмен жоғарыда айтылғандай, көтерілісшілер топтары әлі де толық талқандала қойған жоқ еді. Кречко бастаған әскери бөлімдер Балқаш көлінің оңтүстігінде әрекет етіп жүрген көтерілісшілердің санын, орнын анықтаумен және оларға соққы беру жолдарын іздестірумен айналысып жатты. Оның үстіне дәл осы 7 сәуірге қарай Алакөл көлінің батысында 40 шақырымдай қашықтықта 200 адамнан тұратын көтерілісшілер тобы бар екені белгілі болды. Олардың 50-дейі әртүрлі қарулармен қаруланғаны және анықталды. Бұларды Сергиополь ауданынан шыққан Түбеков Сүлеймен, Белбаев (есімі белгісіз), Бақманов Темірбай және т.б. басқарып жүрген болып шықты. Тыңшылар хабарынан осы ауданда көтерілісшілердің тағы бір 100 адамнан тұратын жасағы бар екені де белгілі болды. Оны Сырғабай деген бұрынғы болыс және т.б. байлар ұйымдастырғаны анықталды. Осылармен қатар, тағы да осы маңда ірілі-ұсақты көтерілісшілер топтары жүргені туралы да осы Қапалдағы ОГПУ орталығына анық-қанығы әлі тексерілмеген мәліметтер түсіп жатты. Сондықтан бұлар туралы Алматыға ПП ОГПУ-дің орталығына хабар түсіруге жергілікті жердегілер асыға қойған жоқ.

Айта кетер бір нәрсе, осы 7 сәуірде Қапалдан Алматыға берілген құпия мәліметте жергілікті ОГПУ-дің көтерілісшілерді талқандауға шоғырландырған күштерінің жалпы саны дәлме-дәл көрсетілген. Енді солармен де таныстыра кетсек: «Біздің шоғырландырғанымыз: 1. Талдықорғанда: қазақ ұлттық дивизиясы – 155 адам; атты әскер – 119 адам, жаяу – 36 адам, маневрлік топтың 1, 2-взводы – 50 адам, атты әскері, коммунистік отряд – 58 адам; 2. Қапалда: комотряд, жергілікті жаяу әскер – 30 адам; 3. Қызылағашта: Алматы ұйымының жаяу әскері – комотряд – 21 адам; 4. Ақсуда: Алматы ұйымының комотряды – 170 адам, Кречконың комотряды, жергілікті ұйымдардан – 100 адам; 5. Сарқандта – 70 адам; 6. Ақсуда – 60 адам. Соңғы-

лар таратылуда. Алакөл және Андреев ауданында жергілікті ұйымдардан және еріктілерден – 53 адамдық отряд, тағы да сонда, Лепсі заставасы және маневрлік топтың бүгін Сарқандта түнеген взводы жол үстінде. Комотрядтарды тарату туралы және әскери бөлімдер туралы пікірлерді, сондай-ақ алдағы болатын өзгерістер туралы біздің наразылықтарымызды бүгін хабарлаймыз, Ковалев»¹.

Иә, жергілікті ОГПУ органдары болып жатқан күрделі оқиғалардан Алматыдағы өзінің орталығын күнбе-күн хабардар етумен болды. Ал енді Алматыдағы ПП ОГПУ де өз тарапынан болған жәйтті Мәскеуге және көрші округтардағы республикалардағы ОГПУ органдарына тынбай мәлімдеп отырған.

ПП ОГПУ-дің Мәскеуге және т.б. көрші округтерге жолданған жедел мәлімдемелерінде оқиғалар бүге-шігесіне дейін түсіндіріліп жазылды. Дәлел ретінде сондай маңызды да құпия мәлімдеменің бірін қаз-қалпында ұсынамыз.

Москва,

ОГПУ, Ольскийге, Соболевке.

Көшірмесі: Ташкент, ПП ОГПУ, Дьяковке.

Жусалы, Альшанскийге. Семей, ОГПУ, Бак.

Қарқаралы, ОГПУ, Дроздовқа

Кезектен тыс жедел мәлімет... Алматы округы. Біріншіден, 6 сәуірдегі мәлімет бойынша, Найзағара шатқалына қарай, қарулы бандылардың қорғауымен, 600-ге тарта қазақтар Қытайға өту мақсатымен кетті. Сондарына түскен комотрядпен атыс болды. Жоңғар Алатауының соңғы асуында қоршап алынды. 500-ден астам адам, отбасыларымен 120 бандит, әртүрлі 50 мылтық, көп бас мал қолға түсті. Ұсталғандар топ-тобымен Қапалға әкелінуде. Соңғы сәтке дейін атысқан, өз еріктерімен берілуден бас тартқан 50-60 адамдай қазақтар және орыстар құртылып жіберілді. 12-сі қашты. Қар терең, күн суық болғандықтан қуа алмадық. Қапал, Қызылағаш аудандары бандиттерден тазартылған, бандиттік элементтерден тазалау жүргізілуде.

Қызылағашта 21 бандит, оның ішінде басшылары – 2 коммунист тұтқынға алынды. Қызылағашты алған кезде қызыл жалау көтерген 300-ден астам бандаға қатысушы кедейлер, орташалар біздің жағымызға өтті. Қапалдағы операцияда 47 бандит тұтқындалып, 300-і есепке алынды. Қапал ауданында 14 бандит ұсталып, 6-ы өлтірілді.

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 305-п.

Қолға түскендер ішінде басшысы Жолбанов, ал екіншісі Жанбосынов Мұқаш қашып кетті. Екіншіден, Сарқандтан жіберілген комотряд Смағұловтың және Жылқыбаевтың бандаларын жойып жіберді... 55 бандит қолға түсті, оның ішінде 10 ұйымдастырушы, әртүрлі жүйедегі 10 мылтық бар. Смағұлов 80 бандитімен батыс бағытына қашып кетті. Тұтқындар арасында орыстар, сонымен қатар Сарқандқа шабуылды басқарған басшылардың бірі, көтеріліске үндеген БК(б)П мүшесі Басұрманов Жетпісбай да бар. Үшіншіден, ізге түскен комотрядтар Қытай бағытына шегінген, Ақсу өзені ауданында Ақсудан оңтүстікте 65 (шақырымдай жерде) 2-уі қарулы, 6 бандитті ұстап алды. Олардың екеуі орыс. Одан ары соңдарына түскенде атысып қашқан қарулы бандиттердің 3-і қолға түсті. Бандиттердің көрсетулерінше, банда – көшіп жүрген 120 байдан, сонымен бірге Сарқандтың 20 орыс-казактан тұрады. Бандаға Қапал казагі Черных Петр және Бүйен – Ақсу ауданының байы Омаров Тұрсын басшылық етеді. Бұл банда құрамындағы кедейлер топ-тобымен біздің жағымызға өтуде. Төртіншіден, Аягөз ауданында Тартүбектен солтүстікке қарай 15 шақырымдай жерде кім басқаратыны белгісіз, 7-8 винтовкамен қаруланған 15 адамдық бандиттік топ пайда болды. Ол Семей ОГПУ-нің (ОГПУ-дің округтік бөлімі) жедел тобын атқылаған. Қуу кезінде банда шашырап қашқан. Бандиттерді іздестіру шаралары қолданылды. Бесіншіден, Семей округінің Көкпекті ауданында 26 адамдық банда пайда болды. Комотряд қуалаған кезде шеғарадан өтіп кетті. 1 бандит, 4 ұш линиялық винтовка, 2 аңшы мылтығы, тағы басқа заттар қолға түсті. Отряд қайтып оралды. Алтыншыдан, осы мәліметке қарағанда, Тартүбектен оңтүстік-шығыста 20 шақырымдай Сарқұмда 60 адамдық банда әрекет етіп жүр. Бәрі қаруланған. Басшылары бұрынғы болыс басқарушысы Байтанов Сарша, бай Бектаев Әжіке. Банда Балқаштың шығысындағы Жусағаш және Арғайты шыңдары аралығында орналасқан Қаракұм құмдарына қарай жылжуда. Жетіншіден, ДТО ОГПУ-дің (ОГПУ-дің жолкөлігі бөлімінің – Т.О.) тексерілмеген мәліметі бойынша, бұрынғы болыс меңгерушісі Арапов және Жақынбаев басқарған, Қосқамыс сайында орналасқан банда Балқаштың солтүстігіндегі мұздан Нулар түбегіне өтіп, онда тексерілмеген мәлімет бойынша, Қарқаралы округінің саны 300 адамдық бандасына біріккен. Банда округте болуға тиісті бас көтеруді күтіп, белсенді қимылға бармай отыр. Мәліметті тексеруге байланысты шаралар қолданылуда.

Балқаштың (Аягөз өзені құятын) шығыс жағалауына жіберілген барлаушыларды 15-17 адамдық бандиттер атқылаған. Топ Қарақұм сайындағы, құрамында оннан астам орыс казактары бар бандалардың барлаушылары тәрізді. Сегізіншіден, Бүйен – Ақсу ауданындағы 3-6, 9, 10, 11, 13, 14-ауылдарда партия саясатын бұрмалаушылар мен асыра сілтеушілер бар: 14-ауыл кедейлерінің бір бөлігі азық жетіспеуден ашығуда. Осыған қарамастан ауылдық кеңестің уәкілі Тұтқабаяев тұқымдық қорға астық тапсырмағандары үшін кедейлерді тұтқындауда. Сонымен қатар аудандық уәкіл Әділбеков кедейлерге тұқымдық қор өткізуді ұсынған, (мұны) орындамағандар тұтқындалып, мүліктері колхозға өткізіледі, нәтижесінде 9 кедей тұтқынға алынған, 4 не 3 күннің ішінде тұқым қорын өткізу ұсынылған, қалғандардың мүліктері тәркіленетіні айтылған. Кедей Байболовтарға тұқымдық қор (салғырты) салынған. Нәтижесінде орташалар қожалықтарының әрқайсысы салғырт төлеуі тиіс болған. 28 кедейге 10 пұттан (салғырт) салынған (мұны өткізуге) екі күндік мерзім берілген, салғыртты өткізбегені үшін әр ауылдан бір-екі адам атылған. Байлар Үсеновтерге 120 пұт астық дайындау міндеттелген, олар болса (мұны) кедейлерден өндірген, осыны біле тура ауылдық кеңесте ешбір шара қолданыла қоймаған. Байлар Шапбаевтарға 70 пұт астық дайындау тапсырылған. Уәкіл (оны) 40 пұтқа дейін азайтып, қалғандарын орташа Құрмановтардан алған. 25 қойы, 4 жылқысы, бір түйесі бар Аралбаеваға 80 пұт (салғырт) салынса, оның 40 қойы, 10 бас ірі қарасы бар көршісі Топырбиновқа ештеңе салынбаған. Бай Болатшынов 500 пұттық астық дайындау салғыртын кедейлердің есебінен орындаған. Көптеген ауылдардағы егін егу жоспары орташаға, кедейге (дейін) жеткізілген, байлар өткен жылдың егін алқабының 100 процентін, кедей-орташалар 50 проценттен аспайтын көлемін қамтамасыз етуі тиіс. Сарқанд ауданындағы орыс поселкелері Покатиловкада, Веселоеда, Антоновкада астық дайындау жоспары орташа кедей аулаларына салынған болса, сонымен бірге кейбір кулактарға (салғырт) салынбаған. Аталған елді мекендерде қажетті жағдай жоқ болса да, шіркеулерді мәдениет мекемелеріне беру әрекеттері орын алған. Антоновка кеңесінің хатшысы төрағаның қолын өзі қойып, шіркеу кеңесіне шіркеуде мінәжат етуді тоқтату туралы бұйрық берген, орындамасаң соттаймын деп қорқытқан. Жалпы тұқымдық қорға астық өткізбегені үшін кедейлерге айыптар салынғаны байқалды...

Даниловский 1930 жылдың 8 сәуірі¹.

Айта кететін бір нәрсе, тасқа басылған түпнұсқада Голошекин жолдасқа деп қолмен жазылған ресми белгі бар, яғни болып жатқан оқиғалардан Голошекин хабардар болды.

Осы құжаттағы кейбір мәселелер назар аударарлықтай. Мұнда шегарадан өтерде тау ішінде көтерілісшілерден 50-60 адамның құртылып жіберілгені айтылады. Қалай құртылғаны белгісіз. Құжатта айтылғандай, шайқас үстінде қарсыласып жүріп өлді ме, әлде қолға түскендерді шегарашылардың өздері тонап алып, атып тастады ма? Жазалаушылар мен шегарашылар жағынан бірде-бір адамның шығын болмауы күдік туғызады. Көтерілісшілер шындап қарсыласса, нағыз шайқас болса, екі жақтан да шығын болуы керек емес пе? Қарусыз, сойыл сүйреткен қазақты жақсы қаруланған жазалаушылардың өкшелеп атып, қырып тастауы да әбден мүмкін.

261

Құжатта тағы бір назар аударатын нәрсе, наразылықтарға коммунистердің өздерінің де қатысуы. Мұның өзі сол жылдары қазақ ауылында партия ұяларының елеулі беделі болмағанының нақты көрінісі. Халық негізінен ауылнайды, ауылдық кеңесті және жоғарыдан келген уәкілді амалсыз мойындады. Ал партия ұялары осындай жекелеген «жоғарыдан» келген адамдардың аузын бағып, айтқанын істеді. Біз құжаттардан қандай да бір маңызды мәселені партия ұясы жиналысында жұрттың талқылап, шешім қабылдағанын кездестіре алмадық. Олай болса, күштеп ұжымдастыруды жергілікті аудандық партия ұялары іс жүзінде асырды деудің өзі де шындыққа онша сәйкес келмейтіндей. Оны шын мәнінде Мәскеуде Сталин, Алматыда Голошекин басқарған ат төбеліндей азғана топтың партиялық аппараты жүзеге асырғаны рас деуіміз керек. Қалталарында партиялық билеттері бар бұлар одақтық, өлкелік, округтік, аудандық партия комитеттеріне өздерінің зорлықшыл көзқарастарын күштеп таңды. Сондықтан жергілікті жердегі шолақ белсенділер де өз жұмыстарында күштеу, қорқыту әдістерін бірінші орынға қойды. Осынау сталиншіл-голошекиншіл топтың оң қолы шын мәнінде жергілікті партия ұйымдары емес, ОГПУ органдары болды. ОГПУ-дің шектен шыққаны сондай, ол басқалармен бірге коммунистерді де ешбір тергеусіз жазалауға, тіптен атып тастауға хақылы болды. Партия ұйымдары бұған ара түсе алмады. Ауылдық кеңестер, партия ұялары және т.б. қоғамдық ұйымдар ОГПУ-ге ауыз аша алмады. Бұл жылдары сталиншілдер мен голошекиншілдер партияның атынан

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 302-п.

сөйлегенімен, шын мәнінде өздерінің күштеу саясатын ОГПУ арқылы нақты іс жүзіне асырды. Ол кезде Орталық Комитеттен партия комитетіне дейінгі нақты саяси билік, әкімшіл-әміршіл партиялық жүйе қазақ даласында әлі толық қалыптаса қоймаған еді. Сондықтан тұтас бір аймақтың тағдырын округтен немесе ауданнан келген жалғыз уәкіл шешіп кете беретін болды.

Онан соң жоғарыда аталған құжатта айтылатын Балқаш көлінің солтүстік жағында Қарқаралы округінде ел арасында болуға тиісті бас көтеруді күтіп жүрген көтерілісшілер туралы мәліметтің де жаны бар. Шындығында да, арада бірнеше айдан кейін аталған өңірде Абралы ауданында, Шыңғыстау мен Шұбартауда үлкендікішілі халық наразылықтары басталды. Бірақ бұлар бөлек әңгіме.

Осы ресми құжатта тағы бір назар аударуға тұрар нәрсе, қазақ ауылдарында кедейлердің ашыға бастауы туралы хабар. Осыдан дұрыс қорытынды шығарып, осы 1930 жылдың көктем айларынан бастап-ақ Мәскеуден көмек сұрап, халықтан ет және астық салғырттарын зорлап алуды тоқтата бастағанда осы күнге дейін «1932 жылдың ашаршылығы» деген атпен белгілі, кезінде қазақ халқының жартысын қырғынға ұшыратқан нәубеттен халықты аман алып қалуға болатын еді. Бірақ ОГПУ-дің винтовкасына сүйеніп алға жылжи беруге болатынына әбден сенімді, Қазақстанның бірінші басшысы Ф.И. Голощекин, өзі біле тұра, халықтың осы 1930 жылдың алғашқы айларында-ақ ашыға бастағанын И. Сталинге айтпай, жасырды. Нақты фактілермен дәлелдеп мәселе қоймаған соң, шындыққа көзін жеткізбеген соң, орталықтағылар әрине ет, астық салғыртын өткізудің жоспарларын азайтпай қойды. Ал мұның тікелей азабын бәрінен бұрын көшпелі қазақ халқы тартты.

7 сәуірге қарай Лепсі оперативтік бөлімшесінің Алакөл ауданына жіберген барлаушылары ол жерден көтерілісшілерді кездестіре алмады. Осыдан бір күн бұрын ғана алынған, бірінде 200, ал екіншісінде 100 адам бар көтерілісшілердің екі үлкен тобының осы маңда жортып жүргені туралы хабар расталмады. Бірақ барлаушылар берген мәлімет мынадай жаңа хабар түсірді: Сарықұм құмдарының аяқ баса бермес тылсым түкпірінде саны 300-ге тарта салт аттылар жүр. Тегінде, жоғарыда айтылған көтерілісшілердің екі тобы бірігіп, Сарықұмға барып паналаса керек.

Көтерілісшілердің осы тобын талқандау үшін шегара ОГПУ-і күзеттен бос шегарашылар мен командирлерден арнайы 90 адамдық отряд жасақтады. Отрядқа Сырма шегара заставасының командирі

басшылық етуге бекітілді. Отряд өзінің жорығын Алакөл көлінен батысқа қарай орналасқан Үшаралдан бастайтын болды. Бірақ шөл, кейде тұтас жалаңаш құм жайлаған, құдық өте сирек кездесетін бұл аймақта әскери қимылдар жасардан бұрын, осы жағдайда әрекет етуге шегарашыларды алдын ала арнайы даярлау қажет еді. Сондықтан арнайы барлаушыларға жер жағдайын жақсылап алдын ала зерттеп, көтерілісшілердің қайда екенін, жазалаушы отряд жүретін маршруттарды нақты белгілеп, анықтап алу тапсырылды.

Көтерілісшілердің осы аймақта пайда болуы Алакөл ауданы орталығындағы қызметкерлердің зәре-құтын ұшырды. Осы жердегі жазалаушы отрядты басқарып жүрген Минин мен Орымбаев аудандық партия комитетінде арнайы мәжіліс өткізіп, жұртшылықты тынышталуға шақырды және аудандық партия комитеті басшыларына айыптыларды жазалау туралы ұсыныс жасады.

Көтерілісшілердің жақын маңда жүруі өздері ашыға бастаған, шолақ белсенділердің қоқан-лоқысынан азарда-безер болған жергілікті халыққа үлкен сын еді. Наразы халықтың біразы жалғыз аттарын ерттеп, көтерілісшілерге қосылу үшін оларды іздеп те шықты. Жазалаушылар да, олардың барлаушылары да қарап отырған жоқ. Жоғарыдағыдай мақсатпен көтерілісшілерге кетіп бара жатқан 3 аудан тұрғыны және жергілікті халықты көтеруге әрекет жасап жүрген тағы да үш көтерілісші қолға қалай түскендерін де білмей қалды. Сырма заставасы ауданында Көпжиде сайында Минин бастаған шегарашылар көтерілісшілердің тобымен қақтығысып қалады. Нәтижесінің қалай болғаны туралы біздің қолымызда нақты мәлімет жоқ. Бұлар тегінде, шегарадан өтудің жолын іздестіріп жүрген көтерілісшілер барлаушылары болуы да мүмкін.

Кречко бастаған жазалаушы отрядтың барлаушылары мынаны анықтады: Ақсу стансасынан батыста 40-50 шақырымдай қашықтықтағы Орақдалада тасаланған саны белгісіз көтерілісшілер ауызу жоқ болғандықтан, амалсыз Ақсу стансасына қарай жылжыды. Олар ешқандай қарулы белсенділік көрсетпей, ешкімге тиіспей, өз жолдарымен жортуылдаумен болды және барлау анықтағанындай, олардың мақсаттары шегара арқылы Қытай асып кету екен. Аболин бастаған отрядтың барлау тобы көтерілісшілер туралы мәліметті одан әрі толықтыра түсті. Бұл бойынша, көтерілісшілер жасағы 400-дей адамнан тұрады және қаруланып алған. Бұлар кезінде Сарқанд түбінде жеңілген көтерілісшілердің бір тобы. Басшылары Сары Серіекенов және Егеубек Жанбаев. Бағыттары – Балқаш, өздері Ақсу стансасынан 40 шақырымдай жерде.

Кречко мен Аболиннің осы мәліметтерінен кейін жазалаушылар отрядының басшылары Ковалев, Тарутис және Орымбаев бұларға бандылардың қайда тоқтағанын дәлірек анықтай түсуді және ыңғайы келсе оларға соққы беретін операцияны жүзеге асыруды бұйырды. Әскери қимылдар бола қалған жағдайда жазалаушыларды аспаннан барлаушы самолет қолдайтыны және қарулы күш жетіспей бара жатса, Қызылағаштан, Ақсу ауданынан, Балқаштан көмек берілетіні де ескертілді.

Шындығында да, Қызылағаштағы, Бүйен – Ақсу, Сарқанд аудандарындағы көтеріліс басылып тасталғандықтан, ондағы жазалаушы отрядтар енді ешкімге қажетсіз болып босап қалған еді.

Жоғарыдан самолетпен жүргізілген және барлау топтары жасаған тексерулер нәтижесінде көтеріліс болған аудандардың көтерілісшілерден мүлде дерлік тазарғаны туралы мәліметтердің екеуін оқырманға таныстыра кетелік:

Алматы.

БК(б)П Өлкелік партия комитеті.

Голощекинге. ПП ОГПУ.

Көшірмесі: Қазақ әскери комиссариатына.

Талдықорғаннан

Біздің радиусымыздағы ауданда ешқандай банда жоқ. Бандалар Лепсінің солтүсік-шығысындағы Үшарал сайында және Балқаштың оңтүстік бөлігінде. Отрядтардың және әскер бөлімдерінің Талдықорған, Сарқанд, Бүйен – Ақсу, Андреев (аудандары) жерлерінде мұнан ары болуын қажетсіз санаймын, бөлімдердің аталған аудандарда болуы халықтың жүйкесіне тиеді, егін егу маусымына тежеу жасайды...

Құрама отрядтар командирі Тарутис, отрядтардың әскери комиссары Орымбаев.

Голощекинге. Алматы ПП ОГПУ. Қапалдан

Бүгін таңертең жолданған жеделхатқа қосымша комотрядтарды тарату туралы хабарлаймын: Алматы комотрядынан 88 адамды, Сарқандтағыдан 25 адамды, Ақсудан 30 адамды үйлеріне тарату туралы жарлық күтілуде. Әскери бөлімдерді егер жағдай өзгермесе үстіміздегі жылдың 10/IV алуға болады. Бүгін барлығы 259 адамның үйлеріне таратылатыны хабарланды. Комотрядтардан қалатындары: 1. Қапалда – 30 адам, тұтқындалғандарды күзету үшін;

2. Талдықорғанда – 227 адам; 3. Сарқандта – 45 адам. Көрсетілген отрядтар оперативті бөлімшелердің қол астында. 4. Қызылағашта – 27 адам; 5. Ақсуда – 37 адам; 6. Лепсі ауданында – 53 адам. Комотрядтарда алда болатын өзгерістер таяудағы 2-3 күн ішінде шешіледі. Қречкомен байланыса алмағандықтан, Балқаштағы және Лепсі ауданындағы бандаларды жою туралы өзіміздің ұсыныстарымызды қазір бере алмаймыз.

Бүгін байланысармыз деген үміттеміз және Лепсі ауданындағы жағдайды анықтай түсу қажет болғандықтан, партия мүшелерін, комотряд жауынгерлерін ауылдар мен селоларда түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бірнеше күнге жөнелткен жөн.

№15. Тарутис, Ковалев¹.

Наразылықтар болған ауылдар мен селоларда әскери топтар қалдыру арқылы Қазақ өлкелік партия комитеті мен ОГПУ және Қазақ әскери комиссариаты халықтың одан ары бас көтеруін мүмкін етпей тастады. Сондықтан елді мекендерге табан тірей алмаған және ондағы әрі ашыға бастаған, әрі жазалаушы әскерлерден өлердей қалтырап қорыққан жергілікті халықтан да табанды қолдау көре алмаған көтерілісшілер топтары Балқаш маңындағы және Лепсі ауданындағы елсіз аймақтарды төңіректеп, бас сауғалады.

ОГПУ-дің саққулақ тыңшылары 10 сәуірге қарай мынаны анықтады: Қылиев басқаратын көтерілісшілер тобы және 8 сәуірге дейін кім басқаратыны белгісіз болып келген, соңғы барлау мәліметінде анықталған Сары Серіекенов, Егеубек Жанбаев басқаратын көтерілісшілер жасақтары біріккен. Олардың бәрі айдаудан қашып кеткен Серіекеновтың басшылығымен әрекет етеді. Көтерілісшілердің қолбасшысы Қылиев, ал Жанбаев оған көмекші, негізгі күштері Ақдала жазығы мен теміржол арасындағы Ұрқұдықта орналасқан. Олар үкімет әскерлерімен қақтығыста болған бірсыпыра сәтсіздіктерден соң, жаз айларына дейін белсенді қимылдардан бас тартып, ыңғайлы сәтті күткен жөн деген шешімге келген. Оның үстіне жер-жерде халықтың осындай зорлық-зомбылыққа үн-түнсіз төзіп, шыдап жата беруі де мүмкін емес, – деп санаған. Ковалевтің Сарқандтан Алматыға, Голощекинге және Талдықорғанға Тарутиске жолдаған хабарынан мынадай жолдарды оқимыз: «Оның үстіне басшылар (көтеріліс басшылары – Т.О.) Қытайдан келгеннің (тексерілмеген) ақылымен жергілікті жерде жасырынуы немесе Қытайға кетулері керек болды. Басқа мәлімет бойынша, банда Балқаш

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 291, 292-п.

көлі, Лепсі өзені және онан ары Лепсі заставасының жерімен Қытайға өтуді ойластыруда».

Осы жерде тағы бір айта кететін нәрсе, өкімет әскерлерімен арада болған үлкенді-кішілі қақтығыстарда қазақ ауылдары адамдарынан ғана емес, көптеген малдарынан да айырылып қалды. «Бұл колхоздың немесе үкіметтің малы, меншігі» деген сылтаумен жазалаушылар колхоздан безіп, оған тіптен наразы болып, үкіметке ет-астық тапсырудан қашып, көшіп-қонып жүрген қазақтардың малдарын сыпырып алған жайлар тіптен көп. Ал мұның өзі қазақ ауылының алапат ашаршылыққа ұшырауын тездете түсті. Мысалы, архив қорындағы ресми мәліметтердің бірінде келтірілген фактілерге назар аударар болсақ, Қапал – Баласаз әскери операциясы кезінде ғана жазалаушылар жергілікті халықтан 641 тай-құнан жылқыны, 364 түйені, 108 өгіз, бұқаны, 108 сиыр-құнажынды, 603 айғыр жылқыны, барлығы 5621 мал-мүлікті тартып алып қойды¹. Есепке алынбаған ескерусіз қалған дүние қаншама. Ал енді осыдан кейін халық қалай ашықпайды? Әрине, мұндайда халық қалған бірен-саран малды да жаттың қолына бергенше-ақ өзі бауыздап алғанды жөн көруі, сөйтіп осылайша жаппай малды қырудың орын алуы ешкімді де таңдандырмаса керек.

Осылайша және колхозға зорлап кіргізу жолдарымен қазақ шаруаларының малдарын жаппай тартып алу, әрине, қоғамдық меншіктегі мал басының санын көбейтті. Ф.И. Голощекиннің БК(б)П-ның бүкіл қазақтық 7-партия конференциясындағы (1930 жыл мамырмаусым) баяндамасына назар аударсақ, осыған байланысты төмендегідей жолдарды оқыр едік: «Біз социалистік секторда малдың өсуіне кездесіп отырмыз. Колхоздарда 27-28 жылдары 234 мың бас болса, 28-29 ж. – 1427 мың, қазір – 1780 мың. Биылғы жылы мал совхоздары 570 мың басты біріктіріп отыр. Социалистік сектордың жалпы үлес салмағы 0,6 проценттен 5 процентке дейін өсті».

Голощекиннің осы келтірілген фактіні социалистік құрылыстың табысы ретінде беріп отырғаны белгілі. Бірақ бұдан қазақ шаруасына ешқандай пайда түскен жоқ. Ал бұл туралы Голощекин ауыз ашқан емес. Дегенмен, ол малды жаппай қыру фактілері және мал басының жалпы алғанда күрт құлдырауы туралы елдің бәріне белгілі шындықты айтпай кете алмады. Мал шығынының ауқымдылығы сондай, оны жауырды жаба тоқып жасырып қою да мүмкін

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 288-п.

болмады. «Соңғы уақытта, – деп жалғастырды ол өз сөзін, – біз мал шаруашылығында құлдырау бағытындағы төтенше, шұғыл өзгерістерге кездестік. Мал шаруашылығы бізде қандай процентке төмендеді? Бізде Исаев жолдастың арнайы комиссиясы жұмыс істеді. Ол мүмкін болған материалдардың бәрін пайдаланды және ақырында, мал шаруашылығы бізде шамамен 30-35 процент азайды деген қорытындыға келді...

Сөз жоқ, жергілікті жерлерде төмендеуді асыра көрсету үрей туғызуда. Біздердегі есептеу органдары өздерінің есептерін жүргізуде, ал шаруалар болса осы уақытта өздерінің малдарын сардалаға айдап тастайды. Үрей туғызушыларды және асыра көрсетушілерді алдын ала ескерту қажет.

Бірақ, әрине, 30-35 процент төмендеудің өзі де, біздерді басалқалы ойлауға мәжбүр етерліктей үлкен соққы».

Голощекин мал басының шұғыл төмендеуіне малын жасырды, деп шаруаларды кінәлады. Мұны ол бұдан ары айқынырақ айта түседі: «Мұны қалай түсіндіруге болады? Кейбір ұлтшылдар бұл өлкелік комитет саясатының салдары деседі, кейбіреулер болса, оларды қалай атау керек, білмеймін, (отырғандар дауыстап – кулактардың әншілері) былайша айтады: «бұған себеп астық дайындау жоспарларыңыз». Мұндайдың дұрыс еместігін тіптен мынадан да байқай аламыз: малдың азаюы – ошақ көлеміндегі құбылыс.

Негізгі себеп, әсіресе соңғы кездері өрши түскен өткір таптық күреске келіп тіреледі... Бай 28-жылдың тәркілеуі бастан кешті, бай-кулактарды тап ретінде жоюды көзбен көрді және бұған өзінің малын сатып жіберумен, қырып-жоюмен жауап берді»¹.

Бұл мәселеде, аталған 7-бүкілқазақтық партия конференциясында Голощекиннен бұрын сөз алған, Мәскеуде осы конференцияға қатысуға Сталин арнайы жіберген БК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі Квиринг әлдеқайда шындыққа жақын болып шықты. «Мал шығынының қандай себептері бар?» – деп залдағыларға сұрақ қойған ол, бұған былай деп өзі жауап берді: «Шығынның басты себебі – ұжымдастыруға байланысты шаруаларға көзқараста орын алған асыра сілтеулер деп санаған жөн. Кейбір жерлерде бірқатар аудандарда астық дайындау саласында орын алған асыра сілтеулер де маңыз алып кетті. Онан соң бұл шығындардың азғана бөлігі тегінде,

¹ 7-я Всеказахская партийная конференция. Стеногр. отчет. Алма-Ата, 1930, 72, 73-74-66.

кулактарды, байларды және т.с. жоюдың болмай қоймайтын шығындарына жататын болар»¹.

Бұдан көрінегіні, Голощекин мен Орталық партия комитетінен келген Квирингтің көзқарастарында мал басының азайып кетуі туралы мәселеде едәуір алшақтық бар. Егер Квиринг бұған басты себеп ретінде ұжымдастырудағы асыра сілтеулерді көрсетсе, ал Голощекин оның сөзін естімегендей кейіппен, негізгі себеп ретінде өткір тап күресінің өршіп, байлардың жанталаса қарсылық көрсетуін тықпалайды. Голощекин қасақана мынаны түсінгісі келмейді: жекелеген қазақ байлары ешқашан да наразылық білдіре алмас еді. Егер халық Сарқанд – Ақсу – Қапал көтерілістеріндегідей жаппай атқа қонбаса.

Ал халықтың көтерілуіне басты себеп – сол жылдары Кеңес өкіметі жүргізген, Коммунистік партияның басқару аппараты тікелей ұйытқы болған күшпен ұжымдастыру саясаты.

Сонымен, біз жоғарыда әңгіме еткен көтерілісшілердің 1000-ға тарта үлкен тобының тағдыры қалай болғанынан толық хабардар емеспіз. Сондай-ақ жазалаушы отряд бастығы Ковалев ұсынған оларды тез талқандау жоспарының жүзеге асырылуы салдарынан қанша қазақтың мерт болғанын, қанша мал-мүліктің талан-таражға түскенін де айтып бере алмаймыз.

Көтерілісшілердің ұрыс болардан біраз бұрын қайда орналасқанын анықтауға мүмкіндік беретін ОГПУ барлауының бір дерегі ғана бар қолымызда. Онда мынадай жолдар кездеседі: «Антонов комотрядының барлауы Сарықұм құмдарында тұратын бандиттер барлауына тап болды (7, 8 және 9 сәуірдегі мәліметтерді қараңыз). Олардың ішінде біздің отрядпен қақтығыстан кейін шегініп кеткен бандалар шайқасының басшысы Смағұлов бар (бұрынғы мәліметтерді қараңыз). Тұтқындардың айтуынша, Сарықұмдағы банда 1000 адамға тарта. Қаруланғандары 150, көпшілігінде аңшылар мылтығы. Банда Степановка стансасынан батыста 50 шақырымдай қашықтықтағы Баламай Дәлұқ шатқалына тоқтап және онан соң шетелге өтіп кетпекші»².

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылған Ковалевтің әскери жоспарынан кейін көп кешікпей-ақ осы, 1000-ға тарта көтерілісшілер тобы күтпеген жерден берілген үлкен соққыға ұшыраған да, баудай түсіп қырылған, тоз-тоз болып бытырап кеткен. Бұл туралы құпия

¹ Сонда. – 24-26-беттер.

² ҚРПА. 141-т., Т7-т., 471-іс, 288-п.

мәліметтің Мемлекет Қауіпсіздігі комитетіндегі жабық істердің бірінде жатуы әбден мүмкін.

Біздің бұлай деп тұспалдайтын себебіміз: осы оқиғадан кейінгі жағдайды хабарлайтын ОГПУ мәліметтерінде жоғарыдағы көтерілісшілердің үлкен тобы қайтып әңгіме болмайды, тек олардың бірнеше адамдардан тұратын шағын топтары ғана айтылады. Солардың ең негізгісі Қылиев бастаған көтерілісшілерден қалған шағын топ. Мұны ресми құжаттардан келтірілген үзінділерден байқау қиын емес:

Москва.

ОГПУ, Ольскийге, Дьяковқа, Воронцовқа.

Арал теңізі, Альшанскийге.

Семей, ОГПУ, Бак. Қарқаралы. ОГПУ, Дроздовқа

«25 сәуірдегі мәліметтен. Алматы округі. Қылиев бандаларының қалдықтары белсенді іс-әрекет жасауға қабілетсіз, (олар) біздің отрядтарымыздың қууынан із жасырып құтылуды мақсат еткен. Ес жинап алып Қытайға кетпек. Самолетпен барлау кезінде Сартаевтың бандалар тобы Ақкөл көлінен батысқа қарайғы жерден табылды. Бұл бандадан кедейлер, орташалар кетуде. Тағы 15 көшпелі қожалықтар келіп қосылған белсенді бандалардың бір бөлігі Ақсуға жылжуда, басқа топ өз еріктерімен берілуге бағыт алды. Нәтижесінде Сартаев Ортайдың бандасы құрамында 10 винтовкамен және 10 аңшы мылтығымен қаруланған 40 адам қалып, өлтірілген басшы Қылиевтың туысы – Қылиев басқаратын 80-ге тарта қожалықтарды біріктірген үшінші топпен бірігуге (бағыт алып) жылжуда. Құм, шөл, ұзақ жүріс аттар құрамының болдыруы жағдайында, тағы басқа себептермен Ковалевскийдің, Көлбаевтың, Звягинцевтің коммунистік отрядтары барлық (аталған) үш банда топтарын жойып жіберуге кірісуге, ұрыс жүргізуге қабілетсіз болып қалды. Барлығы бұрынғы жерлерге қайтарылды. Барлық отрядтардан 30 жауынгерлік атты әскер взводы құрылады, қалғандары таратылады. Қалған бандалар топтарын жойып жіберу чекистік шаралармен жүзеге асырылады...

Даниловский.

«Чекистік шаралармен жүзеге асырылады» дейді. Бұл қандай шаралар? Оны Қазақстан ПП ОГПУ-нің бастығы Даниловский ашып айтпайды.

Жоғарыда айтылған атты әскер взводы жазалаушылардан қашып жүрген қазақтарды тірі қалдырмады, сондарына түсіп, атып алды. Мұны арада екі күннен кейін Даниловскийдің жоғарыдағы құжаттың ізін суытпай, Мәскеуге жіберген келесі мәлімдемесі айқын көрсетіп те тұр. Мұның бір көшірмесі әдеттегідей Голощекинге жіберілген. Осы құпия құжаттан үзінді:

*Москва, ОГПУ, Ольскийге, Дьяковке, Воронцовқа.
Арал теңізі, Альшанскийге. Семей, ОГПУ,
Бак. Қарқаралы. ОГПУ, Дроздовқа*

«27 сәуірдегі мәліметтен. Алматы округі. Біріншідегі мәліметке қосымша. Қылиев бандасы қалдықтарын қуу кезінде Үшкөл көлі ауданында Ковалевскийдің отряды 8 бандитті өлтірді, бір винтовка, 15 патрон алынып қойылды, 36 отбасы, соның ішінде басшылардың отбасылары және 5000-ге тарта (олардың) малы қолға түсті. Көшпелі қазақтардың үлкен тобы бандалармен (бірге) өз еріктерімен берілу үшін теміржолға қарай жылжуда. Тұтқындалғандар Қылиевтың бандасынан Балқаш пен Қаратал өзені аралығындағы... құмдарда бөлініп қалған банда тобының бар екенін растауда.

*Даниловский
28. IV. 30 жыл¹.*

Мұнан ары қарай, стансаға кетіп бара жатқан көтерілісші қазақтардың тағдыры және солардан бөлініп қалған Қылиев бастаған көтерілісшілер тобы туралы арада екі күннен соң Мәскеуге берілген келесі жеделхат құжатта нақтырақ айтылған. Ол мынау:

*Тура сыммен.
ОГПУ өкілі арқылы
Москва, ОГПУ, Ольскийге,
Дьяковқа, Воронцовқа.
Арал теңізі, Альшанскийге.
Семей, ОГПУ, Бак. Қарқаралы, ОГПУ, Дроздовқа*

Кезектен тыс банда туралы дерек. 30 сәуірдегі мәлімет... Алматы округі. Біріншіден, Қылиев бандаларының ыдырау қарқыны күшейе түсуде. Ақсу стансасына келгендер ішінен (119/б мәліметті қараңыз) 40 бандит, үш линиялы бір мылтық, 138 патрон, бір шолақ берданка табылып, қолға түсті. Қауіпсіздерін арнайы іріктеп шыға-

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 180, 209-п.

ру және босату жүргізілуде. Соңғы мәліметтер бойынша, банданың қалдықтары 80 адамнан тұрады. Мойынқұмнан солтүстікке қарай (картада жоқ, Қаратал өзенінен шығысқа қарай 30 шақырымдай) Балқаш және Қаратал өзендері арасындағы құмда орналасқан. Осы топта Ортай Сартаев та бар (қара: 114/б).

Тексерілген бандиттер көрсеткен мәлімет бойынша, Сартаев көтеріліс алдында Қытайға, Тұрысбеков Тәңірбергенге барған (қара: 43/б). Іштей іріту және басшыларын қолға түсіру әдістерімен бандыны біржолата жою жұмыстары одан ары жүргізілуде.

Екіншіден, 114/б мәліметтің екінші тармағына қосымша Керейқұмда, Сарықұмда бандалар басшылары Үсенов Әмірхан, Көшербаев Абдулқадыр және 37 бандит ұсталды. Олардың ішінен 6 кедей тұтқындалды.

Үшіншіден, Асылбековтың (118/б мәліметтің екінші тармағын қараңыз) бандаларына қарсы шыққан мангруппа взводының отрядтары белсенді қимылдар жасады. Банданың іштен іруі күшеюде. Лепсі заставасына 302 адамнан уәкіл болып бандаға тартылған кедейлердің, орташалардың тұрақты қоныстарына қайтқылары келетінін мәлімдеген делегат келді. Байлар Қытайға кету мақсатымен кедейлерден қол үзді. Кедейлер мен орташалардың қайтып оралуына ықпал жасауға жарлық берілді.

Даниловский
30.10.30 жыл

Дұрыс: қол қойылған!

Ал енді жоғарыдағы ОГПУ мәліметіндегі қалған көтерілісшілер тағдыры немен тынды екен дегенге келсек, бұл мәселеде бір ғана ресми құжатты ұсына аламыз. Әзірге қолдағы бары осы ғана:

Тікелей сыммен.

ОГПУ өкілі арқылы

Москва, ОГПУ, Ольскийге,

Дьяковқа, Воронцовқа.

Арал теңізі, Альшанскийге.

Семей, ОГПУ, Бак. Қарқаралы, ОГПУ, Дроздовқа

Кезектен тыс банда туралы мәлімет. 7 мамырдағы деректерден. Алматы округі. Біріншіден, жүргізілген чекістік шаралар нәтижесінде Бүйен – Ақсу ауданындағы бандиттік бас көтерудің дем бе-

¹ ҚРПА. 141-к., 1-т., 2955-іс, 2-п.

рушісі және ұйымдастырушысы Бейсетай Қылиев, оның көмекшісі Шатырбай Нүсіпов және солармен бірге ішінде 9 бай бар 14 бандит ұсталды. Қылиев бандасын, олар қолға түскендіктен жойылды деп есептейміз. Белсенді басшылардың бірі Ортай Сартаев жасырынып жүр...

Даниловский.

7.V.30 жыл. Дұрыс: ВО бастығы көмекшісінің қолы қойылған (Саенко)¹.

272

Иә, Жетісу жеріндегі наразылықтар осылай талқандалды. Қазақтардың наразылығы әділетті еді, ол күштеудің, отаршылдықтың, зорлық-зомбылықтың іргетасы – сталинизмге қарсылық болатын, сондықтан осы наразылық ұлт-азаттық қозғалысына тән барлық қасиеттерге ие, деп айтуға Қазақстан тарихы әлі бара алмай отыр. Бүгін айтылуға тиісті шындықты ертеңгі күннің еншісіне қалдырмайық! Біз мұны бүгін айтпағанмен, кейінгі ұрпақ бәрібір өзінің әділетті үкімін шығарары хақ.

САРБАЗДАР (ЫРҒЫЗ) КӨТЕРІЛІСІ

Ырғыз көтерілісі 1930 жылдың 25 ақпанында Ақтөбе округінің Ырғыз ауданында басталды да, көп кешікпей-ақ көрші Арал ауданын да шарпыды. Бұл аудандарда алғашқы 6 сарбаз отрядтары құрылды. Олардың басты басшылары көп кешікпей-ақ елге де, жазалаушы отрядтарға да белгілі болды. Бұлар мына кісілер еді. Мұқантай Саматов, Исатай Сатыбалдин, қыпшақ Жұмағазы Байымбетов (1880 – 1930), Ақмырза Төсов, Лаубаев, Қабыланов, Қанаев Айжарқын хан, Төменбай Нұрлыбаев (кейбір кісілердің аты-жөнін толық анықтай алмағанымызды оқырман байқап отырған болар).

Бұлар архивтегі құжаттарда дәл осылай берілген. Ел арасында Ырғыз қозғалысына қатысқан немесе оны көзімен көрген көнекөз карттар әлі де бар болар, аталған көтеріліс басшыларының аты-жөндерін сол кісілер және аудандық, облыстық «Әділет» қоғамы алда толықтыра түсер деген үмітіміз де жоқ емес.

Көтерілістің шығу себептерін және әлеуметтік тамырын әңгіме еткенде Голощекин және ОГПУ өздерінің үйреншікті әуеніне ба-

¹ ҚРПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 306-п.

сып, оны байлар мен дінбасылары ұйымдастырған бандиттік қозғалыстар ретінде бейнелеуге тырысып бағады. Мұның айқын дәлелі төмендегі архив құжатынан да көзге ұрып тұр:

«Жедел, тура сыммен жария болмауы қамтамасыз етілсін.

Алматы, ПП ОГПУ (біріккен мемлекеттік саяси басқарманың өкілетті өкілдігі – *Т.О.*).

Қазір ғана алынған алғашқы хабарда 26/II Ырғыз ауданының №9 ауылы территориясында саны мен қару-жарағы белгісіз банда пайда болды. Банда Өрнек ПО-сын (потреб. общество болар – *Т.О.*) тонады, бөлім меңгерушісін тұтқынға алып, ауылдық кеңестің төрағасын сабап, оның іс-қағаздарын және мөрін тартып алды, оның үстіне банда егін егу науқанына барған 10 уәкілді тұтқындады. Бандаға қосылғандар және онда белсенділік танытушылар: №22 ауылдың Исатай хазіреті, №26 ауылдан Айжарқын хан, №8 ауылдан Сандыбек Қаражанов, 10, 11 ауылдардан қатысушылар белгісіз. Банданың алдағы бағыты және пиғылы анықталған жоқ. Жаңағы деректерге қарағанда, банданың негізгі күштері Қостанай округінің Жетіқара ауданындағы Қаратабан шатқалына орналасқан. Қаратабан Ырғыз ауданының 9 аулымен шектеседі, соңғысы Ырғыздан солтүстікке қарай 150 шақырым...

Дұрыс, ВО (военный округ болар – *Т.О.*) аға Уәкілі Волохов»¹.

Көріп отырмыз, ауылдарды көтергендер негізінен арабша хат танитын, діни және халықтық дәстүрлерді қызғыштай қорғайтын, сондықтан да тұрғылықты халыққа сөздері өтетін жандар. Бұл құжатта бай деген сөз жоқ екенін байқауға болады. Өйткені бұл кезде байлар тап ретінде шынында да жойылып біткен еді. Бірақ көтеріліс өрши бастаған кезде оны дінбасылардан ғана емес, байлардан да көру ОГПУ, Қазақ өлкелік партия комитеті құжаттарына тән нәрсеге айналды. Дегенмен, көтерілісті басуға қатысқан Қазақстандағы саясаттан аулақтау тұрған әскерилер алғаш көтерілістің шығу себебін әлдеқашан жойылған байлардан көруден аулақ еді.

Мысалы, осы көтерілісті басып-жаныштауға келген 8-Қызылтулы атты әскер дивизиясының командирі Евсеевтің, дивизия штабының бастығы Журавлевтің және дивизия саяси бөлімінің бастығы Шматовтың, өздерін жіберген Волга бойы әскери округі саяси басқармасының бастығына жолдаған баяндамаларында көтерілістің себептерінің ішінен, қазақ халқының діни фанатизмі және мәдени

¹ 471-іс, 2-п.

артта қалулары көшпелілік пен ұлттық шовинизм бірінші орынға қойылады¹.

Қазақ халқының онша діндар болмағаны қазіргі ұрпаққа да белгілі. Дегенмен халық ел басына күн туғанда көкірегі ояу, көзі ашық сауатты адамдардың соңынан ілесуге тырысты. Қазақ ол жылдары арабша хат танитын адамдарды молда деп танып, оларға балаларын оқытуға бергені, әртүрлі діни салт-дәстүр, мерекелерде құран оқығандары, мешіт ұстағандары, ел арасынан шыққан молда-тәуіп ретінде халықты емдеумен айналысқандары, сөйтіп, ел қадірлейтін ақсақалдарға айналғандары да рас. Жоғарыда аталған көтеріліс басшыларының біразы осындай адамдар болғанын байқаймыз.

Шындыққа жүгінсек, көтерілістің ең басты шығу себебі – күштеп ұжымдастыру екенін көреміз. Архив құжаттарында мынадай фактілер кездеседі: көтеріліс басталардан біраз бұрын Шалқар аудандық партия комитеті өзінің 1930 жылдың қаңтар айында қабылдаған шешімінде аудандағы батырақтар қожалықтарын 100 процент, ал кедейлер қожалықтарын 75 процент ұжымдастыру міндетін қойды. Егер бұл ауданда 1929 жылы бірде-бір қожалықтың әлі де ұжымдастырылмағанын ескеретін болсақ, бұл міндеттердің тым жоғары екені де түсінікті еді. Бірақ амал қанша, нұсқаудың аты нұсқау. 1930 жылдың алғашқы айларында-ақ, осы аудандағы ұжымдастырудың екпіні 54 процентке жетіп үлгерді. Дегенмен де, тіптен осыншама жылдам қарқынның өзі де Бірғыз ауданындағы ұжымдастыру көрсеткішінің шаңына да ілесе алмас еді. Өйткені мұнда аудандағы қожалықтарды ұжымдастыру 70 процентке орындалды. Күштеп ұжымдастыру кезінде адам айтқысыз сорақылықтар орын алды: малдарын зорлап тартып алып, оларды өздерінің иелерінің союына да тыйым салынды, егін екпейтін аудандардан тұқымдық астық жиналды, мал иелеріне малдарын басқаға сатуға рұқсат етілмеді, ал кімде-кім бұл тәртіпті бұзатын болса, оның сататын малы табанда кәмпескеленді.

Мұның бәрі аз болғандай, орташа мен кедейді байға, кулаққа әдейі айналдырып жіберу әдеттегі жайтқа айналды. Тұқымдық қор жасау тапсырмасын орындамадың ба? Бай-кулақсың! Астық даярлау, ет даярлау міндеттерін жүзеге асыра алмадың ба? Тағы да бай-кулақсың!.. Осылай кете береді. Жоғарыдан берілген нұсқауды орындамаған адам қоғамның қас жауы, яғни бай-кулак.

¹ 2953-іс, 3-п.

Тағы бір сорақылық: өмір бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысып келген қазаққа табан астында қисапсыз көлемді жерге «егін ек!» – деп ақылға сыймайтын бұйрық беру еді. Мысалы, Арал аудандық партия комитеті өзінің арнайы нұсқауымен бір ғана 1930 жылдың ішінде егін алқабын кеңейту жоспарын 200 процентке орындап шығу және осы жылдың көктем айларына қарай барлық қожалықтарды 65 процентке ұжымдастыру міндеттерін күн тәртібіне қойды.

Астық даярлау, ет даярлау, егін егу міндеттерінің орындалуын қадағалау үшін «жоғарыдан» келген уәкілдер қандай дәреке әрі қатыгез болды десеңізші! Құдды бәрі Голощекинді құйған қалыптан шыққандай, соның сөздерін жатқа айтады. Шетінен шаш ал десе, бас алғандай.

Жүн даярлаудағы аласапыранды айтпаңыз. Сауда Халық комиссариаты берген тапсырманы орындаймыз деп қазақ не істемеді десеңізші. Олар үстеріне киіп жүрген тондарын шешіп, оның ішкі жағындағы түгін қалдырмай қырқып алды, таразының басын басын деп қылшықтан иірілген арқандарын өткізді. Жарлы байғұс жан қысылғанда өзінің астына төсеп жүрген жалғыз киімін де үкімет адамдарына тапсырып жіберді. Жаны алқымға тығылған жарлы бай-кулак атанып кетпеу үшін қытымыр аязда онсыз да бүрсеңдеп жүрген қой мен түйенің жүндерін тып-тықыр етіп қырқып алды. Бірақ жүн жоспары бәрібір орындалмады, ал қой мен түйе суыққа үсіп қырылды.

Өмір бойы астық өсіріп көрмеген, тек мал шаруашылығымен ғана айналысып келген ауқаттылардың күні де адам айтқысыз ауыр болды. Мұны бейнелейтін мынадай нақты архив дерегі бар: Арал ауданында малшы-ауқатты семьяға, сендер байсындар деген сылтаумен тек бір ғана астық даярлау науқанында үш рет салық салды. Кәмпескелеуден қалған малын түгел сатып, астық алған ол үкімет тапсырмасын абыроймен орындап шықты. Бірақ осыдан кейін төртінші рет тағы да астық салығы салынды. Енді мұны орындап шығуға оның ешқандай мүмкіндігі де жоқ еді. Ал оны ескеретін кім бар. Оның екі жолдың бірін таңдауы – не салық төлемеген бай ретінде жер аударылуы, түрмеге қамалуы немесе наразылық білдіріп, атқа қонған көтерілісшілер қатарларын толықтыруы керек болды. Ол екінші жолды таңдады. Осындай халықты алқымнан алып, «қайдан тапсаң одан тап, қаптың түбін қақ», – деп үздіксіз қысым жасау, аталған ауданның астық даярлау жоспарын 124 процентке артығымен орын-

дап шығуына мүмкіндік берді. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі мұны табыс ретінде жоғары бағалады.

Қазақ – дін фанатигі болмаса да, иманды халық. Ізгі ниетке тәрбиелеу ошақтары болған мешіттерді халық пікірімен санаспай, әкімшілік жолмен жауып тастау, діни салт-дәстүр атаулыға жөнсіз жауығу – сол жылдардың шолақ белсенділеріне тән оспадар арсыздық еді. Бір ғана Ырғыз ауданында осындай 7 мешіт жабылып, жедел түрде жаңа құрылған колхоздардың қоймаларына айналдырылып жіберілді¹.

Жариялылық жағдайында жасыратын не бар. Шалқар және Сексеуіл теміржол стансаларында және Арал балық кәсіпшіліктерінде орыс тілділердің қазақтарға көрсеткен зорлық-зомбылықтары, ұлы державалық шовинизм көріністері архив қойнауларындағы құжаттарда ашық жазылған.

Сол жылдары социалистік қайта құруларға байланысты жаңа түсініктерді тұрғылықты халыққа дұрыстап түсіндіріп беретін белсенділер де табыла қоймады. Сондықтан да «...социализм ұғымын бірқатар адамдар жылдам, жаппай, тепе-тең бөліп алу, «коммунист» – бәрін алып қоятын адам, – деп түсінсе, «колхоз» – ұйымдасқан түрде бардан түгел айыру және көшпелі қазақты аштыққа душар ететіндей етіп бәрін ортақ қазанға шоғырландыру, – деп ұқты»².

Оның үстіне күштеп ұжымдастыруда басқа да әртүрлі асыра сілтеулер аз болған жоқ. Әрбір кезекті әділетсіздіктен кейін наразы халық табанда жиналыс өткізіп, орталарынан жасақ шығарды.

Ырғыз, Қарабұтақ, Торғай және басқа аудандарда 1930 жылдың алғашқы айларында-ақ халық жаппай атқа қонды.

Жағдай әсіресе Ақтөбе округінің Домбаровка – Қарабұтақ – Ырғыз аудандары аймағында шиеленісе түсті. 8 наурызда Орскіден оңтүстікте 110-120 шақырымдай қашықтықта Қарабұтақ ауданының 25-аулында нақты сандары анық емес, әртүрлі мәліметтерге қарағанда, 150-500 адамдай сарбаздары бар, жақсы жылқыларға мінген, қарулары бар көтерілісшілер пайда болып, олар Домбаровка поселкесіне қауіп төндірді. Домбаровка аудан орталығы болғандықтан онда халықтан зорлық-зомбылықпен жиналған 100 000 пұт тұқымдық дәнді-дақылдар бар болатын.

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ары қарай ҚРПМ). 2953-іс, 40-п.

² Сонда. 2953-іс, 41-п.

Өздері жүрген жолдарында жергілікті басшылар мен шолақ белсенділерді жаппай тұтқынға алып келе жатқан қаһарлы көтерілісшілерден қайырым күтудің өзі бекершілік деп түсінген Орск аудандық партия комитеті коммунистер мен комсомолдардан тұратын 2 қол пулеметі бар 19 адамдық коммунистік отрядты жедел ұйымдастырды. Олардың өтінішімен көрші Орынбор қаласынан 40 адамдық милиция отряды да суыт жүріп келіп жетті.

Қазақстанда күштеп ұжымдастыруға қарсы жер-жерлерде әртүрлі бас көтерулердің орын алуы Волга бойы әскери округін оларды басуға арнайы 8-атты әскери дивизиясы бөлімдерін бөлуге мәжбүр етті. Дивизия басшылығы өзінің алғашқы мәжілісін Можаровск поселкасында өткізіп, көтерілісшілер отрядтарын қалай талқандауға болатынын өзара кеңесті. Осы поселкада және Домбаровск поселкасында дивизия бөлімдерінен тұрақты гарнизондар ұйымдастырылды. Дивизия басшылығы Ақтөбеден Симонов пен Мельников басқаратын 50 адамнан тұратын атты әскер отрядын шұғыл түрде көтерілісшілер жаппай отряд ұйымдастырып жатқан Қарабұтақ ауданына жұмсады.

Бірақ Можаровский – Домбаровский – Орск араларында ат болдыртып шауып жүрген жазалаушылардың басты әскери бөлімдерін өзара байланыстырушы жаушылар, қазақтардың барлық ауылдарда атқа қонып жатқанын хабарлап, 8-дивизия бөлімдерін аяғынан тік тұрғызды. Оның үстіне Қостанай ОГПУ-нің округтік бөлімі мынадай суық хабарлар түсірді. Ырғыз ауданының №19-25 ауылдарында Подобин мен Пухтеев басқаратын жазалаушы отрядтар, құрамында 200-дей адамы бар сарбаздардың үлкен отрядымен бетпе-бет келіп қалып, қарулы қақтығысқа барды. Нәтижесінде арнайы әскери даярлықтары жоқ, нашар қаруланған сарбаздар пулемет оғынан ыға қашты, 4-і өліп, 3-і жараланды, қашып үлгермеген 61 адам тұтқынға түсті.

Жайылмадан шығысқа қарай 20 шақырымдай қашықтықтағы Ірікөл поселкесіне шабуыл жасаған сарбаздар отрядтарының бір тобы (20 адамнан тұратын) селолық кеңесті қиратып, кәперәтивтер мал-мүлкін өздерімен алып кетті. Қостанайдан Алматыға берілген ОГПУ-дің құпия хабарында мынадай жолдар бар: «Бандаға қатысушылар бас киімдеріне және иықтарына ақ таспалар жапсырып алған, 25-ауылдан (Ірікөл ауданы – *Т.О.*) кетерде ақ жалау көтерді¹. Көтерілісшілерге тойтарыс беру үшін Пуйкан басқарған 20 адамдық

¹ ҚРПИМ. 741-іс, 19-п.

әскери отряд «Максим» пулеметі бар арбамен шығып, көтерілісшілердің соңына түсті.

Ақтөбе округіндегі көтерілісшілерге қарсы шыққан әскер бөлімдерінің негізгі мақсаты – көтерілістің көрші Орынбор округіне кеңінен тарап кетуіне жол бермеу болған еді. Бірақ Қазақстанның өз ішінде әсіресе, Ақтөбе мен Қызылорда округтерінде халықтың жаппай атқа қонуы, Орынбордан арнайы жасақ даярлап, оны Шалқар – Ырғыз бағытына аттандыруды қажет етті. Сондай-ақ көтерілісшілер қатарының күн санап өсуі, жазалаушыларға дивизияның Орскіде орналасқан әскери штабының Қарабұтақ – Мамыт бағытында кем дегенде 200-ге тарта әскер ұстауы керек екенін де байқатты.

10 наурызда Орск штабы дивизия басшылығына өздерінің отрядтарының төмендегідей тәртіппен орналасқанын баяндап хабар түсірді: 170 адамнан тұратын атты әскер 2 эскадронға және мәдени взводқа бөлінді. Домбаровканы қорғауға 63 атқыш қалдырылды, сондай-ақ оларға көмекке Можарскийден 130 қылыш атты әскер жөнелтілді (45-атты әскер полкінің 1-эскадроны). Ал енді Орскінің өзінде резервке 83 атқыш қалдырылды. Жалпы алғанда, жазалаушылардың әскери құрамаларының саны 446 адам, ал олардың 300-і атты әскерлер еді.

Жазалаушыларды дүрліктіре түскен тағы бір нәрсе – әртүрлі қорқынышты лақаптардың кең тарауы еді. Мысалы, дивизия басшылығы өздерінің Орскідегі штабынан мынадай суық хабарлар алды: Айжарқын мен Саматовтың сарбаздары Ырғызды қоршап алып, оған үздіксіз шабуыл жасап жатыр екен, сарбаздар отрядтарында орыстар да бар-мыс; Айдарлы стансасынан 150 шақырымдай қашықтықтағы Широт ауданында кулактардың жаппай көтерілісі басталды.

Мұндай алып-қашты жалған хабарлардың ішінде ішінара расы да бар еді. Ол – коммунистер мен комсомол мүшелерінің көтеріліске қатысуы болатын. Қазіргі жариялылық дәуірінде Ырғыз көтерілісі коммунистерге, Коммунистік партияға қарсы бағытталды деп айту түбірінен қате болар еді. Онда біз Голощекиннің сөзін айна-қатесіз қайталаған болып шығамыз. Сарбаздар қатарында қазақ коммунистері мен комсомол мүшелерінің соғысқанын архивте сақталған ресми құжаттар да растайды¹. Яғни сталиндік-голощекиндік күштеп ұжымдастыруда партияның халық арасындағы қарапайым мүшелері де айтарлықтай азап шекті.

¹ ҚРПМ. 2953-іс, 42-п.

Орскідегі әскери штаб сардалада жортып жүрген сарбаздар отрядтарын талқандау үшін 2 арнайы отряд шығарды. Олардың бірі Малик деген адам басқарған 45-атты әскер полкінің бөлімдерінен тұрса, екіншісі Шафраняк басқарған 120 қылышты атты әскер эскадроны еді.

Соңғы отряд Бөріктау ауданында Құтансы елді мекенінен солтүстік-шығыста 40 шақырымдай қашықтықта 250 адамнан тұратын адамдардың үлкен шоғырын байқады. Аяқастынан жазалаушы отрядқа тап болған олар сасып қалып, жан-жаққа бытырай қашты. Атты, түйелі сарбаздар әп-сәтте құла дүзге сіңіп жоқ болды. Жазалаушылар небәрі 4-ақ адамды тұтқынға түсіре алды, оның біреуі ВКП (б) мүшесі болып шықты. Ұсталғандар сұраққа алу кезінде өздерінің астық даярлаудың ауыртпалықтарын талқылағандарын және Ырғыз ауданындағы көтерілісті әңгіме еткендерін, ақылдаса келе сондағы Айжарқын мен Саматовтың сарбаздарына барып қосылу туралы шешімге келгендерін жасырмай айтып берді.

Қашып кеткен көтерілісшілердің барар бағытын анықтаған Шафраняктің жазалаушылары олардың соңынан қалмай, ақыры қапыда бас салып, тағы да 43 адамды, олардың көлігін қолға түсіріп, 11 тұтқын – коммунисті босатты. Бұлар астық даярлау науқанында ерекше белсенділік танытып, халыққа тізелері батқан шолақ белсенділердің нақ өзі болатын. Ауыл-ауылдарды аралап жүрген жазалаушы отряд мүшелері жергілікті халықтың көтерілісші сарбаздарға бүйректері бұрып, тілектестік танытатынына әбден көздері жетті де, көтерілісшілер қақтығыста мүмкіндігінше қан төгуден қашқақтады.

Ал енді көтерілісшілердің қолын байлаған ең басты қиыншылық – соғысқа қажет қарудың жоқтығы еді. Олар қару сатып алудың мүмкіндіктерін үздіксіз іздестірді. Жазалаушылардың бір кездері 1916 жылы өздері патшаға қарсы көтерілген кездегі жазалаушыларға қарағанда әлдеқайда жақсы жаңа қарулармен қаруланғанын, жапан даланы басына көтеріп, сатырлай атылған пулеметтер үнінен-ақ аңғарды. Сорына қарай сарбаздар бұқарасының көпшілігі пулемет тұрмақ, винтовканы қалай ату керек екендігін де жақсы біле бермейтін еді.

Дегенмен жауынгерлік сапасы төмен бола тұрса да, ұжымдастырудың қатал саясаты қандарын қарайтқан сарбаздардың отрядтары аты шулы Ырғызға қарай тоқтаусыз ағылумен болды. Наурыздың 12-інде мұндағы көтерілісшілердің негізгі қолдарының саны 1300 адамға жетті.

Сардаланы көтерілісшілер қолының мысы басып, тағы да әртүрлі алып қашты өсектер өршіп кетті. Ауыл-ауылдарды «көтерілісшілер Торғай қаласын басып алыпты», – деген үрейлі хабар дүр сілкіндірді.

Осындай көтерілісшілер Қарабұтақ ауданында белсенділерді ұрып-соғып, селолық кеңестерді талқандап жатыр деген хабар алған жазалаушылардың Орск штабы көтерілісшілердің негізгі күштерімен бетпе-бет кездесе алмай сенделген Малик пен Шафраняктің әскерлеріне жаңа бұйрықтар берді. Алғашқысына Қарабұтақ аулына дейін бару, ал соңғысына Шалқарқара көліне желе-жортып жету және сол жерлерде жаңа бұйрықтар күту тапсырылды. Маликтің отряды Қарабұтақ аудандық атқару комитетімен байланысып, аудан территориясында Бүгілден солтүстік-шығыста 40 шақырымдай жерде көтерілісшілер жасақтары жүргенін анықтады.

Ал Айжарқын басқарған көтерілісшілердің ең үлкен, 600 сарбаздан тұратын күші Күлқамыс сайында Ырғыздан шығысқа қарай 100 шақырымдай жерде шоғырланғаны барлау мәліметтерінен белгілі болды.

Күлқамыс сайына көтерілісшілердің шоғырланатындай жөндері де бар еді. Архив құжатына сенсек, Күлқамыс сайында Жарқамыс деген көл жайылып жатты. Сайды бойлаған ит тұмсығы өтпес қалың қамыс 20 шақырымға созылды. Осы қамыстардың ортасында су жайылмайтын аралдар бар еді. Онда 28 және 29 ауылдардың қыстаулары бар болатын. Көтерілісшілер, міне, дәл осы жерлерге орын тепті. Көктемде көлдің суы көтерілгенде, бұл ара адам да, ат та өте алмайтын су жайылған мидай батпаққа айналатын. Қамыс арқылы қатынайтын өте тар екі соқпақпен ғана көтерілісшілер тұрған жерге баруға болатын еді. Сондықтан да жазалаушылар көтерілісті басуды кейінге, күн жылығанға қалдыра тұруға болмайтынын түсінді және Ырғыз отрядына 16 наурызда сағат 10-да шабуылға шығу туралы бұйрық берілді¹.

Қарабұтақ ауданының сарбаздары Айжарқынға қосылу үшін Ырғыз ауданына қарай жортып бара жатқанын, оларды Бертінбаев деген кісінің басқаратынын да тыңшылар дер кезінде жеткізді.

Осының бәрін ескере келіп, 45-атты әскер полкінің командирі Орскідегі штабтан Малик пен Шафраняк отрядтарына 13 наурызда қосымша бұйрықтар берді. Малик 65 қылышпен көтерілісшілеріне түсіп, оны талқандап, Шалқарқара көлінің айналасын олардан босатуы, ал Шафраняктің де осы бағытта қимылдап, Ырғызға Ай-

¹ ҚРПМ. 471-іс, 32-п.

жарқынға қосылуға кетіп бара жатқан Бертінбаевты 75 қылыштық отрядпен қуалап, соққы беруі қажет болды.

Жазалаушылардың және бір жақсы қаруланған күштері – 60 қылыштан тұратын Филиппов басқаратын коммунистік отряд Қарабұтаққа барар жолды қорғап ерсілі-қарсылы жортып жүрді. Айта кететін тағы бір мәселе, жазалаушылар Құтансы ауылы, Домбаровка поселкесі тәрізді ірірек елді мекендердің бәрінде 25-43 адамнан тұратын қарулы отрядтарды бекіндіріп, көтерілісшілердің оларға басып кірулеріне мүмкіндіктер бере қоймады. Бұлар көтерілісшілер қарасы көрінсе болды оқ жаудыратын. Бұйрықты орындап, орнынан қозғалған Маликтің отряды көп кешікпей-ақ Қарабұтақ ауданы жерінде, Домбаровкадан солтүстік-батысқа қарай 250 шақырымдай қашықтықта 150 сарбаздан тұратын көтерілісшілермен шайқасып қалды. Қоян-қолтық арпалыста өздерінің саны көп болғанымен, қаруларының кем түсіп жатқанын жылдам сезіп, ұйымдасқан түрде Малик отрядына тойтарыс беріп, кейін шегініп, Мамыт шатқалына барып тығылды. Ұрыс кезінде 2 сарбаз өліп, 10 адам қолға түсті.

Біздің қолымызда көтерілісшілердің бұл отрядын кім басқарғаны туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен де, әңгіме Бертінбаевтың қолы туралы болып отырған тәрізді. Мамыт шатқалына барып тығылған бұл сарбаздар Саматовтың Ырғызға қарай кетіп бара жатқан жасағына қосылған болса керек. Өйткені бұл жасақтың одан арғы тағдыры белгісіз.

14 наурызда сарбаздардың ізімен келе жатқан Шафраняк отряды жолда Қарабұтақ ауданының 16 ауылына келіп жеткен кезінде ОГПУ тыңшылары арқылы 200 салт атты Саматов сарбаздарының Домбаровканың солтүстік-шығысындағы 170 шақырымдай қашықтықтағы 9-ауылдан аттанып, Ырғызға бағыт алғаны туралы хабар алды.

Айта кететін бір нәрсе, ОГПУ көтеріліс аймақтарындағы ауылдардың бәрінде шолақ белсенділерді және басқаларды көтерілісшілерден таяқ жеп, зәбір, жапа шеккен элементтерді қармақтарына түсіріп, тыңшылық жұмысқа жеккені архив құжаттарынан да анықталып отыр.

Бірақ ат үстінен бір түспей, сарбаздардың соңынан ілескен Малик пен Шафраняктің отрядтары әбден қалжырады. Оның үстіне «Жығылғанға жұдырық» дегендей, отрядтарды азық-түліктің тапшылығы да қинай бастады. Жергілікті халықтың да оларға берері шамалы еді. Ет даярлау, астық даярлау науқандарында барынан айырылған елдің өзін де аштық жағалай бастаған болатын. Оның

үстіне әділетсіздікке наразылық білдіріп атқа қонған, азаматтарына бүйректері бұрған ауылдардың жазалаушыларға ет жүрегі езіле де қоймағаны ащы шындық.

Қиыншылықтардан хабардар болған жазалаушылардың Орск әскери штабы, Шалқар көлі – Қарала тау бағытында кетіп бара жатқан Айық көлінен солтүстік-шығыста 40 шақырымдай жерге жеткен Шафраняк отрядына және көтерілісшілермен қақтығысқан Малик отрядына 14 наурызда Құтансының 5-ауылына кейін шегініп, арттан келетін азық-түлік көмегін сол жерде күту туралы бұйрық берді. Бұл бұйрықты Шафраняк отряды бұлжытпай орындағанымен, Малик отряды байланысты жоғалтып алғандықтан, тоқтаусыз ілгері жылжи берді де, нәтижесінде арада екі күннен кейін – 16 наурызда Домбаровка поселкесінен шығысқа, Ырғыз бағытына қарай 350 шақырым жерге ұзап кетті.

Айта кететін бір мәселе, көтеріліс ауқымының Ақтөбеде ғана емес, біртіндеп Қостанай және Қызылорда округтерін кеңінен шарпуы және көтерілісшілердің басмашылық әдіспен дара-дара шағындау отрядтар түрінде әрекет етуі, жазалаушы әскердің шешуші әскери соққы беруін қиындата түсті. Осы жағдайға байланысты жазалаушыларда саны 7-ден 70-ке дейін баратын әскерлерден тұратын әртүрлі ірілі-ұсақ отрядтар түрінде қимылдар жасауға мәжбүр болды. Архив құжаттарында бұл отрядтар көрсетілген. Олар өздерінің командирлерінің фамилияларымен – Подобин, Пухтеев, Симонов, Новиков, Пуйкан, Хухарев, Озимин, Цуканов, Жалудь отрядтары деп аталды. Бұлардан басқа жазалаушылар қатарын ОГПУ-дің 62 дивизионы, Ұлттық әскери эскадрон, сондай-ақ жергілікті жерлерде ұйымдастырылған Қармақшы, Шалқар, Ырғыз, Қарабұтақ отрядтары да толықтырды. Дегенмен, бұлардың біразы өзара байланыссыз немесе жоғарыдағы Малик отряды тәрізді байланысты жоғалтып алып, бытыраңқы әрекет жасады да, көтерілісшілердің негізгі күштерін қысқа мерзімде талқандай алмады.

Әрине оларды уақыт тосып тұрған жоқ. Көтерілістің территориялық көлемі де, оған қатысушылар сандары да күн санап өсе түсті. Оның басты ошағы – Ырғыз ауданында мыңнан астам сарбаз топтасты. Олар, әсіресе, Ташкент теміржолына үлкен қауіп төндірді. Мұны жақсы түсінген жазалаушылар теміржолдағы стансаларды қорғауға да көп көңіл бөле бастады. Мысалы, Шалқар станциясына оқтан қорғайтын арнайы болат алаңша (бронеплощадка) жеткізіліп, жеке отряд бөлінді.

Жағдайдың шиеленісіп кетуіне байланысты Еділ бойы әскери округінің революциялық әскери кеңесі (Рев. военсовет) жергілікті жағдаймен жақсылап танысу үшін және Голощекин басқарған ВКП(б) Қазақ өлкелік партия комитетімен және Қазақстанның ІІІ ОГПУ-і мен (Біріккен саяси мемлекеттік басқармасының толық өкілеттігі) ақылдаса отырып, болашақ әскери қимылдарды белгілеу үшін Орынбор қаласына келді.

Осында болған әскери революциялық кеңес кеңесінде Ырғыз ауданындағы көтерілісті талқандау операциясы жоспары қаралып, оны басқаруға Евсеев деген бекітілді. Енді осы бұйрықтан үзінді келтіре кетейік:

*«8-атты әскер дивизиясының командирі
мен комиссарына
Алматы, ВКП (б) Өлкелік партия комитетіне,
Ақтөбе округтік комитетіне,
Әскери теңіз Халық комиссарына.
1930 ж. 19. III. Орынбор стансасы».*

Тыңшылар мәліметтеріне қарағанда, Саматов пен Сатыбалдин бандалары (сарбаздары деп оқыңыз – Т.О.) Кұлқамыс ауданында бірігіп, жалпы сандары 1300 адамға жеткен. Қару тасып әкелу және Ырғызға шабуылға шығуға даярлықтар жүріп жатыр.

Сізге Ырғыз – Құтансы – Торғай ауданында қимыл жасап жатқан әскер бөлімдеріне командалық етуді жедел өз қолыңызға алу және Саматов – Сатыбалдин бандаларын (сарбаздарын – Т.О.) талқандау және аталған ауданда бандитизмді жою міндетін орындауды бұйырамын.

Қимыл батыл болуы және банданың оңтүстік бағытқа ойысып, Қазалы ауданында әрекет жасап жүрген Ақмырза бандаларымен қосылып кетулеріне мүмкіндік бермеуге бағытталуы тиіс.

Операцияны саяси қамтамасыз етудің міндеті – кедей мен орташаны байдың ықпалынан шығару және бандитизм жайлаған аудандағы кеңес аппаратын нығайту. Құралдар және саяси қызметкерлер беру Ақтөбе округтік комитетінен талап етілді.

Самолеттер звеносы және штаб тобы Шалқар стансасына бүгін жөнелтіледі...».

*Әскери командашысы Базилевич
Рев. соғыс. Сов. мүшесі – Дуганов¹.*

¹ ҚРПИМ. 2953-іс, 77-п.

Осы бұйрықты алған бетте оперативтік әскерлер тобының жаңа командашысы Евсеев төмендегідей шешімдерді жүзеге асырды:

1. Барлық бытыраңқы әрекет жасап жүрген отрядтар үш ірі топқа біріктірілді. Оларды Қостанайда – Пуйкан, Қарабұтақта – Новиков, сондай-ақ Ырғызда – Хухарев басқаратын болды.

2. Көтерілісшілер отрядтарының шығысқа қарай сытылып кетулеріне жол бермейтін арнайы әскерлер тобы құрылды. Осы мақсатпен Торғай ауданына суыт түрде 120 әскерден тұратын Пуйканның отряды және полк командирі Петин басқаратын 43-атты әскер полкі мектебінің оқушылары жөнелтілді.

3. Батыстан және Солтүстіктен күтпеген жерден төтенше соққылармен Айжарқын және Саматов, сондай-ақ Сатыбалдин сарбаздарын талқандау жоспарланды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 21 наурызда Шалқардағы 38-атты артиллерия дивизионы байланыс эскадроны бөлімшесі, 44-атты әскер полкі мектебі, самолеттерімен және дивизия басшылығымен келіп жетті.

Кең дала төсінде емін-еркін жүрген ірілі-ұсақты көтерілісшілер отрядтарын мүлде талқандау үшін дивизия командованиесі тағы да жаңа отрядтар жасақтады. Олардың бірін Сидельников басқарды және оның құрамына 43-атты әскер полкі мектебі курсанттары, Қазақ ұлттық эскадроны кірді. Соңғысының 120 қылыш атты әскері және 3 пулемет орнатылған әскери арбалары бар еді. Тағы бір отрядты 44-атты әскер полкі мектебінің 90 қылыштан тұратын және 3 пулеметі бар курсанттары құрады. Ал енді соңғы үшінші отряд Торғай ауданындағы барлық ұсақ жазалаушы отрядтарды біріктірді. Оған жоғарыда айтылған Малик отряды да кірді.

Дивизия командованиесінің бұйрығын алған осы соңғы жазалаушы отряд 20 наурызда 300 сарбаздан тұратын Айжарқын мен Саматовтың жігіттеріне жолығып қалды. Соңдарынан бір елі қалмай қойған жазалаушыларға әбден зығырданы қайнап, қандары қарайған көтерілісшілер бұл жолы тайсалмады, ұрандап қарсы шапты. Бірақ сақылдаған пулемет қоян-қолтық келіп, шоқпар сілтеуге толық мүмкіндік бермеді. Көптеген сарбаздар қапыда кетті. Ұрыстан кейін талай қантөгісті көрген селеулі даланың төсінде баудай түскен 40 боздақтың денесі шашылып жатты. Олардың ішінде қол бастаған жігіттері өз орталарынан хан етіп көтерген, сондықтан да ОГПУ-дің ресми мәліметтерінің бәрінде хан деп аталатын (фамилиясы Қанаев) Айжарқын да бар болатын. Пулемет оғы қорғаған тұрақты әскер күштеріне сарбаздар төтеп бере алмай, тоз-тоз болып

тағы да қашты. Жасақтың бір қанатын басқарған Саматов жазалаушылар отрядына тередеп еніп кетіп, 38 жігітімен қоршауда қалып, амалсыздан тұтқын болды. Жазалаушылар жағынан бірнеше аттың өлгені болмаса, бірде-бір әскер шығыны жоқ.

Көтерілісшілердің Төменбай (фамилиясы белгісіз) мен Сатыбалдин басқарған 700 адамдық ірі отрядымен келесі ірі шайқас 23 наурызда, Шатыртам мекенінде №24 ауыл мешітінің маңайында болды. Бұл мекен Ырғыздан оңтүстік-батысқа қарай 100 шақырымдай қашықтықта еді. Сарбаздар бұл жолы да оқты қарша боратқан үш пулеметке қарсы шығамыз деп ауыр шығынға ұшырады. Сидельниковтың отряды асқан қатыгездік танытып, 25 шақырымға дейін жусата қырып салды. 26 сарбаз тұтқынға түсті, олардың да 6-ы жарадар еді. Мұнда да көтеріліс басшыларының бірі Сатыбалдин қайтыс болды. Жазалаушылар 70 жылқыны және 100 түйені олжалады. Аман қалған көтерілісшілер алды-арттарына қарамай, қашқан бетте Қарақұмға барып тығылды.

Жазалаушылар тағы да дін-аман қалды. Сидельниковтың отрядынан бір ғана ат өліп, бірнеше жылқы жараланды. Сөйтіп, күш тең емес қақтығыстарда Ырғыз жеріндегі сарбаздар күйрей жеңілді. Бұған, әрине, олар кінәлі емес еді.

Енді Ырғыз қозғалысының сипатын анықтайтын қысқаша қорытындылар жасалық, бұл оқырманның дұрыс пікірін қалыптастыру үшін ғана емес, халқымыздың тарихына дұрыс баға беру үшін де қажет.

Архивтегі ресми құжаттар көтерілістің негізгі басшыларын діндар адамдар етіп көрсететінін айттық. Мысалы, Мұқантай Саматов – хазірет, бұрынғы Бұхар әмірінің кеңесшісі делінсе, ал Сатыбалдин 3 бірдей мешіті бар молда, – деп жазылған оларда.

Біз бұл мәселеге байланысты өз пікірімізді жоғарыда ішінара айтып кеттік. Бірақ Саматовтың Бұхара әміріне кеңесші болғанын дәлелдейтін құжат біздің қолымызда жоқ. Бұл жерде ОГПУ органдары, Саматовтың Бұхарада діни білім алуын сылтау етіп, жала жауып отыруы да әбден мүмкін.

Өйткені ОГПУ-дің Шалқардан берген мәліметтерінің бірінде «Саматов Қостанай округінің Жітіқара ауданында туған, бірақ көптен бері Жолбөлек жайлауында, қазіргі Ырғыз ауданының 25-ауылында тұрады. Бұхарада Бұхар әмірінің сарайында алған діни білімі бар...» – деп көрсетілген¹.

¹ ҚРПИМ. 471-іс., 29-п.

Деректер көтерілісшілердің өз орталарынан хан сайлағанын да айтады.

Ханды көтерілісті басқарушы және оған дем беруші шағын топ сайлайтыны және оларға кеңесшілер бекітілетінін де архив құжаттарында жазылған.

Мұны, біздің ойымызша, теріске шығаруға негіз жоқ. Жалпы, хан ретінде, жоғарыдағы шайқаста қаза тапқан Айжарқын жиі аталады. Оның аты-жөнін толық анықтау, кім болғанын білу әзірге мүмкін болмай отыр. Мүмкін, бұл іске Ақтөбе облыстық «Әділет» қоғамы мұрындық болып, көнекөз қарттардың естеліктерін жинап, көтеріліс басшылары туралы шынайы шындықты анықтай түсуге көмек берер еді.

Біздің қолымызда бар мәліметтерге қарағанда, сарбаздар жасақтары руларына қарай құрылып, орталарынан беделді кісіні басшы етіп сайлаған. Сарбаздар жасаққа кіргенде бүкіл руымен бірге Құдайға құлшылық етіп, қасық қаны қалғанша шайқасамын деп Құран алдында ант берген¹.

Көтерілістің алғашқы кезеңінде, яғни сарбаздар жазалаушылар отрядтарымен қарулы да қанды қақтығыстарға барғанға дейін, сарбаздар әділетті талаптар қойды. Бұлар негізінен – ұжымдастыруды күштеп жүргізуді тоқтату, мешіттерді жаппау және дінді ығыстырмау болғанын жоғарыда айттық. Бірақ көтерілісшілер көп кешікпей-ақ үкіметтің бұл талаптарға кулақ асқысы да келмейтінін және бейбіт келіссөз жүргізгеннен гөрі, қоқан-лоқы көрсетіп, күшпен қорқытуды дұрыс көретінін ұға бастады. Мәселені қантөгіссіз шешуге тырысу ниетінің жоқтығы Ырғыз даласына тұрақты әскер бөлімдерін шұғыл түсіре бастаудан да көрінді. Қазақ өлкелік партия комитеті және оның басшысы Голощекин көтерілісшілермен тіл табысқаннан гөрі оларды әскери соққылармен жылдам талқандауды қалады. Көтерілісшілер талаптарында шынайы шындықты бейнелейтін талаптар бар-ау, – деп араша тұруға ешкім бата алмады. Көтерілісшілер бейнесін біржақты, «бандиттер» ретінде қабылдау – сол жылдардағы жоғарғы партия және кеңес органдарына тән өрескел қателік болғанын мойындаған жөн.

Қарапайым қазақ шаруасын, өзінің аяқастынан «бандиттер» аталуы ашындыра түсті. «Заманадан қорлық көрсең, арам кісіні аға дерсің» дегендей, наразы болып атқа қонған қазақ: «сен байсың», десіп өзара дауласып жатқанды жөн көрмеді. Олардың көбісі «дін-

¹ Сонда. 2953-іс., 46-п.

дар да болма, дінсіз де болма» деген халық қағидасын ұстанды. Сондықтан да көтерілісшілер біртіндеп: «Қазақ халқына азаттық!», «Хандық жасасын!», «Совет өкіметі дінге қысым жасайды, сондықтан ол жойылсын!» – деген тәрізді ұрандар тастай бастады.

Архив деректеріне сенсек, сарбаздар ақ жалау көтеріп жүрген және онда: «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі», – деген Құран сөзі жазылған.

Бұл жерде мынадай ойлар еріксіз туындайды: Голощекин генцидті жылдарында шектен шыққан зорлық-зомбылықты көзімен көрген, бастан кешкен қазақ шаруасы Кеңес өкіметін жақтай алатын ба еді? Әртүрлі әлеуметтік топтардан тұратын қазақ аулына ислам дінінен басқа қандай идеология түсінікті де ұғымды еді. Бұл жылдары сталинизм ұядан жаңа ғана қанат қағып, оның негіздеушісі әлі «пайғамбар» және «барлық халықтардың көсемі» бола қойған жоқ. Ал ленинизмді Сталиннің өзі бастап, Голощекинге дейін бұрмалап жатқан болатын. Сондықтан да ғасырлар бойы қалыптасып, ұлттық дәстүрлерімізге етене сіңісіп кеткен ислам дінінің кейбір элементтерінің көтерілісшілердің рухани өмірінде көрініс беруі әбден заңды нәрсе еді деп ойлаймыз.

Ырғыз көтерілісі, сондай-ақ жаппай бұқаралық сипат алып, оған әртүрлі әлеуметтік таптар мен топтар белсене қатысты. Мұны біз төмендегі мысалдан да айқын ұға түсеміз. Ырғыз ауданының 24-ауылынан атқа қонған сарбаздар қатарында кедейлер – 66, орташалар – 16, батырақтар – 7, байлар – 4, комсомол мүшелері – 7, ауылдық кеңес мүшелері – 4 адам болған болса, ал 22-ауылдан шыққан көтерілісшілер арасында кедейлер – 82, орташалар – 21, байлар – 3, молдалар – 2, комсомол мүшелері – 3 болғанын көреміз.

Яғни көтерілістің қозғаушы күші де, бастаушылары да кедейлер мен орта шаруалар еді. Ал байлар деп отырғандарымыз 1928-29 жылдардағы кәмпескелеу және ет даярлау науқандарынан кейін шын мәнінде бай болудан қалған, сөйтіп орташа мен кедейдің қатарын толықтырғандар еді. Әлі күнге дейін біз бар малын үкімет кәмпескелеп алып қойған жаңа жағдайда түгі жоқ бұрынғы бай қандай әлеуметтік категорияға жатуы тиіс екенін анықтаған жоқпыз.

Жалпы көтеріліс қорытындысын шығаратын болсақ, жазалаушы отрядтың соғыс қимылдары 1930 жылғы 8 наурыздан 23 наурызға дейін созылды. Яғни ақпанның 25-де басталған сарбаздар наразылығы біраз уақыт бейбіт сипатта болды. Әрине, Қазақ өлкелік партия комитеті және оның Ырғыз аудандық комитеті бұл күндері кө-

терілісшілермен келіссөздер жүргізе және олардың кейбір талаптар орындайтындықтарын ашық мәлімдеп, орташалар мен кедейлердің негізгі бұқарасын үгіттеп, ауылдарына қайтара алатын еді деп ойлаймыз.

Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Голощекин басқарған Қазақ өлкелік партия комитеті көтерілісті басып тастаудың бір-ақ жолын – қарулы әскер жұмсауды ғана көре алды. Үрейді үдете түскен де Ырғыз аудандық партия комитетінің өзі еді. Олар батылдық танытып көтерілісшілермен бейбіт келіссөздер жүргізу орнына Ырғызға тығылып алып, 300-дей адамды қаруландырып: «Ырғызды 3000-дай банда қоршап алды», – деп, қорқынышты дабыл қағумен болды. Шындығында, жоғарыда жазғанымыздай, Айжарқын хан мен Мұқантай Саматовтың барлық қолы 1300-дей ғана болатын, оның үстіне олар ешқашан да Ырғызды қоршаған жоқ, оған жақындағанда қарсы атылған мылтық дауыстарынан онда қарулы жасақ бар екенін байқап, кетіп қалды.

Осындай партия ұйымының батылсыз әрекеттер жасап, бүлікті қантөгіссіз басуға күш-қайрат жасамауы көтеріліске қатысқан қарапайым халыққа қымбатқа түсті. Үкімет әскері мен сарбаздар отрядтары араларында барлығы 7 рет шайқастар немесе қарулы қақтығыстар болды және оларда 300-ден астам көтерілісші өлді.

Көп пе, аз ба? – деген сұрақты қою бұл жерде артық болар. Бірақ мұндай қырғынның – көпе-көрінеу, асқан қаталдықпен ежелден азаттық аңсаған қазақ халқының мойнын қайырып, оны тізеге басудың, қарулы жазалаушының табанына таптаудың рухани зардаптарының шексіз ауыр болғаны анық. Енді халық сталинизмге қарсы бас көтеруден қалып, жігері құм болып, «қой аузынан шөп алмас», бас шұлғыған момынға айнала бастады.

Сталиннің өзі тәрізді саяси-тәрбие немесе бұқаралық үгіт жұмыстарынан гөрі күш, жуан жұдырық қолданғанды ұнататын Голощекин Ырғыз көтерілісі талқандалғаннан кейін де қазақ ауылында түсіндіру, саяси үгіт жұмыстарын жолға қоюға мән бере қоймайды. Бұған дәлел де келтіре аламыз.

Жазалаушылар командирі Евсеев Еділ бойы әскери округі саяси басқармасының бастығына жазған баяндамасында бұл туралы былай деп жазды: «...Бандалар (көтерілісшілер, – деп оқыңыз – *Т.О.*) талқандалғаннан кейін барлық таңдаулы күштерді ауылда саяси жұмыстар жүргізу үшін жіберу керек, бірақ бұл өз дәрежесінде жасалмады. Оның үстіне Ырғыздағы бандаларды (көтерілісшілерді – *Т.О.*)

талқандаған соң да аудан қызметкерлері ұзақ уақыт бойы ауылдарға баруға қорқып, Ырғызда отырып алды»¹.

Сонымен Ырғыз көтерілісі туралы зерттеуімізді аяқтай келе мынадай қорытындылар жасауды жөн көрдік:

1. Ырғыз көтерілісі Сталин-Голощекин заманындағы ресми құжаттарда көрсетілгендей, «бандиттік» немесе «контрреволюциялық» қозғалыс емес. Ол әділетсіз күштеп ұжымдастыруға қарсы бағытталған, негізгі қозғаушы күші орташалар мен кедей шаруалар болған жалпыхалықтық наразылық.

2. Сондықтан Ырғыз көтерілісі туралы «жұмған ауызды ашатын» уақыт болды. Көтерілістің өзін және оған қатысқандарды заң тұрғысынан және саяси жағынан ресми ақтау керек. Бұл істе Ақтөбе облыстық және Ырғыз аудандық «Әділет» қоғамдары жергілікті жерден бастама көтергендері жөн болар еді.

3. Ырғыз көтерілісі туралы тарихи шындықты жаңа ұрпақ – бүгінгі ұрпақ білгені, ата-бабаларының әміршілдік пен әкімшілікке, сталинизм әділетсіздігіне қасқайып қарсы тұрғанын 1930 жылғы Ырғыз көтерілісінен 1986 жылдың желтоқсан оқиғасына келіп жалғасқан халқымыздың ұлттық намысын ту етіп көтерген азаматтар рухын мақтаныш еткені жөн-ақ болар еді.

Тарихтың мақсаты – өз халқына қызмет ету десек, ұрпақтан шындықты жасырмайық. Ол оны білсін және ел намысын қорғайтын азамат болып өссін.

АҚМЫРЗА ИШАН БАСТАҒАН ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Тарихымызда Ақмырза ишан бастаған көтеріліс туралы әңгіме тәуелсіздік тұсында ғана айтыла бастады. Оның өзінде де ол туралы мәліметтер құпия қорларда жинақталғандықтан, нақты әңгімелермен қатар аңыздар қоса жүрді. Сондықтан да о бастан-ақ бұл көтерілістің тарихы бұрмаланып баяндалды. Кезінде кеңестік кезеңде ауызға алынбайтын, ал айтыла қалса, «бандиттік», «басмашылық» көтеріліс ретінде сипатталатын бұл қозғалыс туралы тарихи шындық кәсіби тарихшылардың еңбектерінде ғана көрініс бере бастады. Жоғарыда айттық, Ақмырза ишан бастаған көтеріліс осы қозғалысқа көрші аймақтардағы көтерілістер тарихы баяндалғанда да ОГПУ-дің құпия хабарламаларында оқтын-оқтын айтылып отыра-

¹ ҚРПМ. 2953-іс, 47-п.

ды. Ырғыз көтерілісі туралы мәліметтерден сондықтан да Ақмырзаның есімі кездесіп қалады.

Осыған байланысты Ақмырза ишан кім еді? – деген сауал соңғы кездері оқырмандарымызды мазалап жүр. Нақтырақ жауапты осы тақырыптан диссертациялық жұмыс қорғаған Н.С. Байқадамовтың еңбегінен табуға болады. Онда мынадай жолдар бар: «Ақмырза ахун 1881 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Қуаңдария бойында дүниеге келген. Руы – Шөмекей. ... Ақмырза ауыл молдаларының оқытқан әптиек Құранның игерген соң, 11 жасында базаршы керуенге ілесіп кетіп, Бұхара шаһарындағы Көкілташ медресесінде оқып, үздік бітірген. Болашақ ахунның бойындағы табиғи дарынды байқаған медресенің ұстаз-мүфтилері оған ислам дінінің шаһарына баруға кеңес береді. Сөйтіп, ол Стамбул діни оқуын бітіріп, 16 жылда елге оралады. Елге келген соң жергілікті халықтың көмегімен мешіт салып, Қызылқұм кемерінде отырған қазақ ауылдарының балаларының сауатын ашумен айналысады. Ақмырза ахун көші-қонмен, мал бағушылықпен күн көріп отырған халыққа адамгершілік биік парасаттылықты насихаттауға саналы өмірін сарп еткен және шариғат жолын қатты ұстаған адам»¹.

Стамбул медресесінің тәләбәсі болған Амангелді Жұмашұлының айтуынша, «Ақмырза қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданында өмір сүрген, ислам дінінің үлкен білгірі болған, өле-өлгенше хақ жолын адалдықпен тұтынып, халқының қамын ғана ойлап өткен. ... Бала кезінде құлағым шалған Ақмырзаның атын Түркияға барғанда естірмін-ау деген ой үш ұйықтасам түсіме кірсейші. Стамбул қаласында ойда жоқ жерден Мұхаммед есімді ауғанстандық қазақ азаматымен таныстым. Ол кісі үйіне апарып, отбасымен таныстырып, өзінің жүрген жолдарын, ата-анасының Ауғанстанға қалай келгенін, Сыр бойынан не себепті көшкендерін, елдің кәмпескеден көрген ауыр жағдайларын (әкесінің аузынан естігендерін) таза қазақы тілмен әңгімелеп берді. Сөз арасында мен бала кезімде әкемнен естіген Ақмырза ишанды сұрадым (әкем «ишан» дейтін, ауған қазақтары «ахун» деп атайды екен.).

– Жарықтық Ақмырза ахун ғой, біздің Ауғанстанды паналап, мұсылманшылығымызды ұстап қалуға себепші болған. Әйтпесе, кім біледі, орыстың табанында езіліп қалар ма едік, – деді ол күрсініп.

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – Алматы, 2001. – 112-б.

Біраз ойланып отырған соң: «Шыныңды айтшы, інім, Ақмырзаны сіздің елде әлі күнге жамандайды ғой», – деді. Мен шынымды айттым: «Біздің елде жамандамақ түгіл, Ақмырзаның атын ешкім білмейді ғой» – деп.

Сөйтіп Ақмырза туралы әңгіме басталып кетті. Сонау 1930 жылдарда Сыр елінде кәмпеске арты аштыққа ұласып, халық жаппай қырылып жатқан кезде, шолақ белсенділер, яғни большевиктердің ұрда-жық топас шабармандары ел үстінен күн көргендерімен қоймай, қолда бар азын-аулақ малмен жүйектегі қауындарын да тартып әкетіп, қарсыласқандарын ұрып-соғып, зорлық-зомбылық көрсетеді.

Ел басына төнген қайғы-қасіретті көзімен көріп, үнсіз, қимылсыз отыруды өзінің бойына мін санаған Ақмырза ахун: «Босқа аштан қырылғанша, өзіміздің бар екенімізді, ел екендігімізді, жоғарғы жақтағы ел билеуші «төрелерге» көрсетейік, өкіметтің назары түсіп, бізді де елеп-ескерер», – деген екен. Исләм дінінің білгірі болғандықтан, сол кездегі мешіт, медреселердің де жаппай жойылуы да себеп болған шығар, «Құраны» мен қаруын қолға ұстап, ел бастап көтеріліске шығады»¹.

Осындай мәліметтерді өзара салыстыра отырып, Ақмырза Төсовтың қандай рудан шыққанын да анықтауға мүмкіншілік болды. Оның шығу тегі мынадай: «Шөмекей – Бозғыл (Бозғұл) – Келдібай (Бозғұлдың екінші Көлдей деген әйелінен) – Үсейік (Сейін) – Бекет – Брысымбет (Бекеттің үшінші әйелінен) – Жолай – Кетебай – Таңат – Арғынбай – Төс – Ақмырза, Тоқмырза, Таймырза»².

Шежіреден байқап отырғанымыздай, Ақмырзаның әкесі Тос емес, Төс, бірақ орысша құжаттарда ол Тос болып жазылып кеткен.

Ақмырза елді көтеріліске бастауда оған «қаруымыз нашар, санымыз аз, ертең Қызыл әскерлер бәрімізді де қойдай қырмай ма? – дегендерге былай жауап берген екен: «Мен күш тең болмаса да соғысамын, орысты жеңе алмасымды білемін. Бірақ әділетсіздікке, парықсыздыққа төзіп және отыра алмаймын. Сол себепті де арымды қорғау үшін қолыма қару аламын; маған еретіндерің еріндер, мен не көрсем, соны көресіндер, ермейтіндерің бас сауғаландар күні бойы. Ертең елге әскер шыққанда, әуелі бізбен емес, жайбарақат отырған сіздермен соғысады», – деген екен. ... оның әскерінің

¹ Жұмашұлы А. Ақмырза ахун кім еді?//Ана тілі. 10 қыркүйек. Мешін жылы. – 5-б.

² Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – 112-б.; Дайрабаев Т. Кете-Шөмекей шежіресі. – Алматы, 1995.

басым көпшілігі өзінің шәкірттері болғанға ұқсайды. Бақайшығына шейін қаруланған Қызыл әскерлерге, өжет те, қайсар сарбаздарымен қарсы тұрып, аянбай шайқасқан»¹.

ОГПУ қызметкерлерінің 1930 жылғы Бірғыз көтерілісіне қатысқан Мұқантай Саматовтан қадала сұраған Қызылорда округіндегі Ақмырза Төсов бастаған көтерілісшілердің үлкен тобы туралы мәлімет жазалаушы органдардың о бастан-ақ Ақмырза бастаған наразылыққа нақты назар аударуға мәжбүр болғандарын байқатады.

292

ОГПУ құжаттарынан Ақмырзаның жазалаушы отрядтармен бірнеше рет кездесіп қалып, қанды қақтығыстарға барғанын көреміз. Осындайлардың бірін толығырақ әңгіме етелік.

1930 жылдың 14 наурызында, Москва уақытымен сағат 16.00-де Цукановтың жазалаушы отряды Қараққа жақындап қалғанда көтерілісшілер қарауылдарының үстінен кездейсоқ шықты. Қапыда қалған күзетшілердің біразы қолға түскенімен, қаруды қарманып үлгергендері өңмендеп келе жатқан жазалаушыларға оқ жаудырып састырып тастады да, аттарына қамшы басып, сытылып шығып, қыр асып кетті де, өздерінің негізгі күштеріне барып қосылды.

Бірақ дәл осы сәтте көтерілісшілер екі жақтан шабарман жазалаушыларға енгігіп қайта оралды да, көтерілісшілердің шайқаспайтынын және өз еріктерімен берілетіндерін мәлімдеді. Мұны құп көрген жазалаушылар командирі Цуканов өз адамдарымен көтерілісшілерге жақындап келді де, Ақмырзаға қысқа хат жіберді. Онда қаруды тапсыру талап етілген еді. Ақмырза бұл талапты орындайтынын, бірақ мәселені алдын ала ақылдасып жатқандарын, оқ атуды да тоқтататындарын айтты. Шынында да, Москва уақытымен сағат 17.00-де сол қанаттағы көтерілісшілер өздері тығылған қырдың тасасынан шығып, қаруларын бір жерге тастай бастады. Бірақ оңтүстік қанаттағы көтерілісшілер әлі де қаруларын қолдарында ұстап тұрды. 19.00 сағатта осы қанаттағы көтерілісшілер де хабаршы жіберіп, «соғыспай берілеміз, қаруларды алып кетуге келіңіздер», – деп шақырды. Отряд бастығы Цуканов ат басын салт аттылар тобының командирі Щубельскийге және округтік бөлімінің уәкілі Риштке бұрып, оларға көтерілісшілердің қару-жарақтарын жинап алу туралы бұйрық берді.

¹ Жұмашұлы А. Ақмырза ахун кім еді? // Ана тілі. 10 қыркүйек. Мешін жылы. – 5-б.

Цуканов өзі бастаған бұл топтың соңынан қалған отряд та көтерілісшілерге қарай қозғалды. Жақындап келгенде Цуканов қаруды тапсыру туралы тағы да ұсыныс жасады. Бұған жауап ретінде көтерілісшілер арасынан 15-тей адам бөлініп шығып: «Қазір тапсырамыз», – деп айқайлады да, төбе басынан түсіп, көзге көрінбей кетті. Біршама уақыт өткен соң, 300-дей салт атты көтерілісшілер қырқаға шықты да, суыт желіспен жазалаушыларға қол созым жер жақындап келді. Ат үстінен айналасына сақтана көз жүгірткен Ақмырза былай деді: «Біз қаруларымызды тастаймыз, бірақ сіздер де қаруларыңызды тастаңыздар, сонан соң алдағы әңгімені мешітке барып жалғастырамыз».

Ешқандай нәтиже бермеген даладағы бұл әңгіме бір сағаттай мерзімге созылды. Бірақ күтпеген жерден көтерілісшілер оқ атып, отрядқа тарпа бас салды. Жазалаушылардың біразы қару-жарақтарын тастап, кейін қашты. Жекелеген солдаттар ғана мылтық атуға үлгерді. Дегенмен отрядты қорғап қалған пулемет болды. Ол көтерілісшілердің қалың тобына оқ жаудырып, оларды баудай түсірді. Цукановтың өзін қолға түсірмек болып ұмтылған екі көтерілісші де оққа ұшты. Олардың өлі денелері шылбырмен ер-тоқымға байланғандықтан, аттар өз иелерін өздерімен бірге сүйретіп ала кетті.

Пулеметке төтеп бере алмаған көтерілісшілер ұрыс даласында кем дегенде 170-тей адамынан айырылып, кейін шегінді. Шығын жазалаушылар жағында да болды. Бірақ бұлардан небәрі төрт адам өліп, бес адам жараланды және бес адам контузия алды. Жазалаушылардағы жылқылар түгелдей дерлік қырылып қалды, ал ішінде 3700 патроны бар жүк арбасын көтерілісшілер алып кетті. Сондай-ақ көтерілісшілер арпалыста 70-ке жуық әскери винтовканы, станокты пулеметті, 15 сәтке жететін жазалаушылардың азық-түлігін де өздерімен бірге әкетті.

Түн қараңғылығы қоюланып кеткендіктен, жазалаушылар көтерілісшілердің соңына түсіп, оларды қуа да алмады. Оның үстіне оған қажетті көлік те жоқ еді.

Таң атқанда барып, яғни ұрыстың ертеңінде командир Цуканов көтерілісшілер ізімен біраз жер жүріп, жағдайды анықтай түсті. Аттан құлап мертліккен және оқ тиіп ауыр жараланған көтерілісшілер қолға амалсыз түсті. Олардың ішінде Ақмырзаның көмекшісі Досанов та бар болып шықты. Тегінде тұтқынға түскендер өз жандарынан шығарған болар, мұны олар Ақмырзаның қолын кудалауды тоқтату үшін істеулері де мүмкін, «ұрыста Ақмырза өлді» деген

мәлімет елдің бәрін елең еткізді. Тіптен жазалаушылардың оперативтік тобының бастығы Волохов бұл туралы ОГПУ-дің орталық органдарына жедел түрде хабарлап та үлгерді¹.

Бірақ арада бірнеше күн өткеннен кейін, қолға түскен көтерілісшілердің алдап соққаны анық мәлім болды. Дәл осы Волоховтың өзі Шалқар стансасынан 21 наурызда жоғарыдағы ОГПУ органдарына төмендегідей жолдары бар жаңа хабар жолдауға мәжбүр болды: «... Ақмырзаның біздің отрядпен ұрыс кезінде өлгендігі туралы мәліметтің дұрыс еместігі анықталды. Ұрыстан кейін ол шайқас орнынан оңтүстікке қарай өзінің бандасымен он шақырымға ұзап кетті... одан ары Теренкөлге қарай жылжуда... тексерілмеген мәліметтерге қарағанда оның бандасы бес жүз адамнан тұрады»².

Евсеевтің арнайы бұйрығымен енді Ақмырзаның соңына Жалудь басқаратын жазалаушы ОГПУ отряды түсті. Соңында қуғын бар екенін білген Ақмырза өзі жүріп өткен жолдардағы, құм ішіндегі құдықтарды қиратып отырды. Бұл жазалаушылардың жағдайын ауырлатып, оларды өлі далада, айнала қоршаған қып-қызыл Қызылқұм ішінде шөлден қаталатты.

Жергілікті халық – қазақтар да жазалаушы әскерге қабақ ашпай, жаулық рай танытты. Ал Ақмырзада жағдай мүлде басқаша болғанын көреміз. Әрбір елді мекеннен, шолақ белсенділерден қорлық көрген, ет даярлау мен астық даярлаудан әбден мезі болған қазақтан жолай-жолшыбай оның жасағын толықтырумен болды. Ашынған халық Ақмырза тоқтаған ауылдарда имансыз шолақ белсенділерді, үкімет адамдарын қол-аяғын матап, көтерілісшілер қолдарына тапсырды. Мұндайда көп жағдайда ауылдық кеңес төрағалары да халықпен бірге болды. Мысалы, Қазалы ауданының 7-ауылдық кеңесінің төрағасы өзінің үйінде жатқан ОГПУ уәкілі Пірімбетовты Ақмырзаның қолына осылай тапсырды.

Жалудь басқаратын ОГПУ жазалаушылары 21 наурызда ол кезде адуынды да айбарлы Сырдариядан арғы бетке өтіп алды, сөйтіп, жол көрсетушілердің жетегімен жеделдете желіп, арада бірнеше күннен кейін, дәлірек айтсақ, 26 наурызда Ақмырза жасағы жатқан жерге жақындап келді. Жалудьтың орталық штабқа, ОГПУ органдарына түсірген мәліметіне қарағанда, оқиға былай болған. Осы күні Мәскеу уақытымен таңғы сағат 8.00-де оның барлау тобы Ақмырзаның тұрағына 8 шақырымдай жақындағанда атқыланған. Суыт

¹ ҚРПМ. 471-іс, 33, 41-42-п.

² Сонда. 51-п.

хабарды іле-шала алған жазалаушы отряд атыс болып жатқан жерге жеделдете жетіп, шайқасқа араласады. Көтерілісшілер бірнеше рет өңмендеп ілгері ұмтылса да, пулеметтен жаңбырша жауған оқ нашар қаруланған оларды баудай түсірумен болды. Шокпардың заманы өтіп, жаңа соғыс техникасының заманы туғанын байғұс қазақ қайдан түсінсін. Екі жарым сағат бойы бірен-саран мылтықпен пулеметке қарсы тұрған көтерілісшілер тағы да көп шығынға ұшырап, 107 адамынан айырылды, оның үстіне 150-дейі жараланды. Олардың бірде-бірін жазалаушылар қолына қалдырмаған қазақтар асығыс түрде кейін шегінді. Қайтыс болғандардың ішінде Ақмырзаның өзі және оның төңірегіндегі үш молда, сондай-ақ қолбасы Жанұзақ Батыров және басқа көтеріліс басшылары бар болып шықты. Жазалаушылар тағы да аз шығынға ұшырады. Олардан 1 әскер өліп, коммунистік отрядтың бір мүшесі ауыр жараланды, 5 адам жеңіл-желпі жараланды, 62-дивизионынан 3 жылқы өлді.

Қанды қырғыннан түңіле қашқан көтерілісшілер ұрыс даласында 3 винтовканы, 10 пілте мылтықты, 28 бытыра мылтықты, қылыштарды, 7 револьверді, 3 дүрбіні және басқаларды тастап кетті¹.

Қазақстан ПП ОГПУ-і бастығының орынбасары Альшанскийдің қатыгез бұйрығымен ОГПУ күштері Ақмырза көтерілісшілерінің тоз-тоз болған қалдығының соңына да құныға түсті және Ақмырзаның інісі Сатырбайдың соңынан ілескен бұл топты Бөкентай тауына бара жатқан жолында талқандап тынды. Бұл ұрыста қанша адамның өлгені немесе қолға түскені белгісіз².

Қазақтың қасіретті даласы нендей сойқанды көрмегені 30-жылдардың сергелден де аласапыран текетіретестерінде қанды қырғында қанша адам қырылып, қанша адам үкіметке қарсы шыққан қылмыскер ретінде түрмеге қамалып, айдауға айдалғанын ОГПУ мәліметтері де дәлме-дәл бере алмас деп ойлаймыз. Бір ғана дала, қасиетті қазақ даласы куә бұл әділетсіздік пен зорлық-зомбылыққа! Егер тіл бітсе сол ғана қаз-қалпында етегі жасқа толып еңіреп айтар еді тарих шындығын – бұл қылмыстың нақты көлемін, жан түршігерлік жалпы ауқымын.

Дегенмен де, кейбір тарихи деректер Ақмырзаның қалай қайтыс болғанын нақтырақ әңгімелейді. Оларға қарағанда, қоршауға түскен Ақмырза қолы қашып құтыла алмасын сезіп, ұстазын айналсоқтай береді. Осындайда шәкірттеріне Ақмырза: «Маған қарайламандар,

¹ ҚРПМ. 471-іс, 139-140-п.

² Сонда. 158-п.

мен шейітпін», – дейді. Қоршаудан ең соңында өзі сытылып шығып, мешітке жетіп, құбылаға қарап, дұғасын оқып отырғанында артынан қуғыншылар да келіп үлгереді. Бірақ олар батыр молданы ұстауға бата алмай, дұға оқып отырған жерінде атып өлтіреді. Онымен қоймай, мешіт-медресесіндегі барлық көне діни кітаптарды, басқа да мүкәмаларды үстіне үйіп, өртеп, мешітті құлатып кетеді.

Осындай қайғылы оқиғадан кейін шәкірттері Ақмырзаның денесін түнде ұрлап алып, арулап жерге берген екен. Сондағы таңғалғандары: Ақмырзаның өртенбеуі... Үстіне үйген кітаптар мен айналасындағы заттардың барлығы жанып кеткенде, ахунға от тимепті. Шейіт боларынан бірнеше күн бұрын алдына алып отырған екі-үш жасар нәресте «кіш» етіп қойса керек, сол баланың зәрі тиген жері ғана жаныпты. Қалған жері сап-сау көрінеді...»¹.

Бізге жеткен деректер бойынша, Ауғанстандағы қазақтар Ақмырза туралы әртүрлі аңыздар шығарып, оның сол жақ қолы білегінен шабылып түскен кезде, қан шықпапты-мыс деп те айтады екен. Қалай десек те, Ақмырза туралы шетелдік қазақтар тек қана жақсы пікірде. Олардың айтуынша, Ақмырза ахун кезінде «Түрік иман» деген кітап жазса керек, бірақ оның қолжазбасы Ауғанстан қазақтары арасында жоғалып кеткен².

Кейбір мәліметтерге қарағанда, Ақмырзаның інісі Тоқмырза аман-есен сытылып шығып, туыстарымен бірге Ауғанстанда біраз уақыт өмір сүріп, онан әрі Түркияға өткен. Қазір Түркияда оның ұрпақтары тұратын көрінеді. Белгілі шежіреші Т.Дайрабаевтың айтуына қарағанда, Ақмырзаның інісінің Түркиядағы ұрпақтары атабаба жеріне келіп кетіпті. Ал Ақмырзаның екінші інісі Таймырзаға тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатында ол туралы нақты мәлімет сақталған. Қарақұм көтерілісіне қатысты тергеу істерінде оған байланысты мынадай жолдарды оқимыз: «Тосов Таймырза – 25 жаста, өмір сүрген жері №7 ауыл, Қазалы ауданы, Жолай руынан, сауатты, орта діни білімі бар»³.

Осы мекеме құжатында Тосов Таймырзаның тергеушілерге берген жауабында мынадай жолдар бар: «... Бұрынғы Ақмырза банда-

¹ Жұмашұлы А. Ақмырза ахун кім еді? // Ана тілі. 10 қыркүйек. Мешін жылы. – 5-б.

² Жұмашұлы А. Ақмырза ахун кім еді? // Ана тілі. 10 қыркүйек. Мешін жылы. – 5-б.

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты (ары қарай – ҚРҰҚКМ); Арх. №80-81, №31/32 іс, Тосов Таймырзаның ісі. – 1-б.

сын ұйымдастырушысы және басшысы – Тосов Ақмырзаның туған інісі болып табыламын. Әлеуметтік шығу тегі жағынан молдамын, өзімнің ағам ишан Тосов Ақмырзадан оқығанмын. 1930 жылы өзімнің ағам Тосов Ақмырза бастаған қарулы көтеріліске қатыстым. Өзімді кінәлі санаймын, бірақ бұл бандыға мен ерікті түрде қатысқан жоқпын, оған қатысуға бандылардың басшысы менің ағам Тосов Ақмырза күшпен көндірді. Көтеріліс басылып тасталған соң, бүгінгі күнге дейін қашып жүрдім...»¹.

Әрине, тергеу жұмысында Ақмырзаның інісі ағасының қайтыс болғанын анық білетіндіктен, енді өзінің қара басын сақтап қалу амалына көшкен. Сондықтан да жоғарыдағыдай өзінің көтеріліске амалсыздан қатысқаны туралы әңгімені шығарып отыр. Бұған көз жеткізу қиын емес. Тергеу істерінде Құртыбаев Жүсіптің осыған байланысты мынадай түсініктемесі бар: «Олар – Тосовтар үш ағайынды: Ақмырза, Тоқмырза және Таймырза. Олардың бәрі көрсетілген ағайындылар, діндарлар, революция болған күннен бері қарай Кеңес өкіметінің ымыраға келмес ашық жаулары болды және елдің арасында Кеңес өкіметін құлатуға шақырған контрреволюциялық үгіт-насихатты үздіксіз жүргізді.

1930 жылы көктемде наурыз айында ишан Тосов Ақмырзаның бастауымен Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырылды. Бандылардың ұйымдасқан орталығы Қареке елді мекені болды. Онда үш мың адамнан тұратын қарулы бандылар бірікті және қолдарына қару алып, Кеңес үкіметіне қарсы аттанды. Бандыларды ұйымдастыру кезінде жоғарыда көрсетілген Тосов Таймырза бандылардың басшысы Тосов Ақмырзаның бауыры ретінде көтерілісті және бандиттік қозғалысты ұйымдастыруда белсенді рөл атқарды. Ол Ақмырза ханның тікелей кеңесшісі болды және Шортан мешіт деп аталатын жерде наурыз айында болған әскери және ұйымдастыру мәжілісіне қатысты. Бұл мәжілісте Тосов Таймырза Кеңес өкіметіне қарсы «коммунистер жойылсын, хандық билік жасасын!» деген ұранмен күреске шығуға шақырды»².

Осы тергеуде Меңлібаев Мұратбай былай деп жауап берген: «... бандыны ұйымдастыру кезінде ұйымдық орталық екі бөлікке бөлінді: «Қарак» бөлігін хан Тосов Ақмырзаның өзі ұйымдастырды, екінші бөлігін «Кентүк» деген жерде, менің ойымша, Тосов Таймырза

¹ ҚРҰҚКМ; Арх. №80-81, №31/32 іс, Тосов Таймырзаның ісі. – 1-б.

² ҚРҰҚКМ. Арх. №80-81, №31/32 іс, Тосов Таймырзаның ісі. – 3-беттің келесі беті.

басқарды. Төсов Таймырза «Кентүк» контрреволюциялық ұйымын бандыны ұйымдастыруға байланысты басында тұрды. 1930 жылы 15 наурызда «Кентүктің» айналасындағы барлық мұсылман діндарларын жасырын түрде жинаған кеңесті жүргізді және көтерілістің жоспарын жасап, жиналысқа қатысқандарды қаруландырып, қырық шақты адаммен Ақмырзаның бандысына барып қосылды. Олардың Кеңес үкіметімен күресуге шақырған ұрандары мынадай еді: «Мұхаммедтің дінін қорғайық, коммунистерді жояйық». Сонымен қатар Төсов Таймырза Қареке және Ақтайлақ елді мекендеріндегі кооперативтерін ұйымдастырушы да болды»¹.

Тағы бір көтеріліске қатысушы Дүйсенбаев Өтек өзінің тергеушілерге берген жауабында бұл мәліметтерді толықтыра түсті. Ол былай дейді: «Кеңес үкіметін құлату үшін және Кеңес үкіметіне қарсы күресетін жауынгерлерді дайындау үшін Қареке және Кентүк елді мекендерінде мешіттер ашып, оған оқушыларды және мүридтерді тартып, діни оқуға ұйымдастырды. Осы бойынша партияның және Кеңес үкіметінің бағытына қарсылық көрсетті. Олардағы оқушылардың саны 300-ге тарта адам болды. ... Төсов Таймырза өзінің барлық оқушыларын жинап, біртіндеп Кеңес өкіметімен күреске дайындала бастады. Бұлардың алғашқы мәжілісі Шотан мешіт деп аталатын жерде өтті. Онда бандының әскери кеңесі құрылды. Онда Төсов Ақмырза хан болып сайланды және әскери кеңес осы жерде екі бөлікке бөлініп, алғашқы бөлігін Қарақ деп аталатын жерде Төсов Ақмырза өзі басқарды, ал екіншісін Кентүп елді мекенінде әскери қимылды дайындау үшін осында жіберілген Төсов Таймырза басқарды. Төсов Таймырза Кентүп елді мекеніндегі контрреволюциялық топтың басында бола отырып, мұсылман діндарларының жасырын мәжілісін шақырды. Осы Кентүпте 15 наурызда 1930 жылы жиналған олар Кентүп түбінде бандылардың жеке отрядын жасақтау туралы және Ақмырзаның бандысына барып қосылу туралы шешім қабылдады. Олар наурыз айының соңына қарай Ақмырза бандыларына барып қосылды... Төсов Таймырзаның бандылары талқандалған соң, ол Сырдариядағы бір аралда тығылып жатты. Осы жерде оны тұтқындады»².

Мұнан әрі Таймырзаның тағдыры қалай болғанын ҰҚКМ-ы тергеу ісінен біршама байқай аламыз. Онда мынандай құжат бар:

¹ ҚРҰҚКМ. Арх. №80-81, №31/32 іс, Төсов Таймырзаның ісі. – 5-6-66.

² ҚРҰҚКМ. Арх. №80-81, №31/32 іс, Төсов Таймырзаның ісі. – 7-8-66.

№94/к хаттамадан үзінді

Қазақстандағы ПП ОГПУ-дің жанындағы Үштіктің 1931 жылғы 3 желтоқсандағы мәжілісінен.

Тыңдалды:

Қаулы қабылданды:

14) №5856 Төсов Таймырзаны айыптауға байланысты қылмысты істердің 58/2, 59/3 баптары бойынша іс.

1. Төсов Таймырза – атылсын, мүлкі – тәркіленсін. Төсов Таймырзаға байланысты үкім оның ісімен бірге бекіту үшін ОГПУ коллегиясына жіберілсін.

299

Үштіктің хатшысы /Торопинин/¹.

Осылайша, тергеу нәтижесінде Төсов Таймырза өлім жазасына кесілді. Алайда ОГПУ құжаттары мәселенің басқаша шешілгенін байқатады. Мұны төмендегі құжаттан оқи аламыз:

«ОГПУ (соттық) коллегиясының 1932 ж. 19 ақпандағы мәжілісінің хаттамасынан үзінді

Тыңдалды:

Қаулы қабылданды:

Азамат Төсов Таймырзаны қылмысты істердің 58/2-3 баптары бойынша айыптайтын №120595 іс
ІС ССР Орталық Атқару Комитетінің 27 9/6 қаулысы бойынша қаралды.

Төсов Таймырза концлагерьге 10 жылға қамалсын. Оның қамалу мерзімі 1931 ж. 25 қыркүйектен басталсын. Іс мұрағатқа тапсырылсын.

ОГПУ коллегиясының хатшысы: қол қойылған»².

Мұнан әрі Төсов Таймырзаның тағдыры қалай болғанын осы мекеменің мұрағаттары арасынан табылған төмендегі құжаттан айқын байқаймыз:

«Қазақстан бойынша ПП ОГПУ – УСО бастығы – Алматы қаласы.

Көшірмесі: ОГПУ-дің Сиблаг басқармасының бастығына – Новосибирск қаласы.

Есеп-статистика ОГПУ коллегиясының 1932 ж. 19 ақпанда №120595-іс.

¹ ҚРҰҚКМ. Арх. №80-81, №31/32 іс, Төсов Таймырзаның ісі. – 19-б.

² ҚРҰҚКМ. Арх. №80-81, №31/32 іс, Төсов Таймырзаның ісі. – 23-б.

2 наурыз бойынша Төсов Таймырзаға арналған ерекше шешімінің хаттамасынан үзіндіні жіберіп отырмыз.

ОГПУ-дің Сиблагында тұтқында ұстау үшін Новосибирск қаласына кетіп бара жатқан алғашқы этаппен жөнелдіңіздер. Үкімді қолхат арқылы жариялап, үзіндінің қарсы бетіне жазып, түрме ісіне тігу керек. Кездесу жалпы тәртіп бойынша жүзеге асырылады»¹.

Осылайша, Төсов Таймырзаның тағдыры Новосибирск қаласында аяқталған тәрізді. Мұнан әрі оның ақталып шыққаны туралы біздің қолымызда құжат жоқ. Сондай-ақ оның тірі қалғаны туралы да қолымызда куәлік жасайтын құжаттар болмай отыр. Осыған қарағанда, ОГПУ органдары оның көзін жойған тәрізді.

Бұл көтеріліске байланысты Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағаттарында нақты мәліметтер сақталып қалғанын айттық. Олар бойынша, көтеріліске қатысушылардың басшыларынан ОГПУ үштіктерінің шешімімен 81 адам қылмыстық жауапқа тартылып, 10 адам ату жазасына кесілген, 41 адам жарты жылдан – 10 жылға дейінгі мерзімге дейін түзету лагеріне қамалды. Қазақстанның өз ішінде 6 адам жер аударылды².

АСАН РУЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

Тарихшылар Қазалы немесе Асан көтерілісі деп айтып жүрген тағы бір наразылық бар. 1930 ж. қыс-көктем айларында ет және шикізат дайындау науқандарында Қызылорда округінде әртүрлі асыра сілтеулердің орын алуы осы наразылыққа негіз болды. Бірнеше қайтара салынған астық салығын жинау, адамдарды қорлау, олардың намысына тию түрінде аса дөрекілікпен жүзеге асырылды. Осындай ахуалға қарсылық ретінде Арал және Қазалы аудандарының шаруалары барлығы 3000-ға жуық адам өкіметтің шектен тыс асыра сілтеулеріне ашық наразылық білдіре бастады. Бұлардың біразы Сырдарияның сол жағалауын мекендеген Әлім тайпасының Асан руынан шыққан азаматтар еді. Ауызекі әңгімелерде бұл көтерілістің «Асандар көтерілісі» деп жазылатыны сондықтан. ОГПУ бұл мәселеге байланысты 1930 жылдың 20 қарашасында тергеу жұмыстарын жүргізген екен. Ол мәліметтерден білетініміз, бұл қылмыс-

¹ ҚРҰҚКМ. Арх. №80-81, №31/32 іс, Тосов Таймырзаның ісі. – 22-б.

² Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1997. – 151-б.

тық іс бойынша 16 адам жауапқа тартылған екен. Олардың ішінде Иімбетов Әбдіхалық (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан – *авт.*), Еділқараев Қалымбет, Өмірбеков Мұстафа, Құрекеев Пірімбет, Мәмбетеев Насыр, Нұрымбетов Арызхан, Таңатаров Айжарқын, Қарақұлов Әбдіраман, Қонысов Жұбанған, Әлім тайпасынан Асанов Дәрмен, Әлім тайпасынан Қалыбаев Бошай, Қалдыбаев Аңсат, Машақов Жақын, Дошманов Ниязымбет, Жақыпов Сүйенішәлі және Ізімбетов Әли бар¹.

Бұл аталғандар әрине көтерілісте ерекше белсенділік көрсеткен және оның ұйымдастырушы тобына енген кісілер еді. Тарихи деректерге қарасақ, көтеріліс 22-ауылда басталған. 1930 жылдың тамыз айының соңғы күндерінде ОГПУ қызметкерлері астық салығын төлеуден бас тартқан осы ауылдың азаматтары Д.Асановты, Ж.Тілеубаевты, А.Қалдыбаевты және Б.Тілеулиевті тұтқынға алған. Азаматтарын қамауға бергісі келмеген ауыл тұрғындары келесі күні-ақ күш жұмсап, тұтқындалғандарды босатып алған. Көп кешікпей-ақ, бұл ауылға 19, 20, 21, 23, 24, 25 ауылдардың да және Қазалыға көршілес Арал ауданының кейбір ауылдарының тұрғындары да қосылып, толқуға қатысқан адамдардың қатары 1000-ға жуықтаған. Көтерілісшілер өздерінің орталарынан хан сайлап, оған 22-ауыл тұрғыны Шекті тайпасының Кішкене руынан Иман Мақсым Орынбетовты (ОГПУ деректерінде – Сырымбетов) ұсынған².

Осы тақырыпта диссертациялық жұмыс жазған Н.Байқадамов өзінің еңбегінде мынадай құжатты алға тартады. Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау науқанындағы қателіктерді және асыра сілтеулерді жөндеу үшін жоғарыдан Қазақ өлкелік комитетінен Сәрсекке деген келген. Бұл уәкілдің мәлімдемесінде мынадай жолдар бар: «Біріншіден, жоспарлар әр кедейдің, батырақтың отбасына да салынып, 5 күн ішінде салықты төлеп тұруы тиіс болған. Қамаудан, тәркіленуден қорыққан қазақ шаруалары иттерді, есектерді, түйелерді сойып, сүйектерін өткізген. Кей жерлерде сиырдың мүйіздерін қырқуға мәжбүр еткен. Екіншіден, өткізілген өнімдер үшін 1 тиын да төленбеген». Дінмен күресі кезінде де партия өкілдері солақай саясатымен тағы көзге түсті. Мешіттер тартып алынып, тұқым сақтайтын қоймаларға, кенсеге, адам қамайтын үйлерге ай-

¹ Бәкіров Ә. Зорлық пен зомбылық // Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы. Алматы, 2008. – 129-б.

² Алдажұманов Қ., Қалуов С. Асан көтерілісі // «Сыр елі» Қызылорда облысы: Энциклопедия. – Алматы, 2005. – 117-б.

налдырылды. Қазалы, Қармақшы аудандарында сыртқа көшкен бай отбасыларының салығын елде қалған кедейлер мен орташаларға бөліп салды. Ол үшін белсенділер көп ойланып жатпады. Мысалы, Қазалы ауданының ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Қайнарбаев дінге сенушілерге арнайы салық салуды енгізді. Сол ауданның 19-ауыл тұрғыны Жәлекенің екі атына және бір сиырына 112 пұт астық салығын салды. Себебі, ол кісі ел арасында сопы деген атпен танылған еді. Дәл осындай салық Жәрімбетовке де салынғанда, ол мүмкіндігі жоғын біліп, елден қашады. Алайда жұрт арасында белгілі кісінің салығын кедейлер мен орташалар өзара бөлісіп, мемлекетке толық төлеген. Сонымен бірге 1928 жылғы тәркілеуден мал алған кедейлерге де астық салығы салынды.

Осы сияқты мұнан да басқа жағдайлар қарапайым халықты коммунистер жойылсын, дін бостандығы берілсін, дінді қорғайық деген ұрандармен бас көтеруге итермеледі. Сөйтіп, қазақ халқының коммунистер тарапынан «байлар мен діндарлар, бандитизмді ұйымдастырушылар» деп аталған игі жақсылары осындай бұрмалаулар негізінде орташаларды, кедейлерді сондарынан ертіп, бас көтеруге бастады»¹.

Қолдағы бар деректерге қарағанда, көтеріліске қатысушылар ауылдарды аралап жүрген өкілдерге өздерінің ашу-ызаларын, наразылықтарын айқын білдіре бастаған. Мысалы, Алтын арық елді мекенінде жоғарыдан белгіленген 23 000 пұт астық өткізу жоспарына қарсы жергілікті тұрғындар жиналыс жасап, ашықтан-ашық қарсылық білдірген. Олар астық өткізуге шақырып сөйлеген ауылдық кеңестің төрағасы Молдабаеваның сөз сөйлеуіне мүмкіншілік бермеген және астық жинаушы өкілдерге таяқ ала ұмтылып, жиналыста арнайы хаттама жасап, ауылдық кеңестің атынан мөр бастырып, шешім қабылдаған. Осындай жиналысты Қазалы милициясының бастығы Қайыпов Нұрмахан бастаған уәкілдер тобы Қараарық деген жерде өткізуге талаптанған. Алайда мұнда да Әлім тайпасының өкілдері Асанов Дәрмен, Қалдыбаев Бошай бастаған халық жиналысқа келмей қойған. Наразылық білдіруші халық 11 тамызда 22-ауылдың Қасқа деп аталатын елді мекенінде Ақжан Ақмамбетовтің үйінде жиналып, қалыптасқан ахуалды талқылаған. Мәселеге байланысты Әбдіхалық Иімбетов (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – Алматы, 2001. – 132-б.

– авт.) , Мұстафа Өмірбеков, Насыр Мәметеев, Арзақұн Нұрымбетов және т.б. сөз сөйлеп, енді өкіметке қарсы көтерілу қажет деген шешімге келіп, жиналыста мынадай шешім қабылдаған: біріншіден, Кеңес үкіметінің астық дайындау шараларына қарсы жұртшылықты ұйымдастыру қажет; екіншіден, қалың бұқараны кеңес үкіметі барлығын жоятынына, дінді құртатынына сендіріп, оларды үгіт-насихатпен бір тудың астына жинау керек. Осыған байланысты Әбдіхалық Иімбетов (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан – авт.), Насыр Мәметеев бастаған бірқатар азаматтар жақын көрші ауылдар арасында үгіт жүргізуді қолға алған. Осындай мақсатпен 23-ауылдан Өмірбеков, Машанов, Еділқараев, 21-ауылдан Нұрымбетов, Қарақұлов, Таңатаров, Асанов, 22-ауылдан Ақмырза көтерілісіне белсене қатысушы ретінде іздеуде жүрген Сәрсенов Қыдырымбет, 24-25 ауылдардан Әлім тайпасынан Қалдыбаев Бошай, Жанқұлов, Қалдыбаев Аңсағтар белсенді жұмыстар жүргізіп, елді көтеріліске шақырған. Осындайда әсіресе, Қалетов Медетбайдың ерекше белсенділік көрсеткенін деректерден байқаймыз. Ол имам Мақсұммен тығыз байланыс орнатып, 22 тамыздағы көтерілісті ұйымдастыру жиналысында өз руластарынан ант қабылдаған. Сонымен бірге осы ауылдың маңайындағы Тоғыс руынан 100 шақты адамнан тұратын отряд жасақтаған. Қолға түскен заттармен қаруланған бұл жасақ Қалетовтың бастауымен 4 қыркүйекте болған қанды қақтығыста ерекше ұйымшылдық көрсеткен екен¹.

Әрине, жергілікті басшылардың барлығы надан және топас болды десек, асыра сілтеуге барар едік. Олардың арасында да жағдайды түсінуге тырысқан азаматтар болды. Мысал үшін 22-ауылдың партия ұйымының хатшысы Әли Ізімбетов көтерілісшілерге қосылып кетіп, 22-ауылдағы наразылыққа қатысқан². Жергілікті партия ұясының хатшысының мұндай әрекетке бару себебі оның тергеу кезінде берген жауабынан айқын байқалады. Оған қарағанда 6 тамызда Қазалы қаласынан 22-ауылға аудандық атқару комитетінің тапсырмасымен милиция бастығы Қаюпов уәкіл болып келіп, жергілікті партия және комсомол мүшелерін қатыстыра отырып, шағын жиналыс өткізген. Бұл жиналыста ол ауданнан белгіленген астық

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – 133-б.

² Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – 133-б.

дайындау жоспарымен жергілікті активті таныстырып, енді оны орындауды талап еткен. Бұл жоспарда шаруалар өкіметке 23 мың пұт астық өткізуі тиіс екендігі ашық айтылған еді. Бұл шешімге ауылдық партия ұясының хатшысы Ізімбетов Әли ашықтан-ашық қарсы болған. Оның тергеуде берген жауабында мынадай жолдар бар екен: «Үстіміздегі жылы ауданнан берілген 23 мың пұт астықты дайындау жоспарын орындауға бізде мүмкіншілік мүлде болған жоқ. Өйткені су тапшылығына байланысты көп жерлерде егін бітпей қалды. Сол себепті мен мұндай жоспармен халық алдына шығуға болмайды деп Қаюповқа ескерттім, бірақ менің ұсынысымды ол қабылдамады...»¹.

Қаюпов өзінің үгіт-насихатын басқа елді мекендерде де жүргізуге мәжбүр болса керек. 8 тамызда ол Алтын арық деген жерде 300-дей шаруаны жинап, жиналыс өткізіп, астық дайындау жоспарын орындау қажеттігін атап көрсетеді. Жергілікті жерден сөз алғандар «Үкіметке өткізетін ондай астық бізде жоқ» деп, ашықтан-ашық өздерінің наразылығын білдірген. Жанжалдың мұнан әрі қарай қалай өршігенін нақты деректерден байқай аламыз. Жергілікті халық «мемлекет кедей шаруалар тұрмысына, хал-жағдайларына дұрыс көңіл аудармайды. Керісінше, жүрек жалғап отырған астығымыздың соңғы дәніне дейін сыпырып алғысы келеді. Біз осы уақытқа дейін мұның бәріне көніп келдік, ендігі жерде ел болып, халық болып әрі қарай тіршілік ететін болсақ, бірігіп Кеңес үкіметінен қорғануымыз керек», деген. Жиналған жұрт бұл айтылған сөздерге түгелдей қосылып, өздерінің келісімін, ризашылығын білдіріп, отырған орындарынан тұрып, дауыс көтере бастаған. Бір тәртіппен өтіп жатқан жиналыстың ағымы бұзылып, соңы у-шуға айналған. Шаруалардың кейбіреулері «бар пәле осылардан» деп, ауылдық кеңестің төрағасы мен белсенділерге: «Сендер ауданға егістік жағдайы туралы дұрыс мәлімет бермегенсіңдер, сол себепті олар бізге іске аспайтын жоспар беріп отыр», – деп наразылықтарын білдірген. У-шудың аяғы ұрып-соғуға дейін барған. Бірақ Әлім тайпасынан Асанов Дәрмен және басқа ауылдың адамдары ұрыс-керісті тоқтатып, ауылдық кеңестің хатшысы Қожамұратов Нысаға 22-ауылдың тұрғындары атынан ауданнан жіберілген астық дайындау жоспарының іске аспайтыны жөнінде акті жасатып, оның көшірмесін Қаюпов арқылы аудандық атқару комитетіне жолдаған.

¹ Бәкіров Ә. Зорлық пен зомбылық // Тамыры терең, тарихы кенен – Қаза-лы. – 129-130-бб.

Келесі күні ауылдық кеңестің мәжілісі шақырылып, онда да астық дайындау жоспары қаралған. Мәжіліс мүшелері халық жағына шығып, бұл жоспарды бекітпеген. Қабылданған шешімді сол күні-ақ ауданға хабарлаған.

Осыдан кейін ауылдың адамдары шаруаларына кірісіп кеткен. Арада 4 – 5 күн өткен соң Қызылорда қаласынан ОГПУ-дің қызметкерлері Чекалин, Ықсанов және басқалары келіп, мың қаралы шаруаларды жинап, астық дайындау науқанының мән-жайын қайта түсіндірген. Бірақ жиналғандар жоспарды тағы да қолдамаған. Жиналыс біткен соң ОГПУ қызметкерлері ауылдың белсенділерімен ақылдаса отырып, «елді бұзып жүрген» Әлім тайпасынан Асанов Дәрмен, Тлеубаев Жұмаш, Қалдыбаев Аңсат және Тілеулиев Бақы деп көрсетіп, тұтқынға алған. Ертеңіне олар қаладағы абақтыға жөнелтілген. Алайда 200-ге тарта ауыл адамдары олардың соңына түсіп, тұтқындалғандарды күшпен босатып алған. Осы оқиғадан кейін кеңес үкіметінің күштеу саясатынан қауіптенген 22-ауылдың азаматтары өз беттерінше қорғану үшін ұйымдаса бастады. Олар көрші ауылдарға арнайы адамдар жіберіп, «Алты арық», «Мақпал» және «Майда көл» деген жерлерде бірнеше жиналыс өткізіп, Кеңес өкіметінің шараларын айыптап, оған қарсы көтеріліске шығу туралы шешім қабылдайды. Көтерілісшілердің ең соңғы жиналысы 2 қыркүйекте «Ханшүңгіл» деген жерде болып, онда біз жоғарыда атап көрсеткен Шекті тайпасының Кішкене руының өкілі Орынбетов Иманмақсымды хан сайлаған.

Ханға уәзір ретінде (тергеу құжаттарында екінші хан деп аталған) Иімбетов Әбдіхалық (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан – *авт.*) сайланды. Олардың басқаруымен 2 және 4 қыркүйекте 3000-ға жуық адам жазалаушы отрядпен соғысуға мәжбүр болған. Көтерілісшілер қамшы, қарапайым таяқ және шоқпар тәрізді қарулармен қаруланған. Сондықтан да жазалаушы отряд көтерілісті азғана уақыт ішінде талқандады. Көтерілісте адам шығыны болғандығы нақты деректерден белгілі болып отыр¹.

Көтерілісшілер «Егер өкімет астық талап етсе, біз қорғасын астықпен жауап береміз» деген сияқты қатал сөздер айтса керек. Алғашқы кезде көтерілісті басу үшін келген жазалаушы отрядтың адам саны 80 адамнан тұрған. Алғашқы қақтығыс Тақтакөпірде өткені байқалады. Көтеріліске қатысушы Сағидан Үмбетовтың айтуынша, көтерілісші-

¹ Бәкіров Ә. Зорлық пен зомбылық // Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы. – 130-131-бб.

лердің басқосуды көздеген жеріне жиналғандар әлдеқайда көп болған. Сырдарияның жағасында тосқауылда тұрған көтерілісшілердің барлаушылары жақсы қаруланған бір топ жазалаушы әскердің осы өзендегі Әлсейіт өткелі арқылы өтіп жатқанын хабарлады. Іле-шала көп кешікпей-ақ, әскерлер келіп қалды деген хабар келіп жетіп, халық қарсы шабуылға аттанды. Бірақ мұндай қарсылықты күтпеген отряд бірден пулеметке жабысып, оқ жаудырды. Нәтижесінде көтерілісшілердің алғы сапы қоғадай жапырылып түсті. Қызыл әскерлердің ешкімді аямайтынын байқаған көтерілісшілер амал жоқ, кейін шегінуге мәжбүр болды. Енді олар өздерінің шама-шарқын ескере отырып, жазалаушыларға елші жіберіп, бейбіт келісімге көшуді дұрыс деп санады. Көтерілісшілерден келген елші халықтың көтерілген себебі, ауыр салықтарға наразылықтан туындағанын, халықтың шын мәнінде, Кеңес үкіметіне қарсы еместігін, жағдай халыққа түсінікті болмағандықтан, түсіндіру үшін өкіл келу керек дегенді айтты. Бірақ жазалаушы әскерилер бейбіт келісім жүргізуге мүдделі бола қойған жоқ. Олар керісінше, көтеріліс басшыларын ұстап беруді және көтеріліске қатысушы халықтың 2 сағат ішінде қаруларын тапсыруларын талап етіп, ультиматум қойды. Мұндай қаталдықтың неге алып баратынын жақсы түсінген көтерілісшілер жазалаушылардың талаптарын орындаудан бас тартты. Осыдан соң жазалаушылар көтерілісті күшпен басу ісін шындап қолға алды.

1930 жылдың 6 қыркүйегінде Қазалы стансасына бас штабы Алматыда орналасқан Қазақ ұлттық атты әскер дивизионы көмекке келді. Бұрынғы жазалаушылармен қосылып алып, олар осыдан бұрынғы Сарысу, Талас, Созақ, Қарақұм, Ырғыз және Адай көтерілістерін жазалауға белсенді түрде атсалысқан еді. Осылайша, қазақтардан құралған ұлттық атты әскер дивизионы шын мәнінде, қазақтардың өзін қырып-жоюға қатысты. Жазалаушыларды рухтандыра түсуге көтерілісшілердің санының 5 мыңға жеткені туралы асыра сілтеуге негізделген дерек себеп болды. Дегенмен де, көтерілісшілерге күн санап келіп қосылғандардың саны арта түсті. Қазалы ауданындағы 21-ауылдан 160 адам ауылдық кеңестегі қызыл туды жұлып алып, Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан Орынбетовке келіп қосылды. Дәл осындай топтар, Мақпал, Қасқа елді мекендерінен, Арал ауданынан да келіп, көтерілісшілер санын толықтыра түсті¹.

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – 135-б.

Көтеріліс басшыларының ішінен Мақсұм Орынбетов ханға уәзір болған Әбдіхалық Иімбетов (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан – *авт.*) туралы арнайы деректер сақталып қалған. Ол 37 жасқа келген, бай атанғанымен, шын мәнінде, 4 ірі қарасы және кесек тамы бар қатардағы шаруа еді. Иман Мақсұмның діндар екендігін ескере отырып, зерттеушілер көтерілістің негізгі ұйымдастырушысы және басшысы осы Ә.Иімбетов (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан – *авт.*) болса керек дегенді айтады. Бұған себеп мұрағат құжаттарында Иімбетовтың атының жиі кездесуі болса керек¹.

Осы шайқастарда жергілікті көтерілісшілердің 40 адамынан айырылғаны, 14 адамының жараланғаны ОГПУ деректерінде көрсетілген. Бұл әрине, аз шығын емес. Хан сайланған Иманмақсым осы ұрыста қаза тапты. Мұнан кейінгі жазалау шаралары аса қатал болды². Көтеріліске қатысқан 98 адам тұтқындалып, 31 адамға іздеу салынды. 1931 жылдың басында ОГПУ үштігінің шешімімен 9 адам – Қалымбет Еділғараев, Әбдіхалық Иімбетов (Шекті тайпасының Кішкене руынан шыққан – *авт.*), Әбдіаман Қарағұлов, Жұбатқан Қонысов, Пірімбет Құрекеев, Насыр Мәмбетеев, Арызқан Нұрымбетов, Мұстафа Өмірбеков, Айжарық Таңатаров ату жазасына кесілді. Бұлар 1931 жылы 4 мамырда Қызылорда қаласында атылған. Құжатта Қызылорда қалалық біріккен саяси бас басқармасының бастығы Маевскийдің, өкілетті өкіл көмекшілері Маркевицтің, Агибаловтардың қол қойған актісі мұрағат қойнауында сақталып қалған екен. 1931 жылы 6 маусымда Тоғыс руын көтеріліске ұйымдастырған Қалетов Медетбай да ату жазасына кесілді. 28 кісі 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концлагерьге айдалып, 16 адам жер аударылды. Асан көтерілісіне қатынасқандардың көпшілігі жазадан қашып, Қарақалпақстанға, Өзбекстанға және т.б. жерлерге ауа көшіп кетті. Зерттеушілердің кейінгі жылдардағы сот құжаттарымен танысуы, көтерілісшілердің тергеу ісінің кезінде шала және немкетті жүргізілгенін анықтап берді. Шын мәнінде, көтеріліске қатысқандар асығыс жиналған тізім бойынша жазаланған. Қылмыстық істерді жүргізу кодексі өрескел бұрмаланып, қамауға алынған адамдарға прокурордан санкция алынбаған. Тергеу орыс тілінде жүргізілген, аудармашы іске қатыспаған. Жауап алу хат-

¹ Байкадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – 134-б.

² Алдажұманов Қ., Қалуов С. Асан көтерілісі // «Сыр елі» Қызылорда облысы: Энциклопедия. – 117-б.

тамаларында сауатсыз, қарапайым шаруа адамдарының қолы орнына сияға басқан бармақтарының ізі ғана бар екендігі анықталып отыр. Тергеуді тергеуші емес, оперативтік қызметкерлер жүргізіпті. Сонымен бірге жауапқа тартылған кісілердің кінәлары нақты дәлелдермен көрсетілмеген. Осының бәрі көтерілісшілерді айыптаудың құқықтық негіздерінің заңсыздығын көрсете түседі. Сондықтан да 1989 ж. 27 қарашада Асан көтерілісіне қатысып, жазықсыз жапа шеккендердің ісі қайта қаралып, Қызылорда облыстық прокурорының шешімімен толық ақталды. Бүгінгі күні көтеріліске қатысқандардың құрметіне Сырдария өзенінде Әлсейіт өткелі жанында ескерткіш орнатылған. Зерттеушілер әлі күнге көтеріліске қатысқан кісілердің мұнан кейінгі тағдырынан хабарсыз болып отыр¹.

ҚАРАҚҰМ КӨТЕРІЛІСІ

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері көптеген «ақтаңдақ» тарихи оқиғалардың шынайы мәні мен мазмұны ашылды. Солардың бірі және бірегейі 1930 жылы кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ ауылында орын алған оспадарлық әрекетіне ашық қарсылық – Қарақұм ұлт-азаттық көтерілісі. Кезінде оған Ұлттық энциклопедияда төмендегідей баға берген едік.

«Қарақұм көтерілісі (1930) – әміршілдік жүйеге қарсы бағытталған қозғалыс. Бұл көтеріліске Қазалы, Қармақшы, Теренөзек, Аламесек, т.б. аудандардың жеке-жеке топ болып, шаруа жайымен көшіп-қонып жүрген шаруалары қатысты. Көршілес Ырғыз, Арал, Қарсақпай аудандарының бірқатар ауылдары да осы бас көтеруге қосылды. Жаңа өкіметтің қысымына шыдамай, Қарақұмды паналаған ауылдар қолдарына қару алып, қорғануға мәжбүр болды»².

Мұрағат қойнауындағы құпия деректер көтерілісшілердің рулық-тайпалық құрамы туралы мардымсыз деректер береді. Көтеріліске қатысушылар арасында табын, алтын, қыпшақ, шөмекей, жаппас тәрізді қазақ руларының өкілдері болды. Біздің әңгімелеп отырған

¹ Алдажұманов Қ., Қалуов С. Асан көтерілісі//«Сыр елі» Қызылорда облысы: Энциклопедия. – 117-118-бб.; Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. диссертация. – 135 б.; Бәкіров Ә. Зорлық пен зомбылық//Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы. – 131-б.

² Қараңыз: Т.Омарбеков. Қарақұм көтерілісі//Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-т., – Алматы. 2003. – 588-589-бб.

мәселеміз осы көтеріліске табындардың қатысуымен тікелей байланысты болғандықтан, осыған баса назар аударуға тырыстық.

Алайда көтеріліс қарсаңында аталған рулар қанша халықты біріктіргендерін анықтау аса қиын. Ресей патшалығының кейбір деректері осыдан жарты ғасырдан бұрын бұл өлкедегі рулар сандарын көрсетіп бере алады.

«Ресей патшалығы өздерінің зерттеушілері арқылы қазақтардың санын жүз және рулар бойынша біліп отырған. Олардың деректеріне қарағанда XIX ғасырдың аяғында Кіші жүз құрамындағы Әлімұлына жататын шекті руында – 60-80 мың қазақ, шөмекей – 100 мыңнан артық, төртқара – 50-60 мың, кете – 50-60 мың, қаракесек – 20-25 мың, қарасақал – 10-15 мың қазақ болған. Кіші жүзге жататын Байұлының құрамына кіретін адай руында – 80-90 мың, байбақты – 40 мың, тана – 25 мың, қызылқұрт – 40 мың, жаппас – 50 мың, есентемір – 20 мың, алаша – 40 мың қазақ тұрған. Осы жүздің жетіруына кіретін табын – 80 мың, жағалбайлы – 70 мың, керейт – 30-35 мың, тама – 40-50 мың, телеу – 20 мың, кердері – 20 мың, рамадан – 5 мың қазақты біріктірген»¹.

Бұл мәліметтер толық емес, алайда қандай тайпаның адам саны өскелең екенін осы деректерден аңғара аламыз.

Осы жерде Қарақұмдағы халық наразылығын әңгіме етпес бұрын сәл шегініс жасап, көтерілісшілердің шоғырлану себептерінен оқырманды қысқаша хабардар етпесек болмас.

Қазақстан мен Орта Азия территорияларында бірнеше Қарақұм бар екені белгілі. Біздің айтып отырғанымыз дүниежүзіне әйгілі Түрікпен жеріндегі Қарақұм емес (оқырманның осылай ойлап отыруы да мүмкін), Арал маңы Қарақұмы. Бұл географиялық жағынан Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Шалқар теңізі көлінің оңтүстік жағында, сол кездегі Қызылорда округі территориясында орналасқан. Қарақұмда қырқалар, құм төбелер мен тақыр жерлер жиі кездеседі. Суы тұзды және ашқылтым болып келеді. Елсіз жапан, шөлді өлке. Құдықтың қайда екенін білмейтін адам шөлден қаталап, мыңдаған түйелер табаны шиырлаған қым-қиғаш соқпақтарда жолсоқты болып жантәсілім етуі де әбден мүмкін. Мұнда жол дегенің атымен жоқ, елді мекендер де кездеспейді. Бүкіл Қарақұмда ол жылдары жекелеген жер үйлер және жалғыз Сарманқожа мазары кездесетін. Бірақ Қарақұмның құм белдерінің қалың ортасында екі кеңістік бар. Оның бірі Қарауңгір сайы деген атпен белгілі болса,

¹ Сыр өңірі (Көне заманнан бүгінге дейінгі тарихы). – Алматы, 1998. – 101-б.

екіншісі – Жыңғылды құдығының айналасында. Адамға да, малға да жағдай – су және жайылым бар көтерілісшілердің де паналай алатын жерлері осы кеңістіктер еді.

Қарақұмның жаудан қашып тығылуға қолайлы осындай табиғи жағдайларымен қатар көтерілісшілерді өзіне тартатындай тарихи себеп те бар еді. 1916 жылы Қазақстанды ұлт-азаттық қозғалыстар жалыны шарпыған кезде, патшаға қара жұмысқа жігіттер бермейміз деп атқа қонған көтерілісшілер жасақтарын патша жіберген генерал Куропаткиннің әскерлері ығыстырған кезде, олар осы Қарақұмға бас сауғалап бекінген еді. Құрамында 3 драгун және 3 казак полкы бар, артиллериямен қаруланған генерал Лаврентьевтің ерекше салт атты тобы Қарақұмға малтығып, еш әрекет жасай алмаған болатын. Ортасында көл орналасқан жоғарыдағы кеңістік аймақта көтерілісшілер 1916 жылдың тамыз айынан 1917 жылдың наурыз айына дейін шыдас беріп, Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісін осында қуанышпен қарсы алғаны бар. Осы оқиғаның дәл ортасында Аманкелді Иманов бастаған көтерілістің рухани дем берушісі болған Әліби Жанкелдиннің өзі де жүрген болатын.

Қазақ даласында күштеп ұжымдастыру саясаты басталғанда тағы да ел басына күн туды. «Тозар елдің жанжалы бітпес» демекші, бай мен кедейді жанжалдастыру арқылы қазақтарды социалистік идея жетегіне жетектетіп қоя беруге болады деп біржақты ойлаған Голощекин қазақ жерінде жаңа жанжалды бастады. Түлен түрткен шолақ белсенділер оның өзінен де асып түсті. Егер патша үкіметі 1916 жылы қазақтардан солдатқа адам алған болса, ал 1929 – 1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыру науқанында голощекиншілдер «байсын», – деп қуғындап, біраз адамдарды түрмеге қамап, жер аударумен ғана шектелмей, бұқара халықтың негізгі күнкөрісі – қалың малды қоса сыпырып алды. Қазақтың соңғы тышқақ лағына дейін алып қою деген патша заманында да болмаған сұмдық қиянат еді. Сондықтан 1930 жылы күреске шыққандардың ашу-ызасы 1916 жылғылардан да күшті деуге негіз бар.

Осы мәселені зерттеуші Н.Байқадамов жергілікті деректерге сүйене отырып, былай баяндайды: «Қарақұм көтерілісшілерінің жиналуы туралы алғашқы деректер 16 наурыздан белгілі бола бастады. Арал маңы Қарақұмында Ж.Байымбетов, Д.Қараев, Қ.Жұбанов, тағы басқа шаруаларды ұйымдастырушылардың маңына Кеңес өкіметіне наразы халық жиналып, өздеріне хан сайлап, құмға көшу ақпан-наурыз

айларында күшейе түсті. Қарақұмдағы қозғалыстың аумағының күннен-күнге кеңейе түсуі билік органдарының тынышын ала бастады.

Ж.Байымбетов 1930 жылы 17 маусымдағы тергеуге берген жауабында Қарақұмдағы көтерілістің басталуы туралы былай деген: «Ақпан айында ауылда жаппай тәркілеу мен еріксіз ұжымдастыру басталды. Тәркілеуге байлармен қатар орташалар да, тіпті кедейлер де жатқызылды. Оның үстіне ауылдың белсенділері намаз, ораза және басқа діни жораларды ұстануға тыйым салды. Осының барлығы ауыл тұрғындарының арасында наразылық тудырып, аякастынан толқулар басталып, ол көтеріліске ұласты. Ашынған ел өз беттерімен бір түнде көтеріліп, Қарақұмға көшіп кетті. Жұртпен бірге мен де көштім. Арада екі күн өткен соң, Қармақшы ауданынан бізге Пейіс деген кісі келіп: «Сіздерді жоюға Қарақұмға екі жүздей қарулы отряд келе жатыр», – деп хабарлады. Мұны естіген ел жиналып, жиналыс үстінде мені өздеріне дінбасы етіп сайлады. Келесі күні-ақ келіп үлгерген отрядпен ұрысқа түстік».

Қарақұмда жаудан қорғануға екі үлкен жазық бар. Оның бірі – Қараұңгірде. Осы жерде халық «хан» атап кеткен Ж.Байымбетов сарбаздарын басу үшін БМСБ өкілдері тарапынан үлкен әскери шаралар жүргізілді. Шалқар көлінің оңтүстігінде 175 шақырым жердегі Сарманқожа мешітінде хан ставкасы тұрған.

Жалпы деректерге көз салсақ, көрші Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда округтеріндегі көтерілісшілер бір-бірімен байланыс жасауға әр уақытта дайын болған. Көтерілісшілер Жосалы, Қарсақпай арасындағы 3-4 бекет маңына мыс таситын керуендердің жүктеріне шабуыл жасаудан өз қозғалыстарын бастаған»¹.

Көтерілісшілер халыққа тізесі батқан, күштеу саясатының тікелей қолшоқпарлары болған жергілікті Кеңес өкіметі қызметкерлерін де қол-аяқтарын матап байлап, өздерімен бірге Қарақұмға ала кетті. ОГПУ-дің жоғарғы органдарға 31 наурызда жөнелткен мәліметіне қарағанда, Қарақұмдағы көтерілісшілер қолында барлығы 130 кеңес қызметкерлері бар екені анықталды. Тегінде, бұл мәліметтерді ОГПУ өзінің жансыздары арқылы алған болса керек. Кеңес қызметкерлерінің ақ-қарасын анықтаған көтерілісшілердің оларды ішінара тұтқыннан да босатқан, бірақ қашып кетпесін деп оларды өздерінің ағайын-туыстарының қолына тапсырған. Ал ел алдында шынында

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар): Тарих ғыл. канд... үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2001. – 116-б.

да кінәсі барлар, түнге қарай қол-аяқтары шынжырмен байланып, күшейтілген күзетпен ұсталған. Мұрағаттағы ресми құжаттардың бірде-бірінде көтерілісшілердің осы кеңес қызметкерлерін азаптағандары немесе атып тастағандары туралы мәлімет жоқ. Соған қарағанда, көтерілісшілер мұндай қатігездікке бара алмаса керек.

Қарақұмдағы көтерілісшілерді талқандау мәселесі 31 наурызда біржолата шешілгендей болды. Мұрағат құжаттарында сақталған мәліметтер ОГПУ қызметкерлері мен жазалаушы 8-атты әскер дивизиясын оперативтік бөлімдері басшыларының мәселені бейбіт жолмен емес, әскери соққы беру жолымен реттеуге тоқтағандарын аңғартады. ОГПУ-дің оперативтік мәліметтерінің бірінде мынадай жолдар бар: «... Қарақұм бандаларына соққы беру Голощекин жолдаспен келісілді. Қарақұмдағыларды жойған соң, тірі қалған ұйымдастырушыларды ұстап алу, қаруларды тартып алу үшін дивизионды және коммунарлар отрядтарын 6-10 күнге қалдыра тұру алдын ала көзделуде»¹.

Бірақ Қарақұмның жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қиын, ерекше табиғи жағдайы әскери операцияның орындалуын қиындата түсті. Қарақұмды жақсы білетін тұрғылықты халықпен әңгімелескенде әскерилер мынаны айқын аңғарды: құдықтар өте сирек және ескі, тазаланбағандықтан жылқыға су тауып беру мүмкін емес, сондықтан да атты әскерден бас тартуға тура келеді. Яғни отряд 100-150 адамнан аспағаны және атты әскерді шөлге төзімді 40-50 түйемен ауыстырған жөн.

Қарақұм операциясына командалық ету туралы Еділ бойы әскери округінен арнайы бұйрық алған Евсеев 30-31 наурызда Шалқардан тікелей сыммен қол астындағыларға төмендегідей бұйрықтар жөнелтті:

«Альшанскийге – Жосалыға (Жалудь, Абрамов жолдастарға)

Петинге – Ырғыз

Сидельниковке

Юльскийге – Шалқар

... ОГПУ-дің шығыс бөлімінің бастығы Дьяков жолдастың 29. 3. 30. 23.00 сағатта берген мәліметіне қарағанда, Қарақұмның солтүстік бөлігінде, Шалқар теңіз көлінен оңтүстікке қарай 45 және 70 шақырымдай және Арал теңізі стансасынан шығысқа қарай 100 шақырымда 200 салт атты Жұмағазы молда бандалары және 500 салт

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (алда – КРПИМ), 141-қ., 1-т., 471-іс, 144-п.

атты Қабыланов бандасы шоғырлануда. Округтің революциялық әскери кеңесінің телеграммасына сәйкесмаған Қарақұм құмдарындағы бандаларды талқандау тапсырылды...

Евсеев»¹.

«Тура сыммен Альшанскийге – Жосалы (Жалудь Абрамов жолдастар үшін) Петинге – Ырғыз, Сидельниковке (Шалқар – Ырғыз жолында мотоциклмен тапсырылсын), Юльскийге – Шалқар
30. 3. 30. 4 – 00

Колонна бастықтарына ерекше нұсқаулар:

313

1. Барлық артық нәрсе тендермен алынсын және доңғалақты керуенмен, адамдармен, аурулармен және жылқылармен бірге Ырғызға, Шалқарға, Абрамовқа – №4 бекініске жөнелтілсін.

2. Бандамен кездесіп қалған жағдайда барынша соңынан қалмай қудалау керектігі есте болсын. Соққыны банда қайда болса, сонда беру керек.

3. Барлық колонна бастықтарына пункттерде көрсетілгендер бойынша әрекет етуге толық ерік беріледі. Қимылдар тек қана батыл болулары және салт аттылар шабуылымен аяқталуы тиіс.

4. Бандалармен ешқандай келіссөз жүргізуге болмайды (астын сызған біз – Т.О.), егер келіссөздер жүргізу туралы өтініштер жасаса талап етілсін: а) қарулар тапсырылсын және ұйымдастырушылар мен басшыларды алып келсін, банданың кетіп қалмауына мүмкіндік бермеу үшін ультиматум мерзімі өте қысқа.

5. Түнеуге жатқанда аса сақ болған жөн.

6. Әрбір 8 сағат сайын мәлімдеп отыру керек, бұл үшін қазақ ауылдарындағы кедейлерді жедел пошта жұмысына тартып, пайдаланған жөн.

7. Операция аяқталған соң теміржол стансасына шығу керектігі есте болсын.

8. Көзделген мақсат туралы бөлімдердегі ОГПУ уәкілдерімен келісе отырып әртүрлі жалған өсек-аянды мүмкіндігінше көбірек тарату ескерілсін, оларды таратуда, нақтырақ айтсақ, жеке құрамның неғұрлым сөзуар бөлігін пайдаланған жөн. Сауға сұрағандар өлтірілмесін және тұтқынға түскендер мен өлтірілгендердің заттарын пайдалануға тыйым салынсын.

9. Соғыс олжасын колонна бастығы тағайындаған комиссия қатал есепке алады.

¹ ҚРПИМ. 141-қ., 1-т., 2953-іс, 81-п.

10. Өздеріңізбен жеңіл жараланғандарды бірге алып жүресіздер, ауыр жараланғандарды жақын маңдағы елді мекендерге жөнелтесіздер.

Подполковник Евсеев».

«Тура сыммен хат түрінде ОГПУ-дің жауапты кезекшісін шақыру арқылы

Көшірме өте құпия

314

Брғыз ерекше топтары отрядтарына бұйрық

Шалқар стансасы № 32...31 март, 1930 ж.

1. Ақмырза бандасы талқандалды.

Қарақұм құмдарында Жұмағазы молданың және Қабылановтың барлығы 700-900 салт атты бандалары шоғырлануда.

2. Бандаларды талқандау үшін бұйырамын:

а) № 1 колоннаға – колонна бастығы ПП ОГПУ-дің аға инспекторы Гущин жолдас құрамында ОГПУ-дың 62-дивизионы, Абрамовтың 43-атты әскер полкі взводы – барлығы 120 қылыш, 5 пулемет, 5. 4 (сәуір – Т.О.) № 4 бекіністен солтүстік-батыста 70 шақырым Қаракөл бұлақ қабірін бастапқы бекініс ету керек. 6-7. 4 (сәуір – Т.О.) құдықтар бойымен бандаларға кездескенше қозғалып, солтүстік-батыс бағытынан соққы беру және шығыс бағытқа қарай банданың шегініп кетуін болдырмай тастау қажет.

б) № 2 колонна. 43-атты әскер полкі мектебінің бастығы жолдас Сидельников құрамында 43-атты әскер полкінің мектебі, 65 қылыш, 3 пулемет, 5. 4 (сәуірде – Т.О.), Сапақ стансасының солтүстік-батысында 90-100 шақырым Мұзбел сайына қозғалуы керек. Міндет – бандалардың оңтүстік бағытқа шегінуін болдырмай тастау.

в) № 3 колонна. Бастығы 45-полк командирі жолдас Петин. Құрамы 45-атты әскер полкі және ұлттық атты әскер эскадроны, тек таңдаулы жылқыларға мінген 120 қылыш, 5 пулемет, 5. 4 (сәуірде – Т.О.) № 22 ауылға бекініп, 7. 4. (сәуірде) оңтүстіктен соққы беру міндетін орындасын.

Барлық колонналар бандаларды Сукұдық қыратында қоршауға алуға ұмтылсын.

3. Банданы талқандаған соң, барлық колонналардың жақын теміржол стансаларына оралуы керек.

4. Колонна бастықтары бандалар қайда қашса да, қандай бағытқа кеткеніне қарамай, әрқайсысының жеке-жеке іздеріне түсулері керек.

5. Менің резервім дивизияның байланыс мектебі – Сапақ стансасы, осы жерден Жолқұдық құдығына телефон байланысын орнатады.

6. Саяси міндеттер дивизия саяси бөлімі бастығының нұсқауында айтылған.

7. 4 сәуірде сағат 12-ден бастап, менің штабым Жусалы стансасы.

8. Мәлімдеме әрбір 8 сағат сайын. Мәлімдейді: бірінші колонна № 4 бекініс арқылы, үшінші колонна Ырғыз арқылы Шалқар стансасынан.

9. Оперативтік пункттер бастықтары:

1) Шалқар стансасында – 43-атты әскер полкі эскадронының командирі жолдас Семенчук.

2) № 4 бекініс – ПП ОГПУ-дің орынбасары жолдас Альшанскийдің жарлығына сәйкес бағынады.

3) Сапақ стансасы – дивизияның байланыс эскадронының командирі жолдас Юльский.

4) Ырғыз – басшылар құрамындағы адамдар 45-полктің командирі жолдас Петиннің қол астында.

Подполковник, 8-Қызылтулы атты әскер дивизиясының командирі және әскери комиссары Евсеев.

Дивизия штабының бастығы Журавлев...»¹.

Жазалаушылар штабына ОГПУ тыңшылары арқылы түсіп жатқан хабарлар 31 наурызда Қарақұмға бекінген көтерілісшілердің санының 500-700 салт аттыға жеткендерін үсті-үстіне растаумен болды. Бұларды талқандайтын жазалаушылар күштері үш колоннаға бөлінді. Олар Арал теңізі станциясында түсіріліп, бұйрықты орындауға кірісіп кетті.

Көтерілісшілердің шындығында да жалпы саны 700-900-ден аспағанын және олардың өте нашар қаруланғанын архив құжаттары дәлелдеп отыр. Сукұдық қыраты көтерілісшілердің басты күштері шоғырланған жер болды да, ал көтеріліс басшыларының ставкасы Сарманқожа мазарына орналасты.

Жазалаушылардың жобасы бойынша Қарақұм көтерілісшілерімен шешуші шайқас 6-7 сәуірде болуы тиіс еді. ОГПУ және тұрақ-

¹ ҚРПИМ,141-к., 1-т., 2953-іс, 81-п.

ты әскер бөлімдері күштерінен басқа коммунистік отрядтар құру да қызу қолға алынды. Мысалы, Қарсақпайда көтерілісшілерге қарсы күресетін 1 пулеметі бар, 60 салт аттыдан тұратын осындай отряд ұйымдастырылды.

Ал енді осы күндері, яғни жазалаушылар Қарақұмдағы көтерілісшілерді әскери күш қолдану жолымен ғана талқандау әрекетіне қызу кірісіп жатқан кезде Голощекин және ол басқарған Өлкелік партия комитеті қандай пиғылда болып, нендей шешімдер қабылдады деп ойлап та отырған болар оқырман. Бұған нақты жауап біздің ойымызша, әлі ешбір жерде жарияланбай, осы уақытқа дейін құпияланып келген ВКП(б) Қазақ өлкелік партия комитетінің 1930 жылы 5 сәуірде шақырылған бюро мәжілісінің қаулысы береді. Осы қаулының ықшамдалған нұсқасын оқырман назарына ұсынамыз:

«Тыңдалды: Ауылдағы шаруашылықтық – саяси шаруалар туралы.

Қаулы етілді: Қазақ өлкелік партия комитеті қарауында бір қазақ ауылындағы бірқатар көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы саяси және шаруашылық жағдай туралы мәліметтер, соңғы жылдары қазақ партия ұйымының дұрыс саясатының және жұмысының негізінде (бөліп көрсеткен біз – Т.О.) кеңес, партия және шаруашылық құрылыстарында қол жеткен жетістіктердің төмендеу қаупін туғызған үлкен қолайсыздықтардың орын алғанын айғақтайды.

Мұндай жағдай мынаның нәтижесі:

а) соңғы жылдарда партия ұйымының (астық даярлау және егін егу науқандарына байланысты) ауылдағы партия, кеңес және шаруашылық құрылысына көңіл бөлуді әлсіретіп алуы;

б) Өлкелік комитет қажеттігін әрқашан көрсетіп отырған, қазақ ауылы ерекшеліктерін ескерудің қажеті жоқ болуы;

в) астық даярлауда, тұқым жинауда, жүн даярлауда және мешіттерді әкімшілікпен жабуда партия нұсқауларын бұрмалау;

г) сондай-ақ әсіресе партия нұсқауларын тікелей бұзудың көрінісі болып табылатын осы аудандарды ұжымдастыру, жүргізудегі шектен тыс бұрмалаулар.

Кейде байлардың, дін басылардың және атқамінерлердің арандатулары болып табылатын осы барлық бұрмалауларды соңғылар партияның және Кеңес өкіметінің саясатын сенімсіздендіру үшін, орташалардың және тіптен кедейлердің жекелеген топтарын партияның және Кеңес өкіметінің шараларына қарсы бас көтерулерге тарту үшін пайдалануда.

Өлкелік комитет партия ұйымдарының назарын соңғы кездерде орын алған барлық кемшіліктер мен бұрмалауларды жедел жөндеуге және ауылшаруашылық және саяси жағдайларын жоғары дәрежеге көтеруге жұмылдыру қажет деп санайды.

Осыдан келіп, өлкелік комитет қаулы етеді:

1) Көшпелі мал шаруашылығы аудандарында жаппай ұжымдастыру және басым көпшілігі әкімшілік қысым немесе ұжымдастыру міндеттерін қате түсіндіру негізінде құрылған колхоздардың өмір сүрулеріне және дамуларына қазіргі кезеңде ешқандай жағдайлар жоқ.

2) Жартылай көшпелі аудандарда көпшілік жағдайда жоқтың қасы болып отырған социалистік қайта құруға қажетті алғышарттар жасалғанша, округтік комитеттерді екі апталық мерзімде өзінің дамуы қажетті, шын мәнінде, прогрессивті өндірістік негізі бар колхоздардың (суландыру, шөп шабу, өндіріс құралдары және т.б.) азғана бөлігін сақтай отырып, өмір сүре алмайтын және әкімшілік қысыммен құрылған колхоздар жүйесін жою жағын қайта қарастыру, оларды көператив бірлестіктердің қарапайым түрлеріне көшіру міндеттелсін.

Қосалқы егіншілік бар және мұндайлар кеңейтілулері мүмкін, жартылай көшпелі аудандарда тек еріктілік негізінде, өндіріс құралдарын қауымдастырмайтын, жерді бірігіп өңдейтін қарапайым серіктер ұйымдастырылсын.

...5) Округтарда аудандық атқару комитеттері жандарынан, аудандық атқару комитеттері, прокуратура және атқару комитеті өкілдерінен тұратын, егін егу науқандарына және ұжымдастыруға байланысты болған барлық әкімшілік және сот сипатындағы қуғын-сүргіндерді тексеруге арналған комиссиялар құрылсын және олардың ішіндегі кедейлер мен орташаларға қолданылған барлық заңсыздықтар алынып тасталсын.

Округтік комитеттерге кәмпескелеу жағдайында орташалардан кәмпескеленгендерін оларға жедел қайтарып беру ұсынылады. Байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеуге арналған мөлшерді байға қалдырып, байлардан алынған малды артта қалған колхоздарға беру керек.

6) Бірқатар аудандарда орын алған асыра сілтеулер жоспарлаудағы қателіктердің нәтижесі екенін ескере отырып, халық комиссарлары кеңесі жүн даярлауды, ет даярлауды, тағы басқаларды даярлауды, сондай-ақ мал жөнінде шарт жасасуда жекелеген аудандар сататын товар артықшылығына сәйкестендіруді жолға қойып, қайта қарау ұсынылсын.

7) Мешіттерді халықтың басым көпшілігінің шынайы келісімінсіз Қазақстан Орталық Атқару комитетінің мақұлдауынсыз әкімшілікпен жауып тастауға жол берілмесін.

8) Қателіктер мен бұрмалаушылықты жою жөніндегі жартылай көшпелі аудандардағы шаруашылықтарды көтеруге байланысты шаралардың барлығы байларға қарсы батыл күреспен жалғасып, ауылдардағы батырақ-кедей орташалар бұқараларын осыған батыл жұмылдыру арқылы байларға арналған экономикалық қысым түріндегі жұмыстар ұштастырыла жүргізілсін.

9) Округтік комитеттерге батырақтар мен кедейлердің жұмыс сапасын көтеріп, олардың одағын орташалармен нығайтуды қысқа мерзімде атқаруға қол жеткізу, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда бұқаралық жұмыстарды батыл түрде қайта құру ұсынылсын. Нақтырақ айтсақ, барлық органдарда «Кедей» және кедейлер топтарының одағын нығайту, барлық бұқараны кеңестік кәперативтер ұйымдарына тарту және олардың қоғамдық рөлін көтеру керек.

10) Жауапты қызметкерлерден құрылған комиссиялар Қарқаралы округіне жолдас Исаевтың бастауымен, Алматыға жолдас Орымбаевтың бастауымен, Оралға жолдас Ерназаровтың бастауымен, Қызылордаға жолдас Жүсіпбековтің бастауымен жіберілсін...

*ВКП(б) Өлкелік комитетінің хатшысы Голощекин*¹.

Оқырман байқап отырған болар, қаулының соңғы 13 пунктінде республиканың жауапты жұмыстардағы қызметкерлері Қазақстанның 4 ірі округтеріне жіберіліп отыр. Өйткені осы округтерде сәуір айының басында атқа қонған халық әлі тізгін тартпай өршіп барады. Ал оны басып тастауға Голощекиннің әскери қуаты жетпей, тіпті бар әскерінің өзі (сырттан келген 8-атты әскери дивизиясы, Орта Азия әскери округі бөлімшелері, Қазақстан әскери комиссариаты қарулы күштері, ОГПУ бөлімшелері және т.б.) Қарақұмға тереңдеп еніп, бекініп алған көтерілісшілерді қалай аламыз деп бас қатырып жатыр еді.

Осындай қиын күндерде Қазақ өлкелік партия комитеті қатты састы. Ол жоғарыдағы қаулыдан да көрінеді. Солай бола тұрса да арысыз Голощекин күштеп ұжымдастыру саясатындағы кемшіліктерге өзі басқарып отырған өлкелік партия комитетінің кінәлі екенін көпекөрінеу мойындамай, ол «дұрыс саясат» жүргізіп отыр дегенге саяды. Барлық асыра сілтеу мен бұрмалауларға оның ойынша әлдеқашан алдындағы малынан айырылған байлар және дінбасылар, сондай-ақ,

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2927-іс, 40-п., 2-п.

өлкелік комитет тапсырмалары мен нұсқауларын дұрыс орындамай отырған жергілікті кеңес және партия басшылары айыпты.

Сондай-ақ бұл қаулы «үй ортасына шала тастама, сөз ортасына жала тастама» деген қағидамен ғасырлар бойы тәрбиеленген ісі қазақты өзара қырқыстырып, кедейді байға ашық айдап салып, екеуін де меншіктен айырып, жұпыны жұрт қатарына қосуға, ал жалпы қазақ баласын діншілдерге арандатып, күллі қазақты түгел имансыз етуге бағытталған, яғни Сталиннің тап күресі идеясын қазақ ауылына енгізуге арналған еді.

Дегенмен, бұл қаулының қазақ ауылында орын алып отырған ауыр да азапты саяси ахуалды, амал жоқ, мойындағанын да аңғармауға болмас. Мұнда көптен бері құпияланған қазақ ауылындағы шындықтың шеті амалсыз шықты. «Шынайы сөз не күйінгенде шығады, не сүйінгенде шығады» деген осы да.

Бірақ Қарақұмнан және Қазақстанның әртүрлі округтарынан Голощекинге күнде тікелей сым арқылы түсіп жатқан төтенше хабарлар қазіргі саясатқа халықтың жаппай наразы екенін, алда әлі халық бұқарасының жаңа бас көтерулері болу қаупінің күн санап күшейіп келе жатқанын ашық аңғартты.

Зерттеуші Н.Байқадамов қалыптасқан ахуалды былай баяндайды: «Осындай стихиялы толқулар кезінде Жұмағазының көмекшілері Алтабеков, Әлмағанбетов отрядтарының Жосалының солтүстік-шығысында 120 шақырымдай жерде 23 винтовкамен көшіп-қонып жүргені туралы хабар 20 наурызда берілген. Осындай хабар негізінде Голощекиннің және республика БМСБ басшыларының өтініші бойынша Аралға, Жосалыға Ырғыз көтерілісін басуда үлкен «тәжірибе» жинақтаған 8-кавалериялық дивизияның арнайы бөлімдері жеткізілді. Дивизияның бір полкының штабы Орынборда, қалған екі полк – Орскіде, Троицкіде орналасқан еді. Соңғы екеуінен арнайы топтар құрылып, жергілікті комотрядтармен бірлесе отырып, Қарақұмдағы көтерілісшілерді жазалауға дайындық жүргізіле бастады. Сонымен қатар, оңтүстік, оңтүстік-шығыстан шөлейт дала арқылы Орта Азиялық Әскери округтің күштері жылжыды. Жазалау шараларына негізгі басшылықты 8-кавалериялық дивизия командирі Евсеев, Қазақстан БМСБ бастығының орынбасары Альшанский бірлесіп жүргізді. Қарақұмдағы толқуды басу мәселесі 31 наурызда «бандиттерге» қарсы шабуыл екі бағытта жүргізіледі деп шешілді. Жазалау отрядтары үш колоннаға бөлінді. Бірінші колонна, бастық болып БМСБ-ның аға инспекторы Гуцин бекітілді.

Оған қарамағындағы БМСБ-ның 62-дивизионының 64 адамымен, Абрамовтан берілген 44 қызыл әскер және 35 коммунарлармен 2 «Максим» пулеметімен қаруланып, Қаракөл құдығына жылжуға бұйрық берілді. Бұл отрядтың мақсаты – 4-бекеттің солтүстік-батысына қарай 30 шақырымға жорыққа шығып, көтерілісшілердің шығысқа қарай шегінуіне мүмкіндік бермеу. Екінші колоннаны 43-атты әскер полкі мектебінің бастығы Сидельников бастады. Бұл колоннаға Шалқардан шығып, Арал қаласының оңтүстігінде 20 шақырым жерден түсіп, Сапақ стансасының солтүстік-шығысында 145 шақырым жерде орналасқан Жолқұт құдығына шығу тапсырылды. Үшінші Петин басқаруындағы отрядқа 8-кавалериялық дивизионның 80 жауынгерімен, кавалериялық дивизияның 40 әскерімен 5 пулемет алып Бірғыздан 22-ауылға шығып, 5 сәуірде барлық колонналармен бірге операцияны бастау жүктелді. Қарақұмдағы шабуыл Голощекинмен келісіліп, Қызыл әскерлерге көтерілісшілерді соңына дейін қудалау қатаң тапсырылды.

Жоғарыдан түскен бұйрыққа байланысты көтерілісті басқаннан кейін отрядтарға оншақты күнге дейін сол жерлерде Кеңес өкіметін қалпына келтіру міндеттелді. Оларға негізінен БМСБ өкілдері басшылық етті. Қарақұм операциясына басшылық етуге Еділ бойы Әскери округінің бұйрығымен подполковник Евсеев бекітілді. Ол кісіге тапсырылған жұмыс мазмұны төмендегі құжатта көрсетілген:

*«Альшанскийге – Жосалыға (Жалудь, Абрамов жолдастарға)
Петинге – Бірғыз Сидельниковке
Юльскийге – Шалқар*

...БМСБ-ның Шығыс бөлімінің бастығы Дьяков жолдастың 1930 жылғы 29 наурыздағы мәліметіне байланысты Қарақұмның солтүстік бөлігінде Шалқар көлінен оңтүстікке қарай 45-70 шақырымдай, сонымен бірге 200 салт аттылармен Жұмағазы молда бандалары және Қабыланов басқарған 500-дей салт атты бандалар шоғырлануда. Округтің Революциялық әскери кеңесінің жеделхатына сәйкес маған Қарақұм құмындағы бандаларды талқандау тапсырылды».

Альшанскийдің 8-кавалериялық дивизионның командиріне жолдаған жеделхатында Жосалының солтүстік-шығысында 120 шақырымда орналасқан Мойынқұмда Жұмағазы басқарған 500-дей адамнан құралған банда жүр деген хабарламасы кездеседі. Алайда бұл маңда ондай жер аты жоқ. Бұл аймақтың картасын қарап салысты-

ру арқылы Қарақұмдағы Жұмағазы басқарған қарсылықтың нақты орналасқан жері Арысқұм деп алу қажет деп ойлаймыз. 1930 жылы 25 наурызда Сидельников 500-дей адамды жинақтаған Жұмағазы ставкасы Арал қаласының шығысына қарай 300-350 шақырым жердегі Қаруңгірде орналасқан деп хабарлайды. Қарсақпай-Жосалы мыс тасымалдау керуендеріне алғашқы шабуыл 3-4 бекет маңында болды десек, аталған үш нүктенің түйісетін жері – Арысқұмның іргесінде болмақ.

Кейінде бұрын қабылданған үш колоннаға өзгеріс енгізіліп, екінші колоннаға 3 «Дегтяров» пулеметі мен 100 адам қосымша көмекке жіберілді. Қосымша Торғай отрядына көтерілісшілердің солтүстік бағытта өрбімеуі немесе шегінбеуі үшін барлау жұмыстарын күшейту тапсырылды. Сонымен қатар, Арал теңізі, Қазалы стансаларында коммунистік отрядтар жасақталып, барлық үш колонна 3-4 сәуірде Қарақұмға бет алды. Дивизия штабы 4 сәуірде Шалқардан Жосалыға ауыстырылып, кейін байланысқа ыңғайлы делініп, Арал теңізі стансасына көшірілді. Бандалардың шығысқа, солтүстік-шығысқа шегінуінен қауіптеніп, Қарсақпайдан Бармас жолдастың командирлігімен 1 пулеметпен қаруланған 60 атты коммунарлар отрядын сақадай сайлап дайын қойды. Бұл отрядтың алдына Қарсақпайдан солтүстік-батысқа қарай 70 шақырым жердегі Кенжарық ауданында көтерілісшілерді оқпен қарсы алу мақсаты қойылды.

Осындай ірі «соғысқа» дайындықтан кейін Гушин отрядының 5 пулеметпен қаруланған екі взводы 1930 жылдың 4 сәуірінде сағат 15-те 4-бекеттен солтүстік-батысқа қарай 60 шақырым жердегі Қаркөл бұлаққа қарай аттанды. Сидельников сол күні сағат 12-де Арал теңізі стансасынан түсіп, екі сағаттан кейін Килікті (Киікті – *Н.Б.*) құдығына, одан әрі бұйрық бойынша Мүзбелге бағыт ұстады. Петин отряды да жоғарыдан түскен бұйрықты орындауға таңғы сағат 5-те белгіленген ауданға бет алды. Қазақстан Орталық Атқару комитетінің «күштеу жолы – партия мен үкіметтің жолы болып табылмайды», – деген үндеуі жоққа шығарылып, өздерін-өзі алдап жүрген Қазақстан басшыларының әскерилермен қосылған Қарақұмдағы қанды жорығы басталып та кетті»¹.

Ауылдағы ауыр саяси жағдайды қолдан және бақылаудан шығарып алудың аса қауіпті екенін түсінген Голошекин арада бір апта өтпей жатып тағы да жедел түрде бюро мәжілісін шақырды. 1930 жылдың 12 сәуірінде өткен бұл мәжілісте тағы да қазақ ауылындағы

¹ Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы. – 116-118-бб.

жағдай талқыланды. Бюро мүшелері алғаш Голощекиннің, одан соң Қазақстан ПП ОГПУ-нің бағыты Даниловскийдің мәлімдемелерін тындады. Сөйлегендердің екеуі де халық наразылығының күн санап күшейіп келе жатқанын жасырған жоқ. Голощекиннің ұсынысымен жиналғандар төмендегідей қаулы қабылдады.

Қаулыда былай делінген: «Қазақ шаруаларын егін егуге ұжымдастыруда аса көп қателіктер жіберілген. Мұны байлар шебер пайдаланып кетіп, қиындап тұрған ауыр жағдайдағы саяси ахуалды күрделендіре түсті. Өлкелік партия комитеті осы жағдайларды ескере келіп, қаулы етеді:

1) Шиеленіс аса күшейген ауылдарға Өлкелік партия комитеті бюро мүшелерінен бірқатар жетекші қызметкерлер мен өлке белсенділері партия саясатын түсіндіріп, орын алған қателіктерді жөндеу, орташа кедей бұқарасын байлар ықпалынан толық босатып алып, оларды байларды арандатуларға қарсы топтастыру үшін суыт жөнелтілсін.

Ауылға жіберуге мына жолдастар бөлінсін: Ерназаров, Тәтімов, Беков Б., Жүсіпов, Жанкелдин, Сейфуллин, Байдәулетов, Жандосов, Тыспаев, Арыстанов, Мүсірепов, Оспанов, Көшембаев және Телеаев.

2) 20 ақпандағы Орталық комитет қаулысымен және осы жылдың 5 сәуіріндегі Өлкелік комитеттің ауылшаруашылықтық шаралар туралы қарары негізінде округтік комитеттерге 1-пунктте көрсетілген жұмыстарды жүргізу үшін таңдаулы қазақ белсенділерін жедел түрде ауылдарға жіберу ұсынылсын.

3) Қазақстан Орталық Атқару комитетінің үндеуі негізінен қабылдансын. Исаков және Жанкелдин жолдастарға бұл үндеуді қалың бұқараға түсінікті қазақ тіліне түсіру тапсырылсын.

4) Голощекин жолдастың «Партияның ұжымдастыруға және кулактар мен байларды тап ретінде жоюға байланысты ауылдағы саясаты» мақаласы толықтай мақұлдансын.

ВКП(б) Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекин»¹.

Оқырман байқап отырған болар, сонау 1929 жылдың қыркүйегінен алғаш Тактакөпірдегі (Қарақалпақстанда, ол кезде Қазақстанның құрамында болатын) және Сырдария округіндегі Бостандықта басталып, онан соң басқа жерлерге көптеп таралған күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылықтарын қарулы күшпен басуға

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2927-іс, 40-п., 2-п.

әбден құнығып алған Голошекин енді шындап ойланды. Азаттық сүйгіш қазақ «халқына қарсы жүзу – ағысқа қарсы жүзу екенін», халықтан бөлініп қараң қалған ол, амал жоқ, мойындады, сөйтіп елді үгіттеу арқылы да өз саясатын қорғап қалуға барлық мүмкіндікті пайдаланды. Ол жоғарыдағы қаулының үшінші пунктінде көрсетілген үндеуді халық арасына жедел таратуды өзі қадағалады. Айта кететін бір нәрсе, бұл үндеу Голошекин нұсқауының жемісі бола тұрса да, қазақ халқына арналғандықтан, Голошекиннің айтқанын екі етпейтін елгезек Елтай Ерназаровтың (сол кездегі Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы) есімімен ел арасына таратылды.

Сол жылдардағы саяси ахуалдан толығырақ хабардар ету үшін осы үндеудің мұрағат қойнауынан алынған толық тексін оқырманға ұсынамыз:

Барлық батырақтарға, кедейлерге және орташаларға!

Қазақтың еңбекші халқының қанын ішкен байлар мен атқамінерлерге Кеңес мемлекетінің саясаты ұнамайды. Біртұтас ауылшаруашылығы салығының ауыртпалығы, жақсы, жарамды жерлерді алып қою, жартылай феодалдардың мүліктерін кәмпескелеу ауылдағы таптық саясаттың күшейе түсуі байларға жебедей қадалды.

Социалистік құрылыс өрістеп, кедейлер орташалармен одақтасып, колхоздарға бірігуде. Кең қанат жайған тап күресі ретінде мүлде жойылуына алып келді. Бұл шаралар байлардың жанын алқымға келтірді және ол ажал аузындағы жантәсілімді сезді. Сондықтан да байлар Кеңес өкіметі жүргізіп жатқан науқанға қарсы жанкешті шаралар қолдануда. Егер бұрын арандаған өсек-аянды өрістеткен болса, енді ол Кеңес өкіметіне қарсы ашық бас көтерулер жолына түсті. Сіздердің араларыңызда бүлдіру жұмыстарын жүргізіп, осыған колхоз құрылысындағы жекелеген қателіктерді пайдалануда және Кеңес өкіметі партиялық және кеңестік шараларды орындауда қателіктер мен бұрмалаулар жіберген адамдарды жауапқа тартып жатса да, олар осы қателіктерді **өкіметтің және партияның әрекеті ретінде көрсетуде** (бөліп көрсеткен біз – *Т.О.*).

Партия колхоздарды зорлап ұйымдастыру туралы мәселені ешқашан қойған жоқ, **күштеу жолы партия мен үкіметтің жолы болып табылмайды** (бөліп көрсеткен біз – *Т.О.*), ал мұның саяси сауатсыз және жеңіл ойлы қызметкерлер жасауда, мұндайлармен өкімет аяусыз күрес жүргізеді.

Сіздің ауданыңызда байлар Кеңес өкіметінің жақында құлайтындығы, жаңа тәртіптер ұйымдастыру туралы және сол тәртізді арандатушы өсек-аяндар таратуда және кедейлер мен орташалардың бір бөлігінің олардың ықпалына түскені де байқалып отыр, оның үстіне байлар бұл жағдайды өздерінің контрреволюциялық мақсаттары үшін кеңінен пайдалануда. Бұл сіздердің өкімет жүргізіп жатқан шаралардың мәнін түсіне қоймағандарыңызды ғана көрсетеді. Байлар ықпалына түсу және олардың арандатушы өсек-аяндарына сену арқылы Сіздер өздеріңізге үлкен зиян келтіресіздер, оған өздеріңіздің де көздеріңіз айқын жете бастады. Егер сіздер дер кезінде ақылға келмесеңіздер және өздеріңіздің байлармен бірге бас көтерудеріңізді тоқтатпасаңыздар, онда өздеріңіздің шаруашылықтарыңызға зиян келтіресіздер, әсіресе Сіздер мұнымен өздеріңіздің алдарыңызда тұрған егін егу науқанына үлкен зиян келтіресіздер, сондай-ақ, осылайша байлардың ойындағыны орындап, халық шаруашылығын күйретесіздер.

Сондықтан да Кеңестердің Қазақ Орталық Атқару комитеті Сіздерді байлардың іс-әрекеттеріне қарсы бірігуге және қарсы тұруға, олардың ықпалына түспеуге, керісінше жалпы күшті мемлекетке көмек беруге, біріктіруге шақырады. Осылайша Сіздер еңбекші табынан шыққандарыңызды, шындығында да, іс жүзінде дәлелдеп бересіздер.

Мұнымен қатар, сіздердің өздеріңізде өкімет органдарына бүлдіру жұмыстарын жүргізіп жүрген, көтерілістерді басқарып жүрген және басқарған сол **байларды ұстап беруге тиіссіздер** (бөліп көрсеткен біз – *Т.О.*).

Байлардың алдауына түскен кедейлер мен орташаларды өкімет қуғындамайтын болады.

Олардың алданып қалғаны және олардың еңбекшілерден шығу тегі өкімет назарынан тыс қалмайды.

Енді халықтың қалыпты өмірін бұзған және шаруашылыққа зиян келтіруші байларға ешқандай аяушылық болуға тиіс емес.

Сөзден іске көшіңіздер және егін егумен айналысыңыздар.

*Қазақ Орталық Атқару комитетінің төрағасы
Ерназаров Елтай¹.*

Оқырман байқап отырған да болар, үндеу басынан аяғына дейін байларға қарсы жазылған. Онда байларды байлықтан айырып, кедейлер қатарына түсірумен Кеңес өкіметінің қанағаттана қоймай-

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 220-221-п.

тыны, түпкі мақсат – оларды түп-тамырымен мүлде жойып жіберу екені айқын көрсетілген. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген халық мақалы бәлкім, осы жылдары шыққан болар, ата-бабадан қалған дәулетті 1928 жылдан бері қарай өкіметке амалсыз тапсырып, өздері де шын мәнінде 1930 жылы кедейлер қатарына қосылған әрі жер аударылған байғұс байлар бәрібір қудалаудан құтыла алмады. Архив қойнауынан алынған фактілер жергілікті жерлердегі наразылықтарды шын мәнінде байлар емес, халық сөзін тыңдайтын, артынан рулы ел ілесетін батыл да қайсар ақсақалдар мен жігіттердің басқарғанын байқатады. Соған қарамастан, жоғарыдағы үндеу көтерілісшілерден – көтерілістерді басқарып жүрген байларды ұстап беруді талап етті. 1930 жылдың халық наразылықтары туралы материалдарымен танысқан біздер, халықтың мұндай сатқындық әрекетке барып, «бай» деп әлдебіреулерді ұстап бергені туралы деректерге кездесе алмадық. Бұл жерде Елтай ақсақал әлеуметтік және саяси мәселелерде әрқашан таяз да біржақты ойлайтын Голощекиннің жетегінде кеткен.

Үндеудегі тағы бір оспадар қайшылық – күштеп, зорлап ұжымдастыру орын алып отырғанын мойындай отырып, мұны партия мен үкіметтің қателігі емес деп, соңғыларды қызғыштай қорғау. Күштеп ұжымдастыру саясатын басқа емес, партия мен өкіметтің басында отырған Сталиннің өзі және жазықсыз жандарды жәбірлеуде оның өзінен де асып түсетін Голощекин тәрізді қаныпезер де тасжүрек сталиншілдер өмірге енгізіп отырғанын, бұл топқа қаласа да, қаламаса да өзінің де кіріп кеткенін әрине, саяси сауатсыз Елтай Ерназаров түсіне де алған жоқ. Әйтпесе ол үндеудегі «күштеу жолы партия мен үкіметтің жолы болып табылмайды» деген көпе-көрінеу екіжүзді сөйлемнің астына қол қоймас та еді.

Қазақ Орталық Атқару комитетінің бұл үндеуі кейбір, Қарақұм тәрізді уәкілдер бара алмайтын аудандарға самолетпен таратылады. Осы үндеумен Қазақ өлкелік партия комитеті бюро мәжілістері шешімдерінен оқырман сол кездегі Қазақстандағы басшылықтың саяси бағытын және көзқарасын біршама түсінген де болар. Алда Қарақұм наразылығына байланысты біз келтіретін жаңа құжаттар Голощекиннің және оның төңірегіндегілердің сол кездегі пиғылдарын айқындай түсетін болады.

Өздерінің үндеуінде «күштеу жолы партия мен үкіметтің жолы болып табылмайды», – деп жазған Қазақстан басшылығы әскерилермен «ауыз жаласып» дәл осы күндері Қарақұмдағы көтерілісшілерге қарсы ашықтан-ашық қарулы күш жұмсады.

Үкімет және ОГПУ әскерлерімен болған алғашқы шайқас туралы Москвадағы ОГПУ-дің бастығы Ягоданың өзі де жақсы хабарлар болғанын оған жолданған арнайы телеграмма дәлелдеп тұр¹. Бұл ірі шайқас 7 сәуірде, таңғы сағат 7-де басталып, үш сағатқа созылды. Жазалаушы әскерлерді Петин басқарды, олардың құрамында 120 қылыштық Қазақ ұлттық эскадроны және 5 пулемет бар болатын. Ұрыс Мәрқожа деген жерде (картада Самархожа – Жанбүрге деген жерде) болды.

Жау қарасы көрінгеннен-ақ көтерілісшілер жапа-тармағай атқа қонып, жүз-жүзден өздерінің жүзбасыларының басқаруымен жанкештіленіп, тас түйін күйлерінде тайсалмай ұрандап шапты. Жаны алқымға тақалған сәтте жазалаушылар жан сақтарлары – пулеметтерге аш кенедей жабысты, көк түтінге көміліп, қатарласа тұрып ажал оғын аяусыз сеуіп бақты. Оқ қыркып түсірген жылқылардың жан ұшыра, шыңғыра кісінеген қорқынышты үндерінен, ауыр жараланып жанын қоярға жер таппай, күйзеле ыңыранған адамдардың жан түршігер дауыстарынан Қарақұмның ғасырлар бойы бүк түсіп қозғалмай жатқан құм төбелері де дөңбекши, қозғалып кеткендей болды. Қанға боялған өліктерді аттап өтіп, өңмендей ұмтылған көтерілісшілердің батырлары қоян-қолтық шайқасқа қол жеткізіп, аттылы-түйелі жазалаушыларды сойыл мен шоқпардың астына алды. Қоршауда қалу қаупін аңғарған жазалаушылар ұйымдасқан түрде Бөрікелершөл ауданына – батысқа қарай (Сопақ стансасынан солтүстік-батысқа қарай 100-110 шақырымдай) қашты. Олардан 18 адам өлді, 10 адам ауыр жараланды, 2 адам ұрыс даласында қалып кетті. Сөйтіп, мақалдап айтқанда, «қылышты қорқақты, сойылды батырды соғып алды». Жазалаушылар пулеметтерін сүйретіп қашқан кезде, ұрыс даласында асып-сасып 18 винтовканы, 1 нағанды, 2000-дай патронды, 19 қылышты, 9 найзаны қалдырып кетті. Жолсыз құмда омбылап әбден қалжыраған жылқылар төрт аяғы дірілдеп, эзер қозғалып Арал теңізі стансасына жылжыды. Жылқыға беретін жемінен де айырылған жазалаушылар енді қайта ес жиып, шабуылға көтерілуге де дәрменсіз еді.

Ресми құжаттарға қарағанда, жазалаушылар Лаубаев пен Қабыланов басқарған көтерілісшілермен шайқасқан болып шығады. Шабуылдағы көтерілісшілер де аз болмаған – шамамен 800-1000 адамдай. Бұлардың шығындары тіптен көп – 150-200 адам төңірегінде. Көтерілісшілердің қабырғаларын қайыстырған тағы бір үлкен қай-

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 141-п.

ғы – олардың басшылары – Лаубаев пен Қабылановтың ұрыс дала-сында қайтыс болулары еді.

Дәл осы 7 сәуір күні жазалаушылардың Гуцин басқарған құрамында 43-атты әскер полкі бөлімшелері, ОГПУ-дің 62-дивизионы, партизандар (144 салт атты, 5 пулеметтен қаруланған) бар 1-колонна Сарманқожа мешітінен солтүстік-шығысқа қарай 15 шақырымдай қашықтықта 13.00 сағатта көтерілісшілердің 3000-ға тарта салт атты қолымен кездесіп қалып, тағы да қанды шайқас басталып кетті.

Көтерілісшілердің бұл жасағының біразының 3 линиялы винтовкалармен қаруланғандары байқалды. Екі сағатқа созылған соғыстан кейін, Гуцин отряды 5 пулеметтен бес жаққа от шашып, құм төбелерге бекініп алды. Пулемет аузына дейін барып, бірталайы тағы да ат-матымен омақаса құлап, жантәсілім еткен көтерілісшілер енді айлаға көшіп, жазалаушыларды қоршай бастады. Бірақ көтерілісшілер жазалаушылардың техникалық жабдықталуынан мүлде хабарсыз болғандықтан, Гуциннің рация арқылы жағдайды әскери штабқа мәлімдеп, көмек шақыртқанын әрине, мүлде білген жоқ. Сондықтан да олар Гуцин отрядын жарты шеңбер түрінде жан-жақтан қаумаласа да, батыл шабуылға шығып, оны жойып жіберуге асыға қоймады. Таңды көз ілмей атырған Гуцин отряды келесі күні 8 сәуірде аңысын аңди шегіне атысып, жартылай қоршаудан жол тауып, сытылып қашып шықты¹.

Гуцинге көмек беруге тиісті 43-атты әскер полкінің 65 қылыш әскерінен тұратын және 3 Дегтярев пулеметімен қаруланған Сидельников басқарған жазалаушы отряд байланысты жоғалтып алғандықтан және жергілікті жағдайды жақсы білмейтіндіктен, құм арасындағы соқпақтарды қуалап, бағдарлап жүріп отырды. Олар өздерінің жолдарында ошағы түсіп, иесіз қалған ауылдарға оқтын-оқтын кездесумен болды. Қарақұмды бақайшығына дейін қаруланған үкімет әскерлері тіміскілеп кезіп жүргенін «ұзынқұлақтан» естіген ауыл тұрғындары асығыс түрде сайланып, көтерілісшілерге барып қосылып жатты.

Құм кезіп, жолды жобамен тауып келе жатқан Сидельниковтың жазалаушылары 9 сәуірде сағат 17.00-де аяқ астынан 3000-ға тарта салт аттыдан тұратын көтерілісшілердің қалың қолының үстінен шықты. Осындай көп сарбазға тап боламын деп ойламаған Сидельников алғаш сасып қалса да артынан құм төбелерді тасалап, ығыса қашып құтылады. Сол қашқаннан Сидельников Сукұдық ауданында

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 471-іс, 50-п.

Гушин отрядына кездескенше алды-артына қарауға мұршасы болмады.

Көтерілісшілердің қалың қолымен шайқаста «жүректері шайлыққан» әскерилер мен ПП ОГПУ Орынбордағы дивизия штабынан тағы да қосымша әскер шақыртты. 8-дивизияның оперативті бөлімдерінің командирі Евсеевтің ресми мәлімдеуіне назар аударсақ, оның Орынбордан 325 қылыштан және 20 пулеметтен тұратын 1 бригада және ұшақтар тобын сұрағанын көреміз¹. Ал енді осы көтерілісті басуға қатысқан ПП ОГПУ күштерін басқаруға жіберілген Альшанскийдің Москваға Ягоданың өзіне жолдаған суыт та құпия телеграммасына қарасақ, Орынбордан 200 қылыш атты әскер шақырылған және ол Арал теңізі стансасына 10 сәуірде келіп түсуі тиіс болған².

Орынбордан көмекке қосымша күш шынында да келіп жетті. Бірақ ол 10 сәуірде емес, 12 сәуірде келді. Жаңадан келген қосымша күштер мыналар болатын. Орынбордан Галеев басқарған радиостансамен жабдықталған бес қаруы сай бір эскадрон атты әскер. Ташкенттен Орта Азия округінің 2 радиостансалармен жабдықталған Ленин мектебімен біріктірілген атты-түйелі зеңбіректер батареясы.

Жалпы бір сөзбен айтқанда, 15 сәуірге қарай жазалаушылардың барлық қолы 700 қылыштан, 30 пулеметтен, 3 зеңбіректен тұрды. Бұлардан 150 әскер, 5 пулемет Қарсақпайды қорғауға, ал 120 әскер 2 пулеметпен Торғайды қорғауға бөлінді. Сондай-ақ жергілікті коммунистік отряд мүшелері 200 адамнан тұрды. Теміржол стансаларын 3 бронды алаңшалар қорғады.

Жиналған әскер Қарақұмға тереңдеп енуді қамтамасыз ету үшін автомобиль жолын салуға кірісіп кетті. Бұл жолмен бронды автомобильдер ерсілі-қарсылы жүріп, көтерілісшілердің жолын бөгеп, жазалаушы әскерлерді қорғауы тиіс болды.

12 сәуірде әбден шиеленіскен әскери ахуалмен жан-жақты танысу үшін Арал теңізі стансасына көмекке келген әскерлермен бірге Волга бойы әскери округінің революциялық соғыс кеңесінің арнайы комиссиясы келді. Оны округ әскерлері командашысының көмекшісі Павлов және Округтік саяси басқарма бастығының орынбасары Осипов басқарып келді. Комиссия Қарақұмда қалыптасқан ауыр жағдайды егжей-тегжейлі тексеріп, көтерілісті бейбіт жолмен

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 51-п.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 141-п.

басудың мүмкіндіктерін Голошекин басқарған Қазақ өлкелік партия комитетінің толық пайдаланбай отырғанына көздері айқын жетті. Оның үстіне комиссия көтерілісшілер негізінен Қазақстан басшылары жүргізіп отырған зорлық-зомбылықтарына наразы екенінен де хабардар болды. Сондықтан да ол Қазақ өлкелік партия комитетінің Қарақұмға беделді мемлекеттік комиссия шығарып, көтерілісшілермен бейбіт тіл табысудың жолын қарастыруды табанды түрде талап етті. Енді осы маңызды телеграмманың толық мазмұнымен оқырманды таныстыра кетелік:

«Көшірме. Өте құпия. Тікелей сыммен. Жария болмауы қамтамасыз етілсін. ОГПУ жауапты кезекшісіне

Алматы, Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голошекинге

Қарақұм құмдарындағы бандалардың санының көптігі анықталды. Бір ұрысқа қатысқандары үш мыңнан кем емес. Банда өсе түсуде. Жергілікті халықтың көпшілігі бандаларға тілектес, біздің бөлімдерімізге іштей жаулық көзқараста. Бандаларда кедейлер, орташа көпшілік. Банданы дым қалдырмай жойып жіберу жаңа қиыншылықтар туғызады. Байлар мен дінбасылар кеңеске қарсы үгіт жүргізуде, біздің қарсы үгітіміздің қарсы қойылуы өте әлсіз. Соңғы жарты жылда жасалған үлкен қателіктер әзірше тек қана қарарлар қабылдап, оларды мойындаудан аспай, шабан жөнделуде. Халық бұрмалауларға қарсы күрестің және кінәлілерді жазалаудың нәтижелерін көріп отырған жоқ. Біздер Альшанскиймен, Қызылорда округтік комитетінің және округтік атқару комитетімен бірге бандаға қарсыласуды тоқтатуды ұсынып, делегаттар жіберу туралы шешімге келдік. Мәселе қолайсыз тұрғыда шешілген жағдайда әскери-чекістік тұрғыдан жоюдың батыл шаралары жасалатын болады. Бірақ бұл кеңеске қарсы қозғалысты толық жойып жіберу бола қоймады. Әскери емес, саяси-экономикалық шараларды басшылыққа алу қажет. Байларды кедейлер мен батырақтардан оқшаулауға бағытталған саяси жұмыс шараларын жедел жүзеге асырған, осылайша банданы іштен іріткен және олардың халық есебінен өсуін тоқтатқан жөн.

Нақты шаралар мыналар болды:

«1) Асыра сілтеулерді, бұрмалауларды шындап батыл жою және бас қатырушы кінәлілерді орнынан алу.

2) Қаруды өз еркімен тапсырғандарға амнистия жариялау.

3) Өз еріктерімен бандадан бейбіт өмірге оралған кедейлерге қожалықтарын орнықтыруға экономикалық көмек берілетіні туралы

Қазақстан өлкелік партия комитеті мен үкіметінің шешімдерін ба-
сып шығару.

4) Шаруашылықтық науқандарда қателіктерден зардап шеккен
жандарға да осылай болсын.

5) Кеңеске қарсы қозғалыстың және партия саясатының таптық
мәнін түсіндіретін бірқатар бұқаралық листовкалар шығарған жөн.

6) ...Ауылдардың таптық жіктелулеріне арнап үгіт-насихат топ-
тарын ұйымдастырған жөн...

*Еділ бойы әскери округі қарулы күштері комиссиясы – Еділ
бойы әскер округі командашасының көмекшісі Павлов
Округ бастығының орынбасары Осипов.
13. IV. 30 ж. Арал теңізі»¹.*

Голощекин басқарған Қазақстан басшылығы әскерлердің бұл ха-
тын қалай қабылдағанын оқырманның білгісі келіп отырған болар.
Голощекин қаласа да, қаламаса да қалыптасқан жаңа ауыр жағдай
оны көтерілісті саяси, бейбіт жолмен басу жолдарын іздестіруге
итермелейді.

Шектен шыққан қаталдықты, яғни сан мыңдаған тұрғылық-
ты халықты жаппай қырып салудың салдары, бұл хабар Сталинге
жоғарыдағы әскерилер арқылы жететін болса, Голощекиннің пай-
дасына шешілмеуі әбден мүмкін еді. Оның үстіне жоғарыдағы әс-
керилердің қолында осы күндері Қарақұмға көптеген малдарымен
20 000-нан астам халықтың шоғырланғаны туралы да нақты мәлі-
мет бар болатын². Мұншама халықты тірідей шырқыратып қырып
салу оңай шаруа емес еді. Голощекинді тағы бір қатты ойландырған
жай, біздің ойымызша, жоғарыдағы әскерилер хатынан бір күн ғана
бұрын келген, оның өзінің сенімді адамы Қазақстан ПП ОГПУ-інің
орынбасары Альшанскийдің шұғыл хаты болған сияқты. Сондық-
тан да бұл хатты да оқырман назарына ұсыналық:

*«Алматы ПП ОГПУ Даниловскийге
ВКП (б) Өлкелік комитеті Голощекинге*

Арал 12/IV – 30 ж... Қарақұмдағы бандитизмді жоюдың барлық
шараларын қолданып жатырмын. Әскери-чекістік жағынан бұл іс
қамтамасыз етілген. Банда шайқасын ұйымдастырушылар өздерінің
қатарларын маңайларында көшіп жүрген орташа, кедей халық есе-

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 171 – 172-п.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 52-п.

бінен толықтырып, белсенді үгіт жұмысын жүргізуде. Беделдері жоқ болғандықтан жергілікті партия-кеңес органдарының қарсы үгіттерінің бұқараға ықпалдары жоқ. Тікелей сыммен Арморға аэропланмен КазЦИК-тің мынаған шақыратын үндеуін тарату туралы нұсқау беру қажет деп санаймын:

Бірінші, қаруды жедел тапсыру;

Екінші, бізбен бұдан әрі күресуді тоқтату;

Үшіншіден, орташалар, кедейлер бұқарасына басшыларды мұнан әрі қолдауды тоқтатып, ауылдарына тарауды ұсыну;

Төртіншіден, тұтқындағы партия-кеңес қызметкерлерін босату (олар шамамен 100 адам);

Бесіншіден, бұл үндеуде ұжымдастыруды дін т.б. мәселелердегі партия мен Кеңес өкіметінің негізгі бағытын түсіндіру;

Алтыншы. Егер банда элементтері белсенді күрестерін жалғастыра беретін болса, мұндайда батыл шаралар қолданылатынын елеулі ескерту.

Жауапты байланыс жанында күтемін.

Альшанский»¹.

Біз Алшанскийге Голощекиннің не деп жауап бергенін білмейміз. Бірақ дәл осы Альшанский тікелей сыммен сөйлескен күні, ол айтқан үндеудің Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде қабылдағанын жоғарыдағы материалдардан оқырман жақсы біледі.

Жоғарыдағы әскерилер Павлов пен Осиповтың, сондай-ақ Альшанскийдің саяси үгіт жұмыстарына баса назар аудару туралы ұсынысы Голощекинге тікелей ықпал етті деп айтуға толық негіз бар.

Өйткені алғашқылардың хатын алған соң, бір күннен кейін ілешала Голощекин жан-жаққа төмендегідей нұсқаулар жөнелткен:

«Өте құпия

ПП ОГПУ-дің жауапты кезекшісі арқылы ВКП(б)

Қарқаралы округ хатшысы Бектұрғановқа,

Ақмола – Санарбековке, Павлодар –

Жигаревке, Шымкент – Чуринге, Ақтөбе – Морозовқа

Барлық округтік комитеттердің қатал партиялық жауапкершілігі: таңдаулы қазақ партия активін, соның ішінде оқушыларды Орталық Комитет қаулысы – Өлкелік комитеттің ауыл туралы бесінші сәуірдегі шешімі, Голощекиннің мақаласы... негізінде партия саясатын

¹ ҚРПИМ. 141-қ., 1-т., 454-іс, 79-п.

түсіндіруге ауылға жіберу, қылмысты бұрмалаулар жасаған адамдарда ашық соттауды ұйымдастыру, асыра сілтеулерді батыл іс жүзінде жөндеу, материалдық қаражаттың орнын толтыруды іздестіру ұсынылады. Саяси жұмыстар шаралары таусылғанша ОГПУ, милиция ешқандай шаралар қолданбасын. Орындалуын хабарлаңыздар.

Голощекин.

14 сәуір, 30 ж. ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті, Алматы»¹.

Дәл осындай мазмұндағы хатты республика партия ұйымының хатшысы сол жылдардағы Қызылорда округтік партия комитетінің хатшысы Розыбакиевтің атына да арнайы жолдаған. Мұның себебін оқырман түсініп те отырған болар. Жоғарыда біз әңгіме еткен сан мыңдаған көтерілісшілер қоныс тепкен Қарақұмның өзі осы округтің территориясында жататын. Бұл хаттан біз мынадай жолдарды оқи аламыз:

«Асыра сілтеулерді шын мәнінде жөндеуді қандай болмасын баяулатуды қылмыс деп қараймыз. Үндеулерді қазақ тілінде басуды, кеңінен таратуды ұйымдастырыңыздар. Өз еріктерімен қаруларын тапсырғандардың, ауылдарына оралғандардың барлығына жазалау қолданылмайтынын жария етіңіздер. Шын мәнінде орындалуын қамтамасыз етіп, орындалуын телеграфпен хабарлаңыздар.

Голощекин.

30 жылғы 14 сәуір ВКП(б) Өлкелік комитеті. Алматы»².

Қазақ ауылындағы ауыр саяси ахуал осы күндері Өлкелік партия комитетінің бюро мәжілістерінде қайта-қайта қаралды (16-ы мен 20 сәуірде).

Өзінің алғашқы мәжілісінде Өлкелік партия комитеті өзінің 16-17 желтоқсанда 1929 жылғы қабылдаған қаулысындағы ұжымдастыру қарқынын жеделдету туралы, әсіресе, 2 округте жаппай ұжымдастырудың үлесін 29-30 жылдары 70 процентке жеткізу туралы шешімдерінің жергілікті жерлерде нақты нұсқау ретінде үстірт түсінілгенін мойындайды³.

Ал енді 20 сәуірдегі келесі мәжілісте бюро 1930 жылға арналған жекешелердің шаруашылықтарының округтарға арналған егін нау-

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2954-іс, 10-п.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2954-іс, 10-п.

³ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2927-іс, 45-46-п.

канында бай-кулактар шаруашылықтарын анықтау жұмысын кейінге қалдыра тұру қажет деп шешті¹.

Дегенмен де, тарихи құжаттарға үңілсек, Қазақ өлкелік партия комитеті мен ОГПУ-ден гөрі әскерлердің көтерілісті бейбіт жолмен басуға мүдделірек болып, бұл істе жинақылық және жылдамдық танытқанын байқаймыз. Жоғарыдағы Еділ бойы әскери округінің комиссиясын басқарып келген Павлов пен Осиповтың Голощекинге хатында олардың мемлекеттік комиссияның келіп түсуін күтпей-ақ Қызылорда округінің комиссия шығаруға түрткі болуы осының нақты мысалы. Осы округтің жазалаушы әскерлерін басқарған Евсеевтің өзі де бастықтарына берген есебінде былай деп көрсеткен: «... Мемлекеттік комиссияның келіп жетуі кешіге түсті. Шешім 12. IV. мәлімделсе де, комиссия Аралға тек 19 сәуірде келді.

Мемлекеттік комиссияның келіп жетуін күтпей-ақ, көтерілісшілерге Қызылорда округтік атқару комитетінің төрағасы Жүнісовтың хатымен Қызылорда округтік атқару комитетінен комиссия жіберілді². Бұл хатқа көтерілісшілер жауапты кешіктіре қойған жоқ. Ол 22 сәуірде жазалаушылар қолына тиді. Көтерілістің әділетті сипатын аша түсетін осы хатпен енді оқырмандарды да таныстырайық:

«Көшірме

Қызылорда округтік атқару комитетінің төрағасы Жүнісовке

Сіздің (өзіңіздің) өкілдеріңіз Тұрмахан Алтыров, Серікбай Белдебеков арқылы 15. IV. жіберген хатыңызды 19. IV. алғанбыз және Сіздің хатыңызда көтерілген мәселелерге мынандай жауап береміз:

1) Халық Кеңес өкіметін құлату және өздерінің өкіметін құру мақсатымен қаруланып және жиналып жатқан жоқ, ал жиналатыны – қызмет адамдарды жасаған қиянаттардан, оларға ешбір төзе алмаған соң, өздерін-өздері қорғау үшін.

2) Халық 1928 жылдан бастап қызметкерлер тарапынан көрген зәбірге төзуде. Жұмыс халықтың еріктілігі негізінде жүргізілмейді және ауылдағы барлық мәселелерді екі-үш адам өз беттерінше шешіп келді. Барлық жәбірімізді біз екі жақтан белгіленген делегациялар мәжілістерінде айтатын боламыз.

3) Егер өкімет халықтың зәбір-жапасына назар аударса және егер біздің талаптарымызды қабылдар (қанағаттандырар) болсаңыздар,

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2927-іс, 110-п.

² ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2953-іс, 53-п.

біздер Қарақұмда жиналған халық келіссөздер жүргізуге даярмыз. Келіссөзге 25. IV. «Жабағы» мекенінде даяр боламыз. Өкімет өкілдері және халық сенетіндей болсын.

Дінбасы – Байымбетов.

21. 4. 30 жылы аударылды: Қызылорда округтік атқару комитетінің төрағасы – Жүнісов. Ескерту: Байымбетов делегацияның мәліметі бойынша Жұмағазы болып табылады¹.

334

Архив құжаттарына қарасақ, Қазақ Орталық атқару комитеті президиумының мүшесі Әліби Жанкелдин бастаған мемлекеттік комиссияның көтерілісшілермен келіссөздер жүргізу үшін Алматыдан Аралскіге 19 сәуірде келіп түсіп, дәл осы күні Альшанскийді қосып алып Тохабайға жүріп кеткенін көреміз².

Ал енді жоғарыдағыдай келіссөз жүргізілетін жерді көрсеткен хатты алған бетте бұл комиссия кідірместен сонда жүріп кетті. «Көтерілісшілер алғашқыда Жабағыда кездесуге келіскенмен, делегация қайтқан соң кездесу орнын Тобылбай мешітіне ауыстырады. 21 сәуірде тағы бір делегация өкілдері Қарақұмға жетіп, ертеңіне кешке халықты жинап, Ә.Жанкелдин бастаған мемлекет өкілдерінің жұмыс мақсатын түсіндіреді. Көтерілісшілер елге танымал кісілердің келетініне ризалықтарын білдіріп, алғашқы кездесуде Алтыров, Беделбековтерге айтқан тілектерін қайта білдіреді. Негізгі кездесуді Тобылбай мешітінде 25 сәуірде түсте өткізуге келісіп, делегация мүшелері Ыбырай Қасымов, Садық Бекеров, Мақсұм Ысқақов кері қайтады. Ал осы уақытта, яғни 23 сәуірде мемлекеттік комиссия мүшелері жергілікті басшылармен, әскер және БМСБ өкілдерімен Тоқабай елді мекенінде алғашқы отырысын өткізіп, Қарақұм көтерілісшілеріне қойылатын талаптарды бекітіп алады³.

Мемлекеттік комиссияның алғашқы күндері қандай жұмыстармен айналысқанын Жанкелдин мен Альшанскийдің Голощекиннің атына 24 сәуірде жазған хатынан байқауға болады. Жағдаймен жақсылап танысқан комиссия мүшелері көтерілісшілердің көпшілігі орташалар мен кедейлер екендігіне көздері айқын жетті, сондықтан да олардың өкілдерімен жақсылап әңгімелескен жөн деген шешімге келді. Комиссия өзінің арнайы хатында бірқатар талаптар қойды. Олардың ішінде:

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 82-п.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 454-іс, 80-п.

³ Байқадамов Н. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар). – 122-б.

жедел түрде қару-жарақтарды тапсыру, әскери қимылдарды тоқтату, тұтқындарды босату тәрізді талаптар да бар еді. Бұл ұсыныстар қабылданғандай жағдайда комиссия Қаз. ОАК-нің атынан қозғалысқа қатысушыларға тигеуге кепілдік берді. Оның үстіне оларға Қаз ОАК-нің 14 сәуірдегі үндеуі негізінде арнайы куәлік те берілетін болды.

Мемлекеттік комиссия қолдан келгенінше Қарақұмдағы халыққа тұрмыстық және мәдени жағынан қамқорлықтар жасауда да ұмыт қалдыра қойған жоқ. Оларға арнап құрамында кәперетив бұйымдары тиелген дүкендер, дәрігерлер бар керуен шығарылды. Қажетті жұмыс жүргізу үшін мәдениет қызметкерлері бөлінді.

Алғашқы келісім кезінде мемлекеттік комиссия қойған талаптарға жауапты көтерілісшілер 26-27 сәуірде беруге келісті.

Өздерінің хаттарында Жанкелдин мен Альшанский Голощекинге мынандай ұсыныс жасады: «... Банда басшылары біздің отрядтарымызбен 7 сәуірде болған ұрыста қатардан шығып қалғанын, қалғандары өздерінің үлес салмағы жағынан олардай бола алмайтынын басшылыққа алып, сондай-ақ жағдайды ескере отырып, комиссия қазіргі кезеңде бандалар басшыларын, байларды және ишандарды жылдам ұстап беруді талап ету орынсыз, бұл мәселені мұнан гөрі қолайлырақ жағдайға ашық қалдыра тұрған жөн деп санайды. Барлық шаралардың нәтижесінде қозғалысты бейбіт жолмен жоюға болады деуге негіз бар...»¹.

Голощекин көтерілісті бейбіт жолмен реттеу туралы бұл ұсыныспен әрине, келісті. Бұдан басқа жол да қалған жоқ еді деп ойлаймыз. Халықты қанды қырғынға ұшыратудың салдарлары ауыр болатынын ол, сөз жоқ, түсінді. Бірақ тап күресі идеясын табанын тіреген ол комиссияның шешімімен, көзқарасымен және бағасымен толық келісе қоймады. Бұған оның төмендегі телеграммасы куә:

*«Өте құпия
III ОГПУ-дың жауапты кезекшісі арқылы,
Арал теңізі, Жанкелдинге.*

Комиссияның (мемлекеттік комиссияны айтып отыр – Т.О.) бандиттік қозғалыстардың негізі туралы бағасын дұрыс емес деп санаймыз. Жоюға (көтерілісті – Т.О.) байланысты сіздердің жұмыстарыңыз тек қана таптық негізде кедейлер, орташалар бұқарасын байларға қарсы күреске көтеруге бағытталуы тиіс.

*Голощекин.
5 мамыр, 1930 жыл»².*

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 464-іс, 75-п.

² ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 464-іс, 70-п.

Құжаттан көріп отырғанымыздай, Жанкелдин басқарған мемлекеттік комиссия көтерілісті бейбіт жолмен басудың жолын қарастырып жүргенде Голощекин жаңа қақтығысты – бай мен кедейдің және орташаның арасындағы жанжалды асыға күтеді.

Деректерден көтерілісшілердің мемлекеттік комиссия мүшелерін үлкен құрметпен күтіп алып, қазаққа тән меймандостықпен арнайы киіз үй тігіп, мал сойып қонақ еткенін байқаймыз. Комиссия мүшелерінің бірі Сәкен Сейфуллиннің айтуынша, халық: «Үкіметтің өзінің бүкіл өмір сүрген уақытында төменге түскеніне қуанатындырын» жасырмаған¹.

Мемлекеттік комиссиямен келіссөз жүргізу үшін көтерілісшілердің әрбір руы 1 адамнан өкіл шығарған. Ал оларға қажетті нұсқауды көтерілісті ұйымдастырушылар берген. Жалпы алғашқы келіссөзге олардан 14 адам және мұнан басқа көтеріліс басшылары келген. Соңғылар – Қараев Досжан, Аяпберген Айменов, Байымбетов Жұмағазы және т.б. Көтерілісшілер өкілдері, күзетшілерін қосқанда жалпы 30-40 адамнан тұрды.

Келіссөздің қалай жүргізілгенін тәптіштеп айтатын құжат біздің қолымызда жоқ. Бірақ анығы мынау: о бастан-ақ Қараев пен оның өкілдері шиеленісті жағдайды бейбіт реттеуге өздерінің келісетіндерін мәлімдеді. Бірақ мұндай ұсынысқа Жұмағазы көнбей қойды.

Дегенмен, Қараев пен оның жанындағылар Жұмағазыны күштеп те болса қаруды тапсыруға көндіретіндерін айтып, комиссияны сендіріп бақты. Бірақ комиссия мүшелері бұған толық сенімді бола алмады.

«Келіссөздер төрт күнге созылды. Күнде үрейленіп, көшіп-қонудан қажығандықтан ба, әлде өкімет рақымшылығына иланудан ба, әлде әскер шабуылынан қорыққаннан болар, көтерілісшілер 24 сәуірде Тоқабайға барып, қолда бар қарудың барлығын тапсыруға сенім білдіреді. Әскери округтің Революциялық кеңесі егер 27 сәуірде қару тапсыру іске асырылмаса, Галиев отряды Сарманқожаға шабуыл бастауына, ал Петин оған көмекке дайын болуы жөнінде дивизия командиріне тапсырма береді»².

Көтерілісшілер өздерінің талаптарын комиссияға жазбаша тапсырды. Онда мынандай мәселелер көтерілді:

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 53-п.

² Байқадамов Н. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар). – 123-б.

1. 1928 жылы орташалардан әділетсіз кәмпескіленгендерді (әңгіме Қазақ ОАК-нің 1928 жылғы 15 тамыздағы декретіне сәйкес кәмпескіленген мал туралы болып отырса керек) қайтару.

2. Дін бостандығын беру, мешіттерді қайтару, діни шаралар мен салттарға кедергі жасамау.

3. Ірі байлар кәмпескеленгеннен кейін енді кәмпескелеу болмайтыны туралы декрет шыққан еді, бірақ бұл іс орташаларға қарсы әлі жалғасуда. Ол тоқтатылуы тиіс.

4. Колхоздарға еріксіз кіргізу тоқтатылсын. Олар тек ерікті жағдайда қабылдансын.

5. Қазақ даласында тапқа бөліп жіктеуді қою және бұл істі жүргізуге комсомолдарды жібермей барлық мәселені ауылдың жалпы жиналысында шешу қажет.

6. Салықтарды мал-мүліктің санына қарай салу жөн. Егін екпейтіндерден астық салығы алынбасын.

7. Қарақұмға жиналғандардың жеке аудан құруына рұқсат бермеу керек (Соңынан көтерілісшілер мұнда аудан емес, ауылдық кеңес құруға келісті)¹.

Қарақұмға жиналғандар атынан төмендегілер қол қойған: «Қол қоюшылар: Ырғыз ауданынан Төрешев, Қармақшы ауданынан Байбақтин, Қазалы ауданынан Ерназаров, Арал ауданынан Ақжанов, Торғай ауданынан Әлімбаев, Аламесек ауданынан Тілеуов, Қарсақпай ауданынан Көшеров. 03. 05. 1930 жыл»².

Көтерілісшілер талаптарының әділетті екеніне көз жеткізу үшін олардың «Қарақұмға жиналған азаматтардан», – деп аталатын үндеуінен үзінді келтірелік: «... Ірі байлардан кәмпескелеген соң «Еңбекші қазақ» беттерінде енді кәмпескелеудің болмайтыны бірнеше рет атап көрсетілді. Бұған қарамастан соңғы жылдары байларды ғана емес, тіптен орташаларды да кәмпескелей бастады, сондай-ақ оларды жер аударды. **Қазақ даласында байлар жоқ** (астын сызған біз – Т.О.), сондықтан да 28 ст. басшылыққа алмай-ақ, 28 ст. бойынша жер аударылған байларға тек тиісті салық салуды өтінеміз... Біз мемлекеттік міндеткерліктен ешқашан да жалтармаймыз, біз өкіметке қарсы шықпаймыз және қарсы наразылық білдірмейміз, адамша өмір сүру құқын беруді өтінеміз...»³.

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2953-іс, 82-п.

² Бәкіров Ә. Халық ардақтаған Жұмағазы хан // Сыр бойы. 1993. 4. 02. – 2-б.

³ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2953-іс, 98-п.

Көтерілісшілер келісім барысында қандай талаптар қойғандарын нақтылай түсуге жиналыс хаттамасы көмектесе түседі.

Ел амандығын ойлаған комиссия мүшелері 1930 жылы 30 сәуірде жиналып, мемлекеттік комиссияның кезекті отырысын өткізеді. Осы отырыстың хаттамасын тарихшы Қ.Алдажұмановтың жеке мұрағатынан алып, дерек ретінде келтіруді жөн көрдік:

Хаттама 4.

*Қазақ Орталық Атқару комитетінің мемлекеттік комиссиясының отырысы
30. 04. 1930. Тобылбай елді мекені.*

Қатысқандар: Ә.Жанкелдин, С.Сейфуллин, Юсупов, Ғ.Мүсірепов, Тыспаев, Қызылорда Орталық Атқару комитетінің төрағасы Жүнісов, Арал аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Ерназаров.

Төрағасы – Ә.Жанкелдин.

Хатшысы – Ғ.Мүсірепов.

Тыңдалды:

Қарақұмда жиналғандардың талаптары.

Қаулы етілді:

1. Тапсырылған талаптар Қарақұмда жиналғандардың талабы деп есептелсін.

2. 1928 жылы қате тәркіленгендердің (Қазақ Орталық Атқару комитетінің байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу декретіне ілінбейтіндердің) ісі қайта қаралып, мүліктері қайтарылуы үшін және қоғамға қауіпті емес кісілердің істері Қазақ Орталық Атқару комитетіне қайта қаралуға жіберілсін.

3. Еңбекшілердің көпшілігінің келісімінсіз және Кеңес өкіметінің дін туралы Заңын бұза отырып, әкімшілік жолмен жабылған немесе тартып алынған мешіттер діни адамдарға қайтарылсын. Сонымен қатар, балаларды Кеңес өкіметінің заңдары шеңберінде дінге үйретуге тыйым салынбасын. Ескерту: қазақ молдаларына мүфтимен кездесуге тыйым салынбасын (Уфа мүфтиі болар – Н.Б.).

4. 1929 – 1930 жылдардағы асыра сілтеулер кезінде тәркіленген орташаларға ата жұртына оралып, шаруашылықтарымен айналысуына мүмкіндік жасалынсын.

5. Көшпелі аудандардағы барлық ұжымшар, кеңшарлар таратылсын.

6. Жұртшылықтың жеке ынтасынан, еркінен тыс әкімшілік жолмен құрылған жартылай көшпелі аудандардағы ұжымшарлардың барлығы таратылсын.

7. Асыра сілтеушілікке салынып, орташаларды байларға, кедейлерді орташаларға жатқызған адамдар жауапқа тартылсын.

8. Қарақұм тұрғындары арасында аумақтық белгілеріне байланысты бөлек ауылдық кеңестер құру Қызылорда округтік атқару комитетіне тапсырылсын.

9. Қарақұм азаматтарының қаруларын өткізіп, тұтқындарды босатып, өз ауылдарына қайтып жатқандарын ескеріп, барлық атқару комитеттеріне оларға (Қарақұмда көшіп жүргендерге – *Н.Б.*) өз ауылдарына орналасып, шаруашылықтарымен айналысуларына рұқсат беру жөнінде жеделхаттар жөнелтілсін.

10. Осы қаулының орындалуы тиісінше БК(б)П аудандық комитеттері мен округтік атқару комитетіне жүктелсін»¹.

Ақылға салып ойлаған адамға көтерілісшілер қойып отырған талаптардың өте орынды да дұрыс екені бірден-ақ байқалса керек еді. Бірақ ОГПУ-дің жандайшап голощекиншіл басшыларының бірі Альшанский мұндай дұрыс логикалық қорытынды жасауға қабілетсіз болып шықты. Ол Жанкелдин жіберген хабаршы Байспанов арқылы көтерілісшілердің талабымен танысқан бетте-ақ Голощекинге хат жолдады. Ондағы мынандай жолда оның Голощекин тәрізді жағдайға объективті баға бере алмайтынын ақылдың емес, күштің адамы екенін тайға таңба басқандай айқындап тұр: ...Бандиттер ұсынған талаптардың **контрреволюциялық сипатын** (астын сызған біз – *Т.О.*), сондай-ақ комиссия жұмысының баяулығын ескере отырып, 29/IV – 18.00 сағатта мемлекеттік комиссия төрағасы Жанкелдинге төмендегідей мазмұндағы хат жөнелтілді: «Сіздің дербес шабармандарыңыздың мәлімдеуінше, бандиттер өкіл жіберіп, Сіздердің комиссияларыңызға өздерінің талаптарын ұсыныпты. Бандиттерге мынандай шарт қоюды Сіздерге тапсырамын: 1 мамырға қарай олар өздерінің барлық қаруларын және тартып алған мемлекеттік және кәператив мүліктерді Тоқабайға алып келуге міндетті. Бандиттер қолдарындағы қаруларын, соның ішінде балталары мен сүңгілерін қалдырмай тапсыруы тиіс. Кімде-кім қаруды жасырып қалса, ешқашан да амнистия алмайды және бандиттер

¹ Байқадамов Н. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928-1932 жылдар). – 127-б.

қатарына қосылады. Егер 1 мамырдың кешіне қару, мүлік тапсырылмайтын болса, онда Аралда, Қарсақпайда, Торғай және Ырғыз аудандарында шоғырланған Қызыл Армияның барлық отрядтары Қарақұмға қарай қозғалады және банда Сатыбалдиннің бандасы тәрізді талқандалатын болады. Талаптарды орындаған соң, Сіздің комиссияңыз Тоқабайға оралуы тиіс»¹.

Альшанскийдің Москваға және Алматыға жолдаған келесі хабарына қарағанда, 30 сәуірге қарай мемлекеттік комиссия мен көтерілісшілер араларындағы келіссөздер аяқталған. Көтерілісшілер комиссияның барлық талаптарын қабылдайтындарын мәлімдеген. Көтерілісшілер тапсыра бастаған алғашқы қарулар Баубай деген жерге жеткізілген. Ал енді 1 мамырға дейін қаруларды жедел жинап алуға Қараүңгірдегі халықтың 120 шақырым радиус аймақта шашырай қоныстануы едәуір кедергі болған.

Дегенмен де, ОГПУ органдары көтерілісшілердің өз еріктерімен тізе бүккеніне қарамастан, олардың басшыларын ұстап алуды алдын ала ойластырып, 1 мамырға қарай осы мақсатты жүзеге асыратын ОГПУ-дің округтік бөлімінің бастығы Никольский басқаратын оперативтік топ құрды².

«Астындағы атын алты ай іздеген,

Аңқау халық екенбіз ғой біз деген», –

деп ақын айтпақшы көтеріліс басшылары өздеріне төніп тұрған қауіпті сезбей, «кешірім жасалады» дегенге шындап сенді. Тек қана Жұмағазы ғана біраз уақыт келісімге келуден қашқақтап жүрді.

Көтерілісшілер келісім кезінде өздерінде тұтқын болып жатқан 60 кеңес қызметкерін босатты. Адамгершілік арнасынан аспаған көтерілісшілер өздеріне кезінде көп қорлық көрсеткен бұлардың бірде-біреуін азаптамаған болып шықты. Осы орайда бұған танданған 8-атты әскер дивизиясының жазалаушы бөлімдерінің командирі Евсеев өзінің бастықтарына былай деп мәлімдеді: «Бірде-бір қызметкердің ешқандай да азаптауға ұшырамағаны белгілі болды»³. Осы жерде айта кететін бір нәрсе қайырымды да кешірімшіл, «жақсылыққа жақсылық әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі» деген рухта ғасырлар бойы тәрбиеленіп, кейде жауына да жақсылық жасайтын қазақты әлі танып білмеген, орталықтан келген Қазақстандағы ПП ОГПУ-дің тас жүрек бастықтары Даниловский, Альшанский мәселенің ақ-қарасын анықтамай, Москвадағы

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 90-п.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 92-п.

³ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 56-п.

Ягодаға және Голощекинге көтерілісшілерді жендет, бандит және баскесер етіп көрсетуге қызмет ететін жалған фактілерді да аз жолдаған жоқ. Міне соның бірі:

*«Мәскеуге, ПП ОГПУ Ягодаға...
Жосалы стансасы... 6/4 – 30 ж. 10 с. 35 мин.
М / уақыты*

... Ақтөбе округі. Бірінші, тыңшылар мәліметімен Қараүңгірде бандалар тұтқынында кеңес қызметкерлерінің отырғаны туралы жедел мәліметтегі дерек, хабарлар расталуда. Екіншіден, көптеген тұтқындар азапталған, түнгі мерзімде **шынжырмен байланып тасталады** (астын сызған біз – Т.О.). Кейде тұтқындар бандит туыстарына аманатқа тапсырылады...

Альшанский»¹.

341

Оқырман көріп отырған болар, осынау Қаракұм көтерілісінің алғашқы кезеңінде, көтерілісті қарудың күшімен ғана бояп басу керек пе, жоқ әлде оны бейбіт жолмен реттеу мүмкіндіктері бар ма? – деген мәселе тайталасып күн тәртібінде тұрған кезде ОГПУ органдары «ақ пен қараны» нақты да шынайы ажыратудың орнына жоғарыға жалған, тексерілген ақпарлар беріп жағдайды шиеленістіре, көтерілісшілерге деген көзқарасқа жаулық сипат бере түсті. «Отқа май құйған» деген осы емес пе!

Бірақ аңқау қазақ өзіне ор қазып отырған осындай ұйымға да сенді-ау! Ешкім жазаланбайды, өз еріктеріңмен қаруларыңды тапсырсаңдар кешірім болады дегенге көп қарсыласпай-ақ көнді. Сонымен, келісімге қайтып оралар болсақ, көтерілісшілер «Союзмясоға» арнап даярланған еттерін де даярлаушылар қабылдап алуға келгенше сақтай тұратын болып келісті. Ал енді қаруларды тапсыруды шамамен 3-4 мамырда аяқтайтын болды.

Мемлекеттік комиссия өздерінің бұрынғы қоныстарына қайтқысы келетіндерге рұқсат берді. 3-4 мамырда өздерінің аудандарына 400 қожалық көшіп шықты. Оларды өз жерлерінде ренжітпей, қуғындамай қарсы алуды ұйымдастыру үшін мемлекеттік комиссия тура сыммен төмендегідей хатты жан-жаққа жолдады.

«Жария болып кетпеуі үшін қамтамасыз етілсін. ОГПУ өкілі арқылы. Ақтөбе округі, округі, Қызылорда округі, округі, Қостанай округі, округі. Көшірмесі: Ырғыз, Қармақшы, Тереңөзек, Қарсақпай, Қазалы, Арал, Торғай, Аламысық, Батпаққара ААК-не.

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2953-іс, 304-п.

*Көшірмесі: Алматы, Өлкелік комитет Голощекинге,
Ташкент Алматыға, Қостанайға береді.*

Қарақұмдағы бандадан барлық оралушы азаматтарды ешбір жазғырусыз және қуғындаусыз қабылдаңыздар. Жермен қамтамасыз етіңіздер, кедейлерге, орташаларға материалдық көмек көрсетіңіздер. Кедейлердің, орташалардың дұрыс кәмпескеленбеген мал-мүліктерін қайтарыңыздар. 2/5 – 30 ж. № 231 КОАК-і мемлекеттік комиссияның төрағасы Жанкелдин»¹.

342

Оқырман көріп отырған болар, Әлекең (Әліби) берген уәдеде тұрып, жерлеріне оралған көтерілісшілерге қолынан келген жақсылығын жасауға тырысып баққан. Әлекеңнің ықпалымен болды деп айтуға негіз бар. Қазақстан өлкелік партия комитеті мен өкіметі жергілікті жерлерде халыққа шамадан тыс қысым жасалуына жол берген жауапты қызметкерлерді жауапқа тартты. Мысалы, Қармақшы және Тереңөзек аудандық партия комитетінің хатшылары, Қармақшы ауаткомының төрағасы тұтқынға алынып, олардың айыптары мойындарына қойылды².

Мемлекеттік комиссия жүргізген игі жұмыстар да өздерінің жемістерін көп кешікпей-ақ бере бастады. 3 мамырда Арал теңізі стансасындағы жазалаушылардың оперативтік штабына Қарақұм көтерілісшілерінің басшысы Қараев өзі келіп, 7 сәуірдегі Гушин колоннасымен болған ұрыста қолға түскен пулеметті және винтовкалардың алғашқы партияларын (12 винтовка), пулеметтің 5 диск оқтарын тапсырды³. «Қараевтың оперштабқа келуі және өз еркімен тапсыруы (қаруды – Т.О.), – деп жазды Альшанский Алматыдағы өзінің бастығы Даниловскийге және т.б. қалалардағы ПП ОГПУ бастықтарына, онымен бірге Арал теңізі стансасына ілесіп келген біздің беделді тыңшымыздың оған жасаған ықпалына байланысты»⁴. Альшанский өзінің «беделді тыңшыларының» қазақтар арасындағы «нәтижелі» жұмыстарын басқа хаттарында да мақтан етуіне қарағанда, көтерілісшілер арасындағы іріту жұмыстарымен ПП ОГПУ белсенді айналысқан-ау деген ой еріксіз ойға оралады.

Осындай екі жүзді саясат жүргізген ПП ОГПУ органы өкілдері сөз жоқ, Әліби Жанкелдин басқарған мемлекеттік комиссияның қазақтарға шындап қамқорлық жасамақ болған әрекеттерін ұната қой-

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 454-іс, 94-п.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 454-іс, 95-п.

³ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 56-п.

⁴ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2955-іс, 7-п.

ған жоқ және комиссияның әрбір қадамын қатты қадағалап, оларға жала жабатын сәтті қалт жібермеуге тырысты.

Мемлекеттік комиссия Қарақұмда көтерілісшілермен алғашқы келіссөз жүргізіп қайтып оралған соң, Арал теңізі стансасында жағдайға баға беретін мәжілістерін өткізгені белгілі. Оларда комиссия көтерілістің шығу себептері жүн даярлаудағы, тұқымдық астық даярлаудағы асыра сілтеулер, күштеп ұжымдастыру, орташаларды байларға жатқызып жіберу, мешіттерді жауып тастау болғанын нақты атап көрсетті.

Айта кеткен жөн, комиссия ащы да болса шындықты бүркемелей ашық айта алған. Мұндай тап күресі идеясы туралы бір ауыз да сөз жоқ, оның үстіне Голощекиннің ылғи да көтерілістің басты себепін байлардан және ұлтшылдардан іздейтін қырғи-қабақ бағыты да ауызға алынбаған комиссия қорытындысы ПП ОГПУ басшыларына да, Голощекинге де ұнамағаны мұрағат құжаттарынан көрініп тұр. Альшанский қол қойған осындай бір құжатты оқырман назарына ұсынамыз:

«Анықтама

Бандитизмнің себептеріне КазОАК-нің комиссиясы берген баға дұрыс емес, мұны осы комиссия құрамын тыңғылықты жасақтамаумен түсіндіруге болады. Ұлтшылдарға (комиссия мүшелерін айтып отыр – *Т.О.*) осы бойынша қажетті соққылар беруге болатын жергілікті бұлтартпас материалдарым бар. Егжей-тегжейін жеке мәлімдеймін.

Альшанский»¹.

Тегінде, бұл хат кімге бағытталғаны көрсетілмесе де, Даниловскийге және Голощекинге жіберілген деп айтуға негіз бар. Өйткені Голощекиннен көп кешікпей-ақ Арал теңізі стансасына Жанкелдиннің атына төмендегідей ызғарлы телеграмма келіп түсті:

«Өте құпия

ПП ОГПУ-дің жауапты кезекшісі арқылы

Арал теңізі Жанкелдинге

Банды қозғалысының түп-төркіні туралы комиссия бағасын қате деп санаймыз, жоюға (көтерілісті – *Т.О.*) байланысты сіздердің жұмыстарыңыз кедей-орташа бұқарасын байларға қарсы күреске көтеруге тырысқан таптық негізге ғана берік сүйенетін болуы тиіс.

Голощекин.

5 мамыр, 1930 жыл»².

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 454-іс, 79-п.

² ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 464-іс, 70-п.

Көріп отырмыз, алғашқы құжатта Альшанский Голошекиннің сүйікті «терминін» қолданып, комиссия мүшелерін «ұлтшылдар» ретінде айыптап отыр. Сонда мемлекеттік комиссияға кімдер мүше болды екен? – деп сұрар оқырман. Біздің қолымыздағы бар құжаттар Жанкелдин басқарған мемлекеттік комиссияға оның өзінен басқа Сейфуллин, Мүсірепов, Тіспаев, Жүсіповтер кіргенін көрсетеді¹.

Өздерінің туған халқының көңіл күйін де, салт-дәстүрлерін де жақсы білетін және есімдері елге белгілі ел азаматтары еді бұлар. Сонымен қатар бұл кісілер Кеңес өкіметіне және Коммунистік партияға адал берілген, Кеңес өкіметінің салтанат құруы үшін кезінде белсене күрескен жаны жайсаң жандар еді. Солай бола тұрса да, жоғарыдағы құжаттардан көргеніміздей, бұларға сенімсіздік білдірілді, олар бастаған игі іске көлеңке түсіп, олардың бұқараға берген уәделерін кейіннен, іле-шала ПП ОГПУ және Голошекиннің өзі аяқасты етті. Мұны зерттеуші Қ.С.Алдажұманов төмендегідей түсіндіреді:

«При утверждении состава Комиссии секретарь Крайкома ВКП(б) Голошекин учитывал авторитет и популярность в народе известных писателей Сейфуллина и Мусрепова. Однако сегодня вполне можно убедиться, что их просто подставили. Послав уговорить повстанцев сложить оружие и на первых порах оказать продовольственную и медицинскую помощь, впоследствии правительство не сочло нужным выполнить данные комиссией обещания. Сведения о событиях в Каракумах, также как и других восстаниях в разных концах республики, держались в строжайшей тайне. Впоследствии (в 1937 году) Мусрепов, заполняя служебную анкету в качестве председателя Комитета по делам искусств при СНК КАССР, о своем участии в комиссии по каракумскому вопросу указывал: «выполнял специальное поручение». То, что произошло с участниками каракумской откочевки в дальнейшем не могло не отразиться на настроениях населения и их обида на членов комиссии так и осталась.

Сейфуллин и другие в 1937 году ко всему прочему были обвинены в неправильном ведении переговоров, чуть ли не потворстве участникам восстания. Обещанная свобода отправления религиозных обрядов, выписанные на имя Баимбетова и других религиозных деятелей, документы для поездки в Уфу с целью ведения переговоров об открытии в Казахстане самостоятельного муфтията,

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 275-п.

были ширмой для успокоения повстанцев и следовавшего за ними населения. За ходом переговоров внимательно следила группа работников ОГПУ во главе с Альшанским. Он в открытую заигрывал с руководителями повстанцев. Так, один из руководителей повстанцев Досжан Караев, принявший условия перемирия, и приложивший много усилий для сложения оружия повстанцами, был принят в Аральске руководителями ОГПУ в Казахстане. По словам Бармаса, его даже «покатали на легковой автомашине, которую он впервые в жизни увидел». А когда члены комиссии разъехались, и повстанцы разоружились, его, вместе со всеми участниками восстания арестовали. Впоследствии он был репрессирован органами ОГПУ, как один из руководителей восстания»¹.

Комиссия Қарақұмдағы көтерілісшілерге екінші рет келіссөз жүргізуге аттанғанда көтерілісті бейбіт жолмен реттеуді біржолата тындырып қайтса да, олардың еңбегі ескерусіз қалды, өз дәрежесінде бағаланбады. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да нақты тарихи құжаттарға сүйенелік.

Альшанскийдің Голощекинге 2-4 мамырда жолдаған хаттарына қарағанда, Жанкелдин бастаған мемлекеттік комиссия өздерімен бірге партия қызметкерлерін, кәперәтив керуендерін, дәрігерлерді, сот-тергеу қызметкерлерін ертіп, Қарақұмдағы көтерілісшілермен екінші рет келіссөз бастау үшін Қараүңгірге 4 мамырда жүріп кеткен².

Альшанский: «Сіздің нұсқауыңыздың негізінде кетті», – десе де, 8-атты әскер дивизиясының оперативті бөлімдерінің командирі подполковник Евсеевтің мәлімдемесінен мұнан басқа деректі кездестіреміз. Ол бойынша жоғарыда айтылған 3 мамырда Тоқабайға қару әкеліп тапсырған Қараев, арада бір күннен кейін Аралскіге келіп, көтерілісшілер арасындағы Мұса мен Иса басқарған құралайды көзге ататын 30 мергеннің қаруларын тапсырудан бас тартып, әлі үкіметке иліге қоймаған Жұмағазы бастаған көтерілісшілерге кетіп қалғанын айтты³.

Мергендердің қару тапсырудан қашқақтауын да түсінуге болар еді. Біріншіден, аңшы мылтығы олардың өмірлік жан серігі, тыныстіршілігі ғой; екіншіден, қолға түскен жағдайда ОГПУ органдары-

¹ Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 1998. – 74-75-бб.

² ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2955-іс, 11-п., 454-іс, 97-п.

³ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2953-іс, 55-п.

ның, жазалаушылардың өздерінде шығын болғандарға бәрінен бұрын мергендерді кінәлауы да әбден мүмкін болатын.

Ал мұның өзі мемлекеттік комиссияның Қарауңгірге жүріп кетуін тездете түскенін байқаймыз. Көтерілісшілердің сағын сындыра түскен тағы бір мәселе, Аламысық ауданында белсенді әрекет жасап жүрген Тоқмырза бастаған көтерілісшілер тобының да тізе бүгіп, қаруларын тапсыруы болды.

Зерттеуші Н.Байқадамовтың еңбегінде мынадай мәліметтер бар: «Комиссия Қарақұмға Д.Қараевтың адамдарымен бірге келіп, Жұмағазыны БМСБ өкілдерімен кездесуге мәжбүрлейді.

Тергеу құжаттарына қарағанда, Жұмағазы 1890 жылы Қостанай округі, Жетіқара ауданы, 7-ауылда туып-өскен. 1914 жылы Троицк қаласындағы ишан Зейнулланың медресесін бітірген соң, шамалы уақыт туған ауылында молда болып қызмет кеткен. Сауатсыздықпен күресу науқаны кезінде мұғалім болған. Кейіннен Қарақұмда тұратын апасының қасына көшіп келіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Соңғы тұрақты жері – Қармақшы ауданы, 3-ауыл.

Жұмағазының ақылды адам екені комиссия алдында бар шындықты ашық айтып, дәлелдеген пікірінен байқалады. Оның бұл пікірін Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқарманың оперативтік қызметкерлері Салин айқындап жазып, тергеу ісіне айғақ ретінде тіркейді. Бұл құжаттың тарих шындығын ашуға себебін тигізетінін ескере отырып, толық келтіруді мақұл көрдік.

«Мен Қазақстан Республикасының уәкілдерімен кездесуге келіп отырмын. Татулық келісім сөздер жүргізуге келген қазақ бауырларымызды көріп, қатты қуандым. Бізде Кеңес өкіметін құлатып, қазақ жерінде өз билігімізді орнатамыз деген ой болған емес. Ешқандай қарулы күшсіз ондай тірлікке бару тек ақымақтың ғана ойына келеді деп білемін. Сондықтан бізде ондай мақсат болған жоқ. Қазақ халқында қалғаны жалғыз дін еді. Оны да апатқа ұшыратуға айналдық. Біз, Қарақұм халқы, осы дінді сақтап қаламыз деп әрекеттендік. Сіздер, Кеңес өкіметінің өкілдері, билік басында жүріп дінді сақтап қалуға және оны дамытуға еш әрекет жасамадыңыздар. Қазан төңкерісін қазақ халқы басқа республикаларға, басқа халықтарға қарағанда бірінші болып қолдаған еді. Оның себебі де өздеріңізге белгілі. Жылдар бойы орыс патшасының қыспағында болған ел бостандықты қалады. Бірақ іс жүзінде барлығы керісінше болып шықты. Кеңес өкіметінің саясаты, әсіресе, 1928 жылдардан бастап қазақ халқын және оның дінін жою болды. Басында қазақ жеріне автоно-

мия берілді. Қазақтар өз өлкесіне өздері билік жүргізуге құқық алды. Алайда сіздер, өкімет басында отырған қазақтар, басқарудан әлі де қашық тұрсыздар. Қазақстан өз алдына мемлекет болғалы 9-10 жылдай уақыт өтті. Ал шын мәніне келсек, Қазақстанның билігі біздерді мың жылдап қыспаққа алып, қанаушылық етіп келген орыстар мен хохолдардың қолында. Менің ойымша, бұрынғы отарлық саясат әлі де жалғасып келеді. Сіздер, Қазақстан мемлекетінің уәкілдері, қазақ болып елді басқаруға жарамадыңыздар. Амалсыздан бас көтерген халықпен санасып, олармен келіссөз жүргізіп, болған қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу орнына армия жіберіп, Кеңес өкіметін өзіне сүйеніш деп есептейтін өз халқына қарулы күш жұмсадыңыздар. Сөйтіп, халықпен бейбіт тілде сөйлесу орнына сіздер қару тілімен сөйлестіңіздер.

Неге біз халық болып Қарақұмға жиналдык? Өйткені соңғы жылдары Кеңес өкіметі қазақтарды әртүрлі репрессияларға ұшыратты. Байларды тәркілеп, өздерін жер аударды. Басқаларына аса ауыр салықтар салып, руларды ыдыратып жіберді. Түрлі-түрлі науқандар өткізіп, байлардан басқа орташаларды, кедейлерді, тіпті батрақтарды да шегінен шыққан жағдайларға апарып соқтырды. Енді мінекей, елдің еркіне қарамастан күштеу жолымен ұжымдастыру жүргізіп келеді. Салықтардың түрлері күн санап көбеюде. «Өтелсырье» деп ауыл адамдарының соңғы киіп жүрген киім-кешектерін де сыпырып алды – үндегеніміз жоқ. Тіпті ұжым мүшелері өмір сүру құқығынан айырылды – онда да үндегеніміз жоқ. Халық осының бәріне көніп келеді. Бірақ дінді жоюға кіріскенде халықтың шыдамы таусылды. Соңғы кездері намаз оқитын үйлерді қиратты. Әкімшілік жолдармен мешіттерді жапты. Діндар адамдарға намаз оқуға, ораза ұстауға және басқа да діни жораларды өткізуге тыйым салды. Бұл Кеңес өкіметінің үлкен қатесі деп білемін. Сондықтан да өкіметтің назарын халықтың көңіл-күйіне аударғымыз келеді. Мінекей, осындай себептермен халық Қарақұмға жиналды.

Егер сіздер өздеріңізді елбасы деп санайтын болсаңыздар, Кеңес өкіметінің Негізгі заңының дін жөнінде қараған тәртіптерін сақтаңыздар! Қарақұм халқы осы Негізгі заңның шеңберінде дінге бостандық сұрайды. Бұдан былай қарай намаз оқитын үйлер ұйымдастырылып, жабылған мешіттер мен медреселердің ашылуын талап етеді. Және өкімет комиссиясынан Қазақстанның шығыс бетінен «Мұхтасибат» ұйымдастыруға рұқсат және көмек сұрайды. Сонымен қатар, орташалар мен кедейлерді шаруашылықтарына қарай

нақты сипаттамалармен байлардан ажырату қажет дейміз. Өйткені байлармен бірге шаруашылық науқандары кезінде кедейлердің де мүдделеріне қысым жасалып келеді.

Егер сіздер болған оқиғаны расында келісімсөздер арқылы шешетін болсаңыздар, біз сіздерге тек өз ризашылығымызды білдіреміз».

Осы Қараүңгірдегі екінші келіссөз көтерілісті бейбіт жолмен реттеуді біржолата шешіп қайтса да, комиссия мүшелерінің еңбегі тағы да еленбеді. Қайта Альшанский өзінің мәлімдемесінде Ә.Жанкелдиннің жұмысына кері баға береді. Ол: «Ә.Жанкелдиннің Қарақұмға екінші сапарында көңіл толарлық ештеңе істемегені мәлім болды. Тез арада қару өткізу талабы орындалмады. Қайта балта, найзаларды өткізудің қажеті жоқ дегендерді айтады... Жұмағазының Уфаға кетуіне өкімет атынан рұқсат алып беруге уәде берген, ұжымшарлар тарап, дінге бостандық берілетінін айтады. Яғни қыпшақтардың (көтерілісшілердің – *Н.Б.*) арандатуына көніп, өткір шешім қабылдай алмады. Қызылордадағы жиналыста Ә.Жанкелдин Жұмағазыға қойылатын ультиматумге қол қоюдан бас тартып, әскерлерді кері қайтару жөнінде ұсыныс жасады. Ол 300 қыпшақ шаруашылықтарының Қарсақпайға көшуіне рұқсат етті. Ә.Жанкелдин ультиматумге қол қоюға Алматыға хабарлаймын деген соң ғана келісім берді», – деп жазады.

Бұл жерде Ә.Жанкелдин халықты қанға боямай, күнкөріс құралдарын қазақтардың өздеріне қалдырып, жағдай жасауға тырысқаны түсінікті. Ал Альшанскийдің жоғарыдағы мәлімдемесінің шындыққа жанаспайтын жерлері де болған-ау. Себебі, жоғарыға «ҚазОАК-нен сұрайтыным, комиссияның ресми баяндамасы менің қатысуыммен тыңдалсын» – деген мағынадағы жеделхат жіберген.

Комиссия ұсынысын БМСБ-ның жоққа шығаратынын ойламаған Ә.Жанкелдин 1930 жылы 16 мамырда Голощекинге мына мазмұндағы мәлімдеме түсіреді: «а) әскер қолдану орынсыз екеніне көзіміз жетуде Жұмағазы өзін Уфаға кетуіне рұқсат сұрағаннан басқа революцияға қарсы талап қойып отырған жоқ; ә) Жұмағазы және оның айналасындағылармен жүзбе-жүз сөйлескенімізде олардың бандаларды таратуға нақты дайын екендіктеріне сендік; б) Рязанцев және тыңшылардың көтерілісшілер революцияға қарсы талаптар қоюда деген мәліметтері шындыққа жанаспайды». Және ол кісі бір сөзінде «әскери күштерді кіргізу арандату болып табылады» деп ашық айтқан-ды.

Мемлекеттік комиссиядан кейін БК(б)П Қызылорда округтік комитетінің хатшысы Розыбакиев Қазалы ауданындағы 23-ауылдың беделді адамы Күзембаевты басшы қылып, қару тапсыруды жеделдетіп, көтеріліс басшыларын ұстап беру жөнінде елші жібереді. Голощекиннің қолшоқпарларының бірі Құрамысов Күзембаев комиссиясы Ә.Жанкелдиннің сәтсіз іс-әрекетінің нәтижесін қайталау болады деген баға беріп, «Біздің мақсатымыз: байлар мен молдаларды аяусыз, қатал жою» деп өзінің шынайы бет әлпетін көрсетті.

Көтерілісшілер мен комиссия арасында осындай келіссөздер жүргізіліп жатқан кезде әскерилер өз дайындығын тоқтатпай күшейте түсті. 1 мамырда Арал теңізі стансасында 1907 жылы дүниеге келгендері әскер қатарына шақырып, әскери ант қабылдатады. Кәсіби әскер күшінің арнайы дайындығын Евсеев Д.Қараевты қатыстыра отырып өткізеді. Бұл әрекет арқылы Евсеев көтеріліс басшыларына күш басымдығын көрсетіп, қақтығыс нәтижесінде халық қаны төгілетінін сездіргісі келген-ау. 11 мамырда оперативтік штаб бұйрығымен екі бронепоезд Орынборға қайтарылатын болып, қалған коммунарлары бар, 44-кавалериялық полкі бар, Ұлттық кавалериялық эскадроны бар, барлығы 300-ге жуық адамы бар әскер құрамын Никольскийдің басшылығымен Қарақұм маңында қалдырылады»¹.

Альшанскийдің өзінің тікелей бастығы Даниловскийге жазған мәлімдемесіне қарасақ, Әліби Жанкелдин басқарған мемлекеттік комиссия екінші рет Қарақұмға елеулі ештеңе тындырмаған болып шығады. Ол қаруды жедел тапсыруға үгіттемеген, тіптен көтеріліс басшыларына балтаны, сүңгіні тапсырмай-ақ қойсаңдар да болар деген сияқты әңгімелер айтқан. Егер мұндай сөздерді Әлекең айтқан болса, күнделікті тұрмыс тіршілікке қажетті саймандарды қазақтар өздерінде қалдырсын, – деп жанашырлық білдіргені ғой. Бірақ Альшанский олай түсінгісі де келмейді. Балтасын алып қойған қазақ ертең отын қалай шабады, сынған шаңырақты қалай жөндейді? Онда оның жұмысы жоқ. Неғұрлым көп балта жинап алса, бандаларды қарусыздандырмақ, – деп көпіре мақтанса! Міне, оның көздеген мақсаты.

Бірақ Альшанскийге бұл да аз. Ол Әліби Жанкелдинді қоян жүрек қорқақ етіп көрсеткісі келеді. «...Комиссия келіп жеткен кезде, – деп жазады ол жоғарыдағы мәлімдемесінде қыпшақтар (Жұмағазы-

¹ Байқадамов Н. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928-1932 жылдар). – 123-130-бб.

ның соңынан ерген ру – Т.О.) Жанкелдинге Жұмағазының комиссияны тұтқындағысы келетінін мәлім етті. Тексерілмеген ақпарат негізінде беймаза жағдай қалыптасты. Жұмағазы болса өз кезегінде Жанкелдинмен чекистердің келуін оның өзін комиссияның тұтқындау әрекеті деп қарады. Екі жағы да айтарлықтай қатты қорыққандықтан Жұмағазы Жанкелдиннен кетіп қалуға рұқсат ету правосын талап еткенде, соңғысы Қазақстан үкіметінің атынан Уфаға жүріп кету правосына рұқсат етуге, сондай-ақ, Жұмағазының «уәкілінің» колхоздардың таратылғанын, діни наным бостандығы бұзылмайтынын өз көзімен көруіне мүмкіндік беруге уәде етіп сөзсіз келісті. Егерде қыпшақтардың арандатуына берілмесе Жанкелдин мұнан гөрі батыл бағыт ұстайтынына менің көзім жетеді. Ол (Жұмағазы – Т.О.) өзінің өкілі Бақай Алтаев арқылы менің атыма хат жіберді: «Құрметті Альшанский, сізге өзімнің ыстық достық сәлемімді жолдаймын, менің бейбітшілік туралы ант-су ішкен сөзіме тағы да сеніңіз. Менде бар нәрсенің бәрі ешбір көз бояусыз сізге тапсырылатын болады, бірақ сонымен қатар мұны ескере отырып, менен хабар келгенше асықтырмауды өтінемін. Байымбетов»¹.

Жұмағазының осы хатына сүйене отырып, Альшанский Жанкелдинді одан ары қаралай, кінәлай түсті.

«Қызылордадағы комиссия мәжілісінде, – деп атап көрсетті ол, – Жанкелдин қаруды тапсыру туралы Жұмағазыға қойылған шартқа қол қоюдан үзілді-кесілді бас тартты...». Альшанскийдің айтуынша, Жанкелдин Жұмағазыдан қаруды тапсыруды емес, барлық жазалаушы отрядтарды таратуды талап еткен болып шығады. Егер Әлекең шынында да Альшанскийге осылай деген болса (ал бұған күмәнданбауға да болатын сияқты) онда Жұмағазының жігіттерінен қауіптенуге ешқандай негіз жоқ болғаны деп ойлаймыз. Осы ойымызды Альшанскийдің одан әрі жазғандары да қуаттай түсетіндей. Ол кейіннен Жұмағазының жігіттерінің қаруларын тапсырғандарын айта келіп, бірақ олардың ауылдарына тарамай отырғандарына күдіктеніп: «Жанкелдиннің Қарсақпай ауданына көшуге рұқсатын алған 300 қыпшақ қожалықтарын Жұмағазы көшірмей әдейі бөгеп, Қарақұмда ұстап отыр» – деп айыптады.

Жұмағазыға байланысты мәселеде Жанкелдин мен Альшанскийдің араларының ашылғаны сондай, соңғы, өзінің Алматыға жолдаған мәлімдемесінде былай деді: «... алда комиссияның жұмысына қажеттілік жоқ деп санап, Алматыға кетуіне қарсылық білдірмедім.

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 471-іс, 211-п.

...Өлкелік комитеттің, ҚазОАК-нің, сіздердің алдарыңызда комиссияның ресми баяндамасы менің қатысуыммен жасалуын талап етемін. Біржақты ақпарат ұнамсыз салдарларға апаруы мүмкін¹.

Әрине, Жанкелдинге өзінің жігіттерімен Альшанский айтқан екен деп Алматыға қайта беруге болмайтын еді.

Бұл үшін сол кезде Қазақстанды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап тұрған Голощекиннің рұқсаты керек болатын. Мұрағат қойнауындағы Әлекеңнің осы мәселеге байланысты Голощекинге тура сыммен жолдаған хатына да кездестік. Онда төмендегідей, біздің ойымызша, шындықты айна қатесіз айтқан жолдар бар екен.

«Қазақ өлкелік комитеті, Голощекинге.

Қарақұм қозғалысы бейбіт жолмен шешілді. Жиналған тобырды таратып қоныстандыруда жекелеген қызметкерлердің өз ауылдарына қайта оралған «Бұзақыларды» (көтеріліске қатысушылар) тездеп қолға түсіруге тырысқан жөн-жосықсыз әрекеттері шектен шығып кеткен. Тіпті олар біздің рұқсатымызбен барған кісілерді де, басшы еместерді де ұстаған. Қару қолданып күш көрсету ендігі жерде артық болады. Одан гөрі бұқаралық саяси жұмыстар жүргізу қажет.

Қалған бөлігін (көтерілісшілердің – Т.О.) анықтай түсу және қаруларды жинап алу жекелеген басшыларға (көтеріліс басшылары – Т.О.) жүктелді. Комиссия өз міндетін аяқтады деп санайды. Сіздің жауабыңызды алған бетте Алматыға аттанамыз.

Жанкелдин»².

Дәл осы күні Голощекин Қызылорданың округтік комитетінің хатшысы Розыбакиевке құрамында оның өзі Жанкелдин, Альшанский, Никольский, Шельхманов бар топқа Жұмағазы жігіттерін шұғыл талқандау туралы мәселені талқылап шешуді талап еткен. Осы туралы Қызылордада өткен мәжілісте Жанкелдин мен Альшанскийдің арасында қандай қақтығыс болғанының шет-жағасын жоғарыда айтып кеттік. Біздің ойымызша, Әлекең ауылына қайтқан көтерілісшілерді ОГПУ органдарының ұстап алуына қатты наразы болған. Бұл оның Голощекинге жолдаған хатынан да көрініп тұр. Оның үстіне Әлекең, ОГПУ органдарының көп кешікпей-ақ барлық қаруларды жинатып біткен соң, Қарақұм көтерілісшілерінің өз еріктерімен бағынған басшылары – Қараевты, Қабылановты, Жұмағазыны және т.б. екіжүзділікпен тұтқындап, ең ауыр жазаларға

¹ ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 471-іс, 211-п.

² ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 471-іс, 61-62-пп.

кесетінін де, әрине сезді. «Қолдан келер қайран жоқ, іш қазандай қайнайды», – деген осы да. В.И.Лениннен мандат алған Әлекең өзі «тимердер», – деп қол қойып берген қағаздар ОГПУ органдары, Голощекин алдында дәрменсіз екенін қазақ ол кезде қайдан білсін. Білсе «өзекті жанға бір өлім» – деп талқаны таусылғанша шайқасар ма еді?!

Бұл сталинизмге бетпе-бет келген Әлекеңнің де, оның туған халқының да ауыр қасіреті еді. Әлекеңнің «аузын жаптыру» үшін ОГПУ мен Голощекин оған көпе-көрінеу қысым жасады. Ол төменгі құжаттан да көрініп тұр:

«Өте құпия

ВКП(б) Өлкелік комитетіне жол. Голощекинге.

Қызылорда ОГПУ-і округ бөлімінің бастығы Никольский жолдастың мәлімдеуінше, Қарақұмдағы банданы жою жөніндегі органымыз тарапынан жүргізілген шаралар және Қарақұмдағы жағдайларға байланысты әңгімелерде ГПУ, дәлірек айтқанда, Даниловский және Альшанский арандатулармен және мәліметтерді өсіріп көрсетумен айналысты деп айтып жүр. Комиссияға бекітілген ГПУ қызметкерлері, оның – Жанкелдиннің, Мемлекеттік комиссияның төрағасы ретіндегі мәлімдемелеріне сенбеген, дұрыс емес қарамақайшы мәліметтер берген. Осыған байланысты, ол Қарақұмға барудың қажеті жоқ еді деп санайды.

ҚАССР-дегі ОГПУ-дің толық өкілі. Даниловский ВО бастығы көмегіші Саенков»¹.

Қалай болғанымен де осы жерде ОГПУ өзі айта қоймайтын шындықтың шетін шығарып отырғандай. Бұл – органның Қарақұм көтерілісшілеріне жасалған озбырлығын көзімен көрген Әлекең «онда бекер барған екенмін», – деп кеюі әбден мүмкін.

Зерттеуші Н.Байқадамов Қарақұм көтерілісінің қалай аяқталғанын өзі жинастырған мәліметтер негізінде төмендегідей баяндайды:

«Ел өкімет сөзіне алданып, ауылдарына орала бастаған сәтте Лениннен мандат алған Ә.Жанкелдиннің уәделерін екіжүзді Голощекин мен БМСБ өкілдері таяққа таптап, көтерілісшілерді жаппай жазалай бастайды. 30-мамырда Ж.Байымбетов, оның кеңесшілері Әлмағанбетов Ысқақ, Байбақтин Беріш, Қыпшақбаев Мешітбай, Қуандықов Сағит, Өмірбаев Оразбай, Талқанбаев Баймағанбет, Тынышбаев Кенжебай және Ахметов Тілеуғалиды тұтқындап, Алматы қаласындағы абақтыға апарып жабады. Сылтау ретінде «Жұмағазы

¹ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 464-іс, 33-п.

және оның сыбайластары қару-жарақтарын өкімет комиссиясына өткізуден бас тартты» – деген. Олардың талабының жалған екені Байбақтин Беріштің жауабынан көрініп тұр. Тергеушінің қойған сұрағына ол: «Қару-жарақты түгел тапсыруды Жұмағазының адамдары әдейі созып отырған жоқ. Бүкіл Қарақұмда шашылып жатқан елден қару-жарақты жинастыру қиынға соғып отыр», – деген жауап берген. Тергеу кезінде олар өздеріне бүкіл әлемге танымал, әйгілі РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабымен тағылған жалған айыптарды мойындаудан бас тартқан. Жұмағазы «Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай қылмыстар ойластырғаным жоқ», – деп тағылған айыпты мойнына алмаған.

Жұмағазы және басқалардың «революцияға қарсы» қылмыстары заңды түрде дәлелденбесе де халыққа үрей ұялату үшін 1930 жылы 15 шілдеде Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқарманың «үштігімен» ату жазасына кесіледі. Бірақ Жұмағазы жөніндегі үкім белгісіз себептермен орындалмай, 1931 жылы 16 сәуірде ғана жүзеге асырылған.

Өз еріктерімен берілген Қараев Досжан, Қабыланов Жұмаш көп кешікпей-ақ көтерілісшілерді жаппай жазалау басталғанда алдандарын білді. Көтеріліске қатысқандарды уәдеде тұрмай тұтқыңға алу ел арасында наразылықтың жаңа толқынын туғызды. 1930 жылы шілде айының ортасында Табын, Қыпшақ, Алтын, Шөмекей руларының өкілдері жиналып, Алтын руынан шыққан Жұбанов Көбжанды хан сайлайды. Ханға Жаппас руынан Махамбетов Әшірбекті, Алтын руынан Жанбосынов Қабылды, Табын руынан Рахманқұлов Мирашты, Қыпшақ руынан Ержан деген кісіні (фамилиясы белгісіз) орынбасар етіп бекітеді. Шілде айының аяғында көтерілісшілер саны мың қожалыққа жетеді. 21 тамыздағы көтерілісшілермен қақтығыс кезінде тоғыз қызыл әскер өліп, төрт адам жараланады. Сол жылы желтоқсанда қызыл әскер басшылары қантөгіспен аяқталған соғыс қимылдарына көшіп, 8 желтоқсанда Көжебай сайында көтерілісшілерді талқандайды¹.

Ал енді жазалаушы 8-атты әскер дивизиясы бөлімдеріне келер болсақ, мұнда біраз адамдар жауынгерлік Қызыл Ту ордендеріне ұсынылды. Самолеттер, радиостансалар, пулеметтер көтерілісті басу кезінде сынақтардан өтті. Ұңғысына құм түсіп кетсе ағылмай қалатын болғандықтан, Дегтярев пулеметін жетілдіру қажеттігі анықталды. «Максим»

¹ Байқадамов Н. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар). – 130-б.

пулеметі, Томпсонның пулемет-автоматы, қол гранаталары әскери сыннан мүдірмей өтті. «Осы Қарақұм маңындағы көтерілісті басуға қатысқан бес жүздей адам бағалы сыйлықтарға, 57 адам Қызыл Ту орденіне, Журавлев пен Новопашин Қызыл Жұлдыз орденіне ұсынылды. Қазақстанның 10 жылдығына байланысты Қызыл Ту орденіне ОГПУ өкілдерінен 12 адам ұсынылды»¹.

Көтерілісшілер алғаш көрген кезде төбе шаштары тік тұрып, үрейлене қашқан, даладағы жылқыларды шұрқырата үркіткен «Форд» жеңіл автомашиналары да жақсы баға алды. Қысқасы, бір сөзбен айтар болсақ, қару-жарақтарын сыннан өткізген әскерилер де өздерінше біраз шаруа тындырды.

Сонымен қатар, Қарақұм қозғалысына сан мыңдаған қазақтардың қатысуы, оған Қазақстанның әртүрлі аудандарынан көтерілісшілердің келіп қосылуы, бір сөзбен айтқанда, наразылықтың ауқымдылығы, әскерилерді де: «Мұны басқарып отырған белгілі бір орталық бар, мүмкін шетелден де ықпал жасалып отыр», – деген жаңсақ қорытындыға келтірген. Бұл туралы олар өздерінің бастықтарына жазған есептерінде де көрсетті. Тегінде әскерилерде мұндай көзқарастың қалыптасуына Қазақстан ПП ОГПУ-і қызметкерлерінің осындай әңгімелерді өрбітуі де ықпал жасағандай. Бірақ осыған карамастан, көтерілісті бастаушылар «байлар және қазақ ұлтшылдары» деген әйгілі ОГПУ аңызын әскерилер қайталай қойған жоқ, өйткені көтерілісшілер негізінен орташалар мен кедейлерден тұратынын олар өз көздерімен көрді.

«Сонымен, тамыз-желтоқсан айларында болған қарулы қақтығыстан кейін көтеріліске қатысты деген айыппен қолға түскен 586 адамның 210-ы кедейлер мен орташалар ретінде босатылды, 6 адамның ісі ОГПУ-дің Қарсақпай аудандық бөліміне жан-жақты тексеруге жіберілді. ОГПУ-дің Ерекше үштігінің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді. 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагеріне жіберілді. 6 адам Қазақстанның өзге аймақтарына жер аударылды. Шығыс Сібірге 5 жылға 1 адам, еңбекпен түзету лагеріне 3 жылға 9 адам айдалды. Көтеріліске қатысушылардан 37 адам қаза тауып, 6 қызыл әскер, 3 саяси қызметкер, 3 коммунар өлген»².

¹ Байқадамов Н. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928 – 1932 жылдар). – 131-б.

² Омарбеков Т. 20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – 150-б.

Бұл мәліметтер Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағатында сақтаулы тұр¹.

Қарақұм көтерілісіне қатысушыларды жазалау туралы деректерді толықтыра түсуге Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің полковнигі Әмірхан Бәкірұлы жариялаған деректер аса маңызды рөл атқарды. Ол Қарақұм көтерілісіне қатысушыларды жазалау туралы былай деп жазады: «Қорытындылай келгенде, тамыз-желтоқсан аралығында болған қарулы ұрыс-қағыста алты қызыл әскер, үш саяси қызметкер және үш коммунар қаза тапқан. Көтеріліске қатысқандардан отыз жеті адам қайтыс болған, бес адам жарақат алған. Соңғы ұрыс кезінде қызылдар отыз адамды тұтқынға алып, ал қалғандары Қарақұм құмдарына жасырынып қалған. Кейіннен Біріккен Саяси Бас басқармасының арнайы ұйымдастырылған қарулы топтарымен Қарақұмды сүзіп шығып, ақ-қарасын айырмай, ауыл адамдарын шетінен ұстап алып, абақтыға жатқызған. Тек қолында ауыл Кеңесінің «көтеріліске ешқандай қатысы жоқ» деп берген анықтама қағазы бар адамдар ғана жазаланудан аман қалған. Жауапқа тартылған адамдардың басым көпшілігі өздеріне тағылған айыптарды мойындарына алмаған. Біреулері «біз қарулы банда қатарында болғанымыз жоқ» десе, енді біреулері «қызыл отрядтарға қарсы қолдарымызға түскен балта, айыр, шоқпар, найза, тіпті қарапайым таяқпен шыққанымыз рас, бірақ бетпе-бет ұрыс болмаған соң, оларды пайдаланғанымыз жоқ. Негізінен ұрысқа қатысқан Жұмағазы мен Қожбанның мергендері» деп жауап берген.

Қызыл отрядтармен тікелей ұрысқа қатысқан Бәйімбетов Жұмағазы мен Жұбанов Қожбан және олардың отыз екі мерген-сарбаздары кейін Алматы қаласындағы Біріккен Саяси Бас басқармасының қарауына жіберілген. Бұл тергеу ісі туралы олардың кейінгі тағдыры жайында ешбір мәлімет жоқ.

Бұл іс бойынша төрт жүзден аса адам қамауға алынған. Алдын ала тергеу барысында 195 адам қылмыстық әрекеттері дәлелденбеген соң жауапкершіліктен босатылған. Қалған 220 адамға «мемлекетке қарсы қылмыстар жасағаны үшін айып тағылған. Тергеудің аяқталуына санаулы күн қалғанда процессуалдық тәртіпке сыймайтын жолдармен қосымша тағы жеті адамды жауапқа тартқан. Сөйтіп, барлығы 227 адам соттан тыс Біріккен Саяси Бас басқармасының Үштігімен 1930 жылы 19 қазанда жазаланған. Оның ішінде 118 адам

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағаты. – 158-т., арх. № 1, 49-іс, 1-т., 116-п.

ату жазасына кесілген, 108 адам бас бостандығынан айырылып, әртүрлі мерзімге концлагерьге жіберілген. Осы іске кезінде баға берілген бір құжат бар, соны түгелдей келтірейік.

«Біріккен Саяси Бас басқарма төрағасының орынбасары Белицкий жолдасқа

356

1930 жылы 19 қазанда Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқармасының Үштігімен Қарақұмдағы көтеріліске байланысты айыпталған Қожамжаров, Дабылов және басқаларының – барлығы 220 адамның ісі қаралды. Бұл істі бақылау ретінде қайта қарау кезінде анықталғаны:

1. Айыпкерлер қатарында жауапқа тартылған адамдардың саны 220, ал жазаланғаны 227 адам, яғни жеті адам айыптау қорытындысынан өтпеген.

2. Жауапқа тартылып жазаланған байлардың саны 120 адам, оның сексен сегізі, яғни 75 проценті ату жазасына кесілді. Олардың жасы 50-75-ке келгендерінің ішінде 43 адам немесе 40,5 проценті атылған.

3. Жауапқа тартылып жазаланған орташалардың саны 37 адам, оның жиырма бірі немесе 24,1 проценті ату жазасына кесілді.

4. Жауапқа тартылып, жазаланған кедейлердің саны он адам, оның төртеуі ату жазасына кесілген.

5. Жауапқа тартылып жазаланған қызметкерлер мен ВКП(б) мүшелерінің саны үш адам, оның екеуі ату жазасына кесілген.

6. Айыптау қорытындысына кірмеген жеті адамның алтауы ату жазасына кесілген, ал біреуі бас бостандығынан айырылып, бес жылға концлагерьге жіберілген.

Бұл іс бойынша барлық атылған адамдардың саны 118 немесе 51,1 процент. Қалған 109 адам үш жылдан он жылға бас бостандықтарынан айырылып, концлагерьге жіберілген.

Істің толық тергелгені және кейбір айыпкерлер жайында бірқатар өте маңызды мәселелер анықталмаған. Жауапқа тартылған айыпкерлердің көбі, әсіресе, орташалар мен кедейлердің жаппай көтеріліске ешқандай қару-жараксыз қатысқаны тергеу істен байқалады. Соған қарамастан бұл категориядағы жауапқа тартылған адамдарға қарсы өте ауыр жаза берілген.

Жоғарыда келтірілген дәлелдерге жүгініп және жазаланған адамдардың 1930 жылдың шілде-тамыз айынан бастап қамауға отырған-

дарын еске алып, орташалар мен кедейлердің ісін қайта қарау арқылы оларды жазалау мерзімінен бұрын босатуды өтінемін.

*Біріккен Саяси Бас басқарма
Прокурорының орынбасары Прусс.
1930 жыл 5 мамыр».*

357

Адамның құны аяқасты болғанда «процентке» шағатын ауру өршімек. Дегенмен, бұл тергеу ісінде әділдікке қарай қадам жасалған жалғыз құжат. Осы өтініш бойынша 1932 жылы 2 шілдеде Біріккен Саяси Бас басқармасының Коллегиясы 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысын өзгертіп, жауапқа тартылған сексен үш адамның жазасын болар-болмас жеңілдеткен. Бірақ жіпті қаншалықты созғанымен, оның да ұшы болады ғой. Қай уақытта да шындық жеңген. 1991 жылғы 14 шілдеде облыстық прокуратура осынау тергеу ісін бұрынғы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің архив қорынан сұратып алып, қайта қараған еді. Нәтижесінде, заңсыз жауапқа тартылған 227 адамды, олардың іс-әрекеттерінде ешқандай қылмыстың белгісі болмағандықтан, түгелдей ақтады»¹.

Ә. Бәкірұлы келтірген деректердің арқасында Қарақұм көтерілісіне қатысып жазаланғандардың кейбірінің аты-жөндерін де анықтай алдық. Өкінішке орай, мұнда олардың рулары көрсетілмеген екен:

«Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқарманың өкілетті өкілінің үкімімен жазықсыз жазаланған адамдар. Қарақұм көтерілісіне байланысты

Атылғандар:

Алтынбаев Нұрмұрат
Атабаев Арысбай
Алдымбаев Кенжеғұл
Айдабаев Сәрсенбай
Әлімбетов Біржан
Әліпбаев Рысмахан
Базаров Баймұраты
Байбеков Нияз
Баекеев Әби
Байменов Әбдірахман

Бұхарбаев Қиуаш
Бұхарбаев Әукен
Бексембаев Менетай
Бөрікбаев Меңдібай
Баржанов Айшин (Айшим)
Байбосынов Қоңылбай
Дабылов Қоңқак
Дәуренов Османқұл
Ержанов Абдусамат
Ертілеуов Мүке

¹ Бәкірұлы Ә. Қарақұм көтерілісі // Мұстафа Шоқай (деректі хикаят). – Алматы, 1998. – 139-141-бб.

Жақыпов Байділда
Жайшылықов Құлмұрат
Жазиев Ахметбек
Жолбосынов Қабыл
Жигелдиев Сыздық
Искаков Маулақ
Кетебаев Даруш
Алмағамбетов Ыбырай
Аманбаев Абдрахман
Асылбаев Бекембай
Ақмолдаев Смағұл
Атығаев Әбен
Арыстанбеков Жылқыбай
Боханов Жақып
Баймағамбетов Ташмағамбет
Боранбаев Тәуекел
Бекетаев Байтанақ
Бұхарбаев Жәкен
Бейсенов Қойшыбай
Батағұлов Кежеғұл
Байиенов Ахмет
Берестенов Ысқақ
Базарбаев Қали
Дәуренов Жамал
Дүйсенбаев Бержан
Ерназаров Қойшығұл
Жабакеев Туралы
Жансейітов Досмайыл
Жансиев Әлмұрат
Жақаев Әлмұхамед
Жигелдиев Мұстафа
Зарымбетов Омар
Қожамжаров Бұхарбай
Құрманбеков Қалған
Құлшықов Құлмахан
Қожбанов Мұса
Қоржынбаев Тұрымбек
Қарақұлов Біржан
Қайрамбаев Ертілеу

Қалықов Ахует
Қарақубенов Смағұл
Қабылов Алашбай
Қошаров (Қошарбаев) Жоламан
Қарақұлов Нұрхан
Кенжеғұлов Құдайберген
Қалыбеков Баймұхамед
Меңлібаев Әлихан
Мұстафин Әбу
Меңлібаев Қоржымбай
Матенов Жақып
Сағымбаев Шопанбек
Тоқтыбаев Садық
Төлесов Сырбай
Таныбаев Құшакбай
Тұрмаханов Дүйсенбі
Шүкеев Жақсылық
Шекимов Қасым
Есіркепов Айтбай
Белхожин Салық
Ешанов Махамбет
Құтыбаев Тамаш
Өтеуов Көптілеу
Тұрымтаев Бекмағамбет
Оңалбаев Алмағамбет
Қанатбаев Мұса
Қуанов Төлеген
Кенжеғұлов Аллаберген
Қылышбаев Аллақат
Қожамжаров Ерназар
Қаракетов Тәкен
Қыпшақбаев Донжан
Қалысбаев Фазылхан
Қабылов Сағынбай
Күлтеев Балымбет
Мыңбаев Шаяхмет
Мұратов Жалғыбай
Меңдібаев Берман
Мыңжасаров Қойшыбай

Мұқтабаев Жаппасбай
Медешов Шонмұрын
Назаров Баймұрат
Насымбаев Айтбай
Омарбеков Ысқақ
Пірназаров Ісмет
Сейітов Аманқұл
Сармолдаев Пірназар
Төрөбеков Ержан
Төлегенов Самбет
Тұрымбетов Жапибай

Тоқтамысов Бөлекбай
Тоқсейітов Бекбай
Шонмұрынов Қайраш
Елеубергенов Күнжан
Ешанов Сүлеймен
Жұбанов Қожбан – хан атанған
Нүрекешов Жүніс
Текебаев Бектілеу
Шанкемелов Мұстафа
Шакутов (Шаңғытов) Күшек

Он жылға бас бостандықтарынан айыруға жазаланғандар:

Әбенев Исламбек
Ақмолдаев Ыдырыс
Бұхарбаев Төлеген
Бөлекбаев Лахиза
Бисенов Қасым
Елеуенов Қалдыбай
Жакенов Байман
Жайсанбаев Күнгербек
Қауменов Құсамбай
Қуваев Омарғали
Кішкентаев Ажет
Қалымбеков Әбдірахман
Молдабаев Ділдабек
Махамбетов Бердіқожа
Сейітов Шенбай
Сүлейменов Ташен
Төлегенов Жұмағали
Танымбаев Тұрамбет
Үмбетов Мүслім
Үргенішбаев Бүркімбай
Шайменов Қали
Бөлекбаев Душанен
Көпешбаев Ысқақ
Құлманбаев Қадыр

Жүзжасаров Әнебай
Саранжанов Ишпак
Тоқсанбаев Жиренше
Салықбаев Қотырбай
Есенов Сүйіндік
Текебаев Ондасын
Әбілқасымов Менгелбек
Алтынбаев Баймұрат
Байзақов Әбдірасыл
Байымбетов Мырзамұрат
Дүйсенбаев Әбдіхалық
Ермағамбетов Досекен
Жалманов Жалғас
Қарымсақов Мұхан
Кеншімбаев Абдұға
Қуысбаев Нұрғали
Көпжасаров Тай
Қарғабаев Жайшылық
Мырзабаев Ақберген
Найманов Жүсіп
Сағындықов Тұяқ
Серікбаев Әбдісадық
Төлегенов Әлмұхан
Өтебаров Нұрдыбай

Өтеуов Қожанат
Шайманов Айбарша
Айбосынов Шамшадин
Жаңабергенов Нұрпейіс
Қарымсақов Шәкен
Жанпейісов Жұман

Марақбаев Роман
Шайкиев Мұхамеджан
Үркішбаев Ысқақ
Байтілеуов Шадияр
Кембаев Абрай

360

Бес жылға бас бостандықтарынан айыруға жазаланғандар:

Абатаев Сейітжан
Әлмұратов Алмуш
Адиқаев Нұрымбет
Бәйімбетов Біржан
Атығаев Сұлтан
Арманбетов Қали
Бәйменов Сайым
Баймұрзаев Істілеу
Бержанов Исмадияр
Дүйсенбаев Әбдіхалық
Жатақов Ұзақбай
Қыпшақбаев Шобда
Күнғаров Меңлібай
Лаханов Мамыш
Нұрбеков Жүсіпбек
Сәрсенбиев Нұрғали
Серікбаев Баймұхан
Оспанов Мергенбай
Төсекбаев Абзал
Байданияров Асқар
Айбергенов Ілияс
Ибраев Мұса

Шапақов Жүсіп
Күйінбаев Алдеш
Күнбаев Меркамили
Мұстафаев Біләл
Бержанов Орынбай
Жауқашев Байнияз
Исмайлов Нұғман
Қарамұсақов Жахил
Қарабалаев Мизамбай
Мұхамбетов Омарбек
Серікбаев Жанғызбай
Сазықбаев Қашақ
Сауымбаев Есмұхамед
Төбетаев Сегіз
Шекіров Бірмахан
Айбергенов Абдат
Жаманов Қаратай
Құтбасов Үліксея
Шәкіров Әбен
Бекмамбетов Есмұхамед
Томашев Дүкенбай

Үш жылға бас бостандықтарынан айыруға жазаланғандар:

Ақмамбетов Қали
Аққожаев Исмахан
Ахметов Қаратай
Башенов Нухаиз

Балғажаев Шахан
Досмамбетов Жұбағы
Еділбаев Бөрібай
Исмаилов Шадекен

Қаңлыбаев Тәңірберген	Болатбаев Дашбай
Көшерев Жаңабатыр	Досмамбетов Нұржан
Қойбағаров Ахмет	Жамалмағамбетов Балман
Меркамелов Табай	Жүсіпов Сынбай
Тайғұлов Айтмахан	Құтаев Сәдуақас
Қойбағаров Есім	Қазыбаев Имеш
Қарашев Яртыбай	Жаңабергенов Ажарбай
Әдікаев Бұрынбай	Мұхаметжанов Төлеухан
Аққожаев Яссауи	Таныбергенов Алмахан
Бұрамбаев Мұрзабат (Мырзабек)	Уаисов Қаражан
Боқаев Баймұхамед	Жаманов Қаратай

Үш жылға жер аударуға кесілгендер:

Сатыбалдиев Ысмайыл
 Избасқанов Құндақбай
 Мижанов Мұхамеджан
 Аманов Барымбек
 Қарабасов Ахмет»¹.

Дегенмен де осы тізімде бәрі қамтылған деп айтуға болмас. Оның үстіне мұнда ұрыс даласында қайтыс болғандар тізімге енбей қалған. Оларды ОГПУ халықтан жасыруға күш салды.

Сонымен қатар, оқырманға мынаны да ескерте кетеміз: көтеріліске тікелей қатысушылардан басқа, оған көмек көрсетушілер ретінде жазаланғандар да аз емес. Олардың кейбірі Қызылорда облысындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын жариялаған «Аза» кітабында берілді. Мұндай кісілер – Махаев Егізбай, Көшербаев Бетеген, Қалағанов Ыбырай, Маханов Ысқақ, Тұрмаханов Дүйсен, Байсалов Омар, Қалабаев Мырзақұл, Ботабаев Ахмет (Қармақшы ауданы бойынша), Байталиев Әйтен (руы – Сарқасқа), Сарыстеков Есберген, Құлланбаев Әбдірахман (руы – Табынның Көшейі), Құлланбаев Мамыт (руы – Табынның Көшейі, Тереңөзек ауданы бойынша), Киев Раушан (руы – Сарқасқа), Төремұратов Бижан (руы – Қожакелді), Жолдыбаев Нысанбай (руы – Қожакелді), Есіргенов Берсүгір (руы – Сарқасқа), Есіргенов Төртбай (руы – Сарқасқа), Нұртазаев Данияр (руы – Арғын), Дәрібаев Мүтән (руы – Табын), Нысанбаев Сұлтан

¹ Бәкірұлы Ә. Қарақұм көтерілісі // Мұстафа Шоқай (деректі хикаят). – 158 – 161-бб.

(руы – Көшей) Жаппасбаев Асқар, Айтуаров Бейсенбай (Сырдария (бұрынғы – Қызылорда) ауданы бойынша), Ауысбаев Мұстафа, Төлебаев Смағұл, Нұралиев Ахмет, Төлебаев Қойшығұл, Бақтыбаев Байкемел, Өмірбеков Жұмаділдә, Малгелденов Қадырбай, Байтабынов Ермахан, Топанов Әбділда, Тасымов Бәден, Борамбаев Әбдігапар, Баймаханов Смайыл (Жалағаш ауданы бойынша)¹. Бұларды азаматтардың аты өшпесін деген ниетпен атап отырмыз. Қарақұм көтерілісін жазалаушылар туралы айтқанда ОГПУ-дің қаныперзлігін аяусыз әшкерелеу сондықтан да аса қажет.

Әділін айту керек, әскерилер ОГПУ органдарына қарағанда Әліби Жанкелдин басқарған мемлекеттік комиссия жұмысына да өздерінің біршама дұрыс бағаларын бере білді. Олардың жоғарыда біз бірнеше үзінділер келтірген ресми баяндамасындағы қорытындылардың бірінде мынадай жолдар көзге ұрып тұр: «5. Ерекше оперативтік топ командованияесінің Қарақұмдағы бұқаралық көтерілісті бейбіт жолмен жою туралы қабылдаған шішімі – бірден-бір дұрыс болып және ақырына дейін өзін-өзі ақтады. Бұлай етпеген жағдайда, қазақ ауылында Кеңес өкіметінің беделін мұнан әрі төмендете түсіп, жаппай қантөгіс болған болар еді»².

Сонымен қатар, Ресейдегі әскер округтен келіп отырғандарына қарамастан ұлт мәселесінде голощекиншілерге қарағанда әскерилер әлдеқайда объективті қорытындыға келді: «... Орта Азияны ҚАССР тарапынан қауіпсіз ету үшін ұлт мәселесін жүргізуде түбірлі өзгеріс қажет, – деп жазды олар одан әрі, әсіресе т.ж. (теміржол – *Т.О.*) тораптарында орыс әкімшілігі біртіндеп қазақтармен ауыстырылуы тиіс»³.

Голощекиншілерге мұндай ұсыныстың ұнамағанын айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Мұндай ұсыныс Қазақстандағы кейбір орыс тілділерге де ұнамады.

Қарақұм көтерілісі туралы жергілікті жердегі материалдардың жариялануы мардымсыз. Олардың маңыздылығын төменде Ә.Бәкіров «Сыр бойы» газетіне жазған деректерден және автор пікірінен тағы да аңғарар едік: «Сылтау ретінде «Жұмағазы және оның сыбайластары қару-жарақты үкімет комиссиясына өткізуден бас тартты» – деген. Олардың талабының орынсыз екені Байбақтың Берішінің жауабынан көрініп-ақ тұр.

¹ Аза: Қызылорда облысы. – I-т., – Алматы, 2000.

² ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 74 – 75-п.

³ ҚРПМ. 141-к., 1-т., 2953-іс, 75-п.

– Қару-жаракты түгелдей тапсыруға Жұмағазы бандасы әдейі созып отырған жоқ. Бүкіл Қарақұмда шашылып жатқан елден қару-жаракты жинастыру қиынға соғып отыр, – деп жауап беріпті ол.

Тергеу кезінде олар өздеріне бүкіл әлемге қайырымсыздығымен әйгілі болған 58-ші статьямен тағылған аса ауыр айыптарды мойындарына алмаған. Жұмағазы: «Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай қылмыстар ойластырғаным жоқ», – деп тағылған айыптан мүлдем бас тартқан. Өмірбаев Оразбай: «Мен делегацияның құрамына кездейсоқ жағдайда қосылдым. Жұмағазы мені өзіне шақырып алып, сен бізбен бірге кедей-батрақ ретінде үкімет уәкілдерімен келісім сөздер жүргізуге қатысасың», – деді. Мен комиссияға не айтамын деп едім, ол: «сен қорықпа, сен батрақсың, сондықтан да үкімет сені жазаламайды, оларға тек білгенінді ғана айтсаң болды, – деді», – деп жауап берген. 60 жастағы Қалшақбаев Мешітбай тергеушіге: «Мен көтерілістің басы-қасында болғаным жоқ. Делегация құрамына Жұмағазының айтуынша кездейсоқ жағдайда кірдім. Егер басқа айыбым болса мен тек Құдай алдында жауап беремін. Ал сендерге жауап бермеймін», – деген. Басқаларының берген жауабы осыған шамалас.

Жұмағазы және басқаларының «қылмыстық» іс-әрекеттері объективті түрде дәлелденбесе де, халықтың үрейін ұшыру үшін 1930 жылы 15 шілдеде Қазақстандағы Бірінші Саяси Бас басқарманың үштігімен олар түгелдей ату жазасына кесілген. Кейіннен Өмірбаев Оразбайдың жазасы өзгертіліп, оның кедей-шаруа екендігі ескеріліп, оны 10 жылға бас бостандығынан айырған. Сол жылы 10 тамызда үкім жүзеге асырылған. Тек Жұмағазы жөнінде үкім белгісіз себептермен бір жылға дейін орындалмаған. Бәлкім, оның сыры істің соңына тіркелген мына құжатқа байланысты шығар:

«Начальнику РСО ОГПУ

Препятствий со стороны ОО ПП-ва и приведению приговора в исполнение по делу № 1727 к высшей мере наказания в отношении Баимбетова Жумагазы – Не встречается.

4. III. 1931 года.

Зам. Нач. ОО [Волхов]».

Бұл Жұмағазы жөнінде қабылданған үкімді орындауға енді жол ашық дегені болса керек. 1931 жылы көкек айының 16-күні Байымбетов Жұмағазы Алматы қаласында жазалау органы жендеттерінің қолынан қаза табады.

Қарақұмға байланысты оқиға әлі де зерттеуді қажет етеді. Себебі, оны Қазақстандағы тәркілеу тарихының бір бөлігі деп санауға болады. Онда жүздеген тіпті мыңдаған Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай және Торғай облыстарының шаруа адамдарының тағдыры жатыр. Қанша адам төтенше шаралардың салмағын көтере алмай дүние салды?! Қанша адам қуғын-сүргінге ұшырап, заңсыздықтың зардабын шекті?! Олардың басым көбі заң жүзінде ақталып отыр, бірақ әртүрлі жағдайлармен есімдері көпшілікке әйгіленбей келеді.

Құрбан болған белгілі мемлекет қайраткерлерімен қатар мүддесін қорғаған қарапайым адамдардың да таза есімдері өз жұртына оралуы тиіс деп ойлаймыз»¹.

Жалағаш ауданының тұрғыны, руы – Теке табын Ахмет Тілеулиев «Қарақұм көтерілісі» жайында естелігінде былай деп ой толғайды:

«1929 – 1931 жылдардағы голощекиндік қысымға қарсы 372 халық қозғалысы болып өтті. Соның ішінде қазіргі Қармақшы, Жалағаш, Теренөзек, қазіргі Сырдария аудандарының жиырма мыңға жуық шаруасы қатысқан Қарақұм көтерілісінің орны ерекше. Көтеріліс 1930 жылы наурыз айында басталып, маусым айындағы аздаған үзілісті қосып есептегенде, он айға созылды. Оған Алтын, Алаша, Табын руларының көптеген адамдары қатысты. Сығай-алтын Жұмағазы молда, Шұңғыр-алтын Қожабек Жұбанов көтерілістің әр кезеңдерінде хан сайланды.

Қожбан ханның бір уәзірі Жақап-табын Мірәлі Рахманқұлов болды. Осы қозғалыстың идеялық демеушісі, былайынша айтқанда, Махамбет Өтемісовты, Жақап-табын Тәуекел Боранбайұлы еді. Ол көтеріліс туралы тарихи жыр жазды.

Көтерілістің басынан аяғына дейін Тоқберлі-табын Әлментай балалары белсене қатысты. Олар – Ерназар, Әбіш, Қауыш, Ерназар баласы Бедерлер. Қауыш Әлменаев көтеріліс талқандалған 1930 жылғы желтоқсан айынан кейін де 1945 жылдың желтоқсанына дейін жалғыз өзі Қарақұмда Совет өкіметіне қарсы күресті деуге болады. Оның соңына бүкіл болыстың милициясы түсіп, Мәскеу қадағалап отырды.

Көтеріліске жасы жетпіске келген Ертілеу Қайранбайұлы бес баласымен қатысты. Ол Өмірқұл-табын, оның Бекайдар аталығынан болатын. Ертілеудің өзі өте шебер қобызшы болған, аспандағы аққуды қобыздың үнімен көлге қондырған. Бұл әулеттен отызыншы жылы Ертілеудің өзімен бірге алты адам атылды. Жасы жетпе-

¹ Бәкіров Ә. Халқы ардақтаған Жұмағазы хан // Сыр бойы. 1993. 4. 02. – 2-б.

гендіктен кішкентай Ысмағамбет атылмай қалды. Ол Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, аға лейтенант шенінде елге оралды.

Сондай-ақ көтерілісшілер қатарында Барлыбай-табын Алдаберген, Құдайбергелер де болды. Теке-табын Нұрбай Дүйсенбаев айбалтамен жауын жайратты. Өмірқұл-табын Ажарбай Жаңабергенов ұрыста белсенді қимылдады.

Теке-табынның Төлен аталығынан Смайыл деген кісі баласы Дәруішхан екеуі Қамбартөбе ұрысына қатысты. Сол шайқаста он тоғыз жасар Дәруішхан пулеметтің оғы тиіп, қаза тапты. Оның інісі Қасымхан Смайылов – Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, XX ғасырдың тоқсаныншы жылы қайтыс болды.

Қарақұм көтерілісіне қырға көшетін бүкіл малшы Табындар түгел қатысқандығын айту керек. Құмдағы шайқастарда көптеген адамдар, қайыспас ерлер қаза тауып, есімдері белгісіз болып қалды. Олардың көпшілігі Қарақұмдағы «Шейіт» деп аталатын жерде жатыр.

Көтеріліс аяусыз басып-жаншылды. Қолға түскен көтерілісшілерді вагонға тиеп, Қызылорданың шығысына әкеліп атты. Көтерілісшілердің зиратын тауып, басына белгі орнату бүгінгі ұрпақтың парызы.

Қарақұм көтерілісі – кезінде бүкіл елге, Одаққа белгілі болған тарихи оқиға. Оны коммунистік идеология халық санасынан өшіріп, ұмыттыруға тырысты».

Біз бұл пікірлерді толық құптаймыз.

Сонымен, Қарақұм көтерілісі туралы әңгімемізді аяқтай келе айтарымыз мынау: бұл – жалпыхалықтық, сталинизмге қарсы бағытталған әділетті көтеріліс ретінде тарихымыздан өзінің лайықты орнын алуы, алдағы жас ұрпақты туған халқын сүю, құрметтеу рухында тәрбиелейтін игі жұмыстарға қызмет етуі тиіс.

Қазақ халқының қазіргі ұлттық түлеуі және жаңаруы да осындай тарихи шындықтарды жарыққа шығаруға мұқтаж болып отыр емес пе?! Тарихымызды білмей оң қол, сол қолымызды тани алмаймыз, халық болып қалыптаса алмаймыз. Қарақұм көтерілісі туралы шындық сондықтан да бізге қажет.

Ал бұл шындықтың түпқазығы бұл көтерілістің ұлт-азаттық сипатында болғанында.

4-ТАРАУ. 1931 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

366

Қазақтың рулық ынтымақтастықта өмір сүруге дағдыланған дәстүрлі қоғамына жаңадан күшейіп келе жатқан кеңестік тоталитарлық жүйенің қысымы аса ауыр тиді. Қазақ ауылын «ақтарға» және «қызылдарға» («байларға» немесе «кедейлерге») әдейі бөліп, іріткі салған Азамат соғысы, соның ауыр салдары болған 1921-22 жылдардағы алапат ашаршылық, Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» деген ұранмен жүргізілген жайылымдық және шабындық жерлерді қайта бөлу, ауылды кеңестендіру, ірі қазақ байларын тәркілеу тәрізді қатал саяси-шаруашылықтық науқандар, олардың күштеп ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландыруға ұласулары, әсіресе шектен шыққан ет дайындау науқандары Абралы және Шыңғыстау аудандарында халықтың ашық бас көтерулеріне алып келді. Кезінде тарихымыздың «ақтаңдақтары» қатарында көзден таса қалып келген бұл наразылықтар туралы тәуелсіздік тұсында ғана еркін айта басатадық. Бұл көтерілістердің Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағатындағы құпия құжаттарымен нақты танысқан қазақстандық екі тарихшының еңбектері бүгінде елімізге белгілі. Олар осы жолдар авторы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбеков¹ және тарих ғылымдарының кандидаты Қ.С.Алдажұманов². Аталмыш бас көтеру туралы деректік материалдың аз болуына байланысты осы мәселеде аталған екі зерттеушінің бұрынғы жазған зерттеулерін кеңінен пайдаланып, мүмкіндігінше оларды қайтадан толықтырып жариялап отырмыз. Өкінішке орай, аталмыш наразылықтарға қатысқан кісілердің рулары нақты көрсетілмеген. Кеңестік жүйе сол тұста «рушылдыққа» айыптаудан гөрі «ұлтшылдыққа» айыптауды жөн көрді. Солай бола тұрса да, қазақ ауылы сол тұста рулық құрылым түрінде өмір сүріп жатқан еді. Енді осы көтерілістердің шығу себептері туралы нақты мәліметтерге назар аударалық.

¹ Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1997. – 204 – 205, 207 – 212-бб.; Соныкі. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы, 2003. – 209 – 238-бб.

² Крестьянское движение сопротивления//Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 1998. – 66 – 93-бб.

Зерттеуші Қ.С.Алдажұманов 1931 жылғы ақпан – наурыз айларында орын алған наразылықтар себептерін жоғары органдардың саясатынан іздестіреді. Шындығында да, бұл көтерілістердің басты себебі – 15 айға арналған ет дайындау жоспарын бір ғана науқанда орындауды талап ету болды. 1931 жылға дейінгі Кеңес өкіметінің күшпен жүргізілген әртүрлі шаруашылықтық-саяси науқандары шын мәнінде ауылдың мүмкіндігін әбден шектеп тастаған еді. Бұл әсіресе қалалардағы және жаңадан салынып жатқан өндіріс орындарындағы жұмысшыларды ет өнімдерімен қамтамасыз ету ісін қиындата түсті. Мұның өзі 1931 жылдың күз айында КСРО үкіметін өзінің жабық мәжілісінде қалаларды және өндіріс орындары мен құрылыс-транспорт жүйесін ет өнімдерімен қамтамасыз етуді күшейту туралы шешім қабылдауға алып келді. Бұл істе Қазақстанның үлесі аса үлкен болды.

1931 жылдың 19 қаңтарында Өлкелік партия Комитетінің бюро мәжілісінде БК(б)П Орталық Комитетінің және КСРО өкіметінің өкілі болып саналатын КСРО-ның жабдықтау Халық Комиссары А.Микоян және БК(б)П Орталық Комитетіне мүшелікке кандидат Н.Ф.Чаплин Мәскеуден келіп, Қазақстанның ет дайындау жоспарын жеделдетуін талап етті. Олардың талабы бойынша, Қазақстан 1931 жылы малды етке тапсырудың барлық жоспарының 70%-ын осы жылдың алғашқы кварталында орындауы тиіс болды¹.

Өзінің мұндай ақылға сыймайтын шешімін А.Микоян көктемге дейін қысқы суықты пайдаланып, етті жылдамырақ жөнелтудің маңыздылығымен дәлелдеді. Бұл уақытқа дейін Қазақстанның көптеген аудандарында мұндай мал басы шын мәнінде жоқ еді, сондықтан да Мәскеуден келген өкілдердің талабын орындау мүлде мүмкін емес болатын. Осыған қарамастан, Қазақстанның аудандарына шаруалардың мүмкіншілігінен әлдеқайда жоғары жедел тапсырмаларды орындау міндеттелді. Мұның өзі халықтың заңды ашу-ызасын туғызды.

Мұнда тағы да мынадай бір шектен шыққан әділетсіздікке назар аударған жөн болар: малды шын мәнінде күшпен тартып алған өкімет ең болмаса соған байланысты ақыны (компенсацияны) уақытында төлеуді де ойлаған жоқ. Мұнан басқа да ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың шамадан тыс жоспарларын орындау қажет болды: жүн, сүйек, мал шикізаттары және т.б. бойынша жергілікті жерлерге жоғары деңгейдегі жоспарлар жөнелтілді. Ал Қазақстан-

¹ Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – 88-89-бб.

ның алыстағы аудандарына айлар бойы күшпен алынған, яғни, контрактацияланған мал басына байланысты есеп-қисаптар мүлде жүргізілмеді. Онда тіптен мал басына айырбастайтын аса қажетті тауарлардың өзі де жеткізілген жоқ. Осының бәрі аштық қаупін күшейте түсті. Халық амалсыздан өкіметтің жергілікті жерлердегі күштеу саясатына ашық қарсылық білдіруге көшті¹.

Дайындау жоспарының ұлғаюына байланысты, мал шаруашылығымен айналысатын қазақ аудандарындағы барлық шаруалар шаруашылықтары қолдағы бар малдарын салық ретінде өткізулері тиіс болды. Жоғарыдан жасалған қысымға ұшырамаған жергілікті қызметкерлер кез келген әдіспен оларға түсірілген жоспарды орындауға тырысты. Мысалы, Қарқаралы ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы Құрманғалиев ауылдарға жөнелтілген жауапты қызметкерлерді үздіксіз сабап, оларды жоғарыдан түскен етке мал өткізу жоспарын 24 сағаттың ішінде орындауларын талап етті. Қарқаралы округінің Шет ауданында малды даладан қуалап алып кетті. Олардың иесі кім екендігі ескерілген де жоқ. Осылайша, етке мал өткізу жоспары бір күннің ішінде орындалды. Осы округтің Қарқаралы ауданында шолақ белсенділер халықтан малды күшпен тартып алып, ет өткізу орындарына айдап кетті. Аудандық кәсіподақ кеңесінің төрағасы Бошағалиев оларға былай деп мәлімдеді: «70 сиырды ғана қуалап келген, яғни аз мал өткізген белсенділер малмен бірге дайындауға өздері кететін болады». Ал шолақ белсенді Төтебаевты ол азғантай мал айдап келгені үшін сабап тастады. Тағы бір шолақ белсенді Шақшиев темірге таңылып тасталды. Осы ауданның «Кедей» колхозында 308 шаруашылықтың 297-сі мал салығын өткізуге міндеттелді және олардан барлық мал тартып алынды. Мұндай мысалдар мұрағат қойнауында көптеп кездеседі².

Осындай ауыр ахуал жергілікті жерлерде халықтың бас көтерулеріне алып келді. Осының нақты көрінісі Абыралы және Шыңғыстау аудандарындағы көтерілістер болып табылады.

а) Абыралы дүрбелеңі

Күштеп ұжымдастыру және байларды тап ретінде жою бағыты арқа өңіріндегі аудандарды да атқа қонып, наразылық білдіруге

¹ Сонда. – 89 б.

² Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – 89-б.

мәжбүр етті. Оның үстіне негізінен тек мал шаруашылығымен айналысатын бұл өңірлерде ет дайындау науқандарында малды халықтан зорлап тартып алу ел арасында жаппай ашығуға душар етті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы тергеу материалдарымен жан-жақты танысқан белгілі тарихшы Қ.С.Алдажұманов Абыралы көтерілісінің басталу себептерін және барысын төмендегіше баяндайды:

«Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, 1931 ж. көтерілістері дайындау науқандарының бүкіл барысында пайда болды. Мысалы, Абыралы ауданында жоғарыдан түсірілген өткізілуге тиісті мал басы дайындалуға тиісті жоспарланған өнімнен 2,5 есе көп болды. БК(б)П аудандық партия комитетінің хатшысы Н.Мәметекөвтің жоғарғы органдарды мұндай жоспарды орындау мүмкін еместігіне сендірмек болған әрекеті ешқандай нәтиже бермеді. Тек кейініректе ғана, Алматыда БК(б)П Өлкелік партия комитетінің пленумына қатысқан ол өзінің айтқанына қол жеткізді және түзетілген дайындау жоспарын алып қайтты. Бірақта бұл сандардың өзі де нақты жағдайды ескермеген болатын: бюрократ кадрлардың жасаған жоспары бойынша халыққа бұрынғы 8745 тоннаның орнына тағы да 3379 тонна етті тірідей салмақпен өткізу тапсырылды. Бірақ солай бола тұрса да, бұл жоспарды аудан 100%-ға орындай алмады. Елдің барлық малын өткізгеннің өзінде де осылай болып шықты. Ал енді Н.Мәметекөв ауданға қайтып оралғанша, жергілікті басшылардың және белсенділердің «талпыныстарының» арқасында әбден ашынған халық көтеріліске шығып кеткен еді»¹.

Мұның өзі 1931 жылы ақпан айының басында Абыралы ауданының 6-ауылында Кемпірбаев Ысқақ пен Тұрғанбаев Уайда бастаған ашынған ауыл азаматтарын Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына ашық наразылық білдіру туралы шешім қабылдауға мәжбүр етті. Көтерілісті басқаратын 11 адамнан тұратын орталық құрылды².

1931 ж. 12 ақпанына қарай көтеріліс ауданның барлық ауылдарын дерлік қамтыды. Әсіресе, 2-12 және 14 ауылдардың тұрғындары мұнда ерекше белсенділік танытты. 14 ақпанда 1931 жылы ауылдардан шыққан 700 адам ауданның шығыс бөлігінде Битыбаев Қосқанның, Смағұлов Түскейдің және т.б. бастауымен көтерілген халықты аудан орталығына Қайнар ауылына алып барды. Бірақ ша-

¹ Сонда. – 89-б.

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағаты (алда – ҚРҰҚКМ). – 158-т., арх. №1, 49-іс, 22-п.

буыл өзін-өзі қорғау отрядының қарсылығымен тоқтатылды. Қарсы шабуылға шыққан бұл отряд шаруаларды ауылдарына қуып тықты. Ұсақ топтарға бөлінген шаруалар жергілікті жерлерде қарсылықтар көрсетті және 1931 ж. маусым айына қарай олардың күші ОГПУ отряды әскерлерінің соққысымен біржолата талқандалды.

Алайда Абыралы ауданының солтүстік-батыс бөлігінде (Қарқаралы ауданымен шегарада) оқиға басқаша бағыт алды. Көп кешікпей-ақ, осында алтыншы ауылдың шаруасы Кемпірбаев Ысқақтың бастауымен бүкіл ауылдағы тәртіпті өзінің бақылауына алған көтерілісшілер тобы отрядқа бірікті. Олар мал дайындау жоспарын орындауды ерекше талап еткен уәкілдерді тұтқындады. Ауылдық кеңестің іс-қағаздарын өртеп жіберді.

Азаматтардың бас қосуларының бірінде Ы.Кемпірбаев былай деп мәлімдеді: «Көтерілісші азаматтар! Біздің алдымызда өте қиын мақсат тұр, бірақ бұл қасиетті міндет – Сталин басқарған тонаушыларды Советтік қанауды жою міндеті тұр. Совет өкіметінің Қазақстандағы тонаушылық саясатының маңызы және міндеттері туралы сіздерге айтудың қажеті шамалы. Советтік биліктің өзі сөз жүзінде емес, іс жүзінде өзінің осы саясатының түпкі мәнін көрсетіп берді. Жақындағы өткенімізге назар аударсақ та жетіп жатыр: 1928 ж. осы саясатты нақты жүзеге асыруға бастау жасалды. Советтік билік ол кезде әлі де әлсіз болғандықтан, мұнан бұрын бұл саясатты бастай алмады. 1928 жылғы «Ірі бай-шаруашылықтары» деп аталатындарды кәмпескелеу Қазақстанның экономикасына елеулі алғашқы соққыны берді. Тонауға жол ашылды. Бұл – біздің алдыңғы қатарлы адамдарымыз бұрынырақ алдын ала ескерткен нәрсе еді. Сіздер, мұның бәрін жақсы білесіздер. 1928 жылы-ақ біздің ғалымдарымыз былай деген болатын: «Алғаш «ірі байларды» кәмпескелейді, онан соң «ұсақ байларды» іздеп табады және қайыршылыққа ұшыратады, онан соң «орташаның» соңына түседі, ал бұдан кейін, ақырында «кедейге» де жетеді...

Советтік биліктің саясатының мәні осындай. Ол басқаша бола алмайды, өйткені ол не жеке меншікті жояды, осылайша жұмыс істемей-ақ жалқаулыққа салынып, басқалар жинаған өнімнің есебінен өмір сүруге жағдай жасайды. Бірақ, әрине мұндай саясатпен алысқа бара алмайсың, шындығында да, осылай болып шықты... Советтік билік орташа – орташа кедей шаруашылықтарын қосып кәмпескеледі. Қаптаған шаруашылықтық саяси науқандарды ойлап шығарды, дайындауларды іске қосты. Сөз жүзінде социализмге

бағытталған, ал іс жүзінде жаппай қайыршылануға апаратын жол еді ол. Бұны қазіргі ет дайындаушылар барлық кедейлерді және батырақтарды жоқшылыққа ұшыратқанда, айтарлықтай айқын ашып көрсетіп беріп отыр. Сәл ғана наразылық білдірсең – түрмеге, «контрреволюция», ату және тағы басқалар күтіп тұр. Енді біз алда да әрекетсіз бас ие береміз бе? Оның үстіне көтерілістің жалыны бүкіл КСРО-ны шарпыды. Әрекетсіз қалу дегеніміз бұл – құдайдың алдындағы және қазақ халқының алдындағы күнә болып табылады. Біздің борышымыз – соңына дейін ымыраға келмей және батыл күресу болуы тиіс»¹.

14 ақпанда көтеріліс аудан жеріндегі ауылдарды түгелдей қамтып, көтерілісшілер саны 700 адамға жетті.

Көтерілісшілер топтасқан түрде аудан орталығы Қайнар селосын басып алды. Оларды тоқтатпақшы болған жергілікті коммунистер мен комсомол мүшелерінен құралған оперативтік отряд көтерілісшілер қоршауында қалып, ақырында соларға қосылып кетті².

Шайқастардың бірінде көтерілісшілер ОГПУ-дің аудандық уәкілі А.Жамалидинов бастаған коммунарлар отрядын тұтқынға алды. Аудандық атқару комитетінің Т.Аралбаев көтерілісшілер қолынан қаза тапқан жалғыз адам болып табылады. Тергеу құжаттарында көрсетілгендей, С.Кемпірбаевтың өзінің тұрмыс жағдайы төмендегідей еді: оның үш жылқысы, 2 сиыры, 12 ешкісі және киіз үйі бар болатын. Яғни ол шын мәнінде орташаға жатқызылатын еді.

Көп кешікпей-ақ, ОГПУ-дің Семейдегі 66-шы атты әскер дивизионының оперативті отряды Семипалатинскінің ОГПУ-нің опер бөлімінің опер уәкілі – А.Чупиннің командасымен келіп жетті. Сондай-ақ, Қарқаралыдан ОГПУ қызметкері Иерусалимов басқарған отряд та келіп, көтерілісті қаталдықпен басып тастады. Оның үстіне Иерусалимовтың отряды (құжаттарда көрсетілгендей) 17 адамды жойып жіберді. Олардың ішінде көпшілігінің кінәсі жоқ болатын. Осы ауылдардағы көтерілістерді басу барысында көтерілісшілер тарапынан 47 адам қайтыс болды және өлтірілді.

Қолға түскен көтерілісшілерді жазалау да қатал болды. Қылмысты ретінде 274 адам тұтқынға алынып, оларға ПП ОГПУ-дің ерекше үштігі 1931 жылдың 17, 22 маусымында, 3, 14 қарашасында, 14 желтоқсанында үкімдер шығарды: 86 адам ату жазасына кесілді. 137 адам еңбек түзету концлагеріне 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзім-

¹ Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – 89-б.

² ҚР ҰҚКМ. – 158-т., арх. №1, 49-іс, 1-т., 42-п.

ге камалды. 10 адам осы мерзімдерге шартты түрде сотталды, тағы 10 адам Қазақстанның өз ішіндегі аймақтарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударылды¹.

Осындай жағдайға басқа аудандарда көтеріліс жасағандар да ұшырады. Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарындағы көтерілістер басылған соң, КазЦИК-тің төрағалығымен Мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Алайда Комиссияның жұмысы да және одан кейінгі дайындауларды тәртіптеуге әрекет жасаған шаралар да жағдайды өзгерте алмады. Апатты жағдайдың қаупі жақындай түскені күннен-күнге айқындала бастады².

ә) Шыңғыстаудағы халық наразылығы

Шыңғыстауда болған халық наразылығының себептері көрші аудандардағыдай ауыр ахуалдардан туындады. Жергілікті жерлерден жинақталған деректерден төмендегідей жолдарды оқимыз: «Тіршілігінің тірегі, күнкөрісінің көзі мал болып отырған қазақ ауылы үшін бұдан өткен қысым-қиянат болмас. Жұрт жаппай аштыққа ұшырай бастайды. Оның үстіне жұртқа түсініксіз әрі ешқандай экономикалық, материалдық негізі жоқ жерде коллективтік шаруашылық құру ісі зорлап жүргізіле бастайды.

Ел аузында: «Коллективтендіру байды батпаққа батырып, орташаны орға жығып, кедейді кеңірдегінен алды» деген сөз бекер айтылмаған-ды.

Үлкен үміт артқан қоғамға да, оны басқарушыларға да елдің сенімі шайқалады. Тұралап отырған жұрттан мал, жан, жер үшін жинайтын ет, май, жүн, тері алым-салығы бас көтертпейді. Ірі байлар ғана емес, құлантабел тұрмысы бар орта шаруалар мен жалғыз атты кедейге «жете», «кулак» деген айдар тағып, «нық міндеттеме» деген салық түрі бойынша астық бере алмағандары оны етпен, жүнмен өтеуге тиіс болады. Жүн таба алмағандар сырмақ, текемет киіздерін түтіп, арқан-жіптерін тарқатып салуға мәжбүр болады. Елге үрей туғызу үшін «салық төлемеді» деген сылтаумен 1931 жылы Ырғызбайдың 18 адамын Итжеккенге айдайды.

Заем сатуды еріксіз жүзеге асырушылардың қысымына шыдамаған Шаған өңірінде оған ашық қарсылық жасалады. Қақтығыс

¹ Сонда. 42, 43 – 44, 46, 47-пп.

² Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – 89-б.

кезінде екі салық жинаушы мерт болады. Соны сылтау еткен ауданның әпербақан басшылары қаладан әскер шақыртады. Олар жазықты, жазықсыз демей «бұл ақ сиыр көтерілісі» деп ат қойып, айдар тағып, басы қарайған бірнеше ондаған азаматты жазықсыз жазалағаны белгілі»¹.

Жалпы халықтың «шолақ белсенділердің» іс-әрекетіне деген наразылығы 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанынан кейін-ақ басталған еді. Осыған байланысты нақты деректер «Тобықты-Шыңғыстау шежіресі» атты еңбекте берілген. Онда Шыңғыстауда қалыптасқан ахуал төмендегіше баяндалған:

«1926 жылдың декабрь айында Алтыбаев, Елбосынов деген адамдар Шыңғыстауға астыртын келіп, ауыл советтерден өте асқан қаракөк, шонжар байлармен оған тете бай-кулакқа жататын 17 (он жеті) адамды тізімге алып кетеді.

1928 жылғы 27 августағы Халық комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан Орталық атқару комитетінің декреті бойынша осы жылдың 3-17. XI аралығында олардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылады.

Олар:

1. Әділов Ике – 77 жаста
2. Әділов Асылхан – 42 жаста
3. Әмзин Смағұл – 87 жаста
4. Аққозин Ақылбай – 43 жаста
5. Ақмағанбетов Ақкенже – 33 жаста
6. Ақылбаев Асқарбай – 55 жаста
7. Алимжанов (Бураханов) Камали – 27 жаста
8. Асауқатов Омар
9. Базаров Тауфих
10. Бураханов Сыдық
11. Жакупов Какен
12. Ыскаков Ахмедияр – 28 жаста
13. Қылышбаев Сыбанбай – 88 жаста
14. Саменбаев Қостуған – 60 жаста
15. Серғазин Ыдырыс
16. Үкібаев Қаражан
17. Шынқожин Ұйпалақ – 66 жаста

(Семей мұрағаттары қорындағы 74-қ. №4 ісқағаздарының №1 топтамасында).

¹ Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. 1т., – 116-б.

Семей мұрағаттар қорының 74-қ, опись – 4, 40 ісқағаздар топтамасындағы қаулысында: «В соответствии с решениями собрания бедноты и батрачества и других трудящихся масс аулов, районный бедняцкое-батрацкой конфискации и районной комиссии по проведению Декрета Казахского Правительства от 27 августа с/г в виду их усиленного ходотайства выдвинуть перед правительством дополнительному включению в список выселяемых по Чингизскому району:

1. Халилия Габбасова,
2. Турагула Ибрагимова (он же Кунанбаев),
3. Мусатая Молдабаева,

характеризуемых как известные руководители группировок, хотя первое два из них имеют не значительное количество скота, а последний бывший волуправитель. Находится в административной ссылке в Рубцовском округе Сибирского края. Настоящее решение окружной комиссии по телеграфу представить на рассмотрение «КазЦИКа» – делінген.

Жоғары жақтағы іс тез қаралып, «оң» шешілсе керек. 1928 жылғы 19 ноябрьдегі №27 протоколда: «В соответствии с решением Окр. Ком. от 8 окт. протоколом №14 телеграммой КЦИК НР. 16881/5 выселить Ибрагимова Турагул (он же Кунанбаев) с членами семьи:

- первая жена – Сихбжамал – 53 лет
- сын – Жебраил – 25 лет
- сын – Зубаир – 23 лет
- сноха – Рахия – 18 лет
- сноха – Канагат – 25 лет
- сын – Алпарстан – 5 лет
- внук – Кенесары – 3 лет

с конфискации 36,9 голов (в переводе на крупн.) дома в 6-7 комнат с надворными постройками и шестиканатной кибитки, 1 кобра, и с оставлением Ибрагимову и его семье 16 голов крупного скота (7 лошадей, 6 кулун, 2 взрослых верблюда и 25 баранов)» делінген.

Осындай қаулы қалғандарына да жеке-жеке алынған. Бұндай қайта қарауға деген күлшыныс күн асқан сайын еселей түссе керек. Кәмпескеге жатып, арнайы құжат алынған отбасы Шыңғыстаудан 29 болған. Одан кейінгілерге қаулы-қарар алудың да қажеті болмаған болса керек. Өйткені бай, феодалды тәркілеу «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» – деген саясатпен жалғасып, жүріп кетеді»¹.

¹ Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. 1-т., – 114 – 115-бб.

Күшпен кәмпескелеудің бай-кулактарды тәркілеуге ұласуы, бұл науқандардың ет дайындау, зорлап отырықшыландыру тәрізді зомбылықтарға жалғасуы, жоғарыда атап кеткеніміздей, қуғын-сүргіннің бір толастамауы халықтың ашу-ызасын өршіте түсті.

Осынау ауыр кезеңді ғұлама абайтанушы Қайым Мұхаметханов төмендегіше баяндаған екен:

«Аузы ашылмаған бітеу жарадай сыздап, елдің зығырданын қайнатқан, өзі де «шығайын деп тұрған көзіне қамшы ұрған» содырлардың бұл қылығына төзбейтіндігін білдіріп, жұрт «Абылайлап» ұран шақырып, Ақ ту көтеріп, әділет тілеп, аудан орталығына бет алады.

Аттанар алдында Шыңғыстың сыртындағы оқшау тау Шақпақтағы «Шошаласында» жатқан Шәкәрім қажыдан барып оның басшылары бата сұрайды.

Оларды ақылмен де, ашумен де райларынан қайтара алмаған Қажы:

– Кеңес үкіметі жапанға біткен жалғыз бәйтеректей. Әзірше ол бұтақ шығып бүрленіп, жапырақ жайып гүлденіп келеді. Қанша жасайтыны бір Құдайға аян. Ал дәл қазір оны құлату, құрту сендердің қолдарыңнан келмейді.

Елді бүлдіріп, нақақ қан төкпендер. Ертең пілге үрген канден құсап қалмасыңа кім кепіл, – деп түсіндіреді.

Бірақ ашынған жұрттың алған бетінен қайтпайтынын сезген Қажы дін, шарифат жолымен оларды тоқтатпақ болып:

– Мұхаммед ғалиассаламның хадистерінде үш жағдайда адамға иман бұйырмайды. Өз Отанына қарсы соғысып қаза тапса, ұрлық жасау әрекетінде жүріп өлсе, өзін-өзі өлтірсе. Сондықтан Құдай алдында күнәкәр болу жарамайды. Қазақтың ашуының алдында аттаны тұрады деген. «Ашу дұшпан, ақыл дос» босқа жазым боласындар, тараңдар – дейді. Бірақ аштықтан күйзеліп, ашумен әбден ашынған қалың нөпір ашық талабымызды білдірейік, болмаса «аштан өлгенше, алысып өлейік» – десіп, қолында бар 3-4 шиті мылтық, балта, шоқпар, аша-күректі қаруым деп сайланып, әзірге бірнеше үйден тұратын аудан орталығына аттанады.

Бұл күні көрші Абыралы, шұбартаулықтар да аттанған еді. Жолындағы Бақанастағы ауыл мектебіне «мұғалім» деп әкелінген ГПУ-дің тыңшысы Рамазан Әбішевпен оның кінәсіз әйелі Рәпішті, Ақжардағы қазақ үйінде жолдан келіп тынығып жатқан РКИ-інің (жұмысшы-шаруа инспекциясының) төрағасы Олжабай Шалабаевты өлтіреді. Саржал, Машан, Бақанас және Жидебайдағы «Өркенді»

кооперативтері таланады. Оның бәрінен хабардар болып отырған аудан басшылары шиеленістің түйінін қантөгіссіз шешуді мүлде ойға да алмайды. Қайта жазықсыз жандарды жазалауға бұл таптырмайтын сылтау болады деп есептеген болар. Тұрмыстық талабын білдіру үшін келе жатқан 150-200 шамалы қарусыз адамға арнайы дайындалған тасадан оқ жаудырады. Ат көлігі әлсіз, қорғанар қаруы жоқ қауымды қаладан шығарылған жазалаушы әскер арнайы пулемет орнатқан машинамен келіп қынадай қырады.

Көтеріліс ұйымдастырушылары деп есептелген Қасымбек Солтабаевтан өзге Санияқас, Қыдыш, Қарабала, Ташмұхамбет, Алатай деген 5 адам ұсталып, сол жерде атылып, НКВД-ның ауласындағы құдыққа тасталады. Қарауыл өзенінің жыра-жылғасы сотсыз, тергеусіз, үкімсіз атылған адамдардың өлігіне толып кетеді.

Біраздан соң «...осы көтерілісті ұйымдастырушы болыпты, қашып жүр екен, Қытайға кетпек көрінеді» – деген жалған лақап таратып ГПУ-дің начальнигі Абзал Қарасартовтың өзі бастап шыққан жасақ «Саят қорасында» бейқам жатып, аң аулауға шыққан жерінде Шәкәрім қажыны атып өлтіріп, құр құдыққа көмусіз тастап кетеді.

Тарихта «Шыңғыстау көтерілісі» деп аталып қалған бұл қимылға қатысқандар шетінен «халық жаулары» деп жарияланып, олардың ағайын-туыстары қатаң жазаланады, көп қуғын көреді.

... «Абай елінің көп адамдарымен бірге әкем түрмеге қамалды. Түрмеге жабылғандардың ішінде Абайдың баласы Мәкәйіл (Мәкеш), Шаһкәрімнің баласы Ғафур, Оразбайдың баласы Медеу, Медеудің балалары Мәукіл, Санияз (Тұрағұлдың Ақылия (Ақыш) деген қызының күйеуі) бар, барлығы 72 адам екен.

Бұлардың ішінде әйгілі ақын Нұрлыбек Баймұратов та бар еді. Абайдың баласы Мәкәйіл бастатқан Тобықтының 70 адамы түгел атылды. Атылудан аман қалған әкем мен Нұрлыбек ақын ғана»¹.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы деректер төмендегідей мәліметтер береді²:

Абыралы ауданы тәрізді оған көрші орналасқан сол жылдардағы Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстау ауданының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы) жерінде де 1931 жылы ақпанда Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы халық толқулары болды.

¹ Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. 1-т., – 117 – 118-бб.

² ҚР ҰҚКМ. 158-т. арх. №1. 49-іс. 22-п.

Көтерілісті Медеуов Сәнияз және Торайғыров Емілжан басқарып, оған барлығы 200-ден астам адам қатынасқан. Көтерілісшілер ақ жалау көтеріп, халықты аудандағы Кеңес өкіметін құлатуға шақырған.

Көтерілісшілер көрші Қу және Абыралы аудандарымен байланыс орнатып, оларды көтеруге әрекеттенді. Бірақ Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері бұған кедергі жасады, көтеріліс кең тарап үлгірмей жатып-ақ ақпан айында күшпен басылып тасталынды.

Тұтқындалғандардың жалпы саны 189 адам. Олардың ішінен ПП ОГПУ-дің Ерекше үштігінің 1931 жылғы 15 мамырдағы шешімімен 47 адам ату жазасына кесілді, ал 105 адам еңбек түзету лагерлеріне қамалды, Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 13 адам жер аударылды, шартты түрде 23 адам тағы сотталды¹.

ОГПУ органдары сол жылдардағы солақай ахуалға сәйкес Шыңғыстау көтерілісіне де саяси сипат беруге тырысты.

б) Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау көтерілістерін ұйымдастырушыларды ОГПУ-дің жалған айыптаулары

«Бұл бас көтерулер байлардың, ұлтшылдардың Қазақстанда өмір сүрген контрреволюциялық астыртын ұйымының мүшелері» болып табылатын байлардың және қазақтың ұлтшыл интеллигенттерінің жекелеген өкілдерінің контрреволюциялық әрекетінің нәтижелері болып табылады²...». Міне, ОГПУ органдарының жоғарыда айтылған көтерілістерге байланысты жүргізілген тергеу жұмыстарынан жасаған басты қорытындыларының бірі осындай.

ОГПУ тергеуінде жауап берушілер контрреволюциялық ұйымның Абыралы ауданындағы бастауыш ұясының «Жұмыр» деп аталғанын атап көрсетеді. Олардың айтуынша, аудандардағы мұндай ұялар Семей қаласында орталығы орналасқан «Орта шаруалар партиясы» деген Кеңес өкіметіне жау ұйымның басшылығымен жұмыс істеген.

Жоғарыда әңгіме болған шаруалар көтерілістерін ұйымдастыруда осы ұйымның бұрын Колчактың ақ гвардияшыл отрядтарына қызмет қылған Ермағамбетов Омар және Көрпебаев Исламқұл, Таукелов Ибади, Игенов Ғалым тәрізді мүшелері белсенділік көрсеткен.

¹ ҚР ҰҚКМ. 158-т., арх. №1, 49-іс, 22-п.

² ҚР ҰҚКМ. 1-к., арх. №010224, 2-т., 286-п.

ОГПУ тергеуінде жауап берген Таукелов Ибадидің айтуынша, Семейдегі «Орта шаруалар партиясы» өлкелік орталық болып табылатын Алматы қаласында орналасқан «Қазақ шаруалары партиясының» басшылығымен жұмыс істейді. Оның резиденциясы бұрынғы алашордашылар жайлап алған Қаратал селосында орналасқан¹. Көрпебаев Исламқұлдан 1932 жылдың 25 сәуірінде ОГПУ тергеуі жауап алған кезде, ол Алматыдағы астыртын ұйымның біраз мүшелерін «көрсеткен». Оның айтуынша, Алматыдағы ұйым құрамында Тоқтыбаев Кәрім, Мұстамбаев Ыдырыс, Барлыбаев Ахмедулла, Ақжанов Құсайын, Токжігітов Шәймерден бар. Бұл ұйымға Ташкентте жүрген Әуезов Мұхтар, Ысқақов Данияр, Ермеков Әлімхан да мүше болып табылады.

Ал келесі «куә» Тәукелов Ибадидің «айтуынша», Семейде осы ұйымның бір бөлімі жұмыс істейді. Оның құрамында Сыздық Дүйсенбин, Иванов Василий, Попов, Ильинский, Күзембаев (кейбір кісілердің есімдері көрсетілмеген), Торайғыров Шәймерден, Ысқақов Мүбәрәк, Тастамбеков Шәймерден, Қабалбеков Хафиз, Жаналин Нұрке, Көркембаев Тоғыжан, Алин Ішмұхамед, Есенқұлов Құрман, Дүйсенбаев Кәрім бар. Ұйымның аудандардағы өкілдері мыналар: Майтанов Камин – Қызылтаң ауданында, Маннан Тұрғанбаев және Ишан Әнісбеков, Ахмеджан Қозыбағаров, Жүсіпбек Аймауытов – Қарқаралыда, Тайсарин Бейсембай – Абыралы және Шұбартау аудандарында, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұсатай Молдатаев және оның балалары Көпжан мен Манап – Шыңғыстау ауданында.

Семейдегі контрреволюциялық ұйым өзінің орталығының нұсқауымен Шыңғыстау, Абралы, Шұбартау және т.б. аудандарда көтеріліске даярлық жұмыстарын жүргізген.

1930 жылы қаңтарда Көрпебаев Исламқұлдың тапсырмасымен Қанғожин Әбунасыр Абыралы ауданында контрреволюциялық ұйым құруға келген. Ол және Семейден келген Күшенов Құсайын 1 мамырда осы ауданда 29 адам қатысқан жасырын жиналыс өткізіп, «Жасыл ту» деген контрреволюциялық ұйым құрған, оған жаңа мүшелер тартуға кіріскен.

Қанғожинға бұл ауданға барарда Көрпебаев төмендегідей кеңес берген: «Саған ұйым жұмысы бойынша жетекші нұсқаулар мен тапсырмаларды Шыңғыстау ауданында тұратын, ұйымның Шыңғыстау мен Абыралы аудандарындағы өкілі қазақ ақыны Құдайбердиев Шәкәрім беретін болады. Оған жұмыс жүргізу үшін ұйым жаса-

¹ Сонда. 1-т., 7-11-п.

ған жоспар тапсырылған...». ОГПУ тергеуіндегі деректерде ұйым колхоздарды тонау есебінен өзінің материалдық жағдайын жөндеуі және қару-жарақтар сатып алуы тиіс болды, – деп көрсетілген. Онда мынадай қорытынды жасалған: «Құдайбердиев Шәкәрімнен жетекші нұсқауларды Абыралыдағы ұя шынында да Баймағамбетов Қадау және айыпталған Айтжанов Нұркенің баласы Нұркеев Төлеу арқылы алып отырған (Құдайбердиев Ш. Қ. 1931 жылдың соңында өзі ұйымдастырған бандиттік бас көтеруді жою кезінде өлтірілді)».

Бұл «дәлелдерді» ОГПУ тергеушілері Қанғожин Әбунасырдан «өндіріп» алған. Ол «өз сөзінде» Абайдың інісі, жазушы-ақын Шәкәрімді Семейдегі контрреволюциялық ұйыммен байланыстырушы Әбдіхалықов Сәду деген болғанын айта келіп, Шәкәрімге төмендегідей сипаттама береді: «Құдайбердиев Шәкәрім – белгілі тұлға. 1931 ж. Семей секторында, сондағы Шыңғыстау ауданында таудағы жұртта және оқшау жер үйде өмір сүреді және оған Абыралы мен Шыңғыстау аудандарының байлары барып тұрады».

1931 жылы көктемде Орталық Қазақстанның Абыралы және Шыңғыстау аудандарында болған халық наразылықтары туралы қысқаша мағлұматтарды біз бұрын жариялаған едік (қараңыз: «Ақиқат», 1993, №3). Құпия архив қазыналарында осы көтерілістерге байланысты құнды, бұрын еш жерде жарияланбаған материалдар баршылық. Солардың ішінде, әсіресе, назар аударуға тұратындары Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетіндегі ПП ОГПУ қорындағы материалдар екені даусыз.

Осындағы 1923 жылдың 25 мамырында қабылданған іс бойынша айыпталушы ретінде тергеуге тарту туралы қаулыда мынадай жолдар бар: «ҚАССР ПП ОГПУ-нің Ерекше бөлімінің төтенше уәкілі Попов №651301 тергеу ісінің материалдарын қарай келе осы мәселе бойынша қамауда күзетпен отырған:

Исқаков Мүбәрәктің – 28 жаста, ұлты бойынша қазақ, Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстау ауданынан...

Көрпебаев Исламқұлдың – 38 жаста, ұлты жөнінен қазақ, Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстау ауданынан шыққан, тұтқындалғанға дейін Семей қаласында тұрған...

Иванов Василий Андреевичтің – 58 жаста, ұлты жөнінен орыс, УССР-ның Чернигов қаласынан шыққан, мешан баласы, тұтқындалғанға дейін Семей қаласында тұрған, үйленген және қарауында 3 адам бар, 1897 жылы Киев университетінің заң факультетін бітірген... – кінәларын жеткілікті дәрежеде төмендегідей әшкереледі:

1. Исақов Мүбәрәк: а) 31-жылдың мамыр айында Семей қаласында Қу ауданының азаматы Ермағамбетов Омарды өзі «Орта шаруалар партиясы» деп атаған, өзінің алдына кеңестік науқандарға және шаруаларға қарсы тұру міндетін қойған және Кеңес үкіметін құлатуды түпкі мақсат еткен контрреволюциялық жасырын ұйымға кіргізген және оны мүше ету үшін, оның сөзіне қарағанда, осы ұйымның Семей бөлімі комитетінің мүшелері болып табылатын айыптаушылар Көрпебаевқа және Ивановқа таныстырған. Сондай-ақ б) Ермағамбетов Омарға ұйым мүшесі ретінде айыпталушылар Көрпебаевпен және Ивановпен бірге таныс байлары арасынан ұйым қорына қаражат жинауды тапсырған, онан соң оған Алматы қаласында тұратын ұйымның басқа мүшелеріне құпия хат апаруды тапсырған.

2. Көрпебаев Исламқұл: а) 31-жылдың мамыр айында жоғарыда көрсетілген ұйымның комитет мүшесі ретінде Ермағамбетовты ұйымға мүшелікке қабылдауды және оған қаражат жинауға, сондай-ақ, Алматыда тұратын ұйым мүшелеріне хат жеткізуге байланысты тапсырмалар беруге қатысқан; б) 1930 жылы осы ұйымның құрамына айыпталушы комитетінің мүшесі ретінде, соның (ұйымның – *Т.О.*) атынан оған Абыралы ауданында ұя ұйымдастыруды және ол үшін мүшелік жарналар жинауды тапсырды. Мұны Қанғожин орындаған.

3. Иванов Василий, жоғарыда көрсетілген ұйымның Семей бөлімі комитетінің мүшесі ретінде оған Ермағамбетов Омарды тартуға және соңғыға ұйым қорына қаражат жинауға, сондай-ақ, Алматыдағы оның мүшелеріне хат апаруға байланысты тапсырмалар берген¹. Көріп отырмыз, айыпталушыларға тағылған кінә негізсіз. Ең бастысы, «Орта шаруалар партиясы» дегеннің өмір сүргеніне нақты дәлелдер жоқ. Сондықтан да басқалар сол ұйымға мүше болған еді деп қорытынды жасау да ақиқатқа апармайды.

Осыған қарамастан, жоғарыдағы қаулыны растап қолдарын қойғандар: Алматыдағы ПП ОГПУ-дің тергеушісі Попов, ерекше бөлім бастығы Хворостян, республикалық ПП ОГПУ бастығының орынбасары Миронов «өтірікті шындай» етіп көрсетіп, өздерінің жоғарыдағы тұжырымдарынан төмендегідей қорытынды жасаған: «Сондықтан да КПК-ның 128-бабын басшылыққа алып, қаулы етілді:

Азаматтар Ысақов Мүбәрәк, Көрпебаев Исламқұл және Иванов Василий Андреевич іс бойынша айыпталушылар ретінде УК 58-ба-

¹ ҚР ҰҚКМ. Арх., 010224, 1-қ, Қанғожинді айыптауға байланысты іс, 98-п.

бының 11-тармағына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылсын...».

Мұндай жалаға, осы қаулымен танысқан айыпталушылар төмендегідей қол қойған: «Бізге айыптар тағылды. Өзімді айыпты санамаймын: 5 маусым, 1932 жылы, қолы (Исқақов); өзімді айыпты санаймын: 5 маусым, 32 жыл, қолы (Көрпебаев); өзімді айыпты санамаймын: 5 маусым, 32 ж. қолы (Иванов)»¹.

Иә, айыпталушылар ішінде Көрпебаев қана өзін айыпты санаған. Тегінде ол ОГПУ қызметкерлерінің ұрып-соққан зорлық-зомбылығына, қиянатына төзе алмаған деп қорытынды жасауға болады. Ал қалған екеуге келсек, Исқақов Мүбәрәк та, Иванов Василий де қайсарлық танытқан. Әсіресе, соңғы жоғары заң біліміне ие болғандықтан жабылған жаланы мойындаудың жақсылыққа апармасын терең сезінген деуге болар еді.

ОГПУ тергеушілері басқа «халық жауларын» әшкерелеуде де тап осындай таптаурын, қиянат механизмдерін қаз-қалпында тұрпайы пайдаланған. Мұны біз айыпталушы Таукелев Ибади, 32 жаста, ұлты жағынан қазақ, Қу ауданының екінші ауылынан шыққан... Оның жасырын контрреволюциялық ұйымының Семей бөліміне белсенді мүше болғанына айғақтар жеткілікті. Оған жаңа мүшелерді, нақтырақ айтсақ, 1929 жылы тамыз айында іс бойынша айыпталушы Көрпебаев Исламқұлды тартқан. Оған бұл ұйымның «Шаруалар партиясы» аталатынын айтқан және оның мақсаттары мен міндеттерін түсіндірген. Оның айтуынша, бұлар кенестік науқандарға және шараларға әрекеттер және Кеңес өкіметін құлатуға бағытталған бас көтерулер ұйымдастыруға келіп тіреледі.

Қаулы етілді:

Азамат іс бойынша айыпталушы ретінде тергеуге тартылсын. Ол УК 58 бабының 11 тармағында қаралған іс-әрекетке айыпталсын».

Бұрынғылар тәрізді бұл шешімге де ОГПУ-дің жауапты қызметкерлері Попов, Хворостян, Миронов қол қойған.

Қаулының төменгі жағында онымен танысқан Таукелев Ибади-дің қолымен былай деп жазылған: «Іс бойынша маған айыптар тағылды, өзімді айыпты санамаймын»².

Жалған жалаға бас имей, табандылық танытқан Таукелев Ибади Семей облыстық ОГПУ-інің уәкілі Ваитовқа 1932 жылы 21 мамыр-

¹ ҚР ҰҚКМ. Арх., 010224, 1-қ, Қанғожинді айыптауға байланысты іс, 98-п.

² Сонда. 99-п.

да берген жауабында: «...антисоветтік контрреволюциялық ұйымда мен тұрған емеспін және тұрмаймын да және тұруға тиіс емеспін, өйткені мен Кеңес өкіметі кезінде тәрбие алдым», – деген еді¹.

ОГПУ-дің жергілікті органы аталған іс бойынша айыпталғандарды: Таукелев Ибадиді, Майтанов Қамалды, Исақов Мүбәрәкті, Иванов Василийді, Қанғожин Әбунасырды арнайы қарауылмен Алматыға аттандырған кезде, «күнәларын» мойындамағандарды бір бөлек, ал «айыбын» мойындаған Көрпебаев Исламқұлды бір бөлек аттандырған. Оларды қамау кезінде де бөлек ұстау орын алған².

ОГПУ құжаттарында жоғарыда аталған «Орта шаруалар партиясы» туралы төмендегідей қорытынды жасалған: «...Шыңғыстау, Абыралы аудандарындағы бандиттік бас көтерулер жоғарыда аталған ұйымның контрреволюциялық қызметінің нәтижесі болып табылатыны тергеуде анықталды. «Орта шаруалар партиясының» және оның ұялары «Жасыл тудың», «Жұмырдың», мүшелері Көрпебаев Исламқұлдан басқа Айтбеков Нұрке, Жиенбеков Түсіпбек, Таукелев Ибади, Шәймерденов Күдері, Қанғожин Әбунасыр, Жиенбеков Жақыпбек, Мұртазаев Нұрмағамбет, Қадырбаев Сұлтанғазы, Баймағамбетов Қаду, Ахметов Өмірәлі, Ыбыраев Илияс, Мәстекебаев Молдажан, Қосаев Нәби, Ұзақов Ғабит, Сәрсенбаев Сәду, Кәрібаев Ғаббас, Тойсарин Бейсенбай болып табылады»³.

«Орта шаруалар партиясы» тәрізді оның аудандардағы жергілікті ұялары туралы аңызды да ОГПУ ойдан шығарған еді. «Жасыл ту» немесе «Жұмыр» тәрізді бастауыш ұялардың жұмысы туралы негізінен ОГПУ қызметкерлерінің өздері ойдан құрастырған қисынсыз құжаттарды зерттеу барысында мұндай контрреволюциялық ұйымдардың өмірде болмағанына біздің көзіміз жетті.

Солай десек те, 1931 жылы ақпан-наурыз айларында Шыңғыстау, Абыралы аудандарында халықтың бас көтерулері болғаны рас. Оларды Кеңес үкіметінің әскер бөлімдерінің қанға бояп, қарудың күшімен тұншықтырғаны да рас. Бүгінде қолда бар мәліметтердің өзі де шындықты бұрмалап түсіндіреді. Өңгіме әрине Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағатындағы деректер туралы. Мысалы, Абыралы, Шыңғыстау көтерілістерін ұйымдастырушы болды деп айыпталған Қанғожин Әбунасырдың 1932 жылдың 11 сәуірінде ОГПУ-ге берген жауабы соңғы пікірімізге айқын дәлел: «1930 жылдың сәуір

¹ ҚР ҰҚКМ. Арх., 010224, 1-к, Қанғожинді айыптауға байланысты іс, 95-п.

² Сонда. 59-п.

³ Сонда. 1-т., 1-к. арх. №010224, 332-333-пп.

айында мен Семей қаласында тұрған кезімде сонда Көрпебаев та болды. Менімен бір әңгіме кезінде ол былай деді: «Қазіргі кезде ғой, сен партиядан шығарылдың, одан мен де шығып қалдым. Қазіргі жағдайда өкіметті ұстап тұра алатынына сенуге болмас. Егер біз Кеңес үкіметінің өмір сүруіне кедергі жасайтын жолдарды тапсақ, сен біздің жұмысымызға қатысар ма едің? Мен келісетінімді айттым. Осыдан соң ол маған мынадай әңгіме айтты: «Қазір сен жұмыссыз қалдың емес пе, сондықтан да ауылға бара қалсаң, біздің жұмысымызды жүргізгейсің».

Осыдан соң ол маған Абыралы ауданында ұйымның саяси ұясын ұйымдастыруды тапсырды да, ал мен оны орындап, Сәрсенбаев Жұмаханнның үйінде, Жалғызтау жайлауында осындай ұя құрдым».

Ал енді, дәл осы күні ОГПУ тергеуіне жауап берген тағы бір адамды – Ұзақов Ғабитті тындайық: «1930 жылдың қараша айында, күні есімде жоқ, Айтқанов Нұрке мені өзіне шақырды және біздің Абыралы ауданында 1930 жылы контрреволюциялық ұйым ұйымдастырылғанын, оның мүшелері Сәрсенбаев Жұмахан, Қанғожин Әбунасыр, Жетпісов Сүлеймен, Көшекөв Құсайын, Шыныбаев Шәкентай, Сәрсенбаев Сәду, Баймағамбетов Қаду, Рақымов Мұқан, Қаумет (әкесінің аты белгісіз), Жанысов Асан, тағы да басқа есімдері есімде жоқ, 4-5 адам екенін айтып берді. Ұйым «Жасыл ту» деп аталды. Қазіргі кезде Сәрсенбаев Жұмахан осы ұйымға жаңа мүшелер тартқысы келеді...».

Тағы бір деректерде осы ұйым мүшелері қатарында Абыралы ауданының тұрғындары Жиенбеков Түсіпбек, Таукелев Ибади, Шәймерденов Күдері, Жиенбеков Жақыпбек, Мұртазаев Нұрмағамбет, Қадырбаев Сұлтанғазы, Ахметов Өмірәлі, Ыбыраев Ілияс, Мәстекбаев Молдажамал, Қосаев Нәби, Тұрсынбаев Арынғазы, Жақыпқанов Айдарбек, Кәрібаев Ғаббас, Тойсарин Бейсембай және т.б. аталады.

ОГПУ органдарының «Жасыл ту» және «Жұмыр» деген жергілікті аудандық ұйымдардың болғаны туралы жоғарыдағы пікірлерді «куәлерді» күштеп, зорлап көндіріп алғаны күмән туғызбайды. Аталған ұяларды «Орта шаруалар партиясының» ұясы етіп көрсету де қисынсыз.

Дегенмен де, бір нәрсе анық: Абыралы, Шыңғыстау аудандарында ешқандай партия және оның жергілікті ұйымдары қозғау салмай-ақ, Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығына шыдамаған халық шынында да тоталитарлық жүйеге қарсы 1931 жылы бас көтерді. Мұ-

ның өзі үлкен тарихи батылдықты еді. Солай бола тұрса да, жоғарыда айттық, тарихтан әділ бағасын әлі толық алмаған бұл оқиғаға қатысушылар есімдері кейінгі ұрпаққа әлі де белгісіз. Осыны ескеріп, Шыңғыстау және Абыралы көтерілісіне белсенді қатысып, бастары істі болып, сталиншілдіктің құрбанына айналған есіл ерлердің есімі ұмытылмасын, аруақтары риза болсын, оларды кейінгі ұрпақ әрдайым есте ұстасын деп, қолымыздағы құнды мәлімет, төмендегі каралы тізімді оқырманға ұсынып отырмыз. Ұрпақтары болса үн қатар, көз көргендер қалса, естелік айтар дегендей ойымыз да бар.

Ал енді Шыңғыстау және Абыралы аудандарында болған көтерілістерге қатысты деп кінәланған адамдарға келсек, олар туралы қолымызда бар мәліметтерді оқырманға ұсынып отырмыз:

1931 жылы Шыңғыстау ауданындағы көтеріліске қатысып, тұтқындалғандар:

Молдабаев Мұсатай (Малдыбаев)	Медеуов Ісләмқайыр
Молдабаев Манап (Малдыбаев)	Еділбаев Тобамғали
Торайғыров (Әділов) Емілжан	Тамашин Қыстаубай
Оразбаев Медеу	Саурбаев Ысқақ
Медеуов Сәнияз	Жентіков Мәжін
Бейсенбинов Үдербай	Батыров Құсайын
Аяғанов Ораз	Наманаев Мұқай
Манасбаев Орынбай	Балғабаев Мәди
Қазымбеков Жақия	Қалдыбаев Қасен
Бексұлтанов Талике	Исмаилханов Шәкір
Әтенов Айтмұрза	Ибраимов Михаил
Ежембаев Жақия	Қасымбеков Тұрабай
Құдабаев Жұмағұл	Мұсатаев Исмаил
Омарбаев Тәкіжан	Дәуренбеков Қуатбек
Рысқұлов Әбділман	Жармағамбетов Сыдық
Жезетіков Иманғали	Шынғожин Ұйпалақ
Омаров Емберген	Шуақпаев Қалмырза
Қосқұнов Ескен	Нысанғожин Алкөмжан
Абайгелдин Абділла	Сәбжанов Қожық
Смағұлов Рақыш	Әбуқожин Қайсатай
Ботбаев Байхамит	Қасымжанов Қасайын
Қаратаев Байдүйсен	Қасымжанов Аужан
Жүнісқалиев Әбу немесе Әбен	Итжанов Әлімхан
Аманбаев Иманқожа	Оразалинов Базар

Әкішов Шоқабай
Қоқымбаев Белдеубай
Құрманов Орал
Бағұлов Ойлы
Сайынов Айтқазы
Жалбин Жұмали
Байсүгіров Мұсабек
Жақсылықов Асылбай
Ташкин Сартай
Ақтанбаев Исайын
Найманбаев Әлік
Әкежанов Арғынбек
Садықов Тілеубай
Күсембаев Есқан
Үдербаев Төлеу
Нұрсұлтанов Құрман
Есімжанов Әкімжан
Бұраханов Әубәкір
Сарманов Қарын
Орманов Хасен
Дулатов Тілеуберді
Бестеміров Илияс
Әкішов Құрманкүл
Қиқымов Жұмабай
Байғалин Хайсажан
Рақышев Әбуғали
Жанықбаев Қожаберген
Шоңбаев Әлихан
Құнтаев Закария
Құрманбаев Құсайын
Құсайынов Молдаш
Күсепов Шабек
Батыров Асылжан
Аталықов (Төлепберген) Есенбек
Ербосынов Молдахан
Мағауияров Әбділбай
Сүлейменов Сындық
Абайгелдин Молдахмет
Нұртояқов Шалым

Нұртояқов Сұлтан
Күсембаев Мүсәпірхан
Алтынханов Қанабай
Бураханов Таттымхан
Малдыбаев Сапатай
Қойбақов Жұмағали
Алпысбаев Назар
Нұрғалиев Айтеке
Төлеуғожин Ноян
Әкежанов Сейітбек
Сабылақов Малаяр
Алғожин Исатай
Әлімханов Қайырхан
Иделбаев Тілеубай
Қаратаев Марат
Әлменов Әлімжан
Тынысбаев Байдәулет
Жарықбаев Садық
Серғазин Төлеухан
Өтебаев Ұзақхан
Әкежанов Шаймерден
Ахметов Рахымбек
Спанов Самақ
Мұртазин Шадыман
Жиенғожин Ақбар
Балғозинов Құрмантай
Рақышев Тұмар
Батбаев Нұртаза
Жартыбаев Қасымжан
Бейсембинов Рақымжан
Бешімбаев Дүйсенбек
Жақсымбаев Олжахан
Бекбосынов Рыстан
Молдияров Жұмабай
Ақынжанов Сүлеймен
Исмаилханов Хакім
Алпысбаев Мұхамедия
Қаражанов Сламқұл
Ыбраев Сыдық

Күсепов Уақас
 Қасымжанов Әлкей
 Ешкелдинов Сатай
 Көжебаев Смағұл
 Елубаев Қайыр
 Рақымов Жұматай
 Шотпаев Төлеубай
 Ибрагимов Дәкібай
 Смажанов Боқсайын
 Ысқақов Қажыбек
 Төребаев Хасен
 Әділшин Бейсенбай
 Дүйсембаев Рахымбай
 Жақыпов Омарғали
 Сейітқалиев Ахмет
 Әбділманов Тафиқ
 Бабаханов Ағатыс
 Мұсабаев Тайтілеу
 Әтенов Айтқазы
 Бедеубаев Құсайын
 Сағындықов Сақау
 Мақажанов Керімжан
 Серікболов Бекен
 Шалабаев Есентай
 Бейсембинов Тыныштықұл
 Құдайбергенов Құлжамбек
 Кермов Смағұл
 Ысқақов Қысрау
 Беков Досжан
 Арзанбаев Қорғанбек
 Жанкелдин Өлмесқұл
 Жұманбаев Қуандық
 Күшікбаев Тышқанбай

Жарқынбаев Мұса
 Есмағамбетов Түсін
 Баяділов Қырықбай
 Раев Азберген
 Өтепбергенов Аяған
 Избасаров Самажан
 Қараекенов Ыбырай
 Төршин Алдалы
 Нұрболов Жарықбай
 Сұлтанбеков Нұрбек
 Мылтықбаев Байдүйсен
 Шақатаев Омархан
 Қозбағаров Құсман
 Есенбаев Балташа
 Ақанаев Әбуғали
 Шығыров (Омаралин) Асқар
 Тоқсанбаев Сәрсекбек
 Әкежанов Айдынбек
 Есмағамбетов Сембай
 Айтбаев Оралбай
 Құрманов Жұмабай
 Абдулқадыров Дәулетхан
 Бөрібаев Молдабек
 Бейсембаев Игіскен
 Тәукин Ахметхан
 Қиқымов Керімбай
 Боқанов Көшімбек
 Өтемісов Ғали
 Жарболов Өмірбай
 Қазыбеков Оқымыс
 Әділбаев Жұмабай
 Теңізбаев Жүніс

**1931 жылы Абыралы ауданындағы көтеріліске қатысып,
 Кеңес өкіметінің түрмесіне жабылғандар:**

Кемпірбаев Ысқақ
 Тұрғанбаев Уәйда

Кемпірбаев Ыбырай
 Жәкембергенов Таукен

Жандыбаев Дүйсенбек
Балтақаев Қауқарбек
Бекбергенов Сүлеймен
Жұбанышов Серікбай
Танашев Серікбай
Мақабаев Әбілқайыр
Ақшолақов Татубек
Ақшолақов Байзолла
Ақшолақов Қабдолла
Алтиев Қуаныш
Ақтайлақов Молдағали
Болтанаев Нарқожа
Байбосынов Тәуекел
Бектұрғанов Нұқабай
Жұбақов Қали
Жақсыбергенов Нарынбек
Жандыбаев Жүнісбек
Жүсіпов Ахмет
Ыбыраев Байкен
Жүнісов Жұматай
Дайырбеков Қасымбек
Көбегенов Әшімхан
Қаркетеров Болат
Қорымов Тәуірбай
Қорымов Нәрік
Мұсатаев Шайшеке
Қасымбаев Сарбас
Қасымбаев Есенқұл
Қыстаубаев Шақаман
Сағындықов Қошан
Тәшшеев Досмағамбет
Таңбаев Қалиақпар
Оспанов Жақсыкелді
Оспанов Рысбай
Танашев Құрманалы
Туғамбаев Әзімхан
Кенжебеков Жақсымбек
Құрманбаев Мұхамбет
Құрманбаев Сыздық

Қарашев Әбіш
Қаңтарбаев Омархан
Алкин Смағұл
Алдабаев Бақыбай
Алдабаев Жұмағұл
Андамасов Қайсатай
Аязбаев Қали
Әбеуов Уақас
Битымов Әбеке
Байбосынов Салмен
Бекбергенов Арын
Базаров Қабылда
Байжұманов Төлеген
Жұрақбаев Шегебай
Дайырбаев Бейсембай
Дүйсенбаев Қабдолла
Жырықбаев Төлеубек
Жүнісов Дәулетбай
Итжанов Тоқай
Имашев Қызырбек
Иманбеков Нұрымбек
Көлбаев Иса
Ғабдуллин Ахмедия
Лақов Найзабек
Мендекев Дөңкебай
Медеубаев Қылышбай
Қарин Сыздық
Отыншин Шапшыбек
Орманов Спан
Самалов Дүйсен
Семин Қайырбек
Сопаев Бейсен
Сабыров Сыздық
Сырғалақов Кәрім
Сламбеков Тұрысбек
Серікбаев Мақсұт
Тәуірбаев Аман
Тәңірбергенов Ынтықбай
Төребаев Омарбай

Тұралықов Тлес	Түсіпов Терлікбай
Телғозин Сапархан	Нұрбеков Көнісбек
Шамбаев Қарадәу	Қалыбаев Байтүсіп
Іздікин Ысқақбай	Сәрсенбаев Сатыбалды
Өсербаев Қабдолла	Малдыбаев Жүзбек
Туғамбаев Базарбай	Балтықов Омар
Қаратаев Ибраимхан	Тыңдамасов Молдай
Божаханов-Сүлейменов Уәлиәлі	Нұғманов Төлеуқадыр
Беков Әділхан	Құрымов Сарық
Дүйсеков Қасымқазы	Құрманбаев Қабдолла

Әрине, біздің қолымыздағы бұл деректер толық емес. ОГПУ-дің шыңырауындағы тылсым құпиясын толық жарияладық деп айта алмаймыз. Мысалы, соңғы Абыралы ауданындағы көтеріліске қатысып, тұтқындалғандардың жалпы санының 248 адам болғанын білеміз, бірақ олар туралы мәлімет бізде жоқ.

Дегенмен де, осы жарияланған мәліметтердің өзінің де біраз абзал азаматтар есімдерін жарыққа шығарғанына сенімдіміз.

Ел ішіндегі осы жайларды өз көзімен көрген көне көз қарттар болса, бізге хабарласар, тарих шындығын айқындай түсуге атсалысар дегендей үміттен де құралақан емеспіз...

Алайда кейінде ПП ОГПУ қатты құпиялаған, тергеу материалдары әбден бұрмаланған бұл оқиғаның куәгерлерінен бүгінде ешкімді таба алмаспыз. Дей тұрсақ та, кезінде заманының «ұлы» құпиясына айналған осынау халық наразылығын назардан тыс қалдыру да әділдік болмас еді.

ОГПУ деректерінде Абыралы және Шыңғыстау өңірінде жоғарыда айтылған контрреволюциялық «Жасыл ту» ұйымынан басқа тағы бір контрреволюциялық «Жұмыр» (кейде ол «Талпын, байлар» деген атпен аталған) ұйымы 1931 жылдың ақпанынан бастап жұмыс істегені әңгіме болды. Соңғысын көтеріліс болғанға дейін Қосаев Нәби, Жиенбеков Түсіпбек және Жақыпбек, Жақыпханов Айдарбек деген кісілер басқарған. Бұл ұйымның мақсатын ОГПУ құжаттары былай түсіндіреді: 1) қазақ шаруаларының Сібірге жаппай ауа көшулерін ұйымдастыру және барған жерде ұйымның бастауыш ұяларын ашу; 2) Шұбартау ауданымен байланыс орнатып, онда екінші орталық болып саналатын осы ұйымның бастауыш ұясын ашу.

ОГПУ-дегі құжаттар бойынша, осы екі ұйым, яғни «Жасыл ту» мен «Жұмыр» 1932 жылдың 9 қаңтарында бірігулері керек болған-мыс. Бірақ оған олардың «әшкереленуі» кедергі жасаған-мыс.

Жоғарыда айтылған контрреволюциялық «Жасыл ту» ұйымының 1932 жылы 8 ақпанда болған жалпы жиналысы Абыралы ауданында 1931 жылы көктемде болған көтерілістің бір жылдығына арналған. Күн тәртібінде екі мәселе: 1) Ақпан төңкерісі; 2) алда тұрған міндеттер қаралған.

Торкөз дәптердің 5 парағына араб әрпімен толтырылған бұл хаттаманың мазмұны жасырын жиналыстан гөрі көтеріліс кезінде жазықсыз қайтыс болған марқұмдарға ас беруге ұқсайды.

Мұны осында айтылған сөзден келтірілген төмендегі үзінді де дәлелдей түсер еді: «Жолдастар, біздер қайтыс болған күрескерлерді құрметпен еске алуға тиіспіз... Біз олардың ісін, революция ісін үздіксіз есте ұстауымыз керек. Біз өз өмірімізді құрбан етуге даяр болуларымыз керек. Бүкіл дүниежүзінің капиталистік мемлекеттері жасасын! Қазақ даласында болып өткен Ақпан революциясы жасасын!.. Осы ізбен келе жатқан астыртын ұйым «Жасыл ту» жасасын!».

Бұл жерде еріксіз күдік туғызатын бір нәрсе, жоғарыда сөйленген сөздің тым ресмилігі, саяси сипаты. Саяси сауатсыз дала қазағы дәл сол жылдары «Дүниежүзінің капиталистік мемлекеттері жасасын!», «Ақпан революциясы жасасын!» – деп ұрандады дегенге сену қиын. Оның үстіне 1931 жылы ақпан айында басталған Абыралыдағы шаруалар наразылығын қазақтар ешқашан да «Ақпан революциясы» – деп айтпағаны ОГПУ-дің өзінің құжаттарынан да белгілі. Осының бәрі бізді мынадай ақылға сыйымды қорытындыға алып келеді. ОГПУ органдары Абыралы көтерілісі кезінде қайтыс болғандарды еске алатын, олардың жылдығын атап өтетін асқа қатысушыларды заңсыз тұтқындап, оларға «Жасыл ту» деген өмірде болмаған, құжаттарын ОГПУ-дің өзі жасаған қайдағы бір контрреволюциялық ұйымның мүшелері деген жалған айып таққан.

Осы «жиналыста» қаралған күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты қабылданған шешімдерді де ОГПУ-дің өзі ойдан шығарған деуге негіз бар. Пікірімізге дәлел ретінде осы қаулының өзінен үзінді келтірелік: «6. Халықтың Сібір өлкесіне ауа көшулері ұйымдастырылсын. Ауа көшу мақсаты партия мен Кеңес өкіметінің ауылда жүргізіліп жатқан шараларын болдырмай тастау...

7. Мынадай зиянкестік жұмыстар өрістетілсін: а) күні бұрын шартқа енгізілген малды сойып тастау; б) бір малды қайта-қайта бірнеше рет шартқа жазу; в) тұқымды жерге сеппеу жайлы үгіт

жүргізу; г) колхоздың жұмыс көлігін ұрлау және сойып алу; д) ауру жылқыларды, сиырларды және т.с.с. сауларымен бірге ұстау»¹.

Осыншама қаскөй, қиямпұрыс та қараниет әрекеттерді қазақ ауылында құрылған астыртын ұйым басқарды деуге ешқандай негіз де, дәлел де жоқ. Десек те, бір қайғылысы ОГПУ сонау 30-жылдардың басында ұйымдастырған осы жала тек қазақ ауылындағы бұқараны жаппай жазықсыз жазалауға қызмет етіп ғана қоймай, кейіннен қазақ халқының таңдаулы ұлдарын, тіптен Коммунистік партияның өзіне де адал берілген мемлекет және партия қайраткерлерін саяси екіжүзділікпен айыптауға жұмыс істеді. Арада бірнеше жылдан кейін ОГПУ тергеуінде сол жылдардағы Қазақстан үкіметінің мүшелері қазақ қайраткерлері төмендегідей «жауаптар» берді:

ИСАЕВ ОРАЗ: «Ұйым мүшелері Құлымбетов және Дивеев менің нұсқауыммен мал дайындауда және жоспарлауда бүлдіруші әрекеттерді өрістетті...».

ЖАНДОСОВ ОРАЗ: «Кеңеске қарсы әрекет етуге байланысты нұсқауды жартылай феодалдардың қожалықтарын тәркілеу кезінде маған Нұрмақовтың жеке өзі бұл нұсқауларды Құлымбетовпен және Сұлтанбековпен бірге талқылап және белгілеп беріп отырды».

ҚОЖАНОВ СҰЛТАНБЕК: «Мал шаруашылығы саласындағы зиянкестік жұмысты біз байлардың, жартылай феодалдардың қожалықтарын жою науқаны кезінде жасай бастадық»².

Алматыдағы және Ташкенттегі ұлтшыл контрреволюциялық ұйым немесе партия дегеннің мүшелерінің осындай ОГПУ зорлап және бұрмалап өндіріп алған жауаптарынан сол жылдардағы тергеу істерінде де көз сүрінеді.

Дегенмен, ОГПУ органдарының мұндай қиямпұрыс, қаскөй және екіжүзді саясатын әшкерелейтін сол жылдардағы құжаттар да архив қорларында аз кездеспейді. Міне, солардың бірі:

¹ ҚР ҰҚКМ. 1-к., арх. №010224, 1-т., 43-іс, 49, 50, 291, 212, 293-294, 296, 219, 284-пп.

² ҚР ҰҚКМ. 11-к., арх. №112; обзор материалов характеризующих развитие, состояние животноводства, формы и методы подрывной деятельности вражеских элементов в области животноводства в Казахстане. Алма-Ата, 1940. 17, 5, 4-6б.

*Қазақстан бойынша прокурорға.
Көшірмесі: НКПС РКФСР және КСРО,
Бубнов жолдасқа және
ПП ОГПУ, Коротский жолдасқа
Алматы түрмесіне жедел қамалған
Таукелов Ибадидан.*

391

Мені соттағанына қарамастан, мені жеке шақырып алуды және менен айыптаған іс бойынша екінші қайтара жауап алуды сіздерден мен аса өтініп сұраймын. Өйткені ОП ОГПУ-дің тергеушісі Попов тергеу кезінде қаскүнем пікірді ұстанғандықтан, мен оның жауап алуына наразы болып отырмын. Тергеуші Попов «мұндай жауап үшін карцерге отырғызамын» деп, тергеуді қорқыту, күш көрсету жолымен жүргізді. Мен кейбір жағдайларда шындығында ешқашан да, тіптен де болмағанды көрсетуге мәжбүр болдым. Осыған байланысты мен сіздердің менен жеке жауап алуларыңызды өтінемін. Арыз 1932 жылы 11 қарашада жазылған.

Иә, ОГПУ Семейдегі контрреволюциялық ұйым басшыларының бірі деп айыптаған, 1926 – 1931 жылдарда Семейде тұрған, сонда оқытушы болып жұмыс істеген Таукелов Ибадидің шын жауабы міне осындай. Ол өзін Көрпебаевпен беттестіргенде де өзінің кеңеске қарсы ұйымға мүше екенін теріске шығарған, мойындамаған. Сондай-ақ, тергеу кезінде осындай ұйымға мүшесіндер деген жаланы Тойсарин Бейсембай, Сәрсенбаев Сәду, Қосаев Нәби, Жакыпханов Айдарбек, Қодарбаев Сұлтанғазы, Мұртазаев Нұрманбет, Жиёмбеков Түсіпбек деген кісілер де мойындамай қойған.

Солай бола тұрса да, ОГПУ органдары шындықты көпе-көрінеу бұрмалап, төмендегідей жалған қорытынды жасаған: «Істің материалдарын талдау Семей қаласында, бұрынғы Шыңғыстау және Абыралы аудандарында, 1931 жылы аталған аудандардағы бандалардың бас көтеру қозғалыстарына жағдай даярлаған жау элементтерден тұратын антисоветтік топтар өмір сүргенін көрсетті. Ал бұл іс бойынша сотталған адамдардың антисоветтік топтар қызметіне нақты тікелей қатысы болған»¹.

Міне, «кінәлілерге» тағылған айып осындай. Мұндай жалған қорытынды аталған аудандардан бастап Алматыға дейін жазықсыз жандарды жаппай жазалауға жол ашты. Рас, кешігіп келсе де шындық салтанат құрды. 1989 жылы жазаланғандар ақталды. Бірақ мұ-

¹ ҚР ҰҚКМ. 1-к., арх. №010224, 1-т., 184, 185, 372-373, 374-п.

нымен осы «контрреволюциялық ұйымдар» туралы мәселе толық шешімін тапты деуге болмас. Енді тарих ғылымының алдында осынау зұлымдық әрекетті әшкерелеу, жазықсыз азап шеккен азаматтар рухына тағзым етіп, оларды толық ақтап алу тәрізді қасиетті міндеттер тұр.

г) Шұбартау көтерілісі

392

Бүгінде 1916 жылғы көтерілістің 80 жылдығын, Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығын еске түсіргенде «Бұлардың арасында тарихи сабақтастық бар ма?» – деп бас қатыра бермейміз. Осы орайда мынаны ұмытпағанымыз жөн болар еді: 1929-31 жылдары болған қазақтардың күшпен тәркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы наразылық көтерілістері. Ресми деректер бойынша, олардың жалпы саны 372 және оларға 80 мыңға жуық адам қатысты.

Мұндай ірі көтерілістердің және оған қатысушылардың санын сол жылдардағы Қазақстан басшысы Ф.Голощекиннің И.Сталинге хабарлап тұрғаны құпия архивтен белгілі. Солардың бірінде тек екі жылда ғана Қазақстанда 15-ке тарта ірі көтеріліс болып, оларға 34 мыңдай адам қатысқанын аңғарамыз.

Тоталитарлық жүйе қыспағына қарсы болған осындай ірі көтерілістердің бірі – Шұбартау шаруаларының 1931 жылы көктемде болғанын және күшпен басылған көтерілісі. Көтерілістің себептері сол жылдардағы архив құжаттарында мүлде бұрмаланып көрсетілген. Бұл құжаттар большевиктер партиясының идеологиялық тұжырымдамасынан ауытқи алмағандықтан, шындықты бейнелеуге, көптеген ауытқушылықтарға жол берілді. Солай бола тұрса да, ақиқатты іздеген адам оны қасаң идеологиялық қауыздан оп-оңай ажыратып ала алады. Осы орайда бәрінен бұрын ресми қайраткерлер жоғарыдағы көтерілістердің шығу себептерін қалай түсіндіреді, алғаш осыған назар аударайық. Қазақстан үкіметінің басшысы Ораз Исаев 1932 жылы тамызда И.Сталинге былай деп жазды: «...1930 – 1931 жж. байлар Алтайдан басталып, Маңғышлақтан аяқталған бірқатар, айтарлықтай ірі контрреволюциялық бас көтерулер ұжымдастыра алады. Бұл бас көтерулерде байлардың еңбекші қазақтарды өз соңдарынан ерте алуларын Ф.Голощекин әрқашан да байлардың ру ішінде ықпалды күш болуымен түсіндіреді... Шын мәнінде, басты нәрсе мынада – партия саясатын бұрмалаудың арқасында осы

еңбекші бұқараның мүддесі аяқасты етілді... Бұл жерде негізінен шындыққа біршама жақын тұрғанымен, О.Исаев екі нәрсені айта алмай отыр: 1) көтерілісті тек байлар ғана емес, дінбасылар және елге беделді ақсақалдар басқарады; 2) кедейлер мүддесі «партия» осы партия саясатының өзінің қате, адамгершілік атаулыдан жұрдай болуынан аяқасты етілді.

Кейінірек, 1933 жылы 31 қаңтар РСФСР үкіметі төрағасының орынбасары (Қазақстан осы республика құрамында еді) Тұрар Рысқұлов Қазақстанның жаңадан тағайындалған басшысы Л.Мирзоянға жазған хатында біз әңгімелейік деп отырған Шұбартау ауданын негізінен казактар ғана тұратын 70 ауданның қатарына жатқызып, егіншіліктің мардымсыздығынан бұл аудандарда күйзеліс басталып, 1931 жылдан бастап жаппай босқыншылық орын алғанын атап көрсеткен еді.

Халықтың мұндай ауыр халге ұшырауының ең басты себебі, 1928 жылдан бас көтертпес ауыр ет салығының белең алып кетуі болды. Мысалы, Шұбартау ауданы Орталықтағы өнеркәсіпті аудандарды ет өнімдерімен жабдықтайтын және осы мақсатпен Семей ет комбинатына мал өнімдерін өткізетін басты мал шаруашылығы аудандарының бірі еді. Оның үстіне, 1930 жылдың басынан кең өрістеген ауқатты шаруаларға қарсы Кеңес үкіметінің жаулық саясаты олардың шаруашылықтарын түгелдей дерлік күйретіп үлгерді.

Көтеріліс 1931 жылғы наурыз айының алғашқы жартысында басталды және оған жалпы алғанда (ОГПУ-дің ресми мәліметі бойынша) 600-ге тарта адам қатысты. Көтерілістің бытыраңқы түрде өрістеп кетуіне көрші Абыралы және Шыңғыстау аудандарында көтерілістердің басталғаны туралы хабар, сондай-ақ, Қазақстанның көптеген аудандарында Кеңес өкіметінің құлағаны туралы өсек-аян шешуші ықпал жасаған.

Бұл туралы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында Бидайық жайлауындағы 8-ші ауылдың тұрғыны Әзімханов деген кісі былай дейді: «...31-ші жылдың ақпан айында Шыңғыстау ауданынан келген Зарбасов Қабыкен, Әкішев Зәкір маған өздерінің Шыңғыстау ауданындағы көтеріліске қатысқандарын, мата және астық әкелгендерін айтты. Осыдан соң Әкішевті Қызыл отаудың тергеушісі шақырып, Шыңғыстау ауданындағы көтеріліс туралы сұрады және босатып жіберді.

Жиналыс Жүнісов Жұманбайдың ауылында өтіп, Шыңғыстау ауданындағы көтеріліс туралы әңгімені тыңдаған соң, сонда ауылдық

кеңес мекемесін және аудан орталығын басып алу туралы шешім қабылданды. Көтеріліс туралы Әкішев мәлімдеп, көтеріліске шығу және аудан орталығын басып алу туралы алғашқы ұсыныс жасады».

Осы әңгімені көтеріліске қатысқан басқа кісілер де өздерінің ОГПУ тергеушісіне берген жауаптарында мойындай отырып, сонымен бірі көтерілістің негізгі ұйымдастырушысы ретінде елге ықпалды және сыйлы Қарамұрзин Мырзаш деген кісіні атайды.

Мысалы, ОГПУ тергеген Мәнғозин Дүйсен былай деп көрсетеді: «Қарамұрзинге Шыңғыстау ауданынан келген Зарбасов Қабыкен онда болған халықтың Кеңес өкіметіне қарсы ызалы бас көтеруі туралы айтқан. Дегенмен де, әрқашан алды-артын ойлап, әрекет жасайтын Қарамұрзин Мырзаш бұл хабарға илана қоймаған. «Бірақ көп кешікпей-ақ, Қарамұрзин Мырзаш Абыралы ауданындағы өзінің күйеу баласы Кемпірбаев Бәкеннен және оның ағасы Кемпірбаев Ысқақтан Абыралы және Шыңғыстау аудандарында шынында да көтерілістер болып жатқаны туралы, сондай-ақ, онда Кеңес өкіметінің құлағаны жайлы хабарлар алды».

Осыдан соң, Қарамұрзин үйіне өзіне етжақын керей руынан шыққан туыстарын: Молдабаев Қалиды, Молдабаев Өмірәліні, Молдабаев Ғалиды және Күнғаев Әбубәкірді тамаққа шақырады. Бұл бас қосуға, сондай-ақ, жергілікті керейлерден тағы да біраз адамдар қатысқан. Ас үстінде Қарамұрзиннің туысы, № 8 ауылдық кеңес хатшысы Омашев Тұрсынбек ауылда ауқаттылардан жинап алынған, яғни кәмпескеленген малды аудан орталығына айдап әкелу туралы нұсқау бар екендігін айта келіп, мұндай жағдайда Абыралы ауданындағыдай көтеріліске шығып, малды орталыққа айдап әкетуге жол бермей, күшпен алып қалу және кезінде қиянатпен тартылып алынған бұл малдарды иелеріне қайтару туралы ұсыныс жасаған.

Көтерілістің алғашқы ұясы Қарамұрзин Мырзаштың ауылы, ал көтеріліс басшысы соның өзі болғанын ОГПУ архивіндегі басқа құжаттар да дәлелдейді. Кейіннен қолға түсіп, ОГПУ тергеушісіне жауап бергенде ол өзі туралы былай дейді: «Мен, Қарамұрзин Мырзаш, керей руынан шыққанмын. Революцияға дейін бізде, әкемізде 50-60 жылқы, 300-ден аса қой, 10 басқа тарта түйе болған еді. Бізде 2 жалшы болды. 1931 жылы жеке салық салынды және мал дайындауға байланысты жоспарды орындамағаным үшін қудаландым. Азаматтық құқымнан 1931 жылы айырылдым.

Екі бауырым бар: Ахмет 64 жаста, ал Арымтай (кейбір құжаттарда Рымтай – *Т.О.*) 51 жаста. Алғашқы бауырым шамамен 1930

жылдың желтоқсан айында тұтқындалды және басында Атымтай Базыбеков тұрған Абыралы ауданындағы бас көтеруге қатысқаны үшін Қарқаралы қаласындағы еңбекпен түзету үйіне қамалды. Екінші бауырым Арымтай Шұбартау ауданындағы бандиттік бас көтерулерге қатысқаны үшін тұтқындалды...».

Айыпталушы Мәнғозин Дүйсен Қарамурзин Мырзаштың туыстарын үйіне жинап, ақылдасқан соң, бір күннен кейін 30-40 адамды басқарып, ауылдық кеңес кооперативіне басып кіргендерін және оның заттарын тып-типыл етіп бөліп алған соң, көтерілісшілер сандарын көбейту үшін керей руының азаматтары тұратын ауылдарға шабармандар жөнелткенін және осының нәтижесінде 100-ге тарта адам жиналғанда, тағы да Қарамурзин бас болып, олардың ауылдық кеңес кеңесіне басып кіргендерін айтады.

Қарамурзин Мырзаштың басқа ауылдарды көтеріліске көтеру үшін жан-жаққа шабарман жігіттер жібергенін тергеу кезінде басқалар да көрсеткен. Мысалы, Молдабаев Байтау деген батырақ былай дейді: «...Қарамурзин Мырзаштың шабарманы, кедей Ақшалаев Бекіш төмендегідей мәлімет алып келді: «...жан-жақтан алынған мәліметтерге қарағанда, Кеңес өкіметі құлаған. Абыралы ауданын, Шыңғыстау ауданын көтерілісшілер басып алған».

1931 жылдың 5 наурызында Қарамурзин бас болып, кооперативті басып алып, оның мүлкін елге үлестірген соң, «Бидайық» жайлауында көтерілісшілердің алғашқы жиналысы өткенін осы куә растайды. Жиналыста Қарамурзин Мырзаш өзіне тән жүректілікпен ерекше батылдық көрсетіп, көтерілісшілердің сарбаздар жасақтарын жасақтауды ауылдардан талап еткен. Оның нұсқауымен әрбір ауыл өз ортасынан он жігіт – сарбаздар шығарулары тиіс болды. Кеңес өкіметінің зорлықпен тәркілеу, жүгенсіз ет дайындау және бай-кулақтарды тап ретінде жою саясатына аса наразы ауылдардан мұндай еріктілер табу ол кезде онша қиын да емес еді. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымыздай, көрші аудандарда Кеңес өкіметінің құлағаны туралы хабар да халықты желіктіре түсті және наразы халықта: «Олар жасағанды біздер неге жасамаймыз» деген түсінік қалыптасты. Кейіннен сотқа тартылған куәлар Қарамурзин Мырзаштың осы «Бидайық» жайлауында сөйлеген сөзінде көтеріліске қатысудан бас тартатындарға жазалау (ату) шараларын қолданатынын ескерткенін айта келіп, кейбір кісілердің осыған, яғни жазалаудан қорыққандықтан ғана қатысқандарын әңгімелейді.

Дегенмен де, ашыға бастаған және Кеңес өкіметінің күштеу саясатынан әбден мезі болған халықтың кооперативтерді және т.б. мем-

лекеттік мекемелерді тонау кезінде өз үлестерін алып қалуға мүдделі болғандары шындық.

Қарамурзин Мырзаш жіберген шабармандар 4 наурызда «Сароба» жайлауында да жиналыс өткізген және жиналған 30 шақты адам Молдабаев Қалидың бастауымен Аягөз стансасынан Шұбартау поселкасына келе жатқан өнеркәсіп тауарлары тиелген жүк арбасын тонаған. Онсыз да толқып отырған ауылдар енді үкіметке ет тапсырудан ашық бас тартты. Осындайда аудандық атқару комитетінің хатшысы Исағұлов кейбір деректе ОГПУ өкілі Қызыл отау судьясы Ибраев, ет дайындаушы уәкіл Ибраев, т.б. жергілікті белсенділер Ибраев, Кәкішев, Жанұзақов, Өтегенов, сондай-ақ милиционерлер Мақанов ауылдарды аралап, оларды көтерілістен бас тартуға үгіттеген. Бұл кезде оқиға, Исағұловтың айтуынша, төмендегідей өрбіген: «Исағұлов, Мақанов, Ибраев және жергілікті партия ұясының хатшысы Сыбанкұлов ет тапсырудан бас тартқан 11-ауылға келіп, 4 наурызда жиналыс өткізген. Олар өкіметтің құрығы ұзын екенін, оған қарсы бас көтерудің жақсылықпен аяқталмайтынын, ал Кеңес өкіметі құлады деген әңгіменің біреулер әдейі ұйымдастырған өсек-аяң болып табылатынын атап көрсетіп, ашу буып тұрған ауылды тоқтатты. Осыдан соң Исағұлов және оның қасына ергендер аудан орталығына қайтар жолдарында көтерілісшілер бас қосып жатқан Бидайық жайлауына 10-15 шақырым жердегі Бабахан ауылына кідрді. Осы жерде төтенше оқиға болды. Кешкі сағат алтылар шамасында шамамен 150-ге тарта аттылы-жаяу көтерілісшілер бұлар орналасқан қыстау үйі есігінің алдында ерсілі-қарсылы ойкастап, наразылық білдіріп, орталарынан бір адамды бұлармен сөйлесуге жіберген. Қыстау есігіне жақындап келген ол адам іште тығылып отырған белсенділерге қаруды тапсыруды талап еткен, іштегілерден жауап мынандай болған: «Егер өлгілерің келсе, бізге жақындай түсіндер, ал қаруды ерікті түрде бермейміз».

Қорғауда отырған белсенділер, дегенмен де, ашулы топ арасынан аман-есен шығуды ойластырып, көтерілісшілерді үгіттеу үшін өздері де орталарынан бір адам жібереді. Үгітші көтерілісшілерге олардың кооперативті басып алып, ондағы астықты бөліп алуларын, аш адамдардың істері деп кешіріммен қарайтындарын айта келе, әлі де болса райдан қайтуға, бөліп алған кооператив астығын қайтаруға және көтерілістен бас тартуға шақырды. Бірақ бұған қандары қарайған көтерілісшілер иіле қоймады, осыдан соң түнгі 3-4-тер шамасында көтерілісшілер тақап келіп, өздерінің ата-бабаларының

эруағын шақырып, «Жобалай», «Жобалай» десіп ұрандады және тікелей шабуылға шықты. Қорғанушы белсенділер оларға бағыттап, қаруларынан 10-15 дүркін мылтық атты. Осыдан соң тосылып қалған көтерілісшілер киіз үйді тасалап тұрып, белсенділерді үгіттей бастаған. Белсенділер арасынан өз кезегінде Сыбанқұлов та оларды үгіттеді.

Алма-кезек және пікір алысу барысында көтерілісшілер өз кінәларын және қателіктерін мойындаған сыңай танытып, белсенділерге тимейтіндерін және олардың қалыптасқан жағдайды ертең «Бидайық» жайлауына келіп түсіндірулері керектігін айтып, өтініш жасап кетіп қалды. Бұл шын мәнінде қулық еді. Дегенмен де, осыған сенген белсенділер ертеңіне таң азда «Бидайық» жайлауына барғанда Сыбанқұловтың үйінің жанында көтерілісшілер оларды аяқ-астынан қарусыздандырған».

Бұл, жоғарыда айттық, Исағұловтың әңгімесі. Дәл осы сәтті кедей Манғозин Дүйсен мүлде басқаша түсіндіреді. Оның айтуынша, көтерілісшілер белсенділерді «Бидайық» жайлауында емес, қыстауда отырғанда қарусыздандырған және белсенділер бұған ешқандай қарсылық көрсетпеген. Сөзбе-сөз айтсақ, Манғозин былай дейді: «...Исағұлов және тағы басқалар отырған қыстаудың есігіне жиналған көтерілісшілер қаруды талап еткен кезде Исағұлов мені өзіне шақырды және былай деді: «...Міне, саған менің винтовкам, оны сақта, бұл маған қажет болғанда маған оны қайтарасың». Осыдан соң мен одан, Исағұловтың винтовкасын, 63 дана патрондарын және бір гранатасын алдым. Осы уақытта көтерілісшілер келгендердің қалғандарының қаруларын сыпырып алды. Қару алынып болған соң, барлық тұтқындағыларды, оның ішінде Исағұловты және онымен бірге келгендерді еркіндікке босатып жіберді».

Осы айтылғандардың қайсысы шындық дер болсақ, Исағұлов шындықты бұрмалаңқырап отырғандай. Ол ОГПУ уәкілі болғандықтан, шын мәнінде қарсыласпай, өз қаруын көтерілісшілерге тапсыра салғаны үшін жауап беруге тура келетінін, әрине, жақсы түсінді.

Деректерге қарасақ, аудан орталығына шабуыл жасау туралы шешім «Кеңжайлау» жайлауындағы жиналыста қабылданған. Онда алғаш 200-дей көтерілісші жиналған және олардың алдында Қарамурзин Мырзаш сөз сөйлеп, көтерілісшілерді жеделдете аудан орталығын басып алуға шақырған. Осы жиналысқа қатысқан Бейбітов Алтай кейіннен тергеушілерге Қарамурзиннің сөз сөйлеген кезде

колына бір нәрселер жазылған ақ жалау ұстап тұрғанын айтты. Ал тергеуде куә болған Манғозин Тілеубек бұл ақ жалаудың өзінің үйінде дайындалғанын және оған Қарамурзин Мырзаштың айтуымен Омаров Сыпатайдың ұран жазғанын әңгімеледі. Деректерге қарағанда, Мырзаштың қолындағы бұл ақ жалауға «Кеңес өкіметі жойылсын! Мұхамедтің діні жасасын!» деген ұрандар жазылған.

Дегенмен де, аудан орталығын басып алуға көтерілісшілерді тек Қарамұрзин Мырзаш ғана ұйымдастырды десек, артық айтар едік. Көрші аудандарда көтерілісшілердің аудан орталықтарын басып алғандарын естіген кейбір ауылдар өздері де осындай әрекетке дайындалып, жекелеген кісілер аудан орталығын басып алып, Кеңес өкіметін тезірек құлатуға шақыра бастады. Мысалы, 8-ауылдың жігіттерін топтастырып жүрген Серғазин Мұқа көтерілісшілерді аудан орталығына жорыққа өз ауылынан аттануға шақырды.

Кеңес өкіметінің жүгенсіз ет дайындау саясатынан әбден мезі болған, уәкілдердің, шолақ белсенділердің тізесі батып, зәбір-жапа шеккен кейбір ауылдарда кек алу науқаны өрістеді. Мысалы, кезінде Меккеге барып қажы атанған, 73 жастағы Ноғаев Қайып 1-ауылдың жігіттерін көтеріліске көтеруде белсенділік танытып, «Көктас» жайлауында жиналған жұрттың көзінше кезінде «қайдан тапсаң одан тап, қаптың түбін қақ!» – деп зіркілдеп, ауылдың екі аяғын бір етікке тыққан шолақ белсенді – коммунист-батырақты итше тепкілеп, көкала қойдай етіп сабап, ауыр соққыға жықты. Ол сондай-ақ көрші 4-ауылдың көтерілісшілерімен тығыз байланыс орната отырып, жұртты тұқымдық астық сақталған қамбаны басып алып, ондағы астықты шелекпен өлшеп, өзара тең бөліп алуға жұмылдырды.

Көтерілісшілер аудан орталығына шабуыл жасаған және аудандық атқару комитеті елден тәркілеп, тартып алған ет дайындауға арналған жылқылар табынын алдарына салып, дүркіретіп айдап әкеткен және оларды Кеңес өкіметін құлату үшін ауданға аттанатын көтерілісшілерге көлік ретінде пайдалануға үлестіріп берген.

Көтерілісшілер ет дайындауға байланысты Кеңес өкіметі тәркілеген малдарды өз иелеріне қайтарған.

Архив деректеріне қарағанда, аудан орталығын басып алуға № 1, 4, 5, 7 ауылдардың жігіттері белсенді түрде аттанған.

Аудан орталығын басып алуда белсенділік көрсеткен Молдабаев Қалидың айтуына қарағанда, көтеріліс басшысы Қарамұрзин Мырзаш бұл сапарға өзі аттанбай, жасының келіп қалғанын ескертіп

(ол 77 жаста еді), көтерілісшілер қатарына өзінің үш бірдей ұлын Тәуірбайды, Амансарыны және Ұздыбайды қосқан және Тәуірбайға кідірмей жедел аттанып кетуді бұйырған. Осының алдындағы қарбаласта көтерілісшілер жазалаған коммунист Сыбанқұлов Жанұзақтың шешесі пышақпен мойнынан жараланғанына қарамастан, Тәуірбай әке бұйрығын қалтқысыз орындаған.

Деректерге қарағанда, Мырзаштан тапсырма алған көтерілісшілерді аудан орталығына шабуылға Серғазин Мұқа, Молдабаев Қали, Байғозин Мелдехан, Әбітаев Итжан бастап шыққан, алғаш олардың соңынан ерген көтерілісшілер сандары 300-ге тарта адам болған.

Бейбітов Алтайдың кейіннен тергеушіге берген жауабына қарағанда, көтерілісшілер аудан орталығын басып алуға «Көкжайлау» жайлауында болған жиналыстан соң, іле-шала аттанған. Осында олардың алдында сөз сөйлеген Қарамурзин Мырзаш қолына ұстап тұрған ақ жалауын басқаларға берген. Жолшыбай көтерілісшілерге басқа ауылдардың жігіттері де қосылған.

Мағозин Дүйсеннің айтуына қарағанда, аудан орталығына жақындағанда көтерілісшілер сандары 600-700 адамдай болған. Қарулары нашар: бар болғаны 3 линиялы төрт винтовка, 1 наган, 1 граната, 3 револьвер және 5 бытыра мылтық. Рас, 4-5 ауыл адамдарында тағы бірнеше бытыра болған. Ал қалған елдің көпшілігі сойыл сүйреткен.

Мұнан ары оқиғаның қалай өрбігенін Сатақбаев Әлібектің тергеу кезіндегі әңгімесінен аңғара аламыз: аудан орталығына тақап келген көтерілісшілер өз адамдарын жіберіп, аудан басшылығымен келіссөз жүргізген. Әрине, көтерілісшілер оларды қарсыласпай берілуді, аудан орталығында қамауда жатқан байларды босатуды, астықты және т.б. дүниелерді халыққа үлестіріп беруді талап еткен. Бірде ашынған халық қараңғылықта келіссөз аяғын күтпей, аудан орталығына лап қойған. Бірақ аудан орталығында бекініп алған белсенділер бірнеше дүркін қарсы оқ атқан. Мұнан қаймыққан қаруы нашар бұқара кідіріп қалып, кейін шегінген. Осыдан соң, қайтадан келіссөз басталған. Аудан орталығынан делегация келіп, кедейлерді көтерілістен бас тартып, үйлеріне таратуға үгіттеген және оларға астық, мануфактура өнімдерін таратып беретіндерін айтқан. Мұның өзі кедейлердің көңіл күйіне әсер еткенімен, көтеріліс басшылары мұның алдау екенін дәлелдеп, ертең тағы да халықты жинап, аудан орталығына басып кіретіндерін айтқан.

Әрі ызалы, әрі ашыққан халықтың беті қайтпайтынын байқаған аудан басшылары түн жамылып көрші Балқаш ауданына қашып

кеткен. Сондықтан да, ертеңіне таңертең 8 наурызда көтерілісшілер аудан орталығына қарсылықсыз, қантөгіссіз кірген. Мұнда көтерілісшілердің ең алғашқы жасаған әрекеттері негізінен ет дайындау науқандары кезіндегі ауқаттыларға салынған салықтарды дер кезінде өтемегендері үшін «байлар» қатарына жатқызылып, қамауда отырғандарды босату болған. Архив деректеріне қарағанда, бұлардың саны 41 адам еді.

Мұнан соң, аудандық мекемелерді жаппай талқандау, олардың құжаттарын өртеу басталды. Аудандық атқару комитеті, кооперативтер дүниелері түгелдей халыққа таратылып берілді. Көтеріліс басшылары Кеңес өкіметі мен кооператив мекемелерінен, астық қоймаларынан алынған заттар мен астықты халыққа әділетті түрде бөліп бермек болды. Осы мақсатпен көтерілісшілер осы мәселемен айналысатын комиссия ұйымдастырылды. Оның құрамына көтеріліс басшысы Қарамурзин Мырзаш, Әбітаев Итжан, Қайтанаев Тоғжан, Бейсенов Мәди, Татубаев Ысқақ, Кәбетаев Амантай, Серғазин Мұқа тәрізді беделді кісілер кірген.

Комиссия Молдабаев Өмірәлінің ауылында жұмыс істеп, астықты және шыт маталарды көтеріліс ұйытқысы болған 300-дей адамға өлшеп, кесіп-пішіп және таратып берді.

Осы оқиғаны естіген және аудан орталығына шабармандарын жіберіп, онда Кеңес өкіметінің құлағанын естіген Шұбартау ауданының басқа ауылдары да көтеріліске шықты, олар да жергілікті кооперативтерге басып кірді, кейбір белсенділерді сокқыға жықты.

12 наурызда 8-ауылдың «Сарыбас» жайлауында көтерілісшілердің жиналысы болып, оған жиналғандар ертеңіне, 13 наурызда «Ақтас» жайлауында бас қосып, «Мәдениет» колхозына, 13-ауылға шабуыл жасау туралы шешімге келді.

Бірақ бұл әрекетке, яғни көтерілісшілерді «Ақтасқа» топтастыруға көрші Аягөз ауданынан жедел келіп жеткен жазалаушы ОГПУ отряды мүмкіндік бермеді. Ең алдымен, Омашев дегеннің ауылынан шығып, «Ақтасқа» желе-жортып келе жатқан көтеріліс басшысы Қарамурзин Мырзаштың өзі жанындағы 6 серігімен жазалаушы отрядтың тосқауылына тап болып, қолға түсті. Ол кейіннен 1931 жылы 6 сәуірде тергеушіге берген жауабында: «Мен жоғалған түйені іздеп шығып едім», – деп жалтарды.

Айта кеткен жөн. Кейбір деректер осының алдындағы «Сарыбелдегі» және «Кеңжайлаудағы» жиналыста ақсақалдар кеңесімен

көтерілісшілердің Қарамурзин Мырзашты хан көтеріп сайлағанын айтады. Бұған керей және төлеңгіт руларының адамдары қатысқан.

Көтерілісшілердің түпкі мақсаты «Мәдениет» колхозын, яғни Бақанас елді мекенін басып кіріп, ондағы аудан орталығын басып алу болғаны байқалады.

Келісім бойынша, көтерілісшілер 20-30 адамнан тұратын топтар түрінде «Ақтасқа» жиналып жатқанда, оларды жақсы қаруланған ОГПУ отрядтары мен коммунистік отрядтар қоршап алған. Мұны естіген әрі «Ақтасқа» жиналып үлгермеген көтерілісшілер отрядтары өз ауылдарында қарсыласпақ болған. Мысалы, Мағозин Дүйсен өздерінің «Ақтасқа» келгенде Қарамурзин Мырзаштың және т.б. ұсталғанын естіп, Итжан Әбітаев басқарған 30 адам Тобеке ауылына, «Қара шеке» жайлауына оралғандарын және келіп жаңадан жайғасып жатқандарында өздерін жазалаушы отряд қоршап алғанын, оған бекініп алып қарсыласпақшы болғандарында, жазалаушылар жақтан Кәкішев Жанұзақ жүгіріп шығып, берілу қажеттігін түсіндіргенін, осыдан соң мылтықтарын тастап, берілгендерін айтады. Осыны естіген Серғазин Мұқа мен Молдабаев Қали көрші 5 және 4-ауылдарға көмек сұрап, шабармандар аттандырған. Көрші ауылдардан көмекке келген 60-70 адам тұтқындарды босатып алмақ болып шабуылға шыққанда, жазалаушылар оларға оқ атып, бірден Серғазин Мұқа оққа ұшқан, ал қалғандары абыржып, ақыры тұтқындалған.

Дегенмен де, аудан көлеміне кең тарап кеткен көтерілісті басу ОГПУ отрядтарына және коммунистік отрядтарға оңайға түсе қоймады.

24 наурызда Сыздықов Бақыт және Нұркеев Сексен басқарған 6-ауылдың адамдары Балық тресінің қоймалары, магазиндері орналасқан «Алғазы» аралын басып алуға әрекеттер жасады. Бірақ Аралдағы балық кәсіпшілігін қорғаған отряд шабуылдың болатынын алдын ала біліп, балық кәсіпшілігін айналдыра терең ор қазып, өздері сонда берік бекініп алды және шабуылдаушыларға жүгінсек, 56 сағатқа созылған. Нәтижесінде өздерінен 1 адам оққа ұшқан соң, көтерілісшілер шабуылды тоқтатып, «Жыланды» жайлауына қайтқан.

Теміржол арқауы мен аудан территориясына жазалаушы әскердің келуі көтерілісті тұншықтырды. 8-ауылда көтерілісшілердің негізгі күші жазалаушыларға қатты қарсылық көрсеткен және нәтижесінде 7 көтерілісші оққа ұшқан.

Көтеріліске қатысушылар қатал жазаланды. ПП ОГПУ-дің (Полномочье представительство объединенного политического управления – Т.О.) Ерекше үштігі өзінің 1931 жылдың 14 мамырындағы және 29 маусымындағы, сондай-ақ, келесі 1932 жылдың 19 маусымындағы үкімдерімен 28 көтеріліс басшыларын атуға, 66 адамды 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагерлеріне қамауға, 17 адамды Қазақстанның өз ішінде 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударуға кесті.

Осы жолдардың авторы кезінде көтеріліске қатысты деп айыпталған 120-ға тарта кісілердің аты-жөнін, жас мөлшерлерін көрсетіп жариялаған еді (қараңыз: «Ақиқат» журналы, 1995 жыл, № 1, 19-20-бб.). Өз туыстарын іздеген кісілер осы тізіммен таныса алады.

Ал енді ОГПУ-дің қорытынды қаулысына келсек, Байбосынов деген ОГПУ тергеуші-уәкілі қол қойған құжатта көтеріліс басшыларына төмендегідей айыптар тағылған: «1. Қарамұрзин Мырзаш – көтерілісшілер қозғалысының бас жетекшісі, аудан орталығына шабуылға, кооперацияны басып алуға және т.б. жетекшілік жасады...

2. Мәндібаев Қали – көтерілісті дайындауға, ұйымдастыруға тікелей көмектесуші.

3. Әбітаев Итжан – Қарамурзиннің кеңесшісі болып табылады, Серғазин өлген соң, оған көмекшілікке тағайындалады.

4. Молдабаев Тахир – Қарамурзиннің көмекшісі.

5. Сұлтанғазин Спан – Қарамурзиннің екінші көмекшісі, 5 ауылмен байланыс ұстаған.

6. Байғозин Мелдехан – кеңес қызметкерлері мен коммунистерді соққыға жыққан.

7. Мырзашев Тәуірбай – Кеңес қызметкерлері жанұяларына зорлық-зомбылық жасаған.

8. Мырзашев Амансары – қолына винтовка ұстап, коммунистік отрядқа қарсылық көрсетті...

9. Молтанаев Тайжан – 4-ауылдағы бас көтеруді ұйымдастырушы.

10. Манғозин Дүйсен – 1930 жылдың өзінде-ақ контрреволюциялық қызметі үшін жауапқа тартылған.

11. Мұқашев Құдаш – қолына қару алып, комотрядқа белсенді қарсыласты.

12. Орыншин Мұқыш – бандиттік бас көтеру басшысы.

13. Қарамурзин Рымтай – белсенділерді ұрып-соғумен, дүние-мүлкін тартып алумен айналысты.

14. Омаралин Ысқақ – Аягөзден келе жатқан жүк арбасын басып алды.

15. Омаралин Смаил – халық сотын, «Қызыл отауды», «Екпін» колхозын басып алды.

16. Әкішев Зәкір – Шыңғыстау ауданымен байланыстырушы.

17. Зорбасов Қабікен – Шыңғыстау ауданымен байланыстырушы.

18. Мырзашев Мұздыбай – суық қарумен, қанжармен ұсталды.

19. Молдабаев Өмірәлі – «Сары оба» бөлігінде бандиттік бас көтеру басшысы.

20. Бейбітов Алтай – комотрядқа қарулы қарсылық көрсетті.

21. Көбетаев Амантай – 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін жауапқа тартылған.

22. Тоқшорин Әрібжан – аудан орталығына шабуыл жасаған топты басқарды.

23. Бертөлепов Шайзада – бөлген кезде 40 метр затты (киізді) алып кеткен.

24. Байғозин Тұрғамбай – 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін жауапқа тартылған.

25. Ысқақов Рашид – байларды құтқарамын деп комотрядқа шабуыл жасаған жерінде тұтқындалды.

26. Нұрақымов Құдайберген – жүк арбасын, мекеме, «қызыл үйді», халық сотын тонаған.

27. Оспанов Дәуіт – аудан орталығындағы түрмеден босатылған.

28. Дәуітов Әлізе – әкесін түрмеден босатып алған.

29. Шомақанов Иманқан – мекемені, халық сотын басып алған.

30. Әлдекин Әмрехан – 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін тұтқындалған.

31. Рымтаев Тоқсанбай – револьвермен, берденкемен қаруланып, тығылған коммунистерді іздестірген.

32. Әмреханов Ысқақ – тартып алынған дүниелерден мата, көйлек, шалбар, бәтіңке, шапан алған.

33. Әмреханов Алтай – көтерілісшілер босатып алған соң, тұтқындалған коммунистерді күзеткен.

34. Шағаманов Мақа – түрмеге қамағанда қашып кеткен.

35. Қалиев Керімжан – «Мәдениет» колхозын басып алған, дүние-мүлкін үлестірген.

36. Мукин Адамбай (өлген Серғазин Мұқаның баласы) – бір қап астық алған, коммунистерді қуғындаған.

37. Сыздықов Өмірзақ – тоналғандардан бір жылқы алған.

38. Ахметов Бітірбай – қолына қару алып қарсыласқан.
39. Бейбітов Садық – ол да сөйткен.
40. Сыздықов Кенжехан – «Екпін» колхозын басып алған.
41. Сейілханов Шамахан – ол да сөйткен».

Міне, ОГПУ тергеушісі көтерілісшілердің бір тобына осылай сипаттама берген. Көбісіне тағылған «күнә», шындығына келсек, ұсақ-түйек. Бірақ осы ұсақ-түйек үшін, жоғарыда айттық, Кеңес өкіметі қазаққа «ашыққан, саясаттан қашық халық қой» деп, аяушылық таныта қоймады, оның үстіне осы көтерілістің өзінде «бандиттік», «контрреволюциялық» деп біржақты саяси сипаттап, төл тарихымызда бұл туралы тәптіштеп жазуға рұқсат бермеді.

Бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігіміз ғана бұл туралы жазуға мүмкіндік беріп отыр.

Тарихи шындық салтанат құрсын десек, мынаны да ұмытпағанымыз жөн: негізгі ауыр жазаны көтеріліске қатысқандар, әсіресе, оны ұйымдастырғандар алды десек те, сол жылдардағы аудан басшылары – коммунистер де жазадан тыс қалмады. 1931 жылдың 25 сәуірінен 5 мамырына дейінгі аралықта Шұбартау ауданында орталықтан келген мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Оның төрағасы Қазақстан Орталық атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерناзаровтың өзі еді. Ж.Тәттібаев қол қойған осы мемлекеттік комиссия материалдарында «сатқындық жасағаны, таптық бағытты бұрмалап, оппортунизмге түсіп, байлармен және бандиттермен достасқаны үшін» ауданның сегіз басшысының және т.б. партиядан шығарылғаны айтылған. Олардың аудандық партия комитетінің хатшысы Сатыбалдиннен басқаларының үстерінен сот ісі қозғалған.

Елтай Ерназаров аудандық кеңеске қайта сайланды және аудандық партия конференциясын өткізген. Оның өзінің 10 мамырда жергілікті жерден өлкелік партия комитетіне және Мәскеуге берген жеделхатында партиядан шығарылған аудан басшылары атап көрсетілген. Олар – аудандық партия комитетінің хатшысы Сатыбалдин, аудандық партия комитетінің төрағасы Қамшыбаев, ГПУ өкілі Байбосынов, ауатком төрағасының орынбасары Дүйсембаев, нұсқаушысы Бегімбетов, инспектор Теңізбаев, ауатком хатшысы Исағұлов және тағы басқа сотқа тартылған белсенділердің кейінгі тағдырлары бізге белгісіз.

Мұны анықтауға бәлкім көзі тірілер көмектесер. Көзі тірілер демекші, мысалы, Қарамурзин Мырзаштың баласы Мұздыбайдың тірі екендігі туралы ол кісінің балалары Орманбек және қызы Несіпжан бізге жақында хабар берді. Ел ішінде т.б. көнекөз куәлер әлі де бар

болар. Олар бізге хабарласса, тарихты толықтыруға қол ұштарын берер еді.

Ал енді Шұбартау көтерілісін ұйымдастырушыларға келер болсақ, Қарамурзин Мырзаш және оның серіктері, азаттық үшін алысқан азаматтар ретінде ардақтауға әбден лайық.

Осы кезеңнің басқа көтерілістері тәрізді Шұбартау көтерілісі де тарих ғылымының жаңа, шынайы сипаттамасын күтіп отыр. Біздің ойымызша, өзінің алдына қойған мақсаты, көтерген ұраны, ұлттық құрамы, қозғаушы күштері тұрғысынан қарағанда, бұл қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының заңды жалғасы болып шығады. Сондықтан да, егерде біз Шұбартау көтерілісін және т.б. осы кезеңдегі наразылықтарды ұлт-азаттық сипаттағы тоталитарлық жүйе құрсауына қарсы ашық бас көтеру десек, азаттық үшін құрбан болғандардың эруағын тағы бір разы етер едік. Шұбартау көтерілісін егжей-тегжейлі байандаудағы басты мақсатымыз да осыны айту болып табылады.

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІ

*Сырттан келген жаудан да,
Іштен шыққан жау жаман.*

Халық мақалы

Адай көтерілісінің тарихына байланысты тәуелсіз Қазақстан тұсында біршама еңбектер жарық көрді. Олардың арасында біздің «Зобалаң» деп аталатын монографиямыз мәселені алғаш рет көтеруімен ерекшеленді¹. Сондай-ақ бұл көтерілісті зерттеуге Қ.Алдажұмановтың да еңбектері орын алған болатын². Сонымен қатар бұл тақырыптан арнайы кандидаттық диссертация да қорғалды³. Көтеріліс туралы жазуға жазушылар мен журналистер де атсалысты⁴. Бұларда Адай көтерілісінің себептері және оны ұйымдастырушы тарихи тұлғалар туралы едәуір деректер айналымға қосылған.

¹ Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929 – 1931 жылдары болған халық наразылығы). – Алматы, 1994.

² Алдажұманов К. Крестьянское движение сопротивления в Казахстане в 1929 – 1932 гг. – Алматы, 1996.

³ Жұмағұлов Б. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922 – 1933 жж.). – Алматы, 1999.

⁴ Спанов Ә. Тобанияз. – Ақтау, 1995; Жаңаев Т. Тобанияз қыстауы. – Алматы, 1998; Қайдарұлы С. Қанды асу. – Алматы, 1997.

Халық арасында «Адай көтерілісі» деген атпен белгілі, тарихы әлі жазылмаған, Қазақстандағы шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру тарихында әлі де тек ауызекі әңгіме болып қана жүрген бұл қозғалыстың шығу себептері, сипаты, қозғаушы күштері де Созақ көтерілісімен және Қазақстандағы тағы басқа үлкенді-кішілі шаруалар наразылықтарымен өзара үндесіп және ұштасып жатыр.

Адай көтерілісінің орталығы Маңғыстау ауданы болды. Голощекин және оның төңірегіндегі барлық өткір мәселелерді күштеу, зорлық-зомбылық, жоғарыдан түскен нұсқау беру жолымен ғана шешіп үйренген шолақ белсенді – шағын топ Адай жерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере де, көзге іле де қоймады. Бұл әсіресе, Маңғыстау ауданында 1930 жылдың 1 қарашасы мен 1931 жылдың 15 қаңтары аралығында болып өткен жергілікті кеңес органдарын сайлау кезінде айқын байқалған еді. Бұл аймақтардағы көшпелі шаруалар әлі кеңес органдары туралы толық түсінігі жоқ олардың не үшін күресіп, нендей міндеттерді жүзеге асыру үшін әрекет ететінін толық ұғып та үлгермеген болатын.

1925 жылы Қазақстанға келген бетте-ақ, жергілікті жағдайды саралап, талдап, төзімділікпен төңірегін жан-жақты шолып алудың орнына күн тәртібіне төтенше «ауылды кеңестендіру» ұранын қойған. Қазақ ауылын кеңестік жолмен көгертудің ақылға сыйымды балама жолдарын ұсынған С.Сәдуақасов, С.Қожанов, С.Меңдешев тәрізді азаматтардың пікірлеріне құлақ аспаған Голощекин Маңғыстау тәрізді саясаттан іргесі аулақ жатқан, төсінде сағым ойнап, қарақұйрық жүйткіген, тылсым да марғау тірлік кешкен оқшау аймақтарда да ә дегеннен ТОЖ-дарға (бірлесіп мал бағу серіктіктері) жедел түрде біріктіріп жібергісі келді-ақ. Мұндай төтенше әрекеттегі көшпелі өмірге әбден көндіккен төңіректің қолдай қоюы екіталай екені Голощекиннің ойына кіріп те шықпады. Асықпай үгіт-насихат жүргізу мәселесі назардан тыс қалды.

Жағдайды ауырлата түскен Қазақстанның ОГПУ органдарының 1930 жылы қазан айында қайдағы бір контрреволюциялық ұйым туралы аңызды ойлап шығаруы еді. Голощекиннің және Құрамысовтың атына жолдаған ресми хатында Қазақстан ПП ОГПУ-і бастығының орынбасары Альшанский мұндай контрреволюциялық ұйымның Форт-Александровскіде ашылғанын, оның бұрынғы Адай округінде әрекет жасағанын әңгіме етті. Осы ұйымға қатысты деген

сылтаумен 68 адам тұтқынға алынып, ал олардың 30-ы патша өкіметінің қызметкерлері байлар мен саудагерлер ретінде айыпталған болатын. Кеңес өкіметі орнағанына 13 жыл болып кетсе де, патша заманының қызметкерлерін іздестірген ОГПУ-дің бұл әрекеті ақылға сыйымсыз-ақ. Тұтқындағылар арасында бұрынғы партия мүшелері де кездесті. Олар 11 адам болатын. Сондай-ақ кейбір кісілер, дәлірек айтсақ, 20 адам, «әлеуметтік жат элемент» деген жалпылама да нақты емес айыппен ұсталды.

ОГПУ-дің айтуына сенсек, контрреволюциялық ұйым 20-жылдан бері, яғни 10 жылдай тек бір ғана ортақ мақсатты – Кеңес өкіметін құлатуды көздеп, зиянды жұмыс жасап келген болып шығады. Осынша уақыт бойы Кеңес өкіметіне қарсы жаулық әрекет жасап келген ұйым қалай байқалмаған? Мұның өзі кезінде ОГПУ орталық аудандарында «әшкереленген» әртүрлі ұйымдар тәрізді өмірде болмаған, бірақ «түймедей нәрсе түйедей етіліп көрсетілген» саяси айлакерлікке көбірек ұқсайды.

Форт-Александровскіде ашылған контрреволюциялық ұйым мүшелеріне төмендегідей айыптар тағылды:

«1. Ұйым «өзіндегі» қазақ коммунистерін жұмылдыру негізінде 1922 жылы Форт-Александровскіде қарулы көтеріліс даярлады;

2. Адайлар еуропалықтарды қуып жіберу үшін барлық шараларды қолданып бақты, осыған байланысты жергілікті ұлтшылдық ерекше көрініс берді;

3. Түгелдей байлар мен саудагерлермен және чиновниктер элементімен толтырып, округтегі кеңес-партия аппаратын басып алды. Сондай-ақ партия ұйымы да әлеуметтік жат элементтермен бүлінген;

4. Орталықтан жіберілген қазақ қызметкерлерге ықпал етудің орнына оларды соққыға жығу мен Адай жерінен қуып шығуға дейінгі барлық шараларын қолдана отырып, оларды ұйымдасқан қуғын-сүргінге ұшырату орын алған;

5. ҚазОАТ комының мүшесі Ералиевті өлтіруді ұйымдастырған;

6. Революциялық заңдылық бұрмаланды және шарифатпен – ақсақалдар салтымен ауыстырылды, құн, барымта және осы тәрізділер әдеттегі құбылыс болып алды;

7. Ұйым округ таратылған соң, округтің таратылуына қарсы контрреволюциялық үгіттеу жүргізетін «Адайды құтқару» тобын құрды. Түркістанға және Ауғанстанға халықтың көшіп кетулерін ұйымдастыру туралы, барлық адайлықтарды шақырған, контрреволюциялық үндеуді басып шығарды және таратты. Осыған байла-

нысты 1929 жылы біз халықтың Түркменстанға жаппай көшулеріне кез болдық;

8. Ұйым өзінің үндеуінде қарулы бас көтеруге бандалар, соның ішінде Құрмаш Қошановтың бандасын ұйымдастыруға шақырды. Шын мәнінде, тек қана контрреволюциялық ұйым мүшелері тұтқынға алынған соң, ОГПУ органдары 1930 жылы жойған, бірақ қазірге дейін бандаларға байланысты даярлықтың бәрін жедел Қошановты хабардар етіп келгендіктен, банда талқандалмай қалды;

9. Ұйым халық шаруашылығының барлық салаларын, әсіресе қаржыландыруды, кәперәтивтендіруді және даярлауларды түгелдей қамтитын экономикалық зиянкестікпен айналысты, осының салдарынан мемлекет осы жылдары миллиондаған шығынға батты» (464-іс, 31-п).

Оқырманның өзі де байқап отырған болар, көшпелі қазақ қоғамының, соның ішінде Адай даласының рулық тұрмысқа негізделген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің бәрі мұнда қылмыс ретінде қаралған. 1929 жылы жаппай ұжымдастыру ахуалы туғызған адайлардың түркімен және шетелдегі ауған жерлеріне жаппай, амалсыз көшулері де контрреволюциялық, яғни Кеңес өкіметіне қарсы қастандық ретінде теріс бағаланған. Дәлелдер жоқ болса да, осындай баға дұрыс делінді.

Нақты фактілерді бұрмалап, «зиянкестік» және «контрреволюциялық» әрекет деп таныған ОГПУ-дің көпірме өтірігі құжаттың өн бойында сезіліп тұр.

ОГПУ өздері ойлап шығарған контрреволюциялық ұйымды басшылықсыз қалдыруға болмайтынын да түсінді және сондықтан да идеологиялық басшы ретінде өздері «Адай ханы» деп ат берген ірі бай Әлниязов Тобаниязды атап көрсетті. Осыған байланысты бұл мәселемен ұсталғандар кейде «Әлниязов Тобанияздың ісімен» айыпталғандар деп те аталады.

Қазақ АССР-і ІІ ОГПУ-нің жанындағы үштік «контрреволюциялық ұйымның» басшылары ретінде 21 адамды ең жоғарғы жаза – атуға және концлагерьлерге, 15 адамды 10 жылдық мерзімге, ал 9 адамды 5 жылдық мерзімге кесіп жіберді. Олардың бәрінің мүлкі кәмпескеленді. Бұлардың ішінде 1928 – 1929 жылдары Гурьев округтік партия конференциясына Форт-Александровскіден делегат болып бара жатқан коммунистер де бар еді. Олар жоғарыда аталған ҚазОАТкомының мүшесі Ералиевке қастандық жасаушылар қатарына жатқызылды. Сондай-ақ бұлардан да басқа көптеген адамдар әртүрлі мерзімдерге сотталды.

Осыншама қырғынды және аяусыз жазалауды басқарған Альшанский өзінің аталған хатында былай деп масаттанды: «...Адай округіндегі контрреволюциялық ұйымды жою бұқараны ұйымдастыруға байланысты неғұрлым жемісті жұмыстардың болашағына жол ашып отыр. Өлкеден (орталықтан – *Т.О.*) білікті қызметкерлерді жіберу қажет деп санаймыз» (31-п., 2-беті).

Хат соңында Альшанский ең жоғары ату жазасына ұсынылғандар туралы ПП ОГПУ үштігінің үкімін мақұлдауды Голощекин мен Құрамысовтан өтінді.

Жазықсыз жандарды өлім жазасына кескенде шімірікпес Альшанский Қазақстандағы басқа шаруалар көтерілістерін қанға бояп басуда да ерекше көзге түсті. Білімі төмен, ұлты еврей, өзі Томск қаласында 1896 жылы шаруа семьясында туылған ол Голощекинмен қандас еді (283-іс, 29-п.). Сондықтан да ма, әлде көкейіндегіні дөп басқандықтан ба, Голощекиннің оның өтініштерін аяқсыз қалдырған жайы жоқ. Бұл жолы да солай болды.

1930 жылдың 26 қазанында, яғни арада бірнеше күн өтісімен-ақ, Голощекин өлкелік партия комитетінің бюросын шақырып, осы – «Алланиязовтың (Әлниязов Тобанияздың есімі орыс тіліндегі құжаттарда осылай бұрмаланып берілген) контрреволюциялық ұйымы туралы» мәселені арнайы қарады. Бюро мәжілісі төмендегідей шешімдер қабылдады:

«1. ПП ОГПУ-ге Алланиязовтың контрреволюциялық ұйымы туралы коллегия үкіміне сәйкес дүние-мүліктерді кәмпескелеуді толық жүзеге асыру ұсынылсын.

2. Табын, Маңғышлақ және Жылқосы, Ойыл және Алтын-Қарасу аупарткомдарына бұл мүлікті толық есепке алуды жүзеге асыру ұсынылсын. Оның үстіне ұсынылған уставқа сәйкес мұның 50 проценті ТОЖ-дар ұйымдастыруға, жұмылдыруға және 50 проценті кедейлер мен батырақтарға таратылып берілуге тиіс.

ТОЖ-дарды ұйымдастыру кезінде рулық принциптен аулақ болу керек. Жекеше қожалықтарға мүліктер таратқанда да осыны ұстанған жөн.

3. Үгіт-бұқара бөлімі барлық партия ұйымдарының жұмыстарын қайта құру қажеттігінің көрінісі ретінде және кеңестерге қайта сайлау кезінде ауыл бұқарасының белсенділігін көтеру үшін, бұл аудандарда пәрменді Кеңес өкіметін құру үшін ОГПУ-дің Алланиязовтың (Әлниязов Тобанияздың есімі орыс тіліндегі құжаттарда осылай бұрмаланып берілген) контрреволюциялық ұйымы бойынша мате-

риалдарын пайдаланып, 3 күндік мерзім ішінде партия ұйымдарына хат және аудандардағы кеңестерді қайта сайлауға байланысты ҚазОАТкомының үндеуін даярласын.

*БК (б)П Қазөлкомының
Хатшысы Голощекин».*

Мөр басылған (464-іс, 8-п. 2-бетінде).

Сонымен, ОГПУ-дің Адай жеріндегі қайдағы бір Алланиязов (Әланиязов Тобанияздың есімі орыс тіліндегі құжаттарда осылай бұрмаланып берілген) деген біреу басқаратын контрреволюциялық ұйым туралы негізсіз аңызы Голощекинге қатты ұнады. Тағы да контрреволюционерсің, байдың құйыршығысың деп біраз ел сыйлайтын адал адамдарды тұтқынға алып, халық арасында үрей туғызып, оны ықтырып қоюға, мүлкі кәмпескеленген байға кедейді айдап салуға, зорлықпен құрылған серіктіктерді нығайта түсуге жаңа мүмкіндік туды.

ОГПУ мен Қазақ өлкелік партия комитеті қабылдаған жоғарыдағы шешімдердің үстірт де дәлелсіз жалаңдығы сондай, жоғарыда түскен осы нұсқауларды жергілікті жерлерде қалай жүзеге асырарларын білмей, аудандық партия комитеттері қатты састы. Бұған төмендегі құжат та айқын мысал бола алады:

*«Аса құпия
Алматы БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті».*

26/Х.30-жылғы Өлкелік комитет бюросының қаулысы бізге «Аланиязовтың (Әланиязов Тобанияздың есімі орыс тіліндегі құжаттарда осылай бұрмаланып берілген) контрреволюциялық ұйымының» мүлкін есепке алуды, социалистік секторға және кедейлерге бөліп беруді ұсынған еді.

Бұларды өрістету қазіргі уақытта кеңестерді сайлау маусымы қарсаңындағы жұмыстар кезінде жандандырылуға.

Алайда Әланиязовтың жанұясы Табын ауданында өмір сүреді, оның үстіне бізге және жергілікті саяси органдарға Әланиязовтың контрреволюциялық ұйымы ісімен байланысты Ойыл ауданы азаматтарынан нақты кімдер кәмпескелену керектігі белгісіз.

Сондықтан да Ойыл аудандық комитеті ПП ОГПУ-дің төменгі бөлімшелеріне Әланиязовтың контрреволюциялық ісі бойынша кәм-

пескелеуге жататын Ойыл ауданының азаматтарының тізімдерін жіберуін ұсынуды сұрайды.

*БК(б)П Ойыл аудандық
Комитетінің хатшысы (Құрманбаев) қолы қойылған
29/XI-30 ж. Ойыл қаласы». (464-іс, 5-п. 2-бетінде).*

Осы хаттың бетінде өлкелік комитеттің жауапты қызметкерінің бірі былай деп жазған: «ПП ОГПУ-мен сөйлесілді, қойған мәселе туралы мәлімдеді. 21/XII».

411

Яғни жергілікті аудандық партия комитеті «контрреволюционер» қылмыскерлердің кімдер екенін де білмеді, сондықтан да әрине кімнің мал-мүлкін кәмпескелеу керектігінен де хабарсыз болды. Жоғарыда, сонау Алматыдан түскен нұсқау және тізім бәрін шешіп берді. Осы тізімге ілінген жазықсыз жандарды қорғап қалуға және мәселенің ақ-қарасын анықтауға жергілікті аудандық партия комитеттерінің ешқандай мүмкіндіктері болмады. Тіптен осы аудандық комитет құрамында жауапты қызметтерде жүрген басшылардың өздерінің де ертең «контрреволюционерлерге» көмектесуші ретінде жау қатарына жатқызылып, айдалып кетпесіне ешкім кепілдік бере алмайтын еді.

Осындай жергілікті өкімет және партия органдарының дәрменсіздігі және осыған қарамастан жоғарыдан түскен нұсқаудың ақ-қарасын ажыратпай, бұлжытпай орындауға олардың құштарлығы халықтың наразылығын өршіте түсті. Адай көтерілісінің себептерін іздестірген кезде XX ғ. басынан басталатын өлкедегі ауыр ахуал еріксіз еске түседі. Демографиялық мәліметтерге қарағанда, бұл аймақта 1914 ж. 4,8 млн. адам өмір сүрсе, 1922 ж. шамамен 3,8 млн. адам қалған екен. Ауыл халқында мұндай азаю 1 млн. айналасында¹.

1925 – 1927 жж. аралығында Ә.Бөкейхан бастап жүргізілген зерттеу бойынша Адай уезінде 27 болыстың 3 болысы Шөмішті-Табын және Адай руларынан құралған, 22 болысты Адай рулары мекендеген². 1927 ж. 28 маусымда Адай уезі Адай округі болып қайта құрылған. Мұнда негізінен қазақтар мекендеді. Халықтың 92,8

¹ Жұмағұлов Б. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922 – 1933 жж.). – Алматы, 1999. – 13-б.

² Жұмағұлов Б. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922 – 1933 жж.). – 13-б.

проценті қазақтар болды да, 1,7 проценті ғана орыстар еді. Қазақтар жыл бойы көшіп-қонып, 1200 шақырымдай жерге қоныстанып отырды. Негізгі шаруашылық тек мал шаруашылығы болды. 1927 ж. округтегі малдың саны 1 731 мың басты құраған екен. Өзендер жағалауларындағы шаруашылықтарда егіс көлемі 2 мың гектардан асқан жоқ. 1927 – 1928 жж. экономикалық-әлеуметтік қайшылықтарға қосымша округті жұт жайлады¹.

Маңғыстауда Кеңес өкіметі әлдеқашан орнаса да, мұнда ұзақ жылдардан бері ревком (революциялық комитет) төтенше басшы орган болып келді. Онсыз да қатал тәртіптен қажалып біткен халық «ауылды кеңестендіруге» күдіктене қарады. Оның үстіне ревкомдар жоғарыдағы алғашқы 1930 жылы болған кеңестерге сайлау кезінде халықты қараңғы тобырға балап, ойларына келгендерін істеп бақты. Сайлауға дауыс беру правосынан орташалардың қалың бұқарасы ғана емес, тіптен есігінің алдында тышқак лағы жоқ тақыр кедейлер де айырылған жағдайлар көптеп кездесті. Ал байлардың кейбірі керісінше сайлауға дауыс беру құқын еркін пайдаланды. Осындай көңілге қаяу түсірер жайсыз да көңілсіз көріністер, жоғарыдағылар аз болғандай, сайлау комиссияларының келісімінсіз-ақ жүгенсіздікпен орын алумен болды.

Ұжымдастыруды бастардан бұрын, кімді ұжымдастыру керек екенін дәлме-дәл біліп алу керек еді. Кедей кім? Орташа қайсы? Бай қайда? Міне, осы сұрақтарға жауап беру керек еді бәрінен бұрын. Басқаны былай қойғанда, ұжымдастырудың алғашқы жылдарында бұларға Голощекиннің өзі де нақты жауап бере алмады. Маңғыстаудың ұшы-қиырсыз кең сахара даласын сенделе кезіп мемлекетке мал даярлау, ет тапсыру жоспарларын шаруалардан табанды түрде талап еткен, шолақ мылтықтарын шошандатып, «атып кетемін» деп шошындырған уәкілдер жергілікті жерлерде бай мен кедейді ажырата алмай басы қатты. Олардың біразы Маңғыстау аудандық партия комитетінің де есігін қағып көрді. «Не істейміз?» – деген уәкілдерге аудан басшылары: «Маркстің, Энгельстің және Лениннің нұсқауларын басшылыққа алындар», – деп жалпылама да таптаурын және немкетті жауап берді (5054-іс, 31-п.).

Уәкілдердің жергілікті жерлерде ұйымдастырған «социалистік жарыстары» да халықтың ашу-ызасын туғызды. «Белсенді, кедей, бағырақ, сен бәрін түк қалдырмай тапсыр, әйтпесе мұны ешкім

¹ Жұмағұлов Б. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922-1933 жж.). 14-б.

істей қоймайды. Билік сендердің қолдарында емес пе, олай болса сендер беруге тиіссіндер ғой, бұлай етпесендер ешкім ештеңе де бермейді», – десті олар.

Басқаны былай қойғанда, теңіз жағасындағы мал шаруашылығынан қол үзіп қалған Форт-Александровск (кейіннен Форт-Шевченко – *Т.О.*) қызметкерлерінің өздері де әрқайсысы 2, 3, 4 қойдан мемлекетке амалсыз тапсырып, «Бір де бір мал қалмасын. Бәрі мемлекеттікі» – деген даңғаза да жауапсыз ұранға өздерінің адал екендерін іс жүзінде дәлелдеуге мәжбүр болды. Шындығында, елден жинап алынған осыншама малдың қайда кетіп жатқанын да ешкім тап басып айтып бере алмады. Өйткені Адай жерінде мал шаруашылығы ұжымдастырудан бұрын Қазақстанның осы аймағында құрылған «Кедей» одағының партия ұясы да немкетті жұмыс жасады. Партия ұйымында 1931 жылдың 1 шілдесінде БК(б)П-ға 236 мүше және мүшелікке кандидаттар бар еді. Бірақ бұл саны бар, сапасы жоқ ұйым болатын. Коммунистер ішінде әйелдер небары 9,8 процент қана, ал комсомолдар арасында 11 процент қана болуы да сондықтан.

Партия ұйымы әділдікті қалпына келтірудің орнына кедейді «байсың» деп айыптап адасты. Мал тапсырғандар өнеркәсіп товарларын, нан және ақша аламыз деп дәмеленгендер алақан жайып, айдалада қалды. Тіптен кейбір ауылдарда адамдар жоғарыға шағынып жүрмесін деп, олардың ет тапсырғандары туралы ордерлерін, квитанцияларын тартып алып қойды.

Оның үстіне адайларға тек ет салығын ғана салған жоқ. Олар адамның ойы тұрмақ, түсіне кірмес әртүрлі салықтар төлеуі тиіс болды. Мұны төмендегі кестеден айқын аңғару қиынға түспейді.

Табын, Маңғыстау және Жылқосы аудандары бойынша шикізат даярлау жоспарын орындау туралы.

1931 жылдың 10 қыркүйегі (процентпен)

Шикізат түрлері	Табын ауданы	Маңғыстау ауданы	Жылқосы ауданы
Жылқының жал-құйрығы	18,5	77,6	193,4
Ит терісі	30,0	-	
Есек терісі	-	-	-
Сарышұнақ терісі	33,3	-	-
Жылан, кесірткелер	56 (саны)	-	-
Ескі-құсқы шикізат:			
Шүберек	26,5	36,0	23,0
Резіңкелер	-	10,0	-
Сүйек-саяқ	-	2,0	15,6

Темір-терсек	-	3,7	2,8
Мүйіз-тұяқ	-	-	11,8

(5054-іс, 166-п.).

Кестеден көріп отырғанымыздай, мемлекетке шикізат даярлап берудің мәнісі жоқ. Тағы бір назар аударатын нәрсе, дарқан даланың таза ауасын кеудесін кере еркін жұтып, жарау арғымақты бәйгеге, көкпарға ғана даярлап үйренген тәкаппар да қонақжай қазақтарға енді тышқан аулап, оның терісін, аттың тұяғын, жал-құйрығын, сиырдың мүйізін мемлекетке өткіз, даладағы ит-құс кеміріп кеткен ақшаңқан сүйек-саяқты мемлекетке теріп тапсырып, жоғарыдағыдай ескі-құсқы нәрселерді дайында деудің өзі әрі түсініксіз, әрі барып тұрған қорлау болып көрінді. «Ит арық болса, ауылдың намысы», – дейтін қазақ шындап намыстанды, кейбір жерлерде уәкілдердің сұрағандарын көпе-көрінеу бермей, өздерін қамшымен сабап қуды.

Голощекиннің атына ОГПУ басшылары 1931 жылы 14 тамызда түсірген мәліметке қарағанда, Адай даласында ет даярлаудың жоспары ең болмаса жарым-жартылай да орындалмаған. Оның үстіне байлардан жинап алындар деген ет салығының 50 процентін шолақ белсенділер мен жергілікті Кеңес өкіметінің желөкпе атқамінерлері орташалардың өзінен зорлап, сыпырып алған. Олар өзінің туған халқын арсыздықпен алдап, мемлекетке өткізілген малды арзан бағамен сатып алып, мал басының едәуір бөлігін көпе-көрінеу өздері иемденіп кетіп жүрді. Ұрының ұрты майланды. Мысалы, жабдықтау халық комиссариатының белгілеген бағасы бойынша, мемлекетке адайлар өткізген әрбір жылқыға сол кездегі ақшамен 180 сом төленуі керек еді, ал оларға небары 26 сом ғана төленген. Ет тапсырудың жоспарын орындамай қойғандар мен одан бас тартқандар әртүрлі қокан-лоқының, жаппай айып салып, үздіксіз қысым жасаудың құрбандығына айналды. Заң жүзінде №61-бапқа сәйкес сотталғандар да аз болмады. Кедейді бай деп соттады. Ет тапсыру жоспарын орындамағандарға алғаш ескерту ретінде 10 сом көлемінде ақшалай айып салынды. Бірақ кедейлер мен орташалар бәрібір ет тапсыра алмағандықтан, олардың мемлекетке қарызы 500-700 мың сомға жетіп жығылды. Қасірет шеккен, әділетсіздіктің әлсіз құрбандықтарына айналған байғұс бұқара кімге барып жүгініп, өтініш жасау керек екенін түсіне алмай дал болып, басы қатты. «Иттің ұлығанын бөрі есітпес» заман еді бұл.

Көшіп кетсек, қашып кетсек «әлі жеткеннің талауынан құтылармыз», – деп үміттенгендер де аз болмады. Сондықтан да 1931 жылдың көктемінен бастап Қарақалпақ пен Түрікпен, тіптен Кавказ жеріне босқан адайлар мен табындар легі үдей түсті. Голощекиннің ОГПУ арқылы жер-жерлерге белгілеп қойған түлкідей айлакер тыңшылары бәрін естіп, көріп білді, «пәлен ауыл ана құдықтың, түген ауыл мына құдықтың маңына көшіп кетті», – десіп шу көтеріп, босқындарды «көсеумен нұқып» күн көрсетпеді. Мұндай хабарлар Голощекинге де түсіп жатты. Ол да қарап қалмады, ауа көшкендердің соңынан мылтығы шошайған айбарлы отряд шығарды. Гурьевке өзі жіберген Өлкелік партия комитеті мен Халық комиссарлары советінің уәкілі Сейітқали Меңдешевке 1931 жылы сәуір айында қайта-қайта жеделхат жолдап, ауа көшкен адайларды қуып жетіп, үгіттеп, кейін қайтаратын адамдарды шығаруды талап етті (Сонда. 5062-іс, 18, 251-п.). Осы орайда өлкелік партия комитеті жіберген Ұ.Құлымбетов басқарған «Адай» және «Табын» ісі бойынша мемлекеттік комиссияның тиянақты жұмысы назар аудартады. Комиссия алғаш өзінің 20 пункттен тұратын жұмыс жоспарын жасады (46-47 п.).

Бұл жоспар Голощекиннің ықпалымен жасала тұрса да, түптеп келгенде, игі мақсатты – Адай өңірінде халықтың бейбіт те тыныш өмірге оралуын қамтамасыз етуді көздеген еді. Мұны осы комиссия қабылдаған шешімдер де дәлелдей түседі.

Комиссияның алғашқы мәжілісі 1931 жылдың 21 шілдесінде Кендірлі кәсіпшілігінде болып өтті. Оған комиссия төрағасы Құлымбетов және оның мүшелері Рагозин, Асылбеков және Әлиев қатысты.

Алғашқы сөзді Құлымбетовтың өзі алды. Ол аудандағы партия ұйымының және оның жергілікті ұяларының жағдайларын талдай келе коммунистердің саны 250-270-тің маңы екеніне назар аударды, сөйтіп, бұлар ұйымшылдық көрсете білсе үлкен күш екенін ескертті. Қолда бар мәліметтер Форт-Александровскідегі, Қарабұғаздағы және Каспий жағасындағы кәсіпшіліктердің коммунистерінің ешқайсысының көтерілісшілер жағына шығып кетпегенін көрсетті. Мұның өзі бұларға мемлекеттік комиссия сенім арта алады деген сөз еді.

Құлымбетов комиссия мүшелерін Маңғыстау ауданының шаруашылық жағдайымен қысқаша таныстырды: 1930 жылы ауданда 7000 шаруашылық бар болатын, олардың 1700 балық аулайын кәсіпшіліктер еді. Ал енді 1931 жылдың шілде айына дейін мемле-

кетке тапсыруға 37 000 қой халықтан жиналып алынған болса, оның 17 000 ғана жөнелтілді де, қалған 20 000-ын көтерілісшілер алдына салып айдап әкетті. Мемлекетке ірі қара мал өткізу міндеттемесі артығымен орындалды. Сондай-ақ мемлекетке 5000 түйе өткізілді. Көп пе, аз ба? Комиссия бұған баға беріп жатпады.

Дегенмен, осы мәжілісте комиссия мүшелері жоғары органдардың жергілікті жердің мүмкіндігін ескермей отырған озбырлық әрекеттерін де назардан тыс қалдыра қойған жоқ. Комиссия мүшесі Асылбеков өз сөзінде мынандай мысал келтірді: Егіншілік халық комиссариаты жоспарды бес рет өзгертіп, ақырында шабындық жерлердің жоспарын 13 000 гектарға жеткізуді әділетсіз талап етті. Шын мәнінде, ауданның мүмкіншілігі 3000 гектардан аса қоймайтын еді.

Комиссия ауданды ұжымдастырудың қандай дәрежеде екенін де анықтай алмай басы қатты. Өйткені бұл туралы нақты мәлімет те жоқ еді.

Комиссияның тағы бір назар аударған мәселесі көтеріліс нәтижесінде зардап шеккен, бірақ кеңес мүддесіне адал болып қалған жергілікті белсенділерге сыйлықтар беру мәселесі болды (5054-іс, 49-п.).

Адай көтерілісін басуға байланысты жұмыстарға басшылық ететін осы комиссияның келесі екінші мәжілісі 23 шілдеде болып өтті. Шағын мақалада комиссия қабылдаған көптеген пункттерден тұратын осы шешімдерді толық беру әрине мүмкін емес, дегенмен де, төмендегідей мәселелерге назар аудармай болмас. Комиссия қарарының 11-пунктінде «... барлық көшпелі ауылдарда бандитизмге қарсы күреске көмектесетін, банда элементтерін қолға түсіретін, бандитизмге қолғабыс етуге қарсы күресетін, қаруларды алып қоятын кедей, батырақ және орташалар және жұмысшылар белсенділерінен тұратын топтар құру» керектігі айтылды. Ал енді келесі 12-пунктте «кедей-батырақ және орташалар белсенділерінен, комсомолдардан, БК(б)П мүшелері есебінен 6 әкімшілік ауылда және бейбіт халықтың жекелеген үлкен көштерінде өзін-өзі қорғау отрядтарын ұйымдастыру» мәселесі көтерілді. Бірақ қару-жарақ жетісе бермейтіндіктен, мұндай отрядтар көбіне халықтың өзінен алынған қарулармен қаруланулары тиіс болды. Өзін-өзі қорғау отрядтары көтерілісті басуға шыққан ОГПУ күштеріне тікелей көмек көрсететін, сондықтан да соның тікелей басшылығымен және үздіксіз бақылаумен қимылдайтын қарулы жасақтар еді (5054-іс, 31-п.).

Мемлекеттік комиссияның Адай жеріндегі келесі үшінші мәжілісі 9 тамызда болды. Мұнда орын алған асыра сілтеушіліктері мен бұрмалаушылықтар ашық мойындалды. Осы ресми мәжілістің қаулысында мынандай жолдар бар: «... Күнделікті саяси-шаруашылықтық науқандарды өткізудегі, кеңестерді қайта сайлау, мал дайындау кезіндегі, социалистік жарысты өткізудегі, қаржыландырудағы, товармен жабдықтаудағы және тағы басқалардағы партияның және үкіметтің бағытын бұрмалау бірқатар фактілерінің бар екендігі, халықтың негізгі бұқарасының контрреволюциялық элементтер байлармен бірге кетіп қалуларының басты себептерінің бірі болып табылатын ауыл орташаларына және кедейлерге қарым-қатынасы асыра сілтеулерге жол беру атап көрсетілсін» (Сонда. 56-п.).

Сондай-ақ мемлекеттік комиссияның осы қаулысында көптеген жазықсыз орташалардың бай болмаса да немесе Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай қастандық іс-әрекеттері орын алмаса да кеңсе органдарын сайлауға дауыс беру мүмкіндігінен айырылғандары әділетсіздік ретінде бағаланды. Бұл қателікті 1 қыркүйекке дейін түзету туралы жергілікті кеңес органдары мен партия ұйымдарына тапсырма берілді.

Айта кеткен жөн, Ұ.Құлымбетов басқарған комиссияның назарынан біздер жоғарыда әңгіме еткен және қазақ шаруаларын шамадан тыс туралатқан, ет, сүт және т.б. әртүрлі ауылшаруашылығы шикізаттарын даярлаудың орындалулары мүлде мүмкін емес, шамадан тыс ауыр жоспарлары да тыс қалған жоқ. Мәжілісте осының бәрін ескеріп, даярлаулар жоспарын қайта қарау керек деген шешім қабылданды.

Жергілікті жерлерде шолақ белсенділердің шаруалар шаруашылықтарын шамадан тыс ірілендіруге әуестігі де комиссия тарапынан тойтарыс алды. Ендігі жерде бір ауылдағы қожалықтар саны 300-ден аспауы керектігі атап көрсетілді (57-п.).

Адай даласында шаруалар қожалықтарына кәмпескелеуге ресми рұқсат жоқ бола тұрса да, жергілікті шолақ белсенділер 1370 бас малды, оның ішінде 1300 бас ұсақ және 70 бас ірі малды заңсыз кәмпескелеп жіберген еді. Мемлекеттік комиссия өзінің қаулысымен кезінде жазықсыз қамалып, ал енді түрмелерден босатылған адамдарға және Адай жеріндегі көтеріліске байланысты қателікпен көтерілісші ретінде айыпталған жазықсыз жандарға осы кәмпескеленген малдарды қайта таратып берді (50-54-іс, 58-п.).

Мемлекеттік комиссия тындырған жұмыстарды әңгіме еткенде оның келесі 19 тамызда өткен мәжілісіне назар аудармай кетуге де

болмайды. Мұнда аса маңызды мәселе – көтеріліс кезіндегі қақтығыстарда көтерілісшілер өлтіріп кеткен ауыл белсенділері жанұясына көмек көрсету мәселесі әңгіме болды. Мәжіліс протоколдарында бұл адамдардың есімдері де көрсетілген. Бұлар:

1. Айтбай Елмәмбетов, №12 ауыл, кеңес мүшесі, кедей.
2. Жалғаспай Есниязов, №8 ауыл, серіктік мүшесі, кедей.
3. Бейсен Шырдаев, №9 ауыл, кедей.
4. Қырымқұл Тоқышев, №4 ауыл, орташа.
5. Елмәмбетов (көтерілісшілер жаралап кеткен, жоғарыдағы қайтыс болғанның ағасы).

Бұлардың ішінде мемлекеттік комиссия қайтыс болған алғашқы үш кедейдің жанұясына 100 сомнан, ал одан кейінгі орташалар 50 және соңғы жарадарға 40 сомнан ақшалай көмек беру туралы шешім қабылдады. Сонымен бірге аудандық жабдықтау қоғамына, аудандық тұтыну одағына бұларға ай сайын 20 сом көлемінде өнеркәсіп товарларымен және жалпы қордан нанмен жабдықтау туралы тапсырмалар берді.

Аудандық атқару комитетіне, аудандық оқу бөліміне олардың балаларын мемлекеттік стипендиямен қамтамасыз ету міндеттелді. Ауаткомға қайтыс болғандар семьяларына көлемі 25 сомнан 35 сомға дейін айлық пенсиялар тағайындау жүктелді.

Сондай-ақ осы мәжілісте комиссия көтерілісшілермен қарулы қақтығыстар кезінде қайтыс болып кеткен қызыл армияшыларды есепке алу және бұл туралы олардың жанұяларына олар қайтыс болған және жерленген жерлерді көрсетіп, мәліметтер беру жұмыстарын жолға қою туралы да шешім қабылданды (66-п.).

Адай даласында жағдайды шиеленістіре түскен, Әзірбайжан ГПУ-інің бастығы Фринковскийдің әскери пароход «Атарбековті» және Бакуден келген жаяу әскерлерді кейін қайтару туралы жарлығы болды. Ұ.Құлымбетов Мәскеуге, ОГПУ-дің бастығы Ягодаға, Алматыға, ОГПУ-дің бастығы Даниловскийге, Бакудегі, ОГПУ-ге Фринковскийге жағдайдың аса ауырлығын және қауіптілігін барынша дәлелдеп бақты. Онда ол жау (көтерілісшілер – *Т.О.*) тылында әрекет жасап жүрген Рагозин бастаған жазалаушы атты әскерлердің негізгі күштерімен байланыс үзіліп қалғанын, сондықтан әскерлерді алып кету емес, керісінше, қосымша күштер келтіру қажеттілігін айтты (5054-іс, 16-п.).

Ұ.Құлымбетов көлігі жоқ, жаяу Баку отрядын даладағы ұрыстарға алып шығу үшін Рагозиннен екі жүк машинасын сұратып алды.

7700 шаруалар қожалықтарынан тұратын Маңғыстау ауданы 1931 жылы шілдеде шамамен мынандай топтарға бөлінді: халықтың 30 проценті бейбіт жағдайда еңбек етіп жатты, ал 60 проценті көтерілісшілермен бірге болды, сондай-ақ 10 проценттейі кімдердің жағына шығарларын білмей тоқырады. Сонымен қатар, бір-екі ауыл болмаса, Табын ауданындағы халық түгелдей дерлік көтерілісшілерге қосылды. Олармен бірге сондай-ақ Жылқосы ауданының 11 әкімшілік ауылдары (нөмірі 33-43 ауылдар) және Доссор ауданының екі ауылының кейбір азаматтары көтеріліп, қолға түскен нәрсемен қаруланып, көтерілісшілер қатарларын толықтырды. Үкіметтің күш қолдану саясатына бекем бел байлағанын, Адай даласына самсаған әскер түсіріп жатқанын көрген көтерілісшілер кәсіпшіліктерге, кәсіпкерлік ұяларына, дайындау пункттеріне әділетсіз өкімет ошақтары деп қарап, жиі-жиі оларды талқандауға, өртеп кетуге ашық көшті. Олар айдап кеткен қойлардың өзі ғана 20 мың бастан асып түсті. Ал енді жоғарыда шабуылға ұшыраған мемлекеттік мекемелер мен орындардың ақшамен есептегенде шеккен зияны миллион сомнан кем болмады. Көтерілісшілер әрекеттерінің қандай адуынды болғанын, төмендегі Маңғыстау ауданындағы ауыл шаруашылығы поселкалары мен серіктіктерінің және Райхлебживсоюздың мал базасының шеккен зиянын бейнелейтін кестеден де байқай аламыз:

№	Ауыл шар., посел., мен серіктіктері	Малдың түрлері					Көтерілісшілердің шабуыл жасаған күндері
		қой	ірі қара	ешкі	жылқы	түйе	
1.	Бозашы серіктігі	2113	–	1049	38	60	1-III. 14-IV. 3-V. 26-30-п.
2.	Қаракөл серіктігі	599	–	–	109	110	2-V-I. 10-VI.
3.	Ағашты серіктігі	574	10	430	36	7	14-V. 2-VI.
4.	Ақмыш серіктігі	33	–	26	2	1	2-V.
5.	Ауызбас серіктігі	999	11	–	29	17	19-VI.
6.	Маңғыстау серіктігі	41	–	–	29	13	2-VI.
7.	РХС мал базасы	8	–	11	271	46	25-VI-28 VII.

(5054-іс, 20-п.).

Жоғарыдағы мемлекеттік комиссия мәжілістерінде айтылғандай, өкімет адамдарымен қақтығыста қару жұмсау нәтижесінде кісі

өлімдері болып тұрды. Ауылдық кеңес мүшелерінің көпшілігі көтерілісшілерге қосылып кетті.

Дегенмен де, көтерілісті басу үшін экономикалық ынталандыру мүмкіндіктерін де пайдалануға әрекеттер жасалды. Жаңадан 5 факторий (кәсіпкерлік формасы – *Т.О.*) ашылды. Кедейлер қорын пайдалана отырып, өндіріс товарларымен, нанмен жабдықтайтын сауда орындарын ашуға да назар аударылды.

Елді мекендерге екі түрлі листовкалар – бірі партияда жоқ кедейлер мен колхозшылар конференциясы, ал екіншісі – мемлекеттік комиссия атынан таратылды. Оларда көтерілісшілерді бейбіт өмірге оралуға үгіттеу орын алып, мемлекетке шикізат пен мал өткізіп, ақысына өнеркәсіп товарларын – нанды, шайды, қантты алу ұсынылды.

Мемлекеттік комиссия тұтқынға алынғандардың арыздарын қараумен де айналысты. Тек, Ұ.Құлымбетовтың бір өзі ғана шілдеде 121 тұтқынның 35-імен әңгімелесіп, оларды босатты.

Мемлекеттік комиссия қарулы қақтығыстар кезінде адамдарынан айырылған жанұяларға көмек көрсету шараларымен қызу айналысып жатқанда, Рагозин басқарған ірі әскери күштер көтерілісшілерді біржолата талқандау операцияларын құлшына жүзеге асыруға кірісті. Оның бұйрығымен Форт-Александровскідегі, Оглода, Ханга аудандарындағы көтерілісшілерге қарсы 100 қылыштан тұратын атты әскерді бастап шықты. Деректерге қарасақ, радиостанция байланысы арқылы хабарласқан Оглода мен Рагозин көтерілісшілерді 110 қылыштан тұратын екі станокті және 3 қол пулеметімен қаруланған қазақ ұлттық полкі күштеріне айдап апарғанын байқаймыз. Сақылдаған пулеметтердің аузына андаусызда тап болған олар Қаратау асып жалтара қашты.

Ірбасан, Дәрмен-ата маңында Форт-Александровскіден оңтүстік-шығыста, 200 шақырымдай қашықтықта көтерілісшілер майда отрядтарға бөлініп кетті. Олардың Ақжанов пен Жұмабаев басқарған 200-дей ірі жасағы Александров-Гайды басып алуға ұмтылды. Бірақ онда қызыл әскерлер бар деген хабарды естіп, батпай, теңіз жағалауындағы 3 кеңес қызметкерін тұтқынға алып, қарсыласқан бір адамды атып өлтіріп, жолшыбай Саура кәсіпшілігіне шабуыл жасады. Барлау арқылы жалпы Маңғышлақ ауданында әртүрлі бағыттарда осындай ұрыстар жүргізіп жүрген жекелеген көтерілісшілер топтарын есептемегеннің өзінде, 600-800 адамдай топтасқан көтерілісшілердің қолы бар екендігі анықталды. Бұл олардың солтүстік қанаттағы күштерінің негізгі саны болатын. Ал енді кө-

терілісшілердің оңтүстік күштері Оразбай атты (фамилиясын анықтай алмадық) бұрын мемлекеттік комиссияға жол көрсетуші болған адамның басшылығымен 150 адамдық азғантай отрядтарға бөлініп алып, Қарабұғаз шығанағының оңтүстігіндегі кәсіпшіліктерді түгелдей өздеріне қаратты. Оразбайдың өзі басқаратын 100 адамдық негізгі отряд 30 шілдеде Сай құю құдығына (Босағадан оңтүстік-батыста 30 шақырымдай жерде) тоқтап, кейбір деректерге қарағанда, түрікпендермен бірігіп әрекет жасау туралы келіссөздер жүргізді. Сондай-ақ көтерілісшілердің шағын-шағын топтарының Бұрма, Ақкүз, Түгесу тәрізді жерлерде орналасқаны да анықталды. Дегенмен, деректерге қарасақ, ең негізгі күштер Қарабауырда болған тәрізді.

Ал Табын ауданындағы көтерілісшілердің ең үлкен шоғыры Сай өзенінен солтүстікке қарай 80 шақырым қашықтықта – Қайнарда 1500 көтерілісшінің басын біріктірген үлкен жасақ еді.

Оразбай бастаған оңтүстіктегі күштерді талқандауға ГПУ-дің 13 полкі және 68 дивизион күштері аттанды.

«Қалыптан безсең де, халықтан безбе», «Елмен көрген еленбес» деген қағидаларды ұстанған адайлар мен табындар жаппай көшіп, көтерілісші сарбаздарға ілесті. Маңғыстау өңірінде бұрынды-соңды болмаған жаппай дүрлігу, ерсілі-қарсылы мағынасыз да мәнсіз бо-сулар басталды.

14 тамызға қарай Рагозин бастаған қалың қол Қоңырат құдығы маңында Үстірттен шығыста дәл Түрікпен жерімен шеғарада Оразбай қолын қоршауға алды. Жан-жақтан сақылдаған пулемет оғы астында көтерілісшілер амал жоқ берілді. Сан мыңдаған (қырылғаннан қалған) көп жылқы және қолға түсті (504-іс, 18-19-п.).

Форт-Александровскіден шыққан қарулы күштер Қарабұғаздың оңтүстік-шығысында 60 шақырымдай қашықтықтағы Дейме құдығы ауданында тағы да бір мыңдай адамдық қазақтарды қоршап алды. Әскер бөлімдерінің көтерілісшілермен болған қантөгіс қақтығысы көтерілісшілердің 5 мыңдай қожалықтарының берілуімен аяқталды. Көтерілісшілердің үлкен отрядтары Барсақалмес батпағында ұсталды. 22 қыркүйекте Сенек құдығы маңында Ротермель бастаған моторлы-механикаландырылған 61, 68-отрядтар солтүстікке ұмтылған көтерілісшілермен қақтығысып, тағы да жеңіске жетті. Жалпы қыркүйек айындағы әскери қимылдардың нәтижесінде үкімет әскерлері көшіп бара жатқан 3500 қазақ қожалықтарын кейін қайтарып әкелді. Адай көтерілісін басу барысында төмендегідей көтерісшілер топтары талқандалды:

1) Басығарин бастаған көтерісшілер. Көтеріліс басшысы Қарақалпақстанға қашып кетті.

2) Шоланов тобы. Шолановтың өзі жазалаушылардың қолына түсті.

3) 400 адамнан тұратын Жұмабай Үсеновтің көтерілісшілері. Олар түгелдей талқандалып, 40-қа жуық адам өлтірілді. Жұмабай молда тұтқынға түсті.

4) Матай Салпықовтың көтерілісшілері. Олардан да 40-қа жуық адам өлтіріліп, көтеріліс басшысы Фортқа қамалған түрмеден қашып кетті.

5) Қали батырдың тобы. Олардан 60-қа жуығы өлтіріліп, батыр тұтқындалды.

6) Мырзағали Тыныбаевтың көтерісшілер тобы. Бұл топта 400 адамының біразы өлтіріліп, басшысы Босаға түбінде қайтыс болды. Көтерілісшілердің қалдығы Дауылбай Бимағанбетов бастаған топқа қосылды.

7) Дауылбай Бимағанбетовтың көтерілісшілер тобы. Бұлар Бұрма түбінде талқандалды.

8) Абай Бұсырмановтың 60 адамдық тобы. Олар жазалаушылармен ұрыс кезінде біржолата талқандалды.

9) Оразбай Жақұповтың 100 адамдық тобы. Олар шайқас барысында қолға түсіп, Оразбайдың өзі тұтқындалды.

10) Қалидың 200 адамнан тұратын тобы. Олар жазалаушылар талқандағаннан кейін Қалидың өзі Түркменияға кетті.

11) Ақшалақтың 50 адамдық тобы. Ол да көтерілісшілер талқандалған соң Түркменияға қоныс аударды.

18 қыркүйектегі 1931 жылғы ОГПУ-дің Маңғыстау ауданында көтерілістің талқандалуы туралы алдын ала жасалған қорытындылар бойынша көтерілісті ұйымдастырушы 750 адам тұтқындалды. Олардан 150 әртүрлі қару-жарақ тартылып алынды. Көтерілісшілерден қолға түскен малдың саны бірнеше мың басты құрайды¹.

Әскер бөлімдері қашқан қазақтарды Қарақалпақ жеріндегі Ташауызға дейін қуып барды. 2, 20 және 25 қыркүйектерде көтерілісшілерді жаппай қарусыздандыру нәтижесінде 114 шиті мылтық, 149 аңшы мылтығы, 7 револьвер, 11 суық, 2342 патрон алынды (113-п.).

Осы сандардың өздері-ақ көтерілісшілердің қандай жұпыны қаруланғандығын байқатады. 196 көтерілісші, олардың ішінде 26 кө-

¹ Адай көтерілісі. Восстание адайцев в 1931 году: Сборник документов. – Алматы: Нұрлы әлем, 2010. – 310-б.

теріліс басшылары фортта түрмеге қамалды. 128 тұтқын Гурьевке жөнелтілді. Басқа аудандардан қыркүйек айында тағы 97 адам тұтқындалды. 66 адамның тергеу ісі жедел түрде аяқталып, істері сотқа берілді.

Аман қалған көтерілісшілердің кейбір топтары Түрікпен жеріне, Қарақалпақ арқылы Орта Азия республикаларына өтіп кетіп, Ауғанстан, Иран асты. Осылайша сүттей ұйыған адай жері Голощекиннің зорлық саясатының нәтижесінде бұлттай ыдырап, тоз-тоз болды.

Қазақстандағы ұжымдастырудың ірі трагедияларының бірі – Адай көтерілісі туралы шағын әңгімемізді аяқтай келе, мынадай түйіндерімізді ортаға салғымыз келеді.

1. Адай даласы атанған көрші үш ауданды қамтыған бұл өлке 1928 жылғы байларды жаппай кәмпескелеу және жаппай ұжымдастырудан босатылған өлке болатын. Соған қарамастан, мұнда күштеу әдістері кеңінен қолданылды.

2. Адай көтерілісі – бір ғана рудың емес, осы Маңғыстау өңіріндегі барлық халықтың әділетсіздікке қарсы ұлттық наразылығы, сондықтан да оны бұрынғыдай «бандитизм» деп негізсіз бағалауды тоқтату керек. Осыған кедейлер мен батырақтар жаппай қатысқанын, орташалар бұл қозғалыстың қозғаушы күші болғанын ұмытуға қақымыз жоқ. Сипаты жағынан халықтық болған бұл көтерілісті ақтайтын уақыт жетті.

3. Сондықтан да Адай көтерілісі тарих оқиғаларына еніп, «ежелден бостандық аңсаған» қазақ халқының сталинизмнің қатыгездігіне қарсы ірі қарсылығы ретінде әділетті тарихи оқиға деп бағалануы тиіс. Осындай бағаны қайта құру «оятқан» халық та күтіп отыр.

4. Маңғыстау облыстық «Әділет» ерікті тарихи-ағарту қоғамы Гурьев қаласында жатқан осы көтеріліске байланысты тың архив материалдарын жарыққа шығарып, осы зобалаңға қатысқан әлі көзі тірі ақсақалдардан естеліктер жинап, тарихымызды қалпына келтіруге, арнайы беделді комиссия шығарып, осы көтерілісті ақтауға атсалысулары қажет-ақ. Аталар аруағы сонда бізге риза болар еді. Өлгенін қастерлемеген халық, тірісін бағаламайтынын ұмытпасақ.

Адай көтерілісі күшпен басылса да, ел арасы тыныштала қоймайды. Өйткені аузын арандай ашқан 1932 – 1933 жылдардың апатты ашаршылығы да көп кешікпей-ақ өзінің сиықсыз да жан түршіктірер сұрықсыз кейпін ашық көрсетті. Адай даласы аштықтың уысына түсіп, 30-жылдардың орталарына дейін Голощекин геноцидінен

оңала алмады. Төмендегі архив қорындағы іс-қағаздары арасынан өзіміз тапқан жедел хаттарды оқырман назарына осының дәлелі ретінде ұсындық (жылы көрсетілмеген, бірақ 1934 жыл деуге негізіміз бар):

*«Алматы, Өлкелік комитет Нұрпейісовке
Халкомкеңесі Исаевқа*

424

176 Оралдан, НКВД Басқарма, кезекшісі арқылы Өлкелік бригаданың мәлімдеуінше, астық түсімі жоқ болуына байланысты Маңғыстау ауданының алты ауылында жаппай босқындық орын алуда, халық қияқтың дәнімен тамақтануда, Өлкелік комитеттің жарлығымен қордан азық-түлік көмегін беру бірінші тамызда тоқтатылған. Қалдықты пайдалана алмаймыз. Жауапты жеделдетуді өтінеміз. Біздікі 483.

*2.VIII.523. Құрамысов, Кошкунов
Дұрыс:*

*Алматы Өлкелік комитеті Нұрпейісовке
Халкомкеңесі Исаевқа*

Оралдан, 20102 НКВД кезекшісі арқылы

Біздің 483 – 523 толықтыра хабарлаймыз: Маңғыстау ауданында құрғақшылыққа байланысты тоздардың егіндерінің (жерді бірігіп өңдеу серіктері – Т.О.) 40 проценті, жекешелердің – 86 проценті жойылып кетті. Қалғандардың өнімі төмен. Өнімінің жоқтығына байланысты босқындық қозғалыс күшейе түсуде. Мысалы, Бекешинский аймағының көп бөлігі аудан орталығына шоғырланып, үй-мүліктерін сатып, Қарабұға (Қарабұғаз – Т.О.) Байрамали, Түркмен, Махачкала бағытына көшуде, 14 тамызда пароходпен Махачкалаға 200 адам кетті. Мүмкіндіктің жоқтығынан округ, облыс көмек көрсете алмайды.

200 қожалық тас өңдеуде. Жалғасы болады – 5252.

Құрамысов, Кошкунов

*Дұрыс»
(141-к., 1-т., 7367-іс, 8-п.).*

*«Алматы, Өлкелік комитет Нұрпейісовке
Халкомкеңесі Құлымбетовке*

143 Гурьевтен, НКВД өкілі арқылы

Бізде бар мәліметтер бойынша, азық-түлік қиыншылығы негізінде Қарабұғазға, Байрамалиге, Түркіменияға, Махачкалаға ауа көшу-

лер түскені байқалады. 14 тамызда Махачкалаға кеткен пароходпен 200-ден астам босқын кетті, Бозашы аймағының 18-19 ауылдары жекелеген топтармен далада босып жүр. Босқындар фортта (Форт-Александровскіде – *Т.О.*) үй заттарын сатады да, осы тәртіппен мұнан ары шешпеу, босқындықты, одан туындайтын зардаптарды асқындыра түседі. Округте ешқандай қосымша жоқ, көмек берілмейді, біздің 9 тамыздағы сұранысымызға Сіздерден жауап алмадық, осы мәселені шешуді жеделдетуді өтінеміз.

451. *Ақботин, Айтмағамбетов*
Дұрыс» (9-п.).

425

Оқырман байқап отырған болар, жедел көмек тұрмақ, жедел жауап қайтаруға да Қазақстанның Өлкелік партия комитеті мен үкіметі асыға қоймады. Адай даласы ғана емес, Қазақстан әлі түгел аш, жалбарынып қолын жайып, көмек сұрайды.

Сталин мен Голощекин алғаш Адай даласын қарудың күшімен зорлап тұншықтырса, енді ол аз болғандай, малын тартып алып, өзін босқынға айналдырып, халықты аштықтың апанына итеріп тастады. Азын-аулақ жол қаражатын тапқан адайлар пароходқа жабысып Каспий арқылы Махачкала, Кавказ асты, тіпті мініске жарайтын көлігі барлар Түркіменияға бағыт алды. Ал түгі қалмаған сорлылар сары далада ит-құсқа жем болып, сүйегі шашылып қала берді.

Адай көтерілісін ұйымдастырушылар ретінде 1928 – 1930 жж. Әлниязұлы Тобанияз, Қабанұлы Назар, Тұрниязұлы Закария, Бектілеуұлы Нұрнияз, Жұбанұлы Талпақ тәрізді азаматтардың серіктері – барлығы 70 адам тұтқынға алынды. Ал 1929 ж. алғаш 42 кісі, онан соң 25 адам тағы да тұтқындалды. Алғашқы 42 адамның 22-сі ату жазасына кесілді. Бірен-саран аман қалғандар 30-жылдың соңындағы қуғын-сүргін кезінде «халық жауы» атанды¹. Барлығы көтеріліске қатынасқан 1715 кісі тұтқындалды. Олардың ішінде 802 адам қылмыстық кодекстің 58 және 59-шы баптары бойынша жауапқа тартылды. Бұлардың 79-ы Гурьев, Ақтөбе түрмелерінде қайтыс болған. 215 адам тұтқыннан босатылды. Ал 508 адамның ісі ПП ОГПУ-дің республикалық өкілдігіне жіберілді. 1931 жылғы 22 желтоқсандағы қаулы бойынша алғаш 135 көтерілісші, онан соң 5 сәуірде 1932 жылы 373 адам сотталды. Көтерілісшілердің белсенді қатысқан 15 басшысы, нақтырақ айтар болсақ, Боқымаш Шоланұлы, Қарамырза Ембердіұлы, Рахмет Бокмашұлы, Демеген Айтжанұлы,

¹ Сариев І., Омаров М. Ойрандалған Адай даласы. – Алматы, 1995. – 151-б.

Қоғабай Алдасүгірұлы, Өтебай Жанасұлы, Қойшығұл Жантілеуұлы, Әсір Нысанұлы, Қазақ Шиенұлы, Көбейсін Қуантырұлы, Жұмабай Үсенұлы, Лұқпан Сарқұлұлы ату жазасына кесілді. 10 жылға концентрациялық лагерьлерге 21 адам айдалды. Қазақстанның өз ішінде 5 жылға 19 адам, 3 жылға 11 адам және кейініректе тағы да 8 адам жер аударылды. 100 адам арнайы жер аудару жазасына кесілді. Міне, Адай көтерілісіндегі белсенділерге кесілген үкім осындай¹.

Адай даласындағы осы қасіретті қазір кешіре аламыз ба? Сталиндік колхоз құрылысының тек күнгей жағын іздеп үйренген, шағын ұлттың мүддесін алып интернационализм тасасынан көрмейтін, мэнгүрттене түскен кейбір аға ұрпақ өкілдері мұны әлдеқашан кешіріп, кезінде мадақтаған еді. Әйтпесе, бүгінде өткеннің тек жаманын ғана көресіндер деген айыптаулар да естілмес еді. Біз өзіміздің қайғы-қасіретімізді кезінде айта алмадық, оны жаңа ғана жарыққа шығара бастадық. Тәуелсіз еліміздегі жариялылық жағдайында ащы шындықты айтпасақ, біз оны ешқашан да біле алмаймыз. Осының нақты дәлелі әлі толық зерттелмеген, жас ұрпақ білмейтін, біз жоғарыда ішінара әңгімелеген, тарихы қан аралас көз жасымен жазылатын Адай көтерілісі.

¹ Сариев І., Омаров М. Ойрандалған Адай даласы. -137 б.

ҚОРЫТЫНДЫ

427

Біз бүгінгі күні тәуелсіздікке ие болған республикамыздың тарихындағы «ақтаңдақ» болып зерттелмей келген әрі «қаратаңдақ», яғни қан жұтып, қара жамылған қайғылы күндерімізді көз алдымызға қайта әкелетін кейбір халық наразылықтары мен көтерілістері туралы әңгімемізді аяқтадық. Өз тарапымыздан 1929 – 1931 жылдардағы осы дүрбелең оқиғалардың жалпы тарихи бейнесін көрсетуге, тарихи келбетін қаз-қалпында беруге күш салдық. Десек те, басқасын былай қойғанда, ең негізгі деген халық наразылықтарын түгел қамтып, толық айта алдық деуден аулақпыз. Өйткені бұл бір ғана кітаптың көлеміне сыятын және жүгі бола алатын мәселе емес. Оның үстіне біздің бұл зерттеулеріміз осы тарихи тақырыптардағы алғашқы қадамдар, алғашқы ізденістер ғана екенін де ұмытпайық. Бір нәрсе анық: кеңестік дәуірдегі тарих ғылымында «жауырды жаба тоқитын» дәстүрді бұзып, шындыққа бет бұрдық. Тұтасып жатқан мызғымас сең бұзылды. Яғни бұл тақырыпты зерттеуге жол ашылды.

Қалай десек те біз әңгімелеп отырған халық наразылықтары көлемді-ақ. Тек, 1930 жылғы ресми дерек бойынша ғана Қазақстанның сол кездегі 12 округтерінің және 1 облысының (Қарақалпақ авт. обл.) 7 округі мен 1 аймағында халық наразылықтары мен бас көтерулері болған екен (2953-іс, 3-п.). Ал енді Қазақстан ІІІ ОГПУ-нің осы мәселеге байланысты қорытынды мәліметтерді беретін кесте-құжатына тағы бір үңіліп қарасақ, халық наразылықтары мен көтерілістерінің осы жылдары кең ауқым алғанын тағы да байқай түсер едік:

Терактілер (террорлық актілер – *Т.О.*) және бұқаралық кеңеске қарсы бас көтерулер.

Жылдар	Әкімет өкілдеріне және кеңес, партия белсенділеріне қарсы терактілер	Бұқаралық бас көтерулер (банда бас көтерулерін және ауа көшулерді есептемегенде)	Колхоздар және совхоздар мүліктерін өртеу
1929	143	54	17
1930	139	241	42
1931	178	77	68
Қорытынды	460	372	127

(5192-іс, 2-п.).

Бір ескерте кетер жайт, кестедегі 1931 жылдың мәліметтері тек 1 желтоқсанға дейінгі кезенді ғана бейнелейді, ал кестедегі қорытынды сандарды есептеп шығарған біз өзіміз.

Иә, кестедегі екінші бағанадан көрініп тұрғанындай, үш жылға тарта уақытта Қазақстанда 372-ге тарта бұқаралық бас көтерулер болған. Осы санның өзі-ақ, күштеу мен зорлауға негізделген сталиндік режимнің халық тарапынан жаппай қарсылыққа кездескенін дәлелдесе керек. Бұл наразылықтар мен бас көтерулер әсіресе, 1930 жылы, яғни қазақ даласын ашаршылық апаты енді-енді жайлай бастаған кезде аса қаулап өсті. Халықтық наразылықтың осынау дүлей кескінінен қатты үрейленген Голощекин басқарған Қазақстан басшыларының наразылықтарды басу үшін Еділ бойынан жазалаушы әскери дивизия күштерін арнайы алдыратыны да, Қазақстандағы ірі қалаларда әскери күштер ұстау үшін Сталиннен рұқсат сұрайтыны да осы жыл.

Алапат ашаршылық қазақ даласына апандай аузын ашқан 1932 жылдың 9 қыркүйегінде өзінің Мәскеуге, БК(б)П Орталық Комитетіне жолдаған көлемді мәлімдеу хатында Голощекин мұны мойындай жазады.

Біздің есебіміз бойынша, тек баяндалған кейбір көтерілістер мен бас көтерулер кезіндегі қақтығыстарда халықты күшпен басып-жаныштау көзінде өлгендер саны орта есеппен 1000-нан асып түскен. Голощекин бұл туралы жоғарыдағы мәлімдемесінде Сталинге жұмған аузын ашпайды. Тек 1930 жылы наурыз айының ішінде жазған хатында ол Созақ көтерілісінде 400, ал Өскемен және Зырян көтерілістерінде 160 адамның өлгенін мәлім етті (2948-іс, 44-45-п.).

Голощекин мұны адам шығынын білмегендіктен емес, ол деректердің, түптеп келгенде, өзінің жеке басының қауіпсіздігіне зияны тиіп кете ме деген ойда болғаны мәлім. Голощекин халық наразылықтары мен бас көтерулері кезінде қанша адам құрбан болғанын, сондай-ақ 1930 – 1933 жылдардағы аштықта қазақ даласында қанша адамның шыбындай қырылғанын ішіне бүгіп кетті.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, өкімет адамдарына, кеңес, партия белсенділеріне қарсы халық үш жылдың ішінде неге 460 жаулық қастандық актілерін жасады? Осы жылдар ішінде неге 127 рет колхоздар мен совхоздар мүліктері өртелді? Бұл сұрақтарға тиісті жауап табу, әрине, оңай емес. Қалай десек те, ол мәліметтер дау туғызбауы тиіс деп ойлаймыз.

Зорлық-зомбылық пен қуғын-сүргін саясатына халықтық қарсылық шаруалар қожалықтарын күштеп ұжымдастырудың алғаш-

қы, 1929 жылында кеңінен орын алды. Голощекиннің 1930 жылы 2 қаңтарда Өлкелік партия комитетінің жабық бюро мәжілісінде Қарақалпақстандағы, Бостандық, Батпаққара аудандарындағы бас көтерулерге байланысты сөйлеген сөзінде де атап көрсеткені белгілі.

Біздің қолымызда адамдарды сотсыз, заңсыз атып тастау тәрізді қылмыстарды көрсететін ресми материалдар да бар. Бұлармен Голощекиннің кезінде таныс болғаны ақиқат. Дәлел ретінде сол деректің бірінен үзінді келтіре кетелік:

«В июле месяце 1931 года под руководством нач. Четского РО ПП ОГПУ Сычева без следствия и суда расстреляно 8 арестованных казахов. Кроме того, начиная с весны 1931 года, в Четском районе была произведена целая серия самочинных расстрелов. Главными инициаторами указанных выше расстрелов, кроме сотрудников органов ОГПУ, являлись районные совпартработники, как например: секретарь РК ВКП(б) Абжаленов Тойбек, зав. РО Госбанка – Бектасов Касым, зав. райФО Абдрахманов Кабылхан, зав. райЗУ – Айдаров Зияда, судья красной юрты – Тайбеков Омар и др. Все члены ВКП(б). Таким образом, за этот период было расстреляно около 30-40 человек. В процессе расследования установлены элементы сатанизма при расстрелах. Расстреливали из дробиков и малокалиберных винтовок, пили кровь арестованных и т. д.» (5208-іс, 58-п.).

Бұл жолдар басқа емес, Қазақстан ПП ОГПУ-нің өзінің кадрлар бөлімінің бастығы Авдаковтың 1932 жылы 17 қаңтарда қолы қойылған түпнұсқа құжатынан алынған.

Иә, осындай қаталдық халықты бас көтеруге мәжбүр етті. Әрине, көтерілісшілер ішінде байлар да, ұры-қарылар, басбұзар тентектер де болды. Мұндай саяси-әлеуметтік бетбұрыстар кезінде ел арасындағы әртүрлі азғын элементтердің де жанданатыны, белсенділік көрсететіні тарихтан белгілі.

Дегенмен де, жаппай наразылыққа шыққан халыққа голощекиншілдер құсап «бандиттер», «контрреволюционерлер» және «ұлтшылдар» деген үстірт бағалар беру нағыз әділетсіздік, тарихқа қиянат болар еді.

Біз әңгімелеген наразылықтар мен бас көтерулердің бастаушысы да, қозғаушы күші де қазақ шаруалары (орыс мұжықтарының Өскемен мен Зырян көтерілістерінен басқаларында), яғни халық.

Бұл қозғалыстар бұйрықшыл-әкімшіл сталинизм жүйесінің зорлық-зомбылығына, заңсыздықтарына қарсы бағытталған қазақтар-

дың ұлт-азаттығын, тәуелсіздігін, дінін, дәстүр-салтын қорғау, сақтап қалу үшін болған әділетті күрес.

Кезінде Алашорда ұлттық мемлекеттік бірлестігін құруға күні салған, күллі қазақ арқа тұтып табынған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Сәдуақасов тәрізді қазақ зиялыларының басшы, аға шоғыры бұл қозғалысқа ықпал жасап, қатыса алмады. 1925 жылдан бастап қуғын-сүргінге, жаппай жазалауға ұшыраған қазақ халқының жанашыр ұлдары бұл кезде саяси өмірден, туған халқынан зорлықпен амалсыз қол үзіп қалған болатын.

430

Тәуелсіз Қазақстан тарихының тағы бір бетпердесі осылай ашылды. Оған өзіңіз куәсіз, қадірлі оқырман!

ҚОСЫМШАЛАР

431

**– ҚАЗАҚСТАНДА 1928-29
ЖЫЛДАРЫ ТӘРКІЛЕНГЕН ІРІ БАЙ
ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ҚОЖАЛЫҚТАРЫ**

**– 1929-31 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ
КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ҚАЛАЙ
ЖАЗАЛАНҒАНЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША
МӘЛІМЕТТЕР**

ҚАЗАҚСТАНДА 1928-29 ЖЫЛДАРЫ ТӘРКІЛЕНГЕН ІРІ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ҚОЖАЛЫҚТАРЫ

Ақмола округі

432

1. Әбділдин Биенде – Асан қайғы ауданы
2. Әділбаев Ахмет – Асан қайғы ауданы
3. Айдабаев Ибния – Қорғалжын ауданы, №10 ауылы
4. Ақмағамбетов Кемел – Асан қайғы ауданы, №2 ауылы
5. Әлдиев Мақатай – Асан қайғы ауданы
6. Ахметов Қасым – Нұра ауданы, №2 ауылы
7. Бағысов Қажы – Қорғалжын ауданы, №9 ауылы
8. Байқов – Қорғалжын ауданы
9. Байменов Нығметжан – Ақмола ауданы, №10 ауылы
10. Баймурзин Ыдырыс – Атбасар ауданы, №2 ауылы
11. Бакенев Қасым – Атбасар ауданы
12. Бакенев Қасымжан – Атбасар ауданы
13. Бокин Мұхамет – Атбасар ауданы
14. Біретов Шәбден – Нұра ауданы, №4 ауылы
15. Уәйісов Шүленбай – Еркеншілік ауданы, №13 ауылы
16. Дәулетбеков Қазкей – Қорғалжын ауданы, №7 ауылы
17. Жайықбаев Бекетай – Қорғалжын ауданы
18. Доғадақов Ысқақ – Ақмола ауданы, №1 ауылы
19. Ерденбаев Құсайын – Асан қайғы ауданы, №5 ауылы
20. Жаймин Әбубәкір – Асан қайғы ауданы
21. Жүкеев Әбіл – Қарағанды ауданы
22. Исаев Бақтияр – Қарағанды ауданы
23. Қарпынбаев Смағұл – Ақмола ауданы, №10 ауылы
24. Қасқабаяев Хасен – Бағалы ауданы
25. Кеңесбаев Исламбек – Азат ауданы, №7 ауылы
26. Кеңесов Мұқан – Еркеншілік ауданы, №9 ауылы
27. Кеңебаев Әбулияс – Атбасар ауданы, №5 ауылы
28. Кеңеғарин Мұса – Қорғалжын ауданы, №5 ауылы
29. Көпенов Мұхтар – Қорғалжын ауданы
30. Қапабаев Рахымжан – Атбасар ауданы, №11 ауылы
31. Көрпебаев Смағұл – Атбасар ауданы
32. Қуандықов Қазтай – Азат ауданы, №1 ауылы

33. Қонақов Жакей – Асан қайғы ауданы, №7 ауылы
34. Құндақов Қазтай – Асан қайғы ауданы
35. Құрақбаев Жақсыбала – Асан қайғы ауданы, №3 ауылы
36. Құрғанбаев Тілепбек – Асан қайғы ауданы
37. Қуандықов Мұқажан – Асан қайғы ауданы
38. Малгелдин Жалбай – Еркеншілік ауданы
39. Мұстафин Дәулетбек – Асан қайғы ауданы, №2 ауылы
40. Нұралин Алжабай – Еркеншілік ауданы, №7 ауылы
41. Нұрекин Барамбай – Еркеншілік ауданы, №4 ауылы
42. Нұралин Барлыбай – Еркеншілік ауданы, №7 ауылы
43. Нұрин Ташмуғамбет – Ақмола ауданы, №4 ауылы
44. Нұрышев Әли – Қарағанды ауданы
45. Оразбаев Мұрзахмет – Ақмола ауданы, №2 ауылы
46. Сәдуақасов Айтмағамбет – Асан қайғы ауданы, №2 ауылы
47. Смағұлов Қарпықбай – Асан қайғы ауданы
48. Сүйінішов Бүркіт – Қорғалжын ауданы, №9 ауылы
49. Тілеубеков Бекімбет – Қарағанды ауданы
50. Уәйісов Гүленбай – Еркеншілік ауданы
51. Өтебаев Байдалы – Атбасар ауданы
52. Шоқаев Ідіріс – Атбасар ауданы
53. Шорманов Зинда – Атбасар ауданы
54. Шүленбаев Құсайын – Ақмола ауданы, №4 ауылы

Сырдария округі

1. Абаков Дәрбек – Созақ ауданы
2. Әбдукәрімов Тұрлыбек – Қараспан ауданы
3. Әділбеков Бадалбай – Мерке ауданы, №3 ауылы
4. Әділбеков Қарабай – Мерке ауданы, №3 ауылы
5. Әділбеков Құрманбек – Шаян ауданы
6. Айтбаев Күлшаш – Шаян ауданы
7. Алданбаев Балғабай – Шаян ауданы, №20 ауылы
8. Алтыбеков Нарымбек – Бадам ауданы, №3 ауылы
9. Әлиев Шорпат – Бадам ауданы
10. Әлімбеков Нарылбек – Бадам ауданы
11. Алпақов Байырбек – Созақ ауданы, №10 ауылы
12. Аралбаев Жантөре – Жаңа-Қорған ауданы, №10 ауылы
13. Арғынбаев Каку – Сарысу ауданы

14. Арғынбаев Өксібай – Сарысу ауданы
15. Арымбаев Өксімбай – Сарысу ауданы
16. Асанов Рахманқұл – Қызыл-Құм ауданы, №16 ауылы
17. Асылбеков Бекболат – Қызыл-Құм ауданы
18. Ақылбеков Байлар – Қараспан ауданы
19. Ахметов Мақсұт – Қаратас ауданы, №28 ауылы
20. Бабашев Дербесбек – Жаңа-Қорған ауданы
21. Бабилов Итаяқ – Қараспан ауданы
22. Базылбеков Стамғұл – Түркістан ауданы
23. Байғұбеков Байқоңыр – Қызыл-Құм ауданы, №16 ауылы
24. Байларов Тәттібек – Қызыл-Құм ауданы
25. Байсеитов Баел – Мерке ауданы
26. Бақтенов Ұстанбек – Мерке ауданы
27. Балапанов Баймұхамед – Қызыл-Құм ауданы
28. Балғабаев Бисембай – Шаян ауданы
29. Балпықов Салатбек – Бадам ауданы, №14 ауылы
30. Батырбеков Қозыбағар – Қызыл-Құм ауданы
31. Батырбеков Ордабек – Бадам ауданы
32. Бегімбетов Мамбетәлі – Келес ауданы
33. Бегманов Босымбек – Қызыл-Құм ауданы, №16 ауылы
34. Бейсеитов Баел – Әулиеата ауданы, №11 ауылы
35. Бекболатов Асылбек – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
36. Бектұрғанов Абдрахман – Келес ауданы
37. Бидашев Бексұлтан – Жаңа-Қорған ауданы
38. Бидашев Нұржігіт – Жаңа-Қорған ауданы
39. Бидашев Седәлі – Жаңа-Қорған ауданы
40. Байназаров Егінберді – Түркістан ауданы, №7 ауылы
41. Ғаипов Әли – Шаян ауданы
42. Генезбаев Неметқазы – Шаян ауданы
43. Дәубаев Ысқақ – Қараспан ауданы
44. Дауылбаев Исак – Қараспан ауданы
45. Дәуренбеков Ералыхан – Қаратас ауданы
46. Жанбеков Түлебек – Сарысу ауданы, №1 ауылы
47. Жандыбеков Ақай – Қызыл-Құм ауданы
48. Жарасов Әмірқұл – Талас ауданы, №23 ауылы
49. Жарасов Өшен – Талас ауданы, №23 ауылы
50. Жексембаев Қайсарбай – Талас ауданы
51. Досмұрзаев Емешек – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
52. Егізбаев Наметқазы – Мерке ауданы, №26 ауылы

53. Есмұрзаев Емешек – Қызыл-Құм ауданы
54. Жаманқараев Төрегүл – Жаңа-Қорған ауданы
55. Жанкөбеков Ақай – Қызыл-Құм ауданы
56. Жәнібеков Төглібек – Сарысу ауданы
57. Жексенбаев Қайсарбай – Мерке ауданы
58. Жербаев Сарыбек – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
59. Жиенбаев Қасымжан – Қызыл-Тас ауданы
60. Зәуірбеков Тұрғынбек – Әулиеата ауданы
61. Ибрагимов Сейітжапар Мерке ауданы
62. Егембердиев Жапар – Қызыл-Құм ауданы, №19 ауылы
63. Егізбаев Дәулетқазы – Мерке ауданы
64. Изеев Бидалы – Жаңа-Қорған ауданы
65. Ықыласов Жүсіп – Сарысу ауданы, №4 ауылы
66. Ырысымбетов Жиенбай – Бадам ауданы, №13 ауылы
67. Ысамбеков Мұсабай – Қызыл-Құм ауданы, №1 ауылы
68. Исаев Жанәділ – Созақ ауданы
69. Исламов Мамарбек – Созақ ауданы
70. Итаяқов Әбдіқадар – Қараспан ауданы
71. Итаяқов Құсанбет – Қараспан ауданы
72. Қазымбаев Молдахалық – Мерке ауданы
73. Каипов Әли мен Шарафата – Шаян ауданы
74. Қайланов Бекауыш – Қызыл-Құм ауданы, №19 ауылы
75. Қалабаев Дербес – Әулиеата ауданы, №7 ауылы
76. Қалыбаев Әлім – Қызыл-Құм ауданы, №17 ауылы
77. Қамытбеков Ибрагим – Бадам ауданы
78. Қаңлақов Қаушен – Қызыл-Құм ауданы
79. Кенгезов Ақберден – Сарысу ауданы
80. Кенжебаев Шыналы – Қараспан ауданы
81. Кененбаев Қожан – Ержар ауданы, №14 ауылы
82. Кенжебаев Қаныбек – Қараспан ауданы
83. Қожантаев Әуілбек – Сарысу ауданы
84. Қожантаев Имамбек – Сарысу ауданы
85. Көкталов Көкбай – Мерке ауданы, №1 ауылы
86. Көкталов Елубай – Мерке ауданы
87. Қонысбаев Беғазы – Мерке ауданы
88. Қонысбаев Егізбай – Мерке ауданы
89. Қонысбаев Нұрғазы – Мерке ауданы, №26 ауылы
90. Қонысбаев Сегізбай – Мерке ауданы
91. Кубеев Құрбан – Қызыл-Құм ауданы

92. Күзбеков Темірбек – Мерке ауданы
93. Күзембаев Ережеп – Бадам ауданы
94. Құнанов Әліп – Сарысу ауданы
95. Құлебеков Тілепберді – Түркістан ауданы, №4 ауылы
96. Қонысбеков Қадырбек – Мерке ауданы
97. Құсбақов Темірбек – Мерке ауданы
98. Мадеров Шалпенкүл – Мерке ауданы
99. Майжапов Артықбай – Шаян ауданы
100. Маймақов Бошай – Әулиеата ауданы
101. Манабаев Байқожа – Түркістан ауданы
102. Медеров Бектен – Мерке ауданы
103. Медеров Нысамбай – Мерке ауданы
104. Медеров Сұлтанқұл – Мерке ауданы
105. Москаленко – Қарсақпай ауданы, №10 ауылы
106. Мұратов Байгекбек – Бадам ауданы
107. Мұстабаев Қамбар – Шаян ауданы
108. Мұстафин Басия – Әулиеата ауданы, №11 ауылы
109. Науышбаев Ахмет – Қаратас ауданы
110. Ниязбеков Зайытбек – Бадам ауданы
111. Нұрақаев Ибрагим – Бадам ауданы, №15 ауылы
112. Нұрбаев Бәйгекбек – Бадам ауданы
113. Одарбеков Нашымбек – Шаян ауданы
114. Омаров Абдрахман – Түркістан ауданы, №7 ауылы
115. Омаров Өжібай – Түркістан ауданы, №7 ауылы
116. Оспанов Көкебай – Созақ ауданы
117. Өтешиев Сыздық – Сарысу ауданы
118. Назылбеков Исламқұл – Түркістан ауданы
119. Рахманқұлов – Қызыл-Құм ауданы
120. Рысбаев Абдыбай – Мерке ауданы
121. Рысбеков Омар – Қызыл-Құм ауданы
122. Рысқалдиев Абдухалық – Қызыл-Құм ауданы
123. Саржанов Айсек – Қызыл-Құм ауданы
124. Сарманов Исак – Бадам ауданы
125. Сәрсенбиев Жылысбай – Мерке ауданы
126. Сәрсенбеков Айтуған – Шаян ауданы
127. Серғазиев Абылқас – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
128. Серғазиев Зертай – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
129. Серғазиев Мырзабай – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
130. Сегізбаев Абдраим – Түркістан ауданы

131. Сұлтанбеков Бұралқы – Әулиеата ауданы
132. Тақжаров Қоштай – Қызыл-Құм ауданы
133. Талқынбаев Әліп – Жаңа-Қорған ауданы
134. Тасболатов Байсеит – Бадам ауданы
135. Тәукебаев Мақұлбек – Түркістан ауданы
136. Темірбергенов Абдулхамид – Түркістан ауданы
137. Тіленшиев Дүйсенбай – Созақ ауданы
138. Тілеуов Білісбек – Шаян ауданы
139. Тілеуов Ерiмбет – Созақ ауданы
140. Тоқынбаев Әліб – Жаңа-Қорған ауданы, №11ауылы
141. Тұрсынбеков Жалабек – Жаңа-Қорған ауданы
142. Ұманбеков Әлім – Қызыл-Құм ауданы
143. Омарбеков Абдрахман – Қызыл-Құм ауданы
144. Омаров Тағай – Түркістан ауданы
145. Өсербаев Әлемқұл – Қызыл-Құм ауданы, №9 ауылы
146. Өсербаев Мәмбет – Қызыл-Құм ауданы
147. Өсербаев Садыбек – Қызыл-Құм ауданы
148. Өтеалиев Жарас – Талас ауданы
149. Шынасылов Шанабек – Шаян ауданы
150. Шоқетеров Байбата – Қызыл-Құм ауданы
151. Шолпанқұлов Мақай – Мерке ауданы
152. Шәріпбеков Жорабек – Түлкібас ауданы

Ақтөбе округі

1. Ақышев Исатай – Шалқар ауданы, №3 ауылы
2. Алданазаров Нұрмағанбет – Ақтөбе ауданы, №17 ауылы
3. Әлімбетов Шамет – Шалқар ауданы, №8 ауылы
4. Аманов Жантөре – Темір ауданы, №41 ауылы
5. Анитбаев Мұхамеджан – Атбасар ауданы
6. Аркетбаев Бұрқан – Шалқар ауданы
7. Арынов Смағұл – Шалқар ауданы
8. Аяқшев Исатай – Шалқар ауданы
9. Бажанов Кенжеғары – Шалқар ауданы
10. Бажебаев Күзембай – Темір ауданы, №25 ауылы
11. Баишев Хайрулла – Шыңғырлау ауданы
12. Бауғабылов Амра – Бірғыз ауданы, №2 ауылы
13. Байғазиев Жұмағали – Шалқар ауданы

14. Батақов Сағиден – Шалқар ауданы
15. Байқадамов Қабақ – Хобда ауданы
16. Бакидин Бұрған – Шыңғырлау ауданы
17. Батақов Мұхамедияр – Шалқар ауданы
18. Баюзаков Амраша – Ырғыз ауданы
19. Баюзаков Қабылбай – Ырғыз ауданы, №12 ауылы
20. Баюзаков Қаржыбай – Ырғыз ауданы, №12 ауылы
21. Баяндиев Бұран – Шыңғырлау ауданы
22. Бекбасов Рысқұл – Шалқар ауданы
23. Бекмұхамедов Ғани – Мұғаджар ауданы, №20 ауылы
24. Бірімжанов Мінаш – Шалқар ауданы
25. Бижанов Көжебай – Ырғыз ауданы, №11 ауылы
26. Бималиев Артықбай – Шалқар ауданы, №8 ауылы
27. Бималиев Өтеміс – Шалқар ауданы, №8 ауылы
28. Биминалин Құлекен – Шалқар ауданы
29. Бисалиев Қали – Шалқар ауданы
30. Бисалиев Қапыгерей – Шалқар ауданы
31. Бисалиев Қодарбай – Шалқар ауданы
32. Бөкен Мұхамет – Шалқар ауданы
33. Босбатыров Құлынтай – Қарабұтақ ауданы
34. Дәулетов Жұмағали – Елек ауданы, №2 ауылы
35. Данияров Қазі – Мұғаджар ауданы
36. Дәубаев Мамыт – Қарабұтақ ауданы
37. Дәуітов Дәулет – Елек ауданы, №5 ауылы
38. Жәнібеков Әзима – Темір ауданы, №45 ауылы
39. Жасанғанбергенов Кенжебай – Шалқар ауданы
40. Жұмағалиев Қаби – Шалқар ауданы
41. Достанов Бисалы – Шалқар ауданы
42. Ердәулетов Ахметқали – Ақтөбе ауданы, №15 ауылы
43. Жаиков Қабаш – Мұғаджар ауданы, №21 ауылы
44. Жангереев Қазы – Мұғаджар ауданы
45. Жангереев Мақыш – Мұғаджар ауданы, №16 ауылы
46. Жәнібеков Әзім – Темір ауданы
47. Жасағанбергенов Баймен – Шалқар ауданы, №1 ауылы
48. Жеисов Иса – Шалқар ауданы
49. Жұбаев Қали – Ақтөбе ауданы, №1 ауылы
50. Жұманшин Құдайберген – Шалқар ауданы
51. Жұмашев Молдабек – Баянауыл ауданы
52. Жұмин Үсенбай – Ақтөбе ауданы, №18 ауылы

53. Жүргенов Қара – Ырғыз ауданы, №27 ауылы
54. Еділбаев К. – Шалқар ауданы
55. Избасаров Сағындық – Шалқар ауданы
56. Ержанов Құлмағанбет – Шалқар ауданы
57. Ермұхамедов Нұрым – Ақтөбе ауданы, №10 ауылы
58. Ернесұмов Рысалы – Қарабұтақ ауданы
59. Есенбаев Жұмин – Ақтөбе ауданы
60. Етқарин Рысмағанбет – Қарабұтақ ауданы, №12 ауылы
61. Қалменов Алпысбай – Темір ауданы
62. Қалменов Алжа – Темір ауданы
63. Қанкөжеков Бисенәлі – Қарабұтақ ауданы
64. Кенебаев Баймен – Ырғыз ауданы
65. Кенжеғарин Мырзалы – Шалқар ауданы
66. Кенжебаев Бекжан – Шалқар ауданы
67. Кенжетаев Мұхамедияр – Темір ауданы
68. Қызылбасов Баймен – Шалқар ауданы
69. Қызылбасов Томпақ – Шалқар ауданы
70. Кесекөв Ұлжай – Қарабұтақ ауданы, №7 ауылы
71. Қонатбаев Дәуіт – Қарабұтақ ауданы
72. Құдайқұлов Бүрімбай – Хобда ауданы
73. Құлжанов Қадыр – Шалқар ауданы
74. Күлшанов Әбіл – Ырғыз ауданы
75. Құранбаева Қазима – Шалқар ауданы
76. Медетов Жамиля – Шалқар ауданы
77. Мамбетов Қази – Хобда ауданы
78. Мінашев Абдуғалып – Шалқар ауданы
79. Молдин Құдайберген – Шалқар ауданы
80. Мұхтаров Нағым – Шалқар ауданы
81. Мыңжасаров Жұмаш – Шалқар ауданы
82. Мыңжасаров Рысқұл – Шалқар ауданы
83. Мясцев Сафа – Ақтөбе ауданы, №1 ауылы
84. Намазбаев Әділ – Темір ауданы
85. Нұғманов Қалам – Шыңғырлау ауданы
86. Нұрбаев Закир – Шалқар ауданы
87. Ордин Тақи – Шалқар ауданы
88. Оспанов Қабыл – Шалқар ауданы
89. Палуанов Қадырберген – Қарабұтақ ауданы, №7 ауылы
90. Ырсанов Үркісім – Қарабұтақ ауданы
91. Рысмағанбетов Итқар – Қарабұтақ ауданы

92. Сәтпаев Ержан – Ырғыз ауданы, №21 ауылы
93. Сүлейменов Алшағар – Шалқар ауданы
94. Сүлейменов Кәрім – Ақтөбе ауданы, №5 ауылы
95. Тілеубаев Мәмбетәлі – Мұғаджар ауданы
96. Токтығұлов Қалет – Шалқар ауданы
97. Тотанов Аянас – Шалқар ауданы
98. Тұлбаев Жалдысбай – Хобда ауданы
99. Орманов Орзалы – Шалқар ауданы
100. Шымбергенов Кенже – Шалқар ауданы
101. Шабеков Арен – Мұғаджар ауданы, №23 ауылы
102. Шаиков Қабыш – Мұғаджар ауданы
103. Отарбеков Абен – Шалқар ауданы
104. Шалқошқаров Байқожа – Шалқар ауданы
105. Шалтаев Отарбек – Шалқар ауданы
106. Шиесов Иса – Шалқар ауданы
107. Шошин Қоянбай – Темір ауданы
108. Шошин Намазбай – Темір ауданы, №34 ауылы
109. Шүлейменов Өтералы – Шалқар ауданы
110. Шуманчин Құдайберген – Шалқар ауданы

Павлодар округі

1. Абдрахманов Құсайын – Омск қаласы
2. Абылғазин Ідіріс – Павлодар ауданы, №1 ауылы
3. Акилов Рысбек – Павлодар ауданы
4. Алиев Нұрықтан – Тереңкөл ауданы, №6 ауылы
5. Баштаев Абжүсіп – Тереңкөл ауданы
6. Баштаев Бакыр – Тереңкөл ауданы
7. Бейсенов Сұлтан – Тереңкөл ауданы, №10 ауылы
8. Бердалин Қабыш – Павлодар ауданы, №5 ауылы
9. Биекенова Ақжүніс – Баянауыл ауданы
10. Бақытов Гүлиден – Баянауыл ауданы
11. Бақытов Нұриден – Тереңкөл ауданы, №10 ауылы
12. Жанболатов Ибрагим – Павлодар ауданы, №1 ауылы
13. Жанболатов Ысқақ – Павлодар ауданы, Ақсу вол.
14. Жұмашев Жұмабек – Баянауыл ауданы, Қумақ-Қарағай бол.
15. Жұмашев Молдабек – Баянауыл ауданы, Қумақ-Қарағай бол.
16. Досқұлов Абу – Баянауыл ауданы, Қумақ-Қарағай бол.

17. Есімов Жолат – Тереккөл ауданы, №1 ауылы
18. Жанқарин Құсайын – Тереккөл ауданы
19. Ідірісов Әбілғазы – Павлодар ауданы, №4 ауылы
20. Құсайынов Ислам – Тереккөл ауданы, №1 ауылы
21. Мамыров Бейсен – Тереккөл ауданы, №10 ауылы
22. Мұсылманқұлов Салтыкен – Баянауыл ауданы, №3 ауылы
23. Ноғарбеков Амре – Баянауыл ауданы, №3 ауылы
24. Райсов Афим – Павлодар ауданы, №2 ауылы
25. Сапақов Әбілқас – Павлодар ауданы, №3 ауылы
26. Тоқтағұлов Баймырза – Павлодар ауданы, №4 ауылы
27. Тоқтығұлов Шәріп – Павлодар ауданы, №4 ауылы
28. Тұяқов Әли – Тереккөл ауданы, №6 ауылы
29. Ұзақбаев Нұртаза – Павлодар ауданы, №1 ауылы
30. Оразалин Ідіріс – Павлодар ауданы, №1 ауылы
31. Өскенбаев Нұрмағанбет – Тереккөл ауданы, №1 ауылы
32. Хамитов Шиш – Баянауыл ауданы, №1 ауылы
33. Шорманов Зинда – Исаұлы Баянауыл ауданы
34. Шарманов Жамиля – Баянауыл ауданы
35. Шарманов Кәрім Зындинұлы – Баянауыл ауданы, №1 ауылы
36. Шарманов Нүкіш – Баянауыл ауданы
37. Шәукенов Ғабдулла – Павлодар ауданы, №9 ауылы
38. Шокин Сапа – Павлодар ауданы

Қостанай округі

1. Алдияров Бұрмұхамед – Қарабалық ауданы
2. Алдияров Әбубәкір – Қарабалық ауданы
3. Алтынсарин Қасым – Торғай ауданы
4. Байбеисов Мұқан – Жетіқара ауданы
5. Баймағанбетов Нүке – Меңдіқара ауданы
6. Баймышев Алик – Меңдіқара ауданы
7. Байтишев Байқоныс – Жетіқара ауданы
8. Барқанбаев Сеіл – Жетіқара ауданы
9. Баядов Жандыр – Аман-Қарағай ауданы
10. Ғабдуллин Бейсенбай – Аман-Қарағай ауданы
11. Далдияров Қожабай – Меңдіқара ауданы
12. Дарменов Тоқаш – Меңдіқара ауданы
13. Байрәнбеков Жакып – Торғай ауданы, №4 ауылы

14. Жайлыбаев Қарық – Торғай ауданы
15. Жайлыбаев Садық – Торғай ауданы
16. Жалмұхамедов Күсейін – Обаған ауданы
17. Жарболов Нұртаз – Обаған ауданы
18. Жексібаев Берікбай – Жетіқара ауданы, №15 ауылы
19. Досов Омар – Жетіқара ауданы
20. Жадырин Хасен – Қарабалық ауданы, №14 ауылы
21. Жайлыбаев Қаралақ – Наурызым ауданы
22. Жиенбаев Қармақан – Наурызым ауданы
23. Зейнуллин Қорғанбай – Жетіқара ауданы, №11 ауылы
24. Иманқұлов Тайшық – Обаған ауданы, №7 ауылы
25. Исабаев Қубек – Меңдіқара ауданы, №3 ауылы
26. Исмаилов Мұхамеджан – Батбақара ауданы, №2 ауылы
27. Исмаилов Омар – Жетіқара ауданы, №8 ауылы
28. Италмасов Жалмұхамед – Обаған ауданы
29. Итекеев Асип – Жетіқара ауданы, №11 ауылы
30. Қабыбеков Көтібар – Торғай ауданы
31. Қаралдин Байқадам – Торғай ауданы
32. Қараулов Жақсылық – Торғай ауданы, №15 ауылы
33. Қасқырбаев Күлбай – Қайыңды-құм ауданы, №12 ауылы
34. Қатыбаров Рахмет – Аман-Қарағай ауданы, №14 ауылы
35. Кашенов Нұрғожа – Меңдіқара ауданы, №5 ауылы
36. Көжебаев Бермұхамед – Батбаққара ауданы, №14 ауылы
37. Көшпенев Набыш – Меңдіқара ауданы, №1 ауылы
38. Көшпенев Рақыш – Меңдіқара ауданы
39. Қыстаумұратов Абдрахман – Жетіқара ауданы
40. Құлбаев Айтжан – Қайыңды-Құм ауданы, №12 ауылы
41. Құлбаев Байжан – Қайыңды-Құм ауданы, №12 ауылы
42. Құлбаев Ідіріс – Қайыңды-Құм ауданы, №12 ауылы
43. Құлбаев Ертай – Қайыңды-Құм ауданы, №12 ауылы
44. Құлбаев Тайжан – Қайыңды-Құм ауданы, №12 ауылы
45. Құндыбаев Сейітжан – Жетіқара ауданы, №18 ауылы
46. Көшмұрзин Оспан – Наурызым ауданы, №12 ауылы
47. Мағамбетов Қали – Аман-Қарағай ауданы
48. Маденов Бикет – Қызыл-Құм ауданы
49. Майоров Есенке – Қарабалық ауданы
50. Менайдаров Сейіт – Жетіқара ауданы, №5 ауылы
51. Мантаев Нұрпейіс – Меңдіқара ауданы, №2 ауылы
52. Мырзабеков Сансызбай – Жетіқара ауданы, №3 ауылы

53. Мьякишев Исмағамбет – Обаған ауданы, №7 ауылы
54. Найзабеков Ахмет – Обаған ауданы, №7 ауылы
55. Найзабеков Исмаил – Обаған ауданы
56. Наурыззов Ідіріс – Обаған ауданы, №2 ауылы
57. Наурыззов Биляд – Обаған ауданы, №2 ауылы
58. Нұржанов Жареке – Қайыңды-Құм ауданы, №12 ауылы
59. Оспанов Сейдахмет – Батпаққара ауданы, №15 ауылы
60. Раисов Шаяхмет – Торғай ауданы, №8 ауылы
61. Ырсаев Садық – Жетіқара ауданы, №2 ауылы
62. Сайдыбаев Мынайдар – Обаған ауданы
63. Санашев Бекарыстан – Жетіқара ауданы
64. Сәрсенбаев Ерхан – Жетіқара ауданы
65. Сауытбаев Ысқақ – Аман-Қарағай ауданы, №12 ауылы
66. Серікбаев Ғабдулла – Аман-Қарағай ауданы
67. Серікбаев Құрманғали – Жетіқара ауданы
68. Тажиев Құнафия – Жетіқара ауданы
69. Ташенов Қанафия – Қайыңды-Құм ауданы, №9 ауылы
70. Ташенов Оразбай – Меңдіқара ауданы, №5 ауылы
71. Төлебаев Мәмбетәли – Мағажан ауданы, №2 ауылы
72. Тілеуов Қайшыбай – Батпаққара ауданы, №7 ауылы
73. Тойжанов Нұрпейіс – Батпаққара ауданы
74. Өзбеков Мырзамет – Наурызым ауданы, №5 ауылы
75. Өзбеков Сұлтан – Наурызым ауданы, №5 ауылы
76. Оразалин Мұқан – Наурызым ауданы, №5 ауылы
77. Оразалин Омар – Наурызым ауданы, №5 ауылы
78. Фарызов Қақымжан – Аман-Қарағай ауданы, №15 ауылы
79. Хасеновс. Елизаветинка
80. Шушаков Бексұлтан – Обаған ауданы, №14 ауылы
81. Яманшалов Сейітқали – Қарабалық ауданы
82. Яманшалов Юсуп – Қарабалық ауданы, №7 ауылы

Семей округі

1. Әділов Ике – Шыңғыстау ауданы
2. Айтмұхаметова Құрбану – Шыңғыстау ауданы
3. Аққозин Ақылбай – Шыңғыстау ауданы
4. Ақмағамбетова Ақкенже – Шыңғыстау ауданы, №4 ауылы
5. Ақынбаев Асқарбай – Шыңғыстау ауданы

6. Алин Жантен – Бесқарағай ауданы, №3 ауылы
7. Амзин Смағұл – Шыңғыстау ауданы
8. Асаұқатов Омар – Шыңғыстау ауданы
9. Асубаев Мұхамеділ – Көршім ауданы
10. Баженов Темірхан – Қызылтаң ауданы
11. Базаров Тауфик – Шыңғыстау ауданы, №2 ауылы
12. Байқанов Сүйген – Көршім ауданы
13. Байкенов Ақша – Көршім ауданы
14. Балғабаев Ералы – Қызылтау ауданы, №5 ауылы
15. Бекембаев Амре – Ұлан ауданы
16. Богусов Құсайын – Тарбағатай ауданы
17. Богусов Әділбек – Торғай ауданы, Б-Зайсан болысы
18. Бугусов Атабай – Торғай ауданы, Б-Зайсан болысы
19. Бугусов Құсателі – Торғай ауданы, Б-Зайсан болысы
20. Бугусов Нұреке – Торғай ауданы, Б-Зайсан болысы
21. Бурабаев Ғайша – Зайсан ауданы
22. Бұрақанов Садық – Шыңғыстау ауданы
23. Бұрханов Әлімжанов Қамалы – Шыңғыстау ауданы
24. Дәнұзақов Сүйсін – Шыңғыстау ауданы
25. Данияров Мамыр – Көршім ауданы
26. Жақыпов Қапен – Шыңғыстау ауданы
27. Жылымбаев Қасымжан – Шыңғыстау ауданы
28. Жамансартов Рахия – Тарбағатай ауданы
29. Жанұзақов Сейілхан – Тарбағатай ауданы
30. Доғадақов Мергенбай – Қызылтаң ауданы, Қарғалы болысы
31. Ертуғанов Әмірхан – Жарма ауданы
32. Есенгельдинов Сабихан – Аягөз ауданы, Ақшулы ауылы
33. Естуғанов Жидехан – Жарма ауданы, №5 ауылы
34. Жақсыбаев Нұржан – Көршім ауданы
35. Жанұзақов Сейілхан – Қызылтаң ауданы
36. Жекин Нұрғали – Ұлан ауданы
37. Жиембаев Қасымжан – Қызылтаң ауданы
38. Ибрагимов Тұрағұл – Шыңғыстау ауданы
39. Искаков Ахмедияр – Шыңғыстау ауданы
40. Искаков Рахымжан – Қызылтаң ауданы
41. Исмаилов Мүбәрәк – Ұлан ауданы
42. Қаржаев Елжақай – Аягөз ауданы
43. Қаржаев Ильяс – Аягөз ауданы, Ақшулы ауылы
45. Қасатов Құдайбераш – Аягөз ауданы, Ақшулы ауылы

46. Қасымжанов Жейінбай – Қызылтаң ауданы
47. Қылышбаев Сүйінбай – Шыңғыстау ауданы
48. Кубанов Мүкіш – Қызылтау ауданы
49. Қуанышев Мұхамедрахым – Аягөз ауданы
50. Қуанышев Құсайын – Аягөз ауданы
51. Көшіков Жакуда – Қызыл-Құм ауданы
52. Мақымжанов Мамырбек – Көршім ауданы, №1 ауылы
53. Малдыбаев Бекбол – Аягөз ауданы
54. Малдыбаев Мұсатай – Аягөз ауданы
55. Мамыров Нәзіл – Аягөз ауданы
56. Мейізов Орынғайша – Аягөз ауданы
57. Минкеев Кәрім – Қызылтаң ауданы
58. Мұсыралиев Заманбек – Қызылтау ауданы
59. Мұқажанов Рахымбай – Қызылтау ауданы
60. Нұғманов Рабиға – Қызылтау ауданы
61. Нұғманов Мәулехан – Көршім ауданы
62. Нұрғалиев Жакит – Ұлан ауданы
63. Нұржанов Жақсыбай – Көршім ауданы
64. Нұрлыбаев Смағұл – Көршім ауданы, №6 ауылы
65. Рысбеков Бисеке – Аягөз ауданы, Ақшулы ауылы
66. Рысбақова Қанғайша – Аягөз ауданы, Ақшулы ауылы
67. Сағындықов Мамырхан – Жарма ауданы
68. Садықов Қожа – Көршім ауданы
69. Сакбанов Қали – Жарма ауданы
70. Саменбаев Қостуған – Шыңғыстау ауданы
71. Серғазин Шарбан – Шыңғыстау ауданы
72. Серғазин Ідіріс – Шыңғыстау ауданы
73. Тілеубердин Сағымбай – Ұлан ауданы
74. Тоғысов Әділбек – Тарбағатай ауданы
75. Тоғысов Андабай – Тарбағатай ауданы
76. Тоғысов Сұлтан – Тарбағатай ауданы
77. Тұрайсов Алиаскар – Қызылтау ауданы
78. Тұсамысов Дүйсенбай – Көршім ауданы
79. Ұқбаев Қаражан – Шыңғыстау ауданы
80. Өтешев Байжан – Қызылтаң ауданы
81. Шынғожин Өсебалақ – Шыңғыстау ауданы
82. Шакиров Имангелді – Жарма ауданы
83. Ырсақов Бисеке – Аягөз ауданы

Қарқаралы округі

446

1. Абдрахманов Серік – Шет ауданы
2. Адамбаев Топатан – Шет ауданы
3. Ақаев Мағат – Қу ауданы, №1 ауылы
4. Ақаев Хасен – Қу ауданы, №1 ауылы
5. Ақбозатов Жамиль – Шет ауданы
6. Ақпаев Ыбырай – Беріқара ауданы
7. Алпысов Әбділдә – Ақсары ауданы
8. Алпысов Абдрахман – Ақсары ауданы
9. Аманбаев Ахмет – Қарақаралы ауданы
10. Атағозин Тәңіберген – Абыралы ауданы
11. Байболов Мұрталлай – Абыралы ауданы
12. Баймұқанов Берекен – Қу ауданы, №3 ауылы
13. Батылханов Абен – Қу ауданы
14. Бейсембаев Өрімбай – Қу ауданы
15. Бекхожин Аждар – Қу ауданы
16. Беркімбаев Ахан – Шет ауданы, №4 ауылы
17. Бөдесов Жарлығас – Шет ауданы
18. Бөлекеев Оспан – Абыралы ауданы
19. Жантөкешов Абдрахман – Абыралы ауданы
20. Жантөкешов Әмір – Абыралы ауданы
21. Есембаев Байтула – Абыралы ауданы, №4 ауылы
22. Жантөкин Тұрсымбек – Балқаш ауданы
23. Жомартов Жетпісбай – Беріқара ауданы
24. Қадырбаев Юсуп – Қарқаралы ауданы
25. Қайбасов Ыбырай – Ақсары ауданы
26. Қырдыбаев Юсуп – Шет ауданы, №1 ауылы
27. Қылышев Барбысын – Абыралы ауданы
28. Қожахметов Имаш – Шұбартау ауданы
29. Қойбасов Нұржан – Ақсары ауданы
30. Құбылтаев Ахмет – Баққара ауданы, №10 ауылы
31. Құрманов Нұғман – Баққара ауданы, №10 ауылы
32. Мәңгірбаев Сәду – Беріқара ауданы
33. Маусымбеков Елдібай – Қу ауданы
34. Мейірманов Дейілісін – Шұбартау ауданы
35. Нұрмағанбетов Сәдуақас – Беріқара ауданы
36. Нұртаев Төкей – Беріқара ауданы
37. Омаров Ахмет – Балқаш ауданы, №10 ауылы

38. Оспанов Әбділдә – Абыралы ауданы, №2 ауылы
39. Райымбеков Сапатбай – Қарқаралы ауданы
40. Райымбеков Абдрахман – Беріқара ауданы
41. Садырбеков Хасен – Ақсары ауданы
42. Самбетов Шілмағамбет – Балқаш ауданы
43. Санекін Қасым – Беріқара ауданы
44. Сарбасов Райымқұл – Шет ауданы
45. Саршалақов Сейіт – Шұбартау ауданы, №11 ауылы
46. Сатыбалдин Мұқаш – Ақсары ауданы, №2 ауылы
47. Сатанов Егебай – Шұбартау ауданы, №7 ауылы
48. Сатанов Шаншарбай – Шұбартау ауданы
49. Спанов Амре – Беріқара ауданы, №4 ауылы
50. Спанбетов Ыбырай – Шұбартау ауданы
51. Спанов Қасшан – Шұбартау ауданы
52. Спанов Қосжан – Беріқара ауданы
53. Тасмағанбетов – Тарабай Қу ауданы
54. Теміржанов – Айқожа Қу ауданы
55. Тоқышев Жақып – Қу ауданы
56. Тұрсынов Қарығұлла – Шет ауданы
57. Тұрсынов Абдуғали – Шет ауданы
58. Шунтин Тілеубай – Шет ауданы
59. Шикмаров Жаманбалы – Шет ауданы
60. Юсупов Серік – Қарқаралы ауданы
61. Тасмағанбетов Абдулла – Қу ауданы
62. Тұрсынов Абдулла – Шет ауданы
63. Оспанов Амре – Қарқаралы ауданы

Қызыл Орда округі

1. Абдуманов Алдаш – Қызылорда ауданы
2. Абдықожаев Шамен – Шиелі ауданы, №20 ауылы
3. Ағайдаров Бердібек – Қызылорда ауданы, №20 ауылы
4. Айқашев Айнақұл – Қазалы ауданы, №8 ауылы
5. Айкиев Аймқұл – Қазалы ауданы
6. Аймұхамедов Моллабай-Махан Қажы – Шиелі ауданы
7. Аймұхаметов Баймұхан – Шиелі ауданы
8. Алиев Өтепқали – Денгіз ауданы, Бадан ауылы
9. Алимбаев Қанба – Арал ауданы, №5 ауылы

10. Алимбаев Қаюп – Арал ауданы
11. Алпысбаев Мұхамеджан – Аламысық ауданы
12. Әлдібаев Бекжан – Қазалы ауданы
13. Ауқауов Саит – Қарсақпай ауданы
14. Ахметов Қалам – Қармақшы ауданы
15. Ахметов Қарлығаш – Қармақшы ауданы, №8 ауылы
16. Байғабылов Қирбас – Қармақшы ауданы
17. Байділдаев Бектібай – Қармақшы ауданы
18. Байдулин Бектібай – Қазалы ауданы
19. Байметов Құлсары – Арал ауданы, №5 ауылы
20. Байсембаев Шанен – Тереңөзек ауданы, №2 ауылы
21. Балғымбаев Құлмағамбет – Тереңөзек ауданы
22. Беренов Нажмедин – Қазалы ауданы
23. Бегенов Шам – Қармақшы ауданы
24. Бекжанов Асен – Қазалы ауданы, №6 ауылы
25. Бекбауов Құлыбай – Тереңөзек ауданы
26. Бекболатов Асылбек – Тереңөзек ауданы
27. Бекжанов Нұрсалы – Қазалы ауданы
28. Дақбаев Мергенбай – Арал ауданы, №5 ауылы
29. Жаманиязов Мамыр – Арал ауданы
30. Жанаев Ерімбет – Арал ауданы
31. Жанайдаров Омарбек – Қарсақпай ауданы, №16 ауылы
32. Жаубасаров Байшуақ – Қарсақпай ауданы
33. Жиенбаев Мақан – Қазалы ауданы
34. Жұмағұлов Қасымбай – Қазалы ауданы
35. Жүргенбаев Нұржан – Қазалы ауданы
36. Есенғұлов Аймбет – Шиелі ауданы, №17 ауылы
37. Естаев Қуан – Қармақшы ауданы
38. Есхожаев Абдыхалық – Қызылорда ауданы
39. Жамақұлов Қасымбай – Қызылорда ауданы
40. Жаманкүзов Мамыр – Қармақшы ауданы, №5 ауылы
41. Жанабаев Ерімбет – Қазалы ауданы, №5 ауылы
42. Женділбаев Бақтыбай – Қазалы ауданы
43. Қабланов Қазыхан – Қармақшы ауданы
44. Қадауов Нұржан – Қармақшы ауданы
45. Қантаев Рахмет – Қармақшы ауданы
46. Қасқабаяев Хасен – Қарсақпай ауданы, №5 ауылы
47. Қашақов Абдулла – Қармақшы ауданы, №2 ауылы
48. Қашақов Досым – Қармақшы ауданы

49. Қашақов Қабылда – Қармақшы ауданы
50. Қашақов Нұрыш – Қармақшы ауданы
51. Қаюпов Бисембай – Қармақшы ауданы
52. Кәрібаев Мамбет – Қызылорда ауданы, №30 ауылы
53. Қозбанов Мырзабай – Қазалы ауданы, №7 ауылы
54. Құлатов Осман – Қызылорда ауданы
55. Құлмағанбетов – Белгімбай Қызылорда ауданы, №4 ауылы
56. Құлсариев Мырзагүл – Арал ауданы
57. Құрмантаев Преген – Қызылорда ауданы
58. Көрпеев Арын – Қарсақпай ауданы
59. Қоспанов Мырзабай – Қарсақпай ауданы
60. Құтбаров Алдабай – Қазалы ауданы, №5 ауылы
61. Құтбаров Мұса – Қазалы ауданы
62. Майқаров Тайша – Қызылорда ауданы, №37 ауылы
63. Маметова Зейнеп – Қызылорда ауданы
64. Мамыров Қаумен – Қармақшы ауданы
65. Маныбеков Әбілқайым – Қармақшы ауданы
66. Мұхамедшин Саджабар – Қармақшы ауданы
67. Ниязов Алиасқар – Қармақшы ауданы
68. Нұрмағанбетов Қыпшақбай – Тереңөзек ауданы
69. Нұрмағанбетов Сейіт – Тереңөзек ауданы
70. Нұрманов Аймұхан – Тереңөзек ауданы
71. Нұрманов Жұрғамбай – Тереңөзек ауданы
72. Нұрмұхамедов Қайшақпай – Тереңөзек ауданы, №2 ауылы
73. Рысбеков Жақыпбек – Тереңөзек ауданы
74. Сакиев Дүйсамин – Қызылорда ауданы, №34 ауылы
75. Сәрсенбаев Құпрықбай – Қармақшы ауданы
76. Сүйгенбаев Құндыз – Қарсақпай ауданы
77. Сүлейманова Балыбей – Қарсақпай ауданы
78. Сүлейменов Ташыбай – Қызылорда ауданы
79. Тәжбаев Ниғматбай – Қармақшы ауданы
80. Тәжібаев Қастау – Аламысық ауданы
81. Тәжібаев Үлкенбай – Аламысық ауданы
82. Такиев Ізтілеш – Қызылорда ауданы
83. Тшанбаев Мәмбетбай – Қарсақпай ауданы
84. Тенелбаев Байжан – Қармақшы ауданы
85. Төрембаев Дүйсен – Қармақшы ауданы, №7 ауылы

Қарақалпақ округі

450

1. Әбдікәрімов Алаяр – Шейхабаз ауданы
2. Абдуллаев Шотса – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
3. Абдулхалықов Сейітмұрат – Тахтакөпір ауданы, №5 ауылы
4. Абдымұратов Дәуке – Шымбай ауданы, №9 ауылы
5. Әуезов Мамумби – Қожейлы ауданы
6. Әуезов Райым – Төрткөл ауданы
7. Әуезов Райым – Тахтакөпір ауданы, №7 ауылы
8. Әжібаев Райымбай – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
9. Әжікбаев Погона – Шейхабаз ауданы, Озат а/с
10. Айтбаев Боран – Қожейлы ауданы, №2 ауылы
11. Ақбекманов Әуезмұрат – Қожейлы ауданы, №5 ауылы
12. Әлімбаев Қазы – Шейхабаз ауданы, Шейхаб а/с
13. Алдабергенов Матупа – Шейхабаз ауданы, Жанияб а/с
14. Алдабергенов Туруша – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
15. Алдамұратов Ишбай – Шымбай ауданы, №1 ауылы
16. Аллеков Жұманияз – Төрткөл ауданы, Қожайыр а/с
17. Аметов Айтымбет – Кегейлі ауданы, №5 ауылы
18. Арзыев Ибрик – Тахтакөпір ауданы, №7 ауылы
19. Арзыев Исмаил – Кегейлі ауданы, №4 ауылы
20. Артықов Матшан – Төрткөл ауданы, Ақбішлі а/с
21. Асқаров Құлахмет – Тахтакөпір ауданы, №5 ауылы
22. Атамұратов Ескенсары – Қыпшақ ауданы, №6 ауылы
23. Аташев Ишимбет – Шейхабаз ауданы, Шимам а/с
24. Ахметов Балтабай – Шымбай ауданы, №2 ауылы
25. Ахметов Нұрымбет – Қыпшақ ауданы, №9 ауылы
26. Бабожанов Жаберген – Шейхабаз ауданы, Шейбах а/с
27. Бабожанов Жақып – Қоңырат ауданы, №9 ауылы
28. Байымбетов Қожаахмет – Қыпшақ ауданы, №8 ауылы
29. Барлықбаев Сапар – Кегейлі ауданы, №8 ауылы
30. Бекешев Дома – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
31. Бекімбетов Абдрахман – Шымбай ауданы, №4 ауылы
32. Бекниязов Ажмұрат – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
33. Бекниязов Оразымбет – Шымбай ауданы, №7 ауылы
34. Дәулетмұратов Абдулла – Қоңырат ауданы, №10 ауылы
35. Дашкаев Сапар – Кегейлі ауданы, №3 ауылы
36. Жадрасынов – Қолжейлі ауданы, №5 ауылы
37. Дәулімбетов Дәмеш – Кегейлі ауданы, №8 ауылы

38. Досниязов Керімбай – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
39. Ерниязов Машарип – Қожейлы ауданы, №2 ауылы
40. Есенов Айтымбет – Қожейлы ауданы, №5 ауылы
41. Есқожаев Тұрсым – Шымбай ауданы, №3 ауылы
42. Ибайханов Мамбетәлі – Шымбай ауданы, №1 ауылы
43. Ибрагимов Абдулла – Тұртау ауданы, Ұлыбақ а/с
44. Ізімбетов Аразы – Кегейлі ауданы, №4 ауылы
45. Іштұрғанов Қалмұрат – Қыпшақ ауданы, №5 ауылы
46. Қабылов Әлім – Кегейлі ауданы, №4 ауылы
47. Қазақбаев Бекжан-Боран – Қожейлы ауданы, №2 ауылы
48. Қазыбаев Райымбек – Шейхабаз ауданы, Шейхаб а/с
49. Қаймақбаев Аймбет – Тахтакөпір ауданы, №4 ауылы
50. Календаров Кенже – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
51. Қанатбаев Нұрымбет – Қыпшақ ауданы, №1 ауылы
52. Қылышов Розакберді – Төрткөл ауданы, Сахтиян а/с
53. Құлымбетов Құрбанмұрат – Шейхабаз ауданы, Саркөп ауылы
54. Құрбанов Құтымбай – Шейхабаз ауданы, Озат ауылы
55. Құттымұратов Ишим – Қоңырат ауданы, №4 ауылы
56. Құттыгелдиев Аташ – Қыпшақ ауданы, №1 ауылы
57. Мадраим Матшанов-Жарымбет – Кегейлі ауданы, №5 ауылы
58. Мазуров Абданияз – Шымбай ауданы, №7 ауылы
59. Мамбетов Қабыл – Кегейлі ауданы, №9 ауылы
60. Мамбетов Айтжан – Қожейлы ауданы, №5 ауылы
61. Мамутов Жұман – Қоңырат ауданы, №2 ауылы
62. Мамутов Мамет – Кегейлі ауданы, №5 ауылы
63. Маткаримов Қадыр – Кегейлі ауданы, №8 ауылы
64. Маткаримов Мадамин – Қожейлы ауданы, №3 ауылы
65. Машарипов Абдықадыр – Шымбай ауданы, №2 ауылы
66. Машарипов Баба-Мирад – Төрткөл ауданы, Башлын а/с
67. Машарипов Клича – Шейхабаз ауданы, Шейбах а/с
68. Машарипов Ягуда – Шымбай ауданы, №6 ауылы
69. Ниязымбетов Бабожан – Қыпшақ ауданы, №1 ауылы
70. Нұрылаев Сапен – Қыпшақ ауданы, №7 ауылы
71. Нұрымбетов Ақымбет – Кегейлі ауданы, №4 ауылы
72. Пірімбетов Палванияз – Қожейлы ауданы, №3 ауылы
73. Карымбаев Дақылжан – Қыпшақ ауданы, №9 ауылы
74. Сабуров Абдулла – Төрткөл ауданы, Қожайыр а/с
75. Садыржанов Сейфутдин – Шымбай ауданы, №12 ауылы
76. Саимов Тілеумұрат – Шымбай ауданы, №2 ауылы

77. Саимов Тұрсын – Шымбай ауданы, №2 ауылы
78. Сапаев Пайваниямулла – Шейхабаз ауданы, Саркөп а/с
79. Сапарбаев Оразымбет – Кегейлі ауданы, №4 ауылы
80. Сапаров Ишимбет – Қожейлы ауданы, №2 ауылы
81. Сейданов Халике – Қараөзек ауданы, №2 ауылы
82. Тәжіманов Сағыбай – Қожейлы ауданы, №7 ауылы
83. Таражанов Қадырбай – Қыпшақ ауданы, №9 ауылы
84. Тілепов Бұзбашы – Шымбай ауданы, №12 ауылы
85. Тоқынбетов Құмқұмбай – Қараөзек ауданы, №15 ауылы
86. Тұрдықұлов Пірімбет – Шымбай ауданы, №1 ауылы
87. Төребаев Нұр – Қыпшақ ауданы, №1 ауылы
88. Әбиев Райым – Кегейлі ауданы, №10 ауылы
89. Оразақов Бабожан – Қожейлы ауданы, №6 ауылы
90. Өтепов Сүлеймен – Шымбай ауданы, №7 ауылы
91. Файзуллаев Өтеп – Шымбай ауданы, №2 ауылы
92. Қожахметов Піржан – Қыпшақ ауданы, №8 ауылы
93. Қожахметов Абезжан – Қожейлы ауданы, №1 ауылы
94. Қожамұратов Бердібай – Қыпшақ ауданы, №8 ауылы
95. Қожашүкіров Зарип – Төрткөл ауданы, Ұлыбақ а/с
96. Қожаев Халнияз – Қыпшақ ауданы, №2 ауылы
97. Құдайбергенов Абдулла – Қыпшақ ауданы, №8 ауылы
98. Шынықұлов Түлеш – Шымбай ауданы, №12 ауылы
99. Шалақов Жаныз – Тахтакөпір ауданы, №12 ауылы
100. Шамұратов Сейіт – Қоңырат ауданы, №6 ауылы
101. Юсупов Қарабай – Қожейлы ауданы, №3 ауылы
102. Юсупов Ниязымбет – Төрткөл ауданы, Сарыби а/с

Алматы округі

1. Абаев Күркебай – Қарабалық ауданы
2. Абылайханов Фаюрин Ишмұхамедович – Қарабалық ауданы
3. Әкетаев Құлатжан – Қордай ауданы
4. Асаков Ахметжан – Қастек ауданы
5. Асылбеков Есдәулет – Қастек ауданы
6. Әуебеков Мешітбай – Октябрь ауданы
7. Базарбаев Тасыбек – Бәрібаев ауданы
8. Баймұқанов Бекбатыр – Малайсары ауданы
9. Бақтияров Кеңесбай – Малайсары ауданы

10. Бейбітов Жеру – Еңбекші қазақ ауданы
11. Бексұлтанов Заманбек – Бәрібаев ауданы
12. Бөгібаев Кахматулла – Малайсары ауданы
13. Бұламбаев Саян – Қарабалық ауданы
14. Балшықов Бекет – Бүйен-ақсу ауданы
15. Уәлиев Абзан – Қордай ауданы
16. Дәулетбеков Ахметбек – Еңбекші қазақ ауданы
17. Дәркенбаев Дәулеткөп – Еңбекші қазақ ауданы
18. Дауылбаев Есенбай – Малайсары ауданы
19. Дәуіталиев Өтеген – Есік ауданы
20. Жаубасаров Әбілда – Қастек ауданы
21. Жердіайланов Садық – Қарабалық ауданы
22. Дүркембаев Дәуітбай – Қызылбөрік ауданы
23. Диқамбаев Арыстанбек – Қарабалық ауданы
24. Жаңақов Дүйсебек – Қарабалық ауданы
25. Есенов Айдарбек – Қастек ауданы
26. Қадырбаев Жылқыбай – Қастек ауданы
27. Қалықов Сағит – Іле ауданы
28. Көнениев Әбдікәрім – Қарқара ауданы
29. Қанабеков Жасен – Қастек ауданы
30. Қараев Әлімбай – Іле ауданы
31. Қаржаубаев Ықылас – Қастек ауданы
32. Көшкенов Тойбай – Қастек ауданы
33. Келгімбаев Абайділдә – Қастек ауданы
34. Қолаев Сереке – Ақсу ауданы
35. Қожағұлов Бекетай – Қордай ауданы
36. Құдайбергенов Жолтабар – Қастек ауданы
37. Күлшібаев Жетібай – Қарабалық ауданы
38. Малаев Сәмет – Алакөл ауданы
39. Мерсаев Әбдікәрім – Бәрібаев ауданы
40. Мұхаметдилин Сейітжапар – Қарабалық ауданы
41. Мәмбетов Базарбай – Бәрібаев ауданы
42. Нұрғазин Зайнұл – Октябрь ауданы
43. Райымбеков Санатай – Қарқара ауданы
44. Рыскелдин Адық – Қастек ауданы
45. Сыйқымбаев Қасым – Бәрібаев ауданы
46. Сырғабаев Жүнісбай – Еңбекші қазақ ауданы
47. Таңсыққожаев Жанғазы – Октябрь ауданы
48. Төлеулінов Қондыбай – Бәрібаев ауданы

49. Тойжанов Нұрпейіс – Қастек ауданы
50. Тәңірбергенов Тұрысбек – Бүйен-ақсу ауданы
51. Тұрысбеков Айтмұхамед – Бүйен-ақсу ауданы
52. Ордабаев Ғалші, Нүрке – Іле ауданы
53. Қожабердиев Мұсапыр, Күлафан – Қордай ауданы
54. Шілбаев Ірасыл – Малайсары ауданы
55. Шорымбаев Құлжамбет – Еңбекші қазақ ауданы
56. Шошақбаев Имашжан – Бәрібаев ауданы

Орал округі

1. Абсаттаров Қожабай – Азғыр ауданы
2. Әжібаев Шоқан – Қаратөбе ауданы
3. Айқожанов Қасымбай – Орал округі
4. Амазыев Көптілеу – Азғыр ауданы
5. Атазыев Бектілеу – Азғыр ауданы
6. Айтымбетов Ешқан – Шалқар ауданы
7. Аманов Құсайын – Шалқар ауданы
8. Асылбеков Беген – Шалқар ауданы
9. Ахметов Қабыл – Жымпиты ауданы
10. Балғышев Жұмағали – Шалқар ауданы
11. Беймұханов Гүспан – Тайпақ ауданы
12. Баймұхамедов Өсентай – Өрмін ауданы
13. Балдаянов Бамаш – Азғыр ауданы
14. Балқашев Сария – Азғыр ауданы
15. Батаев Ибрагим – Заречный ауданы
16. Баянысов Өтеғали – Азғыр ауданы
17. Бегимов Көбесе – Жымпиты ауданы
18. Бекбатыров Жамай – Қаратөбе ауданы
19. Бекесов Мұсағали – Үрді ауданы
20. Бектұрғанов Абдрахман – Келес ауданы
21. Жұмалиев Маубай – Жаңақала ауданы
22. Бралиев Оразбай – Саламихин ауданы
23. Бугаев Бәкір – Жаңақала ауданы
24. Бөкейханов Махамбет – Үрді ауданы
25. Ғаббасов Имағазы – Орал округі
26. Жолмағанбетов Жусаман – Қаратөбе ауданы
27. Батаров Есалы – Азғыр ауданы

28. Достанов Бисалы – Қаратөбе ауданы
29. Досқалиев Шаман – Азғыр ауданы
30. Досқалиев Гуман – Азғыр ауданы
31. Жүнісов Кенжеғара – Шымкент ауданы
32. Жұмалиев Қаражау – Жаңақала ауданы
33. Ермеков Мақсұт – Саламихин ауданы
34. Залиев Рысхалин – Жаңақала ауданы
35. Иманов Мұғайбай – Жымпиты ауданы
36. Есенбаев Мұқаш – Азғыр ауданы
37. Есенғұлов Тонаш – Жаңақала ауданы
38. Есенаманов Қабыш – Заорал ауданы
39. Қалабаев Дербес – Орал ауданы
40. Қаратаев Арон – Шалқар ауданы
41. Қуатов Жұмағали – Тайпақ ауданы
42. Көбеев Абдулғазиз – Тайпақ ауданы
43. Құбылов Жұмажан – Жаңақала ауданы
44. Құсбегалиев Дәулет – Тайпақ ауданы
45. Мәмбетов Әбубәкір – Азғыр ауданы
46. Мәмбетов Ғаббас – Тайпақ ауданы
47. Мәшекенов Халық – Азғыр ауданы
48. Мұқашев Мұхамедияр – Азғыр ауданы
49. Мұқашев Өтепғали – Азғыр ауданы
50. Мұхамедов Ерасан – Жымпиты ауданы
51. Нұрғыламанов Абдулла – Саламихин ауданы
52. Омаров Шәрмен – Азғыр ауданы
53. Омаров Латып – Азғыр ауданы
54. Омаров Салық – Жымпиты ауданы
55. Орынбаев Жұмағали – Қаратөбе ауданы
56. Сабилов Тұмар – Жаңақала ауданы
57. Сатанов Хаумет – Саламихин ауданы
58. Сағамов Қадыр – Жаңақала ауданы
59. Сүлейменов Ерман – Келес ауданы
60. Сұлтанова Зейнеп – Жаңақала ауданы
61. Сүйтішалиев Махмұд – Жымпиты ауданы
62. Сүюков Мағаз – Жаңақала ауданы
63. Тоғайбаев Мұсағали – Азғыр ауданы
64. Үмбетов Нәбіш – Азғыр ауданы
65. Оразалиев Жарас, Тілеуғали – Орал округі
66. Өтегенов Бағын – Азғыр ауданы

67. Оспаноа Кәшен – Саламихин ауданы
68. Хайралиев Қонжалтай – Азғыр ауданы
69. Құдайбергенов Қодар, Нағима – Жаңақала ауданы
70. Шұбаев Зұлқаш – Азғыр ауданы
71. Шәңгереев Бижан – Саламихин ауданы
72. Шәңгереев Жүсіпғали – Саламихин ауданы
73. Шәңгереев Таусек – Саламахин ауданы
74. Жүсіпов Жантай – Үрді ауданы
75. Жүсіпалиев Сатыпалды – Саламихин ауданы

Гурьев округі

1. Айтжігітов Люанги – Доссор ауданы
2. Алиев Өтеғалин – Теңіз ауданы
3. Баєтов Прампамбай – Доссор ауданы
4. Байтілекова Амиржана – Теңіз ауданы
5. Бегалиев Сарала – Жаманқала ауданы
6. Бекмурзин Қазбек – Доссор ауданы
7. Бисалиев Арыстанғали – Новобогат ауданы
8. Габрахманов Төлеген – Новобогат ауданы
9. Жармағанбетов Ерғали – Новобогат ауданы
10. Жұбаниязов Қануп – Доссор ауданы
11. Жұмабаев Түзелбай – Қызылқоға ауданы
12. Елубаев Қабас – Қызылқоға ауданы
13. Игіліков Алысап – Қызылқоға ауданы
14. Исмағұлов Смадияр, Нұржан, Фатима, Түймебаева Латифа – Қайбақты ауданы
15. Кемесаев Байтілеу – Қызылқұм ауданы
16. Қожағұлов Жаман – Доссор ауданы
17. Құрманбаев Қайырлы – Теңіз ауданы
18. Мәмеков Қожағали – Новобогат ауданы
19. Мамышев Майха – Есенауыл ауданы
20. Менғалиев Демеу – Қызылкерім ауданы
21. Нұржанов Сармақ – Доссор аудан
22. Омаров Майран – Новобогат ауданы
23. Сәмиев Жұмағали – Теңіз ауданы
24. Танашев Құсайын – Теңіз ауданы
25. Үмбеталиев Жақсығали – Доссор ауданы

26. Шокпаров Саржан, Шол – Доссор ауданы
27. Жұлдызов Жұмағұл – Қызылқоға ауданы

Петропавл округі

457

1. Алтыбаев Сәдуақас – Түнкерей ауданы
2. Алтыбаев Нүрпейіс, Мұхамедқали – Қызыл әскер ауданы
3. Арбабабаева Мағуста – Төңкеріс ауданы
4. Жантөлин Қасым – Қызылту ауданы
5. Жылқыбаев Сабырдин – Қызыл әскер ауданы
6. Ыдырысов – Петропавл ауданы
7. Исин Нұрғали – Көкшетау ауданы
8. Қаймулдин Ибл – Бейнетқор ауданы
9. Кашкин Жақып – Төңкеріс ауданы
10. Қосенов Бекқожа – Еңбекшілер ауданы
11. Күйітков Тасан – Қызыл әскер ауданы
12. Майкешев Баймұхамбет – Петропавл қаласы
13. Макин Мұхамеджан – Октябрь ауданы
14. Нұрмағанбетов Ахметжан – Бейнеқор ауданы
15. Тәшімов Шәміл – Қызылту ауданы
16. Тоқамбетов Исамберді – Бейнеқор ауданы
17. Тоқжанов Сәдуақас – Қызылту ауданы
18. Омарқұлов Шәріп – Еңбекшілер ауданы
19. Шаймерденов Әбубәкір – Қызылту ауданы

Жетісу губерниясы

1. Байбашев Ордалы – Жаркент уезд., Қарқаралы ауданы
2. Бартышбаев Иса – Жаркент уезд.
3. Бексенбиринов Роме – Алматы уезд.
4. Дәкенбаев Абнир – Жаркент уезд.
5. Жанбауов Қарасат – Алматы уезд.
6. Иманбеков Исабек – Жаркент уезд.
7. Құлмамбетов Жүніс – Алматы уезд.
8. Құмаев Ақшал – Жетісу уезд.
9. Маманов Бидахмет – Талдықорған ауданы
10. Маркенов Самар – Шу ауданы

11. Серікбаев Ахмет – Жетісу губ.
12. Тонбергенов Әбілда – Алматы уезд.
13. Тошімбаев Даярман – Жаркент уезд.

2-қосымша

458

1929-31 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ҚАЛАЙ ЖАЗАЛАНҒАНЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР

1929 – 1931 жылдары Қазақстанда орын алған шаруалар наразылықтары кейбірінің едәуір ірі-ірі бас көтерулер болғандарына қарамастан, олар тоталитарлық жүйенің қуатты әскери күшіне төтеп бере алмады және көп кешікпей-ақ жанышталып, қанға боялып басылды. Халық наразылығына қатысушыларды жазалау да аса қатал болды. Осы «көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының өзі ғана 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жіберді»¹.

Бүгінде тарихымызда аса өзекті тақырып болып отырған бұл көтерілістердің қалай жазаланғаны құпия құжаттарда біршама анық көрсетілген. Енді солардың кейбіріне қысқаша, нақтырақ тоқтала кетелік.

1. Тақтакөпірдегі наразылықты қуғындау²

1929 жылғы шаруалар наразылықтарының ең алғашқысы сол кезде Қазақстан құрамындағы Қарақалпақ жеріндегі Тақтакөпірде болды. Оған 27 қыркүйекте небары 300-ге жуық адам ғана қатысты және бас-аяғы бірнеше сағатқа ғана созылды.

Наразылық басталардың қарсаңында ғана, яғни 27 қыркүйекке дейін ОГПУ-дің Қарақалпақ облыстық бөлімі Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым құрып, әрекет етіп жатыр деген айыппен 100-ге тарта адамды тұтқындаған еді. Осы тұтқындалудан аман қалған ағайынды Исматуллаевтар өздерінің төңірегіне ОГПУ-дің қуғын-сүргінінен қашып-пысқан 30 шақты адамды топтастырып,

¹ «Егеменді Қазақстан» газеті. – 1992, 22 желтоқсан.

² Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Қарақалпақстандағы көтеріліс//Жұлдыз, 1993. 4 көкек. 130-156-бб.

27 қыркүйекте ауданның орталығына басып кірді. Көп кешікпей-ақ, Тақтакөпірдегі көтерілісшілер оларды басып-жаныштауға жіберілген ОГПУ-дің қарулы күштерімен және тұрақты Қызыл әскер бөлімдерімен шайқасуға мәжбүр болды. Бірақ іле-шала өздерінің шама-шарқын байқаған көтерілісшілер 30-40 адамнан тұратын шағын топтарға бөлініп кетіп, Тақтакөпірдің солтүстік тұсынан сытылып шықты.

4 және 7 қазанда көтерілісшілердің үш тобы талқандалды¹. Шайқас үстінде көтерілісшілерден 8 адам өліп, 5 адам қолға түсті, қалғандары тағы да амалдап қашып құтылды.

1929 жылдың 8 желтоқсанына дейін ПП ОГПУ-дің Ерекше үштігі біраз істерді қарап, көтеріліске қатысқан 32 адамды ату жазасына кесті. Үкім жедел орындалды. 1930 жылдың 1 маусымына дейін 27 адам әртүрлі мерзімге концлагерьге айдалды, тағы 25 адам 3 жылға жер аударылды².

2. Бостандық ауданындағы бас көтеруді қуғындау³

Сырдария округінің Бостандық ауданындағы бұл наразылық 1929 жылдың 29 қыркүйегінде басталып, бірнеше күнге ғана созылды. Айта кеткен жөн, кейбір құжаттарда бұл оқиғаның басталған күні 27 қыркүйек деп те көрсетілді¹. Бірақ дұрысы алғашқысы деп ойлаймыз. Өйткені 29 қыркүйекті Ф.И. Голощекин өзінің 21.IV.30 ж. И. Сталинге жазған хатында Бостандық оқиғасының басталу күні ретінде атап көрсеткен⁴.

Шаруалар наразылықтары ауданның Шымған, Брич-Мулла, Бугостан, Нанай, Ұзын, Піскем, Янги-киргиз тәрізді елді мекендерін қамтып, Шымған курортын және Хлопстрой мекемелерін тонауға ұласты.

Көтерілісшілер Шатқал аймағында бұрыннан әрекет жасап жүрген қырғыз басмашыларының құрбашысы Истамбек (кейбір құжаттарда Исламбек) Чаныбековпен байланыс орнатып, Брич-Мулла қыстағында онымен бірігіп және сондарынан қуғындаған Қызыл әскер бөлімдерімен қақтығысып, Көксу бағытына шегінді⁵.

¹ ҚР ҰҚКА. – 104-т., арх. №12, 20-п.

² Сонда. арх. №7, 57-п.

³ Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Бостандық ауданындағы көтеріліс. – «Жұлдыз», 1993. 3 наурыз, 164-173-бб.

⁴ ҚР ПА. – 141-қ., 1-т., 294-іс, 108-п.

⁵ ҚР ҰҚКА. – №104-т., арх. №112, 203-іс, 92-п.

Өкшелей қуған Қызыл әскер және ОГПУ бөлімдерінен жаталаса қашып құтылуға күш салған көтеріліске қатысушылар Өзбекстанға және Қырғызстанға барып бас сауғаласа да бәрібір түгелдей қолға түсті.

Қазақстан бойынша ПП ОГПУ-дің үштігінің қаулысымен 1930 – 1933 жылдар ішінде көтеріліске қатысушылардың 2-уі ату жазасына, 36 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагеріне, 7 адам 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге Қазақстанның өз ішінде жер аударылуға кесілді¹.

3. Батпаққара көтерілісін қуғындау²

Бұл халық наразылығы 1929 жылдың 1 қарашасында басталып, ол көтеріліске қатысқандарды жазалау жарты айдай уақытқа созылды³. ОГПУ-дің ресми құжаттарында көтерілісті ұйымдастырушылар және басқарушылар 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін басқарған бұрынғы «Алашорда» ханы Әбдіғапардың туыстары деп көрсетілген. Көтеріліске барлығы 530 адам қатысқан⁴. Көтерілісшілер өз орталарынан хан сайлап, дербес басқаруға көшпек болған және сарбаз деп аталатын сонау 1916 жылғы көтеріліс үлгісімен ұлттық армия жасақтауға күш салған, сондай-ақ Кеңес үкіметінің күштеп тәркілеу кезінде сыпырып алған мал-мүліктерін өз иелеріне қайтару мақсаттарын көздеген.

Көтерілістің басталғаны туралы алғашқы хабарды алысымен-ақ іле-шала қамданған ОГПУ, партия және Кеңес органдары Батпаққараға коммунистік отрядтарды суыт жөнелтті.

Көтерілісшілер оларға қарулы қарсылық көрсете алмай, ұсақ топтарға бөлініп бытырай қашты. Оларды қуғындау және жаппай тұтқындау басталды.

Барлығы 530 адам қылмысты деп табылды. Қазақстандағы ПП ОГПУ-дің үштігі бұл мәселеге байланысты 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагеріне, 28 адамды Қазақстаннан тыс жерлерге 3 жыл мерзімге айдауға кесті. 17 адамға сот кесімі шартты болды⁵.

¹ ҚР ҰҚҚА. №158-т., арх. №1, №49-іс, 232, 234-п.

² Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Батпаққара көтерілісін күшпен басу. «Ақиқат». 1993. №1, 66-70-бб.

³ ҚР ПА. 141-к., 1-т., 2948-іс, 108-п.

⁴ ҚР ҰҚҚА. 158-т., арх. №1, 49а-том, 80-іс, 16-п.

⁵ Сонда. 102-т., арх. №10, 86-іс, 65-п.

Батпаққара, Наурызым және Торғай аудандарында болған осы наразылықтарды әйгілі, бірақ әлдеқашан күні өткен «Алаш» қозғалысымен тағы да байланыстыру, осы негізде таяуда ғана қамауға алынған Алашорданың және «Алаш» партиясының бұрынғы басшы қайраткерлерін қаралай түсу – сол жылдардағы ОГПУ және құқық қорғау органдарының алдарына қойған басты мақсаттарының бірі болғанын байқау қиын емес.

Осының нақты мысалы, көтеріліс болған аймақтан шыққан Алашорда қайраткерлерін жазықсыздан жазықсыз, ешқандай да нақты дәлелдер болмағанына қарамастан, оларға жала жауып, көпе-көрінеу көтерілісті ұйымдастырушылар етіп көрсету.

ОГПУ қызметкерлері, тергеушілері Батпаққара, Наурызым, Торғай аудандарында наразылыққа қатысқан көтерілістің белсенді басшыларынан күштеу, қорқыту жолдарымен А.Байтұрсыновқа, М.Дулатовқа, М.Есполовқа қарсы, оларды қаралайтын жалған жауаптар алғаны байқалады¹.

Осынау жалған жаланы Қазақстан Прокуратурасының 1988 жылы 19 қазандағы наразылығынан келтірілген үзіндімен-ақ теріске шығаруға болады. Онда мынандай жолдар бар: «1927 жылы даладағы қарулы көтерілісті ұйымдастыруға байланысты мәселені талқылау жайлы айыптау да еш нәрсемен дәлелденген жоқ. Оның өзі де Әділовтың құрғақ сөзден тұратын көрсетулеріне негізделген. Осы мәселе жөнінде тергелген Дулатов, Байтұрсынов, Есполов, Ғаббасов және т.б. көтерілісті ұйымдастыруды өздерінің мақсат етіп қоймағанын көрсетіп берді»².

4. Созақ көтерілісін қанға бояу³

Сырдария округінің Созақ ауданындағы шаруалар көтерілісі 1930 жылдың 7 ақпанында басталды. Сол жылдардағы ресми құжаттар көтерілістің ұйытқысы байлар, ишандар және молдалар деп көрсетеді⁴.

Тәркілеу мен астық, ет, мақта және т.б. ауылшаруашылығы өнімдерін дайындау науқандарының зорлық-зомбылықтарына наразы

¹ ҚР ҰҚКА – 158-т., арх. №124, 5-іс, 5-т., 18-п.

² Сонда. 2-іс, 123-п.

³ Бұл мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Созақ көтерілісі//Жұлдыз. 1991. 9 қыркүйек, 115 – 137-бб; Соныкі. Созақтағы зобалаң//Ақиқат. 1993. №2, 49-50-бб.

⁴ ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2948-іс, 44-п.

халық 6 ақпанда аудан орталығына қамалған бай туыстарын босатып алуды қажет деп тапқан.

ОГПУ мәліметтерінің бірінде көтеріліске 2000-дай адамның қатысқаны айтылады. 7 ақпанда Шолақов Сұлтанбек бастаған шаруалар аудан орталығы Созаққа кіріп, ондағы тұтқындағы туыстарын босатқан, партия, кеңес қызметкерлерін азаптаған, өлтірген¹.

Жазалаушылар отряды мен көтерілісшілер арасында 13-14 ақпанда қарулы қақтығыстар болды. Мұнда көтерілісшілер жағынан 80 адам қаза тауып, ал жазалаушылар жағынан 7 адам шығын болған. 13 ақпанда басқа жазалаушы коммунарлар отряды Созақты атқылаған. Олар Созақтың төңірегінде 3-ауыл жанында көтерілісшілер отрядымен кездесіп, ұрыс жүргізген, жазалаушылар командирі Никитенко ішінен жараланған, ал көтерілісшілер жағынан тағы да 3 адам қаза тапқан. Созаққа шешуші шабуыл 16 ақпанда болып, ұрыс 4 сағатқа созылған. Осы шайқаста көтерілісшілерден 300 адам өліп, 200 адам тұтқынға түскен. Ал жазалаушылардан 2 адам ғана жараланған. Осы ұрыста көтеріліс басшысы Сұлтанбек те және оның көмекшісі «ауғандық» аталып кеткен Асадулла да қайтыс болды.

Көтерілісті жазалау бұдан кейін де тоқтамаған. Мысалы, 15 ақпанда Никитенко бастаған жазалаушылар 5-ауылдан тағы да 5 адамды өлтірген. Жалпы шығынға келсек, Голощекиннің Сталинге 1930 жылы наурызда жазған хатында көтерілісшілерден 400-ден аса, ал жазалаушылардан 50-ге тарта адам өлгені көрсетілген².

Жазаланғандар: 311 адам көтеріліске қатысты деген кінәмен жауапқа тартылса, олардың 88-і 1930 жылдың 22 наурызында, 8 сәуірінде, 25 мамырында, 10 маусымында ПП ОГПУ-дің Ерекше үштігінің қаулыларымен атылған. 152 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагерьлеріне айдалды. 21 адам 3 жылға Сібірге, тағы 10 адам осы мерзімге Қазақстанның өз ішіндегі аймақтарға жер аударылды.

5. Ырғыздағы қанды қырғын³

Сталиндік-голощекиндік зорлық-зомбылық, қуғын-сүргін Ақтөбе округінің Ырғыз ауданының шаруаларының да бас көтерулеріне себеп болды. Көтеріліс 1930 жылы 25 ақпанда басталды⁴.

¹ ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 1-т., 86-88-п.

² ҚР ПА. 141-к., 1-т., 2948-іс, 44-п.

³ Сонда. 17-т., 471-іс, 227-228, 226-п.

⁴ Сонда. 1-т., 2948-іс, 44-п.

Наразылыққа қатысушылар ақпан айында белгілі діндар Мұқатай Саматовтың мешітінде жиналыс өткізіп, Аллаға сыйынып өз орталарынан Қанаев Айжарқынды хан сайлады.

Көтерілісті басу үшін Волга бойы әскери округінен, Саратов қаласынан подполковник Евсеев басқарған 8-атты әскер дивизиясының бөлімдері алынды. Орынбор арқылы теміржолмен келіп жеткен, тачанкамен, пулеметтермен және аэропландармен жабдықталған, қаруланған жазалаушылар ең далада көтерілісшілерді қуалай атып, қанға бөктірді.

Шешуші шайқас 1930 жылы 9 наурызда Күлқамыс деген жерде болып, онда көтеріліс басшысы хан Қанаев Айжарқын және оның 35 серігі мерт болды. Күш тең емес ұрыстан жөңкіле қашқан салт атты көтерілісшілерді жазалаушылар пулеметпен қуалай атып, қылышпен кескілеп жамсатып қырды. Бірнеше жүздеген көтерілісшілер құрбан болды. 131 көтерілісші қолға түсті.

ІІІ ОГПУ-дің Ерекше үштігі көтерілісшілерді белсенді түрде жазалады. Жазалау 1930 жылдың шілдесінен 1932 жылдың наурызына дейін созылды. Нәтижесінде барлығы 42 адам ату жазасына кесіліп, 262 адам әртүрлі мерзімге сотталды және жер аударылды¹.

6. Қарақұмдағы қарулы қарсылықты күйрету²

Жергілікті жерлердегі күштеу саясатынан қашқан қазақ шаруалары Арал теңізінің солтүстік-шығысында орналасқан Қарақұмға барып тығылды. Мұнда нақтырақ айтар болсақ, Қызылорда облысының Қармақшы, Тереңөзек аудандарынан, Ақтөбе облысының Жетіқара, Торғай аудандарынан, Қарағанды облысының Жезқазған ауданынан көтерілісшілер жиналған еді.

Көтерілісшілердің үлкен бір тобын дінбасы Байымбетов Жұмағазы басқарды. Оқиға былай өрбіді: 1930 жылы наурыз айында Қарабөгет деген жерде Қармақшы ауданының №1, 3 ауылдарының «Алтын» руынан шыққан тұрғындары астық және ет тапсыру, күштеп ұжымдастыру науқандарының зорлық-зомбылықтарына қарсылық білдіру үшін астыртын жиналып өзара ақылдасты. Жиналғандар жергілікті үкімет пен уәкілдерден Қарақұмға қаша көшу туралы шешімге келді. Іле-шала аталған ауылдардан 700-дей қожалықтар

¹ ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 1-т., 182, 186-188-п.

² Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Халық қаһары. 3. Қарақұм көтерілісі//Жұлдыз. 1991, 12 желтоқсан, 99-122-бб.; Соныкі. Қарақұмдағы қарулы қарсылық//Ақиқат. 1993; №2, 51-53-бб.

жаппай көшті. Жол-жөнекей, ауа кешуге кедергі жасамақ болған жергілікті кеңес, партия қызметкерлері тұтқындалды.

17 наурызда көтерілісшілер Байымбетов Жұмағазыны өз орталарынан хан етіп сайлады. Байымбетов Жұмағазының тобы орналасқан жерден шамамен 25 шақырымдай қашықтықта Тұздақ Қараүңгір деп аталатын жерде көтерілісшілердің тағы бір үлкен шоғыры – өз орталарынан хан етіп сайлаған Лаубаев Пірмағамбет және ағайынды Қараевтар басқарған ұзын саны 2000-дай адам топтасқан еді. ОГПУ мәліметтеріне қарағанда, олардың 300-дейінің қарулары болған.

Қуғыншы Қызыл әскерлердің Қармақшыдан және Ырғыздан шыққан оперативтік отрядтары 7-ші сәуірде Жұмағазының көтерілісшілері жасырынған жерге таяу келіп, қанды шайқас болды. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден 35 адам өліп, көтерілісшілер өздерінің басшысы Лаубаевтан айырылған, 23 көтерілісші жараланған. Ал енді Қызыл әскерлерден 40 адам өліп, олар да кейін шегінуге мәжбүр болған.

Көтерілісшілермен шайқастың салдарлары ауыр болатынын байқаған жазалаушылар, әсіресе 8-атты әскер дивизиясының басшылары Голощекиннің көтерілісшілермен бейбіт келіссөздер жүргізуін талап етті.

Голощекиннің тапсырмасымен төрағасы Әліби Жанкелдин, хатшысы Ғабит Мүсірепов, ал мүшелері Сейфуллин, Юсупов, Тыспаев болған мемлекеттік комиссия Қарақұмдағы көтерілісшілерге келіп, 3 маусымда келіссөзді бастады. Көтерілісшілер зорлық-зомбылыққа жол бермеуді, күштеп тәркіленгендердің мүліктерін қайтаруды, өздерін тұтқыннан, айдаудан босатуды, еріксіз ұжымдастыруды тоқтатуды талап етіп, өздерінің арыздарын мемлекеттік комиссияға тапсырды.

Талаптардың ішінде әсіресе Жұмағазы Байымбетов бастаған діндарлардың Қазақстанда дінге бостандық беруді және осында дін басқармасын ұйымдастыруға мүмкіндік жасауды, онан соң осы мақсатты жүзеге асыру үшін өздерінің Уфа қаласына барып қайтуларына рұқсат етуді өтінгенін айта кеткен жөн. Үкімет комиссиясы бұған да рұқсат берді.

Бірақ мемлекеттік комиссия берген бұл уәделердің бәрін Голощекиннің төңірегіндегілер, көп кешікпей-ақ, көтерілісшілер қаруларын тапсырып, тараған соң-ақ аяқасты етті. 30 мамырда Жұмағазы Байымбетов өзінің 8 кеңесшісімен бірге тұтқынға алынды.

Қараев Досжан, Қабыланов Жұмаш басқарған көтерілісшілер де үкімет комиссиясының уәдесіне сеніп, өз еріктерімен берілді. Бірақ бұлар да кеп кешікпей-ақ, көтерілісшілерді жаппай тұтқындаулар басталғанда ғана өздерінің алданғандарын білді. Көтеріліске қатысқандарды уәдеде тұрмай тұтқынға алу ел арасында наразылықтың жаңа толқындарын туғызды. Жұмағазы Байымбетов тұтқындалғаннан соң 1 жарым айдай уақыт өтісімен табын, қыпшақ, алтын, шөмекей руларының өкілдері жиналып, алтын руынан шыққан Жұбанов Көпжанды хан етіп сайлады.

Сарманқожа деген жерге бекінген көтерілісшілер саны 1930 жылдың шілде айында 400 шаруашылықтан 1000 қожалыққа дейін өсті.

21 тамызда көтерілісшілермен қақтығыстар кезінде 9 Қызыл әскер өліп, төртеуі жараланды.

Шешуші шайқас 1930 жылы 8 желтоқсанда Көжебай сайында болды. Көтерілісшілер күш тең емес ұрыста талқандалды. Хан Жұбанов Көпжан бастаған 24 көтерілісші алғаш қашып шықса да, көп кешікпей-ақ Сарысу ауданы жерінде қолға түсті. Қарсыласу кезінде олардың 4 адамы өлді.

Осыдан соң іле-шала қолға түскен көтерілісшілерді жаппай жауапқа тарту, жазалау басталды.

Көтеріліске қатысты деген айыппен қолға түскен 586 адамның 210 кедейлер мен орташалар ретінде босатылды, 6 адамның ісі ОГПУ-дің Қарсақпай аудандық бөліміне жан-жақты тексеруге жіберілді. ІІІ ОГПУ-дің Ерекше үштігінің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді. 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагерьлеріне жіберілді. 6 адам Қазақстанның өз аймақтарына жер аударылды. Шығыс Сібірге 5 жылға 1 адам, еңбек түзету лагерьіне 3 жылға 9 адам айдалды.

5. Ақмырза ишан бастаған көтерілісті қырғынға ұшырату¹

1930 жылдың наурызында Қазалы ауданының Қареке (кейбір деректерде «Қарак») елді мекенінде жолай руынан шыққан белгілі ишан Ақмырза Тосов бастаған қарулы көтеріліс басталды. Архив деректерінен Ақмырза бастаған көтерілісшілердің жазалаушы Қызыл әскерлермен өткізген екі үлкен қантөгіс ұрыстары белгілі. Оның алғашқысы 1930 жылдың 14 наурызында Қареке елді мекені-

¹ Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Халық қаһары//Жұлдыз. 1991. 12 желтоқсан, 100-102-бб; соныкі. Ақмырза ишан бастаған наразылықты талқандау//Ақиқат. 1993. №2, 53-б.

не жақын жерде Ақмырзаның мешіті маңында болды. Нәтижесінде көтерілісшілерден 170-тей адам өліп, ал жазалаушылардан 4 адам шығынға ұшырап, 5 адам жараланды. Келесі ірі шайқас Сырдарияның арғы бетінде құм арасында өтті. Осында көтерілісшілер тағы да 107 адамынан айырылып, 150-дей адам жараланды. Осы шайқаста Ақмырзаның өзі де, жанындағы 3 муридiмен және қолбасысы Жанұзақ Батыровпен бірге қаза тапты. Жазалаушылардан болса 1 ғана адам өліп, 5 адам жеңіл-желпі жараланды. Деректерге қарағанда, ағайынды дiндар Тосовтар үшеу болған: Ақмырза, Тоқмырза және Тоймырза. Қарақалпақ облыстық ОГПУ бөлімінің мәліметтері бойынша, Ақмырзаның соңына ерген көтерілісшілердің 200-ге тарта қалдығы Қазалы ауданынан қашып шығып, Шымбайдан шығысқа қарай 250 шақырымдай жердегі Биштөбе деген тауға барып жасырынған. Ал оларды Жалудь деген басқарған Қарақалпақ облыстық ОГПУ-нің жақсы қаруланған әскери отряды талқандаған¹.

Осы ұрыстан соң, Ақмырзаның тағы бір інісі Тосов Тоймырза Сырдария өзеніндегі аралға қашып барып тығылады. Бірақ ОГПУ отряды оны көп кешікпей-ақ қолға түсіреді². Ақмырза ишанның көтерілісіне қатысып, қолға түскен басқа көтерілісшілер ОГПУ Ерекше үштігі тарапынан қатал жазаланды: 10 адам ату жазасына кесілді, 41 адам жарты жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагеріне қамалды, Қазақстанның өз ішінде 6 адам жер аударылды³.

6. Балқаштағы бас көтеруді тұншықтыру⁴

Алматы облысындағы Балқаш (бұрынғы Шоқпар) ауданында шаруаларды жаппай ұжымдастырудың өзіндік «ерекшелігі» болды. Мұнда жергілікті белсенділер халықты колхоздарға зорлап кіргізумен шектелмей олардан колхозға мүше болғандары үшін арнайы салық алатынды да шығарды.

1930 жылдың 3 сәуірінде ауданға келген көшпелі халық соты байларды жер аудару мәселесін талқылап жатқан кезде кеңес үйіне наразы халық басып кірді және Кеңес үкіметінің осындағы уәкілдерін тұтқындап, қамап тастады. Соттың барлық ісқағаздары өр-

¹ ҚР ПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 33, 41-42, 139-140, 179-п.

² ҚР ҰҚКА. – Арх. №8081, 31/32-іс, 8-п. Келесі беті.

³ ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 1-т., 126-п.

⁴ Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Халық қаһары. 4. Шұбар-Балқаш-Шоқпар наразылықтары//Жұлдыз. 1992. 1 қаңтар, 125-137-бб; Соныкі. Балқаштағы бас көтеру//Ақиқат. 1993. №2, 53-54-бб.

телді. Көтерілісшілер аудандағы «Охотсоюздың» дүкенін тонап, ондағы қарулармен қаруланып алды.

7 сәуірде Нұрабаев Әбдібектің басшылығымен көтерілісшілер өздерінің кезекті жиналысында көтеріліске көрші аудандарды да тарту туралы шешімге келді. Жазалаушы отрядтың, сондай-ақ Қазақстанның Орталық Атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров бастаған мемлекеттік комиссияның шұғыл келіп жетуі бұған мүмкіндік бермеді. Жақсы қаруланған отрядқа қарсы тұра алмай-тындарын білген көтерілісшілер бас сауғалап, өздерінің аудандарына барып тығылды. Тек жалпы саны 90-ға тарта көтерілісші ғана Іле өзеніндегі «Жел-Тораңғы» аралында екі сағаттай тығылып, қарсыласып жатып алды. Жүрдек екі катермен келіп жеткен жазалаушылар 21 сәуірде оларды да тұтқындады. Сөйтіп көтеріліс басылып тасталынды. Көтерілісте белсенділік көрсеткендер қатал жазаланды. Қылмысты жауапкершілікке 57 адам тартылды. Олардың ішінен Қазақстан ПП ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1930 жылғы 30 мамырдағы шешімімен 30 адам атылды. 20 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі әртүрлі мерзімдерге концентрациялық лагерьлерге айдалды, 2 адам 3 жыл мерзімге Қазақстанның басқа жерлеріне жер аударылды (Қараңыз: ҚРҰҚКА. – 1273-іс, 95-96, 98-99-п.; ҚРПА. – 141-к., 1-т., 2955-іс, 4-6-п.; Сонда, 1273-іс, 98-99-п.).

7. Жетісу (Сарқанд) көтерілісін қанға бояп басу

Голощекин 1931 жылдың желтоқсанында Сталинге жазған, Қазақстандағы 15-ке тарта ірі көтерілістердің бірі осы Сарқанд көтерілісі. Оның да шығу себептері басқа көтерілістерге ұқсас: «тап күресінің шиеленісе түсуі» тура И.Сталиннің аса зиянды және түбірінен қате теориясынан туындаған – меншік иелеріне жүгенсіздікпен зорлық-зомбылық көрсетіп, адамдарды арсыздықпен тонау, кедейді байдың деңгейіне жеткізудің жолдарын қарастырудың орнына, керісінше, ауқатты қожалықтарды тақыр кедейдің қатарына түсіру, сөйтіп, шын мәнінде, ешқандай малы жоқ, барды ұқсатып үйренбеген, шаруашылықты басқаруға ебі де, қыры да жоқ, көп жағдайда өздері жалқау, бірді екеу етіп, тұрмыстарын ондаудың көзін таба білмеген, сондықтан меншік атаулыдан жұрдай, білімі, зердесі, түйсігі шамалы батырақтарды және кедейлерді жергілікті кеңес, партия және комсомол органдарында басшылыққа қою, жаңа пайда болған әлеуметтік топ «шолақ белсенділерге», шаруашылыққа бас-көз болудың «иісі мұрнына бармаған» жандарға шаруашы-

лық басқарту міне, осының бәрі үлкен қателіктер болды және аса зор жалпыхалықтық саяси, әлеуметтік дағдарыстарға, ең соңында, халықты жаппай аштыққа әкеліп соқтырды.

Сарқандағы халық наразылығы туралы деректер ОГПУ мәліметтерінде біршама жақсы сақталған. Қазақстан ІІІ ОГПУ-нің уәкілі Шаперниковтың Ақсудан Алматыдағы өзінің бастықтарына жолдаған мәлімдемесі төмендегідей жолдардан басталады: «Бүйен – Ақсу ауданының байлары 27/ІІІ (1930 ж. – *Т.О.*) Кеңес өкіметіне қарсы белсенді бас көтеріп, өздерінің отрядтарын бір мезгілде үш бағытқа жіберді: Арасан-Абакумовка-Ақсу. Сағат екіде 200 адамнан тұратын банда (көтерілісшілер деп оқыңыз – *Т.О.*) Абакумовканы басып алды...»¹.

Оқиғаның мұнан ары қарай өрбігенін осы құжат едәуір нақты айтқан. Одан мынаны аңғарамыз. Абакумовкада бірнеше сағат болған көтерілісшілер жергілікті тұрғындарды көтеруге әрекет жасаған, халықтан тартылып алынып колхоз меншігіне жатқызылып жіберілген жылқыны шұрқырата айдап әкеліп, орталарынан төзімділерін ұстап мініп, қалғандарын өздерімен бірге айдап, Ақсу бағытына жөнелген. Жылқыны ғана емес, олар, неге екені белгісіз, өздерімен бірге біраз орыстарды зорлап ала кеткен. Тегінде, көтерілісшілер негізінен түгелдей дерлік қазақтардан тұрғандықтан олардың өздерімен бірге орыстарды алып жүрудегі мақсаты – жолдағы орыстар мекендейтін елді мекендерге соққанда солардағы орыстарды да көтерілісшілер қатарына тарту болған тәрізді.

Суыт жүрісті көтерілісшілер таң шапағы жаңадан қызарып келе жатқанда Арасанға басып кірді. Ат тұяғының дүбірінен тұрғындар дүрліге тік тұрды. Көтерілісшілер келген бетте-ақ, ауылдық кеңес төрағасын, аудандық атқару комитетінің осындағы уәкілін және т.б. кеңсе қызметкерлерін тұтқынға алды, жергілікті тұрғындарды түгелдей түріп айдап, ауыл ортасындағы алаңға жинады. Осы жерде ашық жиналыс өткізіліп, көтерілісшілер араларынан шешендер суырылып шығып сөз сөйледі. Онда негізінен Кеңес өкіметінің жергілікті жерде жүргізіп отырған саясаты сынға алынды: ұжымдастырудың зорлау әдістері, «шолақ белсенділердің» жүгенсіздігі, бас көтертпес ет салығы, десеңіз, ал 370 адам өз еріктерімен қол көтеріп берілген болса, ал Қапал – Баласаз әскери операциясы кезінде қолға түскен 120 адам негізінен кедейлер мен орташалардан тұратын еді. Сондықтан бұлардың көпшілігін тексеруден және

¹ ҚР ПА. 141-к., 17-т., 471-іс, 150-п.

олармен жеке әңгімелесуден кейін босатуға тура келді. Оның үстіне көтерілісшілердің «бас бұзып, көз шығарып» бандит атанатынын-дай қатыгездік танытқаны да шамалы еді. Мұны біз осы көтерілісті басуға қатысқан өкімет әскерлері жағынан болған шығынның мүлде аздығынан да байқар едік: жазалаушылардан қоршауда қалған кезде жараланған 2 адам уақытылы дәрігерлік көмек көрсетілмей өліп кетсе, күзеттегі Қызыл әскерлердің өздерінің шабуылы кезінде бір жылқысы жараланды.

Көтерілісшілердің жалпы саны көп болғанымен, қарсылық көрсетерліктей қауқарларының шамалы болғанын олардан қолға түскен жұпыны қарулар тағы да дәлелдей түседі: небары әртүрлі үлгідегі 50 ғана мылтық тартып алынған. Рас, қақтығыстар кезінде мал-мүліктің талан-таражға түсуі аз болған жоқ. ОГПУ органдары мал шығынын есептеуді және колхоз мүлкін қайтарып алуды да қолға алды.

8. Абыралы наразылығын жазалау¹

Күштеп ұжымдастыру және байларды тап ретінде жою бағыты арқа өңіріндегі аудандарды да атқа қонып, наразылық білдіруге мәжбүр етті. Оның үстіне негізінен тек мал шаруашылығымен айналысатын бұл өңірлерде ет дайындау науқандарында малды халықтан зорлап тартып алу ел арасында жаппай ашығуға душар етті.

Мұның өзі 1931 жылы ақпан айының басында Абыралы ауданының 6-ауылында Кемпірбаев Ысқақ пен Тұрғанбаев Уайда бастаған ашынған ауыл азаматтарын Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына ашық наразылық білдіру туралы шешім қабылдауға мәжбүр етті. Көтерілісті басқаратын 11 адамнан тұратын орталық құрылды.

14 ақпанда көтеріліс аудан жеріндегі ауылдарды түгелдей камтып, көтерілісшілер саны 700 адамға жетті.

Көтерілісшілер топтасқан түрде аудан орталығы Қайнар селосын басып алды. Оларды тоқтатпақшы болған жергілікті коммунистер мен комсомол мүшелерінен құралған Жамалетдинов Абдолла басқарған оперативтік отряд көтерілісшілер қоршауында қалып, ақырында соларға қосылып кетті.

Көтерілісті басу үшін Семейден 66-атты әскер дивизионының оперативтік отряды жөнелтілді. Бірақ жазалаушылармен ашық қақ-

¹ Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Абыралы дүрбелені// Ақиқат. 1993. №3. 65-66-бб.

тығысқа барудан қаймыққан көтерілісшілер тауға барып жасырынды. Жан-жаққа қорқып қаша бастағандықтан, олардың сандары біртіндеп азая түсті.

Жазалаушылармен таудағы атыс кезінде көтерілісшілер жағынан 37 адам қайтыс болды. Оқтары таусылғанша атысқан біраз көтерілісшілер еріксіз қолға түсті.

Қолға түскен көтерілісшілерді жазалау да қатал болды. Қылмысты ретінде 274 адам тұтқынға алынып, оларға ПП ОГПУ-дің Ерекше үштігі 1931 жылдың 17, 22 маусымында, 3, 14 қарашасында, 14 желтоқсанында үкім шығарды: 86 адам ату жазасына кесілді. 137 адам еңбек түзету концлагеріне 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге қамалды. 10 адам осы мерзімдерге шартты түрде сотталды, тағы 10 адам Қазақстанның өз ішіндегі аймақтарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударылды¹.

9. Шыңғыстау наразылығын қуғындау²

Абыралы ауданы тәртізді оған көрші орналасқан сол жылдардағы Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстау ауданының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы) жерінде де 1931 жылы ақпанда Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы халық толқулары болды.

Көтерілісті Медеуов Сәнияз және Торайғыров Емілжан басқарып, оған барлығы 200-ден астам адам қатынасқан. Көтерілісшілер ақ жалау көтеріп, халықты аудандағы Кеңес өкіметін құлатуға шақырған.

Көтерілісшілер көрші Қу және Абыралы аудандарымен байланыс орнатып, оларды көтеруге әрекеттенді. Бірақ Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері бұған кедергі жасады, көтеріліс кең тарап үлгірмей жатып-ақ, ақпан айында күшпен басылып тасталынды.

Тұтқындалғандардың жалпы саны 189 адам. Олардың ішінен ПП ОГПУ-дің Ерекше үштігінің 1931 жылғы 15 мамырдағы шешімімен 47 адам ату жазасына кесілді, ал 105 адам еңбек түзету лагерлеріне қамалды, Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 13 адам жер аударылды, шартты түрде 23 адам тағы сотталды³.

¹ ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 1-т., 42, 43-44, 46, 47-п.

² Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Шыңғыстау наразылығы//Ақиқат. 1993. №3, 66-б.

³ ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 22-п.

10. Шұбартау шаруаларының бас көтеруін жазалау¹

Семей облысының Шұбартау ауданында болған шаруалар көтерілісі наурыз айының алғашқы жартысында орын алды. Ет дайындау науқанындағы ауыр жоспарлардың негізінен орташалар мен кедейлердің иығына түсуі 600-дей адамның Кеңес өкіметіне қарсы бас көтеруін туғызды². Көтерілістің көрші аудандарда болып жатқанына көздері жеткен шұбартаулықтар «Бидайық» жайлауында жиналыс өткізіп, «Қараөзек» және «Сарыоба» жайлауларында орналасқан керей руының ауылдарына жаушылар аттандырып, оларды өздерін қолдап, көтеріліске шығуға үгіттеген.

471

Көтерілісті жеделдете түскен Кеңес өкіметінің құлауына санаулы күндер қалғаны туралы өсек-аяң орын алғанын да теріске шығаруға болмайды. 5 наурызда «Қараөзек», «Сарыоба» жайлауларында наразы жұрттың басын қосқан Қарамұрзин Мұрзаш 8-ауылдың кооперативін, ауылдық кеңес мекемесін тонады, ондағы құжаттарды өртеді. Көтерілісшілердің ендігі басты мақсаты аудан орталығын басып алу еді. Бірақ сандарының аз болуы, қару-жарақтың жетіспеуі олардың бұл әрекетіне кедергі жасады. 6 наурызда Қарамұрзиннің жігіттері №4, №15 ауылдардың адамдарын да өз қатарларына тартып, өздерінің отрядтарының санын 300-дей адамға жеткізді.

Мұның бәрінен хабардар болып отырған аудан басшылары аудан орталығын тастап қашып шықты. 8 наурызда таңертең мұны көтерілісшілер де естіді және осыдан соң олар лап қойып, аудан орталығына ұрыссыз кірді. Осында қамауда отырған 41 бай қамаудан жедел босатылды, мекемелер мен кооперативтерді жаппай тонау басталды. Аудандық атқару комитеті үйінің астан-кестені шығарылды, құжаттар өртелінді.

24 наурызда Сыздықов Бақыт, Нұркеев Сексен басқарған 6-ауылдың адамдары Орал балық трестінің қоймалары, дүкендері орналасқан «Алғазы» аралын басып алуға әрекет жасады. Бірақ аралдағы балық кәсіпшілігін қорғаған отряд шабуылдың болатынын алдын ала біліп, балық кәсіпшілігін айналдыра терең ор қазып, өздері сонда бекініп алды. Ұрыс 5 сағатқа созылды. Шабуылдаушы көтерілісшілерден 1 адам қайтыс болып, олар амалсыздан көтеріліс орталығы орналасқан Жыланды жайлауына кейін шегінді.

¹ Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Шұбартау шаруаларының бас көтеруі//Ақиқат. 1993. №3, 66-68-бб.

² ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 174-п.; ҚРПА. 141-қ., 1-т., 4577-іс, 48-п.

Аудан аумағына жазалаушы коммунистік отрядтың келіп кіруі көтерілістің кең тарап, етек алып кетуіне мүмкіндік бермеді. № 8 ауылда көтерілісшілердің негізгі күші жазалаушылармен кездесіп, қарсылық көрсетті. Ұрыс кезінде нашар қаруланған көтерілісшілерден 7 адам өлді.

Көтеріліске қатысушылар қатал жазаланды. ПП ОГПУ-дің Ерекше үштігі өзінің 1931 жылдың 14 мамырындағы және 29 маусымындағы, сондай-ақ, келесі 1932 жылдың 19 маусымындағы үкімдерімен 28 адамды, көтеріліс басшыларын атуға, 66 адамды 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагерьлеріне қамауға, 17 адамды Қазақстанның өз ішінде 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударуға кесті¹.

11. Қастек және Қордай аудандарындағы ұжымдастыруға қарсылықты қуғындау²

1931 жылы маусымда Қастек ауданындағы Комсомол атындағы колхоздың кеңсесіне кеңестік биліктің күштеу шараларына наразы халық баса-көктеп кіріп, ауылдық кеңес кеңсесін өртеген, кооперативтерді талқандап, олардағы тауарларды өзара үлестіріп алған. Мұнан соң олар «Ұмтыл» колхозының малдарын айдап әкеткен.

Аудан орталығында шұғыл ұйымдастырылған комсомолдар мен коммунистерден тұратын коммунистік отряд екі рет, алғаш 17 – 18 маусымда және 5 шілдеде жалпы саны 300-дей адамға жеткен көтерілісшілер отрядымен №11, 12 және 14-ауылдар маңында қақтығыстарға барған. Қарулы қарсылыққа тап болған коммунистік отрядтар атыстан қаймығып, Отар теміржол стансасына қарай шегіне қашқан. Бірақ көп кешікпей, көмекке келіп жеткен Қызыл әскер бөлімдерімен «Аңырақай» тауында болған екі шайқастан кейін көтерілісшілер талқандалған.³

Бұдан соң да ауылдар тыныштала қоймады. 1931 жылдың қыркүйегінде осында уәкіл болып келген Ораз Жандосовтың Голощекинге және ПП ОГПУ-ге, сондай-ақ Қордай аудандық партия комитетінің хатшысы Харитоновқа жазған хатында 12 қыркүйекте Қордай ауданының «Ұмтыл» ауылындағы көтеріліс кеңінен айтылған. Оған 200-дей адам, яғни барлық колхозшылар, соның ішінде кейбір

¹ ҚР ҰҚКА. – Арх. №10249, 1837-іс, 27-п., 158-т., арх. №1, 49-іс, 176, 178-п.

² Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. Қастек және Қордай аудандарындағы коллективтендіруге қарсылық//Ақиқат. 1993. №4, 60-62-бб.

³ ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, №49, 1-т., 245-246-п.

коммунистер және комсомол мүшелерінің көпшілігі қатысты. Көтеріліс кезінде осындағы аудандық партия комитетінің астық дайындауға байланысты жүрген уәжілі Айтеков Заитты көтерілісшілер атып өлтірген. Көтерілісті бастаушылар Қордай ауданындағы көрші «Оян» және «Алға» ауылдарының және Шу ауданындағы «Жыланкөз» ауылының шаруаларының қолдауына сүйенеміз деп дәмеленді және оларға шабармандар да жіберді. Бірақ бәрі керісінше болып, «Алға» ауылының белсенділері ұйымдастырған коммунистік отряд көтерілісті келіп басты. Көтеріліс басшылары Ырғайты тауында жасырынып жүрген басқа шаруаларға барып қосылды¹. Көтерілісшілердің бұл топтары 1931 жылдың шілде айынан желтоқсанға дейін осы өлкеде жортуылдап, Қызыл Армияның бөлімдерімен және коммунистік отрядтармен бірнеше рет қарулы қақтығыстарға барған.

Алайда 23 қарашада Доланқара елді мекенінде кенеттен пайда болған самолет көтерілісшілерді оқтың астына алған. Мұның өзі көтерілісшілер тобын дүрліктіріп, өлімнен аман қалғандарын тоз-тоз етіп, ұсақ топтарға бөлшектеп жіберді². Көтеріліс қатал жазаланды. Жалпы жазалауға келсек, барлығы 250 адам көтеріліске қатысты деген кінәмен тұтқындалды. Қазақстан ПП ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1931 жылғы 23 қарашадағы, 1932 жылғы 28 қаңтардағы және 19 ақпандағы қаулыларымен 28 адам ату жазасына кесілді, 107 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі әртүрлі мерзімдерге еңбек түзету лагерьлеріне қамалды. Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдерге 11 адам жер аударылды. Алдын ала тұтқында отыру мерзімі есебінен 22 адам босатылды. 1 адам 3 жыл мерзімге еңбек түзету лагерьіне шартты түрде сотталды.

12. Адай көтерілісін жазалау³

Сол жылдары «Адай даласы» деген атпен мәлім болған Гурьев (қазір Атырау) округінің Маңғыстау өңірінде 1931 жылы көшпелі халық Кеңес өкіметінің күштеу саясатына ашық наразылық білдірді. Ауылшаруашылығы өнімдерін дайындау науқандарының қысымдарына шыдамаған жергілікті халық Түркменстанға жаппай көше бастады. Мұның өзі астық дайындау науқандарындағы жоға-

¹ ҚР ПА. – 141-к., 1-т., 5058-іс, 26, 27-28-п.

² ҚР ҰҚКА. 158-т., арх. №1, 49-іс, 1-т., 250 – 251, 257-п.

³ Бұл туралы мағлұматты қараңыз: Талас Омарбеков. 6. Маңғыстау өңіріндегі халық қозғалысы//Ақиқат. 1993. №4, 62-65-бб; Соныкі, Адай көтерілісі//Жұлдыз. 1992. 7 шілде, 157-171-бб.

рыдан түсірілген жоспарды орындауды қиындатты. Осының бәріне біреулер кінәлі болып, заң алдында жауап беруі тиіс еді. Сондықтан ОГПУ қайдағы бір контрреволюциялық ұйым туралы тағы бір аңызды ойлап шығарды. Қазақстан ПП ОГПУ-нің орынбасары Альшанский мұндай ұйымды Форт-Александровскіде «әшкереледі». Ұйымды «Адай ханы» Әлниязов Тобанияз басқарып келген болып шықты. Деректер бойынша, оның 1925 жылға дейін уездік революциялық комитеттің төрағасы, Қазақ Орталық Атқару комитетінің мүшесі болып қызмет істегені белгілі. Ол басқарды-мыс деген ұйымға ОГПУ тергеу барысында «Ақбота» деген ат берді. Бұл контрреволюциялық ұйымның «суфи» атты бөлімі және «Адайды құтқару» деген тобы бар екені және «анықталды»¹. ОГПУ-дің айтуына сенсек, бұл контрреволюциялық ұйым 20 жылдан бері, яғни 10 жылдай уақыт бір ғана басты мақсатты – Кеңес өкіметін құлатуды көздеп, зиянды жұмыс жасап келген болып шығады. Нақты дәлел болмаса да, ОГПУ қорытындысы осындай. «Ұйымға 1922 жылы Форт-Александровскіде қарулы көтеріліс дайындаған; Адай жерінен еуропалықтарды қуып жіберу бағытын ұстанған; ұлтшыл, рушыл болған; ҚазОАК-нің мүшесі Ералиевті өлтіруді ұйымдастырған; Қошанов Құрмаштың бандасын ұйымдастыруға шақырған; «Адайды құтқару» тобын құрған; халықты Түркменстан мен Ауғанстанға көшуге үгіттеп, үндеу таратқан» деген тәрізді көптеген кінәлар тағылды². ОГПУ осы ұйымға қатысты деген сылтаумен 68 адамды тұтқынға алды. Тұтқындалғандардың ішінде 11 коммунист бар еді. Олардың ішінде тіптен Гурьев округтік партия конференциясына делегат болғандары да бар болатын.

Қазақ АКСР-ы ПП ОГПУ жанындағы үштік осы «контрреволюциялық ұйымның» басшылары ретінде 21 адамды ең жоғары жаза – атуға және концлагерьге қамауға, 15 адамды 10 жылдық мерзімге, ал 9 адамды 5 жылдық мерзімге бас бостандықтарынан айыруға кесті³.

Ашыққан халық аудандарда 1930 жылдың мамыр айынан бастап құрыла бастаған «Живсоюз» бірлестіктері базаларына және ауылшаруашылығы серіктіктеріне ашық шабуыл жасауға да тәуекел етті. Олар 30 мың бастан астам қойды айдап әкетті. Мұндай шабуылдардан мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар ақшамен есептегенде миллион сомға жуық зиян шекті⁴.

¹ ҚР ҰҚКА. 105-т., арх. №13, 41-п.

² ҚР ПА. 141-к., 17-т., 464-іс, 31-п.

³ Сонда. 1-т., 5044-іс, 1-п.

⁴ ҚР ПА. 141-к., 1-т., 5046-іс, 18-19-п.

Осының бәрі Қазақ Өлкелік партия комитетін және Қазақстан үкіметін Маңғыстаудағы «бандитизмді жоюға байланысты» саяси мемлекеттік комиссия құруға мәжбүр етті. Оның төрағасы Құлымбетов, ал мүшелері Рагозин және Асылбеков болды. Комиссия көтерілісті басуға келген қарулы күштердің іс-қимылын үйлестірумен, елді мекендерде көтерілісшілер шабуылдарына қарсы тұратын өзін-өзі қорғау отрядтарын ұйымдастырумен, көтеріліс кезінде зардап шеккен кедей-кепшіктер мен Қызыл әскерлер отбасыларына көмек берумен және т.б. айналысты¹.

Адай даласындағы дүрбеленді, ауа көшулерді тоқтату үшін үкімет сәуір айынан бастап осында тағы да жазалаушы әскерлер алып келді. Олардың ішінде Закавказье шегара отрядтары басқармасының бастығы Сумбатов басқарған оперативтік топ, маусым айында келіп түскен ОГПУ-дің шығыс бөлімінің 68-дивизионы және 26 маусымда Бакуден Форт-Александровскіге келіп түскен құрамында 176 жауынгері бар әзірбайжан ОГПУ-нің 24-ші полкі командирінің көмекшісі Оглода деген басқарған Баку отряды және «Атарбеков» атындағы әскери күзет кемесі бар болатын².

Халық наразылығы жалыны бұл кезде бұрынғы Гурьев округінің Жылқосы, Маңғыстау, Ақтөбе округінің Доссор, Ойыл және Табын аудандарын да шарпып үлгірген еді. Көтерілісшілер Шоланов Боқмашты хан көтерді. 20 шілдеден 10 тамызға дейін жазалаушылар Үстіртті, Ақтауды, Каратауды көтерілісшілерден тазарту операцияларын жүзеге асырды.

Ал енді Адай көтерілісінде қолға түскен, тұтқындалған көтерілісшілерге келсек, олардың саны 494 адам. Бұлардан Қазақстан ПП ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1931 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен 13 адам ату жазасына, 110 адам 1 жылдан 10 жылға дейін еңбек түзету лагеріне, 13 адам Қазақстанның өз ішіндегі өлке-лерге жер аударылуға кесілді³.

¹ Сонда. 4054-іс, 165-п.

² ҚР ҰҚКА. 105-т, арх. №13, 30-п.

³ ҚР ҰҚКА. 158-т, арх. №1, 49-іс, 1-том, 11-п.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-ТАРАУ. 1929-31 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ СЕБЕПТЕРІ, ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ ЖӘНЕ СИПАТЫ	14
2-ТАРАУ. 1929 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ	21
Тақтакөпір оқиғасы	–
Бостандық көтерілісі	57
Батпаққара көтерілісі	74
3-ТАРАУ. 1930 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ	99
Созақ көтерілісі	–
Сарысудағы халық толқуы	161
Шұбар – Балқаш – Шоқпар наразылықтары	168
Өскемен және Зырян көтерілістері	190
Жетісу (Сарканд) көтерілісі	222
Сарбаздар (Ырғыз) көтерілісі	272
Ақмырза ишан бастаған халық көтерілісі	289
Асан руының көтерілісі	300
Қарақұм көтерілісі	308
4-ТАРАУ. 1931 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ	366
Орталық Қазақстандағы халық көтерілістері	–
а) Абыралы дүрбелені	368
ә) Шыңғыстаудағы халық наразылығы	372
б) Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау көтерілістерін ұйымдастырушыларды ОГПУ-дің жалған айыптаулары	377
г) Шұбартау көтерілісі	392
Адай көтерілісі	405
Қорытынды	427
ҚОСЫМШАЛАР	431

«Арыс» баспасының директоры
Ғарифолла Әнес,
филология ғылымдарының докторы

Талас Омарбеков

**1929 – 1931 жылдардағы
ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ**

Зерттеу

Редакторы Маржан ӘБІШ
Беттеген Ниязбай ОРАЗЫМБЕТОВ
Мұқабаны көркемдеген Орынбек АНЕСОВ

Басуға 10.05.2018 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 ¹/₁₆. Офсеттік қағаз.
Көлемі 30,0 б.т. Таралымы 1000 дана.

«Арыс» баспасы
Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143, 409-кеңсе
тел/факс: 8 (727) 394 38 32, 385 74 67

«DALAPRINT» баспаханасында басылды.
050056, Алматы қаласы,
Ереван көшесі, тел.: 290-86-47;
+7 747 633 95 29; +7 707 158 88 81
e-mail: dalaprint-zakaz@mail.ru

Ардақты Алаш азаматтары!

*Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының
мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры
жиырма алты жылдан бері жазықсыз жазаланып,
аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған
біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап,
еңбектерін жарыққа шығарады;
ескерткіш, мүсіндерін жасап,
музейлерін жабдықтайды;
арыстарымыздың өмірі мен шығармашылығын
насихаттаушыларға жәрдем беріп,
мерейтойларын өткізуге атсалысады;
ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға
қайырымдылық көмек көрсетеді.*

*Қор жанындағы «АРЫС» баспасы
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді*

050009, Алматы қ.
Абай даңғылы, 143
4-қабат, 409-бөлме
тел./факс: 394 38 32,
+7 705 456 44 44



АРЫС

е/ш.: KZ39856000000398543
Алматы қ-сы
АО Банк ЦентрКредит
БИН 011240005031

E-mail: arys-kz@mail.ru
anes_gk@mail.ru



**«Арыс» қоры (баспасы)
Алаштың 100 жылдығы аясында
төмендегі кітаптар топтамасын дайындап,
жарыққа шығарды:**

1. *Досмұхамедұлы Х.* Еңбектері: 1-том. Жан саулығы
2. *Досмұхамедұлы Х.* Еңбектері: 2-том. Тән саулығы
3. *Досмұхамедұлы Х.* Еңбектері: 3-том. Жануарлар
4. *Жарықбаев Қ.* Қуғындалған қазақ психологиясы.
5. *Әбіш Кекілбаев.* Энциклопедия. 1-том. Шығармашылығы
6. *Хамит А.* «Не волнуйтесь, я ни в чем не виноват!»
(жизнеописание первого казахского банкира Тюрбека Османова)
7. *Омарбеков Т.* 1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері
8. *Шәкәрім.* Иманым
9. «Сарыарқа» газеті. 1917 жыл
10. «Қазақ» газеті. 1913 жыл
11. «Қазақ» газеті. 1914 жыл
12. «Айқап» журналы. 1911 жыл
13. «Айқап» журналы. 1912 жыл

